

Том 43

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ жанындағы
ПАРТИЯ ТАРИХЫ ИНСТИТУТЫ—КПСС ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІ жанындағы МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ

В. И. ЛЕНИН

43 ТОМ

Март — июнь 1921

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ • 1981

ББК 11.5
Л 40

0101020000 Л $\frac{10102-146}{401(07)-81}$ 6—80

АЛҒЫ СӨЗ

В. И. Ленин Шығармалары толық жинағының 43-томына 1921 жылғы март — июньде Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің жаңа экономикалық саясатқа көшуі жағдайында жазылған шығармалары енді.

Жаңа экономикалық саясатты теориялық тұрғыда дәлелдеп, түсіндіруге арналған, сондай-ақ Лениннің жаңа экономикалық саясатты жүзеге асыру жөніндегі практикалық қызметімен байланысты жазылған еңбектер томда басты орын алған. Бұл кезеңдегі шығармалар Лениннің партияның бірлігін нығайту жолында, партия ішіндегі демократияны кеңінен өрістету жолында бітіспес күрес жүргізгенін көрсетеді; бұл шығармалар кәсіподақтардың жаңа жағдайдағы маңызын ашып көрсетеді, партияның ұлт саясатын және басқа да мәселелерді баяндайды.

Бейбіт социалистік құрылысқа көшу күрделі жағдайда жүзеге асты. Томға енген еңбектерде елдің халықаралық және ішкі жағдайына терең талдау жасалады. Совет өкіметіне қарсы ашық жүргізілген соғыста жеңіліс тапқан дүние жүзілік буржуазия оны экономикалық жағынан тұншықтырудың жоспарын ойластырды. Сонымен бірге Совет мемлекетіне қарсы соғыс шабуылы жасалу қаупі де жойыла қойған жоқты. Алайда, Лениннің атап көрсеткеніндей, империалистік мемлекеттер арасындағы қайшылықтардың және

капиталистік елдердің өз ішіндегі таптық қайшылықтардың шиеленісе түсуі, отарлар мен жартылай отарларда ұлт-азаттық қозғалысының өрлеуі, сондай-ақ халықаралық пролетариаттың дүние жүзіндегі тұңғыш социалистік мемлекетті қолдауы империалистердің арам ниетін жүзеге асыруға кедергі жасады. Дәл осы факторлар мынаған әкеліп жеткізді: 1921 жылдың бірінші жартысында Совет елінің халықаралық жағдайы нығайды, күштер арасында тепе-теңдік орнады, «уақытша, тұрақсыз, бірақ дегенмен тепе-теңдік» (осы том, 381-бет) орнады.

Қоғамдық құрылыстары әр түрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруінің лениндік принципін басшылыққа ала отырып, Совет мемлекеті Батыс пен Шығыстағы елдермен (Финляндиямен, Польшамен, Персиямен (Иранмен), Ауғанстанмен, Түркиямен, т. б.) бірқатар шарттар жасасты. Англиямен және Германиямен өзара тиімді сауда қатынастары қалыптаса бастады. Ленин сол кезеңде халықаралық аренада қол жеткен табыстарды Республика күштерін бейбіт жасампаз жұмысқа жұмылдыруға мүмкіндік берген аса ұлы жеңіс деп есептеді.

Совет мемлекетінің ішкі жағдайы мейлінше ауыр болды. Халық шаруашылығы төрт жылға созылған империалистік соғыстың, үш жылға созылған азамат соғысы мен шетел соғыс интервенциясының салдарынан сұрапыл күйзеліске ұшырады. 1921 жылдың көктемі шаруашылықта қиыншылық үстіне қиыншылық туғызды. Егіннің шықпай қалуы еңбекші бұқараның мұқтажын күшейте түсті. Еліміз адам айтқысыз отын тапшылығын бастан кешірді, кәсіпорындардың көбі іске қосылмады, темір жолдардың көбінде жұмыс тоқтап қалды. Шаруашылық жағдайдың күрт шиеленісіп кетуі саяси жағдайдың елеулі түрде шиеленісе түсуіне әкеліп соқтырды. Жұмысшы табы бытырап, оның кейбір бөлегі азғындауға ұшырады. Осылардың бәрі пролетариат диктатурасының әлеуметтік базасын әлсірет-

ті, Совет өкіметінің өмір сүруіне қауіп төндірді. Өз шаруашылығын өркендетуге деген демеуден айырған азық-түлік салымы жүйесіне шаруалар наразылық білдірді. Соғыс мәжбүр еткен «әскери коммунизм» саясаты мен бейбіт шаруашылық құрылыстың жаңа жағдайы арасында күшті қарама-қайшылық туды. Шаруалардың наразылығын, еліміздің соғыс жағдайынан бейбіт еңбекке көшуінде кездескен қиыншылықтарды контрреволюциялық партиялардың сілімтіктері — кадеттер, эсерлер, меньшевиктер, анархистер, буржуазиялық ұлтшылдар пайдаланып қалуға тырысты. Олар бірсыпыра жерлерде кулактарды бүлік жасауға көтере алды. 1921 жылғы марттың басында ұсақ буржуазиялық партиялар мен ақ гвардияшылар ұйымдастырған Кронштадт бүлігі бұрқ ете түсті. Ішкі жағдайдың шиеленісуі партияның тұрлаусыз мүшелері арасында қобалжушылық туғызды.

Осындай аса күрделі де қиын жағдайда Коммунистік партия мен оның көсемі В. И. Ленин социалистік құрылыстың жолдарын белгілеуде қоғамдық даму заңдылықтарын терең білуге негізделген кемеңгерлік көрегендік көрсетті.

Том партияның 1921 жылғы 8—16 мартта болып өткен X съезінің материалдарымен ашылады; бұл съезд еліміздің «әскери коммунизмнен» жаңа экономикалық саясатқа көшудегі тарихи бетбұрысын белгілеп берді. Томда съезге қатысты 27 документ басылды, бұлардың ішінде 12 документ В. И. Ленин Шығармаларында бірінші рет жарияланып отыр. Бұл материалдар Лениннің съезді әзірлеудегі және өткізудегі орасан зор жұмысын көрсетеді. Ол съезді ашарда сөз сөйледі және күн тәртібіндегі аса маңызды мәселелер бойынша: РКП(б) Орталық Комитетінің саяси қызметі туралы, салымды заттай салықпен ауыстыру туралы, партияның бірлігі және анархо-синдикалистік уклон туралы баяндамалар жасады, бұл мәселелердің әрқайсысы бойынша қорытынды сөз сөйледі, сондай-ақ

кәсіптік одақтар туралы, отын мәселесі жөнінде және съездің жабылуында сөз сөйледі. Ленин негізгі қарарлардың жобаларын жазды (қараңыз: 94—107-беттер). X съезд бейбіт жағдайда шақырылған тұңғыш съезд болды. Жаңа жағдай Коммунистік партия мен Совет мемлекетіне өзінің бүкіл қызметін шаруашылық міндеттерді шешуге жұмылдыруына мүмкіндік берді.

Ленин съезде сөйлеген сөздерінде, сондай-ақ съезден кейін жазған еңбектерінде, әсіресе «Азық-түлік салығы туралы» деген кітапшада капитализмнен социализмге өту кезеңінде жаңа экономикалық саясаттың қажеттігін теориялық жағынан негіздеп берді, оның мәні мен маңызын ашып көрсетті.

Ұсақ өндіруші-егіншілер арасын көпшілік болып отырған елде социалистік революция, деп көрсетті Ленин, мемлекеттік өкіметті өз қолында ұстап отырған пролетариатпен және шаруа халқының көпшілігі арасында келісім болған жағдайда ғана табысқа жете алады. Сондықтан Ленин пролетариат диктатурасының жоғары принципі, Совет өкіметінің негізі, жеңімпаз социализм құрылысының аса маңызды шарты ретінде жұмысшы табы мен шаруалардың берік одағын орнатуды жаңа экономикалық саясаттың басты мазмұны деп санады. Шаруалармен 10—20 жыл бойы дұрыс қарым-қатынас орнату керек, деді Ленин, сонда дүние жүзілік көлемде жеңіске қол жететін болады. Бұл одақтың азамат соғысы мен шетелдік соғыс интервенциясы кезеңінде қалыптасқан әскери-саяси формасы бейбіт жағдайда жеткіліксіз болып шықты. Жұмысшылар мен шаруалардың берік экономикалық одағын, қала мен деревня арасында экономикалық байланысты қамтамасыз ету қажет болды.

Ленин пролетариат диктатурасының шаруашылық саясатының нақты жолдары мен әдістерін белгілей отырып, жаңа экономикалық саясат 1918 жылы көктемде белгіленген социалистік экономика негіздерін жасау жоспарының бұдан былайғы жалғасы және

дамытылуы болды деп көрсетті. 1921 жылғы жағдайдың өзіндік ерекшелігін ескере отырып, Ленин рынокты, сауданы пайдалану туралы мәселені жан-жақты талдап жасады. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы арасындағы экономикалық байланыс формалары бірте-бірте, тәжірибеге сүйене отырып белгіленді. Ленин жаңа экономикалық саясатқа көшудің бастапқы кезінде сауда еркіндігіне тек жергілікті айналым шеңберінде ғана жол берілуі мүмкін деп есептеді, ал қала мен деревня арасындағы экономикалық байланыс мемлекеттік органдар мен кооперация арқылы ұйымдастырылған товар айырбасы болмақ деп топшылады. Кейінірек, 1921 жылдың күзінде ол: шаруалардың, ұсақ товар өндіруші ретінде, өнеркәсіппен байланысының бірден-бір қолайлы формасы сауда болып табылады деген қорытындыға келді.

Ленин жеке саудаға жол беру капиталистік элементтердің белгілі бір дәрежеде қайта тууы болатындығын, мұнда белгілі бір дәрежеде қауіптің орын алатындығын ескерді. Бірақ жаңа экономикалық саясат, деп көрсетті ол, әсте саудаға толық еркіндік беруді көздемейді. Совет өкіметі пролетариат диктатурасының мүдделерін көздей отырып, сауда еркіндігіне шек қойып, оны тәртіпке салып отырды, сонымен бірге мемлекеттік және кооперативтік сауданы өркендетті. Ленин «капитализмнен қорықпастан, айналымды қайткен күнде де, барынша дамыту керек» деп көрсетті, «өйткені бізде капитализм (экономикада помещиктер мен буржуазияны экспроприациялаудың нәтижесінде, саясатта жұмысшы-шаруа өкіметінің орнауы нәтижесінде) мейлінше тар, мейлінше «баяу» шеңберге қойылып отыр» (258-бет).

Жаңа экономикалық саясатты талдап жасай отырып, Ленин жеке меншік капиталды «мемлекеттік капитализм» арнасына салу қажет деп есептеді, өйткені ол «мемлекеттік капитализмді» социализмге өтуге мүмкіндік беретін шара, елдің өндіргіш күштерін дамыту-

ды жоделдететін құрал деп қарады. Мемлекеттік капитализмді практика жүзінде пайдаланудың формалары ретінде Ленин концессияларды, жеке кәсіпкерлердің ұсақ фабрикаларды, заводтарды, кәсіпшіліктерді арендаға алуын, буржуазиялық кооперацияны, т. б. ұсынды. Бірақ ол былай деп көрсетті: капиталистік жеке меншікті мемлекеттік капитализм арқылы бірте-бірте социалистік жолмен қайта құру әсте капитализмнің бейбіт жолмен социализмге ұласуы болып табылмайды, ал капиталистік жеке меншікті социалистік жолмен қайта құру бұлардың арасындағы, жұмысшы табы мен буржуазияның арасындағы күрестің өзгеше бір формасы арқылы жүзеге асырылады.

Совет өкіметін осал деп есептеп, шетел капиталистері концессия жасасуға барғысы келмеді, соған қарамастан біздің еліміздің шаруашылығын қалпына келтіру 1921 жылғы көзделген қарқыннан гөрі анағұрлым жылдамырақ қарқынмен жүрді, Советтік Россияда мемлекеттік капитализмді қолдануға шек қойылды, сондықтан да ол өтпелі кезеңнің экономикасында айтарлықтай роль атқарған жоқ. Алайда мемлекеттік капитализмді социалистік құрылыс мүдделеріне пайдалану мүмкіндігі халықтық демократия елдерінің практикасында расталды.

Жаңа экономикалық саясатты партияның стратегиясы, сара бағыты тұрғысынан қарастыра келіп, Ленин оның басты міндетін — социалистік экономиканың негізін қалау, қуатты машиналық индустрияны жасау міндетін белгілеп берді. Осыған байланысты ол социализмнің материалдық негізін жасаудағы электрлендірудің маңызын атап көрсетті. «*Егер* 10—20 жыл ішінде электрлендіру жүзеге асса,— деп жазды Ленин,— онда ұсақ егіншінің жекешілдігі және *оның* жергілікті айналымдағы еркін саудасы титтей де қорқынышты емес. *Егер* электрлендіру жүзеге

аспаса, капитализмге қайта оралу *бәрібір* сөзсіз нәрсе» (430-бет).

Ленин шаруалар шаруашылығын социалистік жолмен қайта құру перспективаларын да социализмнің материалдық-техникалық базасымен, елді электрлендірумен байланыстыра қарады. Ол шаруалар бұқарасын ұйымдастыруда және қайта тәрбиелеуде кооперацияның ролін сол кездің өзінде-ақ айрықша атап көрсетті. «Кооперативтік саясат,— деп жазды Ленин,— істің сәті түскен күнде, ұсақ шаруашылықты көтеріп, оның ерікті түрде бірігуі негізінде, белгісіз ұзақ мерзім ішінде ірі өндіріске көшуін жеңілдетуімізге мүмкіндік береді» (253-бет). Шаруаларды кооперативтендіру жөніндегі бұл идея В. И. Лениннің бұдан былайғы шығармаларында одан әрі дамытылды. Лениндік экономикалық саясат шаруалардың негізгі бұқарасын социалистік құрылысқа қатыстыруға негізделді, бұл саясат жұмысшы табы мен еңбекші шаруалардың бірігіп күш жұмсауы арқылы социализмді құру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Лениннің баяндамасы бойынша РКП(б) X съезі азық-түлік салымын заттай салықпен ауыстыру туралы қаулы алды, бұл қаулы Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті қабылдаған тиісті заңда негізге алынды.

Съезд жұмысшылар мен мұқтаж шаруалардың жағдайын жақсарту туралы шешімнің Ленин талдап жасаған жобасын да бекітті, бұл жобада еңбекші бұқараның жағдайын жақсарту жөніндегі шұғыл шараларды жүзеге асыру үшін совет органдарының күштерін жұмылдырып, құралдарын пайдалану Орталық Комитетке тапсырылды.

РКП(б) X съезі партияның бірлігі туралы мәселеге айрықша көңіл бөлді. Партия қатарын барынша топтастырмайынша, партия ішінде темірдей берік тәртіп орнатылмайынша, партияда идеялық және ұйымдық бірлік болмайынша жаңа экономикалық саясатқа кө-

шу жөніндегі аса қиын істі жүзеге асыруға, социализмді ойдағыдай құруға болмайтын еді. Троцкистер, «жұмысшы оппозициясы», «децистер» және басқа оппортунистік топтар өздерінің фракциялық күресі арқылы, фракциялар мен топтар құру еркіндігін талап етуі арқылы партияның жікке бөлінуі қаупін туғызды. Съезде Ленинді қолдаушы делегаттар көпшілігі мен оппозиционерлер арасында партия саясатының аса маңызды мәселелері жөнінде шиеленіскен күрес өріс алды. Антипартиялық топтар лениндік саясатқа қарсы шықты, большевиктік партияның ұйымдық принциптеріне қарсы болды. Ленин Орталық Комитеттің есебінде, партияның бірлігі және анархо-синдикалистік уклон туралы баяндамасында және баяндама бойынша сөйлеген қорытынды сөзінде оппортунизмнің негіздерін әшкерелеп, бұлардың елімізде өмір сүріп отырған орасан зор ұсақ буржуазия бұқарасымен және капиталистік қоршаумен байланысты екенін ашып көрсетті. Мұндай жағдайда туған талас-тартыс, деп көрсетті ол, аса үлкен қауіпке айналады, өйткені ол Коммунистік партияны әлсіретіп, пролетариат диктатурасына қауіп төндіреді. Коммунизмнің жаулары өкіметтің жаңа формаларына қарсы күресті әрдайым ашық түрде жүргізе бермейтіндігі кездейсоқ нәрсе емес, бірақ олар Коммунистік партия ішіндегі алауыздықты пайдаланып қалуға әрдайым тырысып бағады, оның басшылық роліне қарсы шығып отырады. Кронштадт бүлігінің сабақтары туралы айта келіп, Ленин былай деп көрсетті: контрреволюциялық буржуазия жаңа тактикаға көшті: ақ гвардияшылар мен олардың қолшоқпарлары Совет өкіметіне қарсы ресми түрде бас көтерген жоқ, бірақ Коммунистік партияға өршелене шабуыл жасап, «Советтер коммунистерсіз болсын» деген ұранды ұсынды, бұл ұранды ұсынғанда олар кейін капиталистер мен помещиктердің өкіметін қалпына келтіруді көздеді. Контрреволюцияның бұл тактикасын әшкерелей келіп, Ленин пролетариат дик-

татурасын жүзеге асырудың және социализмді орнатудың басты шарты Коммунистік партияның басшылығы болып табылады деп атап көрсетті.

Съезд Ленин жазған «Партияның бірлігі туралы» қарарды қабылдады, бұл қарарда фракциялық топтардың бәрі дереу таратылуға тиісті екені айтылды. Партия ұйымдарына қандай бір оппозициялық бас көтерушілікке жол берілмеуін қатты қадағалап отыру тапсырылды. Съездің бұл қаулысын орындамағандар дереу партиядан шығарылуға тиіс болды. Коммунистік партияның қатарын топтастыру ісінде Ленин Орталық Комитеттің бірлігі мен құрыштай берік болуына үлкен мән берді. Оның ұсынысы бойынша съезд Орталық Комитеттің мүшелері тәртіпті бұзған немесе фракцияшылдыққа жол берген күнде оларға партия тарапынан ықпал жасаудың барлық шараларын, тіпті партиядан шығаруға дейін шара қолдану жөнінде Орталық Комитетке право берді.

В. И. Ленин жазған және РКП(б) X съезі қабылдаған «Партиямыздағы синдикалистік және анархистік уклон туралы» қарарда «жұмысшы оппозициясының» көзқарастары қатты айыпталды, бұл оппозиция жұмысшы табын пролетарлық мемлекетке қарама-қарсы қойды, Коммунистік партияның пролетариат диктатурасы жүйесіндегі ролін кемсітті. Ленин былай деп көрсетті: «жұмысшы оппозициясының» идеялары, олардың шаруашылықты басқаруды «өндірушілердің бүкіл россиялық съезіне» беру жөніндегі басты тезисі ұсақ буржуазиялық, анархиялық ауытқушылықтың көрінісі, марксизмнен мүлдем қол үзу болып табылады және практика жүзінде пролетариат диктатурасына тікелей қауіп төндіру болып саналады. Съезд «жұмысшы оппозициясының» көзқарастарын насихаттауды РКП(б) қатарында болумен сыйыспайды деп таныды.

РКП(б) X съезінің партияның бірлігі туралы қаулылары және осы мәселе жөнінде қабылданған бұдан

кейінгі шешімдер біздің партияның өміріндегі бұлжымас принципке айналды және барлық антипартиялық топтарға қарсы бұдан былайғы күресте зор роль атқарды. В. И. Лениннің, Совет Одағы Коммунистік партиясының партия қатарының бірлігі және топтасуы жолындағы күрес тәжірибесінің халықаралық коммунистік қозғалыс үшін орасан зор теориялық және практикалық маңызы бар.

Партияның X съезінде Ленин кәсіптік одақтар туралы сөз сөйледі. Партия бұл мәселені шешуге барынша зор маңыз берді, өйткені әңгіме бұқараға басшылық ету әдістері туралы, оларды социалистік құрылысқа қатыстыру тәсілдері туралы болды. Кәсіподақтар туралы айтысты қорытындылай келіп, Ленин кәсіподақтардың пролетариат диктатурасы заманындағы міндеттерін тұжырымдап берді, кәсіподақтардың коммунизм мектебі ретіндегі ролі мен маңызын көрсетіп берді. Троцкистердің, «жұмысшы оппозициясының» және басқа оппозициялық топтардың көзқарастарына тойтарыс бере отырып, съезд бірден-бір дұрыс платформа ретінде лениндік платформаны қабылдады, бұл платформа Коммунистік партияның басшылық ролі жағдайында жұмысшы демократиясын дамыту, бұқараның талапкерлігін өрістету негізінде кәсіподақтарды шұғыл шаруашылық міндеттерді орындау мақсатына бағыттады.

Партияның X съезінің бүкіл дүние жүзілік-тарихи маңызы болды. Өзінің жаңа экономикалық саясатқа көшу туралы шешімі арқылы съезд социалистік құрылыста жаңа кезеңге жол ашып берді, социализмге өтудің жолдарын көрсетіп берді; съезд жаңа, социалистік қоғамды құру үшін пролетариат пен шаруалардың берік одағы болуы қажеттігін, Коммунистік партияның шаруашылық құрылыстағы ролінің арта түскендігін мейлінше баса көрсетті, съезд жаңа жағдайда бұқараға басшылық етудің формалары мен әдістерін белгілеп берді.

Партияның X съезінен кейін Ленин жаңа экономикалық саясат мәселелерін талдап жасауды одан әрі жалғастырды, оны жүзеге асыруға басшылық етті. Ол жаңа экономикалық саясаттың мәнін партия кадрларының, сондай-ақ қалың еңбекші бұқараның жете түсінетін болуына зор маңыз берді. Осы мақсатпен съезд шешімдерін бұқара арасында насихаттау ісі өрістетілді. Барлық жерде партияның губерниялық комитеттерінің пленумдары, партия конференциялары, бастауыш партия ұйымдарының жиналыстары, партия ұялары секретарьларының кеңестері, т. т. өткізілді.

1921 жылы 9 апрельде Ленин Москваның және Москва губерниясының РКП(б) ұялары секретарьларының және жауапты өкілдерінің жиналысында азық-түлік салығы туралы баяндама жасады. Лениннің томға кірген басқа да сөздері: «ВЦСПС-тегі коммунистік фракцияның мәжілісінде 1921 ж. 11 апрельде жасаған концессиялар туралы баяндама», «Граммофон пластинкаларына жазылып алынған сөздер», «Кремль участкесінің коммунистері мен РКП(б) кандидаттарының жиналысында 1921 ж. 9 майда сөйленген сөз»,— бұл сөз бірінші рет жарияланып отыр,— т. б. капитализмнен социализмге өту кезеңінде пролетарлық мемлекеттің бірден-бір дұрыс саясаты ретінде жаңа экономикалық саясаттың қажеттігін түсіндіруге арналған.

Жаңа экономикалық саясаттың мәнін түсіндіруде Лениннің «Азық-түлік салығы туралы (Жаңа экономикалық саясаттың маңызы және оның шарттары)» деген кітапшасы айрықша зор роль атқарды, бұл кітапша 1921 жылы апрельде жазылды. РКП(б) Орталық Комитеті арнайы қаулы қабылдап, облыстық, губерниялық және уездік партия ұйымдарына өздерінің насихат жұмысында «Азық-түлік салығы туралы» деген кітапшаны кеңінен пайдалануды ұсынды. Бұл аса көрнекті шығарманың орасан зор теориялық ма-

цызы болды. Ленин бұл шығармасында өтпелі кезеңнің заңдылықтарын ашып, пролетариат диктатурасының экономикалық саясатын негіздеп берді. «Азық-түлік салығы туралы» деген кітапшада дамытылған қағидалар марксизм-ленинизмнің идеялық қазынасын байытты.

Томда РКП(б) Бүкіл россиялық X конференциясының материалдарына елеулі орын берілген, конференция 1921 жылы 26—28 майда болып өтті. Конференцияның төтенше түрде шақырылуы жаңа экономикалық саясаттың жергілікті жерлерде қолданылу тәжірибесін ескере отырып, жаңа экономикалық саясат туралы мәселені тағы да талқылау қажеттігіне байланысты болды. Осы томда, В. И. Ленин Шығармаларында бірінші рет, Лениннің конференция жұмысына қатысты материалдары мейлінше толық берілді. 12 документтің 8 документі В. И. Ленин Шығармаларында бірінші рет жарияланып отыр. Ленин өзінің конференцияда сөйлеген сөздерінде оппозиционерлердің партия жаңа экономикалық саясатқа көшіп, елімізді индустрияландыру бағытынан бас тартып отырмыс деген демагогтық пайымдауларын әшкереледі. Жаңа экономикалық саясат, деп көрсетті Ленин, электрлендіру жоспарымен, ірі өнеркәсіпті қалпына келтірумен тығыз байланысты. «Ресурстарымызды ныгайтудың, социалистік қоғамды орнатудың шын және бірден-бір базасы біреу ғана, тек біреу ғана,— бұл ірі өнеркәсіп» (342-бет). Ленин жаңа экономикалық саясатқа көшу уақытша шара-мыс деп көрсету әрекеттеріне тойтарыс берді, ол: социалистік қоғам орнатуды өзінің алдына мақсат етіп қойған жаңа экономикалық саясат «шындап және ұзақ уақыт» жүзеге асырылады деп түсіндірді.

Конференция «Экономикалық саясат туралы» лениндік қарарды қабылдады, бұл қарарда: қазіргі кезеңнің түбегейлі саяси міндеті партия және совет қызметкерлерінің бәрі жаңа экономикалық саясатты толық ту-

сініп, дәл жүзеге асыруында болып отыр деп көрсетілді. Қарар шаруашылық құрылыстың практикалық программасын белгілеп берді.

Халық шаруашылығына басшылық ету пролетарлық мемлекет пен Коммунистік партияның басты да түбегейлі міндеті деп Ленин талай рет атап көрсетті. «Бізде шаруашылық іс — біздің ортақ ісіміз,— деді ол.— Мұның өзі біз үшін ең қызықты саясат» (370-бет). Ол коммунистерден шаруашылық құрылыстың барша мәселесіне тереңірек үңілуді, шаруашылық саясаттың практикалық тәжірибесін зерттеп, насихаттауды талап етті. Конференцияда сөйлеген сөздерінде және томға енген басқа да бірқатар еңбектерінде Ленин социалистік экономиканы құруға және оны күнбе-күн нығайтып отыруға шақырды.

Ленин социализмнің бүкіл дүние жүзінде жеңіп шығуы үшін, бүкіл адамзаттың тағдыры үшін Совет елінің экономикалық табыстарының орасан зор маңызы бар екендігін айрықша күшпен көрсетіп берді. «Қазір,— деді ол,— біз халықаралық революцияға өзіміздің басты-басты ықпалымызды өзіміздің шаруашылық саясатымыз арқылы жасап отырмыз... Бүкіл дүние жүзілік көлемде күрес осы салаға көшіріліп отыр. Біз бұл міндетті орындап шықсақ — міне сонда біздің халықаралық көлемде сөзсіз және түпкілікті ұтқанымыз» (382-бет). Бұл қағиданы Ленин мынаған сүйеніп ұсынған еді: екі системаның, социалистік система мен капиталистік системаның арасындағы қарама-қайшылық,— қазіргі заманның негізгі қарама-қайшылығы — соғыс арқылы емес, бейбіт экономикалық жарыс арқылы шешіледі және шешілуге тиіс те, ал бейбіт экономикалық жарыстың барысында социализм өзінің капитализмнен әлдеқайда артықшылығын көрсетіп береді. Социалистік системаның табыстары капиталистік елдердегі еңбекшілердің қалың бұқарасын барған сайын коммунизм туының астына тарта түсетіндігіне және қанаушыларға қарсы, социализм жолындағы кү-

ресге бұл табыстардың олар үшін жігерлендіргіш өнеге болатындығына Ленин кәміл сенді. Лениннің бұл көрегендік болжауын өмірдің өзі расқа шығарып отыр. Социалистік елдердің қол жеткен табыстары капитал елдерінде тап күресінің өрістеуіне, ұлт-азаттық қозғалысының дамуына қуатты революцияландырушы күш ретінде ықпал жасауда.

Лениннің жаңа экономикалық саясат мәселелері жөніндегі еңбектері мен сөйлеген сөздері партия кадрларын идеялық жағынан қаруландыруда зор роль атқарды және СССР-де социалистік қоғам орнатуда орасан зор маңызға ие болды. Совет Одағында социализмнің жеңіп шығуы Россияны социалистік жолмен қайта құру жөніндегі лениндік программаның дұрыстығын толық растады. Тарихи дамудың барысы сонымен бірге жаңа экономикалық саясат принциптерін қолдану социализм орнатып жатқан барлық елдер үшін белгілі бір дәрежеде қажет екендігін көрсетіп берді. Бұл елдердің коммунистік және жұмысшы партиялары СССР-дің тәжірибесін творчестволықпен пайдаланып келеді.

Шаруашылық құрылыс міндеттерін жаңа экономикалық саясат негізінде жүзеге асыру халық шаруашылығына басшылық жасау ісін қайта құруды, оны басқарудың формалары мен әдістерін жетілдіруді талап етті. Басқаруды ұйымдастыру, мемлекеттік аппараттың құрылымы партия мен Совет мемлекетінің шаруашылық және саяси міндеттеріне сәйкес болуы, практикада сынпан өтуі және үнемі жетілдіріліп отыруы керек екендігін Ленин талай рет атап көрсетті. Аппарат іскер де икемді, ықшам, бірақ күшті аппарат болуы керек. ««Аппараттың» *беріктігін* сақтау керек,— деп көрсетті Ленин.— Бірақ саясат аппарат үшін емес, аппарат саясат *үшін*!!» (418-бет) керек.

«Еңбек және Қорғаныс Советінен жергілікті совет мекемелеріне тапсырмада» және онымен байланысты басқа да: «Еңбек және Қорғаныс Советінің жергілікті

экономикалық кеңестер туралы, есеп беру туралы, Еңбек және Қорғаныс Советінің тапсырмасын басшылыққа алу туралы қаулысының жобасында», Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісінде жергілікті жерлердегі экономикалық органдар туралы 1921 жылы 30 майда сөйлеген сөзінде, «Берілген есептерден ай сайын қысқаша үзінділер алып отыру туралы» документтерде Ленин бүкіл совет және шаруашылық аппаратын қайта құрудың нақты да жан-жақты ойластырылған программасын берді.

«Тапсырмада» Ленин советтік мемлекеттік органдардың практикалық қызметінің программасын талдап жасады, бұл программаны елімізде социализм орнатудың перспективаларымен байланыстырды. Онда халық шаруашылығының барлық салаларын дамытудың нақты жолдары көрсетілді, барлық совет және шаруашылық мекемелерін жаңаша жолға қою жұмысының негізгі міндеттері белгіленді, жергілікті бастамаларды барынша дамыту, жергілікті жерлердегі тәжірибені жинақтап, есепке алу қажеттігі айрықша атап көрсетілді.

Жергілікті жерлердегі шаруашылық органдарының жұмысындағы дербестікті және инициативаны көтермелеу, олардың бүкіл қызметін үйлестіру, сондай-ақ бақылауды жүзеге асыру үшін Ленин жергілікті экономикалық кеңестер құру туралы ұсыныс енгізді. «Тапсырмада» және Шығармаға бірінші рет енгізіліп отырған «Еңбек және Қорғаныс Советінің жергілікті экономикалық кеңестер туралы, есеп беру туралы, Еңбек және Қорғаныс Советінің тапсырмасын басшылыққа алу туралы қаулысының жобасында» жергілікті экономикалық кеңестердің міндеттері, олардың құрылымы мен құрамы белгіленді, экономикалық кеңестердің есептерінде негізге алынуға тиіс аса маңызды мәселелер егжей-тегжейлі талдап жасалды. Есеп беруді дұрыс жолға қою, деп көрсетті Ленин, партия мен үкіметтің нұсқауларының, шешімдері мен

директиваларының жүзеге асырылуын орталық органдардың тексеріп, бақылап отыруына мүмкіндік береді, халықтың қалың бұқарасын социалистік құрылыс ісіне тартуға жәрдемдесетін, жергілікті жерлердегі жұмыстың таңдаулы үлгілерін зерттеп, пайдалануға көмектесетін болады.

Совет мемлекетінде бақылауды ұйымдастыруға өте үлкен мән беріп, Ленин Жұмысшы-Шаруа инспекциясының қызметін мұқият қадағалап отырды. Оның жұмыс жайы Ленинді қанағаттандырмады, сондықтан ол «Тапсырманың» өзінде-ақ Жұмысшы-Шаруа инспекциясын қайта құру қажеттігі туралы мәселе көтереді. РКП Орталық Комитетінің жұмыс жоспары жөнінде 1921 жылы майдың аяғында жазылған ескертпелерде Ленин «бюрократизмге және қағаз бастылыққа қарсы күресу, жұмысшылар мен шаруалардың жағдайын жақсарту және партияда жоқтарды совет жұмысына қатыстыру» (461-бет) бағытында осы қайта құрудың негізгі желісін белгілеп берді. Лениннің бұл пікірлері «Біз Рабкринді қалай қайта құруымыз керек», «Аз болса да, жақсы болсын» деген және басқа мақалаларда одан әрі дамытыла түсті, бұл мақалаларда ол бірыңғай партиялық-мемлекеттік бақылау жүйесін жан-жақты негіздеп, талдап жасады.

Томға енген бірқатар шығармаларда халық шаруашылығын басқаруды қайта құрудың алғашқы қадамдары көрсетіледі. Олардың ішінде Г. М. Кржижановскийге Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының президиумына хат, «Азық-түлік жөніндегі Бүкіл россиялық III кеңесте 1921 ж. 16 июньде сөйленген сөз», «Ауыл шаруашылық машиналарын бөлу туралы. Халық Комиссарлары Советі қаулысының жобасына қосымша» және басқалар бар. Ленин ғылыми жоспарлаудың негіздерін одан әрі талдап жасай отырып, шаруашылықты бір орталықтан жоспарлы басқаруды күшейте түсуді талап етті. Ол Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының жұмысын үнемі қадағалап, оның

қызметін бағыттап отырды, ағымдағы шаруашылық жоспарларды жасау туралы практикалық кеңестер берді.

Ленин кәсіпорындардың жұмысын шаруашылық есеп негізінде қайта құру қажеттігін атап көрсетті, мұның өзі өнімнің өзіндік құнын кемітуге, мемлекеттік социалистік өнеркәсіпті пығайтып, дамытуға, бүкіл халық шаруашылығын қалпына келтіру қарқынын тездетуге жәрдемдесуге тиіс болды. Өнеркәсіпті шаруашылықты жүргізудің жаңа әдісіне көшіру кезінде өндірісті шоғырландыру туралы мәселе көтерілді. Томда В. И. Ленин Шығармаларында бірінші рет, РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының өндірісті шоғырландыруды жүзеге асыру шаралары туралы қаулысының жобасы беріліп отыр, бұл жобаны Саяси бюро 1921 жылы 11 майда қабылдады. 1921 жылы 14 майда Мемлекеттік жоспарлау комиссиясына берген нұсқауларында Ленин өнеркәсіпті шоғырландыру қажеттігін дәлелдеді; өнеркәсіпті шоғырландыру озат, техникалық жағынан неғұрлым жетілдірілген кәсіпорындарды жұмыспен толық қамтамасыз етуге, еңбек өнімділігін арттыруға, өнеркәсіп товарларының қорлануы және оларды өткізу рыногын ұлғайту үшін мүмкіндік туғызуға тиіс болды.

Деревняны машиналармен жабдықтау жөнінде қамқорлық жасай отырып, Ленин Халық Комиссарлары Советінің ауыл шаруашылық машиналарын бөлу туралы қаулысына қосымшада бұл бөлуді мемлекеттің ауыл шаруашылық өнімдерін алуымен байланыстырды.

Шаруашылық құрылыстың жаңа жағдайлары өнеркәсіптегі жалақы жүйесіне өзгеріс енгізуді талап етті. Партияның X конференциясында және кейіннен азық-түлік жөніндегі Бүкіл россиялық III кеңесте Ленин фабрикалар мен заводтарды жабдықтаудың коллективтік жүйесін сынақтан өткізу туралы мәселе көтерді. Неғұрлым жетілдірілген еңбек ақыға көшудің форма-

сы ретінде коллективтік жабдықтау жалақы төлеудегі теңгермелікті жою жолында алғашқы қадам болды, өйткені ол жалақы мөлшерін бүкіл коллективтің жоспарды орындап шығу нәтижелерімен тікелей байланыстырды, сөйтіп осы арқылы еңбек өнімділігін арттыруға жәрдемдесті.

Ленин өнеркәсіпті қалпына келтірудің алғашқы табыстарын зор қуанышпен атап отырды. 1921 жылы апрельде Мемлекеттік 1-ші автомобиль заводында двигательдер шығару жолға қойылды. Ленин осы айтулы оқиғаға байланысты завод комитеті мен барлық жұмысшыларды құттықтады. Петровск тобының кеншілеріне 1921 жылы 25 майда жолдаған құттықтауында ол кеншілерді еңбек өнімділігін арттыру ісіндегі зор табыстарымен қызу құттықтады.

Елімізді социалистік жолмен қайта құру жөніндегі лениндік программаның жүзеге асырылуы ұлт мәселесінің дұрыс шешілуімен тікелей байланысты болды. Партия ұлт саясатының аса маңызды міндеті іс жүзіндегі теңсіздікті жою, бұрын езіліп келген халықтардың мемлекет, шаруашылық және мәдениет жөнінен артта қалушылығын жою деп есептеді.

Томның құрамына енгізілген документтерде: «Әзербайжандағы, Грузиядағы, Армениядағы, Дағыстандағы, Тау республикасындағы коммунист-жолдастарға» хатта, «XI армияның революциялық-әскери советіне телеграммада» Ленин партияның жаңа жағдайдағы ұлт саясаты мәселелерін баяндады, ұлттық республикаларда Совет өкіметін нығайтудың және социализм орнатудың жолдарын көрсетіп берді.

Ол былай деп кеңес берді: РСФСР-де қолданылып жүрген тактиканы айнытпай қабылдаудың керегі жоқ, «оның өзіндік ерекшелігінің себептеріне, оның жағдайлары мен қорытындыларына өздеріңізше ой жүгіртулеріңіз керек, өздеріңізде 1917—1921 жылдардағы тәжірибенің әрпін емес, мәнін, мағынасын, сабақтарын қолдануларыңыз керек» (222-бет). Ленин Кавказ

бен Закавказье республикаларында социализмге өтуді неғұрлым сақтықпен, неғұрлым бірте-бірте жүзеге асыруды, ұсақ буржуазия, интеллигенция және әсіресе шаруалар жөнінде көбірек жұмсақтық көрсетуді, кеңшілік жасауды ұсынды.


Совет елін қорғау, шаруашылықтағы күйзелісті жою және социализм орнату міндеттері бүкіл советтік республикалардың мейлінше тығыз бірігуін қатаң түрде талап етті. Ленин өзінің шығармаларында советтік республикалар одағын жасаудың принциптері, формалары және жолдары туралы мәселені одан әрі талдай түсті. Партияның X съезінің ұлт мәселесі жөніндегі шешімінде советтік республикалардың мемлекеттік одағының анағұрлым тиімді, демократиялық формасы ретінде Советтік федерация туралы қағидалар тұжырымдалды. Ленин бұл мәселені шешуге абайлап қараудың, советтік республикалардың суверенді праволарын құрметтеудің қажеттігіне назар аударды. Мұндай саясат ұлттық республикалардың көп ұлтты біртұтас Советтік социалистік мемлекетке бірігуі жолымен дамуына жәрдемдесті.

* *
*

43-томға бұрын В. И. Ленин Шығармаларына кірмеген 43 документ енгізілді (оның ішінде 21 документ томның негізгі текстінде және 22 документ «Дайындық материалдар» бөлімінде басылып отыр). Бұл еңбектердің көпшілігі Лениннің XX, XXXV және XXXVI жинақтарында және басқа да кейбір басылымдарда жарияланды. Кремль учаскесінің коммунистері мен РКП(б) кандидаттарының жиналысында 1921 жылы 9 майда сөйленген сөз және РКП(б) Бүкіл россиялық X конференциясы материалдарының ішінен екі документ (күн тәртібі мәселесі жөнінде 26 майда сөйленген

сөз, жаңа экономикалық саясат мәселелері жөніндегі қарардың жобасы талқыланғанда 28 майда сөйленген сөздер) бірінші рет жарияланып отыр. «Қосымшада» РКП Бүкіл россиялық X съезінің делегаттарына арналған анкета беріліп отыр, Ленин бұл анкетаны 1921 жылы 7 мартта толтырған.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты



В. И. ЛЕНИН

Май 1921

РКП(б) X СЪЕЗІ[1]

8—16 МАРТ, 1921 ж.

1921 ж. аздаған қысқартумен мына кітапта басылған: «Россия Коммунистік партиясының оныншы съезі. (Стенографиялық есеп (8—16 март, 1921 ж.)». Москва

Бірінші рет 1963 ж. мына кітапта толық басылған: «РКП(б) оныншы съезі. 8—16 март, 1921 ж. Стенографиялық есеп»

1921 ж. басылып шыққан кітаптың стенограммамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

1

СЪЕЗДІ АШАРДА 8 МАРТТА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

(Ұзақ қол шапалақтау.) Жолдастар, Россия коммунистік партиясының X съезін ашық деп жариялауға рұқсат етіңіздер. Біз халықаралық тарихта да, өзіміздің ішкі тарихта да оқиғаларға өте бай жылды басымыздан кешірдік. Халықаралық жағдайдан бастау үшін мен мынаны айтуға тиіспін: қазір біз Коммунистік Интернационал тек қана ұран болуды қойып, қайта шынымен қуатты ұйымдық құрылымға, алдыңғы қатарлы ең ірі капиталистік елдерде өзінің іргетасы, нағыз шын іргетасы бар ұйымдық құрылымға айналған жағдайда бірінші рет жиналып отырмыз. Коминтерннің II конгресінде[2] әлі тек қана қарарлар күйінде болған нәрсе өткен жылдың ішінде жүзеге асырылды, Германия, Франция, Италия сияқты елдерде өз көрінісін тапты, расталды, баянды етілді. Барлық алдыңғы қатарлы ең ірі европалық елдерде Коммунистік Интернационал өткен жазда Москвада болған II конгрестен кейін осы елдердің әрқайсысында жұмысшы қозғалысының ісіне айналғанын, ол былай тұрсын, оның халықаралық саясаттың негізгі факторына айналғанын өздеріңіз көрулеріңіз үшін осы үш елді атап өтудің өзі-ақ жеткілікті. Жолдастар, мұның өзі сондайлық орасан зор жеңіс, алдымызда тұрған әр түрлі сындар қаншалықты қиын және қаншалықты ауыр болғанымен де,— ал бұл сындарды біз ешқашан да естен шығара алмаймыз және естен шығармауға

тиіспіз,— бұл жеңісті бізден ешкім де қайтып ала алмайды!

Мұнан соң, жолдастар, біз съезге Совет республикасының территориясы бүкіл дүние жүзінің капиталистері мен империалистері қолдап отырған жау әскерлерінен арылған жағдайда бірінші рет жиналып отырмыз. Қызыл Армияның осы жылғы жеңістерінің арқасында біз бірінші рет партия съезін осындай жағдайда ашып отырмыз. Үш жарым жыл адам естімеген ауыр күрес жүргіздік, бірақ біздің территориямыз жау армияларынан арылды,— біз мұны жеңіп алдық! Әрине, біз мұнымен барлық жеңіске бірдей әлі түгел жеткеніміз жоқ, мұның өзі бізді жетуге тиісті жеңіске — империалистердің шапқыншылықтары мен қол сұғушылықтарынан шын азат болуға ешбір жеткізген жоқ. Қайта, олардың бізге қарсы соғыс әрекеттері соғысқа ұқсаңқырамайтын формаға, бірақ кейбір жағынан біз үшін неғұрлым ауыр және неғұрлым қауіпті формаға айналды. Соғыстан бейбітшілікке көшу,— оны партияның өткен съезінде[3] өзіміз құттықтаған да және тіпті жүзеге асыруға, бұл жөніндегі жұмысты жолға қоюға тырысқан да болатынбыз,— бұл көшу қазірде де әлі аяқталған жоқ. Біздің партияның алдында қазірде де әлі адам айтқысыз қиын міндеттер тұр, бұл міндеттер шаруашылық жоспарға ғана қатысты емес,— біз бұл жөнінде бірталай қателіктер жібердік,— бұл міндеттер шаруашылық құрылысының негіздеріне ғана қатысты емес, сонымен қатар біздің қоғамда, біздің Совет республикасында сақталып қалып отырған таптардың арасындағы қатынастардың өзінің негіздеріне де қатысты. Таптардың арасындағы қатынастардың өзі өзгеріске ұшырады, сондықтан бұл мәселе сіздердің осы арада талдап қарап, шешетін ең басты мәселелеріңіздің бірі болуға тиісті,— меніңше, сіздердің барлықтарыңыз бұған келісетін шығарсыздар.

Жолдастар, біз ерекше жылды басымыздан кешірдік, біз партиямыздың ішінде айтыстар мен таластарға тым көп әуестеніп кеттік[4]. Айнала жау қоршауындағы, бүкіл капиталистік дүниені біріктіріп отырған ең

қуатты, ең күшті жау қоршауындағы партия үшін, адам естімеген ауыртпалықты көтеріп отырған партия үшін бұл әуестенушілік шынында да таңданарлық нәрсе!

Мен сіздердің қазір мұны қалай бағалайтындарыңызды білмеймін. Бұлай әуестену біздің әрі материалдық, әрі рухани байлықтарымызға, сіздерше, толық сәйкес келер ме еді? Мұны бағалау сіздерге байланысты. Бірақ қалай дегенмен де мен мынаны айтуға тиіспін: бұл арада, осы съезде біздің өз ұранымыз етіп, өзіміз қайткен күнде де жүзеге асыруға тиісті басты мақсатымыз бен міндетіміз етіп алдымызға қоятын нәрсе — айтыстар мен таластардан бұларды бастаған кездегімізден гөрі неғұрлым нығайып, күшейіп шығу. (Қол шапалақтау.) Біздің барлық жауларымыз,— ал олар қаптап жүр,— өздерінің шетелдердегі есепсіз көп органдарының бәрінде біздің буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық жауларымыздың осында, Совет республикасының ішінде таратып жүрген жүздеген, мыңдаған адамдардың аузындағы лақапты, атап айтқанда: егер айтыс болса — талас болғаны, егер талас болса — кикілжің болғаны, егер кикілжің болса — коммунистердің әлсірегені: қыспаққа ала түс, кезін жіберме, олардың әлсірегендігін пайдаланып қал дегенді қайталап, өршітіп отырғанын сіздер білмейді емессіздер, жолдастар! Мұның өзі бізге дұшпан дүниенің ұранына айналды. Біз мұны титтей де естен шығармауға тиістіміз. Қазір біздің міндетіміз мынада: өткен уақытта, дұрыс болсын немесе теріс болсын, біз өзіміз әлгіндей әуестенушілікке қалай салынсақ та, бұл жағдайдан құтылу керек: құтылғанда тұжырымдалған, айтысқа түскен өте-мөте көп платформалардан, сарындардан, сарынсымақтардан, сарынсымақтар деуге болатын нәрселерден арылу үшін біз өзіміздің партия съезімізде, бұларды тиісінше дұрыстап қарап, өзімізге былай дейтін болуымыз керек: қалай болған күнде де, осы уақытқа дейін айтыс қалай өтсе де, біз өзара қалай талассақ та,— алдымызда соншама көп жау тұрғандықтан,— шаруалар еліндегі пролетариат диктатурасы міндетінің ұшан-теңіз, қиын екендігі сонша-

лық, жұмыстың тек ресми түрде ғана бұрынғыдан да гөрі неғұрлым топтасқан, неғұрлым ынтымақты түрде жүргізілуі бізге аз,— сіздердің осында, осы съезде қатысып отырғандарыңыздың өзі-ақ мұның осылай екенін дәлелдейді,— сонымен қатар әлгі жұмыстың тек ресми емес жағынан да солай жүргізілетін болуы керек,— фракцияшылдықтың тіпті титтей де жұрнағы қалмауы керек, бұған дейін фракцияшылдық қай жерде және қалай пайда болса да, оның тіптен ешбір жұрнағы қалмауы керек. Осылай еткен күнде ғана біз өзіміздің алдымызда тұрған орасан зор міндеттерді орындап шығамыз. Сондықтан, егер мен: біз қалай болғанмен де осы съезде бұрынғыдан да гөрі берік, бұрынғыдан да гөрі бірауызды және шын партиялық бірлікке жетуге тиіспіз!— десем, сіздердің барлықтарыңыздың ниеттеріңіз бен берік шешімдеріңізді білдіретіндігіме кәміл сенемін! (Қол шапалақтау.)

«Правда», № 52, 9 март, 1921 ж.

2

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ САЯСИ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ 8 МАРТТА ЖАСАЛҒАН ЕСЕП

Жолдастар, Орталық Комитеттің саяси жұмысы туралы мәселе, әрине, өздеріңіз білесіздер, партияның бүкіл жұмысымен де, совет мекемелерінің бүкіл жұмысымен де, революцияның бүкіл барысымен де соншалықты тығыз байланысты болғандықтан, менің ойымша, есеп туралы, бұл сөздің дәл, сөзбе-сөз мағынасында, әңгіме болуы мүмкін де емес. Сондықтан, мен өзімнің міндетімді: ең маңызды оқиғалардың кейбіреулерін,— менің ойымша, осы жылдағы біздің жұмысымыз бен советтік саясаттың түйінді пункттері болып табылатындай оқиғаларды, басымыздан кешіргендердің ішінде бәрінен де ерекше сипатты болып табылатын оқиғаларды, революция барысының себептері туралы, жіберілген қателердің,— ал қателер аз жіберілген жоқ,— маңызы туралы және келешекке қандай сабақ болатындығы туралы ойлану үшін бәрінен де көп материал беретін оқиғаларды бөліп алып көрсетуге тырысу деп білемін. Өйткені, өткен жыл үшін есеп беру міндеті қандай табиғи нәрсе болса да, Орталық Комитет үшін ол сондай міндетті іс болса да, оның өзі партия үшін қаншама өзінше қызықты бола тұрса да — болашақтағы және көз алдымызда өрістеп жатқан күрестің міндеттері сондай тығыз, сондай ауыр және қиын болғандықтан, өзінің бар ауыртпалығымен бізді соншама басып отырғандықтан, басымыздан кешірген оқиғалардан қалай тиісті қорытындылар шығару керек екендігіне және біздің көңілімізді барынша аударып отырған қазіргі кездегі және

жуық арадағы міндеттерді қалай жақсы орындап шығу керек екендігіне,— нақ осыларға біздің бар назарымыз еріксіз ауады.

Жұмысымыздағы осы жыл ішінде өзіне жұрттың назарын бәрінен де көп аударып отырған және, менің ойымша, біздің қателеріміз көбінесе-ақ осыған байланысты болып отырған түйінді пункттердің біріншісі соғыстан бейбітшілікке көшу болып табылады. Үш жарым жылдың ішінде біздің бейбітшілікке көшуге бірнеше рет әрекеттенгеніміз және оны бір рет те істеп шыға алмағанымыз, мүмкін, сіздердің бәріңіздің, немесе, ең болмағанда, сіздердің көпшілігіңіздің естеріңізде шығар; оны, бәлкім, қазір де істей алмаспыз, өйткені халықаралық капитализмнің тіршілік мүдделері біздің бейбітшілікке көшуімізге жол бермеуді көздейді, онымен тым терең байланысты. Әлі есімде, 1918 жылғы апрельде-ақ, яғни бұдан үш жыл бұрын, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінде менің біздің міндеттеріміз туралы сөйлеуіме тура келді*, онда бұл міндеттер: азамат соғысындағы басты нәрсе аяқталды деп тұжырымдалған еді, ал шынында ол кезде азамат соғысы жаңа ғана басталған еді. Бәріңіз де ұмытпаған боларсыздар, біз партияның өткен съезінде, біздің сол кезде Польшаға жасаған аса зор кеңшіліктеріміз[5] бізге бейбітшілік әкеледі деп ойлап, барлық жоспарымызды осы бейбіт құрылысқа көшуге негіздеп құрдық. Бірақ апрельдің ішінде-ақ поляк буржуазиясының шабуылы басталды; капиталистік елдердің империалистерімен бірге поляк буржуазиясы біздің бейбітшілік сүйгіштігімізді біздің әлсіздігіміз деп түсінді,— мұның сазайын қатты тартып, анағұрлым тиімсіз бітімге көнді. Бірақ біз бейбіт құрылысқа көше алғанымыз жоқ, сөйтіп біздің қайтадан Польшамен арадағы соғысқа және кейіннен Врангельді жоюға баса көңіл бөлуімізге тура келді. Есеп беріліп отырған жылдың ішіндегі жұмысымыздың мазмұны міне осыған қарай белгіленді. Біздің барлық жұмысымыз тағы да соғыс міндеттеріне қарай ауысты.

Мұнан соң, біз РСФСР территориясында жау армия-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 36-том, 257—288-беттер. *Ред.*

сының бірде-бір солдатын қалдырмай қуып шығарғаннан кейін, соғыстан бейбітшілікке көшу басталды.

Бұл көшу өзіміз мүлде жете ескермеген күйзелістерге төзуді керек қылды. Осы есеп беріліп отырған уақыттың ішінде өз саясатымызда жіберген және қазір бізге зардабын тигізіп отырған барлық қателіктеріміздің, ағаттықтарымыздың негізгі себептерінің бірі — осында екені күмәнсыз. Армияны демобилизациялау,— бұл армияны адам естімеген қатты ауыртпалықты басынан кешірген елде, бірнеше жылға созылған империалистік соғыстан кейін құруға тура келді,— біздің транспорт құрал-жабдықтарымызбен осы армияны тасымалдау аса зор қиыншылықтарға ұшыратып отырған кезде, оның үстіне егіннің шықпай қалуы себепті ашаршылық, транспорт жұмысын едәуір кідіртіп отырған отын тапшылығы келіп қосылған кезде армияны демобилизациялау,— бұл демобилизация, ол кезде біз мүлде жете бағаламаған міндеттерді алдымызға қойғанын енді көріп отырмыз. Бірсыпыра дағдарыстар: шаруашылық дағдарыстар да, әлеуметтік дағдарыстар да, саяси дағдарыстар да едәуір дәрежеде осыдан туды. Келесі көктемдегі басты қиыншылықтардың бірі — армияны демобилизациялауға байланысты қиыншылықтар болатынын менің өткен жылдың аяғында-ақ көрсетуіме тура келді. Менің мұны 30 декабрьдегі үлкен айтыста* да көрсетуіме тура келді, бұл айтысқа, сірә, көбіңіз қатысқан да боларсыздар. Мен мынаны айтуға тиіспін: ол кезде біз бұл қиыншылықтардың мөлшерін шамалай алдық па екен; біз ол кезде техникалық қиыншылықтардың қандай дәрежеде болатынын көрмек түгіл, бұрынғы империалистік соғыстан да, жаңа азамат соғысынан да титықтап қалжыраған Совет республикасы душар болған апаттардың бәрінің нақ осы демобилизация кезінде қандай дәрежеде шиеленісетінін де көрмедік. Бұл қиыншылықтар нақ осы демобилизация кезінде неғұрлым көбірек білінеді деу біршама дұрыс болып шығады. Еліміз бірнеше жыл

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 42-том, 240-бет. *Ред.*

бойына барлық күшті тек соғыс жөніндегі міндеттерді орындауға жұмсады, бұл міндеттерді бар күшімен қолдады, өзінің қолында қалған ең соңғы нәрселерінің, болмашы резервтері мен ресурстарының бәрін аямай осы мақсатқа жұмсады,— сөйтіп күйзеліс пен жоқшылықтың барынша асқынғандығын, бұл күйзеліс пен жоқшылықтың ұзақ уақыт бойына бізді тек әншейін жарамызды жазумен ғана айналысуға мәжбүр ететінін біз соғыс біткеннен кейін ғана көрдік. Бірақ біз осы жарамызды жазуға да толығынан көше алмай отырмыз. Армияны демобилизациялаудың техникалық қиыншылықтары күйзелістің аса күшті екендігін едәуір дәрежеде көрсетіп отыр, бұл күйзелістен, басқасын былай қойғанда, бірсыпыра экономикалық және әлеуметтік сипаттағы дағдарыстар туатыны сөзсіз. Соғыс біздерді, бүкіл елімізді, жүз мыңдаған адамды тек соғыс міндеттеріне ғана үйретті, ал осы соғыс міндеттерін орындағаннан кейін армияның үлкен бір бөлегі шектен шыққан нашар жағдайларға душар болады, деревняда адам айтқысыз қиыншылықтарға душар болады, сондықтан осының және жалпы дағдарыстардың салдарынан өз еңбегін жұмсауға мүмкіндігі қалмайды, соғыс пен бейбітшілік арасындағы әрі-сәрі бірдеңе келіп шығады. Сипатталып отырған жағдайдың ауырлығы сондай, тіпті бейбітшілік туралы сөз қозғаудың қажеті де жоқ болып шығады. Нақ осы демобилизация, азамат соғысының ақыры өз міндеттерінді түгелдей бейбіт құрылысқа шоғырландыруға мүмкіндік бермейді деген сөз, өйткені демобилизация соғысты тек жаңа формада туғызып, жалғастыра береді. Ондаған, жүздеген мың демобилизацияланған адамдар өз еңбегін жұмсауға мүмкіндік таппай, қайыршыланып, күйзеліп, соғыспен ғана шұғылдануға дағдыланып, соғысқа бірден-бір кәсіп деп караудың аз-ақ алдындағы адамдарға айналып қайтып жатқан кезде, біз соғыстың жаңа формасына, оның жаңа түріне тартылған болып шыға келеміз, ал мұны бір сөзбен айтсақ: бандитизм деуге болады.

Күмән жоқ, демобилизацияға байланысты осы қиыншылықтардың мөлшерін есепке алмау Орталық Ко-

митеттің қатесі болды. Әрине, айта кету керек, бұл айтылғанды есепке алу үшін сүйенерлік ешбір тірек болмады, өйткені азамат соғысы соншама қиын болғандықтан, мұндағы бірден-бір ереже: барлығын да азамат соғысы майданындағы жеңіс үшін жұмсау керек деген ереже болды — тек қана осы ереже болды. Осы ережені сақтаудың арқасында ғана және Қызыл Армияның Колчакқа, Юденичке және басқаларға қарсы күресте көрсеткен орасан зор күш-қайратының арқасында ғана біз Советтік Россияға басып кірген империалистерді жеңіп шыға алдық.

Бірсыпыра қатенің тууына себеп болған және дағдарысты шиеленістіретін осы негізгі жағдайдан мен басқа жағдайға — партияның жұмысы мен бүкіл пролетариаттың күресінде есептің немесе жоспардың онан да бетер зор бірсыпыра үйлеспеушіліктері, ағаттықтары қалай пайда болғанына және жоспардағы ағаттықтар ғана емес, сонымен қатар біздің таптың күші мен өзге таптардың күшінің арасындағы арасалмақты анықтаудағы ағаттықтардың да қалай пайда болғанына көшпекпін; әлгі таптармен бірлесіп іс істей отырып, кейде олармен күресе отырып, біздің тап республиканың тағдырын шешуге тиіс. Осы көзқарасқа сүйене отырып, біз бастан кешкен оқиғалардың қорытындысына, саяси тәжірибеге назар аударуымыз керек, Орталық Комитеттің өзі саясатты басқарып келгендіктен, нені ұғуға тиіс екендігіне және бүкіл партияға нені ұғындыруға тырысуы тиіс екеніне назар аударуымыз керек. Бұл өзі — біздің Польшамен соғысымыздың барысы, азық-түлік пен отын мәселелері сияқты әр қилы құбылыстар. Біз шабуыл жасағанда, Варшаваға дейін оте жылдам деуге боларлықтай, ілгері жылжығанда, біз, күмән жоқ, қате жасап алдық. Бұл стратегиялық қате болды ма, әлде саяси қате болды ма, мен оны қазір талдап жатпаймын, өйткені мұның өзі мені тым шығандатып әкетер еді,— менің ойымша, мұның өзі болашақ тарихшылардың ісі болуға тиіс, ал қиып-қыстау күресте барлық жауға әлі де тойтарыс беруге тура келіп отырған адамдардың тарихи зерттеулермен шұғылдануға мұр-

шасы жоқ. Бірақ қалай болғанда да қате жасағанымыз анық, ал бұл қате күшіміздің басымдылығын асыра бағалауымыздан туды. Біздің күшіміздің басымдығы экономикалық жағдайлармен қаншалықты байланысты болғандығын, Польшамен соғыс тіпті әсте пролетар емес, коммунизмге әсте тілектес емес, пролетариат диктатурасын сөзсіз қолдамайтын, ал кейде, айта кету керек, оны тіпті қолдамайтын ұсақ буржуазиялық элементтердің арасында да патриоттық сезімді оятқанына қаншалық байланысты болғандығын,— мұны анықтау өте қиын болған болар еді. Бірақ факт анық: Польшамен соғыста біз белгілі қатеге ұрындық.

Ал егер біз жұмыстың азық-түлік ісі сияқты саласын алатын болсақ, біз мұнда да осы сияқты қате жасалғанын көреміз. Салым және оны орындау жөнінде есеп беріліп отырған жыл өткен жылдан әлдеқайда қолайлы болды. Биыл жиналған астықтың мөлшері 250 миллион пұттан асады. 1 февральға дейін жиналған астықтың мөлшері 235 миллион пұт болды, ал былтыр бүкіл жыл бойына жиналған астықтың мөлшері 210 миллион пұт болып еді; демек, жылдың әлдеқайда аз бөлегі ішінде жиналған астықтың мөлшері былтырғы жыл бойы жиналған астықтың мөлшерінен толық асып түсті. Бірақ 1 февральға дейін жиналған осы 235 миллион пұт астықтан жылдың бірінші жартысында біз 155 миллион пұттай астықты жұмсап қойыппыз, яғни орта есеппен айына 25 миллион пұттан, тіпті одан да артық жұмсаппыз. Біздің қолымыздағы ресурс өткен жылғы ресурсқа қарағанда тәуір болғанымен де, оны дұрыс бөле білмегенімізді, әрине, жалпы алғанда, мойындауымыз керек. Көктемге қарай туып келе жатқан дағдарыстың барлық қаупін біз дұрыс бағалай алмадық және ашығып отырған жұмысшыларға берілетін астықтың мөлшерін көбейтуге еріксіз беріліп кеттік. Әрине, мұнда да есеп жасау үшін біздің сүйенерлік тірегіміз болмағанын айту керек. Капитализмге тән анархияға, былыққа қарамастан, барлық капиталистік мемлекеттерде ондаған жылдардың тәжірибесі шаруашылық жоспардың есебін жасаудағы сүйенер тірек болып табылады; өздері-

нің экономикалық құрылысы жағынан бірдей, тек жеке реттерде ғана айырмасы бар капиталистік мемлекеттер бұл тәжірибені салыстыра алады. Мұндай салыстырудан шын ғылыми заң, белгілі заңдылық және дұрыс қорытынды шығарылуы мүмкін. Бізде мұндай есеп жасау үшін, осы тәжірибе сияқты еш нәрсе болған жоқ және болуы да мүмкін емес; сондықтан, ақырында, аштықтан жүдеген халыққа соғыс аяқталғаннан кейін көбірек азық-түлік беру мүмкіншілігі туған кезде, керекті мөлшерді бірден белгілей алмауымыз әбден табиғи нәрсе. Әлбетте, біз азық-түлікті беру мөлшерін өсіруді шағындап, осы шағындаудың есебінен көктемде кездесетін және қазір кездесіп те отырған қиын-қыстау күндерге арнап белгілі мөлшерде резерв жасауымыз керек еді. Біз мұны істемедік. Бұл арада біз тағы да қате, біздің барлық жұмысымызда болып тұратын қателіктер сияқты қате жібердік, бұл қателіктер — соғыстан бейбітшілікке көшу біздің алдымызда толып жатқан міндеттер қойғанын және қиыншылықтар туғызғанын, ал бұл міндеттерді орындау үшін, бұл қиыншылықтарды жеңу үшін не тәжірибеміз, не даярлығымыз, не керекті материалымыз болмағанын көрсетті, міне сөйтіп дағдарыс төтеннен күшейіп, шиеленісіп, асқынып кетті.

Отын жөнінде де осы сияқты жағдай болғаны күмәнсыз. Мұның өзі — шаруашылық құрылысының негізгі мәселесі. Соғыстан бейбітшілікке көшудің бәрі, шаруашылық құрылысқа көшудің бәрі,— партияның өткен съезінде сөз болған және есеп беріліп отырған жылдың ішінде бүкіл саясатымыздың негізгі түйіні және негізгі көңіл бөліп отырған мәселесі,— осының бәрі, әрине, отын өндіруді есепке алуға және оны дұрыс бөлуге негізделмеуі және құрылмауы мүмкін емес. Мұнсыз қиыншылықтарды жеңу туралы да, өнеркәсіпті қалпына келтіру туралы да сөз болуы мүмкін емес. Бұл жөнінде біздің былтырғыға қарағанда жақсы жағдайда екендігіміз айқын. Бұрын біз көмір мен мұнай аудандарынан қол үзіп қалған едік. Қызыл Армияның жеңістерінен кейін, біздің көмір мен мұнайға қолымыз жетті. Қалай дегенмен де, отын ресурстары-

ның мөлшері көбейді. Есеп беріліп отырған жыл қарсаңында отын ресурсымыздың бұрынғыдан көп болғандығын біз білеміз. Ал осы отын ресурсының көбеюі негізінде біз қателік жібердік, отынды бірден өте көп үлестірдік, бұл біздің осы отын ресурсымызды сарқып тастады, сөйтіп, барлық ісімізді дұрыс жолға салып болмай жатып, біз отын дағдарысына тап болдық. Барлық осы мәселелер жөнінде осында сіздерге арнаулы баяндамалар жасалады, ал мен бұл мәселе жөніндегі деректерді сіздерге қазір тіпті шамамен болса да көрсетіп бере алмаймын. Бірақ қалай болғанда да, өткендегі тәжірибені есепке ала отырып, біз: бұл қателік істің жайын теріс түсінушілікке және соғыстан бейбітшілікке көшудің тездігіне байланысты болды деп айтуға тиіспіз. Бақсақ, бұл көшу біздің ойлағанымыздан әлде-қайда баяу түрде ғана болуы мүмкін екен. Неғұрлым ұзақ даярлық керек, неғұрлым баяу қарқын керек,— осы жылдың ішінде біздің бастан кешірген сабағымыз, алдағы жылдағы негізгі міндеттерімізді белгілеу үшін және бұл көрсетілген қателіктерден келешекте аулақ болу үшін, бүкіл партия болып мейлінше ұғып алатын, ұққан үстіне ұғып алатын сабақ міне осы.

Бұл арада, күмән жоқ, егіннің шықпай қалуы себепті бұл қателіктердің шиеленіскенін және бұл қателіктен туған дағдарыстардың ерекше шиеленіскенін айту керек. Егер мен азық-түлік жұмысын жүргізу арқасында есеп беріліп отырған жылдың ішінде біздің азық-түлік ресурстарымыздың әлдеқайда жақсарғанын көрсетсем, онда дағдарыстардың ең басты негіздерінің бірі осында болғанын да айтып өтуім керек, өйткені егіннің шықпай қалуы себепті үлкен жұт болып, мал қырылып, шаруалардың шаруашылығы күйзеліске ұшырағандықтан, бұл азық-түлік салымының салмағы басы артық астығы онша көп емес жерлерге түсті. Республиканың түрлі шеткері аймақтарында,— Сибирьде, Солтүстік Кавказда басы артық астық әлдеқайда көп,— бірақ нақ сол жерлерде совет аппараты бәрінен де нашар жолға қойылды, нақ сол жерлерде Совет өкіметінің тұрақтылығы әлсіз болды

және сол жақтардан транспорттың келуі өте-мөте қиын болды. Сондықтан, азық-түліктің көбейтілген ресурстарын біз егін шығымы мейлінше төмен болған губерниялардан жинадық, ал мұның өзі шаруалар шаруашылығының дағдарысын өте шиеленістіріп жіберді.

Есеп ісінің бізде ойдағыдай дұрыс болмағандығын біз бұл жерде тағы да айқын көріп отырмыз. Бірақ, екінші жағынан, біз сондай қысыл-таяң халде болғандықтан, біздің басқа еш амалымыз болмады. Апатты империалистік соғыстан кейін, көп жылдарға созылған азамат соғысы сияқты тауқыметке төзген еліміз, әрине, өзінің барлық күшін майданға жұмсамайынша өмір сүре алмаған болар еді. Сондықтан, әрине, күйзелген ел, есесіне тіпті еш нәрсе бермесе де, шаруалардан басы артық азық-түлікті алуға мәжбүр болды. Елді, армияны және жұмысшы-шаруа өкіметін сақтап қалу үшін осыны істеу қажет болды. Біз шаруаларға: «Әрине, сіздер өздеріңіздің астықтарыңызды жұмысшы-шаруа мемлекетіне несиеге беріп отырсыздар, ал мұны істемейінше сіздер өз мемлекетіңізді помещиктер мен капиталистерден қорғап қала алмайсыздар» — дедік. Империалистер мен капиталистер өздерінің соғысы арқылы бізді осыған мәжбүр етіп отырған жағдайда біздің басқаша істеуге мүмкіндігіміз болмады. Бізде бұдан басқа лаж болған жоқ. Бірақ бұл жағдайлар бізді мынадай халге душар етті: соншама ұзаққа созылған соғыстан кейін шаруалар шаруашылығының әлсірегені сонша, тіпті егіс көлемінің азаюы да, өндіріс құрал-жабдықтарының нашарлауы да, егін шығымдылығының кемуі де, жұмыс күшінің жетіспеуі де, т. т. астық түсімінің нашар болуына себеп болды. Егін өте көптеген жерде шықпай қалды, сондықтан басы артық азық-түліктің, не дегенмен өзіміз күткеннен гөрі, жақсы жиналуы дағдарыстың осылай шиеленісуіне себепші болды; бұл дағдарыс алдағы айларда бізге бұдан да зор қиыншылықтар мен апаттар әкелуі мүмкін. Есеп беріліп отырған жылдың ішінде саясат жүзінде басымыздан кешіргендерімізге және жаңа жылда алдымызға қандай саяси

міндеттер қоюымыз керек екендігіне талдау жасаған кезде бұл жағдайды мұқият ескеру керек. Есеп беріліп отырған жыл сол бір шұғыл міндеттердің бәрін алдағы жылға қалдырып отыр.

Енді мен әзірше басқа пунктке, мүлде басқа саладағы мәселеге — партияның соншалық көп уақытын алған кәсіподақтар туралы айтысқа көшемін. Бүгін мен бұл туралы айттым да, әрине, мен сіздердің көбіңіз дерлік бұл айтысты шектен шыққан әуестенушілік деп бағаламай тұра алмассыздар деп ептеп қана айттым*. Ал мен бұған өз тарапымнан мынаны қоспай тұра алмаймын: менің ойымша, бұл әуестенушілік шынында да тіпті орынсыз болды, сондықтан мұндай айтысқа жол беріп, біз, сөз жоқ, қате істедік, объективті жағдайларға қарағанда бірінші орынға қойылмайтын мәселені бұл айтыста біз бадырайтып бірінші орынға қойғандығымызды көрмедік; нақ сол дағдарыс жөніндегі аса шұғыл және қатерлі, алдымызда соншалық жақын тұрған мәселеден көңілімізді қаншама басқа жаққа аударып отырғанымызды көрмей, біз әуестенушілікке салынып кеттік. Көп ай бойы соншама уақытымызды алған және осында қатысып отырғандардың көпшілігін мезі еткендей-ақ болған бұл айтыстың іс жүзіндегі нәтижелері қандай? Бұл туралы сіздерге арнаулы баяндамалар жасалады, бірақ мен өзімнің есепті баяндамамда істің басқа бір жағын — атап айтқанда, «жаман айтпай, жақсы жоқ» деген бір мақалдың бұл жерде күмәнсіз дұрыс болып шыққанын ескерткім келеді.

Амал қанша, жамандық сәл көбірек болып шықты да, жақсылық сәл азырақ болып шықты. (Күлкі.) Бірақ не дегенмен де жақсылық жағы болды: ол жақсылық мынау — уақыт жоғалтсақ та, өзімізді қоршап тұрған ұсақ буржуазиялық стихияға қарсы күресудің шұғыл міндеттерінен партиядағы жолдастарымыздың назарын басқа жаққа аударсақ та, дегенмен біз бұрын өзіміз көрмеген кейбір өзара қатынастарды тани білуді үйрендік. Бұл күресте партияның кейбір нәрселерді

* Қараңыз: осы том, 4—5-беттер. *Ред.*

үйренбеуі мүмкін емес еді, жақсылық міне осында. Басқарып отырған партия болғандықтан, біз партияның «жоғарғылары» мен советтің «жоғарғыларын» біріктірмей тұра алмағанымызды,— бізде олар біріккен және солай болмақ,— мұны бәріміз де біле тұрсақ та, бұл айтыстан партия белгілі сабақ алды, бұл сабақты ескеру қажет. Кейбір платформаларға көбінесе партияның «жоғарғылары» дауыс берді. Кейде ««жұмысшы оппозициясының» платформалары»[6] деп аталған, кейде тағы басқаша аталған бұл платформалар көрінеу синдикалистік уклон болып шықты. Ал мұның өзі жеке менің ғана пікірім емес, осында қатысып отырғандардың орасан көпшілігінің пікірі. (Дауыстар: «Дұрыс».)

Бұл айтыста партия өзінің әбден кемелденгенін тапытты, тапытқанда, «жоғарғылардың» кейбір ауытқуларын көріп, «жоғарғылардың»: «Біз келісе алмадық, қайсымыздікі дұрыс екенін айырып беріңдер» — дегенін есітіп, партия осы міндетке тез жұмыла қойды, сөйтіп партияның неғұрлым көрнекті ұйымдарының орасан көпшілігі бізге: «Біздің өз пікіріміз бар, біз оны сіздерге айтамыз» — деп іле жауап берді.

Бұл айтыста толып жатқан платформалар туындады. Бұл платформалардың көптігі соншалық, мен мәселен, тіпті лауазымым бойынша оларды оқып шығуға міндетті болсам да, оларды түгел оқып шықпай, ұятты болдым ғой деп қорқамын. (Күлкі.) Осында қатысып отырғандардың бәрінің де оларды оқып шығарлықтай уақыттары болды ма, жоқ па, мен оны білмеймін, бірақ қалай болғанда да, біліпіп отырған осы синдикалистік, белгілі дәрежеде тіпті жартылай анархистік уклон бұл туралы ойлану үшін көп материал береді. Бірнеше айлар бойы біздің әуестенушілікке салынып алғандығымыз соншалық, тіпті пікірлердің сарындарын зерттеуге беріліп кеттік. Ал оның бер жағында армияны демобилизациялау бандитизмді туғызды, экономикалық дағдарысты асқындырды. Біздің партиямыздың, мүшелерінің саны, шамамен айтқанда, кемінде жарты миллионға жеткен, тіпті жарты

миллионнан асып кеткен партиямыздың, біріншіден, бұқаралық партияға айналғанын, екіншіден, үкіметтік партияға айналғанын, сөйтіп бұқаралық партия болғандықтан, оған өз қатарынан тысқары бірсыпыра нәрселердің әсер ететіндігін түсіну үшін бұл айтыс бізге көмектесуге тиіс болды. Мұны түсіну өте-мөте маңызды нәрсе.

Шағын синдикалистік немесе жартылай анархистік уклон болса, ол қорқынышты болмас еді: партия бұл уклонды тез және батыл ұғып-біліп, оны түзетуге кірісер еді. Бірақ егер ол уклон елімізде шаруалардың орасан көп басым болуымен байланысты болса, егер бұл шаруалардың пролетариат диктатурасына наразылығы көбейе берсе, егер шаруалар шаруашылығының дағдарысы шегіне жетіп отырса, егер шаруалар армиясын демобилизациялау ісі өзіне жұмыс таба алмай жүрген, соғысты кәсіп етіп, тек сонымен ғана шұғылдануға дағдыланған, сөйтіп бандитизмді туғызған жүздеген, мыңдаған қалжыраған адамдарды далада қалдырып отырса,— онда теориялық уклондар туралы салғыласып жатуға уақыт жоқ. Сондықтан біз съезде: уклондар туралы салғыласуға жол бермейміз, бұл жөнінде айтысты тоқтатуымыз керек деп тура айтуға тиіспіз. Партия съезі мұны істей алады және істеуі керек, оның бұдан тиісті сабақ алуы керек және мұны Орталық Комитеттің саяси есебіне қосуы керек, мұны нығайтып, баянды етіп, партия үшін міндетті іске, заңға айналдыруы керек. Талас-тартыс жағдайы өте қауіпті жағдайға айналып барады, пролетариат диктатурасы үшін тура қатерге айналып барады.

Айтыс кезінде кездесіп, таласқа түсуге тура келген кейбір жолдастарға, мен бұдан бірнеше ай бұрын: «Байқаңыздар, мұнда жұмысшы табының үстемдігіне және жұмысшы табының диктатурасына қауіп төнеді!» — дегенімде, олар: «Бұл үркіту әдісі, сіз бізді қорқытып отырсыз»,— деді[7]. Өзімнің ескертпелеріме тағылған мұндай жарнаманы,— ол біреулерді қорқытып отыр дегенді,— менің бірнеше рет естуіме тура келді және бұған мен: неше түрлі сыннан өткен байырғы революционерлерді менің қорқытуым адам күлерлік іс

болып шығар еді деп жауап бердім*. Бірақ демобилизацияның қиыншылықтары не нәрсеге айналып бара жатқанын өздеріңіз көріп отырған кезде, бұл арада қорқыту түгіл, тіпті айтыс-тартыста сөзсіз болып тұратын елігушіліктің де болмағандығы жөнінде, қайта нендей жағдайдың орнағаны, бізге топтасу, табандылық және тәртіп керек екені мүлде айқын көрсетілгендігі жөнінде қазір талас болуы мүмкін емес; бізге топтасу, табандылық, тәртіп керек болғанда пролетариат партиясы мұнсыз ынтымақтаса жұмыс істей алмайтын болғандықтан ғана емес, сонымен қатар көктем қиын жағдайлар туғызғандықтан және әлі де туғызатындықтан керек болып отыр, мұндай жағдайда біз мейлінше топтаспайынша іс істей алмаймыз. Менің ойымша, айтыстан біз қайткенде де осы негізгі екі сабақты ала аламыз. Сондықтан, меніңше, мынаны айту керек: егерде біз әуестенушілікке салынсақ және жанталасқан күрестің өте қиын жағдайларына душар болған партия платформалардың жекелеген егжей-тегжейлерін анықтауға қалай зор көңіл бөлгенін,— және біз душар болып отырған қуаңшылық пен дағдарыс жағдайында, күйзелушілік пен демобилизация жағдайында көңіл бөлгенін,— міне осының таңқаларлық үлгісін дүние жүзіне көрсетсек, онда біз енді бұл сабақтардан саяси қорытынды шығарамыз, белгілі бір қатені ғана көрсететін қорытынды емес, таптар арасындағы, жұмысшы табы мен шаруалардың арасындағы қатынастарға қатысы бар саяси қорытынды шығарамыз. Бұл біз ойлаған қатынастар емес. Бұл қатынастар пролетариаттан мейлінше мықтап топтасуды және бар күшін жұмылдыруды талап етеді, өйткені бұл қатынастар пролетариат диктатурасының тұсында Деникиндерді, Колчактарды және Юденичтерді бәрін қосқандағыдан да әлденеше рет асып түсетін қауіп болып табылады. Бұл жөнінде ешкімнің адаспауы керек, өйткені мұндай адасу өте қатерлі болар еді! Осы ұсақ буржуазиялық стихиядан туып отырған қиыншылықтар тым үлкен, сондықтан бұл қиынш-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 42-том, 285—286-беттер. *Ред.*

лықтарды жеңу үшін мықтап топтасушылық керек,— тек ресми топтасу ғана емес,— біртұтас, ынтымақты жұмыс керек, біртұтас ынта-жігер керек, өйткені шаруалар елінде пролетариат өзінің диктатурасы мен басшылығының орасан зор міндеттерін тек пролетарлық бұқараның осындай ынта-жігерінің арқасында ғана жүзеге асыра алады.

Батыс европалық елдерден көмек келеді, бірақ ол көмек тез арада жете қоймайды. Көмек келеді және ол көбейе береді.

Есеп беріліп отырған кезең ішіндегі ең ірі факторлардың бірі — бұл да Орталық Комитеттің қызметімен тығыз байланысты — Коминтерннің II конгресін* ұйымдастыру екендігін мен таңертеңгі мәжілісте айтып та өттім. Әрине, халықаралық революция, өткен жылға қарағанда, қазір көп ілгері басты. Әрине, өткен жылғы конгрестің кезінде басқаша емес, прокламациялар формасында ғана өмір сүрген Коммунистік Интернационал қазір әр элде дербес партия ретінде өмір сүре бастады және ол тек алдыңғы қатардағы партия болып қана отырған жоқ,— коммунизм тұтас алғанда бүкіл жұмысшы қозғалысының негізгі мәселесіне айналды. Германияда, Францияда және Италияда Коммунистік Интернационал тек жұмысшы қозғалысының орталығы ғана болып қоймай, сонымен қатар бұл елдердің бүкіл саяси өміріндегі баса назар аударатын орталыққа айналды. Күзде неміс немесе француз газетін қолға алсақ болды, Москва мен большевиктерді сан-саққа жүгіртіп, сөз қылғандығын, бізге қандай-қандай кінә таққандығын және большевиктер, III Интернационалға қабылдаудың 21 шарты[8] жөніндегі мәселені өздерінің бүкіл саяси өмірінің негізгі мәселесіне қалай айналдырғанын көрер едік. Бұл — біздің жеңісіміз, мұны бізден ешкім тартып ала алмайды! Мұның өзі халықаралық революцияның қалай өсіп келе жатқанын және де сонымен қатар Европада экономикалық дағдарыстың қалай шиеленісіп келе жатқанын көрсетеді. Бірақ қалай болғанда да, егер

* Қараңыз: осы том, 3-бет. *Ред.*

біз осыған сүйсініп, ол жақтан баянды пролетарлық революция түрінде тез арада көмек аламыз деп ұйғарсақ, онда біздер тура ақылынан адасқап адамдар болар едік, ал осы залда ондай адамдардың жоқтығына мен кәміл сенемін. Халықаралық революцияға үміт арту — оны белгілі бір мерзімде болады деп топшылау емес екенін, бірден-бірге үдеп келе жатқан даму қарқыны көктемге қарай революцияны болдыруы да мүмкін, болдырмауы да мүмкін екенін түсінуге біз үш жылдың ішінде үйреніп шықтық. Сондықтан, пролетариат диктатурасын ұзақ уақыт ұстап тұра алатын жағдайда болуымыз үшін және өзіміз душар болып отырған қырсықтар мен дағдарыстардың бәрінен, бірте-бірте болса да арылу үшін біз өз қызметімізді еліміздің ішіндегі және басқа елдердегі таптардың ара салмағымен үйлестіре отырып жүргізе білуіміз керек. Мәселені тек осылай етіп қою ғана дұрыс және ақылға сыйымды болмақ.

Енді мен басқа бір пунктке, Орталық Комитеттің үстіміздегі жылдың ішіндегі қызметіне қатысы бар және біздің алдымызда тұрған міндеттерге жуық келетін пунктке көшемін. Ол — шетелдермен қарымқатынас жасау мәселесі.

Партияның IX съезіне дейін біз капиталистік елдермен арадағы соғыс қатынасынан бейбітшілік және сауда қатынасына көшуге көңіл бөліп, барлық күшжігерімізді жұмсап келдік. Мұның үшін біз неше түрлі дипломатиялық шаралар қолдандық және, күмән жоқ, ірі дипломаттарды жеңіп шықтық. Мәселен, Американың өкілдері немесе Ұлттар лигасының[9] өкілдері Деникинге, Колчакқа қарсы соғыс қимылдарын белгілі бір шарттармен тоқтату туралы бізге ұсыныс жасағанда, олар бізді өте қиын жағдайға түседі деп ойлады. Ал іс жүзінде қиын жағдайға олардың өздері түсті, ал біз дипломатиялық тұрғыда орасан зор жеңіске жеттік. Олар өздерінің шарттарын лажсыз қайтып алып, ақымақ болып қалды, олардың мұнысы кейін бүкіл дүние жүзінің барлық дипломатиялық әдебиетінде және баспасөз бетінде әшкереленді. Бірақ дипломатиялық жеңіспен қанағаттану біз үшін өте мардымсыз нәрсе.

Бізге дипломатиялық жеңістер ғана емес, нағыз сауда қатынастары керек. Тек биылғы жылы ғана сауда қатынастары аздап дами бастады. Англиямен сауда қатынастарын жасау мәселесі алға қойылды. Өткен жылдың жазынан бастап мұның өзі өзекті мәселеге айналды. Польшамен болған соғыс бұл жөнінде бізді көп шегеріп тастады. Англия сауда келісіміне қол қоюға әзір-ақ тұр еді. Ағылшын буржуазиясы бұл келісімді тілеп еді, ал ағылшынның сарай маңындағы топтары мұны тілмеді, бұған бөгет жасады, Польшамен арадағы соғыс келісімді кешіктірді. Сөйтіп, мәселе осы күнге дейін шешілген жоқ.

Красиннің Лондонда сауда шартына тез арада қол қойылады деп өзінің ұйғаратыны жөнінде баспасөзге хабарлағаны бүгін газеттерде мәлім болып отырса керек[10]. Бұл үміт толық жүзеге аса ма, жоқ па, мен оны білмеймін. Шындығында осылай болып шыға ма, оны мен кесіп айта алмаймын, бірақ өз тарапымнан мен мынаны айтуға тиіспін: Орталық Комитетте біз бұл мәселеге орасан зор маңыз бердік және Англиямен сауда келісімін жасасу үшін, өз тарапымыздан кеңшіліктер жасау тактикасын дұрыс деп білдік. Мұның себебі біз басқа елдерге қарағанда Англиядан көп аламыз дегендіктен емес,— бұл ретте Англия, мәселен, Германия мен Америка сияқты соншалық алдыңғы қатарлы ел емес. Англия отарлы ел, Азиядағы саясатқа тым мүдделі ел, өз отарларына жақын орналасқан кейбір елдердегі Совет өкіметінің қол жеткен табыстарына кейде тым қызғанышпен қарайтын ел. Осының салдарынан біздің Англиямен қатынастарымызда ерекше тұрақсыздық орын алып отыр. Осындай көптеген объективті себептерден туған тұрақсыздыққа бұл арада совет дипломаттарының ешқандай дипломаттық өнері көмектесе алмайды. Бірақ әлдеқайда зор дәрежеде өндірістік мүмкіншіліктері бар Америкамен шарт жасасу мүмкіншілігінің тууы арқасында Англиямен сауда шартын жасасудың біз үшін зор маңызы бар.

Осыған байланысты концессиялар туралы мәселе алға қойылып отыр. Бұрынғыға қарағанда, өткен жы-

лы біз бұл мәселемен көп шұғылдандық. 23 ноябрьде Халық Комиссарлары Советінің декреті шықты, бұл декрет концессиялар туралы мәселені шетел капиталистері үшін неғұрлым тиімді түрде баяндады. Партия топтары арасында бұл мәселе жөнінде кейбір түсініспеушілік немесе оны толық ұғынбаушылық туған кездерде жауапты қызметкерлердің бірсыпыра жиналыстары шақырылып, ол жиналыстарда бұл мәселе жөнінде айтыс өткізілді. Жалпы және тұтас алғанда бұл мәселе алауыздық туғызған жоқ, дегенмен жұмысшылар мен шаруалар тарапынан біз көп наразылық естідік. Олар: «Өз капиталистерімізді қуып жіберген едік, ал енді шетел капиталистерін шақырғысы келеді» деді. Бұл наразылықтардың қаншалықты санасыздықтан туғанын көрсететін, партияда жоқтардың кулактық немесе тікелей капиталистік бөлегінің — Россияда капиталист болуды, капиталист болғанда, шетел капиталының қолында өкіметі жоқ күйінде тартылуын тілейтін капиталист емес, қолында өкіметі бар капиталист болуды өздерінің заңды правосы деп есептейтін партияда жоқтардың әлгі бөлегінің жасаған есебінің қаншалықты дем бергенін көрсететін, бұл жөнінде осы екеуінің қайсысының қаншалықты ролі болғандығын көрсететін ешқандай статистикалық мәлімет Орталық Комитетте, әрине, болған жоқ, ал тегі дүние жүзінде қандай статистика болсын мұны есептеп, анықтай алар ма екен. Бірақ, қалай болғанда да, біз бұл қадамды осы декрет арқылы концессиялық қатынастар жасау үшін жасадық. Ал практика жүзінде біз әлі күнге бірде-бір концессия жасамағанымызды айта кету керек — және мұны еш уақытта да ұмытпағанымыз жөн. Қайткенде де концессия жасауға тырысу керек пе, жоқ па — біздің арамыздағы талас осы жайында болып отыр. Біз концессия жасаймыз ба, жоқ па — ол біздің таласымызға және біздің шешімдерімізге байланысты емес, ол халықаралық капиталға байланысты. Үстіміздегі жылдың 1 февралында Халық Комиссарлары Советі концессиялар туралы мәселе жөнінде тағы бір қаулы шығарды[11]. Бұл қаулының бірінші пункті былай дейді: «Грозныйда, Бакуде және басқа

жұмыс істеп тұрған кәсіпшіліктерде мұнай концессиясын беру принципінде мақұлдансын және бұл жөнінде келіс сөздер басталсын, бұл келіс сөздер тездетіп жүргізілсін».

Бұл мәселеде белгілі бір таластар болмай қалған жоқ. Нақ Грозный мен Бакуден концессия беру жолдастарға дұрыс емес сияқты көрінді, жұмысшылар арасында оппозиция туғызатын сияқты көрінді. Орталық Комитеттің көпшілігі және менің өз басым: мүмкін, бұл наразылық қажетті болғандықтан туып отырған жоқ шығар деген көзқараста болдық.

Орталық Комитеттің көпшілігі және менің өз басым: бұл концессиялар қажет деген көзқарасты жақтадық, ал сіздерден бұл көзқарасты оз беделдеріңізбен қостауды өтінеміз. Біздің экономикалық дағдарысымыз өте терең, күйзелген шаруашылықты шетелдерден жабдық және техникалық көмек алмайынша өз күшімізбен қалпына келтіре алмаймыз, міне сондықтан басқа алдыңғы қатарлы елдердің мемлекеттік трестерімен осындай одақ жасасу біз үшін өте-мөте қажет болып отыр. Бұл жабдықтың өзін ғана алып келу жеткіліксіз. Концессияны неғұрлым кең түрде, бәлкім, Бакудің төрттен бірін, Грозныйдың төрттен бірін, біздің таңдаулы орман запастарымыздың төрттен бірін ең ірі империалистік синдикаттарға беруге болар, сөйтіп жабдықты техниканың соңғы жетістіктері бойынша құрып, өзімізге қажетті негіз жасалуын қамтамасыз етеміз; екінші жағынан, біз мұның есесіне басқа сала үшін өзімізге керек болып отырған жабдықты аламыз. Сөйтіп, біз басқа елдердің қазіргі алдыңғы қатардағы синдикаттарын аздап болса да, төрттен біріндей немесе жартысындай болса да қуып жетіп қаламыз. Мұны істемейінше біз өте қиын жағдайда боламыз және барлық күш-жігерімізді аянбай жұмсамайынша біз оларды қуып жете алмаймыз,— қазіргі жағдайға азды-көпті байыпты қараған адамның ешқайсысы бұған күмәндана алмайды. Бүкіл дүние жүзінің аса зор трестерінің кейбіреулерімен қазірдің өзінде-ақ келіс сөз басталып отыр. Әлбетте, бұл олардың бізге тектен-текке көрсеткен қызметі емес: олар мұны

ұшан-теңіз пайда табу үшін ғана істеп отыр. Бейбіт дипломаттардың сөзімен айтқанда, қазіргі заманғы капитализм дегеніміз — қарақшы, қарақшылардың тресі, ол — қалыпты дәуірдегі бұрынғы капитализм емес: ол өзінің дүние жүзілік рыноктағы монополиялық жағдайын пайдаланып, әлденеше жүз процент пайда алады. Әрине, мұндай нәрсе біз үшін тым қымбатқа түседі, бірақ басқа амал жоқ, өйткені дүние жүзілік революцияны әлі де болса күту керек болады. Өз техникамызды осы заманғы техника дәрежесіне жеткізудің басқа мүмкіндігі бізде жоқ. Ал егер дағдарыстардың бірінен келіп дүние жүзілік революцияның даму қарқыны қолайлы жаққа қарай шұғыл өзгере қалса, сөйтіп бұл революция концессиялық мерзім әлі аяқтала қоймаған кезеңде туа қалса, онда концессиялық міндеттемелер олардың қағаз жүзінде көрсетілгеніндей ауыр бола қоймас еді.

1921 жылы бірінші февральда Халық Комиссарлары Советі шетелден 18 500 000 пұт көмір сатып алу туралы шешім қабылдады, өйткені біздегі отын дағдарысы сол кезде-ақ біліне бастаған еді. Қолымыздағы алтын қорын тек жабдық құралдарын сатып алуға ғана жұмсауымызға тура келмейтіні сол кезде-ақ анықталған еді. Шетелден көмір сатып алудың орнына, көмір өнеркәсібімізді дамытуға керекті машиналарды сатып алған болсақ, онда әлгі жабдық біздің көмір өндірісімізді көтерер еді де, біз шаруашылықты жақсы жүргізер едік; бірақ дағдарыстың өте күшті болғандығы соншалық, осы, экономикалық жағынан тиімді әрекет түрінен тиімсіз әрекет түріне көшіп, өзіміз өндіре алатын көмірді сатып алу үшін қаржы жұмсауға тура келді. Шаруалар мен жұмысшылардың тұтынуына керекті заттарды сатып алу үшін бізге бұдан да үлкен кеңшіліктер жасауға тура келеді.

Менің енді Кронштадттағы оқиғаларға тоқталғым келеді[12]. Кронштадттан соңғы хабарлар маған әлі жеткен жоқ, бірақ өзімізге таныс ақ гвардиялық генералдардың кескінін бізге тез әйгілеп берген бұл көтерілістің ең таяудағы сағаттардың ішінде демесек те, ең таяудағы күндердің ішінде жойылатындығына күмән-

данбаймын. Бұл жөнінде күмән болуы мүмкін емес. Бірақ біз бұл оқиғаның саяси және экономикалық сабақтарын егжей-тегжейіне дейін салмақтап қарауымыз керек.

Бұл оқиғаның мәнісі не? Саяси өкіметтің большевиктерден қайдағы бір белгісіз конгломератқа немесе ала-құла элементтердің одағына көшуі — бұлар бейне бір тіпті большевиктерден сәл ғана оңшылырақ, бәлкім тіпті большевиктерден «солшылырақ» та болып көрінетін элементтер,— Кронштадтта өкіметті өз қолына алуға тырысқан саяси топтардың жиыны міне осыншама тұрлаусыз. Күмән жоқ, сонымен қатар бұл арада ақ генералдар,— сіздер бәріңіз де мұны білесіздер,— үлкен роль атқарды. Бұл әбден дәлелденген нәрсе. Кронштадт оқиғаларынан екі апта бұрын-ақ Париж газеттерінде Кронштадтта көтеріліс болып жатыр деген хабарлар басылған болатын. Бұл арада эсерлердің және шетелдердегі ақ гвардияшылардың әрекет жасағаны әбден айқын, ал мұнымен қатар бұл қозғалыс ұсақ буржуазиялық контрреволюцияға, ұсақ буржуазиялық анархиялық стихияға әкеліп соқтырды. Бұл енді әлдеқандай жаңалық нәрсе. Барлық дағдарыстармен байланысты болып отырған бұл жағдайды саяси жағынан өте мұқият ескеріп, әбден жете анықтау керек. Бұл арада еркін сауда ұрандарын көтерген және әрдайым пролетариат диктатурасына қарсы бағытталған ұсақ буржуазиялық, анархиялық стихия көрініс тауып отыр. Ал бұл пиғыл пролетариатқа мықтап әсер етті. Бұл пиғыл Москваның кәсіпорындарында да сезілді, бұл пиғыл провинцияның толып жатқан пункттеріндегі кәсіпорындарда да сезілді. Күмән жоқ, бұл ұсақ буржуазиялық контрреволюция Деникинді, Юденичті және Колчакты қосқандағының бәрінен де гөрі қауіпті, өйткені біз пролетариаты азшылық болып отырған елде тұрамыз, біз шаруалар меншігі күйзеліске ұшыраған елде тұрамыз, ал оның үстіне бізде армияны демобилизациялау сияқты іс те болып отыр, мұның өзі көтеріліс жасаушы элементтерді орасан көбейтті. Кронштадттың матростары мен жұмысшыларының, не деп айтсақ болар екен, өкіметті ығыс-

тыру талабы бастапқы кезде қаншама кішкене немесе шағын болғанымен де,— олар сауда еркіндігі жөнінде большевиктерді түзеткілері келді,— болмашы ығыстыру сияқты болып көрінсе де, ұрандары да бұрынғыша: «Совет өкіметі» ұраны,— тек аздап өзгертілген немесе түзетілген ұран болып қалатын сияқты көрінсе де — іс жүзінде партияда жоқ элементтер бұл арада ақ гвардияшылардың келуіне тек басқыш, саты, көпір болып қызмет етті. Саяси тұрғыдан қарағанда мұның өзі болмай қоймайтын еді. Біз орыс революциясында ұсақ буржуазияшыл, анархияшыл элементтерді көрдік, біз олармен ондаған жылдар бойына күрестік. 1917 жылғы февральдан бастап біз бұл ұсақ буржуазияшыл элементтерді іс-әрекет үстінде көрдік, ал ұлы революция кезінде біз ұсақ буржуазиялық партиялардың: өз программамыз жағынан біздің большевиктерден айырмашылығымыз аз, бірақ біз программамызды тек басқа әдістермен жүзеге асырамыз деп айтуға тырысқандығын көрдік. Біз мұны Октябрь төңкерісінің тәжірибесінен ғана біліп отырған жоқпыз, біз мұны бұрынғы Россия империясының құрамында болған, Совет өкіметінің орнына басқа өкіметтің өкілдері келген шеткері аймақтардың, түрлі өлкелердің тәжірибесінен де білеміз. Самарада болған демократиялық комитетті есімізге түсірелік![13] Олардың бәрі де теңдік, бостандық, құрылтай шақыру ұранымен келді, бірақ олар бір рет емес, сан рет, ақ гвардиялық өкіметке көшу үшін жай басқыш, көпір болып қызмет атқарды.

Сондықтан біз бүкіл осы тәжірибеден марксист үшін теориялық жағынан сөзсіз қажет қорытындылардың бәрін жасауға тиіспіз, өйткені Совет өкіметі экономикалық жағдайдың салдарынан шайқала бастады. Екі орындықтың арасына отыру әрекетінің немен бітетіндігін бүкіл Европаның тәжірибесі іс жүзінде көрсетіп отыр. Міне сондықтан нақ осы жөнінде біз: саяси егестер мұнда орасан зор қауіп туғызады деп айтуға тиіспіз. Сауда еркіндігі ұрандарын көтеріп отырған бұл ұсақ буржуазиялық контрреволюцияны қадағалап байқап отыруға тиіспіз. Сауда еркіндігі, тіпті ол бастапқы кезде ақ гвардияшылар-

мен Кронштадт сияқты байланысты болмаса да, дегенмен осы ақ гвардияшылдыққа, капиталдың жеңісіне, оны толық қайта орнатуға сөзсіз алып келеді. Сондықтан, қайталап айтамын, осы саяси қауіпті біз айқын ұғынуға тиіспіз.

Платформалар туралы таластарымыз жөнінде мен не айтқан болсам, бұл қауіп бізге соны көрсетеді*; мұндай қауіпке кездесіп отырғанда біз мынаны ескеруге тиіспіз: партия ішіндегі таластарды тек формальды түрде ғана тоқтатып қоймауымыз керек,— әрине, біз осылай етеміз де,— бірақ бұл аз! Мәселеге неғұрлым байыпты қарауға тиіс екенімізді естен шығармауымыз керек.

Шаруа шаруашылығы дағдарысқа ұшырап отырған жағдайда, қала мен деревняға жәрдемдесу үшін, біз сол шаруа шаруашылығына сүйенбейінше өмір сүре алмайтынымызды түсінуге тиіспіз. Буржуазия шаруаларды жұмысшыларға қарсы қоюға тырысатынын, жұмысшылардың ұрандарын бетке ұстап, ұсақ буржуазиялық анархиялық стихияны жұмысшыларға қарсы қоюға тырысатынын, мұның өзі пролетариат диктатурасының тура құлауына, олай болса, капитализмнің қайта орнауына, бұрынғы помещиктік-капиталистік өкіметтің қайта орнауына апарып соғатынын естен шығармауға тиіспіз. Бұл жерде саяси қауіп айқын көрініп отыр. Бірсыпыра революциялар бұл жолды өте айқын түрде бастан өткізді, бұл жолды біз үнемі ескертіп келдік. Бұл жол біздің көз алдымызда өте айқын бейнеленіп отыр. Бұл жол коммунистердің үкіметтік партиясынан, пролетариаттың революцияшыл басшы элементтерінен биылғы жылы екінің бірінде біздің тарапымыздан көрсетіліп келген көзқарастан, сөз жоқ, басқаша көзқарасты талап етеді. Бұл қауіп, сөз жоқ, топтасқандықтың күшті болуын, сөз жоқ, тәртіптің күшті болуын, сөз жоқ, жұмыстың неғұрлым ынтымақты жүргізілуін талап етеді! Тағдырдың басымызға салған қауіптерін біз мұнсыз жеңіп шыға алмаймыз.

---

* Қараңыз: осы том, 16—18-беттер. *Ред.*

Ал бұдан кейін экономикалық мәселелер тұр. Ұсақ буржуазиялық стихия ұсынып отырған бұл сауда еркіндігі ұранының мәнісі не? Бұл ұран пролетариат пен ұсақ егіншілердің арасындағы қарым-қатынастарда біз әлі шеше қоймаған осындай қиын проблемалар бар екенін, осындай міндеттер бар екенін көрсетеді. Мен пролетариаты азшылық болып отырған елде, ұсақ буржуазиясы көпшілік болып отырған елде пролетариат революциясы өріс алған кезде, жеңімпаз пролетариаттың ұсақ қожайындарға көзқарасы туралы айтып отырмын. Бұл сияқты елде пролетариаттың ролі осы ұсақ қожайындардың қоғамдасқан, бірлескен, қауымдасқан еңбекке көшуіне басшылық ету болады. Теория жағынан бұл күмәнсыз. Мұндай еңбекке көшуді біз бірсыпыра заңдарымызда қозғадық, бірақ мәселе заң шығаруда емес, қайта практикада оны жүзеге асыруда екенін біз білеміз және ұсақ өндірушіге осы ірі шаруашылықтың артықшылығын іс жүзінде көрсете алатындай игілік әкелетін аса күшті ірі өнеркәсібіміз болған кезде ғана мұны қамтамасыз етуге болатынын біз білеміз.

Марксистер және әлеуметтік революция мен оның міндеттері туралы ойланып-толғанатын барлық социалистер мәселені теория жүзінде әрдайым осылайша қойып келді. Ал біздің бірінші ерекшелігіміз, атап айтқанда, жоғарыда өзім айтып өткен және Россияға өте-мөте тән ерекшелік: бізде пролетариат тек азшылық қана емес, анағұрлым азшылық, ал шаруалар болса орасан көпшілік болып отыр. Ал революцияны қорғауымызға тура келген жағдайлар біздің міндеттерімізді орындауды орасан қиындатты. Ірі өндірістің барлық артықшылығын біз іс жүзінде көрсете алмадық, өйткені ірі өндірістің өзі қирап қалды, өйткені оның өзінің халі өте нашар еді және ауыртпалықты нақ осы ұсақ егіншілердің өздеріне жүктеу арқылы ғана бұл ірі өндірісті қалпына келтіруге болатын еді. Өнеркәсіпті көтеру керек, ал ол үшін отын керек, ал отын керек екен, онда ағаш отынға үміт арту керек, ал ағаш отынға үміт арту — шаруаға және оның аткөлігіне үміт арту деген сөз. Дағдарыс, жұт, малдың

қырылуы жағдайында шаруа әзірге өзіне еш нәрсе бермей отырған ірі өнеркәсіп үшін Совет өкіметіне несие беруі керек. Орасан зор қиыншылықтарды туғызып отырған экономикалық жағдай міне осы, соғыстан бейбітшілікке көшу жағдайларын неғұрлым тереңірек көзқарас тұрғысынан байыбына баруға мәжбүр етіп отырған экономикалық жағдай міне осы. «Жұмысшы-шаруа мемлекетінің ауыр жағдайдан шығуы үшін оған қарыз беру қажет» деп шаруаларға айтпайынша, біз соғыс уақытында шаруашылықты басқаша жүргізе алмаймыз. Біз бар назарымызды шаруашылықты қалпына келтіруге аударып отырған кезде, біз ірі өндіріс толық жеңгенге дейін, ол қалпына келтірілгенге дейін товар айналымы үшін жұмыс істейтін ұсақ егіншімен, ұсақ қожайынмен, ұсақ өндірушімен істес болатынымызды білуге тиіспіз. Ал шаруашылықты ескі негізге сүйеніп қалпына келтіру мүмкін емес: бұл көп жылдық жұмыс, кемінде ондаған жылдардың жұмысы, ал біздің күйзелушілік жағдайымызда, бәлкім, одан да көп жыл керек болар. Оған дейін ұзақ жылдар бойына бізге осындай ұсақ өндірушімен істес болуға тура келеді, сондықтан сауда еркіндігі ұраны сөзсіз көтеріледі. Бұл ұранның қауіптілігі оның ақ гвардияшылар мен меньшевиктердің ниеттерін бүркемелеуінде емес, оның қауіптілігі сол шаруалар бұқарасының өзі ақ гвардияшыларды жек көре тұрса да, бұл ұранның етек алуы мүмкін екендігінде. Бұл ұранның етек алатын себебі сол, ол ұсақ өндірушінің өмір сүруінің экономикалық жағдайларына сай келеді. Осы сияқты пікірлерге сүйеніп, Орталық Комитет шешім қабылдап, салымды салықпен ауыстыру туралы мәселе бойынша айтыс ашты, ал бүгін бұл мәселені тура съезге қойып отыр, сіздер өздеріңіздің бүгінгі шешімдеріңізбен мұны мақұлдап та отырсыздар[14]. Салық пен салым туралы мәселе заң жүзінде бізде көптен бері, тіпті 1918 жылдың аяғынан бері қойылып келеді. Салық туралы заң 1918 жылы 30 октябрьде шықты. Ол заң — егіншілерден заттай салық алу тәртібін енгізген заң — қабылданды, бірақ ол жүзеге асырылмады. Ол заң жарияланғаннан кейін, бірнеше ай бойы бірнеше нұсқау

берілді, сөйтіп ол заң бізде қолданылмай қалды. Екінші жағынан, шаруа шаруашылықтарынан артылған астықты алу соғыс жағдайына байланысты өте қажет болғандықтан лажсыз қолданылған шара болды, бірақ бұл шара шаруалар шаруашылығының бейбіт жағдайда өмір сүруіне ешбір сай келмейді. Өнімнің пәлендейін беретініне, пәлендейін өзінің жергілікті айналымына жұмсай алатынына оның сенімі болу керек.

Біздің бүкіл шаруашылығымыз, оны тұтас алсақ та, оның жеке салаларын алсақ та, бастан-аяқ соғыс уақытының жағдайларына бағындырылды. Осы жағдайлармен есептесіп, белгілі мөлшерде азық-түлік жинап алуды біз өзімізге міндет етіп қоюға тиіс болдық, мұның қоғамдық айналымда қандай орын алатындығымен тіпті санаспадық. Қазір, соғыс мәселелерінен бейбітшілік мәселелеріне көшіп отырғанымызда, біз заттай салыққа басқаша қарай бастаймыз: біз оған тек мемлекетті қамтамасыз ету тұрғысынан ғана қарамай, сонымен қатар ұсақ егінші шаруашылықтарын да қамтамасыз ету тұрғысынан қараймыз. Ұсақ ауыл шаруашылық стихиясының пролетариатқа қарсы қазіргі дағдарыс жағдайында пайда болып, асқынып келе жатқан наразылығының экономикалық формаларын біз ұғынуға тиіспіз. Бұл жөнінде біз мүмкін боларлық шараларды түгел қолдануға тырысуымыз керек. Біз үшін бұл ең маңызды іс. Ұсақ қожайынның өз өндірісін жақсы есептей алуы және өз өндірісінің мөлшерін салыққа сәйкес белгілей алуы үшін, шаруаның жергілікті айналымға белгілі дәрежеде еркін қатысуына мүмкіндік беру керек, салымды салыққа айналдыру керек. Өзіміз душар болып отырған жағдайда мұның өзі өте қиыншылықпен жүзеге асырылатын нәрсе екенін біз, әлбетте, білеміз. Егіс көлемі, егіннің шығымы, өндіріс құрал-жабдықтары, мұның бәрі де кеміді, басы артық астық, күмән жоқ, азайды, ал көбіне-көп жағдайда мұндай астық тіпті жоқ болды да. Бұл жағдайды факт деп танып, мұнымен санасу керек. Фабрикалар мен қалаларды жаппай ашаршылықтан құтқару үшін, шаруа аздап тарығуға тиіс. Жалпы мемлекеттік көлемде,— бұл өте түсінікті нәрсе,

бірақ бытыранды, қайыршылыққа түскен қожайын-шаруа мұны түсінсе ғой,— бұған біз үміттене алмаймыз. Ал бұл арада күш қолданбай болмайтынын, күйзелген шаруаларға өте қатты әсер ететін күштеусіз болмайтынын біз білеміз. Бұл шара бізді дағдарыстан құтқарады деп те ойламау керек. Бірақ осымен қатар ұсақ өндірушінің өз күшін корсетуіне неғұрлым жақсы жағдай туғызу үшін, біз барынша кеңшілік жасауды өзімізге міндет етіп қойдық. Осы күнге дейін біз соғыс міндеттеріне бейімделіп келдік. Енді біз бейбітшілік уақыттың жағдайларына бейімделуге тиіспіз. Бұл міндет Орталық Комитеттің алдына қойылды, бұл — пролетариат өкіметінің өмір сүруі жағдайында заттай салыққа көшу міндеті және бұл міндет концессиялармен тығыз байланысты. Бұл міндетті сіздер арнайы түрде талқылайтын боласыздар және ол өзіне ерекше көңіл бөлуді керек етеді. Пролетариат өкіметі концессиялар арқылы алдыңғы қатарлы елдердің капиталистік мемлекеттерімен келісім жасаса алады, ал біздің өнеркәсібіміздің күшеюі осы келісімге байланысты, мұнсыз біз коммунистік құрылысқа қарай ілгері баса алмаймыз; екінші жағынан, бұл өтпелі дәуірде, шаруалары басым болып отырған елде, біз шаруаларды экономикалық жағынан қамтамасыз ету шараларына, олардың экономикалық жағдайын жеңілдету үшін барынша көп шаралар қолдануға көше білуіміз керек. Біз шаруаларды қайта тәрбиелеп шыққанға дейін, ірі машина оларды қайта тәрбиелеп шыққанға дейін, олардың шаруашылықты еркін жүргізуіне мүмкіндік беру керек. Қазір өзіміз басымыздан кешіріп отырған жағдай — әрі-сәрі жағдай болып отыр, біздің революция капиталистік елдердің қоршауында өмір сүріп отыр. Өзіміз осындай әрі-сәрі жағдайда тұрғандықтан, біз өзара қатынастың айрықша күрделі формаларын іздеуге мәжбүрміз. Өзінің қолында адам айтқысыз бүлінген ірі өндірісі бар пролетарлық мемлекеттік өкіметтің және әзірге ұсақ егінші болып қалатын, ұсақ шаруашылықты белгілі бір айналым жүйесімен қамтамасыз етпейінше өмір сүре алмайтын ұсақ егіншілердің экономикалық өзара қа-

тынастарын жолға қою жағына, олармен бірлесіп өмір сүру формаларын табу жағына соғыстан титықтаған біздер толық көңіл бөле алмадық. Мен бұл мәселе қазіргі уақытта Совет өкіметі үшін экономика мен саясаттың ең маңызды мәселесі деп санаймын. Біз соғыс кезеңін аяқтап, есеп беріліп отырған жылдың ішінде бейбітшілік жағдайға көше бастағанымызда, мен бұл мәселені біздің жұмысымызға саяси қорытындылар жасайды деп санаймын.

Бұл көшу сондай зор қиыншылықтармен байланысты болды, осы ұсақ буржуазиялық стихияны сондай анық бейнелеп көрсетті, сондықтан бұл стихияға байыпты қарау керек. Біз бұл оқиғалар тізбегіне тап күресі тұрғысынан қараймыз және пролетариаттың ұсақ буржуазияға көзқарасы — пролетарлық өкіметтің жеңіп шығуы үшін күрделі шаралар қолдануды немесе, дұрысырақ айтқанда, толып жатқан өтпелі күрделі шаралар жүйесін қолдануды талап ететін қиын мәселе екендігі жөнінде біз еш уақытта да адасқан емеспіз. Біз 1918 жылдың аяғында заттай салық туралы декрет шығардық, бұдан коммунистердің бұл мәселені саналы түрде алға қойғанын, бірақ соғыс жағдайына байланысты бұл декретті жүзеге асыра алмағандығымызды көруге болады. Азамат соғысы жағдайында біздің соғыс уақытында қолданылатын шараларға көшуімізге тура келді. Егерде біз бұдан тек осы сияқты шаралар мен қатынастар ғана тууы мүмкін деген қорытынды шығарсақ, мұнымыз орасан зор қателік болар еді. Мұның өзі, бәлкім, Совет өкіметі мен пролетариат диктатурасы күйреді дегендік болар еді. Бейбітшілікке көшу экономикалық дағдарыс жағдайында жүзеге асып жатқан кезде, пролетариат мемлекетін құруды жүзеге асыру ұсақ өндірісі басым елден гөрі ірі өндірісі бар елде жеңіл екендігін ұмытпау керек. Бұл міндет бірсыпыра әдістерді керек қылады, сондықтан біз бұл қиыншылықтарды еш жасырмаймыз және пролетариат бір басқа да, ұсақ өндіріс бір басқа екендігін ұмытпаймыз. Әр түрлі таптар бар екендігін, ұсақ буржуазиялық анархиялық контрреволюция — ақ гвардияшылдыққа қарай бастай-

тын саяси саты екендігін ұмытпаймыз. Біз бұған тура және байыпты қарауға тиіспіз, бұл арада, бір жағынан, пролетарлық партияның ішінде барынша күшті топтасқандық, табандылық және тәртіп болуы қажет екендігін, екінші жағынан, соғыс жағдайының салдарынан әзірге біз жүзеге асыра алмаған бірсыпыра экономикалық шаралар қолданудың қажет екендігін ұғынуға тиіспіз. Біз концессиялардың, ауыл шаруашылығын қамтамасыз ету үшін машиналар мен құралдар сатып алудың қажеттігін мойындауымыз керек, сөйтіп, бұл машиналар мен құралдарды астыққа айырбастап, пролетариат пен шаруалардың арасында оның бейбіт уақыт жағдайында өмір сүруін қамтамасыз ететін қатынастарды орнату керек. Мен бұл мәселеге тағы да қайта айналып соғамыз ғой деп сенемін, сондықтан мен қайталап айтамын: менің ойымша, бұл арада біздің алдымызда өте маңызды мәселе тұр, соғыстан бейбітшілікке көшу жылы деп сипатталуға тиісті өткен жыл біздің алдымызға орасан қиын міндеттер қойып отыр.

Қорытындыда мен сондай көп уақытымызды алған мәселе туралы — бюрократизмге қарсы күресу мәселесі туралы тек бір-екі ауыз сөз айтпақшымын. Былтырғы жылдың жазында-ақ бұл мәселе Орталық Комитетте қойылды, августа Орталық Комитет барлық ұйымдарға арнаған хатында осы мәселені көтерді, сентябрьде бұл мәселе партия конференциясында қойылды, ақырында, Советтердің декабрьде болған съезінде бұл мәселе неғұрлым кең көлемде қойылды[15]. Бюрократтық derттің бар екені күмәнсыз; бұл мойындалды, сондықтан оған қарсы шындап күресу қажет. Әрине, біз қадағалап отырған айтыста, кейбір платформаларда бұл мәселе кем дегенде үстірт қойылды және ол бастан-аяқ ұсақ буржуазиялық тұрғыдан қаралып келді. Соңғы кезде партияда жоқ жұмысшылардың арасында толқу мен наразылық байқалғаны күмәнсыз. Москвада партияда жоқтардың жиналыстары болған кезде, олардың демократиядан, бостандықтан Совет өкіметін құлатуға апарып соқтыратын ұрандар шығарып отырғандықтары анықтал-

ды. «Жұмысшы оппозициясының» көп өкілі немесе, ең болмағанда, бірсыпыра өкілі осы қырсыққа, осы ұсақ буржуазиялық контрреволюцияшылдыққа қарсы күресіп: «Біздер бұған қарсы топтасамыз» деді. Олар шынында да барынша топтасқандық көрсете білді. «Жұмысшы оппозициясы» тобын және жартылай синдикалистік платформадағы басқа да топтарды жақтаушылардың бәрі бірдей осылай ма, жоқ па, мен оны білмеймін. Осы съезде біз мұны жете білуіміз керек, бюрократизмге қарсы күрестің өте қажетті күрес екендігін, ұсақ буржуазиялық стихияға қарсы күресу міндеті сияқты оның да күрделі міндет екендігін түсінуіміз керек. Біздің мемлекеттік құрылысымызда бюрократизмнің үлкен дертке айналып отырғандығы сондай, ол туралы біздің партия программасында айтылып отыр, ал мұның себебі, бюрократизм осы ұсақ буржуазиялық стихиямен, оның бытыраңқылығымен байланысты. Бұл кеселді еңбекшілерді біріктіру арқылы ғана жеңуге болады; сөйтіп еңбекшілер Жұмысшы-Шаруа инспекциясының[16] декреттерін құттықтап қана қоймай,— біздің құттықталып жатқан декреттеріміз аз ба?— сонымен қатар олар Жұмысшы-Шаруа инспекциясы арқылы өздерінің правосын жүзеге асыра білуі керек, ал мұның өзі қазір деревня түгіл қалаларда да, тіпті астаналық қалаларда да жоқ! Бюрократизмге қарсы бәрінен көп айқай-шу көтеріп жүрген жерлерде де мұны көбінесе жүзеге асыра білмейді. Бұл жағдайға өте-мөте көп көңіл бөлу керек.

Бұл арада біз кейбіреулердің осы қырсыққа қарсы күресе отырып, пролетарлық партияға, пролетариат диктатурасына, пролетарлық қозғалысқа, мүмкін, тіпті шын көңілімен жәрдем еткісі келетіндігін, ал іс жүзінде ұсақ буржуазиялық анархиялық стихияға — пролетариат диктатурасының ең қауіпті дұшпаны екендігін революция барысында талай рет көрсеткен стихияға жәрдемдесіп отырғанын жиі байқаймыз. Ал қазір — бұл да үстіміздегі жылдың негізгі қорытындысы және сабағы — бұл стихия өзінің ең қауіпті дұшпан екенін, біздің еліміз сияқты елде өзіне жақтастарды және өзін қолдаушыларды бәрінен де көп

таба алатын, қалың бұқараның пиғылын өзгерте алатын, тіпті партияда жоқ жұмысшылардың бір бөлегіне де тарай алатын қауіпті дұшпан екенін тағы да көрсетті. Бұлай болған күнде пролетарлық мемлекеттің халі өте қиынға айналмақ. Егерде біз мұны ұқпасақ, егерде біз мұндай сабақ жасамасақ және бұл съезді экономикалық саясат жөнінде де, пролетариатты барынша топтастыру жөнінде де бетбұрыс кезеңіне айналдырмасақ,— онда біз жөнінде: кейде ұмытуға тиіс құр бос, ұсақ-түйек нәрседен түк ұмытпапты, сөйтіп революцияның үстіміздегі жылында үйрену керек маңызды нәрселерден еш нәрсе де үйренбепті деген көңілсіз сөздерді айтуға тура келеді. Бірақ мен бұлай болмас деп сенемін! (Ду қол шапалақтау.)

«Правда» № 53 және «Известия ВЦИК» № 53, 10 март, 1921 ж.

3
РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЕСЕБІ БОЙЫНША 9 МАРТТА СӨЙЛЕНГЕН ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

(Ұзақ қол шапалақтау.) Жолдастар, Орталық Комитеттің саяси жұмысы жөніндегі баяндама бойынша болған сын да, ескертпелер де, толықтырулар да, түзетулер де, т. т. көбінесе саяси жұмысқа, саяси қателерге бағытталады, сөйтіп саяси нұсқаулар берілетін болады деп күту табиғи нәрсе еді.

Амал не, осындағы болған жарыс сөздерді қадағалап қарағаныңда, осы жарыс сөздерде көтерілген басты пункттерді тағы да қайталап оқығаныңда, өзіңе мынадай сұрақ қоймай тұра алмайсың: съезд бұл жарыс сөздерді соншалық тез тоқтатып тастағанда жұрт таңданарлық түрде мағынасыз сөйлегендіктен және тек «жұмысшы оппозициясының» өкілдері ғана дерлік сөйлегендіктен тоқтатып тастаған жоқ па екен? Шындығында да, Орталық Комитеттің саяси жұмысы мен қазіргі кезеңнің саяси міндеттері туралы біз не естідік? Сөйлегендердің көпшілігі өздерін «жұмысшы оппозициясымыз» деп атады,— осал ат емес қой!.. Осындай кезеңде, осындай партияның ішінде оппозиция құру да осал нәрсе емес қой!

Коллонтай жолдас, мәселен, тура былай деді: «Лениннің баяндамасы Кронштадтты орағытып өтті». Мен бұл сөздерді естіген кезде, тек қайран қалдым да қойдым. Дәл осы арада өзім жасаған баяндамада мен бәрін де, басынан аяғына дейін, Кронштадттың сабақтарына әкеп тіредім*, мұны осы съезге қатысып отыр-

* Қараңыз: осы том, 25—28-беттер. *Ред.*

рандардың бәрі де жақсы біледі,— әрине, газет есептерінде мұндағыдан гөрі жасырыңқырап айтуға тура келеді; қайта, бәлкім, баяндамада Кронштадт оқиғаларынан болашақ үшін шығатын сабақтар туралы көп айтылды, ал өткен кезде жіберілген қателер туралы, саяси фактілер туралы және, менің ойымша, біздің саяси міндеттерімізді белгілейтін, жасалынған қателерді өзіміздің қайталамауымызға көмектесетін жұмысымыздың өзекті мәселелері туралы аз айтылды деп кінәлауға мен көбірек лайық шығармын.

Біз осында Кронштадт сабақтары туралы не естідік?

Егер жұрт оппозицияның атынан сөйлеп, бұл оппозицияны «жұмысшы» оппозициясы деп атап, Орталық Комитет партия саясатын дұрыс басқармады дейтін болса, ондай адамдарға мынаны айту керек: негізгі мәселелер жөніндегі осы дұрыс емес нәрселердің көрсетілуі керек және бұларды қалай түзетуге болатындығы көрсетілуі керек. Амал не, біз қазіргі кезең мен оның сабақтары туралы мүлде ештеңе, бірде-бір үн, бірде-бір сөз естіген жоқпыз. Бұл арада олар тіпті мен жасаған қорытындыға да жолаған жоқ. Ол қорытындының дұрыс болмауы әбден ықтимал, бірақ съезде есеп берілгенде осы дұрыс емес нәрселердің түзетілуі үшін беріледі ғой. Қазіргі кезеңнен шығатын саяси қорытынды — партияны топтастыру, партия ішінде оппозицияның болуына жол бермеу; ал экономикалық қорытынды — жұмысшы табының шаруалармен келісімге келу саясатында істелген нәрсемен қанағаттанып қалмау, жаңа жолдар іздеу, осы жаңаны қолдану, сыннан өткізу. Мен не керек екенін нақты көрсеттім. Бәлкім, бұл дұрыс емес шығар, бірақ ешкім де бұл жөнінде бір ауыз сөз айтқан жоқ. Шешендердің ішінен, Рязанов шығар деймін, біреу маған салықты талқыға салып әзірлеп алмағандықтан, менің сөйлеген сөзімде бұл салық әлдеқалай төтеннен тап бола кеткен сияқтымыс деп қана кінә тақты. Бұл дұрыс емес. Мен тек жауапты жолдастардың партия съезіне қалайша осындай мәлімдемелерді жасайтындығына қайран қаламын. Салық туралы айтыс бұдан бірнеше апта бұрын «Прав-

дада» басталған болатын. Егер оппозиция жасауды ермекке айналдыруды және айтысты кеңінен өткізуге мүмкіндік бермей отыр деп бізге кінә тағуды тәуір көретін жолдастардың айтысқа қатысқылары келмеген болса,— бұл олардың кінәсы. Біз «Правда» редакциясымен Бухарин жолдастың Орталық Комитеттің мүшесі болғандығынан ғана емес, сонымен қатар саясаттың ең маңызды тақырыптары мен ең маңызды бағыттарын Орталық Комитеттің әрдайым талқылап отыратындығынан да байланыстымыз,— мұнсыз саяси жұмыстың болуы мүмкін емес. Салық туралы мәселені Орталық Комитет айтысқа салған болатын. «Правдада» мақалалар басылды. Бұл мақалаларға ешкім жауап бермеді. Жауап бермеушілер мұнысымен өздерінің бұл мәселемен шұғылданғысы келмегендіктерін көрсетті. Ал енді осы мақалалардан кейін Москва Советінің жиналысында жиналыстың бір мүшесі — партияда жоқ адам ба, әлде меньшевик пе, есімде жоқ — сөз сөйлеп, салық туралы айта бастағанда мен тұрып: сіз «Правданың» не жазып жатқанын білмейді екенсіз дедім*. Партия мүшесінен гөрі партияда жоқ адамға осылай кінә тағу неғұрлым табиғи нәрсе еді. «Правдада» айтыс кездейсоқ көтерілген жоқ болатын, сондықтан съезде бізге осы мәселемен шұғылдануға тура келеді. Шешендер сында мүлде шорқақтық көрсетті. Мәселе айтысқа салынды, сондықтан оған қатысу керек еді,— олай болмаған күнде мұндай сынның бәрі дәйексіз болып шығады. Саяси мәселе жөнінде де дәл осындай. Мен қайталап айтамын: менің барлық назарым соңғы оқиғалардан біздің дұрыс қорытынды жасауымызға аударылды.

Біз өзімізге елеулі қауіп төніп отырған кезді басымыздан кешірудеміз: ұсақ буржуазиялық контрреволюция, менің жоғарыда айтып өткенімдей, Деникиннен** гөрі қауіптірек. Жолдастар мұны теріске шығарған жоқ. Бұл контрреволюцияның өзгешелігі сол, бұл — ұсақ буржуазиялық, анархиялық контрреволюция. Мен осы ұсақ буржуазиялық, анархиялық

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 42-том, 406-бет. *Ред.*
** Қараңыз: осы том, 19—20-беттер. *Ред.*

контрреволюцияның идеялары мен ұрандарының және «жұмысшы оппозициясы» ұрандарының арасында байланыс бар деп кесіп айтамын. Сөйлегендердің ішінен ешкім де,— көбінесе «жұмысшы оппозициясының» өкілдері сөйлеген болса да,— дәл бұған жауап бермеді. Ал оның бер жағында «жұмысшы оппозициясының» съезд қарсаңында Коллонтай жолдас шығарған кітапшасы мұны сондай айқын дәлелдеп отыр, мұнан артық жақсы дәлел бола қоймас. Сондықтан да мен жоғарыда айтып өткен контрреволюцияның неліктен анархиялық, ұсақ буржуазиялық форма алып отырғандығын, оның неліктен сондай орасан зор және қауіпті екендігін және «жұмысшы оппозициясының» осында сөз сөйлеген өкілдерінің бұл қауіпті неліктен мүлде түсінбейтіндігін сіздерге анықтап ашып беру үшін менің, сірә, осы кітапшаға бәрінен де көбірек тоқталуыма тура келер.

Бірақ «жұмысшы оппозициясының» осында сөз сөйлеген өкілдеріне жауап беруге көшпестен бұрын, ұмытып кетпеу үшін, басқа тақырыпқа, Осинский жөнінде бір-екі ауыз сөз айтамын. Өз платформасы тұрғысынан көп жазып, сөйлеп жүрген жолдас Орталық Комитеттің есебін сынап сөйледі. Съезде ол негізгі шараларға біз үшін өте маңызды сын айтар деп күту керек еді. Бұл сынның орнына ол: Сапроновты «шығарып тастады», топтасушылықтың қажеттігі туралы айтылып жүрген сөздердің істен аулақ жатқаны осыдан-ақ айқын көрінеді дегенді айтып, «жұмысшы оппозициясынан» екі адамды президиумға сайлады дегенді баса көрсетті. Аса көрнекті партия әдебиетшісінің, жауапты орында отырған қызметкердің осындай маңызы шамалы ұсақ нәрселер жөнінде сөз сөйлегеніне мен қайран қалдым! Осинскийдің өзіне тән ерекшелігі — барлығын да саясатшылдық деп қарау. «Жұмысшы оппозициясына» президиумнан екі орын берілуін де ол осындай саясатшылдық деп біледі.

«Жұмысшы оппозициясының» пайда бола бастағанын мен Москвадағы партия жиналысының бірінде атап көрсеткен болатынмын*, амал не, мұны енді пар-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 42-том, 36—37-беттер. *Ред.*

тия съезінде де қайталап айтуға тура келіп отыр, бұл оппозиция октябрь мен ноябрьде екі бөлме жүйесін жасауға дейін, фракция құруға дейін барып өзін өзі көрсетті.

Біздің міндетіміз — «жұмысшы оппозициясы» атап айтқанда бірсыпыра өріс алып кеткендіктен де, ал Москвада жұмысқа кесел келтіргендіктен де «жұмысшы оппозициясының» ішіндегі пайдалыларын пайдасыздарынан екшеп шығару екендігін біз талай рет айтқан болатынбыз, оның ішінде мен де айтқанмын,— бұл жөнінен Орталық Комитеттің ішінде алауыздық болғап жоқ. Ноябрьде, екі бөлмедегілердің конференциясы болған кезде[17],— осы жерде біреулер отырып, ал үйдің осы қабатындағы екінші бір бөлмеде басқа біреулер отырған кезде, менің де азап шегіп, делдал есебінде, бір бөлмеден екінші бөлмеге барып-келіп тұруыма тура келген кезде,— мұның өзі жұмысты бүлдіру, фракцияшылдық пен жікке бөлінудің басталуы болған еді.

Сентябрьдің өзінде-ақ, партия конференциясы кезінде[18] біз пайдалыны пайдасыздан екшеп шығаруды өзіміздің міндетіміз деп білдік,— өйткені бұл топқа пайдалы топ деп қарауға болмайды. Бізге демократизмнің жеткіліксіз түрде жүзеге асырылып келе жатқандығы туралы айтқанда, біз: бұл әбден рас дейміз. Иә, ол бізде жеткілікті түрде жүзеге асырылып отырылған жоқ. Бұл жөнінде көмек керек және қалай жүзеге асыру жөнінде нұсқау болуы керек. Бос сөздің қажеті жоқ, шындап жүзеге асыру керек. Мен Коммунистік партияның мүшелері үшін мұнан өткен жаман, лайықсыз ат болмас деп ойласам да, біз өздерін «жұмысшы оппозициясы» деп атайтын, тіпті онан да жаман атанатын адамдарды да қабылдаймыз. (Қол шапалақтау.) Бірақ, егер олар тіпті әлдеқайда жаман ат ойлап тапқан болса да біз өзімізге былай дейміз: мұның өзі жұмысшылардың бір бөлегін қамтыған дерт болып отыр екен, онда бұл дертке өте қатты назар аудару керек. Сондықтан да Осинский жолдастың бізге түсініксіз себеппен кінә деп тағып отырған нәрсесін біздің сіңірген еңбегіміз деп білу керек.

Енді «жұмысшы оппозициясына» көшемін. Сіздер оппозицияда қалдық деп мойындадыңыздар. Сіздер партия съезіне Коллонтай жолдастың кітапшасымен, бетінде «жұмысшы оппозициясы» деп жазылған кітапшамен келдіңіздер. Сіздер оның соңғы корректурасын Кронштадт оқиғалары және көтеріліске шыққан ұсақ буржуазиялық контрреволюция туралы білген кезде тапсырдыңыздар. Дәл осы кезеңде де сіздер «жұмысшы оппозициясы» деген атпен келіп отырсыздар! Сіздер өздеріңізге қандай жауапкершілік алып отырғандарыңызды және бірлікті қалай бұзып отырғандарыңызды түсінбей отырсыздар! Не үшін? Біз сіздерден жауап аламыз, сіздерге осы арада емтихан тапсыртамыз.

Осинский жолдас бұл сөзді айтыс сөзі ретінде қолданды, біздің тарапымыздан жасалған қайдағы бір айып немесе қателік бар деп білді; дәл Рязанов сияқты, ол да «жұмысшы оппозициясы» жөнінде біздің ұстаған саясатымызды саясатшылдық деп қарады. Бұл арада саясатшылдық жоқ, қайта Орталық Комитет жүргізіп отырған және жүргізе беретін саясат бар. Пайдасыз топтар, пайдасыз ағымдар бар екен,— онда, келіңдер, оларға үш қайтара назар аударайық.

Егер бұл оппозицияның ішінде тіпті пайдалы бірдеме бар болатын болса, онда пайдалыны пайдасыздан екшеп шығаруға бар күшті жұмсау керек. Біз бюрократизмге қарсы барынша ойдағыдай күресе алмай отырмыз, дәйекті демократизмді жүзеге асыра алмай отырмыз, мұның себебі — біз әлсізбіз, күшіміз жоқ; бұл жөнінде көмек беретін адам болса, ондай адамды қатарға тарту керек, ал көмек бергенсіп әлгіндей кітапшаларды ұсынып отырған адам болса, ондай адамды әшкерелеп, екшеп шығару керек!

Сонымен бұл екшеп шығару ісі қазір партия съезі алдында оңайлапа түседі. Осында президиумға пайдасыз топтың өкілі болып отырғандар сайланды, сондықтан енді олар, осы «мүсәпірлер», «жәбірленгендер», «қуғындалушылар» енді қазір шағына алмайды, жылаймандана алмайды... Ал енді мінбеге шығыңыздар да жауап беріп көріңіздерші! Сіздер кімнен болса да көп сөйледіңіздер... Ал енді бізге Деникин қаупінен де

қауіпті деп өздеріңіз мойындап отырған қауіп төніп келе жатқан кезде сіздер бізге не ұсынып отырсыздар, қане соны талдап көрейікші? Сіздер бізге не ұсынып отырсыздар? Сіздер нендей сын айтып отырсыздар? Бұл емтихан тап қазір жүргізілуге тиіс және, меніңше, ол ақтық емтихан болмақшы. Партияны бұлай ойыншық етуге болмайды, осы да жетер! Кімде-кім съезге осындай кітапшамен келетін болса, ондай адам партияны ойыншық етеді. Жүз мыңдаған азғындаған жасақтар шаруашылықты күйзелтіп, құртып жатқан кезде бұлай ойнауға болмайды,— партияға бұлай қарауға болмайды, бұлай әрекет етуге болмайды. Мұны түсіну керек, бұған тыйым салу керек!

Президиумды сайлау туралы және «жұмысшы оппозициясының» сипаты туралы осы алдын ала айтылған ескертпелерден кейін мен сіздердің назарларыңызды Коллонтай жолдастың кітапшасына аударамын. Бұл кітапша — шынында да сіздердің көңіл қоюларыңызға тұратын және осы оппозицияның бірнеше ай бойында жүргізген жұмысының немесе оның салған іріткісінің қорытындысын шығаратын кітапша. Осында, Самарадан келген жолдас болар, мен туралы «жұмысшы оппозициясына» «әкімшілік жолмен» синдикализм айдарын тақты дегенді айтты. Бұл арада әкімшілік туралы сөз қозғау мүлде орынсыз; бірақ бұл жерде қай мәселе әкімшілік жолмен шешуді қажет етіп отыр, соны қарап көру керек. Милонов жолдас сондай бір үрейлі сөздер айтып, суырылып шықпақшы болып еді, бірақ онысы қисынсыз болып шықты: мен «әкімшілік жолмен» айдар таққан көрінемін. Шляпников жолдастың және басқалардың: мені «синдикализм» деген сөзбен жұртты «қорқытып жүр» деп маған жиналыстарда қалай кінә тағып келгендерін мен талай рет айтқанмын. Кен жұмысшыларының съезінде ме екен, әйтеуір бір айтыста осы жайында сөз қозғалғанда, мен Шляпников жолдасқа: «Ересек адамдардан сіз кімді алдамақсыз?»* — деп жауап берген болатынмын. Біз Шляпников жолдас екеуміз бір-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 42-том, 285—291-беттер. *Ред.*

бірімізді көп жылдан, астыртын жұмыс істеген және эмиграцияда жүрген сонау бір кезден білеміз ғой,— кейбір уклондарға сипаттама беруі арқылы әлдекімдерді қорқытып жүр деп маған айтуға қалай ғана аузы барды екен! Мен «жұмысшы оппозициясының» жайы жөнінде: бұл дұрыс емес, бұл — синдикализм деп айтқан болсам, бұл арада қандай әкімшілік бар?! Коллонтай жолдастың мені «синдикализм» деген сөзді үстірт айта салды деп жазуы қалай? Бұлай деп айту үшін, мұны аздап та болса дәлелдеуі керек еді ғой. Менің келтірген дәлелім дұрыс емес, ал Коллонтай жолдастың айтқан пікірі анағұрлым салмақты болып шықты деп мойындауға әзір-ақ болайын, мен бұған сенуге әзір-ақ болайын. Бірақ кішкентай да болса дәлел келтіруі керек қой — қорқытып жүр немесе әкімшілік етіп отыр (амал не, қызмет бабы бойынша мен мұнымен көбірек айналысам) деген сөздермен емес, «жұмысшы оппозициясы» синдикализмге қарай ауытқып отыр деп оған менің таққан айыбымды теріске шығара аларлықтай дәлме-дәл жауап беру арқылы дәлелдеуі керек қой.

Бұл айыпты мен бүкіл партияның алдында тақтым — жауапкершілікпен тақтым, бұл 250 мың данамен шыққан кітапшада басылды, мұны бәріңіз де оқыдыңыздар*. Сірә, жолдастардың бәрі де бұл съезге дайындалып келген болар және синдикалистік уклон дегеніміздің өзі нақ анархистік уклон екендігін, пролетариаттың тасасында жасырынып жүрген «жұмысшы оппозициясының» нақ ұсақ буржуазиялық, анархиялық стихия екендігін бәріңіз де білуге тиіссіздер.

Бұл стихияның қалың бұқараға таралып бара жатқаны көрініп отыр, мұны партия съезі де көрсетіп өтті. Бұл стихияның жүзеге асырылып жатқанын Коллонтай жолдастың кітапшалары мен Шляпников жолдастың тезистері дәлелдеп берді. Сондықтан бұл арада Шляпников жолдас ылғи да өзінің шынайы пролетарлық мінез-құлқын сөз қылады деумен ғана құтылуға болмайды.

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 42-том, 294—340-беттер. *Ред.*

Коллонтай жолдас өзінің кітапшасын мынадан бастайды: «Оппозицияға,— деп оқимыз біз бірінші беттен,— таптық тұрғыда ұйымдасқан пролетарлардың, коммунистердің алдыңғы қатардағы бөлегі кіріп отыр». Кен жұмысшыларының съезінде Сибирьден келген бір делегат[19] Москвада қандай мәселелер көтерілсе, өздерінде де дәл сондай мәселелердің көтерілгенін айтып өтті, ал Коллонтай жолдас бұл жөнінде өзінің кітапшасында былай деп көрсетеді:

«Кәсіподақтардың ролі туралы Москвада алауыздық болып, айтыс жүріп жатқандығы жөнінде біз тіпті дәнеңе де білмеген едік,— деді Сибирьден келген делегат кен жұмысшыларының съезінде,— бірақ сіздердің алдыңызда тұрған нақ сол мәселелер бізді де толқытып жүрген-ді».

Онан соң:

«Жұмысшы оппозициясын жақтап отырғандар пролетарлық бұқара немесе дәлірек айтқанда: жұмысшы оппозициясы — бұл өзі біздің өнеркәсіп пролетариатының тап жағынан ынтымақты, тап жағынан саналы және тап жағынан ұстамды бөлегі».

Құдайға шүкір, Коллонтай жолдас пен Шляпников жолдас — «тап жағынан ынтымақты, тап жағынан саналы» адамдар екен ғой, мұны біліп қоялық. Бірақ, жолдастар, осылай деп айтқан екенсің, осылай деп жазған екенсің, онда өз шама-шарқыңды да аздап білу керек қой! Осы кітапшаның 25-бетінде Коллонтай жолдас былай деп жазады — ал мұның өзі «жұмысшы оппозициясы» тезистерінің ең басты пункттерінің бірі болып табылады:

«Халық шаруашылығын басқаруды ұйымдастыру кәсіптік және өндірістік одақтарға біріккен өндірушілердің бүкіл россиялық съезіне жүктеледі, бұл одақтар республиканың бүкіл халық шаруашылығын басқаратын орталық орган сайлайды».

Бұл — «жұмысшы оппозициясы» тезисінің, мен айтыста да, баспасөз бетінде де барлық жағдайда келтіріп жүрген тезистің дәл өзі. Сондықтан мынаны айтуға тиіспін: осы тезисті оқып шыққаннан кейін, мен басқа тезистерді оқуды қойдым, себебі — мұның өзі уақытты босқа жоғалтқандық болар еді, өйткені

бұл тезистен кейін жұрттың енді айтарын айтып болғаны айқын болып отыр, мұның ұсақ буржуазиялық, анархиялық стихия екендігі және қазір, Кронштадт оқиғаларының жағдайында бұл тезистің құлаққа онан да бетер ерсі естілері айқын болып отыр.

Мен жазда Коминтерннің II конгресінде Коммунистік партияның ролі туралы қарардың маңызын көрсетіп өткен болатынмын*. Бұл қарар бүкіл дүние жүзінің коммунистік жұмысшыларын, коммунистік партияларын біріктіретін қарар болып табылады. Бұл қарар бәрін де түсіндіреді. Мұнап диктатураны нақты жүзеге асырып жатқан бүкіл жұмысшы табынан партияны оқшаулаймыз деген мағына шыға ма? Кейбір «солшылдар» және толып жатқан синдикалистер осылай қарайды, бұл көзқарас қазір барлық жерге тарап отыр. Бұл көзқарастың өзі ұсақ буржуазиялық идеологиядан туды. «Жұмысшы оппозициясының» тезистері Коммунистік партияның пролетариат диктатурасын жүзеге асырудағы ролі туралы Коминтерннің II конгресінің шешіміне мүлде қарама-қайшы келіп отыр ғой. Синдикализм дегеніміздің өзі де осы, өйткені, өздеріңіз ойлап қараңыздаршы, анығында біздің пролетариаттың көп бөлегі таптық азғындауға түсті, адам естімеген дағдарыстар, фабрикалардың жабылуы мынаған әкеліп соқты: жұрт ашаршылықтан қаңғып кетті, жұмысшылар фабрикаларды тура тастап, деревняға барып орналасуға тиіс болды, сөйтіп жұмысшы болудан қалды. Адам естімеген дағдарыстар, азамат соғысы, қала мен деревняның арасында дұрыс өзара қатынастың үзілуі, астықтың жеткізілмей тоқтап қалуы жұмысшылар ашығып отырған кезде, астық тасылмай жатқан кезде ірі заводтарда жасалатын қайдағы бір ұсақ өнімдерді, қайдағы бір шақпақтарды нанға айырбастатқызғанын біз білмей, байқамай отырмыз ба? Айтыңызшы, мұны біз Украинадан көрмедік пе, мұны біз Россиядан көрмедік пе? Міне осының бәрі пролетариаттың экономикалық жағынан таптық азғындауына әкеліп соқтыратын, осы арада да ұсақ

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 41-том, 258—263-беттер. *Ред.*

буржуазиялық, анархиялық тенденцияларды сөзсіз туғызатын, еріксіз білдіретін нәрселер.

Біз осы апаттардың бәрін басымыздан кешіргеннен кейін, біз осының бәрін практика жүзінде көргеннен кейін, бұларға қарсы күресудің сұмдық қиын екенін біз білеміз. Біз Совет өкіметі орнағаннан кейін екі жарым жыл өткен соң Коммунистік Интернационалда сөз сөйлеп, пролетариат диктатурасын Коммунистік партия арқылы болмаса, басқаша жүзеге асыру мүмкін емес деп бүкіл әлем алдында мәлімдедік. Ал сонда бізді анархистер мен синдикалистер жанталаса сөгіп: «Олар міне осылай ойлайды,— пролетариат диктатурасын жүзеге асыру үшін коммунистік партия қажет болыпты»[20] десті. Бірақ біз мұны бүкіл Коммунистік Интернационалдың алдында айттық. Міне осыдан кейін бізге «тап жағынан саналы және тап жағынан ынтымақты» адамдар келіп: «халық шаруашылығын басқаруды ұйымдастыру — өндірушілердің бүкіл россиялық съезінің жұмысы» (Коллонтай жолдастың кітапшасы) дегенді айтып отыр. «Өндірушілердің бүкіл россиялық съезі»— бұл өзі не нәрсе? Біз партияның ішіндегі осындай оппозициялармен тағы да уақыт өткізіп жатпақшымыз ба? Меніңше, бұл жөнінде айтыс өткізе беру жетер! Сөз бостандығы мен сын бостандығы туралы бүкіл осы кітапшада жөн-жосықсыз кездесіп отырған және «жұмысшы оппозициясының» барлық сөйлеген сөздерінен аңғарылып отырған барлық осы пайымдаулардың оннан тоғызы оншалық мағынасы жоқ сөздерден тұратын пайымдаулар,— мұның бәрі де сол парықтағы сөздер. Жолдастар-ау, әңгіме айтылатын сөз туралы ғана емес, олардың мазмұны туралы да болуы керек ғой. Бізді «сын бостандығы» деген тәрізді сөздермен алдай алмайсың! Жұрт партияның ішінде дерттің нышаны бар дегенде, біз бұл көрсетілген нәрсе үш қайтара назар аударуды керек етеді: бұл дерттің бар екені күмәнсыз дедік. Қане осы дертті емдеуге көмектесейік. Айтыңыздаршы, сіздер оны қалай емдей аласыздар. Біз айтыспен тіпті көп уақытымызды өткізіп алдық, сондықтан мен қазір оппозицияның ұсынып отырған тезистерін айтысқа

салғаннан гөрі қазір «винтовкамен айтысқа шығу» әлдеқайда жақсы деуге тиіспін. Енді оппозицияның керегі жоқ, жолдастар, оның уақыты өткен! Не — мұнда, не — онда болу керек, оппозициямен емес, винтовкамен болу керек. Өкпелемеңіздер, мұның өзі объективті жағдайдан туып отыр. Сондықтан мен партия съезінің осы қорытындыны жасауына тура келеді ғой деп ойлаймын, енді оппозицияның күні бітті, дәурені өтті, енді бізге оппозицияның керегі жоқ деген қорытынды жасауына тура келеді ғой деп ойлаймын! (Қол шапалақтау.)

Бұл топтың емін-еркін сынап тұруға көптен бері-ақ правосы болған еді. Сонымен енді, партия съезінде біздің сұрайтынымыз: сіздердің сындарыңыздың қорытындысы қандай, мазмұны қандай, сіздер өздеріңіздің сындарыңызбен партияға нені үйреттіңіздер? Сіздердің іштеріңіздегі бұқараға, шынында да тап жағынан ынтымақты және тап жағынан жетілген бұқараға жақын тұрғандарыңызды біз жұмысқа тартуға дайынбыз. Егер Осинский жолдас бұған саясатшылдық деп қарайтын болса, онда ол жалғыз қалады, ал басқалар бұған партия мүшелеріне жасалған қажетті көмек деп қарайды. Іс жүзінде жұмысшы бұқарасының арасында тұратындарға, бұқараны жете білетіндерге, тәжірибесі барларға және Орталық Комитетке өзінің кеңестерін бере алатындарға біз іс жүзінде көмектесуге тиіспіз. Ал олар өздерін мейлі қалай атаса олай атасын,— мұның бәрібір,— тек олар жұмысқа көмектессе болғаны, олар оппозициямен айла-шарғы жасамаса болғаны және қалай болғанда да топтар мен фракцияларды қолдамай, тек бізге көмектесетін болса болғаны. Ал егер де олар оппозициямен айла-шарғы жасай беретін болса, онда партия оларды партиядан шығаруға тиісті.

Ал енді Коллонтай жолдас өз кітапшасының дәл сол бетінде бізге арнап: «біздің жоғарғы басшыларымыз қол қойған тезистердің бүкіл мәні — жұмысшы табына сенбеушілік (әлбетте, саяси салада емес, таптың шаруашылық-творчестволық қабілеті саласында)» деп астын бадырайта сызып жазып отырған болса, онда

мұның өзі біздер нағыз «жұмысшы» оппозициясы едік деп жазғаны. Сол кітапшаның 36-бетінде бұл пікір онан да бетер айқын айтылған:

««Жұмысшы оппозициясы» кеңшілік жасамауға тиіс, жасай да алмайды. Мұның аты жікке бөлінуге шақыру деген сөз емес...». «Жоқ, оның міндеті басқаша. Тіпті съезде жеңіліп қалғанның өзінде де — партияның ішінде қалу керек және партияны аман сақтап, оның ұстаған бағытын түзете отырып, өз көзқарасымызды бірден-бірге берік қорғауымыз керек».

«Тіпті съезде жеңіліп қалғанның өзінде де» дейді,— қараңызшы, қандай көрегендік! (Күлкі.) Ғапу етіңіздер, бірақ мен жеке өз атымнан бұған партия съезі жол бермейді деп сеніммен мәлімдей аламын! (Қол шапалақтау.) Партияның ұстаған бағытын түзетуге әркімнің де правосы бар. Бұл үшін сіздерге барлық мүмкіншілік берілді.

Партия съезінде біреулерді біздердің партиядан шығарғымыз келеді екен деп айыптарлықтай ешбір күдік болмасын деген шарт қойдық. Біз демократизмді жүзеге асыру ісінде жасалатын көмек атаулының бәрін құттықтаймыз. Бірақ халық азап шегіп отырғанда демократизмді жалаң сөзбен ғана жүзеге асыра алмайсың. Іске көмектескісі келетін адамның бәрін де құттықтауға тиіспіз, бірақ та «кеңшілік жасамаймыз», партияның ішінде қала отырып, партияны құтқаратын боламыз деушілер табылып отырғанда,— иә, егер сіздерді партияда қалдыра қойса жақсы ғой демей не деу керек! (Қол шапалақтау.)

Бұл жерде біздің ешқандай екіұшты пікір қалдыруға правомыз жоқ. Бюрократизмге қарсы күресуге көмектесу жұмысы, демократизмді қорғауға көмектесу жұмысы, нағыз жұмысшы бұқарасымен көбірек байланыс жасау ісіне көмектесу — сөзсіз қажет нәрсе. Бұл жөнінде біз «кеңшілік» жасай аламыз және жасауға тиіспіз. Олар бізге кеңшілік жасамаймыз деп қалай айтса да, біз кеңшілік жасаймыз деп қайталап айтамыз. Бұл әсте кеңшілік жасағандық емес, бұл — жұмысшы партиясына көмектескендік. Біз осы арқылы «жұмысшы оппозициясының» ішіндегі пайдалы және пролетарлық дегендерінің бәрін, осының бәрін

біз партия жағына шығарып аламыз, тек синдикалистік сөздердің «тап жағынан саналы» авторлары ғана шеттеп қалады. (Қол шапалақтау.) Москвада осы жолды қалап алды. Москвада болған ноябрьдегі губерниялық конференция екі бөлмеге бөлінумен тынды: біреулері мына бөлмеде, екіншілері ана бөлмеде отырды. Мұның өзі — жікке бөлінудің қарсаңы. Москвада өткен ең соңғы конференция былай деді: «Біз «жұмысшы оппозициясының» ішінен олардың қалаған адамдарын емес, өзіміздің қалаған адамдарымызды аламыз»,— себебі, бізге жұмысшылар бұқарасымен байланысты адамдардың көмегі керек, олар бізге іс жүзінде бюрократизмге қарсы күресуді үйретеді. Бұл қиын міндет. Меніңше, партия съезі москвалықтардың осы тәжірибесін ескеруі керек, сонымен қатар емтихан алуға кірісуі керек және күн тәртібінің осы пунктінен ғана емес, барлық пункттерінен де емтихан өткізуі керек. Осының нәтижесінде «кеңшілік жасамаймыз» дейтін адамдарға былай деу керек: «Ал партия кеңшілік жасайды»,— жұмыстың бірауызды болғаны керек. Осындай саясат арқылы біз «жұмысшы оппозициясының» ішіндегі пайдалысын пайдасызынан екшеп шығарып, партияны нығайтамыз.

Қараңыздаршы, осында өндірісті «өндірушілердің бүкіл россиялық съезі» басқаруға тиіс деді. Мен бұл сандырақты тағы да қандай сөздермен сипаттау керек екенін білмей тұрмын, бірақ өзіме жұбаныш болатын нәрсе сол — осындағы жұрттың бәрі партия қызметкерлері, сонымен қатар совет қызметкерлері де, бұлар міне бір жыл, екі, үш жыл бойы революциялық жұмыс атқарып келеді. Олардың алдында мұның өзі сынауға да тұрмайды. Осындай сөздерді естігенде олардың жарыс сөздерді тоқтатқан себебі — халық шаруашылығын басқаратып «өндірушілердің бүкіл россиялық съезі» туралы сөз қылудың өзі жалықтырарлық, жеңілтектік нәрсе. Бәлкім, саяси өкімет қолға алынғанның өзінде жұмысқа мүлде кіріспеген елде мұны ұсынуға болар еді. Біз жұмысқа кірістік. Сондықтан дәл сол кітапшаның 33-бетінен мынадай сөздерді кездестіргеніміз бір түрлі таңқаларлық:

«Техниканың және техника жағынан машықталған күштердің асқан зор ролін еселке алмайтындай «жұмысшы оппозициясы» соншалықты надан·емес...». «Ол халық шаруашылығын басқарудың өндірушілер съезінде сайланған өз органын құрып, ал одан кейін халық шаруашылығы советтерін, бас басқармаларды, орталықтарды таратып жіберуді көздеп отырған жоқ. Жоқ, ол басқаны көздеп отыр: басқарудың техника жағынан бағалы осы қажетті орталықтарын өз басшылығына бағындыру, оларға теориялық тапсырмалар беріп отыру, кезінде фабриканттар мен заводшылар техник-мамандардың күшін қалай пайдаланған болса, оларды солай пайдаланып отыру».

Сөйтіп, Коллонтай жолдас пен Шляпников жолдас және олардың соңынан еруші «тап жағынан ынтымақты» адамдар... халық шаруашылығы советтерін, бас басқармалар мен орталықтарды,— қайдағы бір Рыковтарды, Ногиндерді және басқа «бейшараларды»— өздерінің қажетті басшылығына бағындырып, оларға теориялық тапсырмалар беріп отырмақ екен! Қане, айтыңыздаршы, жолдастар, осындай нәрсеге мән беруге бола ма? Егерде сіздердің пәлендей бір «теориялық тапсырмаларыңыз» болған болса, онда оларыңызды неліктен бермедіңіздер? Айтыс бостандығын біз не үшін жарияладық? Біз оны өзара сөз салғыласу үшін ғана жариялаған жоқпыз. Соғыс кезінде біз былай дедік: «Сынмен айналысып жатуға мұршамыз жоқ, бізді Врангель аңдып отыр, егер біз қателік жасап отырсақ,— онда біз онымызды Врангельге соққы беру арқылы түзетеміз» дедік. Өзіміз соғысты бітірген кезде, бізге: «Айтысқа бостандық беріңдер!» деп айқайшу көтере бастады. Біз олардан: «Айтыңыздаршы, біз қандай қателіктер жасадық?» деп сұрағанымызда — олар бізге: «Халық шаруашылығы советтері мен бас басқармаларды таратпау керек, оларға теориялық тапсырмалар беріп отыру керек» деседі. Киселев жолдас «тап жағынан ынтымақты» «жұмысшы оппозициясының» өкілі бола тұрып, кен жұмысшыларының съезінде неліктен болмашы азшылықта қалды,— ол өзі Тоқыма кәсіпорындары бас басқармасын басқарып тұрған кезінде неліктен бізге бюрократияға қарсы күресуді үйретпеді? Шляпников жолдас өзі халық комиссары болып тұрған кезінде, Коллонтай жолдас та

өзі халық комиссары болып тұрған кезінде неліктен бізге бюрократизмге қарсы күресуді үйретпеді? Бізде бюрократтық қылық бар екенін біз өзіміз де білеміз, ал біздер, осы бюрократиялық аппаратпен бәрінен де көп істес болуға тура келіп отырған біздер, осының азабын тартып отырмыз. Қағазға қол қоя саламыз,— ал ол қағазымыз іске қалай асып жатыр? Осындай орасан зор бюрократиялық аппарат болып отырғанда, мұны қалай тексеруге болады? Оны қалай ықшамдау керек екендігін біледі екенсіздер,— өз білімдеріңізді бізге де үйретсеңіздерші, қымбатты жолдастар-ау! Сіздердің айтысқа шыққыларыңыз келеді, бірақ сіздер жалпы мәлімдеме жасаудан басқа еш нәрсе айтпай отырсыздар. Сіздер: «Мамандар жұмысшыларды ренжітеді, жұмысшылар еңбекші республикасында каторгалық тұрмыста тұрады» дейсіздер. Мұның өзі — барып тұрған демагогия!

Жолдастар, барлығыңыз да осы кітапшаны оқып шығыңыздар, сіздерден осыны қатты өтініп сұраймын! Коллонтай жолдастың «Жұмысшы оппозициясы» деген кітапшасынан асқан «жұмысшы оппозициясына» қарсы жазылған тәуір материал болуы мүмкін емес. Мәселеге бұлай қарауға шынында да болмайтынына сіздердің көздеріңіз жетеді. Бюрократизмнің кеселді мәселе екенін,— біз бәріміз де мойындаймыз, бұл тіпті біздің партия программасында да бар. Бас басқармалар мен халық шаруашылығы советтерін сынау оп-оңай, бірақ сіздер осылай сынаған кезде, партияда жоқ жұмысшы бұқарасы мұны — тарату керек деп түсінеді! Мұны эсерлер де іліп әкетеді. Маған украин жолдастар мынаны айтты: олардың конференциясында[21] солшыл эсерлер өз ұсыныстарын дәлме-дәл осылай тұжырымдапты. Ал Кронштадт қарарлары деген не?[22] Оларды барлығыңыз бірдей оқымаған шығарсыздар? Біз ол қарарларды сіздерге көрсетеміз: ол қарарлар да дәл осыны айтып отыр. Кронштадттың қауіптілігін менің баса көрсеткен себебім де сол — бұл қауіп атап айтқанда мынада: бейне бір азғантай ғана ығыстыру қажет сияқты: «Большевиктер кетсін», «біз өкіметті біраз түзетеміз»,— міне, кронштадттықтардың тілейті-

ні осы. Ал бұдан шыққан нәтиже мынау — Савинков Ревельге келді, Париж газеттері бұл оқиғалар туралы бұдан екі апта бұрын жазғандай, ақ генерал пайда болды. Болған нәрсе міне осы. Революциялардың бәрі осылай, осы тәрізді болып өткеп болатын. Осыдан келіп біздің айтатынымыз: өзіміз осыған тап болып отыр екенбіз, мұндай нәрсе қаншама зиянсыз болып көрінсе де, бұған винтовкамен жауап беру үшін біз топтасуымыз керек,— өзімнің алғашқы сөзімде де мен осылай деген болатынмын. Бұған «жұмысшы оппозициясы» жауап бермейді, бірақ былай дейді: «Біз халық шаруашылығы советтерін таратпаймыз, қайта «өз басшылығымызға бағындырамыз»»— дейді. «Өндірушілердің бүкіл россиялық съезі» өзінің басшылығына Халық шаруашылығы советінің 71 бас басқармасын бағындырмақ! Мен былай деп сұраймын: бұлардың мұнысы мазағы ма, немене, ал мұндай адамдардың сөздеріне мән беруге бола ма? Жұмысшы бұқарасы ішінде ғана емес, сонымен қатар біздің партияның ішінде де орын алып отырған ұсақ буржуазиялық, анархиялық стихия дегеніміздің өзі осы, ал бұған біз ешбір жағдайда да жол бере алмаймыз. Біз әуестенушілікке салындық: жұртқа өз пікірлерін барынша толық баяндауға мүмкіндік бердік, олардың пікірлерін бірнеше рет тыңдадық. Кен жұмысшыларының II съезінде менің Троцкий және Киселев жолдастармен айтысуыма тура келген кезде, екі түрлі көзқарастың бары айқын білінді*. «Жұмысшы оппозициясы»: «Ленин мен Троцкий бірігеді» деді. Троцкий шығып былай деді: «Бірігу керек екенін кімде-кім түсінбейтін болса, ол адам партияға қарсы шығады; әрине, біз бірігеміз, себебі біз — партия адамдарымыз». Мен оны қолдадым. Әрине, Троцкий жолдас екеуіміздің арамызда келіспеушілік болды; ал Орталық Комитетте азды-көпті тең түсетін топтар құрылған кезде, партия өз билігін айтады, билігін айтқанда партияның еркі мен нұсқаулары бойынша біз бірігетіндей етіп айтады. Кен жұмысшыларының съезіне біз Троцкий жолдас екеуіміз

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 42-том, 273—284-беттер. *Ред.*

міне осындай мәлімдемелермен барған едік, мұнда да осындай мәлімдемелермен келдік, ал «жұмысшы оппозициясы» тұрып: «Біз кеңшілік жасамаймыз, бірақ партияның ішінде қаламыз» дейді. Жоқ, мұның жөні бола қоймас! (Қ о л ш а п а л а қ т а у.) Тағы да айтамын: жұмысшы өзін мейлі қалай атаса солай атасын, егер ол бізге шын ниетімен көмектескісі келетін болса, бізге бюрократизмге қарсы күресуде жұмысшының қандай да болсын көмегі керек,— өте-мөте қажетті көмегі керек. Осы мағынада алғанда біз «кеңшілік» (бұл сөзді тырнақшаға алып қолданғанда) жасаймыз, бізге қандай дөрекі мәлімдемелер жасалса да, біз «кеңшілік» жасаймыз, өйткені жұмыс істеу соншалық қиын болып отырғанын біз білеміз. Халық шаруашылығы советтері мен бас басқармаларды таратып жібере алмаймыз. Кейбіреулер: сіздерде жұмысшы табына сенбеушілік бар, сіздер жұмысшыларды басшы орындарға жолатпай отырсыздар десе, мұнысы — шылғи өтірік. Біз жұмысшылардың ішінен қандай да болсын азды-көпті тәуір деген әкімшілік қызметкерін іздеудеміз және қуана-қуана қарсы аламыз, біз оны сынап көреміз. Ал егер партия жұмысшы табына сенбейтін болса, жұмысшыларды жауапты қызметтерге жолатпайтын болса, онда мұндай партияны құрту керек қой,— айтайын дегендеріңізді ақырына дейін ашып айтсаңыздаршы! Мен жоғарыда мұның өзі — өтірік деп көрсетіп өттім: күштің жетіспеуінен біздің діңкеміз құрып отыр, азды-көпті іскер адамның кішкентай да болса көмегін құшағымызды жайып қарсы аламыз, ал жұмысшылардан болатын көмекті үш қайтара қарсы аламыз. Бірақ бізде мұндайлар жоқ. Осының салдарынан анархия туып отыр. Бұл арада бюрократизмге қарсы күресті қолдау керек,— ал бұған жүз мыңдаған адам керек.

Бюрократизмге қарсы күресу міндеті өте-мөте ұзақ уақыттық жұмыс ретінде біздің программамызда алға қойылды. Шаруалар неғұрлым бытыраңқы болған сайын, орталықта бюрократизмнің болуы соғұрлым сөзсіз нәрсе.

«Біздің партия ішінде іс таза емес» деген тәрізді

нәрселерді жазу оп-оңай. Екі миллион орыс эмигранты шетелдерде жүргенде совет аппаратын әлсірету дегеннің не екенін сіздер өздеріңіз де түсінесіздер. Оларды азамат соғысы қуып жіберді. Олар қазір Берлинде, Парижде, Лондонда және біздің астанамыздан басқа астаналардың бәрінде мәжіліс құрып, бізді жарылқап жатыр. Олар ұсақ өндіруші, ұсақ буржуазиялық стихия деп аталатын стихияны қолдауда.

Төменнен жұмысшыларды жоғарылату арқылы бюрократизмді құрту үшін істеуге болатын нәрсенің бәрін істеп бағамыз, бұл жөніндегі практикалық нұсқаудың қандайын болса да қабылдаймыз. Тіпті егер мұны осы арада атап отырғандай, «кеңшілік» деген лайықсыз сөзбен атағанның өзінде де, күмән жоқ, съездегілердің 99 проценті бұл кітапшадағы айтылғанға қарама-қарсы: «Ал біз бұған қарамастан «кеңшілік» жасаймыз, сөйтіп есі бүтін жұрттың бәрін өз жағымызға тартамыз» дейді. Егер істің жайын бізден жақсы білсеңіздер, онда Шляпниковтың сөйлегеніндей сөйлемей, қайта жұмысшылармен бірге сап түзеп, бюрократизмге қарсы қалай күресу керек екенін үйретіңіздер. Мұның өзі бұлтартпайтын нәрсе. Мен оның сөйлеген сөзінің теориялық жағына тоқталмаймын, өйткені оның өзі Коллонтайда да айтылған. Мен оның келтірген фактілері жөнінде айтамын. Ол: картопты шірітіп жатыр дегенді айтып, Цюрупаны неге сотқа бермейді деп сұрады.

Ал мен мынадай сұрақ қоямын: мұндай сөздері үшін Шляпниковты неге сотқа бермейді? Ұйымдасқан партияда біз тәртіп туралы, бірлік туралы шынымен айтып тұрмыз ба, әлде біз Кронштадттағы жиналыс сияқты жиналыста отырмыз ба? Ал мұның өзі — анархистік рухтағы кронштадттық желсөз, мұндай желсөзге винтовкамен жауап берер болар. Біз партияның ұйымдасқан мүшелеріміз, біз мұнда өзіміздің қателерімізді түзеткелі келдік. Егер де, Шляпников жолдастың пікірінше, Цюрупаны сотқа беру керек болған болса, онда Шляпников партияның ұйымдасқан мүшесі ретінде мұны неге Бақылау комиссиясына шағым етіп айтпады? Біз Бақылау комиссиясын

құрған кезімізде былай деп айттық та: Орталық Комитетті әкімшілік жұмыс басып кетті, сондықтан қане жұмысшылардың сеніміне ие болған, әкімшілік жұмыстан қолы бостау, түскен шағымдарды Орталық Комитет атынан тексеріп отыратын адамдарды сайлайық дедік. Мұның өзі сынды дамытудың, қателіктерді түзетудің әдісі еді. Егерде Цюрупа соншалық теріс іс істеген болса, бұл жөнінде Бақылау комиссиясына неге шағым етілмеген, ал Шляпников осында, съезге келеді де, партия мен Республиканың ең жауапты жиналысында картопты шірітіп жіберді деп жұртқа айып тағып, Цюрупаны неге сотқа бермеді?— деп сұрақ қояды. Ал мен былай деп сұраймын: әскери ведомствода қателіктер болмай ма екен, жеңіліс тапқан ұрыстар, тастап кеткен арбалар, мүліктер болмай ма екен? Сонда қалай — бұл сияқты әскери қызметкерлерді сотқа беру керек болғаны ма? Шляпников жолдас осында өзі де сенбейтін сөздерді, өзі дәлелдей алмайтын сөздерді айтып отыр. Бізде картоп шіріп жатыр. Әрине, көптеген қателіктер болады, бізде аппарат жолға қойылмаған, транспорт жолға қойылмаған. Бірақ, қателіктерді түзетудің орнына осындай айыптар атүсті тағылады екен, оның үстіне, осында кейбір жолдастардың атап көрсеткеніндей, айыптарды табалап қояды екен, Цюрупаның сотқа берілмеген себебі жөнінде жауап беруді талап етеді екен, онда сотқа бізді — Орталық Комитетті беріңіздер. Біз бұл сияқты сөз сөйлеуді — демагогия деп есептейміз. Сотқа не Цюрупа мен бізді беру керек, не болмаса Шляпниковты беру керек, бірақ бұлай жұмыс істеуге болмайды. Бір партиядағы жолдас адамдар осында Шляпниковтың сөйлегені сияқты сөйлеп отырғанда,— ал ол басқа жиналыстарда да әрқашан осылай сөйлейді,— және Коллонтай жолдастың кітапшасында жұрттың аты аталмағанымен, кітапшаның бүкіл рухы нақ осындай болып отырғанда,— біз былай дейміз: бұлай жұмыс істеуге болмайды, өйткені мұның өзі — демагогия, анархистік-махнолық және кронштадттық элементтер осындай демагогияға сүйенеді. Бұл арада біз екеуіміз де партия мүшесіміз, екеуіміз

де жауапты төреліктің алдында тұрмыз, ал егер Цюрупа заңсыз іс істеп, біздер, Орталық Комитет, мұны жасырып отырсақ,— онда, өтінеміз, ауыздарыңызға келгенді айта бергенше, нақты бір айып тағып сөйлеседіздерші, ал ертең осында, Москвада, жұрт қағып алып, ұзын құлақ арқылы дереу буржуазияға жеткізе қоятын сөздерді айтпаңыздар; совет мекемелерінің барлық өсек-аяңшылары күні ертең екі бүйірін таянып, сіздердің сөздеріңізді табалап қайталайтын болады. Егер Цюрупа Шляпников айыптап отырғандай адам болатын болса, егер оны Шляпниковтың талап еткеніндей сотқа беру керек болатын болса, онда менің кесіп айтарым: бұл сөздерді байыптап ойластыру керек; мұндай айыптар құр босқа тағыла салмайды. Бұл сияқты айып тағушы адамдарды не партиядан аластар болар, не оларға: біз сені картоп жинауға пәлендей губернияга жібереміз,— онда картоп Цюрупа басшылық еткен губерниялардағыдан аз шірітіліп пе, көп шірітіліп пе, соны қарап көреміз деу керек.

«Правда» № 54 және «Известия ВЦИК» № 54, 11 март, 1921 ж.

4
КӘСІПТІК ОДАҚТАР ТУРАЛЫ 14 МАРТТА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Жолдастар, бүгін Троцкий жолдас менімен өте-мөте сыпайы айтысып, мені барынша сақ адам деп қағытып өтті немесе солай деп атады. Мен оған осы қошеметі үшін рахмет айтуға тиіспін және қошеметіне орай жауап қайтаруға мүмкіндігім болмай отырғандығына өкініш білдіруге тиіспін. Қайта, жіберілген қатеге көзқарасты білдіру үшін, маған өзімнің аңғырт досым туралы айтуға тура келеді, ал мен сол қатенің салдарынан соншама көп уақытымды жоғалттым және соның салдарынан енді неғұрлым көкейтесті мәселелерге көшпей, кәсіподақтар туралы мәселе бойынша жарыс сөзді онан әрі жүргізуге тура келеді. Троцкий жолдас кәсіподақ айтысы туралы мәселе жөніндегі өзінің қорытынды сөзін 1921 ж. 29 январьдағы «Правданың» бетінде айтты. Өзінің «Алауыздықтар бар, бірақ шым-шытырықтың керегі не?» деген мақаласында ол маған: осы шым-шытырыққа сен айыптысың, «әу» деп бұрын айтқан кім еді деп сұрақ қойып отырсың деп кінә тақты. Бұл кінә түгелімен Троцкийдің өзіне ауады: ауру бастың сақинасын сау басқа теліп отырған нақ соның өзі. Оның бүкіл фельетоны: мен кәсіподақтардың өндірістік ролін алға қойдым, сондықтан осы туралы сөз қылу керек деген пікірге құрылған. Онысы дұрыс емес, алауыздықтарды туғызған бұл емес, алауыздықтарды дертке айналдырып отырған бұл емес. Сондықтан, айтыстан кейін бұрынғы айтқанды қайталап жату, шамадан тыс қайталап жату, қанша-

лықты жалықтырарлық іс болғанмен де,— рас, айтысқа мен тек қана бір ай қатыстым,— таластың шыққан жері бұл емес, керісінше 2—6 ноябрьде Кәсіподақтардың бүкіл россиялық бесінші конференциясында[23] көтерілген «сілкілеу» ұраны болды деп қайталап айту керек. Рудзутактың қарарын тыңдағандардың бәріне де,— ал мұндайлардың қатарында цекистер де, оның ішінде мен де бармын,— сол кездің өзінде-ақ кәсіподақтардың өндірістік ролі туралы мәселе жөнінде жұрт алауыздық таба алмайтындай болып көрінді, ал үш айлық айтыс ол алауыздықты тауып алды; мұндай алауыздық болды, ал осы алауыздықтың өзі саяси қате болып табылады. Үлкен театрда болған айтыста жауапты қызметкерлердің алдында Троцкий жолдас маған айтысты үзіп тастадың деп кінә тақты[24]. Мұны мен маған айтылған қошемет сөз деп білемін: мен айтысты бұрынғы түрінде жүргізуге болмайтындықтан үзіп тастауға тырыстым, өйткені көктемгі ауыртпалық қарсаңында бұлай сөз сөйлеу зиянын тигізер еді. Мұны тек соқырлардың ғана көрмеуі мүмкін еді.

Енді Троцкий жолдас менің «әу» деп бұрын айтқан кім еді деп сұрақ қойғаныма күледі де, комиссияға кірмеді деп оны менің неліктен кінәлап отырғаныма таңданады. Кінәлаған себебім, мұның зор маңызы бар, Троцкий жолдас,— өте зор маңызы бар, өйткені кәсіподақтық комиссияға кірмеу Орталық Комитеттің тәртібін бұзғандық болды. Ал Троцкий осы туралы айтқан кезде, бұдан талас емес, қайта партияны сілкілеу, ашу-ыза келіп шығады, кейде шектен шығушылық та болып тұрады,— Троцкий жолдас «жындану» деген сөзді қолданды. Мен Гольцман жолдастың бір сөзін еске түсіремін,— мен оны цитатқа келтіріп жатпаймын, өйткені «жын-шайтан» деген сөз бір түрлі қорқынышты нәрсе, ал Гольцман болса өзі бір сүйкімді жан,— сондықтан бұл арада «жынданушылық» жоқ, бірақ екі жақтан да шектен шығушылық болып тұрады, мұның өзі әлдеқайда сұмдық нәрсе,— кейбір аса сүйкімді жолдастардың кейбір шектен шығушылықтары болды, мұны ұмытпау керек. Ал бұған енді Троцкий жол-

дастың беделі қосылатын болса және ол 25 декабрь күні жұртшылық алдында сөз сөйлеп, съезд екі тенденцияның бірін таңдауы керек деген болса,— бұл сөздерді кешіруге болмайды! Бұл сөздер саяси қателік болып табылады, біз сол қателіктің кесірінен күресіп жатырмыз. Сондықтан осында жұрт екі бөлмеде бірдей кеңестер өткізіліп тұрады деп мысқылдаса,— мұнысы аңғалдық. Делегаттардың дауысы екіге жарылып кетпес үшін, делегаттардың съезде кеңесуіне тыйым салынады деп айтатын қалжыңбас адамды мен көрсем деп едім. Мұның өзі тым асыра айтқандық болар еді. Троцкий жолдас пен Цектран[25] «сілкілеу» туралы мәселе қойып және түбірінен теріс қойып, олар саяси қате жіберді. Бұл — саяси қате, және ол бүгінге дейін түзетілген жоқ. Транспорт жөнінде қарар бар[26].

Біз кәсіптік қозғалыс туралы, жұмысшы табы авангардының пролетариатқа көзқарасы туралы айтып отырмыз. Егер біз біреуді жоғарғы қызметтен алып тастайтын болсақ, мұнда тұрған ешқандай сорақылық жоқ. Бұл ешкімге кір келтірмейді. Егер сіз қате жасаған болсаңыз, съезд оны мойындайды және жұмысшы табы авангарды мен жұмысшылар бұқарасы арасындағы өзара түсінісушілік пен өзара сенімділікті қалпына келтіреді. «Онның платформасының»[27] маңызы міне осы. Егер платформаның ішінде ауыстырылатын нәрселер болса, егер мұны Троцкий баса көрсетіп, Рязанов дамытып отырса,— бұл түк емес. Егер сөйлеушілер сөздерінде: платформада Лениннің қолы көрінбейді, оның бұған белгілі түрде қатысқандығы сезілмейді десе,— онда мен бұған былай деймін: егер мен өзімнің қол қоюым керек нәрсенің бәріне қол қою арқылы, немесе телефонмен сөйлесу арқылы қатысып отырған болсам, онда мен әлдеқашан-ақ ақылымнан адасқан болар едім. Менің айтатыным: жұмысшы табының авангарды мен жұмысшы бұқарасының арасында өзара түсінісушілік, өзара сенімділік орнату үшін, егер Цектран қателік істеген болса,— қызбалық әркімде де бола береді,— қатені түзету керек еді. Ал ондай қатені қорғаштай бастаса, онда мұның өзі саяси қауіп-қатердің ошағына айналады. Егер осында

Кутузов білдіріп отырған көңіл ауанының салдарынан да демократия мағынасында мүмкіндігі бар нәрсенің бәрін істей алмай келсек, онда біз саяси апатқа ұшыраған болар едік. Біз алдымен сендіруіміз керек, содан кейін күштеуіміз керек. Біз қайткен күнде де әуелі сендіруіміз керек, ал содан кейін барып күштеуіміз керек. Біз қалың бұқараны сендіре білмедік, сөйтіп авангардтың бұқарамен дұрыс арақатынасын бұздық.

Кутузов сияқты адамдар іске қатысты сөздерінің біразын біздің аппараттың бюрократтық былықтарын көрсетуге бағыштап отырған кезде, біз: бұл рас, біздің мемлекетіміз бюрократиялық бұрмалауы бар мемлекет деп жауап береміз. Біз партияда жоқ жұмысшыларды да осыған қарсы күресуге шақырамыз. Бұл арада да мен мынаны айтуға тиіспін: Кутузов сияқты жолдастарды мұндай жұмысқа жақынырақ тарту керек және жоғарырақ қызметке қою керек. Біздің тәжірибемізден туып отырған сабақ міне осы.

Синдикалистік уклонға келетін болсақ, онда Шляпниковқа арнап бір-екі ауыз сөз айтсақ жетіп жатыр; Шляпников болса өздерінің платформасында дәл тайға таңба басқандай етіп жазылған және Коллонтай қостаған «өндірушілердің бүкіл россиялық съезін», міне осыны Энгельстің пікіріне сүйену арқылы да қорғауға болар еді дегенді дәлел етті — мұнысы күлкілі нәрсе. Энгельс коммунистік қоғам туралы айтып отыр. Онда таптар қалмайды,— онда өндірушілер болады[28]. Ал қазір бізде таптар бар ма? Бар. Қазір бізде таптар күресі бар ма? Таптардың нағыз жанталасқан күресі бар! Сөйтіп, таптардың нағыз жанталасқан күресі кезінде келіп: «өндірушілердің бүкіл россиялық съезі» дейді,— мұның өзі батыл түрде және біржолата айыпталуға тиісті синдикалистік уклон емей немене? Шым-шытырық платформалар болған жағдайда үштің бірінің кандидатурасы жөнінде біз тіпті Бухариннің де сүрінгенін көрдік. Жолдастар, партияның тарихында мұндай ауытқуларды біз ұмытуға тиісті емеспіз.

Ал қазір, «жұмысшы оппозициясы» демократияны

қорғап отырғандықтан, ол дұрыс талаптар қойып отырғандықтан біз онымен жақындасу үшін қолдан келгеннің бәрін істейміз, ал съезд, съезд ретінде, нақтылы іріктеу ісін жүргізуге тиіс. Сіздер бізді бюрократизмге қарсы аз күреседі дейді екенсіздер,— бізге қол ұшын беріңіздер, жақынырақ келіңіздер, күресуге көмектесіңіздер, бірақ, егер сіздер «өндірушілердің бүкіл россиялық съезін» ұсынады екенсіздер, бұларыңыз — маркстік көзқарас емес, коммунистік көзқарас емес. «Жұмысшы оппозициясы» Рязановтың күш салуымен программаны теріс түсіндіріп отыр. Программада былай делінген: «кәсіподақтар біртұтас шаруашылық тұлға ретіндегі бүкіл халық шаруашылығын түгел басқаруды іс жүзінде өздерінің қолдарына жинақтауға *жетуге тиіс*»[29]. Шляпников, әр кездегідей, асыра айтып, біздінше, мұның өзі 25 ғасырдан кейін болар деп ойлайды. Кәсіподақтар «жетуге тиіс» дейді программа, аз съезд кәсіподақтар бұған жетті деп айтса, ол кезде бұл талап жүзеге асырылатын болады.

Жолдастар, қазір съезд бүкіл Россия пролетариатының алдында, бүкіл дүние жүзі пролетариатының алдында «жұмысшы оппозициясы» қойып отырған ұсыныстарды синдикалистік жартылай уклон деп өзінің санайтындығын мәлімдеп отырған кезде, мен мынаған кәміл сенемін: оппозицияның ішіндегі шын пролетарлық, пайдалы дегендердің бәрі,— біздің соңымыздан ереді, бұқараның бізге деген сенімін,— Цектран жасаған кіші-гірім қатеге бола бұл сенімге нұқсан келтірілген болатын,— қалпына келтіруге көмектеседі, сөйтіп бірлесе күш жұмсау арқылы өз қатарымызды нығайтып, топтастырып, алда тұрған ауыр күреске бір кісідей жұмыла шыға аламыз. Сөйтіп, осы күреске ынтымақты, батыл түрде, белді бекем байлап барамыз да, біз бұл күресте жеңіп шығамыз. (Қол шапалақтау.)

5

САЛЫМДЫ ЗАТТАЙ САЛЫҚПЕН АУЫСТЫРУ ТУРАЛЫ 15 МАРТТА ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА

Жолдастар, салымды салықпен ауыстыру туралы мәселе ең алдымен және көбінесе саяси мәселе болып табылады, өйткені бұл мәселенің мәні жұмысшы табының шаруаларға көзқарасында болып отыр. Бұл мәселенің қойылуы мынаны білдіреді: осы ең басты екі таптың қатынасын біз жаңадан немесе, мен айтар едім, тіпті қосымша түрде неғұрлым сақ та дұрыс қарауымыз керек, белгілі дәрежеде қайта қарауымыз керек, өйткені бұлардың арасындағы күрес немесе бұлардың арасындағы келісім бүкіл революциямыздың тағдырын шешеді. Бұл қайта қараудың себептері туралы мәселелерге менің толық тоқталып жатуымның қажеті жоқ. Толып жатқан оқиғалардың,— әсіресе соғыс, күйзелушілік, демобилизация және егіннің шықпай қалуының зор ауыртпалығы туғызған мұқтаждықтың шамадан тыс асқынуы салдарынан,— толып жатқан жағдайлардың шаруалар халін өте-мөте ауырлатып, шиеленістіргенін және шаруалардың пролетариаттан буржуазияға қарай ауытқуын сөзсіз күшейткенін сіздер бәріңіз де, әрине, жақсы білесіздер.

Бұл мәселенің теориялық маңызы туралы немесе бұл мәселеге теория жағынан қарау туралы бір-екі ауыз сөз. Күмән жоқ, халқының орасан көпшілігі ұсақ өндіруші-егіншілер болған елде социалистік революцияны толып жатқан ерекше өтпелі шаралар арқылы ғана жүзеге асыруға болады; бұл шаралар дамыған капитализм елдерінде — өнеркәсіп пен егін-

шілікте жалдама жұмысшылар орасан көпшілік болған елдерде мүлде керексіз болар еді. Дамыған капитализм елдерінде ондаған жылдар бойы қалыптасқан жалдама ауыл шаруашылық жұмысшылар табы бар. Тек осындай тап қана әлеуметтік, экономикалық және саяси жағынан социализмге тікелей өтудің тірегі бола алады. Бұл тап жеткілікті дамыған елдерде ғана капитализмнен социализмге тікелей өту мүмкін болады және жалпы мемлекеттік ерекше өтпелі шараларды керек қылмайды. Біз толып жатқан шығармаларымызда, өзіміздің сөйлеген сөздеріміздің бәрінде, бүкіл баспасөзімізде Россиядағы жай мұндай емес екендігін, Россияда өнеркәсіптегі жұмысшылар азшылық, ұсақ егіншілер орасан көпшілік екендігін баса айтып келдік. Мұндай елде социалистік революция тек екі шарт болғанда ғана түпкілікті табысқа жете алады. Біріншіден, оны бір немесе бірнеше алдыңғы қатарлы елдердегі социалистік революция дер кезінде қолдаған жағдайда. Өздеріңіз білесіздер, бұл шартты жасау үшін біз бұрынғыға қарағанда өте көп нәрселер істедік, бірақ мұны өмір шындығына айналдыру үшін әлі жеткілікті іс істегеніміз жоқ.

Екінші шарт — өзінің диктатурасын жүзеге асырып отырған яки мемлекет билігін өз қолында ұстап отырған пролетариат пен шаруа халқының көпшілігі арасында келісім болуы. Келісім дегеніміз — толып жатқан шаралар мен өткелдерді қамтитын өте кең ұғым. Бұл арада мынаны айту керек: біз өзіміздің бүкіл насихатымыз бен үгітімізде істі ашық қоюға тиіспіз. Саясатты кейде тіпті алдауға апарып соғатын ұсақ тәсіл деп ұғатын адамдар біздің арамызда барынша батыл айыпталуға тиіс. Олардың қателерін түзету қажет. Таптарды алдауға болмайды. Біз бұқараның саяси саналылығын арттыру үшін үш жыл ішінде өте көп жұмыс істедік. Бұқара қатаң күрестен бәрінен де гөрі көбірек үйренді. Біз — өзіміздің дүниетануымыз бойынша, ондаған жылдар бойындағы революциялық тәжірибеміз бойынша, революциямыздан алған сабақтарымыз бойынша — мәселені тура қоюы-

мыз керек: бұл екі таптың мүдделері екі түрлі, ұсақ егінші жұмысшының тілейтінін тілемейді.

Өзге елдерде революция әзірше басталмай тұрғанда, Россиядағы социалистік революцияны шаруалармен жасаған келісім ғана сақтап қала алатындығын біз білеміз. Сөйтіп, барлық жиналыстарда, бүкіл баспасөзде, міне, тура осыны айту керек. Жұмысшы табы мен шаруалардың арасындағы бұл келісімнің берік емес екендігін,— «жұқалап» деген сөзді протоколға жазбай, жұқалап айтатын болсақ,— ал тура айтатын болсақ, бұл келісімнің соншама нашар болып отырғанын білеміз. Қалайда біз еш нәрсені жасырмауға тырысуымыз керек, қайта былай деп тура айтуымыз керек: шаруалар біздің олармен арамызда қалыптасқан қатынас формасына наразы, шаруалар қатынастың бұл формасын қаламайды, бұдан әрі бұлайша өмір сүре алмайды. Бұл даусыз. Шаруалардың бұл еркі айқын көрінді. Бұл — еңбекші халықтың орасан мол бұқарасының еркі. Біз мұнымен санасуға тиіспіз, өйткені біз: қане, шаруалар жөніндегі саясатымызды қайта қарайық деп, тура айта алатын жеткілікті дәрежеде байыпты саясатшылармыз. Осы уақытқа дейін болып келген жағдайды,— мұндай жағдайды бұдан әрі сол қалпында қалдыра беруге болмайды.

Біз шаруаларға былай деуге тиіспіз: «Сіздер кері кеткілеріңіз келсе, сіздердің жеке меншік пен еркін сауданы толық қайта қалпына келтіргілеріңіз келсе,— онда мұның өзі сөзсіз, лажсыз помещиктер мен капиталистердің қол астына түсу болады. Мұны толып жатқан тарихи мысалдар мен революция мысалдары дәлелдеп отыр. Мұның болмай қоймайтындығын коммунизм әліппесінен, саяси экономия әліппесінен алынған азғана пайымдаулардың өзі де растайды. Қане, талдап көрейікші. Шаруаларға пролетариаттан ажырап, капиталистер мен помещиктердің өкіметіне қарай кейін кету — елді де кейін кетіру — тиімді ме, әлде тиімсіз бе? Ойластырып көріңіздер, қане, бірлесіп ойласайық».

Ал біздің ойымызша, егер дұрыс ойластырсақ, онда пролетариат пен ұсақ егіншінің экономикалық мүдде-

лерінің алалығы көріп-біліп отырғанымыздай қаншама терең болса да, есеп біздің пайдамызға шешіледі.

Ресурстар жағынан халіміз қанша қиын болса да, орта шаруаларды қанағаттандыру міндеті шешілуге тиіс. Шаруалар бұрынғыдан гөрі анағұрлым орташаланды, қайшылықтар бәсеңдеді, жер пайдаланылу үшін мейлінше тең бөлінді, кулактың тамыры қырқылды және едәуір экспроприацияланды,— бұл экспроприация, Украинамен салыстырғанда, Россияда көбірек, Сибирьде азырақ болды. Бірақ жалпы және тұтас алғанда, статистика деректері деревняның бір деңгейге келтірілгенін, теңелгенін, яғни бір жағы кулактар, екінші жағы егінсіздер болып айқын екіге бөліну жойылғанын мүлде даусыз түрде көрсетіп отыр. Бәрі теңеле бастады, шаруалар жалпы алғанда орташалардың қалпына жетті.

Бұл орта шаруаларды, олардың экономикалық өзгешеліктерін, экономикалық негіздерін қоса алғандағы орта шаруаларды, қанағаттандыра аламыз ба? Егер коммунистердің ішінен біреуі: ұсақ егіншіліктің экономикалық базасын, экономикалық негіздерін үш жылда өзгертуге болады деп үміттенсе, онда ол, әрине, қиялшыл болғаны. Сөйтіп — жасыратыны жоқ — мұндай қиялшылдар біздің арамызда аз болған жоқ. Мұнда пәлендей жаман еш нәрсе де жоқ. Мұндай елде социалистік революцияны қиялшылдарсыз қалай бастай алушы еді? Практика егіншілік шаруашылығын коллективтік жолмен жүргізуде әр түрлі тәжірибелер мен бастамалардың қандай орасан зор роль атқара алатынын, әлбетте, көрсетті. Алайда ең жақсы ниет пен тілектегі адамдар шаруашылықты жүргізу ісін біліп алмай тұрып, деревняға барып, коммуна, коллектив құра бастаған кезде, мұндай тәжірибелердің өзі теріс роль атқарғанын практика көрсетті, өйткені олардың коллективтік тәжірибесі жоқ еді. Бұл коллективтік шаруашылықтардың тәжірибесі шаруашылықты бұлай жүргізбеу керектігінің мысалын ғана көрсетеді: төңіректегі шаруалар күледі немесе ызаланады.

Сіздер мұндай мысалдардың көп болғанын жақсы білесіздер. Қайталап айтамын: бұл таңқаларлық нәрсе

емес, өйткені ұсақ егіншіні өзгерту, оның бүкіл психологиясы мен дағдыларын өзгерту ісі — талай ұрпаққа жететін іс. Тек материалдық база, техника, егіншілікте тракторлар мен машиналарды кең көлемде қолдану, кең көлемде электрлендіру ғана ұсақ егінші жөніндегі бұл мәселені шеше алады, былайша айтқанда, оның бүкіл психологиясын сауықтыра алады. Міне, ұсақ егіншіні осы ғана түп негізінен және барынша тез өзгертер еді. Егер мен талай ұрпаққа жетеді десем, бұл — жүздеген жылдар керек деген сөз емес. Өздеріңіз де жақсы ұғасыздар: тракторды, машиналарды табу, байтақ елді электрлендіру — мұндай іс, қалай да, кемінде ондаған жылдарды керек қылады. Міне, объективті жағдай осындай.

Біз шаруалардың талабын қанағаттандыруға тырысуымыз керек; олар қанағаттанбай отыр, риза болмай отыр, риза болмауы заңды да нәрсе, риза бола алмайды да. Біз оларға: «Иә, мұндай жағдай бұдан әрі болуға тиіс емес» деуіміз керек. Шаруаны қалай қанағаттандыру керек және оны қанағаттандыру дегеніміз не? Шаруаны қалай қанағаттандыру керек деген сұраққа жауапты біз қайдан табамыз? Әрине, шаруалардың сол талаптарының өзінен табамыз. Біз бұл талаптарды білеміз. Бірақ біз ол талаптарды тексеруге, егіншінің экономикалық талаптары жөніндегі білетіндеріміздің бәрін экономикалық ғылым тұрғысынан қарап шығуға тиіспіз. Бұл мәселенің байыбына барар болсақ, біз өзімізге бірден мынаны айтамыз: ұсақ егіншіні, шынында, екі затпен қанағаттандыруға болады. Біріншіден, белгілі дәрежеде айналым еркіндігі болуы керек, жеке меншікші ұсақ қожайын үшін бостандық болуы керек, ал екіншіден, товарлар мен азық-түлік табу керек. Ал айналым жасайтын ештеңе болмаса, айналым еркіндігінен не шығады, сауда қылатын ештеңе болмаса, сауда еркіндігінен не шығады! Бұл құр қағаз жүзінде қала береді, ал таптар қағазға қанағаттанбайды, материалдық заттарға қанағаттанады. Бұл екі шартты жақсылап ұғып алу керек. Екінші шарт туралы,— товарларды қалай табуымызға болады, оларды біз таба аламыз ба — бұл туралы кейінірек ай-

тамыз. Ал бірінші шарт,— айналым еркіндігі — бұл шартқа тоқталып өту керек.

Айналым еркіндігі дегеніміз не? Айналым еркіндігі дегеніміз — сауда еркіндігі, ал сауда еркіндігі — капитализмге қарай шегіну деген сөз. Айналым еркіндігі мен сауда еркіндігі — жеке ұсақ қожайындардың арасындағы товар айырбасы деген сөз. Марксизмнің ең болмаса әліппесін үйренген біздердің бәріміз де мынаны білеміз: бұл айналым мен сауда еркіндігінен товар өндірушілердің капитал иемденуші мен жұмыс қолын иемденушіге бөлінуі, капиталист пен жалдама жұмысшыға бөлінуі сөзсіз келіп шығады, яғни аспаннан түспейді, бүкіл дүние жүзінде нақ товарлы егіншілік шаруашылығынан өсіп-өнетін капиталистік жалдама құлдықтың қайта орнауы келіп шығады. Мұны біз теория жағынан өте жақсы білеміз және Россияда ұсақ егіншінің тұрмысына, шаруашылық жағдайына аңдап қараған кісінің қайсысы болса да, мұны байқамай қала алмайды.

Мынадай сұрақ туады: коммунистік партия сауда еркіндігін мойындап, оған көше ала ма? Бұл арада бітіспейтін қайшылықтар жоқ па? Бұған: бұл мәселе, әлбетте, практика жүзінде шешілуі жағынан өте-мөте қиын мәселе деп жауап беру керек. Мен күні бұрын сезіп отырмын және жолдастармен әңгімелесіп те біліп отырмын: салымды салықпен ауыстыру жөніндегі алдын ала жасалған жоба, сіздерге таратылып берілген жоба,— айырбасқа жергілікті шаруашылық айналымы шеңберінде ғана жол берілетіні жөнінде заңды және болмай қоймайтын сұрақтарды бәрінен де көп туғызады. Ол жөнінде 8-параграфтың аяғында айтылған. Мұның мәнісі не, мұның шегі қандай, оны қалай жүзеге асыруға болады? Егер кімде-кім мұндай сұраққа осы съезде жауап аламын деп ойласа, ол қателеседі. Біз бұл сұраққа жауапты өзіміздің заңдарымыздан аламыз; біздің міндетіміз — тек қана принциптік бағыт белгілеу, ұран көтеру. Біздің партиямыз — үкіметтік партия, сондықтан партия съезі шығаратын қаулы бүкіл республикаға міндетті қаулы болады; ал біз бұл арада бұл мәселені принцип жағынан шешуге

тиіспіз. Біз бұл мәселені принцип жағынан шешіп, бұл туралы шаруаларды хабардар етуге тиіспіз, өйткені егіс уақыты жақындап қалды. Сонан соң — мұны қалай істеу керек екенін көру үшін бүкіл аппаратымызды, бүкіл теориялық күшімізді, бүкіл практикалық тәжірибемізді жұмсауымыз керек. Мұны істеуге бола ма, теориялық тұрғыдан айтқанда, ұсақ егіншілер үшін сауда еркіндігін, капитализм еркіндігін белгілі бір дәрежеде бұрынғы қалпына келтіруге бола ма, мұның өзі пролетариаттың саяси өкіметінің негізін әлсіретіп жібермей ме? Мұны істеуге бола ма? Болады, өйткені мәселе — шамада. Егер біз тым құрығанда азғана мөлшерде болса да товарлар алатын күйге жетіп, ол товарларды мемлекет қолында ұстасақ, саяси өкіметке ие болып отырған пролетариаттың қолында ұстасақ, сөйтіп ол товарларды айналымға сала алсақ,— онда біз, мемлекет ретінде, өзіміздің саяси өкіметімізге экономикалық өкіметті қосар едік. Бұл товарларды айналымға салу — соғыстың ауыр жағдайлары, күйзелушіліктің ауыртпалығы салдарынан, ұсақ егіншілікті өрістетуге мүмкіншіліктің болмауы салдарынан қазір барынша тоқырап қалған ұсақ егіншілікті жандандырады. Ұсақ егіншінің, әзірше ол ұсақ болып қалып отырғанда, өзінің экономикалық базасына сай келетін, яғни жеке ұсақ шаруашылыққа сай келетін ынталандырушысы, қозғаушысы, оятушысы болуы керек. Бұл арада жергілікті айналым еркіндігінен аттап өте алмайсың. Егер бұл айналым мемлекетке өнеркәсіп өнімдеріне айырбастап, қаланың, фабрикалардың, өнеркәсіптің керегін өтеуге жетерлік шамада белгілі бір мөлшерде астық берсе, онда экономикалық айналым қалпына келеді, сөйтіп мемлекеттік өкімет пролетариаттың қолында қалып, нығая түседі. Шаруалар фабрикаларды, заводтарды, өнеркәсіпті өз қолында ұстап отырған жұмысшылардың шаруалармен айналым жасау ісін жолға қоя алатынын өздеріне практика жүзінде көрсетуді талап етеді. Ал, екінші жағынан, жол қатынастары нашар, ұлан байтақ жері бар, климаты әр түрлі, ауыл шаруашылық жағдайлары және басқа да жағдайлары әр қилы, орасан зор егіншілік

елі — жергілікті егіншілік пен жергілікті өнеркәсіп айналымына жергілікті көлемде белгілі бір дәрежеде еркіндік беруді сөзсіз керек қылады. Біз бұл жөнінде шамадан тыс кетіп, өте көп ағаттық істедік: сауда мен өнеркәсіпті национализациялау жөнінде, жергілікті айналымды тоқтату жөнінде тым асыра сілтеп жібердік. Мұның өзі қателік болды ма? Күмән жоқ, қателік болды.

Бұл жөнінде біз шынында көп қателіктер жібердік, сондықтан бұл арада шама сақтамағанымызды, шама сақтай білмегенімізді көрмеу, ұқпау зор қылмыс болар еді. Бірақ бұл арада да амалсыз қажеттілік болды: біз осы уақытқа дейін адам айтқысыз ауыр, сұрапыл соғыс жағдайында өмір сүрдік; мұндай жағдайда бізге экономика саласында да соғыстағыдай қимыл жасаудан басқа ештеңе қалмады. Ал күйзелген елдің осындай соғысқа төтеп бергені керемет болды, бірақ бұл керемет аспаннан түскен жоқ, қайта ол жұмысшы табы мен шаруалардың экономикалық мүдделерінен өсіп шықты; олар бұл кереметті өздерінің жаппай жұмыла көтерілуі арқылы жасады; осы керемет арқылы помещиктер мен капиталистерге тойтарыс берілді. Бірақ сонымен қатар теория жағынан, саясат жағынан қажет болған шамадан біздің асып кеткендігіміз күмәнсыз факт, ал мұны үгіт пен насихатта жасырмау керек. Біз пролетариаттың саяси өкіметін әлсіретпей, қайта нығайта отырып, жергілікті еркін айналымға едәуір дәрежеде жол бере аламыз. Мұны қалай істеу керек — бұл практикаға байланысты іс. Менің міндетім — теория жағынан мұның жүзеге асыруға болатын нәрсе екенін сіздерге дәлелдеп беру. Мемлекеттік өкіметті қолында ұстап отырған пролетариаттың қандай да бір ресурстары болса, ол ресурстарды айналымға салуына, сөйтіп орта шаруаны бірсыпыра қанағаттандыруына, оны жергілікті шаруашылық айналымы негізінде қанағаттандыруына әбден болады.

Енді жергілікті шаруашылық айналымы туралы бірер сөз. Мен ең алдымен кооперация туралы мәселеге тоқталуға тиіспін. Әрине, жергілікті шаруашылық ай-

налымы тұсында бізге кооперация керек-ақ, ал ол бізде қазір шектен тыс тұншықтырылған халге ұшырап отыр. Біздің программамызда өнім бөлудің ең оңды аппараты — капитализмнен қалған кооперация екені, бұл аппаратты сақтау керек екені баса көрсетілген. Программада осылай делінген. Біз мұны орындадық па? Өте жеткіліксіз орындадық, кейде мүлде орындамадық, оның үстіне кейде қатеден, кейде соғыс мұқтажына байланысты орындамадық. Кооперация, шаруашылыққа неғұрлым жақын, экономика жөнінен неғұрлым жоғары элементтерді бөліп шығара отырып, сонымен қатар саясатта меньшевиктер мен эсерлерді де бөліп шығарды. Бұл химия заңы,— бұл арада түк істей алмайсың! (Күлкі.) Меньшевиктер мен эсерлер — саналы түрде болсын, санасыз түрде болсын капитализмді қалпына келтіріп отырған, Юденичтерге жәрдемдесіп отырған адамдар. Бұл да заң. Біз олармен соғысуға тиіспіз. Соғысқан соң, соғыстағыша қимылдау керек: біз өзімізді қорғауға тиісті едік, біз өзімізді қорғап шықтық та. Бірақ қалай да қазіргі күйде қалуға бола ма? Болмайды. Мұнымен қол байлау сөзсіз қате болады. Міне, сондықтан кооперация мәселесі жөнінде мен өте қысқа қарар ұсынамын, енді соны оқиын:

«РКП IX съезінің кооперацияға көзқарас туралы қарарының бәрі қазір заттай салықпен ауыстырылып отырған салым принципін дұрыс деп тану негізінде құрылғандықтан РКП X съезі қаулы етеді:

Жоғарыда көрсетілген қарардың күші жойылсын.

Съезд Орталық Комитетке кооперативтердің құрылымы мен қызметін РКП программасына лайық етіп, салымды заттай салықпен ауыстыруға сәйкестендіріп, жақсартатын, дамытатын қаулы әзірлеуді және партия және совет органдары тарапынан қабылданатын болуын тапсырады»[30].

Сіздер — бұл анық емес дерсіздер. Иә, шынында бұл белгілі бір дәрежеде анық болмауы да керек. Мұның керек болатын себебі не? Себебі — әбден анық болу үшін, бүкіл жыл бойы не істейтінімізді ақырына дейін

білу керек. Мұны кім біледі? Ешкім білмейді, біле де алмайды.

Бірақ IX съездің қарары қол байлау болып отыр, ол: «Азық-түлік комиссариатына бағындыру керек» дейді. Азық-түлік комиссариаты — өте жақсы мекеме, бірақ ұсақ егіншілер жөніндегі көзқарасты қайта қарап отырғанда, кооперацияны міндетті түрде Азық-түлік комиссариатына бағындырып, қол байлау жасау — саясат жүзінде көрінеу қате істегендік болады. Біз жаңадан сайланған Орталық Комитетке — белгілі бір шаралар мен өзгерістер жасап, белгілеуді, біздің ілгері-кейінді басатын қадамдарымызды тексеруді,— мұны қандай шамада істеу керек екенін, саяси мүдделерді қалай қорғау керек екенін, жеңілдеу болу үшін қаншалық дәрежеде кеңшілік болу керек екенін, тәжірибенің нәтижелерін қалай байқау керек екенін тексеруді тапсыруға тиіспіз. Бұл жөнінде біздің алдымызда, теория тұрғысынан айтқанда, толып жатқан өтпелі сатылар, өтпелі шаралар тұр. Бізге бір нәрсе айқын: IX съездің қарары біздің қозғалысымыз тура жолмен жүреді деп ұйғарған еді. Шынында, революциялардың бүкіл тарихында үнемі болып келгендей, қозғалысымыз бұраң жолмен жүрді. Мұндай қарармен қол байлау — саяси қате. Бұл қарардың күшін жоя отырып, біз: кооператив аппаратының маңызын баса көрсетіп отырған программаны басшылыққа алу керек дейміз.

Қарардың күшін жоя отырып, біз: салымды салықпен ауыстыруға бейімделіңдер дейміз. Ал мұны біз қашан жүзеге асырамыз? Мұны егін жинаудан бұрын жүзеге асыра алмаймыз, яғни бірнеше айдан кейін ғана жүзеге асыра аламыз. Бұл әр жерде бірдей бола ма? Еш уақытта бірдей болмайды. Орталық Россияны, Украинаны, Сибирьді бір қалыпқа салу, белгілі бір қалыпқа бағындыру барып тұрған зердесіздік болады. Мен жергілікті айналым еркіндігі туралы осы негізгі пікірді съезд қаулысы түрінде жариялауды ұсынамын[31]. Менің ойымша, бұдан кейін жақын арада Орталық Комитет сөзсіз хат жазады; онда Орталық Комитет былай деп айтады және, әрине, менің қазір

айтып тұрғанымнан гөрі жақсырақ айтады (біз мұны жақсылап жазатын таңдаулы әдебиетшілерді табамыз): еш нәрсені бүлдірмеңдер, асықпаңдар, шалағай сәуегейлікке салынбаңдар, жұмысқа пролетариаттың мүдделерін бұзбай, орта шаруаларды барынша қанағаттандыратындай болып кірісіңдер. Қай нәрсені болса да байқап көріңдер, практикада, тәжірибе жүзінде зерттеңдер, сонан соң бізбен пікір алысып, не бітіргендеріңді айтыңдар, ал біз жинақталған тәжірибені ескеретін дербес комиссия немесе тіпті бірнеше комиссия құрамыз, тіпті бұл іске «Пролетариат диктатурасы заманындағы қағаз ақша» деген кітаптың авторы Преображенский жолдасты арнайы тартамыз деп ойлаймын. Бұл өте маңызды мәселе, өйткені ақша айналымы — елдегі айналымның күйін өте жақсы тексеретін нәрсе, ал бұл айналым теріс болса, онда ақша керексіз қағаз болып шығады. Кейін тәжірибеге сүйеніп ілгері басу үшін біз келісілген шараларды он мәрте тексеруіміз керек.

Бізге: товарды қайдан табу керек?— деп сұрақ қойып, соны білгісі келетіндер бар. Өйткені сауда еркіндігі товарды керек қылады ғой, ал шаруалар — өте ақылды адамдар және олар мысқылдауды өте жақсы біледі. Біз қазір товар таба аламыз ба? Қазір товар таба аламыз, өйткені біздің халықаралық көлемдегі экономикалық жағдайымыз орасан зор дәрежеде жақсарды. Біз халықаралық капиталға қарсы күресіп отырмыз; бұл капитал біздің республиканы көріп: «Бұлар — қарақшылар, крокодилдер» деген (бұл сөздерді маған сөзбе-сөз айтқан — Англияның бір суретші әйелі, ол бұл сөздерді ең ықпалды саясатшылардың бірінен есіткен)[32]. Ал крокодилдер болған соң оларды тек жек көруге ғана болады. Міне бұл халықаралық капиталдың үні еді. Бұл тап жауының үні еді және оның көзқарасынша дұрыс үн еді. Бірақ мұндай тұжырымдардың дұрыстығы іс жүзінде тексеруді керек қылады. Егер сен бүкіл дүние жүзілік, құдіретті күш болсаң, бүкіл дүние жүзілік капитал болсаң, егер сен: «крокодил» дейтін болсаң, бүкіл техника сенің қолыңда ғой,— онда атып көр! Ал ол атып көргенде, мұның

өзі оның өз жанына бататын болып шықты. Сондықтан нақты саяси және экономикалық өмірмен санасуға мәжбүр болған капитал: «Сауда жасасу керек» деп отыр. Біздің аса ұлы жеңісіміз осында болып отыр. Қазір мен сіздерге айтайып, бізге алтын есебімен жүз миллион сомдай заем береміз деген екі ұсыныс бар. Алтын дегенің бізде бар, бірақ алтынды сатуға болмайды, өйткені бұл — жеуге болмайтын нәрсе. Жұрттың бәрі қатты күйзелді, капиталистік мемлекеттердің арасындағы валюталық қатынастар соғыстың салдарынан барлық елдерде адам айтқысыз астан-кестен болды. Оның үстіне, Европамен қарым-қатынас жасау үшін флот болуы керек, ал бізде ол жоқ. Флот — дұшпандардың қолында. Біз Франциямен ешқандай шарт жасасқан жоқпыз; оның есебінше біз оған борыштымыз, олай болса, көрінген кемені — «бері әкел, бұл менікі» демекші. Оларда әскери флот бар, бізде жоқ. Міне осындай жағдайдың салдарынан біз осы уақытқа дейін алтынды аз, болмашы, тіпті кісі күлерлік болмашы мөлшерде жұмсап келдік. Енді банк капиталистерінің — жүз миллион сомдық заем берейік деген екі ұсынысы бар. Әрине, ол капитал тонап проценттер алады. Ал осы уақытқа дейін олар бұл туралы мүлде ештеңе айтпаушы еді, олар осы уақытқа дейін: «Мен сені атып тастап, тегін алам» — деуші еді. Енді олар, атып тастай алмайтын болған соң, сауда жасасуға дайынбыз деп отыр. Америкамен, Англиямен сауда шартын жасасудың сәті түсіп келеді деуге болады; концессия жөнінде де солай. Мен кеше осында жүрген мистер Вандерлиптен тағы да хат алдым; ол, толып жатқан шағымдар жасаумен қатар, концессия мен заем жөнінде де толып жатқан жоспарларын мәлім етеді. Бұл — Солтүстік Американың батыс штаттарымен, Жапонияға қарсы неғұрлым дұшпандық ниетте болып отырған штаттармен байланысы бар, финанс капиталының нағыз ешпіл өкілі. Сондықтан бізде товар табудың экономикалық мүмкіншілігі бар. Мұны біз қаншалық дәрежеде істей аламыз — бұл екінші мәселе, бірақ белгілі бір мүмкіншілік бар.

Қайталап айтамын: жоғарыдан қарағанда шетел капитализмімен блок жасасу болып көрінетін экономикалық қатынастар типі пролетарлық мемлекеттік өкіметтің шаруалармен төменнен еркін айналым жасауына мүмкіншілік береді. Бұған кейбір күле қараушылар болғанын білемін,— мен мұны бұрын да айтқанмын. Москвада бірталай бюрократ интеллигенция тобы бар, ол топ «қоғамдық пікір» тудырмақшы болып жүр. Ол топ мысқылдап былай деп отыр: «Коммунизм міне қалай болып шықты! Балдақты аяқ еткен, бет-аузын түгелдей таңып алған адам сияқты, сөйтіп коммунизмнен жұмбақ бір сүлде ғана қалып отыр». Мен мұндай әзіл-оспақты жетерліктей-ақ естідім, бірақ бұл әзіл-оспақ не бюрократтық, не жөн-жосықсыз айтылған әзіл-оспақ! Россия соғыстан титықтап шықты, оның халі өлесі болып таяққа жығылған адамның халіне көбірек ұқсайды: оны жеті жыл бойы төпеледі,— енді міне, құдай жарылқап, балдақпен жүре алса да болғаны! Міне біз осындай жағдайдамыз! Бұл арада балдақсыз-ақ жүріп кете аламыз деп ойлау — еш нәрсені ұқпау деген сөз! Әзірше басқа елдерде революция болмай тұрған кезде, бұл жағдайдан біз ондаған жылдар бойы тырбанып барып шыға алған болар едік, сондықтан бұл арада алдыңғы қатарлы ірі капитализмнің көмегін қалай да болса алу үшін, біздің ұшан-теңіз байлығымыздан, біздің бай шикізат қорымыздан жүз миллиондаған, тіпті миллиардтаған сом жұмсаудан аянбауымыз керек. Біз кейін оны өзімізге еселеп қайтарып аламыз. Ал адам айтқысыз күйзелген елде, шаруалары барынша басым елде, оның өзі де күйзелген елде, капиталдың көмегінсіз пролетарлық өкіметті ұстап тұруға болмайды,— әрине, ол көмегі үшін капитал жүздеген процент алады. Мұны ұғу керек. Міне, сондықтан — не осы экономикалық қатынастар типін жүзеге асырамыз, не ештеңе істей алмаймыз. Кімде-кім мәселені басқаша қойса, ол практикалық экономикадан мүлде ештеңе ұқпағаны, қандайда бір қысыр сөзге салынып құтылмақшы болғаны. Бұқараның әбден шаршап, титықтауы сияқты фактіні мойындау керек. Алдыңғы қатарлы елдерде төрт жылға

созылған соғыстың зардабы әлі күнге дейін сезіліп отырғанда, біздегі жеті жылға созылған соғыстың зардабы қалайша жойыла коймақ?!

Бізде, біздің артта қалған елімізде, жеті жылдық соғыстан кейін, адам айтқысыз құрбандыққа ұшыраған жұмысшылар және шаруалар бұқарасы әбден титықтады. Бұлай титықтау, бұл күй — жұмыс істеуге мүлде мүмкіншілік бермеуге жақын. Бұл арада экономикалық тыныс керек. Біз алтын қорын өндіріс құрал-жабдықтарына жұмсауды көздеген едік. Ең жақсысы — машина жасау, ал біз ол машиналарды сатып ала қалған күнде, осы сатып алуымызбен біз өз өндірісімізді құра алған болар едік. Бірақ бұл үшін жұмыс істей алатын жұмысшы болуы керек, шаруа болуы керек; ал ол көбінесе жұмыс істей алмай отыр: ол қажыды, шаршады. Оны қолдау керек, алтын қорын, біздің бұрынғы программамызға қарамастан, тұтыну заттарына жұмсау керек. Біздің бұрынғы программамыз теория жағынан дұрыс болғанмен, практика жағынан негізсіз болды. Мен Лежава жолдастан алған анықтаманы жариялайын. Ол анықтамаға қарағанда, Литвадан, Финляндиядан және Латвиядан бірнеше жүз мың пұт түрлі азық-түлік заттары сатып алынған, олар өте жедел түрде келе жатыр. Бүгін мынадай хабар алынды: Лондонда $18^1/_2$ миллион пұт мөлшерде көмір сатып алу келісіміне қол қойылған; біз Петроград өнеркәсібі мен тоқыма өнеркәсібін жандандыру үшін мұны сатып алуға қаулы еткенбіз. Егер біз шаруа үшін товарлар алсақ, бұл, әрине, программаны бұзғандық болады, бұл теріс болады, бірақ жұрттың тыныс алуы керек, өйткені халықтың шаршағандығы сонша, бұлай етпеген күнде оның жұмыс істей аларлық халі жоқ.

Енді жеке товар айырбасы жөнінде айтуға тиіспін. Егер біз айналым еркіндігі туралы айтып отырған болсақ, бұл жеке товар айырбасына жол беру деген сөз, яғни кулактарды көтермелеу деген сөз. Қайтпек керек? Салымды салықпен ауыстыру — кулактар мұндай жағдайда бұрынғыдан да көбірек өсіп шығады деген сөз, мұны жасырмау керек. Кулактар бұрын өсіп шы-

ға алмаған жерлерде енді өсіп шығады. Бірақ бұған қарсы күресекенде тыйым салу шаралары арқылы күресу керек емес, қайта мемлекеттік бірлестік арқылы және жоғарыдан жасалған мемлекеттік шаралар арқылы күресу керек. Егер сен шаруаларға машина бере алсаң, онда сен оларды көтергенің, ал сен машина немесе электр қуатын берсең, онда он мыңдаған немесе жүз мыңдаған ұсақ кулактар құритын болады. Әзірше мұны бере алмайды екенсің, белгілі бір мөлшерде товар бер. Егер товар сенің қолыңда болса — билік те сенің қолыңда, ал мұндай мүмкіншілікті тоқтатып тастау, жоқ қылу, құрту — айналымның қандай мүмкіншілігін болса да жою деген сөз, орта шаруаларды қанағаттандырмау деген сөз; онда олармен бірлесіп тұруға болмайтын болады. Россияда шаруалардың көпшілігі орташаланды, сондықтан айырбас жеке айырбас болады деп қорқатын дәнеңе жоқ. Мемлекетке кім де болса айырбасқа бірдеңе бере алады. Біреуі — артық астығын бере алады, екінші біреуі — огород өнімдерін, үшінші біреуі — еңбек міндеткерлігін бере алады. Негізінен алғанда жағдай мынадай: біз орта шаруаларды экономика жағынан қанағаттандыруға тиіспіз және айналымға еркіндік беруге тиіспіз, өйтпеген күнде, халықаралық революция кешеуілдеп тұрғанда, Россияда пролетариат өкіметін сақтап қалуға болмайды, экономикалық жағынан болмайды. Мұны жете ұғу керек және бұл туралы сөз қылудан ешбір қорықпау керек. Салымды заттай салықпен ауыстыру туралы қаулының жобасында (текст сіздерге таратылған) сіздер сәйкеспеушілік көп екенін, қайшылықтың бар екенін көресіздер, сондықтан да біз оның соңғы жағында былай деп жаздық: «Съезд салымды заттай салықпен ауыстыру туралы Орталық Комитеттің ұсынған ережелерін негізінен (бұл өте көп ұғымды, көп мағыналы сөз) мақұлдап, партияның Орталық Комитетіне бұл ережелерді неғұрлым тез сәйкестендіруді... тапсырады»[33]. Біз ол ережелердің сәйкестендірілмегенін білеміз, біз мұны істеп үлгіре алмадық, біз бұл жұмыстың егжей-тегжейіне бара алмадық. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті

мен Халық Комиссарлары Советі салықты жүзеге асырудың формаларын егжей-тегжейлі белгілеп, тиісті заң шығарады. Мынадай тәртіп белгіленді: егер сіздер бұл жобаны бүгін қабылдасаңыздар, онда бұл Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің бірінші сессиясында-ақ қаулы етіліп шығарылады; ол сессия да заң шығармайды, түрі өзгерген ережені ғана шығарады; сонан соң Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі оны заңға айналдырады, ал бұдан да гөрі маңызды нәрсе — практикалық нұсқаулар береді. Ең маңыздысы — жергілікті жерлерде осының мәнін ұғып, бізді қуаттайтын болуы керек.

Салымды салықпен ауыстыру бізге не үшін керек болды? Салым артық астықтың бәрін алуды, міндетті түрде мемлекеттік монополия орнатуды көздеді. Біз басқаша істей алмадық, біз өте ауыр мұқтаждықта болдық. Социализм тұрғысынан алғанда мемлекеттік монополия ең жақсы жол деп қабылдау теория жағынан міндетті нәрсе емес. Өнеркәсібі бар,— шынында өнеркәсібі істеп жатқан,— шаруалар елінде, бірсыпыра мөлшерде товар болса, өтпелі шара ретінде, салық пен еркін айналым жүйесін қолдануға болады.

Бұл айналымның өзі — шаруаны ынталандырады, оятады, оған түрткі болады. Қожайын өз мүддесі үшін тырыса алады, тырысуға тиіс те, өйткені одан барлық артық астық алынбайды, салық қана алынады, ал бұл салықты, мүмкіндігінше, күні бұрын белгілеу керек болады. Ең негізгісі — ұсақ егіншіні өз шаруашылығын жүргізуге ынталандырып, оятуға, түрткі болуға тиіс. Біз мемлекеттік экономикамызды орташаның экономикасына бейімдей құруымыз керек; орташаның экономикасын біз үш жыл ішінде қайта құра алмадық, әлі он жыл ішінде де қайта құра алмаймыз.

Мемлекет алдында белгілі бір азық-түлік міндеті тұрды. Сондықтан біздің салымымыз былтырғы жылы көбейтілді. Ал салық аз болуға тиіс. Цифрлар дәл белгіленген жоқ, оны белгілеуге де болмайды. Поповтың: «Совет республикасының және онымен федерацияға біріккен республикалардың астық өнімі» деген кітап-

шасында біздің Орталық статистика басқармасының материалдары келтірілген, ол материалдарда дәл цифрлар берілген және ауыл шаруашылық өндірісінің қандай себептерден төмендегені көрсетілген.

Егер егін шықпай қалса, басы артық астық алынбайды, өйткені артық астық болмайды. Онда бұл астықты шаруалардың аузынан жырып алуға тура келер еді. Егер егін шықса, онда жұрттың бәрі аз-аздап қана ашығады да, мемлекет аман сақталып қалады,— не, егер тойып ішуге халі жоқ адамдардан астық ала алмасақ, мемлекет құриды. Шаруалар арасында жүргізетін насихатымыздың міндеті осы. Егер егін бітімі тәуір болса — жарты миллиард пұттай басы артық астық түседі. Бұл астық тұтынуға толық жетеді және бірсыпыра қор да жасаймыз. Барлық істің түйіні — шаруаларды экономикалық тұрғыда ынталандыруда, көтермелеуде. Ұсақ қожайынға: «Сен, қожайын, азықтүлік өндіре бер, ал мемлекет азғантай ғана салық алады» деуіміз керек.

Маған берілген уақыт аяқталып келеді, мен енді бітіруім керек. Мен қайталап айтамын: біз қазір заң шығара алмаймыз. Біздің қарарымыздың кемшілігі сол, ол нағыз заң бола алмайды,— партия съезінде заң жазылмайды. Сондықтан біз Орталық Комитеттің қарарын негізге алуды және оның ережелерін сәйкестендіруді Орталық Комитетке тапсыруды ұсынамыз. Біз бұл қарардың текстін бастырамыз, сонан соң жержердегі қызметкерлер бұл қарарды сәйкестендіруге және оған түзету енгізуге тырысады. Бұл қарарды ақырына дейін сәйкестендіруге болмайды, бұл — шешілмейтін міндет, өйткені өмірдің өзі тым әр қилы. Өтпелі шараларды іздеу — өте қиын міндет. Мұны тез арада, оп-оңай істей қоюға реті келмейді екен — бұдан біздің еңсеміз түспейді, біз дегенімізге жетеміз. Біздің үкімет жұмысшы табының және еңбекші шаруалар келісе алатын еңбекшілердің (бұлар халықтың оннан тоғыз бөлігіндей) өкілі екенін, кері бұрылудың қандайы болса да бұрынғы патша үкіметіне қайта оралу болатынын азды-көпті саналы шаруаның түсінбеуі мүмкін емес. Мұны Кронштадт тәжірибесі көрсетіп

отыр. Ондағылар ақ гвардияшыларды да, біздің өкіметті де қаламайды,— ал басқа өкімет жоқ,— сондықтан ондағылардың жағдайы: біздің жолымызды жақтауға, қандай да болса жаңа үкіметке қарсы үгіт жүргізуге өте қолайлы болып отыр.

Біздің қазір шаруалармен келісуге мүмкіншілігіміз бар, міне, осыны практика жүзінде, шебер, тапқырлықпен, икемділікпен жүзеге асыру керек. Біз Азық-түлік комиссариаты аппаратын білеміз, бұл біздің ең жақсы аппараттарымыздың бірі екенін білеміз. Басқа аппараттармен салыстырғанда, бұл ең жақсы аппарат екенін көріп отырмыз, сондықтан ол сақталып қалуға тиіс, бірақ аппарат саясатқа бағындырылуға тиіс. Егер біз шаруалармен арадағы қатынасымызды жолға қоя алмасақ, Азық-түлік комиссариатының аппараты қанша тамаша болса да, бізге түкке керегі жоқ. Онда бұл тамаша аппарат біздің тапқа емес, Деникин мен Колчакқа қызмет ететін болады. Саясат батыл өзгерісті, икемділікті, ретін тауып өткелден өтуді керек қылып отырған екен,— басшылар мұны ұғуға тиіс. Мықты аппарат қандай қимыл-әрекетке болса да жарамды болу керек. Ал егер аппараттың мықтылығы сіресіп қатып қалушылыққа айналса, өзгеріс жасауға кедергі болса, онда күрес болмай қоймайды. Сондықтан барлық күшті қалай да болса дегенімізді істеуге, аппаратты саясатқа толық бағындыруға жұмсау керек. Саясат дегеніміз таптар арасындағы қатынас — мұның өзі республиканың тағдырын шешеді. Аппарат, көмекші құрал ретінде, неғұрлым мықты болса, ол соғұрлым тәуір, қимыл-әрекет жасауға жарамды болады. Ал егер ол мұны орындай алмайтын болса, онда ол түкке де жарамайды.

Мен сіздерді мына негізгі нәрсені ескеруге шақырамын: қарарды тәптіштеп, толық түсініктерімен әзірлеу — бірнеше айлық жұмыс. Ал қазір біз мынадай негізгі нәрсені ескеруіміз керек: біз қабылдаған қарар туралы бүгін кешке радио арқылы бүкіл дүние жүзін хабарландырып,— үкіметтік партияның съезі негізінен алғанда салымды салықпен ауыстырып отыр, сөйтіп ұсақ егіншінің өз шаруашылығын ұлғайта беруіне,

егісті көбейте түсуіне толып жатқан демеу беріп отыр, съезд осы жолға түсіп, пролетариат пен шаруалардың арасындағы қатынас жүйесін түзеп отыр және осы жолмен пролетариат пен шаруалардың арасында берік қатынас орнайтынына сенім білдіріп отыр деуіміз керек. (Д у қ о л ш а п а л а қ т а у.)

«Правда» № 57 және «Известия ВЦИК» № 57, 16 март, 1921 ж.

6
САЛЫМДЫ ЗАТТАЙ САЛЫҚПЕН АУЫСТЫРУ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА БОЙЫНША 15 МАРТТА СӨЙЛЕНГЕН ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

Жолдастар, мен өте қысқаша ескертулер жасаумен шектелемін ғой деп ойлаймын. Ең алдымен Сибирьдегі азық-түлікшілер туралы мәселе жөнінде. Ярославский мен Данишевский мынадай бір хабарлама жасауымды өтініп еді. Егер Дрожжин сотқа берілген болса, онда мұның өзі: оның айыпты емес екенін нақты көрсету үшін істеліп отыр. Мен бұл арада күмәнданған пікірлер естіп тұрмын, бірақ, қалай дегенмен, мұның өзі — дұрыс көзқарас екенін айту керек. Кінәлаулар мен өсек-аяңдар жиі айтылып жатады, сондықтан олардың жалғандығын осы жолмен көрсету — әбден дұрыс тәсіл. Сонан соң, дүрелегені, азаптағаны үшін, әйелдерді зорлағаны және басқа қылмысты күнәлары үшін Тюменьнің бірсыпыра азық-түлік қызметкерлері атылған. Демек, бұл ретте мұны азық-түлік жұмысымен ешбір байланыстыруға болмайды, қайта мұнан тіпті тура қылмысты сорақылықтардың белең алып отырғанын көру керек, бұларға азық-түлік жұмысы жүріп жатқан жағдайда әдеттегіден қатаң жазалар қолдану талап етіледі. Сондықтан осы жағынан алғанда шараның дұрыс қолданылғаны күмәнсыз. Енді менің ең әуелі кооперация туралы мәселе жөнінде бірер сөз айтып өткім келеді. Цюрупа жолдастың баяндамасы,— оның өзі айтқандай және осы арада біздің бәріміз естігендей,— баяндамашыға принципі жағынан басқа көзқарасты қарама-қарсы қою мағынасында айтсақ, қосымша баяндама болып қалған жоқ. Орталық

Комитеттің салымды салықпен ауыстыру туралы шешімінің соншалық бірауызды болғанын, ал ең бастысы, жергілікті жерлерде қайсыбір жолдастар бұған қарамастан, практикалық тәжірибенің көрсетулері бойынша, сол біздің келген қорытындыларымызға келгенін съездің жұмыстары басталмай тұрғанда-ақ бірден көрдік,— сондықтан мұндай шараның пайдалылығы мен қажеттілігіне күмән келтіруге шынымен-ақ мүмкіндік жоқ. Сонымен Цюрупа жолдастың баяндамасы бірсыпыра мәселелер жөнінде жасалған қосымша, сақтандыру болып шықты, сөйтіп онда басқа саясатты ұсыну деген болған жоқ.

Цюрупа жолдастың баяндамасында тек кооперация туралы мәселе ғана осы жалпы бағыттан шегінгендік болды. Осында Цюрупа жолдас менің ұсынып отырған қарарыма қарсы шықты, бірақ, меніңше, оның қарсылықтарын аса дәлелді деп тануға болмайды. Жергілікті еркін шаруашылық айналымының қатынастары өзінің қоры жағынан алғанда қалай дамитын болады,— кооперация арқылы ма әлде жекеше ұсақ сауданы қайта жаңғырту жолымен дами ма,— мұны біз қазір біржолата анықтай ала қояр ма екенбіз. Бұл мәселені қарау керек,— бұған күмән жоқ,— міне бұл жөнінде де біздің жергілікті тәжірибеге барынша мұқият зер салуымызға тура келеді; бұған, әрине, бәріміз де келісеміз. Алайда, менің ойымша, кооперацияның белгілі артықшылығы сақталып қала береді. Егер кооперация саясат жағынан алғанда, менің жоғарыда айтып өткенімдей, бізге саяси жау, іс жүзінде колчактық және деникиндік саясатты жүргізуші элементтердің ұйымдасатын, жиналатын, бірігетін орны болатын болса,— онда, әрине, кооперация ұсақ шаруашылыққа, ұсақ саудаға қарағанда тек істің формасын ғана өзгертеді. Әлбетте, қандай да болсын кулактардың саралаиып шығуы және ұсақ буржуазиялық қатынастардың дамуы тиісті саяси партияларды туғызады; мұндай партиялар Россияда ондаған жылдар бойына қалыптасып келді және олар бізге жақсы мәлім. Бұл арада біздің таңдайтынымыз бұл партияларға жол беру немесе жол бермеу емес,— ұсақ буржуазиялық эко-

номикалық қатынастар бұл партияларды сөзсіз туғызып отырады,— қайта біз таңдағанда, онда да белгілі дәрежеде ғана, осы партиялардың шоғырлану, қимылдарын біріктіру формаларының бірін ғана таңдауымыз керек. Бұл жөнінде кооперация оңып тұрған жоқ деп дәлелдеуге ешбір болмайды. Керісінше, кооперация жөнінде коммунистердің үнемі ықпал ету, бақылау жүргізу құралдары дегенмен де біраз көбірек болады.

IX съездің кооперация туралы қарарын осында Цюрупа жолдас үзілді-кесілді қоргады, ал Милютин жолдас оған үзілді-кесілді қарсы шықты.

Реті келгенде айта кетейік, Цюрупа жолдас кооперация туралы мәселені съезд шешкенге дейін бұл мәселе жөнінде болған күресті мен өз көзіммен көрдім деді. Бұл фактіні мен растауға тиіспін. Шынында да, күрес болды, ал IX съездің қарары азық-түлік ведомствосының неғұрлым басым болуын, немесе дұрысырақ айтқанда, толық басым болуын қамтамасыз ету мақсатымен ол күресті тоқтатты. Бірақ қазір осы пікірге бола барынша еркін қимылдаудан және кооперация жөнінде қолданылатын саяси шараларды еркін таңдап алудан бас тарту, күмән жоқ, енді саяси жағынан теріс болған болар еді. Жұрттың барлығы үшін негізінен алғанда міндетті болып табылатын, осы күресті тоқтататын съезд қарары болғандағыдан гөрі, ондаған мәжілістерде ұсақ күресті, тіпті ұрыс-керісті қадағалап отыруға душар болуым маған, айталық, Халық Комиссарлары Советінің председателі тұрғысынан қарағанда, әрине, әлдеқайда ұнамсыз-ақ жағдай. Бірақ бұл сияқты жан тыныштығын ойламай, қайта белгілі бір экономикалық саясатты іске асыру мүдделерімен санасу керек. Осы нақтылы мәселеде біздің саясатымыздың осы өзгерісін жүзеге асыруда толып жатқан нақты қиыншылықтар туады; мұны сіздер осында бәріңіз де көрдіңіздер, осында мен алған толып жатқан жазба сұрақтар,— тау болып үйілген жазба сұрақтар,— мұны бұрынғыдан да айқын растап отыр. Істің мәні осында. Бұларды біздің бірден шеше алмайтындығымызға да ешбір күмән жоқ. Егер біз IX съездің кооперация туралы қарарын қалпында қалдыратын

болсақ, онда біз өзімізге қол байлау жасаймыз. Біз өзімізді мынадай жағдайға қоямыз: съезге толық бағынышты болғандықтан және оның саясатын жүргізуге міндетті болып отырғандықтан, біз бұл қарардың әліппесінен шегіне алмаймыз. Қарар ылғи салым жайын еске салып отырады, ал сіздер оны салықпен ауыстырасыздар.

Біз шаруашылық айналымы еркіндігін қандай шамада сақтайтындығымызды білмейміз.

Белгілі дәрежеде шаруашылық айналымының еркіндігін сақтауға тиіспіз, бұл күмәнсыз. Мұның экономикалық жағдайларын ескеру керек, тексеріп көру керек. Сондықтан, әрине, IX съездің қарарының күшін жою бізді қайтадан мынадай жағдайға тап қылады: белгілі дәрежеде құпия сияқты болып келген мәселе жария мәселеге айналады. Бірақ бұл мүлде сөзсіз нәрсе. Мұны аттап өту экономикалық саясаттың өзіміз белгілеген, шаруалар үшін, күмән жоқ, неғұрлым қолайлы қатынастарын негізінен бүлдіру деген сөз.

Салымды салықпен ауыстыру шаруалар үшін неғұрлым қолайлы экономикалық саясат болып табылады, бұл жөнінде, сірә, осы съезде екі ұдай пікір болған жоқ, ал жалпы алғанда коммунистердің арасында да екі ұдай пікір болған жоқ. Бұл жөнінде бізде партияда жоқ шаруалардан да толып жатқан мәлімдемелер бар. Бұл әбден анықталған нәрсе. Тіпті осының бір өзі үшін де біз осындай өзгеріске баруымыз керек. Сондықтан мен кооперация жөніндегі қарарды тағы да оқып беремін: «РКП IX съезінің кооперацияға көзқарас туралы қарарының бәрі қазір заттай салықпен ауыстырылып отырған салым принципін дұрыс деп тану негізінде құрылғандықтан, РКП X съезі қаулы етеді:

Жоғарыда көрсетілген қарардың күші жойылсын.

Съезд Орталық Комитетке кооперативтердің құрылымы мен қызметін РКП программасына лайық етіп, салымды заттай салықпен ауыстыруға сәйкестендіріп жақсартатын, дамытатын қаулы әзірлеуді және партия және совет органдары тарапынан қабылданатын болуын тапсырады».

Мен съезге Орталық Комитеттің атынан бірінші қарарды — салымды салықпен ауыстыру туралы алдын ала жасалған жобаны — қабылдауды, оны негізінен мақұлдауды ұсынамын, сонымен қатар кооперация туралы екінші қарарды да келісіп, әзірлеп, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетіне ұсыну партияның Орталық Комитетіне тапсырылсын.

Енді міне осында жасалган ескертпелерге көшемін. Мынаны айту керек: мен алған запискалардағы көтерілген мәселелердің ұшы-қиырсыз көптігі соншалық, запискалардың тау болып үйілгені соншалық, мен оларда қозғалып отырған мәселелерді атап өте алмайтыным былай тұрсын, тіпті бұл мәселелер жөнінде қазір әңгімені жүргізе беруге болатындай етіп олардың бәрін түгел топ-топқа болу міндетінен де мүлде бас тартуға мәжбүр болып отырмын. Амал не, мен бұдан бас тартуға мәжбүр болып отырмын, ал мәселені опан әрі талқылауға керекті материал ретінде запискаларды сақтаймын.

Бұларды, бәлкім, баспасөз үшін неғұрлым егжей-тегжейлі пайдалануға мүмкіндік болар немесе, ең болмағанда, салымды салықпен ауыстыру туралы заңды әзірлеу ісімен неғұрлым тікелей шұғылдануға тиіс барлық экономист жолдастарға, әкімшілік қызметкерлерге және саяси жетекшілерге егжей-тегжейлі, шынында да толық мәлімет беретіндей етіп оларды жинастырып, топ-топқа бөліп шығуға мүмкіндік болар. Мен дәл қазір негізгі екі арнаны ғана бөліп алып, негізгі екі қарсылық немесе ескертпелер туралы, осы запискаларда көтерілген мәселелердің негізгі екі типі немесе екі тобы туралы бірер сөз айта аламын.

Біріншісі — мәселені жүзеге асыру әдісін көрсету: бұл шараларды нақтылы жүзеге асыру үстінде қандай қиыншылық болатыны және шешілмеген көп мәселелер туатыны жөнінде сан алуан және егжей-тегжейлі көрсетулер толып жатыр. Мен өзімнің бірінші баяндамамның өзінде-ақ: бұл сияқты көрсетулердің болуы әбден сөзсіз және бұл қиыншылықтарды шешуге біздің дәл қалай кірісетінімізді қазір бірден біле қоюға ешбір мүмкіндік жоқ деп ескерткен болатынмын.

Екіншісі — жалпылама — бұлар экономикалық саясаттың негіздерін көрсетуге саяды. Ал осында шығып сөйлеген шешендердің көбісінің, тіпті көпшілігінің, өздерінің сөздерінде айтқандары және түскен запискалар нені көрсетіп отыр — ұсақ буржуазия, буржуазия және капитализм сөзсіз күшейеді дегенді көрсетіп отыр. «Сіздер мұнымен,— деп жазды кейбіреулер өздерінің запискаларында,— буржуазияның, ұсақ өнеркәсіптің дамуы үшін, капиталистік қатынастардың дамуы үшін есікті айқара ашып беріп отырсыздар». Бұл жөнінде, жолдастар, мен өзімнің бірінші баяндамамда айтқанымды белгілі дәрежеде қайталай отырып, мынаны айтуға тиіспін: елімізде қазірдің өзінде ірі капиталистік қатынастар басым болып отыр ма әлде онда ұсақ шаруашылық басым ба, осыған байланысты капитализмнен социализмге өту түрліше формаларда болады, бұған ешбір күмән жоқ. Міне, осы жағынан алғанда мен мынаны айта кетуге тиіспін: жұрт менің сөзімдегі кейбір қорытындыларды сынады, мемлекеттік капитализмнің ұсақ еркін айналыммен арақатынасын сынады, бірақ сөйлеген шешендердің ішінен жоғарыда көрсетілген қағидаларды сынаған ешкім болмады, маған бұларды сынаған бірде-бір записка түскен жоқ (мен дегенмен бұл запискалардың көпшілігін оқып шықтым, ал запискалар әлденеше ондаған еді), сөйтіп мен бірде-бір ондай записканы көрмедім. Егерде біздің ірі өнеркәсібі басым, немесе, айталық тіпті, басым емес, бірақ өте күшті дамыған және егіншілікте ірі өндірісі өте-мөте дамыған мемлекетіміз болса, онда коммунизмге тікелей өту мүмкін нәрсе. Мұнсыз коммунизмге өту экономика жағынан мүмкін емес. Милютин жолдас осында бізде сындарлы жүйе бар еді, және біздің заңдарымыздың өзі, оның айтқанындай, белгілі дәрежеде бұл сияқты өтудің сындарлы жүйесі болды, алайда, бұл жүйе ұсақ буржуазияға бырсыпыра кеңшіліктер беру қажеттігін ескермеді дегенді айтты. Бұлай дегенде, Милютин жолдас менің жасап отырған қорытындымды жасамады. Бізде қалыптасқан сындарлы бұл жүйе экономикалық қажеттерге, пікірлер мен жағдайларға байланысты емес,

соғыс қажеттеріне, соғыс жөніндегі пікірлерге және соғыс жағдайларына байланысты туған жүйе. Біз үлкен соғыстан кейін бірсыпыра азамат соғыстарын бастан кешіруге мәжбүр болдық, осы кезде өзіміз тап болған адам айтқысыз күйзеліс жағдайларында бұдан басқа құтылар жол болмады. Белгілі бір саясатты қолданған кезде, әлбетте, қателіктер болды, толып жатқан асыра көрсетушіліктер болды,— мұны әбден анық айту керек. Бірақ өзіміз душар болған соғыс жағдайларында бұл саясат негізінен дұрыс болды. Ешбір өтеуін қайтармасақ та, басы артық астықтың бәрін алуға дейін барып дереу монополиялауды барынша қолданудан басқа біздің ешқандай өзге мүмкіншілігіміз болмады. Біз олай етпейінше бұл міндетке кірісе де алмадық. Мұның өзі сындарлы экономикалық жүйе болған жоқ. Мұның өзі экономикалық жағдайларға байланысты туған шара емес, қайта едәуір дәрежеде бізге соғыс жағдайлары таңған шара еді. Ал енді экономикалық пікірлерге келетін болсақ, онда бұл жөнінде қазіргі негізгі пікір — өнімдердің мөлшерін арттыру. Біз негізгі өндіргіш күштердің, шаруалар мен жұмысшылардың қайыршыланған, күйзелген, қажыған және титықтаған жағдайларына тап болып отырмыз, сондықтан қалай болған күнде де өнімдердің мөлшерін арттыру керек деген осы негізгі пікірге уақытша барлық істі бағындыруға тура келеді.

Менен: салымды салықпен ауыстыру қазіргі жүргізіліп жатқан егіс науқанымен қандай қатынаста болады деп сұрайды, сөйтіп жолдастар өздерінің запискаларында мұнда бірқатар қайшылықтар бар екенін ашуға тырысады. Мен мұнда қайшылық емес, негізінен алғанда экономикалық үйлесімділік бар деп ойлаймын. Егіс науқаны бірсыпыра шаралар қолдануды көздейді, бұл шаралар егіс көлемін арттыруға барлық экономикалық мүмкіншіліктерді барынша пайдаланар еді. Бұл үшін тұқымды қайта бөлу керек, оны сақтап, тасып жеткізу керек. Бірақ біз, тұқым қорының запасы сондайлық аз болып отырса да, тұқымды тасып жеткізе алмай отырмыз; құрал-сайман тым жетімсіз болып отырған жағдайда тұқымның кем себілуін

азайту үшін, оны болғызбау үшін екінің бірінде толып жатқан өзара көмектесу шараларын қолдануға тура келеді. Көптеген губерниялар жөнінде бұл туралы ойлауға да болмайды. Салымды салықпен ауыстыру талабын көбіне-көп өзі қойған, мұны осы экономикалық негізде өз шаруашылығын дамытуға демеу деп қабылдаған партияда жоқ шаруа, егер осы шаруа көктемгі егіс науқанына дейін мемлекеттік өкімет тарапынан бұл шара шешіліп, жүзеге асырылатын болады деген мәлімдемені естісе,— онда мұның өзі егіс науқанының жалпы саясатына қайшы келе ме? Жоқ, қайшы келмейді, қайта мұның өзі ынталандыру элементін енгізетін шара болып табылады. Бұл өзі ынталандырудың болмашы ғана элементі деп айтушылар болатынын мен жақсы білемін. Мәселе бұлай қойылып отырған жоқ. Егер біз шаруалардың алда жинағалы тұрған астығына айырбасталатын товарлар тиелген ондаған пароходтың Англиядан келе жатқанын шаруаларға дереу көрсете алған болсақ,— мұның өзі, әрине, әлдеқайда нақтылы нәрсе болар еді. Бірақ біздің саудамыздың жағдайларын практика жүзінде білетін адамдарды осындай жолмен алдауға тырысу күлкілі нәрсе болар еді. Көмір тиелген, азын-аулақ азық-түлік тиелген пароходтардың Англиядан шыққалы тұрғанын, мұны біз білеміз, бұл жөнінде Красин жолдастан алған мәліметіміз бар; әлі қол қойылмаған сауда шартын жасасқанға дейін жекелеген саудагерлермен жартылай жария түрде сауда жүргізіле беретінін біз білеміз, олардың мұнысына буржуазиялық үкімет, әрине, тыйым сала алмайды. Өзімізді айнала қоршаған экономикалық блокаданың құрсауын бұзып шығу — қиын іс, сондықтан біз қандай да болсын көп нәрсе береміз деп, әрине, уәде ете алмаймыз. Қалай болғанда да, істелуі мүмкін нәрсені біз істейміз, бұл жөнінде біз импорттық жоспарға өзгеріс енгізіп жатырмыз.

Ұсақ қожайынның, ұсақ егіншінің көзқарасы тұрғысынан алғанда, салымға қарағанда мөлшері жағынан аз болып белгіленетін, барынша дәл болып белгіленетін салық және оның егісті көп егуіне мүмкіндік беретін, оның басы артық астығы шаруашылықты

жақсартуға жұмсалады деп сенуіне мүмкіндік беретін салық дегеніміз іждағатты қожайынды барынша қолдау бағыты болып табылады, мұның өзі егіс науқанында да көтерілген болатын. Қарсылықтардың бәрі де сайып келгенде мынадай мәселеге тіреледі: мұнан экономика жағынан коммунизмге дұшпан ұсақ буржуазия көп ұта ма, әлде өзі социализмге өтудің негізі болып табылатын және өндіргіш күштер жағдайы тұрғысынан қарағанда, яғни бүкіл қоғамдық дамудың негізгі критерийі бойынша, алдыңғы қатарлы өнеркәсіп жұмысшыларын біріктіре отырып, пролетариат диктатурасын жүзеге асыратын тапты біріктіре отырып, социалистік шаруашылық ұйымының негізі болып табылатын ірі өнеркәсіп көп ұта ма деген мәселеге тіреледі.

Осында кейбіреулер, күмән жоқ, ұсақ буржуазия, майдагерлік товар өндірісі көп ұтады деп айтуға немесе осылай деп экономикалық қорытынды шығаруға тырысты, ал әсіресе мұны мына тұрғыдан, атап айтқанда концессиялардың салдарынан, ірі өнеркәсіп социалистік өнеркәсіп бола алмайды деген тұрғыдан алып дәлелдеуге тырысты. Менің ойымша, экономикалық теріс пікірлердің негізгісі осы пайымдауларда жатыр. Егерде тіпті ұсақ өнеркәсіптің пропорциялы түрде әлдеқайда көп ұтатыны, тіпті, айталық, мүлде көп ұтатыны әбден анық дәлелденген болса да, мұның өзі біздің қолданып отырған шараларымыздың дұрыстығын теориялық жағынан да, практикалық жағынан да ешбір теріске шығара алмайды. Социализм орнату жөніндегі біздің бүкіл ісімізді экономика жағынан нығайту үшін мұнан басқа тірек болуы мүмкін емес, қорытынды осындай. Айталық, қазір, таза шамамен алғанда,— түсіндіру үшін мен мұны көрнекі етіп аламын,— ұсақ өнеркәсіп 100 деген санмен (мұның өзі 100 миллион еңбек единицасы немесе басқадай бір нәрсенің 100 единицасы бола ма,— мұның бәрібір), ал ірі өнеркәсіп 200 деген цифрмен көрсетіледі дейік. Шамамен алғанда, айталық, ұсақ өнеркәсіп капиталистік негізде 175 деген санға жетеді екен, ал ірі өнеркәсіп сол 200 күйінде ғана қалады екен дейік. Ірі

өнеркәсіп тоқырап, ұсақ өнеркәсіп орасан дамып отыр деп ұйғарайық. Менің ойымша, тіпті осы, мен жасаған ең нашар ұйғарынды да, осының өзі де біз үшін күмәнсыз тиімді болып шыққан болар еді, өйткені қазір, үстіміздегі жылдың көрсетуіне қарағанда, біздің отын және транспорт жағдайларымыздың көрсетуіне қарағанда, Милютин жолдас өте орынды еске салып өткен азық-түлік бөлісінің көрсетуіне қарағанда,— біз әрең шыдап отырмыз.

Осында сөйлеушілер айтып өтті және запискалар арқылы былай деп сұрады да: «Деревняда капитализм дамыған жағдайда сіздер жұмысшы мемлекетін қалай сақтап қаласыздар?». Бізге қауіп тудырып отырған осы құбылыс,— деревняларда ұсақ өндіріс пен ұсақ буржуазияның дамуы,— осы құбылыстың өзі ең зор қауіп болып табылады.

Концессияларға көшелік. Концессиялар — алдыңғы қатарлы елдердің капитализмімен жасалған блок. Концессиялардың табиғатын айқын түсініп алу керек. Мұның өзі алдыңғы қатарлы елдерде алдыңғы қатарлы финанс капиталымен жасалған экономикалық одақ, блок, шарт, біздің өнімдерімізді аздап арттыратын, сонымен қатар контрагенттердің өнімдерін де арттыратын шарт. Егер біз концессионерге руда немесе ағаш беретін болсақ, онда осы өнімнің орасан көп үлесін өзі алады да, бізге азғантай ғана үлес бөліп береді. Бірақ біз үшін өнімдердің мөлшерін көбейтудің сондайлық маңызы бар, сондықтан азғантай үлес алудың өзі де біз үшін орасан пайда. Қала жұмысшылары жағдайының біраз жақсаруы, концессиялар арқылы шарт бойынша қамтамасыз етілетін және шетел капиталына ешбір қиындыққа түспейтін жақсаруы, тіпті осының өзі де пайда, біздің ірі өнеркәсібімізді нығайтқандық. Сонымен мұның өзі, экономикалық ықпалдың арқасында, пролетариаттың жағдайын жақсартуға, мемлекеттік өкіметті өз қолында ұстап отырған таптың жағдайын жақсартуға қызмет етеді.

Сондықтан, ұсақ егіншілік пен ұсақ өнеркәсіптің біздің ірі өнеркәсібіміз үшін қауіпті болып шығатындай мөлшерде көтерілуінен қорқуға негіз жоқ. Өнер-

кәсіптің көтерілуі үшін, бұл үшін кейбір белгілердің білінуі керек.

Егер бізде егін шықпай қалса (мен жоғарыда сіздерге Поповтың кітапшасын айтқан болатынмын), егер біздің егініміз шықпай қалатын болса және өткен жылғыдай қаражатымыз да болымсыз болса, онда дағдарыстың ешбір кемуі туралы және ұсақ өнеркәсіптің дамуы туралы сөз де болуы мүмкін емес: капиталистік қатынастардың қалпына келуі ауыл шаруашылық өнеркәсібінде молшылық болған жағдайда ғана мүмкін. Соңғының болуы ықтимал, бұл өте маңызды да, өйткені мұның өзі бізге айтарлықтай пайдасын тигізеді. Ұсақ өндіріс көп ұта ма, әлде ірі өндіріс көп ұта ма деген мәселе біздің қорымыздың пайдаланылуы мен рыноктың дамуын ұштастыру, үйлестіру мәселесі болып табылады, бұған біз капитализммен концессияларға байланысты келісім жасасу арқылы жетеміз, ал мұның өзі бізде ауыл шаруашылық өндірісін арттырады. Біздің қайсымыз бұл мүмкіншіліктерді жақсы пайдалансақ, нәтижелер соған байланысты. Менің ойымша, егер жұмысшы табы, ірі өнеркәсіптің ең маңызды салаларын өз қолында ұстап отырып, олардың ішіндегі ең маңыздыларына көңіл бөлетін болса, онда ұсақ өнеркәсіп пропорциялы түрде тезірек өскен болса да, жұмысшы табы ұсақ өнеркәсіптің ұтатынынан көп ұтады. Біздегі тоқыма өнеркәсібінің жағдайына келетін болсақ, 1920 жылдың аяғына қарай оның, күмәнсыз, жақсара бастағандығы байқалды, бірақ отын жетіспеді, ал егер бізде отын жеткілікті болған болса, онда біз 800 миллион кезге дейін мата алған болар едік, сөйтіп шаруалардың өнімдеріне айырбастау үшін бізде өз өндірісіміздің материалдары болған болар еді.

Бірақ отын дағдарысына байланысты біздің өндірісіміз орасан құлдилап отыр. Қазір шетелден көмір сатып алу іске асатын болса да, біз бір аптадан немесе екі аптадан соң көмір тиелген пароходтарды алатын болсақ та, біз бәрібір қазірдің өзінде бірнеше аптаны немесе тіпті бірнеше айды жоғалтып отырмыз.

Ірі өндіріс жағдайының әрбір жақсаруы, кейбір ірі

фабрикаларды іске қосу мүмкіндігі — пролетариаттың жағдайын нығайтатыны соншалық, ұсақ буржуазияның стихиясынан, тіпті өсіп келе жатқан стихиясынан болса да, қорқатын ештеңе жоқ. Ұсақ буржуазия мен ұсақ капиталдың өсуінен қорықпау керек. Сұрапыл аштық, жоқшылық, азық-түлік тапшылығы жағдайының тым ұзаққа созылуынан қорқу керек; осы жағдайдан келіп пролетариат қазірдің өзінде барынша әлсіреп отыр, ұсақ буржуазиялық қобалжу мен торығу стихиясына пролетариаттың төтеп беруі мүмкін болмай отыр. Мұның өзі анағұрлым қорқынышты. Азық-түлік мөлшері артқан жағдайда ұсақ буржуазияның ешқандай да дамуы оншалық нұқсан туғызбайды, өйткені мұның өзі ірі өнеркәсіпті дамыта түседі, сондықтан біз ұсақ ауыл шаруашылығын көтермелеуге тиіспіз. Оны көтермелеу үшін өзіміз істей алатын нәрсенің бәрін біз істеуге міндеттіміз. Салық — бұл жөніндегі шағын шаралардың бірі, бірақ күмәнсыз шара, бұл шара әлгі көтермелеуді туғызады, сондықтан бұл шараны сөзсіз қабылдау керек. (Қол шапалақтау.)

«Правда» № 58, 17 март, 1921 ж.

7
ЖҰМЫСШЫЛАР МЕН МҰҚТАЖ ШАРУАЛАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫН ЖАҚСАРТУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАРАРДЫҢ БАСТАПҚЫ ЖОБАСЫ[34]

Жеті жылдық соғыс пен күйзеліске байланысты мұқтаждық пен апаттардан жүдеп-жадау және соңғы үш жарым жылдың ішінде Россияның жұмысшы табының шамадан тыс дерлік күш салудан әбден қажуы қазіргі кезде соншалық асқынып кеткендіктен, мұның өзі Совет өкіметінің төтенше шаралар қолдануын талап етеді.

Сондықтан РКП X съезі бүкіл партиядан, барлық партия және совет мекемелерінен бұл мәселеге барынша қатты көңіл бөлуді және жұмысшылардың жағдайын жақсарту жөнінде, қалай болған күнде де олардың ауыр халін жеңілдету жөнінде дереу бірсыпыра шаралар белгілеуді талап етеді.

Орталық Комитет пен Совет өкіметінің алтын қорының бір бөлегін жұмысшылар тұтынатын заттар сатып алуға беру туралы шешімін мақұлдай отырып[35], съезд бұл шараны ұлғайта түсуді және біздің импорттық (шеттен зат әкелу) жоспарымызды осыған сәйкес дереу өзгертуді талап етеді.

Съезд Орталық Комитетке жұмысшылардың жағдайын жақсартудың жедел шараларын жүзеге асыру жөнінде ерекше орталық комиссия ұйымдастыруды тапсырады, бұл комиссияны ұйымдастырғанда белгіленген шараларды тез жүзеге асыру үшін және бұл шаралардың жүзеге асуын жұмысшылардың өздерінің бақылап отыруы үшін, бұл комиссия, бір жағынан, РКП Орталық Комитеті мен ВЦСПС-тің жанында,

екінші жағынан, Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советінің жанында[36] тікелей байланыс жасап жұмыс істеп отыратындай етіп ұйымдастыру керек. Бұл комиссия әсіресе өздерінің аппаратының бір бөлегін және қаражатын дереу жұмысшылардың жағдайын жақсарту шараларына жұмсай алатын және жұмсауға тиісті ведомстволардың (Сыртқы сауда халық комиссариаты, Азық-түлік халық комиссариаты, Әскери халық комиссариаты, Халық шаруашылығы жоғары советінің мемлекеттік құрылыстар комитеті[37], Денсаулық сақтау халық комиссариаты, т. т.) жанынан көмекші комиссиялар құрып алуға тиіс. Сондай-ақ, өнеркәсіп жұмысшылары негізінен көп шоғырланған губернияларда да көмекші комиссиялардың құрылуы қажет. Бұл комиссиялар жөніндегі ережені әзірлеуді съезд дереу Орталық Комитетке және тиісті ведомстволардың партия қызметкерлеріне жүктейді.

Егіннің шықпай қалуынан шаруалар душар болып отырған және көбіне-көп армияның демобилизациялануынан күшейе түсіп отырған қатты жоқшылыққа байланысты бұл жөнінде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті құрған комиссиямен шектелмей, Халық Комиссарлары Советі мен Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті арқылы мұқтаж шаруалардың жағдайын жақсарту жөнінде жоғарыда баяндалған шаралар сияқты шаралар қолдануды Х съезд Орталық Комитетке тапсырады.

Бірінші рет 1932 ж. Лениннің XX жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

8
ПАРТИЯНЫҢ БІРЛІГІ ТУРАЛЫ РКП X СЪЕЗІ ҚАРАРЫНЫҢ БАСТАПҚЫ ЖОБАСЫ

1. Бірсыпыра жағдайлар еліміздің ұсақ буржуазиялық халқының ішінде қобалжушылықты күшейтіп отырған қазіргі кезеңде партия қатарының бірлігі мен ынтымақтылығы, партия мүшелерінің бір-біріне толық сенуін қамтамасыз ету және шынымен күш біріктірген пролетариат авангардының ерік бірлігін шын білдіретін жұмысты қамтамасыз ету өте қажетті нәрсе екендігіне съезд партияның барлық мүшелерінің назарын аударады.

2. Ал оның бер жағында, кәсіподақтар туралы жалпы партиялық айтысқа дейін-ақ партия ішінде фракцияшылдықтың кейбір белгілері анықталды, яғни айрықша платформасы бар және белгілі дәрежеде оңашаланып, өздерінің топтық тәртібін орнатуға ұмтылған топтардың шыға бастағаны анықталды. Фракцияшылдықтың ондай белгілері, мәселен, Москва партия конференцияларының бірінде (1920 ж. ноябрьде) және Харьков партия конференциясында[38] айқын көрінді; мұның өзі «жұмысшы оппозициясы» деп аталатын топтың тарапынан да, ішінара «демократиялық централизм»[39] деп аталатын топтың тарапынан да айқын көрінді.

Фракцияшылдықтың қандайының болса да зиянды екенін және оған жол беруге болмайтындығын барлық саналы жұмысшылардың анық түсінуі керек, партияның бірлігін жеке топтар өкілдерінің қаншама қорғаймыз деген тілегіне де қарамастан, бұл фракция-

1

Первоначальный проект
резолюции X съезда РКП о единстве партии.

1. Съезд обращает внимание всех членов партии на то, что единство и сплоченность ее рядов, обеспечение полного доверия между членами партии и работы действительно дружной, действительно воплощающей единство воли авангарда пролетариата, являются особенно необходимыми в настоящий момент, когда ряд обстоятельств усиливает колебания в среде мелкобуржуазного ~~[illegible]~~ населения страны.

2. Между тем еще до общепартийной дискуссии о профсоюзах в партии обнаружились некоторые признаки фракционности, т. е. возникновения групп с особой платформой и с стремлением до известной степени замкнуться и создать свою групповую дисциплину. Таковые признаки фракционности имелись на лицо, например, на одной из партконференций Москвы (в сентябре 1920 г.) и Харькова, как со стороны группы т. наз. „Рабочей оппозиции", так отчасти и со стороны группы т. наз. „Демократического централизма".

Необходимо, чтобы все сознательные рабочие ясно со

В. И. Лениннің «Партияның бірлігі туралы РКП X съезі қарарының бастапқы жобасы» деген қолжазбасының бірінші беті.— Март, 1921 ж.

Кішірейтілген

шылдық іс жүзінде күш біріктірген жұмыстың әлсіреуіне және үкіметтік партияға жағымпазданып еніп кеткен партия жауларының бөлінуді тереңдетіп, оны контрреволюция мақсаттары үшін пайдалануға қайтадан барынша әрекеттенулеріне апарып соқпай қоймайды.

Қалтқысыз берік коммунистік жолдан қандай да болсын ауытқушылықты пролетариат жауларының пайдалана қоятындығын Кронштадт бүлігінің мысалы өте-мөте айқын дерлік тұрғыда көрсетіп берді; бұл бүліктің тұсында буржуазиялық контрреволюция мен ақ гвардияшылар дүние жүзінің барлық елдерінде біз, тіпті советтік құрылыс ұрандарын да қабыл алуға әзірміз, тек Россиядағы пролетариат диктатурасы құлатылса болғаны деп шыға келісті, бұл бүліктің тұсында эсерлер мен жалпы буржуазиялық контрреволюция Кронштадтта Совет өкіметі үшін істегенсіп, Россиядағы Совет үкіметіне қарсы көтеріліс ұрандарын пайдаланды. Россиядағы пролетарлық революцияның қамалын қалайда әлсіретіп, құлату үшін, ақ гвардияшылардың коммунист болып, тіпті мейлінше солшыл коммунист болып түстерін өзгертуге ұмтылатынын және өзгерте білетінін мұндай фактілер әбден дәлелдейді. Сондай-ақ, Кронштадт бүлігінің қарсаңында Петроградта шыққан меньшевиктік листоктар меньшевиктердің өздерін сөз жүзінде бүліктерге қарсы етіп көрсетіп және бейне азғантай ғана түзетулермен Совет өкіметін жақтаушылар етіп көрсете отырып, Кронштадт бүлікшілерін, эсерлер мен ақ гвардияшыларды іс жүзінде итермелеп, оларды қолдау үшін РКП ішіндегі алауыздықты және фракцияшылдықтың кейбір алғашқы көріністерін меньшевиктердің қалай пайдаланғандықтарын көрсетеді.

3. Бұл мәселе жөніндегі насихат, бір жағынан, пролетариат диктатурасының табысты болуының негізгі шарты болып табылатын партия бірлігінің тұрғысынан және пролетариат авангардының ерік бірлігін жүзеге асыру тұрғысынан қарағанда фракцияшылдықтың зияндылығы мен қауіптілігін жете түсіндіру, екінші жағынан, Совет өкіметі жауларының ең жаңа тактика-

лық тәсілдерінің ерекшеліктерін түсіндіру болуға тиіс. Бұл жаулар ашықтан-ашық ақ гвардиялық ұранмен жүргізілетін контрреволюциядан түк шықпайтындығына көздері жетіп, қазір барлық күштерін РКП ішіндегі алауыздықтарды пайдалануға және өкіметті сыртқы түрі жағынан Совет өкіметін мойындауға ең жақын саяси сарынға беру арқылы қалай болса да контрреволюцияны жүзеге асыруға жұмсауда.

Насихат мұнымен қатар ілгеріде өткен революциялардың тәжірибесін де айқындауға тиіс, ол революцияларда контрреволюция өте революцияшыл партияға ең жақын оппозицияны қолдап отырған, ондағы мақсаты — революциялық диктатураны шайқалту және құлату, сөйтіп барып контрреволюцияның, капиталистердің және помещиктердің бұдан былай толық жеңіп шығуына жол ашу болды.

4. Фракцияшылдыққа қарсы практика жүзіндегі күресте партияның әрбір ұйымы ешқандай фракциялық бой көрсетушілікке жол берілмеуін өте қатаң бақылап отыруы керек. Партияның кемшіліктерін сөзсіз қажетті сынау ісі әрбір практикалық ұсыныс мүмкін қадерінше ең айқын түрде, ешқандай созбұйдаға салынбастан, партияның жергілікті жерлер мен орталықтағы басшы органдарының талқылап, шешуіне дереу жіберіліп отыратындай етіп жолға қойылуға тиіс. Мұның үстіне, сынап отырған әрбір адам сынның формасы жағынан айнала қоршаған жаулардың ортасындағы партияның жағдайымен есептесуге тиіс, ал сынның мазмұны жағынан өзінің совет және партия жұмысына тікелей қатысуы арқылы партияның немесе оның жеке мүшелерінің қателерін түзетуді практика жүзінде басынан кешіруге тиіс. Партияның жалпы жолына қандай да болсын талдау жасау немесе оның практикалық тәжірибесін есепке алу, оның шешімдерінің орындалуын тексеру, қателерді түзетудің әдістерін зерттеу, т. с. әлдеқандай бір «платформаның», т. т. негізінде құрылатын топтардың алдын ала талқылауына еш уақытта салынбауға тиіс, бұлар тікелей тек қана партияның барлық мүшелерінің талқылауына салынуға тиіс. Бұл үшін съезд «Дискуссионный Лис-

ток»[40] пен айрықша жинақтарды үзбей шығарып тұруға жарлық береді, сөйтіп сын пролетариаттың тап жауларына жәрдем ететін формаларда тіпті де жүргізілмей, істің шын мәні бойынша жүргізілуін үнемі талап етеді.

5. Айрықша қарарда[41] талданған синдикализм мен анархизмге қарай ауа жайылған уклонды принципті түрде теріс деп тауып және Орталық Комитетке фракцияшылдық атаулыны толық жоюды тапсырып, съезд мұнымен қатар, жұрттың, мәселен, «жұмысшы оппозициясы» деп аталатын топтың айрықша назарын аударған мәселелер жөнінде, партияны пролетарлық емес және сенімсіз элементтерден тазарту туралы, бюрократизмге қарсы күресу туралы, демократизмді және жұмысшылардың талапкерлігін өрістету туралы, т. с. туралы қандай да болсын маңызды ұсыныстар өте-мөте назар салынып қаралуға және практикалық жұмыста сыннан өткізілуге тиіс екенін мәлімдейді. Бұл мәселелер жөнінде біздің барлық қажетті шараларды толып жатқан түрлі-түрлі кедергілерге кездесіп, түгел жүзеге асыра алмай отырғанымызды партия білуге тиіс және іске қатысы жоқ, фракциялық сынсымақты үзілді-кесілді теріске шығарып, жаңа тәсілдерді байқай отырып, қандай құралдарды болса да қолданып, бюрократизмге қарсы, демократизмді, талапкерлікті кеңейту жолында, партияға жағымпазданып кіріп алғандарды әйгілеу, әшкерелеу және қуып шығу, т. т. жолында партия тынбастан күресе беретін болады.

6. Сондықтан съезд белгілі бір платформаға негізделіп құрылған топтардың бәрін (мәселен, «жұмысшы оппозициясы» тобын, «демократиялық централизм» тобын, т. т.) түгел таратылды деп жариялайды және дереу түгел таратуға жарлық береді. Съездің бұл қаулысын орындамағандар сөзсіз және дереу партиядан шығарылуға тиіс.

7. Партияның ішінде және бүкіл совет жұмысында қатаң тәртіп орнату үшін және қандай да болсын фракцияшылдықты жоюда асқан ауыз бірлікке жету үшін, съезд Орталық Комитетке тәртіпті бұзушылар

немесе фракцияшылдықты жандандырушылар, немесе оған жол берушілер болған реттерде ондайларға партиялық жазаның барлық шараларын қолдануға, партиядан шығаруға дейін баруға, ал Орталық Комитет мүшелері жөнінде оларды кандидаттыққа түсіруге және тіпті, ең қатаң шара ретінде, партиядан шығаруға өкілдік береді. Орталық Комитет мүшелеріне, Орталық Комитет кандидаттарына және Бақылау комиссиясының мүшелеріне мұндай қатаң шара қолданудың шарты Орталық Комитеттің барлық кандидаттары мен Бақылау комиссиясының барлық мүшелерін қатыстырып, Орталық Комитеттің пленумын шақыру болуға тиіс. Егер партияның ең жауапты басшыларының мұндай жалпы жиналысы дауыстың үштен екісімен Орталық Комитет мүшесін кандидаттыққа түсіруді немесе партиядан шығаруды қажет деп тапса, онда мұндай шара дереу жүзеге асырылуға тиіс[42].

Бірінші рет 1923 ж. «Прожектор» журналының 22-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

9

ПАРТИЯМЫЗДАҒЫ СИНДИКАЛИСТІК ЖӘНЕ АНАРХИСТІК УКЛОН ТУРАЛЫ РКП X СЪЕЗІ ҚАРАРЫНЫҢ БАСТАПҚЫ ЖОБАСЫ

1. Соңғы айлардың ішінде партия қатарында синдикалистік және анархистік уклон айқын көрініп отыр, бұл уклон идеялық күрестің нағыз үзілді-кесілді шараларын жүргізуді, сондай-ақ партияны тазартып, сауықтыруды керек етеді.

2. Жоғарыда көрсетілген уклон бір жағынан бұрынғы меньшевиктердің, сондай-ақ коммунистік дүние танымды әлі де толық меңгермеген жұмысшылар мен шаруалардың партия қатарына кіруінен туып отыр, ал ең бастысы бұл уклон ұсақ буржуазиялық стихияның пролетариат пен РКП-ға ықпал етуінен туып отыр, бұл стихия біздің елімізде ерекше күшті және ол әсіресе бұқараның жағдайы егін шықпау және соғыстың өте күйзелтушілік зардаптары салдарынан соншалық нашарлап отырған кезде, миллиондаған адамы бар армияны демобилизациялау нәтижесінде жүздеген, жүз мыңдаған жұмысшылар мен шаруалар тіршілік құралдарының дұрыс көздерін бірден таба алмай жүрген кезде анархизм жағына ауытқуды сөзсіз туғызып отыр.

3. Бұл уклонның теория жөнінен неғұрлым жинақты және неғұрлым қалыптасқан көрінісі (*нұсқа:* бұл уклонның неғұрлым жинақты, т. с. көріністерінің бірі) — «жұмысшы оппозициясы» деп аталатын топтың тезистері мен басқа да әдеби шығармалары болып табылады. Мысалы, оның мына төмендегі тезисі әбден сипатты болып табылады: «Халық шаруашылығын бас-

қаруды ұйымдастыру кәсіптік өндірістік одақтарға біріккен өндірушілердің бүкіл россиялық съезіне жүктеледі, бұлар республиканың бүкіл халық шаруашылығын басқаратын орталық орган сайлайды».

Осы мәлімдеменің және осы тәрізді толып жатқан мәлімдемелердің негізіне алынған идеялар теория жағынан түбірінен теріс, марксизмнен және коммунизмнен, сондай-ақ барлық жартылай пролетарлық және нағыз пролетарлық революцияның практикалық тәжірибесінің қорытындыларынан мүлдем алшақ кету болып табылады.

1-ден, «өндіруші» деген ұғым пролетарды жартылай пролетармен және ұсақ товар өндірушімен біріктіреді, сөйтіп тап күресінің негізгі ұғымынан және таптарды дәл ажырата білудің негізгі талабынан түпкілікті түрде шегінеді.

2-ден, партияда жоқ бұқараға ғана арқа сүйеу немесе, жоғарыда келтірілген тезисте көрсетілгендей, оларды алдап-арбау марксизмнен түбегейлі шегінуден кем соқпайтын нәрсе.

Марксизм былай деп үйретеді:— ал бұл ілімді бүкіл Коммунистік Интернационал Коминтерннің II (1920 жылғы) конгресінде қабылданған пролетариаттың саяси партиясының ролі туралы шешімінде тек ресми түрде ғана дәлелдеп қойған жоқ, сонымен қатар ол біздің революциямыз арқылы іс жүзінде дәлелденді,— жұмысшы табының саяси партиясы ғана, яғни Коммунистік партия ғана пролетариат пен бүкіл еңбекші бұқараның авангардын, осы бұқараның сөзсіз ұсақ буржуазиялық ауытқуларына, пролетариат арасындағы кәсіптік тар өрістіліктің немесе кәсіпшілік соқыр сенімдердің болмай қоймайтын дәстүрлері мен сарқыншақтарына қарсы тұруға және бүкіл пролетариаттың біріккен бүкіл қимылын басқаруға, яғни бүкіл пролетариатты саяси басқаруға, сөйтіп бүкіл пролетариат арқылы барлық еңбекші бұқараны басқаруға бір өзі ғана қабілетті авангардын біріктіріп, тәрбиелеп, ұйымдастыра алады. Мұнсыз пролетариат диктатурасы жүзеге асырылмайды.

Коммунистік партияның партияда жоқ пролетариат-

қа деген көзқарасындағы, сонан соң бірінші және екінші фактор жөнінен бүкіл еңбекшілер бұқарасына деген көзқарасындағы ролін теріс түсіну — коммунизмнен теория жүзінде түбірінен шегіну және синдикализм мен анархизм жағына уклон жасау болып табылады, мұндай уклон «жұмысшы оппозициясы» тобының бүкіл көзқарасына сіңіп отыр.

4. РКП X съезі былай деп мәлімдейді: съезд жоғарыда көрсетілген топтың және басқа да адамдардың өздерінің қате көзқарастарын РКП программасы экономикалық бөлімінің кәсіподақтар роліне арналған 5-параграфын дәлел етіп қорғағысы келетін әрекеттерінің бәрін де түбірінен теріс деп есептейді. Бұл параграф былай дейді: «кәсіподақтар біртұтас шаруашылық тұлға ретіндегі бүкіл халық шаруашылығын түгел басқаруды іс жүзінде өздерінің қолдарына жинақтауға жетуге тиіс» және олар «осы ретпен мемлекеттік орталық басқару орнының, халық шаруашылығының және қалың еңбекшілер бұқарасының арасында», бұл бұқараны «шаруашылықты жүргізу жөніндегі тікелей жұмысқа» «тарта отырып», «тығыз байланыс жасауды қамтамасыз етеді».

РКП программасы нақ сол параграфтың өзінде кәсіподақтар «жетуге тиіс» жағдайдың алғы шарты деп «кәсіподақтардың цехтық тар шеңберден барған сайын арыла беру» процесін және олардың еңбекшілер көпшілігін, «ал бірте-бірте бәрін де түгелінен» қамту процесін жариялайды.

Ақырында, РКП программасы нақ сол параграфтың өзінде: кәсіподақтар «осы күннің өзінде-ақ, РСФСР-дің заңдары және қалыптасқан практика бойынша, өнеркәсіпті басқаратын барлық жергілікті және орталық органдарға қатысушылар» болып табылады деп баса көрсетеді.

Басқаруға қатысудың нақ осы практикалық тәжірибесін есепке алудың орнына, осы тәжірибені қол жеткен табыстармен және түзетілген қателермен қатаң түрде сәйкестіре отырып, одан әрі дамытудың орнына синдикалистер мен анархистер шаруашылықты басқару органдарын «сайлайтын» «өндірушілер

съездерінің немесе съезінің» тікелей ұранын ұсынады. Партияның пролетариаттың кәсіподақтары жөніндегі, ал пролетариаттың еңбекшілердің жартылай мещандық және тура ұсақ буржуазиялық бұқарасы жөніндегі басшылық, тәрбиелеушілік, ұйымдастырушылық ролі, сонымен, мүлде еленбейді, шеттетіледі, сөйтіп, шаруашылықтың жаңа формалары құрылысының Совет өкіметі қазірдің өзінде бастаған практикалық жұмысын жүргізе берудің және түзетудің орнына бұл жұмысты ұсақ буржуазиялық-анархистік мақсатпен бұзу болып шығады, мұның өзі буржуазиялық контрреволюцияның тек салтанат құруына қарай бастай алады.

5. РКП съезі жоғарыда көрсетілген топтың және сол тәрізді топтар мен адамдардың көзқарастарын теориялық жағынан қате, Совет өкіметі бастаған шаруашылық құрылыстың практикалық тәжірибесіне түбірінен теріс көзқарас, соның үстіне орасан зор саяси теріс пікір және пролетариат диктатурасының өмір сүруінің өзі үшін тікелей саяси қауіпті нәрсе деп есептейді.

Россия тәрізді елде ұсақ буржуазиялық стихияның орасан зор басым болуы және соғыстың нәтижесінде сөзсіз болатын күйзеліс, қайыршылану, індетті аурулар мен қуаншылық, мұқтаждық пен халық тауқыметтерінің барынша шиеленісуі ұсақ буржуазиялық және жартылай пролетарлық бұқараның пиғылында қобалжулардың ерекше терең түрде көрінуін туғызады. Бұл қобалжулар біресе осы бұқараның пролетариатпен одағын нығайту жағына, біресе буржуазиялық реставрация жағына толқиды, ал XVIII, XIX және XX ғасырлардың барлық революцияларының бүкіл тәжірибесі сөзсіз айқындылықпен және дәлелділікпен мынаны көрсетіп отыр: бұл қобалжулардан — пролетариаттың революциялық авангардының бірлігі, күші, ықпалы сәл ғана әлсірейтін болса — капиталистер мен помещиктердің өкіметі мен меншігін реставрациялаудан (қалпына келтіруден) басқа ештеңе шығуы мүмкін емес.

Сондықтан «жұмысшы оппозициясының» және осы тәрізді элементтердің көзқарастары теория жағынан

ғана теріс болып қоймай, сонымен қатар практика жүзінде ұсақ буржуазиялық және анархиялық бұлтақтаудың көрінісі болып табылады, практика жүзінде коммунистік партияның ысылған басшылық бағытын әлсіретеді, практика жүзінде пролетарлық революцияның тап жауларына көмектеседі.

6. Осының бәрінің негізінде РКП съезі синдикалистік және анархистік уклонды бейнелейтін жоғарыда аталған идеяларды үзілді-кесілді теріске шығара отырып, мынаны қажет деп табады:

1-ден, бұл идеяларға қарсы үздіксіз және жүйелі түрде идеялық күрес жүргізу қажет;

2-ден, съезд бұл идеяларды насихаттау РКП қатарында болумен сыйыспайды деп таниды.

Өзінің осы шешімдерін өте қатаң түрде жүзеге асыруды партияның Орталық Комитетіне тапсырып, съезд сонымен қатар, жоғарыда көрсетілген барлық мәселелер жөнінде партия мүшелерінің неғұрлым толық пікір алысуы үшін арнаулы басылымдардан, жинақтардан, т. с. орын беруге болатындығын және орын берілуі керектігін атап көрсетеді.

Бірінші рет 1923 ж. Н. Лениннің (В. Ульяновтың) Шығармалар жинағында басылған, XVIII том, I бөлім

Қолжазба бойынша басылып отыр

10
ПАРТИЯНЫҢ БІРЛІГІ ЖӘНЕ АНАРХО-СИНДИКАЛИСТІК УКЛОН ТУРАЛЫ 16 МАРТТА ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА[43]

Жолдастар, менің ойымша, бұл мәселе жөнінде көп айтып жатудың қажеті жоқ сияқты, өйткені біздің бүкіл съезд барлық мәселелер жөнінде партия съезі атынан, демек, бүкіл партия атынан ресми түрде айтылуға тиіс тақырыптарға тоқталып өтті. Ал «бірлік туралы»* қарарға келетін болсақ, бұл қарардың көп жерінде саяси жағдайға сипаттама берілген. Бұл қарардың бастырылып таратылған текстін сіздер бәріңіз де, әрине, оқыған боларсыздар. Өте ерекше шараны — Орталық Комитет мүшелерінің, кандидаттардың және Орталық бақылау комиссиясы мүшелерінің жалпы жиналысында үштен екі дауыс алып көпшілік болған жағдайда Орталық Комитеттен шығару правосын енгізетін жетінші пункт жариялауға жатпайды. Барлық сарындардың өкілдері пікірлерін айтқан жеке кеңестерде бұл шара талай рет талқыланды. Бұл пунктті қолдануға тура келмес деп үміттенетін болайық, жолдастар, бірақ өзіміз бұл арада айтарлықтай шұғыл бетбұрыс алдында тұрған және оқшауланушылықтың ізін жойғымыз келіп отырған жаңа жағдайда бұл пункт керек.

Синдикалистік және анархистік уклондар туралы қарарға көшемін. Мұнда біздің алдымызға съезд күн тәртібінің төртінші пунктінде сөз болған мәселе қойылып отыр. Бүкіл қарардың түйіні — ой-пікірдің кей-

* Қараңыз: осы том, 96—102-беттер. *Ред.*

бір ағымдарына немесе уклондарына көзқарасымызды анықтау болып табылады. «Уклондарға» дегенде біз бұл арқылы мұнда әлі біржолата қалыптасып болған еш нәрсе жоқ екендігін, сөзсіз болуға тиіс, әбден айқындалған еш нәрсе жоқ екендігін, тек қана партия баға бермей өте алмайтын саяси бағыттың бастауы ғана бар екенін баса көрсетіп отырмыз. Сірә, барлығыңыздың қолыңызда бар синдикалистік және анархистік уклон туралы қарардың үшінші пунктінде қате басылған сөз бар сияқты (ескертпелерге қарағанда, бұл қате байқалған көрінеді). Былай деп оқу керек: «мысалы, оның», яғни «жұмысшы оппозициясының» «мына төмендегі тезисі әбден сипатты болып табылады: «Халық шаруашылығын басқаруды ұйымдастыру кәсіптік өндірістік одақтарға біріккен өндірушілердің бүкіл россиялық съезіне жүктеледі, бұлар республиканың бүкіл халық шаруашылығын басқаратын орталық орган сайлайды»»*. Бұл пункт туралы съездің жеке кеңестерінде де, оның жалпы ашық мәжілістерінде де біз талай рет айттық. Менің ойымша, Энгельстің өндірушілерді біріктіру туралы пікірі барлығына сүйеніп, бұл пунктті қорғауға ешбір болмайтынын анықтаған сияқтымыз, өйткені Энгельсте таптар болмайтын коммунистік қоғам туралы айтылып отырғандығы мүлде айқын және мұны тиісті жерінен алып келтірілген дәлме-дәл анықтама да дәлелдеп отыр. Бұл біздің бәріміз үшін даусыз нәрсе. Қоғамда таптар болмаған кезде, ол кезде қоғамда тек өндіруші-қызметшілер ғана қалады, жұмысшылар мен шаруалар болмайды. Маркс пен Энгельс таптардың бар кезіндегі дәуір мен таптардың болмайтын кезіндегі дәуірді өте дәлдікпен ажыратып бергендігін біз олардың барлық шығармаларынан өте жақсы білеміз. Маркс пен Энгельс таптардың коммунизмге дейін жоғалуы туралы пікірлерді, сөздерді, болжамдарды аяусыз келемеждеп, тек коммунизм ғана таптардың жойылуы болып табылатынын айтты[44].

Біз қазір мынадай жағдайға келіп отырмыз: таптар-

* Қараңыз: осы том, 103—104-беттер. *Ред.*

ды жою туралы мәселені практика жүзінде ең бірінші рет алға қойдық, ал шаруалар елінде қазір екі негізгі тап — жұмысшы табы мен шаруалар қалып отыр. Бұлармен қатар капитализмнің қалдықтары мен сарқыншақтарының толып жатқан топтары бар.

Біз тұңғыш қадам жасап отырмыз, алдымызда толып жатқан өтпелі сатылар бар деп біздің программамыз анық айтып отыр. Ал қазіргі жағдайда оппозицияның беріп отырғанындай теориялық анықтамалар берудің дұрыс еместігін біз өзіміздің советтік жұмысымыздың практикасынан және революцияның барлық тарихынан әбден айқын түрде үнемі көріп келдік. Бізде таптардың қалғанын және оның көпке дейін қалатынын, халқының дені шаруалар болып отырған елде таптар сөзсіз көпке дейін, көп жылдар бойына қалатынын біз жақсы білеміз. Ірі өнеркәсіптің ауыл шаруашылығын өзіне бағындыруы үшін қор жасайтындай дәрежеде оны жолға қою үшін ең аз дегенде кемінде он жыл керек. Бұл мерзім — барынша қолайлы техникалық жағдайда мүмкін болатын ең аз мерзім. Ал біз болсақ қазір өзіміздің барынша қолайсыз жағдайда екенімізді білеміз. Россияны осы заманғы ірі өнеркәсіп негізінде құрудың жоспары бізде бар,— бұл ғылыми күштердің арқасында жасалған электрлендіру жоспары. Егер жағдай негізінен қалыпты дерлік жағдайға жақын болады деп ұйғарсақ, онда электрлендірудің ең аз мерзімі он жыл болып белгіленбек. Бірақ бұл жағдайдың бізде жоқ екенін біз өте жақсы білеміз. Олай болса, он жыл біз үшін өте қысқа мерзім,— мұны айтып жатудың да керегі жоқ. Біз мәселенің ең жанды жеріне келіп отырмыз: пролетариатқа дұшпан таптар сақталып қалатын жағдайдың болуы мүмкін, сондықтан біз Энгельсте айтылған нәрсені қазір практика жүзінде жасай да алмаймыз. Пролетариат диктатурасы болады. Одан соң тапсыз қоғам болады.

Таптардың айырмашылығы туралы ұмытып, өндірушілер туралы, халық туралы, немесе жалпы еңбекшілер туралы сөз қылған адамдарға қарсы Маркс пен Энгельс аяусыз күресті. Кімде-кім Маркс пен Энгельстің шығармаларын азды-көпті білетін болса, ол адам

бұл шығармалардың бәрінде өндірушілер туралы, халық туралы, жалпы еңбекшілер туралы сөз қылушылар келемеж етілетінін ұмыта алмайды. Жалпы еңбекші, немесе жалпы жұмыс істеуші деген жоқ, бірақ не өндіріс құрал-жабдықтарын иеленуші ұсақ қожайын бар, оның барлық психологиясы мен барлық тіршілік дағдысы капиталистік,— олар басқаша бола алмайды да,— не психологиясы мүлде басқаша жалдама жұмысшы, ірі өнеркәсіптегі жалдама жұмысшы, капиталистермен антагонизмде болатын, мүддесі қайшы келетін, күресетін жұмысшы бар.

Егер біз бұл мәселені өз күресіміздің үш жылынан кейін, пролетариаттың саяси өкіметін қолдануды сынағаннан кейін, таптардың арақатынасында қандай зор қиыншылықтардың бар екендігін өзіміз біліп отырған кезде, бұл таптар әлі сақталып қалып отырған кезде, буржуазияның қалдықтары біздің өміріміздің барлық саңылауларында, Совет мекемелерінің ішінде әлі байқалып отырған кезде қолға алып отырған болсақ,— міне, осындай жағдайларда бізде мен оқып берген тезистері бар платформаның пайда болуы көрінеу, нағыз синдикалистік-анархистік уклон болып табылады. Бұл сөздер асырып айтылған сөздер емес, ойланып айтылған сөздер. Уклон әлі қалыптасып болған ағым емес. Уклон дегеніміз — түзетуге болатын нәрсе. Жұрт аздап адасты, немесе адаса бастады, бірақ мұны әлі түзетуге болады. Менің көзқарасымша, орыс сөзімен «уклон» деп осыны айтады. Мұның өзі — бұл арада әлі аяқталып біткен еш нәрсенің жоқ екендігін, бұл істің оңай түзетуге болатын іс екендігін баса көрсеткендік,— мұның өзі сақтандыруды және мәселені барлық жағынан толық, принципті түрде қоюды тілегендік. Егер кімде-кім бұл пікірді бұдан да анық білдіретін орыс сөзін тапса,— айтсын. Мен сөзге бола таласа қоймаспыз деп сенемін, ал шын мәнінде біз «жұмысшы оппозициясы» тобында өте көп етек алып отырған бұл сияқты толып жатқан идеяларға әуестеніп кетпеу үшін, бұл тезисті негізгі тезис ретінде талдап отырмыз. Мұны талдауды әдебиетшілерімізге, сондай-ақ осы ағымның басшыларына берелік, өйткені

арнаулы басылымдарда, жинақтарда жоғарыда айтылған барлық мәселелер жөнінде партия мүшелерінің неғұрлым толық пікір алысуына орын беруге болатынын және орын беру керек екенін біз қарардың соңында әдейі көрсеттік. Біз қазір бұл мәселені кейінге қалдыра алмаймыз. Біз — шиеленіскен қиыншылықтар жағдайында күресіп жатқан партиямыз. Біз өзімізге: бірліктің баянды болуы үшін белгілі уклонды айыптау керек деп айтуға тиістіміз. Уклон білінген екен, оны айқындау, талқылау керек. Ал егер егжей-тегжейлі айтыс керек болса,— онда, рақым етіңіз, бізде барлық әдебиетті тәптіштеп көрсететін адамдар табылады, ал, егерде керек болса және орынды болса, біз бұл мәселені тіпті интернационалдық көлемде де қоя аламыз, өйткені халықаралық революциялық жұмысшы қозғалысында солшылдыққа бұратын белгілі уклонның бар екендігі туралы сіздер қазір Коминтерн өкілінің баяндамасынан естідіңіздер және мұны бәріңіз де білесіздер. Біз қазір сөз етіп отырған уклон, нақ Германия коммунистік жұмысшы партиясының анархистік уклоны сияқты уклон; бұл партияға қарсы күрес Коминтерннің өткен конгресінде айқын көрінді[45]. Ол уклонға баға беру үшін әлгі конгресте қолданылған сөздер көбінесе «уклон» деген сөздерден неғұрлым қатаң болды. Мұның интернационалдық мәселе екенін сіздер білесіздер. Сондықтан бұл мәселені — енді айтыспа, жетер осы да — деген мағынада доғарып тастау дұрыс болмас еді. Бірақ теория жүзіндегі айтыс бір басқа нәрсе де, партияның саяси жолы, саяси күрес — бір басқа нәрсе. Біз — айтыс клубы емеспіз. Біз, әрине, жинақтар, арнайы басылымдар бастырып шығара аламыз және шығарамыз да, бірақ біз ең алдымен барынша қиын жағдайларда күресуге тиіспіз, сондықтан біртұтас болып топтасуға тиіспіз. Егер мұнымен қатар, саяси айтысқа, саяси күреске «өндірушілердің бүкіл россиялық съезі» ұйымдастырылсын деген сияқты ұсыныстар араластырылатын болса, онда біз ынтымақпен, топтасып ілгері баса алмаймыз; бұл біздің өзімізге бірнеше жылға белгілеп алған саясатымыз емес. Мұның өзі партияның ынтымақты жұмы-

сына кесел келтіретін саясат, сондықтан бұл саясат теория жағынан ғана теріс саясат емес, оның терістігі тағы да мынада: таптардың арасындағы қатынастарды,— нағыз түбегейлі және негізгі нәрсені теріс белгілейді, ал мұнсыз марксизм болмайды және бұл жөнінде Коминтерннің II конгресі қарар шығарды[46]. Қазіргі кезең мынадай: мұнда бейпартиялық стихия Россияның қазіргі экономикалық жағдайында болмай қоймайтын ұсақ буржуазиялық қобалжушылыққа елігіп кетеді. Біз мына жағдайды: белгілі бір реттерде ішкі қауіп Деникин мен Юденичтің қаупінен күшті екенін ұмытпауымыз керек, сондықтан біз ресми түрде топтасып қоймай, одан әлдеқайда күшті топтасуымыз керек. Мұндай топтасушылықты біз осы сияқты қарар шығармайынша жасай алмаймыз.

Бұдан әрі мен бұл қарардың төртінші параграфын ең маңызды параграф деп санаймын; бұл параграф біздің программамызға түсінік береді, дұрыс түсінік, яғни автордың беретін түсінігін береді. Мұның авторы — съезд, сондықтан да съезд ауытқушылықты жою үшін, программада кәсіподақтар туралы кейбіреулердің одан көргісі келіп көксеп жүргенінің дәл өзі айтылыпты-мыс деп кейде тіпті біздің программамызды ойыншыққа айналдырушылықты да жою үшін бұған түсінік беруі керек. Сіздер Рязанов жолдастың бұл программаға айтқан сынын осы трибунадан естідіңіздер,— теориялық ізденістері үшін бұл сынның авторына алғыс айтайық! Сіздер Шляпников жолдастың жасаған сынын естідіңіздер. Мұны үндемей орағытып кетуге болмайды. Менің ойымша, мұнда, осы қарарда бізге қазір керек нәрсе бар сияқты. Программаны бекітетін және партияның жоғарғы органы болып табылатын съездің атынан: бұл программаны біз міне осылай ұғамыз деп айтуымыз керек. Қайталап айтамын, теориялық талас мұнымен доғарылмайды. Программаны өзгерту туралы ұсыныстар жасауға болады, бұл жөнінде ешқандай тыйым салынбайды. Біз программада өзгертетін еш нәрсе жоқ, ол соншалық тамаша жасалған программа деп есептемейміз, бірақ қазір бізде ресми ұсыныстар жоқ, бұл мәселені талдап

шешу үшін біз уақыт бөлгеніміз жоқ. Бұл программаны өте мұқият оқысақ, біз бұл арада «кәсіподақтар біртұтас шаруашылық тұлға ретіндегі бүкіл халық шаруашылығын басқаруды іс жүзінде өздерінің қолдарына жинақтауға жетуге тиіс» дегенді көреміз, «іс жүзінде өздерінің қолдарына жинақтауға жетуге тиіс» — мұны баса көрсету керек. Ал мұның алдында біз: «заң бойынша, кәсіподақтар өндірісті басқаратын барлық жергілікті және орталық органдарға қатысушылар болғандықтан» дегенді оқимыз. Дүние жүзіндегі алдыңғы қатарлы елдердің бәрі жәрдемдесеннің өзінде капиталистік өндірістің ондаған жылдар бойында құрылғандығын жақсы білеміз. Орасан зор мұқтаждық кезінде, еліміз әбден қайыршыланып отырған кезде, жұмысшылары аштылық болып отырған елде, пролетарлық авангард пен шаруалар бұқарасы әбден азап шегіп, қансырап отырған елде, бұл процесті соншалық шапшаң аяқтаймыз деп ойлағандай біз бала болыппыз ба?! Біз керек десе әлі негізгі іргетасты да қалағанымыз жоқ, біз өндірісті кәсіподақтардың қатысуымен басқаруды қалай жүргізетінімізді тек тәжірибе жүзінде ғана белгілей бастадық. Ең басты кедергі — мұқтаждық екенін біз білеміз. Бізге бұқараны тартпай отырсыңдар деу дұрыс емес, қайта, жұмысшы бұқарасының ішіндегі аз да болса көзге түскен талантты, аз да болса көзге түскен тамаша іскерлік қабілетті біз шын ниетімізбен қолдап отырамыз. Тек жағдайдың азғана болса да жеңілдегені керек. Бізге кемінде бір жыл, не екі жыл ашаршылықтан арылу керек. Тарих тұрғысынан қарағанда, бұл тіпті аз мерзім, ал біздің жағдайымызда бұл ұзақ мерзім. Бір жыл, не екі жыл ашаршылықтан арылсақ, фабрикалардың жұмыс істеуі үшін, оларды бір жыл, не екі жыл бойына отынмен дұрыс жабдықтап тұрсақ,— міне сонда біз жұмысшы табынан жәрдемді жүз есе көп аламыз және олардың арасынан таланттар қазір өзімізде бар таланттарға қарағанда әлдеқайда көп шықпақ. Бұған ешкім күмәнданып отырған жоқ, күмәндана алмайды да. Қазір біздің бұл жәрдемді ала алмай отырған себебіміз, оны алғымыз келмегендіктен емес.

Бұл үшін біз қолдан келгеннің бәрін істейміз. Үкімет, кәсіподақтар, партияның Орталық Комитеті бұл жөнінде ең болмағанда бір мүмкіншілікті болса да пайдалана алмай қалды деп ешкім айта алмайды; бірақ біз мұқтаждықтың өте күшті екенін, барлық жерде ашаршылық пен қайыршылық жайлап алғанын, осылардың салдарынан екінің бірінде кеpенаулық туып отырғанын білеміз. Бәле мен апаттың шын атын атап айтудан қорықпайық. Бұқара жігерінің тасуына бөгет болып отырған нәрсе міне осы. Басқару орындарында 60% жұмысшылар отырғандығын статистикадан біліп отырған жағдайда программаның: «кәсіподақтар біртұтас шаруашылық тұлға ретіндегі бүкіл халық шаруашылығын басқаруды іс жүзінде өздерінің қолдарына жинақтауға жетуге тиіс» деген сөздерін қазір Шляпниковша ұғынуға тырысу мүлде мүмкін емес нәрсе.

Программаны дұрыс түсіндіру бізге қажетті тактикалық топтасушылық пен бірлікті қажетті айтыс бостандығымен біріктіруге мүмкіншілік береді, мұның өзі қарардың аяғында баса көрсетілді де. Қарар не дейді? Алтыншы пунктті оқып көрейік:

«Осының бәрінің негізінде РКП съезі синдикалистік және анархистік уклонды бейнелейтін жоғарыда аталған идеяларды үзілді-кесілді теріске шығара отырып, қаулы етеді, 1-ден, бұл идеяларға қарсы үздіксіз және жүйелі түрде күрес жүргізу қажет деп танылсын; 2-ден, бұл идеяларды насихаттау РКП қатарында болумен сыйыспайды деп танылсын.

Өзінің осы шешімдерін өте қатаң түрде жүзеге асыруды партияның Орталық Комитетіне тапсырып, съезд сонымен қатар, жоғарыда көрсетілген барлық мәселелер жөнінде партия мүшелерінің неғұрлым толық пікір алысуы үшін арнаулы басылымдардан, жинақтардан, т. с. орын беруге болатындығын және орын берілуі керектігін атап көрсетеді».

Сіздер,— сіздер бәріңіз де белгілі бір формада үгітшілер мен насихатшыларсыздар,— күресіп жатқан саяси партиялардың ішінде идеяларды насихаттау мен арнаулы басылымдарда, жинақтарда пікір алысудың

арасындағы айырмашылықты сіздер көрмей отырсыздар ма? Бұл қарарды жете түсінгісі келген әрбір адамның осы айырмашылықты көретіндігіне мен кәміл сенемін. Біз бұл уклонның өкілдерін Орталық Комитетке енгізіп отырмыз, сондықтан бұл уклонның өкілдері Орталық Комитетте партия съезінің шешіміне партияның әрбір саналы, тәртіпті мүшесі есебінде қарайды деп сенеміз; біз ерекше жағдай туғызбай-ақ, олардың көмегімен Орталық Комитетте бұл айырманы түсінісеміз деп сенеміз; партия ішінде не болып жатқандығын — күресуші саяси партияның ішінде идеяларды насихаттау болып жатыр ма, арнаулы басылымдарда, жинақтарда пікір алысу болып жатыр ма, біз түсінісетін боламыз. Кімде-кім Энгельстен алынған цитаттарды егжей-тегжейлі зерттеуге көңіл қойса, оған жол ашық! Партияға әрдайым пайдалы кеңес беретін теоретиктер бар. Бұл қажет нәрсе. Біз екі-үш үлкен жинақ бастырып шығарамыз,— бұл пайдалы және мейлінше қажет нәрсе. Бірақ мұның өзі идеяларды насихаттауға, платформалардың күресіне ұқсай ма, ал мұны шатастыруға бола ма? Біздің саяси жағдайымызды жете түсінгісі келгендердің ешқайсысы мұны шатастырмайды.

Біздің саяси жұмысымызға әсіресе қиын кезеңде кедергі жасама, бірақ ғылыми ізденістерді де тастап кетпе. Егер Шляпников жолдас, мысал үшін айтсақ, өзінің сонау құпия жағдай заманында жүргізген революциялық күресінің тәжірибесі туралы жақында басып шығарған томына қосымша ретінде алдағы айларда өзінің бос уақыттарын пайдаланып «өндіруші» деген ұғымға талдау жасайтын екінші том қосса — құба-құп! Ал бұл қарар, бұл бізге жол сілтеуші болмақ. Біз ең кең тараған, ең еркін айтыс аштық. «Жұмысшы оппозициясының» платформасы партияның Орталық Органында 250 000 дана болып басылып шықты. Біз оны барлық жағынан және түрліше салмақтап көрдік, біз осы платформаны негізге алып, сайладық, ақырында, біз съезді шақырдық; бұл съезд саяси айтысқа қорытынды жасап, былай дейді: уклон анықталды, жасырынбақ ойнамалық; турасын айталық: уклонның

аты уклон, оны түзету керек; оны түзетеміз, ал айтыс — теориялық айтыс болсын.

Осы екі қарардың екеуін де қабылдау туралы, партияның бірлігін нығайту туралы және партия жиналыстарының немен шұғылдануға тиіс екендігін және партияға көмектесіп, теорияның түрлі мәселелерімен айналысқысы келетін жеке адамдар — марксистер, коммунистер бос уақыттарында немен шұғылдануға ерікті екендігін дұрыс белгілеу туралы ұсынысты менің қайтадан көтеріп, оны қолдап отырғанымның себебі міне осы. (Қол шапалақтау.)

«Правда» № 68, 30 март, 1921 ж.

11
ПАРТИЯНЫҢ БІРЛІГІ ЖӘНЕ АНАРХО-СИНДИКАЛИСТІК УКЛОН ТУРАЛЫ БАЯНДАМА БОЙЫНША 16 МАРТТА СӨЙЛЕНГЕН ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

Жолдастар, осында біз сұмдық қатаң сөздерді естідік, олардың ішіндегі ең қатаңы, сірә, біздің қарарымызды жалақорлық қарар деп айыптау болды. Алайда өзін өзі әшкерелейтін қатаңдықтар да болады. Сіздерде қарар бар. Өздеріңіз білесіздер, біз «жұмысшы оппозициясының» екі өкілін Орталық Комитетке алдық, біз «уклон» деген сөзді қолдандық. Мен осы сөздің маңызын баса көрсетемін. Шляпников та, Медведев те басқа сөз ұсынған жоқ. Біз осында тезистерді сынадық, ол тезистерді барлық сарындардың өкілдері де сынады. Осыдан кейін жала деп айтуға бола ма? Егерде адамдарға іс жүзінде жоққа шығарылатын нәрсе таңылған болса, онда бұл қатаң сөздің мәні болған болар еді. Қазір мұның өзі — кейбір ашу шақырудың жай ғана көрінісі. Бұл орынсыз қарсылық!

Енді осында көрсетілген пункттерге көшемін. «Демократиялық централизм» тобына әділетсіздік жасалды деушілік болды. Сіздер топтардың арасында келісу қалай дамығанын және Орталық Комитетке сайлау туралы осында «демократиялық централизм» тобынан келген өкілдер қозғаған мәселе жөнінде пікір алысу қалай дамығанын қадағалап отырдыңыздар. Өздеріңіз білесіздер, «жұмысшы оппозициясының» тобы толық құрамда қатысқан және бірсыпыра аса көрнекті жолдастар, барлық сарындардың өкілдері қатысқан жеке кеңестен бастап, мәселен, менің өз басым «жұмысшы

оппозициясы» мен «демократиялық централизм» топтары өкілдерінің Орталық Комитетте болуы бізге қажет-ақ дегенді жақтап ашықтан-ашық сөйлеуіме тура келді. «Жұмысшы оппозициясындағы» жолдастардың бәрі және барлық сарындардың өкілдері қатысқан кеңесте мұны ешкім де теріске шығарған жоқ. Егер сайып келгенде біз «демократиялық централизм» тобынан Орталық Комитетке мүше емес, кандидат алған болсақ,— мұның өзі ұзақ пікір алысудың, топтардың өзара келісуінің нәтижесі болғаны өте-мөте айқын нәрсе. Ал бұдан «демократиялық централизм» тобына деген қайдағы бір сенімсіздікті немесе әділетсіздікті көру — бостан-босқа кінә тағу. Біз әділетті болу тілегін баса көрсету үшін керек болған нәрсенің бәрін Орталық Комитетте істедік. Бұл жоққа шығаруға болмайтын факт. Сондықтан әділетсіздік деп қорытынды жасау — бостан-босқа кінә тағу! Немесе, мәселен, «демократиялық централизм» тобынан келген бір жолдас қарардың 7-параграфының керегі жоқ: Орталық Комитеттің оған былай да правосы бар деп түсіндірді. Біз 7-параграфты жарияламауды ұсынамыз, өйткені оны қолдану қажет болмас деп сенеміз, мұның өзі — тым ауыр шара. Алайда, «демократиялық централизм» тобынан келген жолдас: «Устав бойынша сіздердің бұған праволарыңыз бар»[47] десе,— ол жолдас уставты білмейді, демократиялық централизм принциптерін білмейді, централизм принциптерін білмейді. Съезде сайланған Орталық Комитеттің Орталық Комитеттен шығарып тастауына правосы болуына — ешқандай демократия, ешқандай централизм ешқашанда жол бермейді. (Д а у ы с: «Партия арқылы».) Әсіресе партия арқылы шығарып тастауға жол бермейді. Орталық Комитетті съезд сайлайды, мұнысы арқылы ол аса жоғары сенім білдіреді, мұнысы арқылы ол басшылық етуді береді. Ал өзінің мүшесі жөнінде Орталық Комитеттің мұндай правосы болуына — біздің партиямыз еш жерде ешқашанда бұл тәрізді ештеңеге жол берген емес. Оның өзі — тым ауыр шара, мұны жағдайдың қауіптілігін ұғынғанда әдейі қолданады. Радек жолдас мұны өте дұрыс түсін-

дірді. Ерекше жиналыс шақырылады: Орталық Комитет, оған кандидаттар қосылады, оған бірдей дауыс беру правосы бар Бақылау комиссиясы қосылады. Мұндай мекеме, 47 адамнан құралған мұндай пленум біздің уставымызда болған емес, сондықтан мұны біздің практикамыз ешқашанда қолданған емес. Сондықтан мен қайталап айтамын: «демократиялық централизм» тобынан келген жолдастар уставты да, демократиялық централизм принциптерін де, централизмді де білмейді. Бұл — тым ауыр шара. Біз оны қолданбаспыз деп сенеміп. Ол шара тек мынаны көрсетеді: өзінің бір жағымен болуы мүмкін жіктеліске таяп келген алауыздықтар орын алған жағдайда партия өздеріңіз естіген шараларды қолданады. Ал біз болсақ, бала емеспіз ғой, біз қысыл-таяң кезеңдерді көрдік, жіктелістерді көріп, бастан кешірдік және олардың қандай ауыр екенін білеміз, сондықтан біз қауіпті өз атымен атаудан қорықпаймыз.

Бұрынғы съездерде нағыз шиеленіскен алауыздықтар тұсында бір жағымен жіктеліске қатысы бар кезеңдер болып па еді? Болған жоқ. Олар қазір бар ма? Бар. Мұның бәрі талай рет көрсетілген. Міне, осы алауыздықтарға қарсы күресуге, меніңше, болады.

Одан әрі бірліктің мұндай қарарлар арқылы жасалмайтындығы туралы, сын бейне бір қарар бойынша тікелей губерниялық комитеттер арқылы ғана бағытталуға тиіс екендігі туралы, бейне бір «жұмысшы оппозициясындағы» жолдастарға қайдағы бір сенімсіздік білдіріліп отырғандығы туралы, ал бұл сенімсіздіктің олардың Орталық Комитетке қатысуын қиындатып отырғандығы туралы айтылды. Бірақ мұның өзі де түгелдей теріс! Мен «уклон» деген сөздің неге алынғандығын ең басында-ақ көрсеткенмін. Егер бұл сөз сіздерге ұнамайтын болса, онда қарарды негізінен қабылдап, оны мүмкіндігінше жұмсарту үшін президиумға тапсырыңыздар. Егер біз неғұрлым жұмсақ сөз тапсақ, онда мен оны «уклон» деген сөздің орнына қоюды, сондай-ақ басқа жерлерге де жұмсарту жасауды ұсынар едім. Бұған біз қарсылық жасамаймыз. Қазір бұл арада, әрине, мұндай тәптіштеумен шұғыл-

данатын кез емес. Қарарды редакциялау үшін, жұмсарту үшін президиумға тапсырыңыздар. Бұл арада күшейтудің керегі жоқ,— мен бұған қарсылық жасап жатпаймын. Бірақ бұл қарар партияның бір бөлегін екінші бөлегіне айдап салуды көрсетеді деу тағы да дұрыс емес.

Мен Самарадағы «жұмысшы оппозициясы» тобының құрамын білмеймін, мен онда болған жоқпын, бірақ мен мынаған сенемін: егер Орталық Комитеттің кез келген сарындағы мүшесі, немесе съездің «жұмысшы оппозициясынан» басқа кез келген сарындағы мүшесі Самара ұйымының жиналысында: қарарда айдап салушылық жоқ, қайта бірлікке шақырушылық және «жұмысшы оппозициясының» көпшілігін өз жағына тартушылық бар деп дәлелдей бастаған болса, онда ол мұны істей алған болар еді. Осында «айдап салу» деген сияқты сөзді қолданғанда, қарардың бірлік жөніндегі бесінші пунктін ұмытып кетеді, ол пунктте «жұмысшы оппозициясының» сіңірген еңбектерін мойындау туралы айтылады. Онда бұл мәселе қатар қойылмаған ба екен? Бір жағынан, «уклонға жол береді», ал екінші жағынан, бесінші параграфты оқыңыз: «Съезд мұнымен қатар, былай деп мәлімдейді: жұрттың, мәселен, «жұмысшы оппозициясы» деп аталатын топтың айрықша назарын аударған мәселелер жөнінде, партияны пролетарлық емес және сенімсіз элементтерден тазарту туралы, бюрократизмге қарсы күресу туралы, демократизмді және жұмысшылардың талапкерлігін өрістету туралы, т. с. туралы қандай да болсын іскерлік ұсыныстар өте-мөте назар салынып қаралуға тиіс»*, т. т. Бұл айдап салу ма екен? Бұл — сіңірген еңбектерді мойындау. Біз былай дейміз: бір жағынан, сіздер айтыста саяси қауіпті уклонды көрсеттіңіздер, мұны тіпті Медведев жолдастың қарары да[48] басқаша сөздермен мойындап отыр, ал одан әрі былай делінген: бюрократизмге қарсы күресуге келетін болсақ, онда біз мүмкін болған нәрсенің бәрін әлі де істеп отырғанымыз жоқ деген сөзбен келісеміз. Мұның өзі айдап салу емес, сіңірген еңбектерді мойындау!

* Қараңыз: осы том, 100—102-беттер. *Ред.*

Орталық Комитетке «жұмысшы оппозициясынан» бір жолдас енгізілетін болса, мұның өзі жолдастық сенімнің көрінісі. Ал осыдан кейін біреу-міреу жиналысқа, фракциялық күреске шалдықпаған жиналысқа барса, онда бұл жиналыс: бұл арада айдап салу жоқ, қайта жолдастық сенімнің көрінісі бар дейді. Ал ең ауыр шараға келетін болсақ, бұл болашаққа қатысты нәрсе, мұны біз қазір қолданбай отырмыз және қазіргі уақытта жолдастық сенім білдіріп отырмыз. Егер сіздер біздің айтқанымызды теория жағынан теріс деп тапсаңыздар, онда біздің ондаған жинақтар шығаруға мүмкіндігіміз бар, ал егер бұл мәселе жөнінде жаңа бірдеңе айта алатын жас жолдастар, мәселен, Самара ұйымында, бар болса, онда айтыңыздар, самаралық жолдастар! Біз сіздердің бірнеше мақалаларыңызды басып шығарамыз. Съезде не айтылатыны мен жұмысшыларға не айтылатынының арасындағы айырмашылықты түсінбейтін бірде-бір адам жоқ қой. Партия істеп отырған нәрсесінен ауытқымайды, бірақ қалай дегенмен жұмысшылардың жиналысында Каменский жолдастың айтқаны туралы және оның партия съезі алдында нені айтуға правосы барлығы туралы айтпаймыз. Егер сіздер қарардың дәл текстін салыстырып көрсеңіздер, онда сіздер мынаны көресіздер: бұл арада теориялық принципті нұсқау берілген, бұл арада жәбірлеушілік ештеңе жоқ, ал мұнымен қатар бюрократизмге қарсы күреске сіңірілген еңбектерді мойындау бар, көмек алу тілегін білдіру бар және мұнымен бірге бұл топтың өкілдері Орталық Комитетке енгізіліп отыр, ал мұның өзі ең жоғары сенім туғызу деген сөз, партияда мұндай сенімнен артық ештеңе бола алмайды. Міне сондықтан, жолдастар, мен осы қарардың екеуін де қабылдауды ұсынамын, оның бер жағында әркімнің аттарын атап дауысқа салу арқылы қабылдансын, сонан соң редакциялау үшін, тұжырымдарды жұмсарту үшін президиумға тапсыру керек, Шляпников жолдас президиумға еніп отырғандықтан, мүмкін, ол «уклон» деген сөздің орнына неғұрлым лайықты сөз табар.

Ал отставкаға шығу жөнінде жасалған мәлімдеме

жөнінде мен төмендегі қарарды қабылдауды ұсынамын: «Съезд таратылған «жұмысшы оппозициясы» тобының барлық мүшелерін партия тәртібіне бағынуға шақырады, оларды өздеріне тапсырылған орындарда қалуға міндеттейді және Шляпников жолдастың отставкасын және қандай да болсын басқа да отставкаларды қабылдамайды»[49]. (*Қол шапалақтау.*)

12
ПАРТИЯНЫҢ БІРЛІГІ ТУРАЛЫ ҚАРАРҒА РЯЗАНОВ ҰСЫНҒАН ТҮЗЕТУ ЖӨНІНДЕ 16 МАРТТА ЖАСАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР[50]

Менің ойымша, Рязанов жолдастың тілегі, қанша өкінішті болғанмен, жүзеге асырылмайтын нәрсе. Біз партияны және Орталық Комитет мүшелерін, егер түбегейлі мәселе алауыздық туғызатын болса, партияға өтініш жасау правосынан айыра алмаймыз. Біз мұны қалайша істей алатынымызға менің ақылым жетпейді! Қазіргі съезд болашақ съезге сайлауды пәлендей бірдеңемен байланыстыра алмайды: ал егер, айталық, Брест бітімін жасасу сияқты мәселе болса ше? Мұндай мәселелер болмайды деп сіз кепілдік бере аласыз ба? Кепілдік беруге болмайды. Мүмкін, онда платформалар бойынша сайлауға тура келер. (Рязанов: «Бір мәселе жөнінде ме?») Әрине. Бірақ сіздің қарарыңызда: платформалар бойынша ешқандай сайлау болмасын деп жазылған. Меніңше, бұған біз тыйым сала алмаймыз. Егер бірлік туралы біздің қарарымыз және, әрине, революцияның дамуы бізді топтастыратын болса, онда платформалар бойынша сайлау қайталанбайды. Біздің осы съезде алған сабағымыз ұмытылмайды. Ал егер жағдайлар түбегейлі алауыздықтар туғызса, оларды бүкіл партияның сарабына салуды тыюға бола ма? Болмайды! Мұның өзі орындауға болмайтын орынсыз тілек, сондықтан бұл тілекті қабылдамауды ұсынамын.

13
ПАРТИЯНЫҢ БІРЛІГІ ТУРАЛЫ ҚАРАРҒА РАФАИЛ (Р. Б. ФАРБМАН) ҰСЫНҒАН ТҮЗЕТУ ЖӨНІНДЕ 16 МАРТТА ЖАСАЛҒАН ЕСКЕРТПЕ[51]

Менің ше, бұл түзетуді қабылдаудың керегі жоқ. Бізде айтыс басталған кезде, біз «Правдада» жік-жікке бөліп жатпадық,— саяси мақалалар айтыс мақалалармен араласып жатты. Бұл арада бізде ультиматумды түрде айтылып тұрған жоқ, баспасөзге тықпалаудың керегі жоқтығы баса көрсетіліп отыр.

14
ПАРТИЯНЫҢ БІРЛІГІ ТУРАЛЫ ҚАРАР ЖӨНІНДЕ КИСЕЛЕВТІҢ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІНЕ 16 МАРТТА ЖАСАЛҒАН ЕСКЕРТПЕ[52]

Жолдастар, өзімнің «пулемет» деген сөзді қолданғаныма мен қатты қынжыламын, сондықтан болашақта мұндай сөздерді бейнелеп болса да қолданбауға жұрт алдында уәде беремін, өйткені мұндай сөздер жұртты босқа қорқытады, ал бұдан кейін олардың не тілейтінін түсінуге болмайды. (Қол шапалақтау.) Ешкім ешқандай пулеметтен ешкімге оқ атпақшы емес, сондықтан біз Киселев жолдастың да, басқа біреудің де атуына тура келмейтініне әбден сенеміз.

Бірінші рет 1933 ж. мына кітапта басылған: «РКП(б) оныншы съезі. Март, 1921 ж.». Москва

15

АНАРХИСТІК ЖӘНЕ СИНДИКАЛИСТІК УКЛОН ТУРАЛЫ ҚАРАРҒА МАРЧЕНКО ҰСЫНҒАН ТҮЗЕТУ ЖӨНІНДЕ 16 МАРТТА ЖАСАЛҒАН ЕСКЕРТПЕ[53]

Мұны съездің атынан айту — барынша тыйым салғандық болады. Мен бұл түзетуді қабылдамауды ұсынамын, әрине, Орталық Комитеттің ұсыныс жасау және қажет болған жағдайда, бәрін Орталық Комитет жинақтарына енгізу правосы жойылмасын; бірақ жергілікті жерлерде жинақтар шығаруға съездің атынан ерекше тыйым салу меніңше тым артық болады.

16
ОТЫН МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕ 16 МАРТТА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Отын мәселесін комиссияға тапсыру жөнінде менің сөз алуыма рұқсат етіңіздер. Күмән жоқ, отын дағдарысы — біздің бүкіл шаруашылық құрылысымыздың ең маңызды демесек те, негізгі мәселелерінің бірі. Алайда мен өзіме былай деп сұрақ қоямын: баяндама мен қосымша баяндама,— бірі, Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының көзқарасын баяндайтын, Рыков жолдас жасайтын баяндама, екіншісі — осы саясатқа сын айтатын қосымша баяндама — Ларин жолдастың көзқарасы,— бұлар соншалық күрделі мәселе жөнінде, бұл мәселені комиссияның қарауына бермей-ақ, документтерді, бұл арада басты мәселе неде — аппараттың кемшіліктерінде ме, жөнсіздікте ме, қылмыстарда ма немесе шаруа шаруашылығының, шаруа ат-көлігінің,— мұнсыз отынды жеткізу мүмкін емес,— әлсіздігінде ме дегенді түсіндіретін документтерді зерттемей-ақ, түпкілікті шешім қабылдауға мүмкіндік бере ме? Мен өзіме: біз комиссиясыз-ақ шешім қабылдай аламыз ба? деп сұрақ қоямын және қабылдай алмаймыз деп жауап беремін. Сондықтан кеңейтілген құрамда комиссия сайлау әлдеқайда қолайлы болады; бұл комиссияда жергілікті жерлердегі жолдастар, отын мәселесімен, әсіресе ағаш отын мәселесімен теория жүзінде ғана таныс емес, сонымен қатар осы салада істеуші, бұл жұмысты өзінің практикалық тәжірибесі бойынша білетін жолдастар басым болу керек. Бұл комиссия баяндамашыларды ғана тыңдап

қоймайды, сонымен қатар бірсыпыра адамдарды шақырып, баяндамашы мен қосымша баяндамашының мәлімдемелерін документ бойынша тексереді. Сонан соң бұл комиссия Орталық Комитетте баяндама жасайды, сол баяндаманың негізінде Орталық Комитет осы салада бірсыпыра аса маңызды шешімдер қабылдауға тиісті болады. Съездегі айтыстардан гөрі, мұндай тәртіп бізді анағұрлым жемісті және пайдалы нәтижелерге жеткізеді; ал съездегі айтыстар біздің тұтас бір күнімізді алып кетеді, және, ақыр аяғында, бұл айтыстардың нәтижесінде біз мәселені бәрібір комиссияға әкеліп тапсыратын боламыз.

17
ОТЫН МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕ 16 МАРТТА ЖАСАЛҒАН ҰСЫНЫС

Кезек күттірмейтін шараларды, әсіресе ағаш ағызу жөніндегі шараларды дереу әзірлеу үшін Орман бас комитетіне отын және ағаш отын жөніндегі мекемелердің жұмысымен практика жүзінде таныс съезд делегаттарымен дереу кеңес ұйымдастыруды тапсыруды ұсынамын.

18
СЪЕЗД ЖАБЫЛАРДА 16 МАРТТА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Жолдастар, біздің революциямыздың тағдырлары үшін өте-мөте маңызды кезеңде жиналған партия съезінің жұмысын біз аяқтадық. Осыншама жылғы империалистік соғыстан кейін азамат соғысын жүргізу елімізді күйзелтіп, қажытып тастағаны соншалық — азамат соғысы аяқталғаннан кейінгі жерде оны қазір адам айтқысыз қиын жағдайларда жандандыруға тура келіп отыр. Сондықтан біз құлдырау немесе ыдырау элементтерінің, ұсақ буржуазиялық және анархиялық стихияның бас көтере бастағандығына таңдана алмаймыз. Олардың бас көтеруіне себеп болған негізгі жағдайлардың бірі — жоқшылық пен торығудың шектен асқан, адам естіп-көрмеген дәрежеде асқынуы болып табылады; қазір мұның өзі ауыр жағдайдан шығу жолын таба алмай отырған ондаған және жүздеген мың адамды, ал кейде, бәлкім, одан да көп адамды қамтып отыр. Алайда, жолдастар, еліміз бұдан да гөрі ауыр кезеңдерді бастан кешіргенін біз білеміз. Қауіпке титтей де көз жұмбай қарап, қандай да болсын оптимизмге титтей де елікпестен, қауіптің орасан зор екенін өзімізге және өзіміздің жолдастарымызға ашықтан-ашық айта отырып, сонымен бірге біз пролетариат авангардының топтасуына берік және сеніммен үміт артамыз. Екінің бірінде адам естімеген ауыртпалықты бастан кешіріп отырған миллиондаған бытыраңқы ұсақ егіншілерді біріктіре алатын басқа күш, оларды қанаушыларға қарсы экономика

жөнінен және саясат жөнінен біріктіре алатын басқа күш,— саналы пролетариаттан өзге басқа күш жоқ екенін біз білеміз. Бұл күш барлық ауыр сынақтар мен жаңа қиындықтарға қарсы тұра алу үшін күрес тәжірибесінен, революцияның ауыр тәжірибесінен жеткілікті түрде шынығып шыққандығына біз сенеміз.

Жолдастар, осы рухта қабылданған шешімдерден басқа, біздің съездің шаруаларға көзқарас туралы мәселе жөніндегі шешімінің ерекше маңызы бар. Біз бұл арада таптар арасындағы қатынастарды мейлінше байыпты есепке алып отырмыз және аса қиын міндетті, басым болып отырған шаруалармен пролетариаттың қатынасын дұрыс орнату міндетін, қазір біз қалыпты қатынастар орната алмай отырған жағдайда, атқарып отырғанымызды ашықтан-ашық мойындаудан қорықпаймыз. Қалыпты қатынастар мынадай, тек қана мынадай болуға тиіс: пролетариат ірі өнеркәсіпті, оның өнімдерін, өз қолында ұстасын, сөйтіп шаруаларды толық қанағаттандырып қана қоймай, сонымен бірге, оларға тіршілік құралдарын бере отырып, олардың жағдайын сондайлық жеңілдетсін, ол жеңілдетуден капиталистік құрылыспен салыстырғандағы айырма айқын және айтарлықтай болатын болсын. Осы, тек осы жағдай ғана қалыпты социалистік қоғамның базасын жасайды. Күйзелістің, мұқтаждықтың, қайыршыланудың және торығудың бізді езіп тастағаны соншалық — біз мұны қазір істей алмаймыз. Бірақ, осы қарғыс атқан сарқыншақты оңай жою үшін біз, сұмдық ауыр соғыстың кезінде қалыптасқан қатынастарға қарамастан, олардан белгілі бір қорытынды жасаймыз. Шаруалардың наразылық жасауға аса орынды дәлелі бар екенін біз жасырмаймыз. Біз неғұрлым кеңірек түсіндіретін боламыз және орын алып отырған жағдайды жою үшін, ұсақ қожайынның тіршілік жағдайымен көбірек санасу үшін қолымыздан келгеннің бәрін істейміз дейміз.

Осы қожайынның тұрмысын жеңілдету үшін, ұсақ егіншіге көбірек беру үшін, неғұрлым берік қожайындық етуге жағдай туғызу үшін не керек болса, біз соның бәрін істеуге тиіспіз. Бұл шараның коммунизмге

дұшпан тенденцияларды өршітетіндігінен біз қорықпаймыз, ал мұндай тенденциялар, күмән жоқ, болады.

Міне, жолдастар, осы қатынастарды байыпты есепке алудың және саясатты қайта қарауға біздің толық әзір екендігіміздің осындай рухында біз тіпті саясаттың түрін өзгертуге тиіспіз, өйткені біз тарихта бірінші рет бірнеше жылдар бойы социалистік қоғамның негіздерін, пролетарлық мемлекеттің негіздерін қалау ісін қолға алдық. Мен: бұл жөнінде біздің съезіміздің жұмыс нәтижелері соғұрлым табысты болады, осы түбегейлі мәселе жөнінде нағыз бірлікке біз әуел бастан-ақ жеттік деп ойлаймын. Түбегейлі екі мәселе бірауыздан шешілуге тиіс болды, сөйтіп пролетариат авангардының пролетариат бұқарасына көзқарасы туралы және пролетариаттың шаруаларға көзқарасы туралы мәселе жөнінде бізде алауыздықтар болған жоқ. Бұл жөнінде біз, өте ауыр саяси жағдайлар үстінде шешуімізге тура келетіндігіне қарамастан, бұрын-соңды болмаған үлкен бірлік көрсеттік.

Енді екі пунктке көшуге рұқсат етіңіздер, бұл пункттерді жазып алмауларыңызды өтінемін. Біріншісі — Бакудегі және Грозныйдағы концессиялар туралы мәселе. Бұл мәселе съезде жанамалап қана қозғалды. Менің ол мәжіліске қатынасуымның реті келмеді, бірақ маған жолдастардың кейбіреулерінде наразылық немесе сенімсіздік сезімі қалды дегенді айтты. Менің ойымша, бұлай етуге негіз болмауға тиіс. Грозный мен Бакуде концессиялар беру туралы мәселені Орталық Комитет барынша жете талдады. Бірнеше рет арнаулы комиссиялар құрылды, бұған мүдделі ведомстволардан арнайы есептер талап етілді. Алауыздықтар болды, бірнеше рет дауысқа салынды, соңғы дауысқа салудан кейін Орталық Комитет мүшелерінің бірде-бір тобы, Орталық Комитеттің бірде-бір мүшесі съезге жүгіну жөніндегі өзінің даусыз правосын пайдаланғысы келмеді. Менің ойымша, жаңа Орталық Комитеттің съезд шешіміне сүйене отырып, осы ірі мәселені шешуге ресми және шын мәнісінде толық правосы бар. Концессияларсыз біз жоғары дәрежеде

жабдықталған осы заманғы капиталистік техниканың көмегіне үміт арта алмаймыз. Бұл техниканы пайдаланбайынша, бүкіл дүние жүзілік шаруашылық үшін ерекше маңызы бар мұнай өндіру сияқты салаларда өзіміздің ірі өндірісіміздің негізін дұрыс жолға қоюға біздің мүмкіндігіміз болмайды. Біз концессия жөнінде әлі де бірде-бір шарт жасасқанымыз жоқ, бірақ шарт жасасу үшін бәрін де істейміз. Сіздер ашылғалы жатқан Баку — Тифлис мұнай құбыры жөнінде газеттен оқыдыңыздар ма? Сіздер Батумға дейін баратын нақ сондай мұнай құбыры туралы да таяуда оқисыздар. Мұның өзі дүние жүзілік рынокқа қатысуға мүмкіндік береді. Мәселе өзіміздің экономикалық жағдайымызды жақсартуға, республикамыздың техникалық жабдықталуын күшейтуге, өнімдердің мөлшерін арттыруға, өз жұмысшыларымыз үшін азық-түлік және тұтыну заттарының мөлшерін арттыруға келіп саяды. Бұл жөнінде жеңілдік атаулының біз үшін орасан зор маңызы бар. Міне сондықтан да біз Грозный мен Бакудің бір бөлегін концессияға беруден қорықпаймыз; Грозныйдың төрттен бірін және Бакудің төрттен бірін концессияға беріп, біз бұл концессияны — егер оны жүзеге асырудың сәті түссе — қалған төрттен үш бөлігінде алдыңғы қатарлы капитализмнің озат техникасын қуып жету үшін пайдаланамыз. Қазір мұны басқаша істеуге біздің мұршамыз жоқ. Біздің шаруашылығымыздың жай-күйін білетін адам мұны түсінеді. Алайда, жүз миллион сом алтынмен болса да төленген тірегіміз болған күнде, мұны қалған төрттен үш бөлігінде істеу үшін біз барлық қаражатты жұмсаймыз.

Екінші мәселе,— мен мұны жарияламауды өтінемін,— президиумның шешімі; бұл шешім айрықша қаралған және баяндамалардың тәсілдеріне қатысты шешім. Өздеріңіз білесіздер, бізге бұл съезде көбінесе тым ретсіз күйгелектік туғызған және съезден қызметкерлерді бұрын еш уақытта болып көрмеген мөлшерде бөліп әкетіп отырған жағдайда жұмыс істеуге тура келді. Сондықтан жергілікті жерлерде қалай баяндау керек екендігінің жоспарын сабырмен, ойла-

ныңқырап жасап алу керек, бұл жөнінде нақты шешімді басшылыққа алу керек. Осында бір жолдас президиумның жергілікті жерлерге баратындарға берілетін директиваларының жобасын жасады, мен бұл жобаны оқып шығайын (о қ и д ы)[54]. Мен бұл туралы бірер сөзбен айтып өттім. Әрбір делегат мәселені ойланып алуы үшін және жағдайдың қауіптілігін асыра көрсетпей, өзінің де, төңірегіндегілердің де үрейленушілікке түсуіне ешбір ретте де жол бермей, баяндамаларда қажетті сақтық жасауы үшін жоғарыда оқылған азғана жолдар жеткілікті болар деп ойлаймын.

Бүкіл дүние жүзілік капитализм қазір бізге қарсы адам естімеген күйгелек, долы науқан жүргізіп отырғанда, біздің үрейленуіміз тіпті де орынсыз және үрейленуге титтей де негіз жоқ. Мен кеше, Чичерин жолдаспен келісе отырып, осы мәселе жөнінде ақпар алдым, бұл ақпарды тыңдау бәріңізге де пайдалы болар деп ойлаймын. Бұл — Россияның ішкі жағдайы жөніндегі өтіріктің науқаны туралы мәселе жөніндегі ақпар. Советтік Россия туралы өтірік айтуда мұндайлық жүгенсіздік, қиялдан шығарылған өсектерді мұндайлық көптеп таратушылық батыс европалық баспасөзде соңғы екі аптадағыдай ешқашанда, ешбір уақытта болған емес,— деп жазады ақпарды қорытындылаушы жолдас. Марттың басынан бастап бүкіл батыс европалық баспасөз Россиядағы көтерілістер туралы, контрреволюцияның жеңісі туралы, Ленин мен Троцкийдің Қырымға қашып кеткендігі туралы, Кремль үстіндегі ақ жалау туралы, Петроград пен Москва көшелерінің қанға бөккендігі туралы, ол жерлердегі баррикадалар туралы, Совет өкіметін құлату үшін Москваға қарай төбе-қыраттардан түсіп келе жатқан жұмысшылардың қалың тобыры туралы, Буденныйдың бүлікшілер жағына шығып кеткендігі туралы, бірсыпыра орыс қалаларында, оның бер жағында біресе бір қаланы, біресе екінші қаланы көрсетеді, жалпы алғанда Россияның губерниялық қалаларының көпшілігі дерлігі аталып шыққан,— контрреволюцияның жеңгендігі туралы толып жатқан

қиялдан шығарылған хабарлар тасқынын күн сайын жариялап отыр. Бұл науқанның жан-жақтылығы мен жоспарлылығы бұл мәселеде барлық жетекші үкіметтердің кең ойластырылған әлдеқандай бір жоспары етек алып отырғандығын көрсетеді. 2 мартта Foreign Office* «Press Association»[55] арқылы: жарияланып отырған хабарлар шындыққа жанаспайды деп есептейтіндігін мәлімдеді, ал осының артынша-ақ Foreign Office өз атынан Петроградтағы көтеріліс туралы, Кронштадт флотының Петроградты бомбалағандығы туралы және Москва көшелеріндегі ұрыстар туралы хабар жариялады.

2 мартта ағылшынның барлық газеті Петроград пен Москвадағы көтерілістер туралы былай деген телеграммалар жариялады: Ленин мен Троцкий Қырымға қашып кетті, Москвада 14 000 жұмысшы құрылтайды талап етуде, Москва арсеналы мен Москва-Курск вокзалы көтеріліс жасаған жұмысшылардың қолында, Петроградта Васильев Аралы түгелдей көтерілісшілердің қолында.

Кейінгі күндердегі радио мен телеграммалардан бірнеше мысал келтірейін: 3 мартта Клышко Лондоннан былай деп телеграмма береді: «Reuter»[56] Питердегі көтеріліс туралы қисынсыз қауесеттерді іліп әкетіп, оларды үдете таратып отыр.

6 март: Берлин тілшісі Мейсон Нью-Йоркке былай деп телеграмма береді: Америкадан келетін жұмысшылар Петроград революциясында маңызды роль атқарады, сондықтан Чичерин Америкадан келетін эмигранттарды шекарадан жібермеу туралы генерал Ганецкийге радио арқылы бұйрық жіберген.

6 март: Зиновьев Ораниенбаумға қашып кеткен. Москвада қызыл артиллерия жұмысшы кварталдарын атқылауда. Петроград барлық жағынан бөлініп тасталған (Вигапд радиосы).

7 март: Клышко былай деп телеграмма беріпті: Ревельден алынған мәліметтерге қарағанда Москва көшелерінде баррикадалар құрылған; газеттер Черни-

* — Сыртқы істер министрлігі. *Ред.*

говты антибольшевиктік әскерлер алды деген Гельсингфорстан келген хабарды жариялауда.

7 март: Петроград та, Москва да көтерілісшілердің қолында. Одессада көтеріліс. Семенов 25 000 казакты бастап Сибирь арқылы келе жатыр. Петроградтағы революциялық комитеттің өз қолында фортификация мен флот бар (ағылшынның Польдью радиостанциясының хабарлары).

Науен, 7 март: Петроградтың фабрикалық кварталдары көтеріліс жасады. Антибольшевиктік көтеріліс Волыньді қамтыды.

Париж, 7 март: Петроград Революциялық комитеттің қолында. «Matin»[57] былай деп хабарлайды: Лондонда алынған хабарлар бойынша Кремль үстінде ақ жалау желбіреуде.

Париж, 8 март: Бүлікшілер Красная Горканы алды. Псков губерниясында қызыл әскер полктары бүлік шығарды. Большевиктер Петроградқа башқұрттарды жіберіп жатыр.

10 мартта Клышко былай деп телеграмма береді: газеттер өзді-өзінен: Петроград құлады ма, әлде құлаған жоқ па? — деп сұрауда. Гельсингфорстан алынған хабарларға қарағанда, Петроградтың төрттен үші бүлікшілердің қолында; Троцкий, немесе — басқа хабарларға қарағанда — Зиновьев Тоснадағы немесе Петропавл қамалындағы қимылдарға қолбасылық етуде; басқа хабарларға қарағанда — бас қолбасшы болып Брусилов тағайындалған; Ригадан алынған мәліметтерге қарағанда, Петроград, темір жол вокзалдарынан басқасы, 9 мартта алынған, Қызыл Армия Гатчинаға шегінген; Петроград стачкашылары: «Советтер мен коммунистер жойылсын» деген ұран көтеруде. Англияның әскери министрлігі былай деп мәлімдеді: Кронштадт бүлікшілері Петроград бүлікшілерімен қосылған-қосылмағаны әлі белгісіз, бірақ, оның мәліметтері бойынша, Зиновьев Петропавл қамалында совет әскерлеріне қолбасылық етіп отырған көрінеді.

Осы уақыттың орасан көп жалған өсектерінің ішінен мысалдар іріктеп көрейін: Саратов антибольшевиктік дербес республикаға айналды (Науен, 11 март).

Волга жағалауындағы қалаларда коммунистерге қарсы қыргын ойрандар жасалуда (бұл да сонда). Минск губерниясында белорус әскери отрядтары Қызыл Армияға қарсы күресуде (бұл да сонда).

Париж, 15 март: «Matin» Кубань және Дон казактары қалың көпшілік болып көтерілді деп хабарлайды.

Науен 14 мартта былай деп хабарлады: Буденныйдың атты әскері Орел маңында бүлікшілерге қосылды. Псковтағы, Одессадағы және басқа қалалардағы көтерілістер туралы әр мезгілде хабарлар беріліп тұрды.

Красин 9 мартта былай деп телеграмма береді: «Times»[58]-тің Вашингтондағы тілшісі былай депті: советтік режимнің күні бітуге таяп келеді, сондықтан Америка шеткергі мемлекеттермен қарым-қатынас орнатуды кейінге қалдыра тұрады. Американ банк сфераларынан әр мезгілде: қазіргі жағдайларда Россиямен сауда жасау көзсіз тәуекелге бел байлағандық болар еді деген хабарлар келіп жатады.

«Daily Chronicle»[59]-нің Нью-Йорктегі тілшісі тіпті 4 мартта-ақ былай деді: Америкадағы кәсіпкер топтар мен республикалық партия қазіргі уақытта Россиямен сауда қатынастарын жасау көзсіз тәуекелге бел байлау болады деп есептейді.

Күмән жоқ, өтіріктің науқаны тек Американы ғана емес, сонымен қатар Лондондағы түрік делегациясы мен Силезия плебисцитін де еске алып отыр[60].

Жолдастар, жағдай мүлде айқын. Баспасөздің бүкіл дүние жүзілік синдикаты — мұнда баспасөз бостандығы бар, ол бостандық мынада: бұл баспасөздің 99 процентін жүз миллиондаған сомды жұмсап отырған финанс алпауыттары сатып алған — империалистердің бүкіл дүние жүзілік жорығын бастады; олар ең алдымен Англиямен Красин бастаған сауда келісімін және Америкамен жасалмақшы сауда келісімін, менің жоғарыда көрсеткенімдей, ол жөнінде осында біз жүргізіп отырған келіс сөздерді бұзғысы келеді, ал съезд жұмысының өн бойында бұл келіс сөздерге нұсқаулар берілді. Мұның өзі мынаны көрсетеді: бізді қоршап отырған жаулар интервенция жасау мүмкіндігінен ай-

рылып, енді бүлік шығарылуына үміт артып отыр. Кронштадт оқиғалары да халықаралық буржуазиямен байланыстылығын көрсетті. Ал оның үстіне, біз мынаны көріп отырмыз: халықаралық капиталдың практикалық тұрғысынан қарағанда қазір олар бәрінен де гөрі сауда қатынастарының дұрыс қалпына келтірілуінен көбірек қорқады. Бірақ оларға бұл қатынастарды бұзудың сәті түспес. Бізде осында Москвада ірі капиталдың өкілдері бар, олар осы қауесеттердің бәрінен түңілген, сөйтіп бұл өкілдер: Америкадағы азаматтардың бір тобы Советтік Россияны жақтаған үгіттің бұрын-соңды болмаған тәсілін қолданғандығы туралы мәлімдеді.

Бұл топ бірнеше айдың ішінде газеттерден, нағыз әр түрлі газеттерден Россия жөнінде, Ленин мен Троцкийдің қашып кеткендігі жөнінде, Троцкийдің Ленинді және Лениннің Троцкийді атып тастағандығы жөнінде айтылғандардың бәрін жинаған, бәрін бір кітапшаға жинаған[61]. Совет өкіметін жақтаған мұнан артық үгітті таба да алмассың. Ленин мен Троцкийдің қаншама рет атылып, қаншама рет өлтірілгені туралы мәліметтер,— бұл мәліметтер әрбір ай сайын қайталанып отырды,— күн сайын жинастырылған, сонан соң, ақырында, оларды бір жинаққа жинап, басып шығарды. Американың қазіргі буржуазиялық баспасөзі өзіне деген сенімнен толық айрылды. Помещиктер мен капиталистердің арасынан шыққан шетелдегі екі миллион орыс эмигранттары қызмет етіп отырған жау міне осы, буржуазияның бізге қарсы шығып отырған армиясы міне осы. Мейлі, олар Совет өкіметінің практикалық табыстарын жоюға, сауда қатынастарын бұзуға әрекет жасай берсін. Олардың мұны істеуіне сәті түспейтіндігін біз білеміз. Халықаралық баспасөздің, өз қолында жүз мыңдаған газетті ұстап отырған, бүкіл дүние жүзін хабардар етіп отырған баспасөздің бүкіл осы информациясы біздің қаншалықты дәрежеде жау қоршауында тұрғанымызды және бұл жаулардың өткен жылмен салыстырғанда қаншалықты дәрежеде әлсірегендігін тағы да көрсетіп отыр. Ал мұны біз түсінуге тиіспіз, жолдастар! Мен съездің осында

қатысып отырған мүшелерінің көпшілігі біздің алауыздықтарымызға қандайлық шек қоюымыз керек екендігін түсінген шығар деп ойлаймын. Съездегі күресте бұл шекті сақтауға мүмкін болмағандығы табиғи нәрсе. Жаңа ғана күрес жүргізген адамдардан бұл шек қоюшылықты дәл осы арада түсінсін деп талап етуге болмайды. Бірақ біз дүние жүзілік революцияның ошағы ретінде өзіміздің партиямызға және бүкіл дүние жүзі мемлекеттері синдикатының қазір бізге қарсы жүргізіп отырған науқанына көз жіберсек, бізде күмән болмауға тиіс. Мейлі, олар өздерінің науқанын жүргізе берсін, біз ол науқанға көз жіберіп көрдік және өзіміздің алауыздықтарымыздың шама-шарқын дәл білеміз, сөйтіп осы съезде топтаса отырып, біз өзіміздің алауыздықтарымыздан шынымен біртұтас болып мейлінше бірігіп шығатынымызды және неғұрлым шыныққан партия болып шығатынымызды білеміз, ал бұл партия барған сайын неғұрлым батыл халықаралық жеңіске қарай ілгері баса береді! (Ду қол шапалақтау.)

«Правда» № 60 және «Известия ВЦИК» № 60, 20 март, 1921 ж.

XI АРМИЯНЫҢ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ-ӘСКЕРИ СОВЕТІНЕ ТЕЛЕГРАММА

Көшірмесі Кавказ майданының Революциялық-әскери советіне
Көшірмесі Грузия Революциялық комитетіне
Көшірмесі Орджоникидзе жолдасқа

Он бірінші армияның әскер бөлімдері Грузия территориясында болғандықтан, сізге Грузия Революциялық комитетімен толық байланыс жасап, Революциялық комитеттің директиваларымен мұқият санасып отыру, Грузия Революциялық комитетімен келіспейінше, жергілікті халықтың мүдделеріне тиетін ешқандай шаралар қолданбау, Грузияның суверенді органдарына ерекше құрмет көрсетіп, грузин халқы жөнінде ерекше көңіл бөліп, абай болу тапсырылады. Армияның барлық мекемелеріне, оның ішінде Ерекше бөлімге де дереу тиісті директива беріңіз. Бұл директиваны бұзушылардың бәрін жауапқа тартыңыз. Директиваны бұзушылық туралы немесе жергілікті халықпен болған титтей де болса егестер мен түсініспеушіліктер туралы хабарлап отырыңыз.

Қорғаныс Советінің Председателі *Ленин*

1921 ж. 10 мартта жазылған

1921 ж. 17 мартта «Правда Грузии» газетінің 13-номерінде басылған

Газеттің машинкада басылған көшірмемен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

КРОНШТАДТ КӨТЕРІЛІСІ ТУРАЛЫ

АМЕРИКАН ГАЗЕТІ «THE NEW YORK HERALD»-тің ТІЛШІСІМЕН БОЛҒАН ӘҢГІМЕНІҢ ҚЫСҚАША ЖАЗБАСЫ[62]

Маған сеніңіз, Россияда екі үкімет қана: патша үкіметі немесе Совет үкіметі болуы мүмкін. Кронштадтта кейбір есалаңдар мен опасыздар Құрылтай жиналысы туралы сөз қылды. Бірақ Россия душар болып отырған қазіргі аласапыран жағдайда Құрылтай жиналысы туралы парасатты адамның тіпті ойына келуі мүмкін бе. Қазіргі уақытта Құрылтай жиналысы патша генералдары мұрнына шығыршық өткізіп алып жетелеп жүрген аюлардың ғана жиналысы болған болар еді. Кронштадттағы көтеріліс шын мәнісінде мүлде түкке тұрғысыз жанжал, мұның Совет өкіметі үшін қауіптілігі ирланд әскерлерінің Британия империясына қауіптілігінен әлдеқайда кем.

Америкада жұрт: большевиктер деген — советтік режимді жойған жағдайда тамаша үкімет құра алатын орасан көп, білімді адамдарға жауыздықпен үстемдік етіп отырған арам ниетті адамдардың кішкентай тобы ғана деп ойлайды екен. Бұл пікір мүлде жалған пікір. Өздерінің дәрменсіздігін баяғыда-ақ көрсеткен генералдар мен бюрократтар болмаса, большевиктердің орнын ешкім де баса алмайды. Егер шетелде Кронштадттағы көтерілістің маңызын асыра көрсетіп, оған жәрдем етіп отырса, онда мұның бұлай

болып отырған себебі — дүние жүзі екі лагерьге: капиталистік шетелге және коммунистік Россияға бөлінді.

1921 ж. 15 мартта «The New York Herald» газетінің 197-номерінде ағылшын тілінде басылған

1921 ж. 26 мартта «Петроградская Правда» газетінің 67-номерінде орыс тілінде басылған

«Петроградская Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ТРАНСПОРТ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ СЪЕЗІНДЕ 1921 ж. 27 МАРТТА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[63]

Жолдастар, ең алдымен сіздердің құттықтағандарыңыз үшін алғыс айтуыма және сіздердің съезіңізді дәл солай құттықтап жауап қайыруыма рұқсат етіңіздер. (Ду қол шапалақтау.) Сіздердің съезіңіздің міндеттеріне, сіздердің жұмыстарыңызға және сіздердің съезіңізден бүкіл Совет өкіметі күтіп отырған нәрсеге тікелей қатысы бар тақырыпқа көшуден бұрын біраз алыстан бастауыма рұқсат етіңіздер.

Қазір, сіздердің залыңызды аралап келе жатып, мен: «Жұмысшылар мен шаруалардың үстемдігі мәңгі жасайды» деген жазуы бар плакатты кездестірдім. Ал осы оғаш плакатты оқыған кезімде,— рас, бұл плакат әдеттегі орнында ілулі емес, бір мүйісте тұр екен,— бәлкім, біреу бұл плакаттың жөнсіз екенін аңғарып, оны жылжытып қойған болар,— міне осы оғаш плакатты оқыған кезімде, мен: міне осындай қарапайым және негізгі нәрселер жөнінде де бізде түсінбеушілік, теріс ұғым бар-ау деп ойладым. Шын мәнінде, егер жұмысшылар мен шаруалардың үстемдігі мәңгі жасайтын болса, онда мұның өзі социализм ешқашан да болмайды деген сөз болып шығар еді, өйткені социализм — таптарды жою деген сөз, ал жұмысшылар мен шаруалар сақталып отырған кезде, түрлі таптар да сақтала бермек, олай болса, толық социализмнің болуы мүмкін емес. Сонымен, Октябрь төңкерісінен соң үш жарым жыл уақыт өткеннен кейін де бізде біраз шетке жылжытылған болса да осындай оғаш плакат-

тар бар-ау деп ойлаумен қатар, мен, бәлкім, бізде аса кең тараған және жалпы жұрт қолданып жүрген ұрандар жөнінде де әлі мейлінше көп түсінбеушіліктердің бар екендігі туралы да ойлана бастадым. Біз бәріміз де: қазір өзіміздің ең ақырғы, шешуші зор майданымызды жүргізіп жатырмыз деп жырлаймыз,— мәселен, өзіміз барынша қайталап жүрген, аса кең тараған ұрандардың бірі міне осы. Бірақ менің ептеп қорқатыным мынау: егер коммунистердің көпшілігінен — қазір сіздер, әрине, ең ақырғы зор майданның өзін емес, бұлай деу аздап артықтау болады, алайда ең ақырғы және шешуші зор майдандарыңыздың бірін кімге қарсы жүргізіп жатырсыздар деп сұраса,— бұл сұраққа дұрыс жауап беретіндер және өзіміздің ең ақырғы, шешуші зор майдандарымыздың бірін қазір не нәрсеге немесе кімге қарсы жүргізіп жатқандығымызды анық түсінетіндер аз болып шыға ма деп қорқамын. Сондықтан менің білуімше, қазіргі көктемде, өзіне жұмысшылар мен шаруалардың қалың бұқарасының назарын аударып отырған саяси оқиғаларға байланысты, меніңше, осы оқиғаларға байланысты, қазіргі көктемде, дәл қазіргі кезде өзіміздің ең ақырғы, шешуші зор майдандарымыздың бірін кімге қарсы жүргізіп жатырмыз деген мәселені тағы да басынан бастап талдап қарауымыз керек немесе, ең болмағанда, талдап қарауға әрекеттенуіміз керек. Менің осы мәселеге тоқтап өтуіме рұқсат етіңіздер.

Бұл мәселенің анығына жету үшін, менің ойымша, ең алдымен, біріне-бірі қарсы тұрған күштерді, өздерінің күресі арқылы Совет өкіметінің тағдырын да шешетін және, жалпы айтқанда, пролетарлық революцияның, Россияда болсын, басқа елдерде болсын капиталды құлату жолында жүргізілетін революцияның барысы мен дамуын да белгілейтін күштерді мүмкін болғанша дәл және мүмкін болғанша байыпты түрде тағы да шолып өту керек. Бұл күштер қандай күштер? Бұлар бір-біріне қарсы қалай топтасады? Қазіргі уақытта бұл күштердің орналасуы қандай? Азды-көпті елеулі саяси шиеленісудің қандайы болса да, саяси оқиғалардағы жаңа бетбұрыстың қандайы болса да,

тіпті шағын бетбұрыс та, ойлай білетін әрбір жұмысшыны, ойлай білетін әрбір шаруаны осы мәселеге, нақтылы қандай күштер бар, олар қалай топталады деген мәселеге әрқашанда әкеліп отыруға тиіс. Ал осы күштерді біз, өзіміздің ұнатқан нәрселеріміз бен тілектерімізге қарамастан, дұрыс және өте байыпты түрде есепке ала білген күнде, тек сонда ғана біз жалпы саясатымыз жөнінде және таяудағы міндеттеріміз жөнінде дұрыс қорытындылар жасай аламыз. Сонымен, менің осы күштерді қазір қысқаша сипаттап өтуіме рұқсат етіңіздер.

Басты, негізгі және жалпы сипаты жағынан алғанда, мұндай күштер — үшеу. Мен өзімізге бәрінен жақын тұрған күштен, пролетариаттан бастайын. Бұл — бірінші күш. Бұл бірінші ерекше тап. Бәріңіз де мұны жақсы білесіздер, өздеріңіз осы таптың қалың ортасында тұрасыздар. Қазір бұл таптың жағдайы қандай? Совет республикасында бұл тап — бұдан үш жарым жыл бұрын өкіметті өз қолына алған және осы уақыттың ішінде үстемдігін, диктатурасын жүзеге асырған тап, осы үш жарым жылдың ішінде барлық басқа таптардан гөрі көбірек азап шеккен, көп ауыртпалықты бастан кешірген, қалжыраған. жоқшылықтар мен апаттарға көбірек ұшыраған тап. Көпшілік бөлігі Совет өкіметінің бүкіл капиталистік дүниеге қарсы жүргізген сұрапыл азамат соғысында өткен осы үш жарым жыл жұмысшы табы үшін, пролетариат үшін, дүние жүзінде бұрын-соңды болып көрмеген апаттардың, жоқшылықтардың, құрбандықтардың, асқынған әр алуан мұқтаждықтардың жылдары болды. Сөйтіп, адам таңданарлық нәрсе болды. Саяси үстемдікті өз қолына алған тап, бұл үстемдікті *бір өзі ғана* алатынын біле тұра алды. Бұл пролетариат диктатурасы ұғымында тұжырымдалған. Саяси өкіметті тек жалғыз өзі ғана қолына алатындығын және «жалпы халықтық, жалпы жұртшылық сайлаған, бүкіл халық құрметтеген» өкімет жөніндегі сөздермен өзін де, өзгені де алдамайтындығын тек бір ғана тап білген жағдайда бұл ұғымның мағынасы болмақ. Бәріңіз де өте жақсы білесіздер, мұндай сөзуарлыққа әуесқойлар толып жа-

тыр, тіпті шексіз көп, бірақ, қалай болған күнде де, мұндайлар пролетариат арасында емес, өйткені пролетарлар әңгіменің пролетариат диктатурасы туралы болып отырғанын ұғынып, бұл туралы Конституцияда, республиканың негізгі заңдарында жазған. Бұл тап ерекше қиын жағдайларда өкіметті жалғыз өзі алатынын түсінді. Диктатура атаулы қандай жолмен жүзеге асырылып отыратын болса, бұл тап өкіметті нақ сондай жолмен жүзеге асырып отырды, яғни ол өзінің саяси үстемдігін барынша қатаң, барынша бұлжытпай жүзеге асырып отырды. Ал оның бер жағында бұл тап саяси үстемдігінің осы үш жарым жылы ішінде тарихта бірде-бір таптың басында ешқашан болмаған дәрежеде апатқа, жоқшылыққа, ашаршылыққа, өзінің экономикалық жағдайының нашарлауына душар болды. Міне сондықтан осындай адам айтқысыз күш жұмсаудың нәтижесінде бұл таптың ерекше шаршап, қажығанын, ерекше титықтағанын біздің қазір көріп отырғанымыз әбден түсінікті.

Халықтың басқа бөлегімен салыстырғанда пролетариатының саны өте аз болып отырған елде, саны жағынан неғұрлым көп, саналы, тәртіпті және ұйымдасқан пролетариаты бар елдерден әскери күш арқылы әдейі бөлініп тасталған, артта қалған елде, міне осындай елде, бүкіл дүние жүзінің буржуазиясы қарсылық көрсетіп, тегеурін жасап отырған жағдайда жалғыз тап өз өкіметін қалай жүзеге асыра алған? Мұның өзі үш жарым жыл бойы қалай жүзеге асып келген? Бұған көмек қайдан болды? Мұндай көмектің ел ішінде, шаруалар бұқарасы тарапынан болғанын біз білеміз. Мен қазір осы екінші күшке көшемін, бірақ алдымен бірінші күшті аяғына дейін талдап шығу керек. Мен: бұл таптың қасіреті ешқашанда оның өз диктатурасы заманындағыдай орасан зор, сұрапыл қасірет болып көрген жоқ, мұны фабрикаларда, заводтарда, деполарда, шеберханаларда істейтін ең жақын жолдастарыңыздың тұрмысынан сіздердің қай-қайсыңыз да байқап көрдіңіздер және білесіздер де деп айттым. Еліміз ешқашан да қазіргідей шаршау, титықтау халіне жеткен емес. Ал осы тапқа мұндай

жоқшылықтарға төзе аларлықтай дәрежеде моральдық күш берген нәрсе не? Осындай материалдық жоқшылықтарды жеңу үшін бұл таптың моральдық күштерді әйтеуір бір жерден алуға тиісті болғандығы айқын, мүлде анық. Өздеріңіз білесіздер, моральдық күш туралы, моральдық комек туралы мәселе — айқындауға қиын мәселе, не нәрсені болса да моральдық күш деп түсінуге болады, не нәрсені болса да осыған әкеп қоса салуға болады. Мұндай қауіптен,— моральдық күш деген ұғымға қайсыбір айқын емес немесе қиялдан шығарылған нәрсені әкеп қоса салудан,— аулақ болу үшін мен өзіме мынадай сұрақ қоямын: өзінің саяси үстемдігіне байланысты пролетариаттың адам айтқысыз материалдық жоқшылықтарды көтеруіне моральдық күш берген нәрсені дәл анықтайтын белгілерді табуға болмас па екен? Менің ойымша, егер мәселені осылай қоятын болсақ, онда бұған дәл жауап табылады. Өздеріңізге былай деп сұрақ қойыңыздар: егер Совет республикасының қасында алдыңғы қатарлы елдер емес, артта қалған елдер тұрған болса, онда ол үш жарым жыл бойына көтерген ауыртпалықты көтере алар ма еді және дүние жүзіндегі барлық елдердің капиталистері қолдап отырған ақ гвардияшылардың тегеурінінен өзін осыншалық ойдағыдай қорғап қала алар ма еді? Осы сұрақты қойсаңыз-ақ болғаны, бұған берілетін жауапта ешқандай тайсақтаушылық болмайды.

Өздеріңіз білесіздер, дүние жүзіндегі аса бай державалардың бәрі үш жарым жыл бойы бізге қарсы соғысты. Бізге қарсы тұрған және Колчакты, Юденичті, Деникин мен Врангельді қолдап келген әскери күш,— өздеріңіз өте жақсы білесіздер, қай-қайсыңыз да соғысқа қатыстыңыздар,— біздің әскери күштерімізден әлденеше рет, өлшеусіз және сөзсіз басым болды. Өздеріңіз өте жақсы білесіздер, барлық осы мемлекеттердің күш-қуаты біздің күш-қуатымыздан қазірде де өлшеусіз зор. Ал олардың Совет өкіметін жеңу міндетін алға қоя отырып, жеңе алмай қалған себебі не? Неліктен бұлай болды? Бұған біздің дәл жауабымыз бар. Мұның бұлай болу себебі және осылай

болған себебі, барлық капиталистік елдердегі пролетариат біздің жағымызда болды. Тіпті оның өзі көрер көзге меньшевиктер мен эсерлердің — бұлар Европа елдерінде басқаша аталады — ықпалында болған кездерде де, дегенмен ол бізге қарсы жүргізілген күресті қолдамады. Ақыр аяғында, бұқараға басшылардың лажсыз көнуінің нәтижесінде, жұмысшылар бұл соғысты болдырмай тастады. Жеңген біз емеспіз, өйткені біздің әскери күштеріміз мардымсыз, жеңіске жеткізген нәрсе сол — державалар өзінің бүкіл әскери күшін бізге қарсы жұмсай алмады. Алдыңғы қатарлы елдердегі жұмысшылардың соғыстың барысына әсер етіп отыратыны соншалық, олардың тілегімен санаспай соғыс жүргізуге болмайды, сөйтіп сайып келгенде олар өздерінің енжар және жартылай енжар қарсылығы арқылы бізге қарсы соғысты болдырмай тастады. Осы даусыз факт — орыс пролетариаты үш жарым жыл төтеп беріп, жеңіп шығарлықтай дәрежеде моральдық күштерді қайдан ала білді деген сұраққа дәл жауап береді. Орыс жұмысшысының моральдық күші болған нәрсе — ол осы күресте өзіне Европадағы барлық алдыңғы қатарлы елдердің пролетариатының көрсеткен көмегін, қолғабысын біліп, сезіп, байқап отырды. Ол жақта жұмысшы қозғалысының дамуы қай бағытта жүріп жатқандығы бізге мынадан көрінуде: соңғы уақытта Европадағы жұмысшы қозғалысында Англиядағы, Франциядағы, Италиядағы және басқа елдердегі, жеңілгендердің де, жеңгендердің де елдеріндегі, мәдениеті әр түрлі, экономикалық даму дәрежесі әр түрлі елдердегі социалистік партиялардың жікке бөлінуі сияқты оқиғадан асқан ірі оқиға болған жоқ. Барлық елдерде биылғы жылы болған басты оқиға — толық апатқа ұшырап, қираған социалистер мен социал-демократтар партияларынан, орысша атағанда,— меньшевиктер мен эсерлерден, жұмысшы табы ішіндегі барлық алдыңғы қатарлылардың көмегіне сүйенетін коммунистер партиясының құрылғандығы болды. Әрине, егер алдыңғы қатарлы елдер болмай, оның орнына ондағыдай қуатты пролетарлық бұқарасы жоқ артта қалған елдер бізге қарсы күрес жүр-

гізген болса, онда біз үш жарым жыл түгіл, үш жарым ай да шыдап тұра алмаған болар едік; мұнда ешқандай күмән жоқ. Егер алдыңғы қатарлы елдердегі жұмысшылардың тілектестігіне сүйенбеген болса, Совет өкіметі жөнінде империалистердің миллион даналап таратқан өтірігіне қарамастан, жұмысшылардың бізді жақтап жүргізген күресін болдырғысы келмеген және болдырмай да келген «жұмысшы көсемдерінің», меньшевиктер мен эсерлердің күш салуларына қарамастан бізді қолдаушы жұмысшылардың тілектестігіне сүйенбеген болса, біздің пролетариатта моральдық күштің болуы мүмкін бе еді. Санының аздығы себепті әлсіз, апаттар мен жоқшылықтардан қажыған біздің пролетариат осы көмекке сүйене отырып жеңіп шықты, өйткені ол өзінің моральдық күші жағынан мықты.

Бірінші күш, міне осы.

Екінші күш — дамыған капитал мен пролетариаттың арасында тұрғандар. Бұлар — ұсақ буржуазия, ұсақ қожайындар, бұлар — Россияда халықтың басым көпшілігі болып отырған шаруалар. Көбінесе бұлар ұсақ қожайындар мен ұсақ егіншілік. Бұлардың оннан тоғызы осындайлар және басқаша болуы мүмкін де емес. Бұлар капитал мен еңбектің арасындағы шиеленіскен күреске күн сайын қатыспайды, мектептен өтпеген, экономикалық және саяси тұрмыс жағдайлары бұларды жақындастырмайды, қайта ыдырата түседі, бір-бірінен қашықтата түседі, миллиондаған жеке-дара ұсақ қожайындарға айналдырады. Бәріңіз де өте жақсы білетін фактілер осындай. Ешқандай коллективтер, колхоздар, коммуналар мұны талай-талай ұзақ жылдардан кейін болмаса, одан бергі жерде өзгерте алмайды. Бұл күш пролетариат диктатурасының революциялық жігері мен жанқиярлығы арқасында өзінің оң жақтағы жауларын, помещиктер табын ешқашан болып көрмеген дәрежеде өте тез құртты, оның түгін қоймай жайпап тастады, оның үстемдігін адам айтқысыз шапшаңдықпен жойып жіберді. Бірақ бұл күш помещиктер табының үстемдігін қаншалық тез жойған болса, жалпы халықтың жердегі өзінің шаруашылы-

ғына қаншалық тез көше бастаған болса, азын-аулақ кулактарды қаншалық батыл ауыздықтаған болса, оның өзі кіші-гірім қожайындарға соншалық тез айнала берді. Осы уақыттың ішінде орыс деревнясының деңгейлескенін өздеріңіз білесіздер. Ірі егіншілер мен егінсіздердің үлес салмағы кеміді, орташалар шаруашылығы көбейді. Біздің деревня осы уақыттың ішінде неғұрлым ұсақ буржуазиялық деревняға айналды. Мұның өзі — дербес тап, помещиктер мен капиталистер жойылғаннан кейін, қуылғаннан кейін, пролетариатқа қарама-қарсы тұра алатын бірден-бір тап болып қалатын тап. Сондықтан да жұмысшылар мен шаруалардың үстемдігі мәңгі жасайды деп плакаттарға жазу сорақы нәрсе.

Өзінің саяси пиғылы жағынан алып қарағанда бұл күштің қандай күш екенін сіздер білесіздер. Бұл — ауытқушы күш. Мұны біз өз революциямыз кезінде еліміздің барлық түкпірлерінен көрдік — Россияда өзінше, Сибирьде өзінше, Украинада өзінше, бірақ барлық жерде де қорытынды біреу-ақ: бұл — ауытқушы күш. Бұл күшті эсерлер мен меньшевиктер Керенскийдің көмегі арқасында да, Колчак кезеңінде де, Самарада Құрылтай жиналысы болған кезде де, Колчакта немесе одан бұрынғыларда меньшевик Майский министр болған кезде де, т. т. тұсында да ұзақ уақыт жетегінде ұстап келді. Бұл күш пролетариат басшылығы мен буржуазия басшылығы арасында ауытқып отырды. Бұл күштің орасан көпшілік бола тұрып, өзін өзі басқармаған себебі не? Оның себебі — бұл бұқараның экономикалық тұрмыс жағдайлары сондай, өздігінен бірігу, өздігінен топтасу оның қолынан келмейді. Бұл жағдай «бүкіл халықтық дауыс беру» туралы, құрылтай туралы және барлық елдерде халықты жүздеген жылдар бойы ақымақ етіп келген, ал бізде жүздеген апталар бойы эсерлер мен меньшевиктер «осы жерде құдайдың құтты күні» сәтсіздікке ұшыраса да жүргізіп келген тағы сондай «демократия» туралы бос сөздердің шырмауына берілмейтін әрбір адамға айқын. (Қол шапалақтау.) Қай жерде болса да, әрқашанда нәтиженің нақ осындай болға-

нын: жалпы алғанда ұсақ буржуазияның, жеке алғанда шаруалардың өз күшін ұғыну жөніндегі, экономика мен саясатты өзінше жүргізу жөніндегі әрекеттерінің бәрі де іске аспай қалып отырғандығын біз өз тәжірибемізден білеміз — және осының дәлелін бүкіл дүние жүзіндегі барлық революциялардың,— егер, айталық, жүз елу жыл бойындағы жаңа заманды алатын болсақ,— дамуынан көріп отырмыз. Не пролетариаттың басшылығында болу керек, не капиталистердің басшылығында болу керек — аралық жол жоқ. Аралық жолды көксейтіндердің бәрі — құр арманшылдар, қиялшылар. Саясат та, экономика да, тарих та ондайларды теріске шығарады. Маркстің бүкіл ілімі мынаны көрсетеді: егер ұсақ қожайынды өндіріс құрал-жабдықтарына және жерге меншікші деп білетін болсақ, онда олардың арасындағы айырбастан қалайда капитал өсіп шығады, ал сонымен бірге капитал мен еңбек арасындағы қайшылықтар келіп шығады. Капитал мен пролетариаттың күресі — болмай қоймайтын нәрсе, мұның өзі бүкіл дүние жүзінде өзін айқын көрсеткен заң, ал кімде-кім өзін өзі алдағысы келмесе, мұны көрмеуі мүмкін емес.

Бұл күштің өзін өзі көрсете алмайтын себебі және бұл жөніндегі әрекеттердің барлық революциялар тарихында әрқашанда іске аспай келген себебі міне осы негізгі экономикалық фактілерден келіп шығады. Пролетариат революцияға басшылық ете алмайды екен, онда бұл күш әрқашанда буржуазияның басқаруында болады. Барлық революциялар кезінде осылай болып келді, сондықтан Россия адамдары да, әрине, ерекше жаратылған жандар емес, ал егер олар әулие жандар боламыз деп тыраштанатын болса, онда бұдан сорақылықтан басқа дәнеңе де шықпайды. Әлбетте, тарих басқаларға қалай болса, бізге де нақ солай. Біздің барлығымыз үшін осының бәрінің өте-мөте айқын болып отырған себебі — біз бәріміз де керенскийшілдікті бастан кеширдік. Сол кезде үкіметті қолдайтын саяси бағыттың ақылды, білімді басшылары, саясатта және мемлекетті басқаруда тәжірибесі мол басшылары большевиктердегіден жүз есе көп еді. Егер бізге

саботаж жасап келген және меньшевиктер мен эсерлерге сүйенуші Керенский үкіметіне саботаж жасауды өзінің міндеті етіп қоймаған барлық лауазымды адамдарды санайтын болсақ, ондайлар орасан көпшілік еді. Солай бола тұрса да ол үкімет күйреді. Демек, мемлекетті басқаруға дағдыланған, мемлекеттік өкіметті өздері қолға алуға тура келген кезден ондаған жылдар бұрын осы өнерді меңгерген интеллигенттік, білімді күштердің орасан басымдығын жеңе білген себептер болды. Бұл тәжірибе Украинада, Донда, Кубаньда басқаша нұсқада жасалды, бірақ бәрінің жеткен нәтижесі біреу-ақ болды. Мұнда кездейсоқтықтың болуы мүмкін емес. Екінші күштің экономикалық және саяси заңы осындай: не пролетариаттың басшылығында болу керек — бұл ауыр жол, бірақ помещиктер мен капиталистердің үстемдігінен құтқара алатын жол,— не, алдыңғы қатарлы демократиялық республикалардағы сияқты, жерді тегін үлестіру ісі әлі де түгел аяқталып болмаған (мұнда сырттан келген әрбір адамға 60 десятинадан тегін үлестіріліп отырған-ды; бұдан артық жағдай жасалады деу қиын-ақ!) және мұның өзі капиталдың толық үстемдік етуіне апарып соқтырған тіпті Америкадағы сияқты, капиталистердің басшылығында болу керек.

Екінші күш міне осы.

Бізде осы екінші күш ауытқып отыр, бұл күш ерекше шаршаған. Революцияның ауыртпалықтары осы күшке түсіп отыр, ал соңғы жылдардың ішінде: қуаңшылық жылы, малдың қырылуы, жұттың, т. б. болуы салдарынан салымды орындау сияқты ауыртпалықтар бұрынғыдан бетер күшейіп отыр. Мұндай жағдайда осы екінші күштің, шаруалар бұқарасының, торығушылыққа салынуы түсінікті. Помещиктер жойылғаннан бері үш жарым жыл өткендігіне қарамастан, бұл күш өз тұрмысын жақсарту туралы ойлай алған жоқ, ал жақсарту қажет болып отыр. Таратылып жатқан армия өз еңбегін дұрыс қолданарлық мүмкіндік таба алмай отыр. Міне сондықтан осы ұсақ буржуазиялық күш өз талаптарын толқулар түрінде білдіріп отырған анархиялық элементке айналып отыр.

Үшінші күш жұрттың бәріне белгілі, бұл күш — помещиктер мен капиталистер. Қазір бізде бұл күш көрінбейді. Бірақ ерекше маңызды оқиғалардың бірі, соңғы апталардағы ерекше маңызды бір сабақ — Кронштадт оқиғалары шын жағдайды не нәрседен болса да өте-мөте айқын көрсетіп берген найзағай отындай болды.

Қазір Европада ақ гвардиялық элементсіз бір де ел жоқ. Орыс эмигранттарын жеті жүз мың адамға жетеді деседі. Бұлар қашып кеткен капиталистер және Совет өкіметіне икемделе алмаған қызметшілер қауымы. Бұл үшінші күшті біз көріп отырған жоқпыз, ол шетелге өтіп кеткен, бірақ ол өмір сүруде, бүкіл дүние жүзінің капиталистерімен одақтасып әрекет жасауда, ал дүние жүзінің капиталистері Колчакты, Юденичті, Врангельді қалай қолдаған болса, бұл күшті де солай қолдап отыр, қаржы беру арқылы, басқа да амалдар арқылы қолдап отыр, өйткені олардың өзінің халықаралық байланысы бар. Бұл адамдар әркімнің есінде. Соңғы күндерде газеттерде Кронштадттағы оқиғаларды түсіндірген ақ гвардиялық баспасөзден келтірілген цитаттардың, үзінділердің өте көп екендігіне сіздер, әрине, назар аудардыңыздар. Соңғы күндерде бұл оқиғаларды Парижде газет шығарып тұратын Бурцев сипаттады, бұларға Милюков баға берді,— сіздер, әрине, мұның бәрін оқыдыңыздар. Біздің газеттердің бұған осыншама көп көңіл бөлген себебі не? Бұл дұрыс па? Дұрыс. Өйткені өз жауыңды анық білу керек. Шетелге өтіп кеткеннен кейінгі жерде бұл жау оншалық көзге түспей отыр, бірақ қараңыздаршы — ол онша алысқа ұзап кеткен жоқ, ең көп дегенде бірнеше мың шақырым жерге барды, ал енді, сол жерге жеткен соң, бұға қойды. Ол аман, ол тірі, ол аңысын аңдауда. Міне сондықтан одан көз алмай отыру керек, өйткені олар тек қашқындар ғана емес. Жоқ, олар дүние жүзілік капиталдың тікелей көмекшілері, олар соның есебінен күнелтіп, сонымен бірлесе қимыл жасап отырғандар.

Шетелдерде шығатын ақ гвардиялық газеттерден алынған цитаттардың Франция мен Англия газетте-

рінен алынған цитаттармен қатар келтіріліп отырғандығына сіздер, әрине, бәріңіз де назар аудардыңыздар. Мұның өзі бір хор, бір оркестр. Рас, мұндай оркестрлерде пьесаны нота бойынша ойнатып отыратын бір дирижер болмайды. Онда дирижерлік шыбықтан гөрі елеусіздеу әдіспен халықаралық капитал дирижерлік етеді, бірақ мұның бір оркестр екендігі сіздерге қай цитаттан болса да айқын болуға тиіс. Олар: егер «Совет өкіметі большевиктерсіз болсын» деген ұран ұсынылған болса, бұған өздерінің келісетіндігін мойындады. Милюков та осыны өте-мөте айқып түсіндіруде. Ол тарихты мұқият оқып үйренген және орыс тарихын өз басынан кешіре отырып, үйрену арқылы өзінің барлық білімін жаңартқан. Өзінің жиырма жылдық профессорлық зерттеуінің нәтижесін ол жеке басының жиырма ай ішіндегі зерттеуімен толықтырған. Ол: егер Совет өкіметі большевиктерсіз болсын деген сөздер ұранға айналатын болса, мен осыны жақтаймын дейді. Мұның өзі аздап оң жаққа немесе аздап сол жаққа анархистерге қарай ығысқандық бола ма, бұл шетелде, Парижде көріне қоймайды. Онда Кронштадтта не болып жатқаны көріне қоймайды, бірақ ол: «монархист мырзалар, асықпаңдар, бұл туралы босқа даурығып бөгет жасамаңдар» дейді. Сөйтіп ол: егер солға қарай ығысу болса, мен большевиктерге қарсы Совет өкіметін жақтауға дайынмын дейді.

Милюков міне осылай деп жазып отыр және мұнысы мүлде дұрыс та. Ол орыс тарихынан және помещиктер мен капиталистерден бірер нәрсеге үйренген, сондықтан ол: бәрібір Кронштадт оқиғалары большевиктерсіз Совет өкіметін құруға талпынғандық болып табылады; аздап оңға қарай ығысқандық болады, аздап еркін саудасы болады; аздап құрылтайы болады деп тұжырымдайды. Кез келген меньшевикті тыңдап көріңіздерші, сонда бәріңіз де, бәлкім, осы залдан сыртқа шықпай-ақ, осыны есітетін боласыздар. (*Қол шапалақтау.*) Егер Кронштадт оқиғаларының ұраны аздап солға қарай ауытқушылық болса — апаттардан, соғыстан, армияны демобилизациялаудан туған анархистері бар Совет өкіметі болатын болса,—

онда Милюков мұны не себепті жақтап отыр? Оның себебі — ауытқудың өзі не пролетариат диктатурасының жағына қарай, не капиталистер жағына қарай болатындығын ол біледі.

Әйтпесе саяси өкімет өмір сүре алмаған болар еді. Біздің жүргізіп отырған зор майданымыз ең ақырғы зор майдан емес, ең ақырғы, шешуші зор майдандардың бірі бола тұрса да: бүгін біз шешуші зор майдандардың бірін кімге қарсы жүргізбекшіміз деген сұраққа берілетін бірден-бір дұрыс жауап мынау болмақ: өзіміздің ішіміздегі ұсақ буржуазиялық стихияға қарсы зор майдан жүргіземіз. (Қол шапалақтау.) Помещиктер мен капиталистерге келетін болсақ, біз оларды бірінші науқан кезінде, тек бірінші науқан кезінде ғана жеңіп шықтық, ал екінші науқан енді халықаралық көлемде болады. Осы заманғы капитализм, тіпті жүз есе күшті болса да, бізге қарсы соғыса алмайды, өйткені ол жақта, алдыңғы қатарлы елдерде жұмысшылар кешегі күні оның соғысын болдырмай тастады, ал бүгін бұрынғыдан да жақсырақ, бұрынғыдан да дұрысырақ болдырмайтын болады, өйткені ол жақта соғыстың зардаптары барған сайын асқына түсіп отыр. Ұсақ буржуазиялық стихияны да біз өзіміздің ішімізде жеңіп шықтық, бірақ ол өзін әлі де көрсетеді, ал помещиктер мен капиталистер, әсіресе олардың Милюков сияқты ақылдылау адамдары осыны ескеріп отыр; ал Милюков монархистерге: өз үйлеріңде үндемей отыра тұрыңдар, өйткені олай етпеген күнде тек Совет өкіметін нығайтатын боласыңдар деді. Революциялардың жалпы бет алысы осыны көрсетті, ал бұл революциялар кезінде деревня уақытша қолдаған еңбекшілердің қысқа мерзімді диктатуралары болды, бірақ еңбекшілердің баянды өкіметі болған жоқ; бәрі де қысқа уақыттың ішінде кері сырғып отырды. Кері сырғып отырған себебі дәл мынау: шаруалардың, еңбекшілердің, кіші-гірім ұсақ қожайындардың өз саясаты болмақшы емес, сондықтан бірсыпыра ауытқығаннан кейін олардың кейін шегінуіне тура келіп отырады. Ұлы француз революциясында да осылай болды, кіші-гірім көлемде болса да барлық ре-

волюциялар кезінде де осылай болды. Сөйтіп жұрттың бәрінің осы сабақты үйренгендігі түсінікті. Біздің ақ гвардияшылар шекарадан әрі өтіп кетті, үш тәулік жол жүретін жерге барды, енді сол арада батыс европалық капиталдан көмек, қолғабыс алып, бізді аңдып отыр. Жағдай міне осындай. Осыдан келіп пролетариаттың міндеттері мен борышы айқын болады.

Шаршап-шалдығудан, қажудан белгілі бір пиғыл, ал кейде түңілушілік туады. Әрқашандағы сияқты, революцияшыл элементтерде бұл пиғыл мен түңілушілік анархизм түрінде көрінеді. Барлық капиталистік елдерде осылай болған, бізде де осылай болып отыр. Ұсақ буржуазиялық стихия дағдарысты бастан кешіруде, өйткені соңғы жылдар оған ауыр тиді, бірақ пролетариатқа 1919 жылы ауыр тигендегідей ауыр тиген жоқ, дегенмен ауыр тиді. Шаруалар өтеусіз салым беріп, мемлекетті сақтап қалуға тиісті болды, бірақ енді ол мұндай ауыртпалықты көтере алар емес, сондықтан да оның жігері жасып, қобалжып, ауытқып отыр, ал капиталист-жау осыны ескере отырып: тек қобалжыса, ауытқыса болғаны, онан соң өзі-ақ құлдырап кетеді — дейді. Бүкіл россиялық және халықаралық көлемде таптық күштерді есепке алу тұрғысынан сипатталған Кронштадт оқиғаларының мәнісі міне осы. Біз жүргізіп отырған ең ақырғы, шешуші зор майдандардың бірінің мәнісі міне осы; өйткені біз бұл ұсақ буржуазиялық-анархиялық стихияны жеңген жоқпыз, ал революцияның таяудағы тағдыры қазір осы стихияны жеңуге байланысты. Егер біз мұны жеңбесек, француз революциясы сияқты, біз кері сырғимыз. Бұлай болуы сөзсіз, сондықтан көз жұмбайлыққа салынбай, сөзуарлыққа салынбай, бұған тура қарау керек. Осы бұқараның тұрмысын жеңілдету үшін қолдан келгеннің бәрін істеу керек және пролетариаттың басшылығын сақтап қалу керек, сонда Европада өсіп келе жатқан коммунистік революция қозғалысы өзіне жаңадан қосымша күш алады. Ол жақта бүгін болмаған нәрсенің ертең болуы мүмкін, ертең болмаған нәрсенің бүрсігүні болуы мүмкін, бірақ ертең және

бүрсігүні деген сияқты кезеңдер дүние жүзілік тарихта кемінде бірнеше жыл деген сөз.

Қазір біз не үшін күресіп жатырмыз және біздің ең ақырғы, шешуші зор майдандарымыздың бірін не үшін жүргізіп жатырмыз, соңғы оқиғалардың мәні қандай, Россиядағы таптар күресінің қандай маңызы бар деген сұраққа менің беретін жауабым міне осы. Бұл күрестің неліктен сондай шиеленісіп кеткендігі, басты жауымыз Юденич, Колчак немесе Деникин емес, біздің өз жағдайымыз, біздің өз ортамыз болып табылады дегенді ұғынудың неліктен сондай қиын болып отырғандығы енді түсінікті.

Менің енді тым ұзағырақ болып кеткен сөзімнің қорытынды бөліміне, темір жол және су транспортының жағдайына, теміржолшылар мен су транспорты жұмысшылары съезінің міндеттеріне көшуіме болады. Менің ойымша, осы жерде мен суреттеп өткен жағдайлар осы міндеттерге мейлінше тығыз, айырғысыз түрде байланысты. Пролетариаттың теміржолшылар мен су транспорты жұмысшыларындай өзінің күнделікті экономикалық қызметі арқылы өнеркәсіппен және егіншілікпен анық байланыс жасап отыратын басқа бір бөлегі табыла қояр ма екен. Сіздер қалаларға азық-түлік беруге тиіссіздер, транспорт арқылы деревняны өнеркәсіп өнімдерімен жандандыруға тиіссіздер. Бұл әркімге де айқын, ал теміржолшы жұмысшылар мен су транспорты жұмысшыларына басқалардан гөрі анағұрлым айқын, өйткені мұның өзі олардың күнделікті еңбегінің көрінісі болып табылады. Сөйтіп, темір жол және су транспорты еңбекшілеріне қазіргі кезде қандай ерекше маңызды міндеттердің, қандай жауапкершіліктің жүктелетіндігі, меніңше, міне осыдан өзінен-өзі келіп шығады.

Бәріңіз де білесіздер, сіздердің съезіңіз одақтың жоғарғы топтары мен төменгі топтарының арасында егестер болып отырған жағдайда жиналды. Бұл мәселе соңғы партия съезіне қойылған кезде, жоғарғы топтарды төменгі топтарға бағындыру арқылы, жоғарғы топтардың жіберген қателерін, меніңше, жеке-дара, бірақ, қалай болғанда да, түзетуді керек ететін қателер-

ді түзету арқылы жоғарғы топтар мен төменгі топтарды келістіру жөнінде шешімдер қабылданды. Өздеріңіз білесіздер, партия съезінде осындай түзетулер жасалды, бұл съезд өзінің жұмыстарын коммунистік партияның қатарында бұрынғыға қарағанда зор топтасқандық, зор ауыз бірлік орнаған жағдайда аяқтады. Мұның өзі пролетариат авангардының, яғни пролетариаттың жетекші бөлегінің, ұсақ буржуазиялық-анархиялық стихия қозғалысына берген заңды жауабы, қажетті және бірден-бір дұрыс жауабы болып табылады. Егер біздер, сапалы жұмысшылар, бұл қозғалыстың қауіптілігін түсініп, топтасатын болсақ, он есе күшті ынтымақтылықпен, жүз есе зор ауыз бірлікпен жұмыс істейтін болсақ, онда бұл біздің күштерімізді он есе арттыратын болады, сонда біз, соғыс тегеурінін жеңгеннен кейін, біздің бүкіл күнделікті өмірімізді дүрліктіріп отырған, сондықтан да, қайталап айтайын, қауіпті болып табылатын бұл стихияның қобалжуы мен ауытқуын да жеңіп шығамыз. Өзінің көңіл қойып отырған нәрсесін түзеткен партия съезінің шешімі пролетарлық армияның топтасқандығы мен ынтымағын күшейту ісінде жасалған зор қадам болып табылады. Енді сіздердің де өз съезіңізде дәл осылай етіп, партия съезінің шешімін жүзеге асыруларыңыз керек болады.

Қайталап айтамын, революцияның тағдыры пролетариаттың басқа бөлектерінен гөрі нақ осы бөлегінің жұмысына неғұрлым тікелей байланысты. Біз егіншілік пен өнеркәсіптің айналымын қалпына келтіруіміз керек, ал оны қалпына келтіру үшін материалдық тірек керек. Өнеркәсіп пен егіншілік арасында байланыс орнататын материалдық тірек қайсы? Бұл — темір жол және су жолы транспорты. Міне сондықтан да сіздерге өз жұмыстарыңызға өте-мөте мұқият қарау міндеті жүктеліп отыр, бұл міндет сіздердің іштеріңізде коммунистік партияның мүшелері болып табылатын, олай болса, пролетариат диктатурасын саналы түрде жүзеге асырып отыратын адамдарға ғана емес, сонымен қатар партияда жоқ, бірақ транспорттың бір миллион — бір жарым миллион еңбеккерлерін бірік-

тіріп отырған кәсіптік одақтың қызметкерлеріне де жүктеледі. Бәріңіз де біздің революцияның және бұдан бұрынғы барлық революциялардың сабақтарын үйрене отырып, басымыздан кешіріп отырған жағдайдың мейлінше қиындығын түсінуге тиіссіздер, сонда сіздер әңгіме «бостандық» туралы бола ма, құрылтай туралы бола ма, «ерікті Советтер» туралы бола ма, әйтеуір осылар сияқты әр алуан ұрандармен көздеріңізді көлегейлемейтін боласыздар,— Милюковтың өзін Кронштадт республикасы Советтерінің жақтаушысы етіп көрсетін отырғанындай, жарнамаларды осылайша қайта түрлендіре салу қиын емес қой,— таптық күштердің арасалмағына көз жұмып қарамайтын боласыздар, сөйтіп өздеріңіздің барлық саяси қорытындыларыңыз үшін байыпты және баянды база, негіз табатын боласыздар. Біздің дағдарыс дәуірін бастан кешіріп отырғандығымыз, мұндай кезеңде пролетарлық революция соңғы уақыттағыдай жеңіске қарай үздіксіз өрлей бере ме, әлде қобалжулар, ауытқулар арқылы ақ гвардияшылардың жеңісіне, жағдайдың ауыртпалығын өзгертпейтін, қайта Россияны революциядан әлденеше ондаған жылдарға тек кейін серпіп тастайтын жеңіске жеткізе ме, осының бәрі біздің өзімізге байланысты екендігі сіздерге айқын болады. Сіздер үшін, теміржолшылар мен су транспорты жұмысшыларының өкілдері үшін тек бір ғана қорытынды жасалуы мүмкін және жасалуы керек те, ол: пролетарлық топтасқандық пен пролетарлық тәртіп жүз есе күшті болсын деген қорытынды. Жолдастар, қалай болған күнде де, біз осыны жүзеге асырып, жеңіп шығуға тиіспіз. (Д у қ о л ш а п а л а қ т а у.)

«Правда» №№ 67 және 68, 29 және 30 март, 1921 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

МЕМЛЕКЕТТІК 1-ші АВТОМОБИЛЬ ЗАВОДЫНЫҢ ЗАВОДТЫҚ КОМИТЕТІ МЕН БАРЛЫҚ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНА[64]

Аса құрметті жолдастар! Сіздердің заводтық комитетіңіздің председателі Смирнов жолдастың двигательдер жасап шығарылғандығы жайындағы хабарын және 7 апрельде болатын мейрамға қатысуға шақыруын алдым.

Жолдастар, сіздерді жұмыста табысқа жетулеріңізбен және автомобиль механиктері курстарының бір жылдық мерекесімен құттықтаймын. Қажырлы жұмыс істеулеріңізге шын жүректен тілектеспін; бұл жұмыс, күмән жоқ, бұдан былай да табысқа жеткізе бермек. Барлық жұмысшылар мен шаруалар бұқарасының тұрғысынан қарағанда сіздердің табыстарыңыздың маңызы ерекше зор, өйткені двигатель өндірісін дамыту Россияда мұнайдың мол болуы себепті, шаруа шаруашылығын арзан әрі қолайлы двигательдермен жабдықтау ісін жолға қоюға мүмкіндік береді. Двигательдер өндірісінде қайткен күнде де табыстан-табысқа жете беру керек.

Ең ізгі тілек білдіріп, коммунистік сәлем жолдаймын.

Ленин

1921 ж. 7 апрельде жазылған

Бірінші рет 1940 ж. 21 январьда «Правда» газетінің 21-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

МОСКВА ҚАЛАСЫ МЕН МОСКВА ГУБЕРНИЯСЫНЫҢ РКП(б) ҰЯЛАРЫ СЕКРЕТАРЬЛАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ЖАУАПТЫ ӨКІЛДЕРІНІҢ ЖИНАЛЫСЫНДА АЗЫҚ-ТҮЛІК САЛЫҒЫ ТУРАЛЫ 1921 ж. 9 АПРЕЛЬДЕ ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА[65]

Жолдастар, азық-түлік салығы туралы және азық-түлік саясатын өзгерту туралы мәселе жөнінде, сондай-ақ Совет өкіметінің экономикалық саясаты туралы толып жатқан түсінбеушіліктер туғызатын мейлінше ала-құла пікірлерді еситуге тура келеді. Каменев жолдаспен келісуіміз бойынша, біздің тақырыптарымызды былайша бөлісуге рұқсат етіңіздер: ол жақада ғана шыққан барлық заңдарды егжей-тегжейіне дейін қалдырмай баяндап өтеді. Мұның өте бір қолайлы жағы — Каменев жолдас алғашында біздің партияның Орталық Комитеті тағайындаған, соңынан Халық Комиссарлары Советі мақұлдаған комиссияның председателі болды; бұл комиссия іске қатысы бар ведомстволардың өкілдерімен өткізілген бірқатар кеңестерде кейінгі кездерде шыққан заңдарды әзірледі. Бұл заңдардың соңғысы кеше шығарылды, оны бүгін біз газеттерден оқып отырмыз[66]. Күмән жоқ, бұл заңдардың қай-қайсысы болса да толып жатқан практикалық мәселелерді туғызады, сондықтан жергілікті жерлердегі партия және совет мекемелеріндегі барлық қызметкерлердің бұл заңдармен жеткілікті түрде танысуы үшін, бұларды жергілікті жерлерде іс жүзінде қолданудың дұрыс практикасын белгілеуі үшін бірталай жұмыс істеу керек болады.

Мен сіздердің назарларыңызды осы айтылған барлық шаралардың жалпы немесе принципті маңызына

аударғым келеді. Совет өкіметінің және пролетариат диктатурасының белгілі бір дәрежеде осы еркін сауданы мойындау жолына түсіп отырғанын қалай түсіндіруге болады? Еркін сауда мен жеке шаруашылықтың социалистік шаруашылықпен қатар жүргізілуіне қай шамаға дейін жол берілуі мүмкін? Қай түрде болса да, тіпті шек қойылған қалыпта болса да, еркін саудаға жол берілген күнде капитализмнің қайта тууы сөзсіз секілді көрінетіндіктен, оның осылайша қайта тууына қай дәрежеде жол беруге болады? Мұндай өзгеріс неден туды, мұның шын мәні, сипаты, маңызы неде, яки коммунистік партияның мүшелері бұл өзгерісті қалай түсінулері керек? Мұны қалай түсіндіру керек және оны өмірде қолданудың шегіне қалай қарау керек? Міне, шамамен айтқанда, менің алға қойып отырған міндетім осындай.

Бірінші сұрақ мынау: көп адамдарға шектен тыс шұғыл және жеткілікті түрде дәлелденбеген өзгеріс болып көрінетін осы өзгеріс неден туып отыр?

Бұл өзгерістің негізгі және ең басты себебі — шаруа шаруашылығы ерекше қатты дағдарысқа ұшырады, оның жағдайы мүлде ауырлап кетті, бұл жағдай 1921 жылдың көктемінде алдын ала болжап айтылғанынан анағұрлым ауыр болып шықты, ал, екінші жағынан, бұл жағдай транспортымызды қалпына келтіруге де, өнеркәсібімізді қалпына келтіруге де зардабын тигізді. Менің бір айта кетейін дегенім, салымды азық-түлік салығымен ауыстыру туралы сөз қылғанда, бұл ауыстырудың маңызын талқылағанда жұрттың көбінесе қателесетін себебі — олар өздеріне: шынында, бұл ауыстырудың мәнісі не, бұл ауыстырудың өзі неден неге бастайды?— деген сұрақ қоймайды. Шаруа шаруашылығы адам айтқысыз ауыр дағдарысқа ұшырады, ол соғыстан туған барлық күйзелістерден кейін, қуаңшылықтың сұрапыл ауыр зардабынан да, соған байланысты жемшөптің болмауынан да,— өйткені шөп те шықпай қалған болатын,— малдың қырылуынан да мүлде тұралап қалды, шаруа шаруашылығының өндіргіш күштері әлсіреді, мұның өзі көп жерде екінің бірінде тура күйзеліске ұшыратып отырды,—

1921 жылдың көктемінде шаруа шаруашылығының жайы міне осындай еді. Бұл арада енді мынадай сұрақ туады: шаруа шаруашылығының ерекше шиеленіскен осы дағдарысының Совет өкіметі қолданып отырған салымды ауыстыру жөніндегі шарамен қандай байланысы бар? Менің айтатыным, бұл шараның маңызын түсіну үшін, ең алдымен, өзіңе өзің былай деп сұрақ қоюың керек: бұл арада біз қандай жағдайдан қандай жағдайға көшкелі отырмыз?

Егер шаруа халқы басым елде жұмысшы революциясы жасалса, сөйтіп фабрикалар, заводтар мен темір жолдар жұмысшы табының қолына көшкен болса, онда жұмысшы табы мен шаруалардың арасындағы экономикалық қатынастардың мәні қандай болуға тиіс? Анығында, мынадай болуға тиіс: жұмысшылар ендігі жерде өздері ие болып отырған фабрикалар мен заводтарда елімізге қажетті, олай болса халықтың көпшілігі саналатын шаруаларға да қажетті өнімдердің бәрін жасап шығарып, бұл өнімдерді өздерінің темір жолдарымен, өздерінің өзендегі кемелерімен шаруаларға тасып жеткізеді де, олардан ауыл шаруашылық өнімдерінің барлық артылып қалған бөлегін алып тұрады. Бұл айдан анық нәрсе, сондықтан тәптіштеп түсіндіріп жатуды керек ете қоймас деймін. Бірақ азық-түлік салығын әңгіме қылушылар мұны ылғи ұмытып кетеді. Ал мұны есте сақтау қажет, өйткені тек өтпелі шара болып табылатын азық-түлік салығының маңызын айқындау үшін өзіміздің қандай мақсатқа жеткіміз келетінін айқын түсінуіміз керек. Сөйтіп, біздің мынадай мақсатқа жеткіміз келетіндігі және жетуге тиіс те екендігіміз менің осы айтқандарымнан айқын көрінеді: шаруа өнімдері жұмысшы мемлекетіне салым бойынша алынатын артық өнімдер ретінде де, салық ретінде де түспей, транспорт құрал-жабдықтарымен тасылып, шаруаларға жеткізілетін оларға қажетті барлық өнімдерге айырбасталған өнімдер ретінде түсіп отыруы керек. Социализмге өткен елдің шаруашылығы осы негізде құрыла алады. Егер шаруа шаруашылығы одан әрі де дами алатын болса, келесі өтпелі қадамды да берік қамтамасыз ету қажет, ал келесі өт-

пелі қадам сөзсіз мынау болады: тиімділігі кем, анағұрлым артта қалған, ұсақ, жеке шаруа шаруашылығы біртіндеп бірігіп, қоғамдық, ірі егіншілік шаруашылығына ұйымдасатын болуға тиіс. Мұның бәрін социалистер қашанда осылай ұғып келген. Біздің коммунистік партия да бұған нақ осылай қарайды. Қайталап айтайын, қателер мен түсінбеушіліктердің ең үлкен себебі мынада болып отыр: жұрт азық-түлік салығына баға бергенде біздің жете алатын және жетуге тиісті мақсатымызға жете алатын болуымыз үшін қажетті өтпелі шаралардың ерекшелігі неде екенін есепке алмайды.

Сонымен, азық-түлік салығы дегеніміз не? Азық-түлік салығы дегеніміз — өткен кездің де, болашақтың да кейбір белгілері бар шара. Салық — мемлекеттің халықтан ешбір өтеусіз алатын нәрсесі. Егер бұл салық өткен жылы белгіленген салымның шамамен алғанда жартысы мөлшерінде белгіленсе, онда Қызыл Армияны, бүкіл өнеркәсіпті, егіншілікпен шұғылданбайтын барлық халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін, өндірісті дамыту үшін, өзіміз машиналар мен жабдықтар жөнінен көмек алуға ділгер болып отырған шетелдермен қарым-қатынасымызды күшейту үшін жұмысшы мемлекеті жалғыз салықтың өзімен күн көре алмайды. Бір жағынан, жұмысшы мемлекеті бұрынғы салымнан шамамен алғанда екі есе аз мөлшерде белгіленген салыққа сүйенгісі келеді, екінші жағынан, шаруа өндірісінің белгілі бір артылып қалған өнімдерін өнеркәсіп өнімдеріне айырбастап алуға сүйенгісі келеді. Олай болса, салықтың ішінде бұрынғы салымның да бір бөлшегі бар, сонымен қатар бірден-бір дұрыс тәртіптің де бір бөлшегі бар, атап айтқанда: жұмысшы табының қолындағы мемлекеттік өкіметтің азық-түлік органдары арқылы, жұмысшылар мен шаруалардың кооперациясы арқылы ірі социалистік фабрикалардың өнімдерін шаруа шаруашылығының өнімдеріне айырбастау бар.

Бұл шараны бірден дұрыс жолға қоя алатынымызға және дұрыс жолға қойғалы отырған осы шараның қаншалықты мардымды болатындығына көзіміз анық

жетпей тұрып, бір бөлегі өткен кездегі шарадан қалған, тек екінші бөлегі ғана дұрыс жолға қойылады деп отырған шараны қолдануға біздің мәжбүр болып отырған себебіміз не?— деген сұрақ туады. Осыншалық жартыкеш шараны қолдануға мәжбүр болып отырған себебіміз не, азық-түлік және экономикалық саясатымызда осындай шараларға сүйенуте тиіс болып отырған себебіміз пе? Бұл шара неден туды? Әрине, бұл шара Совет өкіметінің белгілі бір саясатты әлдеқалай артық сапауынан туып отырмағанын әркімақ біледі. Бұл шара аса зор мұқтаждықтан, мүшкіл жағдайдан туды. Өздеріңіз білесіздер, Россияда жұмысшы революциясы жеңгеннен кейін бірнеше жыл бойы, империалистік соғыстан соң біздің азамат соғысына төтеп беруімізге тура келді, сондықтан енді былай десек асырып айтқандық болмас: империалистік соғысқа тартылған барлық елдердің арасында, ол соғыс өз территориясында болғандықтан басқалардан гөрі соғыстан тіпті көбірек зардап шеккен елдердің ішінде де, қалай болғанда да Россиядай зардап шеккен бірде-бір ел жоқ, өйткені төрт жылға созылған империалистік соғыстан кейін біз азамат соғысының үш жылын бастан өткіздік, ал мұның өзі өндірістің бүлінуі, қирап қалуы, өндіріс жағдайларының нашарлауы жағынан алғанда сыртқы соғыстан анағұрлым жаман болды, өйткені бұл соғыс мемлекеттің қақ ортасында болды. Алғашқы кезде, соғыс кезеңінде, әсіресе азамат соғысы Сибирь, Кавказ және бүкіл Украина сияқты астықты аудандарды бізден бөліп тастап, сонымен қатар көмірмен, мұнаймен жабдықтайтын жерлерімізді де бізден бөліп тастап, басқа да отынды тасып жеткізу жөніндегі мүмкіншілігімізді тарылтқан кезде,— өзіміз қоршаулы қамалда тұрғандықтан, салымды қолданбайынша, яғни шаруалардың қолында бар артық өнімдерінің бәрін алмайынша, кейде тіпті артық өнімдерін ғана емес, тек армиямызды күресуге жарарлық күйде сақтау үшін және өнеркәсіптің біржола қирап қалуына жол бермеу үшін, шаруаның өзіне қажетті кейбір өнімдерін де алмайынша, біздің төтеп берерлік басқа лажымыздың болмауының негіз-

гі себебі осы асқынған күйзеліс болды. Азамат соғысы кезінде бұл міндет ерекше қиын міндет болды, ал бұған басқа партиялардың берген бағасын алсақ, олардың бәрі де бұл міндетті орындалмайтын міндет деп жариялады. Меньшевиктер мен эсерлерді, яғни ұсақ буржуазияның партиясы мен кулактардың партиясын алайық. Бұл партиялар азамат соғысының ең ауыр кезеңдерінде большевиктер ақылға сыймайтын іс істеп отыр, ақ гвардияшыларға барлық державалар көмекке келіп отырған кезде азамат соғысында аман қалуға болмайды деп бәрінен көп даурықты. Шынында да, бұл міндет ерекше қиын еді, ол барлық күшті сарқа жұмсауды талап етті, сөйтіп бұл міндет жұмысшы табы мен шаруалар сол уақыттың ішінде шектен тыс деуге болатын құрбандықтарға төзгендігінің арқасында ғана ойдағыдай орындалды. Жұмысшы табы өз диктатурасының алғашқы жылдарындағыдай тамаққа жарымаушылықты, аштықты ешқашан да бастан кешіріп көрген емес. Сондықтан бұл міндетті орындау үшін шаруаның барлық артық өнімдерін және оның өзіне қажетті өнімнің де бір бөлегін алу мағынасындағы салымнан басқа ешқандай мүмкіншілік болмағаны түсінікті. «Сен де ашыға тұр, бірақ бәріміз бірлесіп өз ісімізді қорғап қалайық, Деникин мен Врангельді қуып шығайық»,— деген шешімнен басқа ешбір шешімнің болуы мүмкін емес еді.

Әңгіме экономикалық системаның болғандығында емес, саясаттың экономикалық жоспарының болғандығында емес, бұл жоспардың екі системаның бірін таңдауға мүмкіндігіміз бар кезде қабылданғандығында емес. Ондай нәрсе болған жоқ. Азық-түлік те, отын да тіпті аздап болса да қамтамасыз етілмеген жағдайда өнеркәсіпті қалпына келтіреміз деп ойлауға да болмайтын еді. Жұмысшылардың мүлдем бытырап кетпеуі үшін өнеркәсібіміздің қалғанын тек аман сақтайық, тек армиямыз болсын дедік — міне біздің алға қойған міндетіміз осы болды, ал бұл міндетті орындау үшін өтеусіз алынатын салымнан басқа ешбір жол жоқ еді, өйткені қағаз ақша, әрине, өтеу бола алмайды ғой. Біздің бұдан басқа амалымыз қалған жоқ.

Міне біздің осындай жағдайдан шығуымыз қажет еді, ал сонда біз қандай жағдайға көшпек болдық, мен оны сіздерге айттым. Бұл көшуді қалай жүзеге асыру керек — міне осы үшін салық сияқты шара туды. Егер біз өнеркәсібімізді қалпына келтіру ісін неғұрлым тез жолға қоя алсақ, онда біз егін шығымы жақсы болған күнде, өнеркәсіп өнімдерін ауыл шаруашылық өнімдеріне айырбастауға, бәлкім, тезірек көшкен де болар едік.

Партияның IX съезінде шаруашылық майданына көшу мәселесін біздің қалай қойғанымыз, сірә, көбіңіздің есіңізде болар. Ол кезде бар назар осы мәселеге аударылды. Біз ол кезде соғыстан құтылдық қой деп ойлаған едік: біз онда буржуазиялық Польшаға ол үшін мейлінше тиімді бітім шарттарын ұсындық емес пе. Өздеріңіз білесіздер, бітім жасалынбай қалды, соның артынша поляк соғысы, оның жалғасы — Врангель және басқалар болды. IX съезд бен X съездің аралығындағы кезең бүтіндей дерлік соғыспен өтті; өздеріңіз білесіздер, поляктармен екі арадағы түпкілікті бітімге біз тек таяу уақытта ғана қол қойдық, осыдан бірнеше күн бұрын түріктермен бітім келісімін жасастық, тек осы келісім ғана енді бізді Кавказда ұдайы болып келген соғыстардан құтқарады. Тек енді ғана біз Англиямен сауда шартын жасасып отырмыз, бұл шарттың дүние жүзілік маңызы бар; Англия бізбен сауда қатынасын жүргізуге тек енді ғана амалсыз көнді; мәселен, Америка бұдан осы күнге дейін бас тартып келеді. Бұл соғыстан біздің қандай қиыншылықпен шыққанымыздың жайы міне осындай. Егер біз партияның IX съезінің ұйғарымдарын сол кездің өзінде-ақ жүзеге асыра алған болсақ, онда біз өнімді де, әрине, анағұрлым көп бере алған болар едік.

Бүгін менде Иваново-Вознесенскіден, біздегі ең өнеркәсіпті, пролетарлық, қызыл губерниядан келген Королев жолдас болды. Ол цифрлар мен фактілер келтірді. Алғашқы жылы көп дегенде алты-ақ фабрика жұмыс істепті, ал соның бірде-бірі тіпті тұтас бір ай да жұмыс істемеген. Мұның өзі өнеркәсіптің толық

тоқтап қалғандығы еді. Ал осы өткен жылдың ішінде жиырма екі фабрика бірінші рет іске қосылған, бұлар бірнеше ай бойына, кейбіреулері жарты жыл бойына үздіксіз жұмыс істеп келген. Тапсырма-жоспар 150 миллион аршын мөлшерінде белгіленген екен, ең соңғы кездегі цифрларға қарағанда, бұлардың өндіргені 117 миллион болыпты, ал алған отындары белгіленген мөлшердің жартысы ғана екен. Тек Иваново-Вознесенск көлемінде ғана емес, бүкіл россиялық көлемде де міне осындай қырсық кездесіп отыр. Бұл едәуір дәрежеде шаруа шаруашылығының әлсіреуіне, малдың қырылуына, станциялар мен пристаньдарға жеткілікті мөлшерде отын тасып жеткізу мүмкіншілігінің болмауына байланысты болды. Осының салдарынан иваново-вознесенскіліктер ағаш отынды, шымтезекті, мұнайды аз алды. Сондықтан мөлшерлі отынның тек жартысын ғана алса да, олардың 150 миллиондық программаны 117 миллион етіп орындауы керемет іс болып табылады. Олар еңбек өнімділігін арттырған, жұмысшыларды тәуір фабрикаларға ауыстырған, сондықтан өнім проценті де көп болған. Біздің қандай жағдайға душар болып отырғанымызды көрсететін нақтылы, дәл мысал міне осы. Партияның IX съезінде кездеме өндірудің бүкіл программасы 600 миллион аршыннан артығырақ мөлшерде белгіленген еді, біз қазір соның үштен бірін де орындағанымыз жоқ, өйткені ең тәуір деген Иваново-Вознесенск губерниясының өзі де тек 117 миллион аршын ғана беріп отыр. Сан миллион халқы бар Россияға бұл 117 миллион аршын мата не болмақ. Бұл — қайыршылық. Өнеркәсіпті қалпына келтіру ісінің орасан зор көлемде бөгеліп қалғандығы соншалық, 1921 жылдың көктемінде мұны қалпына келтіру мүлде мүмкін емес нәрсе болып көрінді. Бізге орасан үлкен армия керек болды, сондықтан оның құрамы әлденеше миллионға жеткізілді; транспорттың бүлінуі салдарынан бұл армияны қыс ішінде тез демобилизациялау мейлінше қиын еді. Осының бәрін біз адам айтқысыз зор күш жұмсап қана істей алдық.

Қалыптасқан жағдай міне осындай. Ал бұдан шығар

жол салымды мейлінше кеміту болмағанда, 423 миллион пұт астықтың орнына 240 миллион пұт алу болмағанда не болмақ. Бұл егіннің шығымы орташа болғанның өзінде біздің жинап алуымызға қажетті минимум, мұның өзі де біздің ішіп-жеуімізге әзер-әзер жетеді. Мұнымен қанағаттанып қалмау үшін шаруа шаруашылығының көтерілуіне мүмкіндік беру керек. Енді шаралар қолдану керек. Ең жақсы шара, әрине, ірі өнеркәсіпті қалпына келтіру болар еді. Әлбетте, мұның өзі фабрикалардағы өндірісті күшейту, сөйтіп шаруаға қажет өнімдерді көбірек беру, қызметкерге және оның семьясына керекті кездемені ғана емес, сонымен қатар шаруа мейлінше мұқтаж болып отырған машиналар мен құрал-саймандарды да, тым болмаса бұлардың ең қарапайымдарын көбірек беру жөніндегі ең жақсы, экономика жағынан бірден-бір дұрыс шара болар еді. Бірақ кездеме жөніндегі жағдай металл өнеркәсібінде де орын алды. Біздің жағдайымыз осылай болып шықты. IX съезден соң өнеркәсіпті қалпына келтіре алмадық, өйткені соғыс жылына душар болдық, оның үстіне отынмен жабдықтаудың жеткіліксіздігі де, транспорттың жетімсіздігі де, шаруа шаруашылығының мейлінше әлсіреуі де себеп болды. Шаруа шаруашылығына барынша көмектесу үшін қандай шаралар қолдануға болады? Салымды азайтып, оны салыққа айналдырғаннан басқа шара жоқ; бұл салықтың мөлшері егін шығымы орташа болған күнде 240 миллион пұт болып белгіленіп отыр, ал егін шықпай қалса, онан да аз болуы мүмкін; сонда шаруа ең аз мөлшерде белгіленген белгілі бір соманы беруге тиісті екенін білетін болады, өзінің бүкіл еңбегін бар ынтасымен өндіріске жұмсайды, сонда оның барлық қалған өнімдері оның өз керегін өтей алатын болады, шаруа шаруашылығының тек өнеркәсіп есебінен ғана емес, басқа ретпен де жақсаруына мүмкіндік береді,— мұның өзі бәрінен де дұрыс, бәрінен де тиімді болар еді ғой, бірақ бұған күш жетпейді. Салық ең аз мөлшерде белгіленіп отыр, мұны жергілікті жерлерде қолданудың өзі ұсақ өнеркәсіпті қалпына келтіруге мүмкіндік береді, өйткені біз ірі өнеркәсіпті өзіміз

қалаған мерзім ішінде жолға қоя алмай отырмыз. Біз белгілеген мөлшердің ең көп үлесін берген Иваново-Вознесенскінің программасы да осыны дәлелдеп отыр. Барлық фабрикаларда өндірісті қамтамасыз етерліктей жеткілікті отын запасы жиналғанша тағы да бір жыл күту керек. Мұны бір жылда істей алсақ жақсы, ал бұл екі жылға созылуы да мүмкін ғой. Біз шаруаны қамтамасыз ете аламыз ба? Егер егін шығымы жақсы болса, онда бұл мүмкін болар еді.

Партия съезінде, азық-түлік салығы туралы мәселе шешіліп жатқанда, біздің Орталық статистика басқармасының басшысы Попов жолдастың Россияда астық өндіру жайындағы кітапшасы таратылды. Бұл кітапша жақын арада толықтырылып жарыққа шығады, онымен бәріңіз де танысуларыңыз керек. Бұл кітапша астық өндіру туралы түсінік береді, кітапша өзіміз жүргізген санақ деректеріне негізделіп жазылған, бұл санақ бүкіл халықтың дәл есебін шығарып, шаруашылықтардың мөлшерін шамамен анықтап берді. Кітапшада былай деп көрсетілген: егіннің түсімі әр десятинаға қырық пұттан келетін болса, онда шаруа шаруашылығы Советтік Россияның осы күнгі территориясында 500 миллион пұт артық астық бере алар еді. Онда біз қала халқының керегін — 350 миллион пұт мөлшерінде — толық қамтамасыз етер едік, оның үстіне шетелдермен сауда жасасу үшін, шаруа шаруашылығын жақсарту үшін керекті запасымыз да болар еді. Егін шығымының нашар болғаны сонша, біздің орта есеппен әр десятинадан алғанымыз жиырма сегіз пұттан аспады. Мұның өзі жетімсіз болып шықты. Статистиканың есебі бойынша, жан басына он сегіз пұттан қажет деп есептейтін болсақ, онда армияның және өнеркәсіп жұмысшыларының тақ-тұқ болса да өмір сүруін қамтамасыз ету үшін адам басына үш пұттан алуға, сөйтіп әрбір шаруаны белгілі бір дәрежеде ашқұрсақ қалдыруға тура келеді. Міне осындай жағдайда біздің салымды барынша азайтып, оны салыққа айналдырудан басқа лажымыз қалмады. Ұсақ шаруа шаруашылығын жақсартуға барлық күшті салып, мықтап көңіл бөлу керек. Оған ірі фабрикалар-

дан кездеме, машиналар және басқа бұйымдар беру керек, біз бұл міндетті орындай алмадық, ал шынында мұны дереу орындау керек және де мұны орындағанда ұсақ өнеркәсіптің көмегімен орындауға тура келеді. Осы жаңа шараны жүзеге асыра бастағанда алғашқы жылдың өзінде-ақ нәтижелерге жетуге тиіспіз.

Ал енді шаруа шаруашылығына бәрінен де көп көңіл бөлініп отырған себебі не? Оның себебі — біз өзімізге қажет азық-түлік пен отынды тек содан ғана ала аламыз. Егер жұмысшы табы үстем тап ретінде, өзінің диктатурасын жүзеге асырып отырған тап ретінде, шаруашылықты дұрыс жүргізгісі келсе, ол былай деуге тиіс: ең осал жер — шаруа шаруашылығының дағдарысқа ұшырауында, міне осында болып отыр; ірі өнеркәсіпті қалпына келтіру ісін қайтадан қолға алу үшін, нақ сол Иваново-Вознесенск ауданында, жиырма екі фабрика емес, барлық жетпіс фабриканың түгел жұмыс істейтін болуы үшін бұл жағдайды түзеу керек. Сонда осы ірі фабрикалық өндіріс бүкіл халықтың керегін өтейді, сонда шаруа халқының өнімдері салық түрінде алынбай, оларға жұмысшы табы беретін өнеркәсіп өнімдеріне айырбасталып алынатын болады. Біз бастан кешіріп отырған өтпелі дәуір міне осындай; бұл жағдайда мұқтаждық пен аштыққа ортақтаса білу керек, сөйтіп бәріміз ашқұрсақ отыруға дейін барып, бүкіл іске тірек болып отырғандарды аман алып қалуымыз керек, ал оларсыз фабрикалардың қалғанын да, темір жолдарды да, ақ гвардияшыларға қарсы күресу үшін армияны да сақтап қалуға болмайды.

Біздің салымды меньшевиктер барынша жамандап келді, олар: Совет өкіметі халыққа салымнан басқа, мұқтаждық пен бүліншіліктен басқа еш нәрсе берген жоқ, ішінара бейбітшілік орнағаннан кейін, азамат соғысы біткеннен кейін біздің өнеркәсіпті тез арада қалпына келтіру мүмкін болмай шықты десті. Бірақ тіпті ең бай елдердің өзінде де өнеркәсіпті қалпына келтіруге керекті уақыт талай жылдармен есептеледі ғой. Тіпті Франция сияқты бай ел де өз өнеркәсібін қалпына келтіру үшін көп уақыт кетіруге тиісті бо-

лып отыр, ал Францияның бұл соғыстан көрген зардабы біздің көрген зардабымыздай емес, өйткені онда елдің шамалы бір бөлегі ғана бүліншілікке ұшырады. Қайта бейбітшілік жартылап қана орнаған бірінші жылдың өзінде-ақ біздің, мәселен, Иваново-Вознесенскіде жетпіс фабриканың жиырма екісін іске қоса алғанымызға, сөйтіп 150 миллион аршын өнімнен 117 миллион аршын өнім бере алғанымызға таңдану керек. Кезінде салым сөзсіз керек болды, ал енді бізге азық-түлік саясатын өзгерту, яғни салымнан салыққа көшу қажет болып отыр. Күмән жоқ, мұның өзі шаруаның жағдайын жақсартады, күмән жоқ, мұның өзі шаруаның қолында қалатын барлық артық астығын тіпті жергілікті майдагерлік өнеркәсіптің заттарына болса да айырбастай алатындығы жөнінде неғұрлым дәл, неғұрлым анық, неғұрлым берік сеніммен есеп жасауына мүмкіндік береді. Совет өкіметінің мұндай экономикалық саясатының қажет болып отырған себебі міне осы.

Енді, сөзімнің қорытындысында, мен коммунизм тұрғысынан қарағанда бұл саясатпен қаншалық келісуге болады және еркін сауданың дамуына коммунистік Совет өкіметінің ырық беруі қалай болып шығады деген мәселеге тоқталып өтейін. Мұның өзі коммунизмнің тұрғысынан қарағанда жақсы ма? Бұл сұраққа жауап беру үшін шаруа шаруашылығында болған өзгерістерге байыптап көз салу керек. Ең әуелі біз помещиктер өкіметіне қарсы барлық шаруалар тегеурін көрсеткен жағдайды көрдік. Кедейлер де, кулактар да помещиктерге бірдей қарсы шықты, дегенмен, олардың ниеттері, әрине, әр түрлі болды: кулактар помещиктің жерін тартып алып, ол жерде өз шаруашылығын дамыту мақсатымен қарсы шықты. Міне сол кезде кулактар мен кедейлердің арасындағы мүдделер мен ниеттердің әр түрлі екендігі көрінді. Украинада осы мүдде айырмашылығы қазір де біздегіден гөрі анағұрлым айқын көрініп отыр. Помещиктерден ауысқан осы жерді кедейлер тікелей алғанда өте аз пайдаланды, өйткені олардың қолында бұл үшін материалдар да, құрал-сайман да болған жоқ. Міне ен-

ді біз тартып алынған жерлерді кулактардың иемденіп кетуіне жол бермеу үшін кедейлердің ұйымдасып жатқанын көріп отырмыз. Совет өкіметі бізде құрылған кедейлер комитеттеріне және Украинада құрылған «комнезамождарга»[67] жәрдем көрсетіп отыр. Мұның нәтижесінде не болып шықты. Мұның нәтижесінде деревнядағы басым элемент орташалар болып шықты. Біз мұны статистикадан білеміз, ал деревняда тұратын әрбір адам мұны өзінің байқауынан біледі. Кулактар жағына ауытқушылық азайды, қайыршылық жағына ауытқушылық азайды, сөйтіп халықтың көпшілігі орташаның дәрежесіне жақындай бастады. Егер біздің шаруа шаруашылығының өнімділігін арттыруымыз керек болса, онда біз, ең алдымен, орташамен санасуға тиіспіз. Коммунистік партияға өз саясатын нақ осыған сәйкес белгілеуіне тура келді.

Егер деревня орташалар деревнясы болып отырған болса, онда орташаның шаруашылығын көтеруіне көмектесуіміз керек және, оның үстіне, жұмысшыға қойып отырған талаптарды оның алдына да қоюымыз керек. Партияның соңғы съезінде басты мәселе азық-түлік насихаты болды: барлық күш шаруашылық майданына жұмсалсын, еңбек өнімділігі арттырылып, өнім мөлшері көбейтілсін делінді. Бұл міндеттерді орындамайынша ешбір ілгері басу болуы мүмкін емес. Егер біз жұмысшылар жөнінде осыны айтып отырған болсақ, онда біз шаруалар жөнінде де осыны айтуға тиіспіз. Мемлекет шаруадан белгілі мөлшерде салық алады, бірақ оның есесіне салықты төлегеннен кейін шаруадан өз шаруашылығын ұлғайтуды талап етеді; шаруа өзінен бұдан басқа ештеңе алынбайтынын, барлық артылған астық шаруашылығын дамыту үшін өзінің қолында қалатынын білетін болады. Демек, шаруалар жөніндегі саясаттың өзгерген себебі — шаруалардың өз жағдайы да өзгерді. Деревня анағұрлым орташалар деревнясына айналды, сондықтан өндіргіш күштерді арттыру үшін біз осы жағдаймен санасуға тиіспіз.

Бұдан соң мен сіздерге тағы да мынаны ескертіп өтейін: менің 1918 жылы, Брест бітімі[68] жасалғаннан

кейін, «солшыл коммунистер»* дейтіндердің тобымен айтысуыма тура келді. Брест бітімін жасасу қандай болсын коммунистік саясатты әлсіретеді деп кейбір коммунистердің қауіптенгені сол кезде партияда болғандардың есінде. Әйтседе, сол жолдастармен айтысқан кезде мен: біздің Россияда мемлекеттік капитализм қорқынышты емес, мұның өзі бір қадам ілгері басқандық болар еді деген болатынмын. Бұл оларға тым оғаш болып көрінді: бұл қалайша — Советтік социалистік республикада мемлекеттік капитализмнің бір қадам ілгері басқандық болатыны қалай? — десті. Сонда мен бұған берген жауабымда былай дедім: байыптап қараңыздаршы, нағыз экономикалық қатынастар тұрғысынан қарағанда біз Россияда нені байқап отырмыз? Біз ең кем дегенде бес түрлі системаның немесе укладтың, яки экономикалық тәртіптің барын байқап отырмыз, төменнен жоғары қарай санағанда олар мыналар: біріншісі — патриархтық шаруашылық, мұнда шаруа шаруашылығы тек өзіне ғана жұмыс істейді немесе көшпелі не жартылай көшпелі жағдайда болады, ал ондай шаруашылықтар бізде өте көп; екіншісі — ұсақ товарлы шаруашылық, мұнда ол өз өнімдерін рынокқа өткізіп отырады; үшіншісі — капиталистік шаруашылық, — мұның өзі капиталистердің, кіші-гірім жеке шаруашылық капиталдың пайда болуы; төртіншісі — мемлекеттік капитализм, бесіншісі — социализм. Егер байыптап қарасақ, біз Россияның экономикалық системасында, экономикалық құрылысында осы қатынастардың бәрін қазірде де көріп отырмыз деуге тиіспіз. Өзіміз жиі байқап жүрген көріністерді — мемлекеттің қолындағы фабрикаларда істейтін жұмысшылардың социалистік қатынастарын, отынды, шикізатты және өнімдерді мұндағы жұмысшылардың өздері жинайтынын немесе жұмысшылардың өнеркәсіп өнімдерін шаруалар арасында дұрыс бөлуге тырысатынын, бұл өнімдерді транспорт құралдарымен тасып жеткізетінін — біз ешбір ұмыта алмаймыз. Социализм дегеніміз осы. Бірақ мұнымен қатар ұсақ

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 36-том, 305—339-беттер. *Ред.*

шаруашылық өмір сүріп отыр, оның өзі екінің бірінде социализмге тәуелсіз өмір сүруде. Оның социализмге тәуелсіз өмір сүре алатын себебі не? Оның себебі — ірі өнеркәсіп қалпына келтірілген жоқ, оның себебі — социалистік фабрикалар оздері алуға тиісті нәрселердің, бәлкім, тек оппап бір бөлігін ғана алуы мүмкін; сөйтіп, бұл фабрикалар ала алмайтын болғандықтан, ұсақ шаруашылық социалистік фабрикаларға тәуелсіз болып қалады. Еліміздің адам айтқысыз күйзеліске ұшырауы, отынның, шикізаттың және транспорттың жетімсіздігі ұсақ өндірістің социализммен бөлек өмір сүруіне әкеліп соғады. Сондықтан мен былай деймін: мұндай жағдайларда мемлекеттік капитализм дегеніміз немене?— Мұның өзі ұсақ өндірістің бірігуі болады. Капитал ұсақ өндірісті біріктіреді, капитал ұсақ өндірістен өсіп шығады. Бұл жөнінде көз жұмудың қажеті жоқ. Әрине, сауда еркіндігі капитализмнің өсуі болып табылады; бұдан бұлтарып кетуге ешбір болмайды, сондықтан, кімде-кім бұдан бұлтарып, құтылып кетем дейтін болса, ондай адам өзін тек бос сөзбен жұбатқан болып шығады. Егер ұсақ шаруашылық бар болса, егер айырбас еркіндігі бар болса — капитализм пайда болады. Бірақ, егер фабрикалар, заводтар, транспорт пен шетелдік сауда өз қолымызда болып отырған болса, бұл капитализм бізге қорқынышты ма? Бұл капитализмнің бізге қорқынышты емес екендігі даусыз нәрсе деп мен сол кезде-ақ айтқанмын, қазірде де осыны қайталап айтамын, осылай деп есептеймін де. Концессиялар осындай капитализм болып табылады.

Біз концессиялар жасасуға барынша тырысып отырмыз, бірақ, өкініштісі сол, осы күнге дейін бірде-бірін әлі жасасқанымыз жоқ. Бірақ, қалай дегенмен де, бұдан бірнеше ай бұрын, концессиялар туралы соңғы рет әңгіме болған кездегіден гөрі біз қазір концессиялар жасасуға анағұрлым жақын тұрмыз. Экономикалық қатынастар тұрғысынан қарағанда, концессия дегеніміз не? Бұл — мемлекеттік капитализм. Совет өкіметі капиталиспен шарт жасасады. Сол шарт бойынша оған белгілі бір мөлшерде заттар беріледі: ши-

кізат, рудниктер, кәсіпшіліктер, кен рудасы немесе, соңғы концессиялар жобаларының бірінде айтылғанындай, тіпті дербес завод та беріледі (швед кәсіпорнының подшипниктерге жасаған концессиясының жобасы). Социалистік мемлекеттік өкімет өз қарамағындағы өндіріс құрал-жабдықтарын: заводтарды, материалдарды, рудниктерді капиталиске береді; капиталист контрагент ретінде, социалистік өндіріс құрал-жабдықтарын жалдаушы ретінде жұмыс істейді де, социалистік мемлекетке өнімнің бір бөлегін беріп, өзінің капиталына пайда алады.

Бізге мұның соншалық керек болып отырған себебі не? Мұның керек болып отырған себебі — біз алатын өнім мөлшерін дереу көбейте аламыз, ал бұл бізге керек, мұны істеуге біздің өз күшіміз жетпейді. Міне сөйтіп бұдан мемлекеттік капитализм келіп шығады. Бұл бізге қорқынышты ма? Қорқынышты емес, өйткені біз концессияларды қай шамада беретінімізді белгілеп аламыз. Айталық, мұнай концессиясы бар екен делік. Бұл бізге бірден миллиондаған пұт керосин береді, бұл өзіміздің өндіретінімізден артық болып шығады. Бұл бізге тиімді, өйткені шаруа қағаз ақшаға емес, осы керосинге айырбастап бізге өзінің артық астығын беретін болады, сонда біз бүкіл еліміздің жағдайын жақсартуға дереу мүмкіндік аламыз. Міне сондықтан да, еркін саудадан сөзсіз өсіп шығатын капитализм бізге қорқынышты емес. Бұл капитализм айналымды дамытудың нәтижесі болады, өнеркәсіп өнімдерін, тіпті ұсақ өнеркәсіп өнімдерін болса да, егіншілік өнімдеріне айырбастаудың нәтижесі болады.

Бүгінгі заңнан сіздер мынаны да біле аласыздар: өнеркәсіптің кейбір салаларындағы жұмысшылар өз фабрикаларында астыққа айырбастау үшін жасалып шығатын өнімдердің белгілі бір бөлегін заттай сыйлық түрінде алатын болады. Мәселен, тоқыма өнеркәсібінде істейтін жұмысшылар мемлекеттің керегін өтеген күнде кездеменің бір бөлегін өздері алып, оны өздері астыққа айырбастай алады. Бұл жұмысшылардың жағдайы мен шаруалардың жағдайын тезірек жақсарту үшін керек. Жалпы мемлекеттік көлемде біз

мұны істей алмаған болар едік, ал мұны қайткенде де істеу керек. Міне сондықтан сауда еркіндігі белгілі бір дәрежеде капитализмнің дамуы екендігін біз ешбір бекер дей алмаймыз, сондықтан біз: бұл капитализм мемлекеттің бақылауында, қадағалауында болады дейміз. Егер жұмысшы мемлекеті фабрикаларды, заводтарды, темір жолдарды өз қолында ұстап отырған болса, бізге бұл капитализм қорқынышты емес. Мұның өзі шаруа өнімдері мен маңайдағы майдагерлер арасында шаруашылық айналымын жақсартуымызға мүмкіндік береді; ал осы майдагерлер шаруаның өнеркәсіп өнімдері жөніндегі мұқтажын онша көп өтемегенмен, әйтеуір белгілі бір дәрежеде өтейді; қалай болғанда да шаруа шаруашылығы бұрынғыға қарағанда жақсаратын болады, ал оны жақсарту бізге өте-мөте қажет болып отыр. Мейлі, ұсақ өнеркәсіп белгілі бір дәрежеде дами берсін, мейлі, мемлекеттік капитализм дами берсін — Совет өкіметіне бұл қорқынышты емес; Совет өкіметі әр нәрсені шын атымен атап, оған тура қарауға тиіс, бірақ ол мұны бақылап отыруға, мұның шеңберін белгілеп отыруға тиіс.

Егер біз заводтардың көпшілігін өзімізде қалдырып, концессионерлерге бірнеше заводты ғана беретін болсақ, бізге концессиялар қорқынышты емес; бұл қорқынышты емес. Егер Совет өкіметі өзіне тиісті өндірістердің көпшілігін концессияға үлестіріп беретін болса, мұның өзі, әрине, барып тұрған сорақылық болар еді; онда мұның өзі концессия болып шықпай, капитализмге қайта оралғандық болар еді. Барлық мемлекеттік кәсіпорындар өз қолымызда тұрғанда және концессияға қай кәсіпорынды, қандай шарттармен, қандай мөлшерде беруімізге болатындығын дәл және қатаң түрде есептеп отырғанымызда, концессиялар бізге қорқынышты емес. Осылайша өсетін капитализм бақылауда болады, есепке алынып отырады, ал мемлекеттік өкімет жұмысшы табының, жұмысшы мемлекетінің қолында қалады. Концессиялар түрінде болатын капитал да, кооперативтер арқылы, сауда еркіндігі арқылы сөзсіз өсетін капитал да бізге қорқынышты емес; біз шаруалардың жағдайын оңалтып,

жақсартуға тырысуымыз керек; біз осының бәрін жұмысшы табының мүддесі үшін істеуге бар күшімізді салуымыз керек. Шаруа шаруашылығын жақсарту үшін, жергілікті айналымды дамыту үшін, сонымен қатар жалпы мемлекеттік шаруашылықты жүргізгенде социалистік ірі өнеркәсіпті осы кезге дейінгіден гөрі тезірек қалпына келтірерліктей етіп жүргізу үшін істеуге болатын істің бәрін,— міне осының бәрін концессиялардың көмегі арқасында біз концессия болмағандағыдан ерте істейміз; тыныс алып, жөнделе бастаған шаруа шаруашылығының көмегі арқасында біз мұны шаруа шаруашылығында осы күнге дейін болып келген орасан зор мұқтаждық кезіндегіден ерте істейміз.

Коммунистік тұрғыдан қарағанда бұл саясатты қалай бағалау керек, бұл саясаттың қажет болған себебі не, дұрыс қолданылған күнде бұл саясат істің жайын дереу жақсартуымызға, ең болмағанда, бұл саясат қолданылмаған кездегіден тезірек жақсартуымызға мүмкіндік беретін себебі не деген мәселе жөнінде менің айтайын дегенім міне осы еді.

«Правда» №№ 81, 82 және 83; 15, 16 және 17 апрель, 1921 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

СОВЕТТІК ОБЛЫСТАР МЕН РЕСПУБЛИКАЛАРДАҒЫ ШЫҒЫС ХАЛЫҚТАРЫ ӘЙЕЛДЕР БӨЛІМДЕРІ ӨКІЛДЕРІНІҢ КЕҢЕСІНЕ ҚҰТТЫҚТАУ[69]

Тығылтаяң жұмыстар сіздердің кеңесіңізге қатысуыма мүмкіндік бермей отырғанына қатты қынжыламын. Қызу құттықтап, жұмыста, әсіресе Шығыс әйелдерінің алдағы Бүкіл россиялық бірінші партиялық емес съезін әзірлеу жөніндегі жұмыста табысқа жетулеріңізге өзімнің шын тілектестігімді білдіремін, дұрыс әзірленіп, өткізілген мұндай съездің *Шығыс әйелдерінің санасын ояту ісінде және оларды ұйымдық жағынан біріктіру ісінде* зор роль атқаратыны күмәнсыз.

Ленин

«Правда» № 77, 10 апрель, 1921 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ВЦСПС-тегі КОММУНИСТІК ФРАКЦИЯНЫҢ МӘЖІЛІСІ

11 АПРЕЛЬ, 1921 ж.[70]

Бірінші рет 1932 ж. Лениннің XX жинағында басылған

Стенограмма бойынша басылып отыр

1
КОНЦЕССИЯЛАР ТУРАЛЫ БАЯНДАМА

Жолдастар! Концессиялар туралы мәселе бізде күтпеген жерден әжептәуір пікір алалығын туғызды, өйткені өткен жылдың күзінде-ақ бұл мәселе принципінде даусыз шешілген сияқты еді, ал Халық Комиссарлары Советінің концессиялар туралы декреті өткен жылдың 23 ноябрінде шыққанда партиядағылардың арасында, ең болмағанда жауапты қызметкерлердің арасында, ешқандай қарсылықтар болған жоқ және қандай болсын пікір алалығы туатындай ештеңе байқалған жоқ еді. Партия съезінде концессиялар туралы декретті қуаттайтын арнаулы шешім[71] қабылдауға тура келгенін, бұл шешім бойынша әлгі декретті Баку мен Грозныйда да концессиялар беру жөнінде арнайы түрде қолдануға болатындығын сіздер, әрине, білесіздер. Орталық Комитеттің саясатында ауытқу болмауы үшін партия съезінде осындай шешім қабылдауға тура келді, өйткені Орталық Комитетте дәл осы мәселе жөнінде туған жікке бөлінушілік бұрынғы фракциялық жікке бөлінушілікке белгілі бір дәрежеде мүлде сәйкес келмейтін, бірақ едәуір дәрежеде Бакумен байланысты туған жікке бөліну болып шықты. Баку үшін де, мүмкін, тек қана Баку үшін, концессиялардың қажеттігі туралы пікірге, Бакудегі Баку кәсіпшіліктерінің көбін концессияға берген жөн деген пікірге кейбір бакулік жолдастардың көңгісі келмеді. Дәлелдер мейлінше әр қилы еді; біздер өзіміз-ақ «зерттейміз», бізге шетелдіктерді шақырып керегі не деген дәлелден

бастап, капиталистерге қарсы күресте ысылған, байырғы жұмысшылар капиталистердің қамытын қайтадап киюге төзе алмайды, т. т. дегенге дейін барды.

Мұндай дәлелдерде жалпы принциптіліктің қаншалық немесе, былайша айтқанда, бакулік «патриотизмнің», бакулік жерпілдіктің қаншалықты болғандығына мен қазір төрелік бере алмаймын. Өзім жөнінде мен мынаны айтуға тиіспін: егер біз концессиялар жөніндегі саясатты жүргізе алмасақ және шетелдік капиталды концессияларға тарта алмасақ, онда шаруашылық жағдайды жақсарту үшін керекті елеулі практикалық шаралар туралы әңгіме етуге болмайды деп есептеп, мен бұл көзқарасқа қарсы мейлінше батыл түрде күрестім. Егер концессиялар саясатын қолданбаса, егер соқыр сенімдерден, жерпілдік патриотизмнен бас тартпаса, аздап цехтық патриотизмнен де, аздап біз өзіміз-ақ «зерттейміз» деуден де бас тартпаса, онда шаруашылық жағдайды дереу жақсарту туралы мәселені елеулі түрде қоюға болмайды. Толып жатқан құрбандықтарға, қиыншылықтар мен қолайсыздықтарға көну керек болады, әдеттерден, мүмкін, тіпті кеселдерден арылу керек болар, тек әйтеуір өнеркәсіптің басты-басты салаларында елеулі өзгеріс жасап, экономикалық жағдайды жақсартсақ болғаны. Қалай болғанда да осыған жету керек.

Партия съезінде шаруаға көзқарас жөніндегі саясат туралы мәселеге және жалпы алғанда заңда бірінші орын алып отырған, партия саяси басты мәселе ретінде көңіл қойып отырған азық-түлік салығы туралы мәселеге барлық назар аударылды. Азық-түлік салығы туралы және шаруаға көзқарас туралы мәселе жөнінде біздер мынаны түсіндік: біз еркін сауданы, еркін өнеркәсіпті жандандыру сияқты таяныштарды пайдаланбайынша, ірі өнеркәсіптің өнімділігін шапшаң, шапшаң болғанда шаруаның қажеттерін қанағаттандыру үшін керек болып отырғанындай шапшаң көтере алмаймыз. Ал енді осы таяныштардың көмегімен болса да көтерілуге тура келіп отыр, өйткені бұл таяныштарсыз өмірдің талаптарына ілесе алмайтыны-

мыз ақылынан адаспаған адамның қай-қайсысына болсын айқын, өйткені толып жатқан себептер бойынша, ең алдымен ауа райы себептерінен, осы көктемгі ағаш ағызу ісі көбіне-көп орындалмай отырғандығы салдарынан болса да жағдай шиеленісіп барады. Отын дағдарысы төніп келеді. Онан соң, көктем, тағы да ауа райы жағдайларына байланысты, егіннің тағы да шықпай қалуы, жұт болуы қаупін туғызып отыр, мұның өзі отын жеткізуді бұдан да көп азайтуы мүмкін. Ал егер тағы да қуаңшылық болса, онда дағдарыстың мүлде төтенше сипат алу қаупі туады. Мұндай жағдайда программамыздың ең алдымен қайткен күнде де өнім мөлшерін арттыру керек дейтін сөздерінің бәрі бұл сөздерге сүйсіне қарап отыру үшін жазылмағанын, коммунистер айрықша құлшыныспен қабылдап жатқан түрлі қарарларға мейірлене қарап отыру үшін жазылмағанын, ал қайткен күнде де өнім мөлшерін көбейту үшін жазылғанын түсіну керек. Шетелдік капиталдың көмегін пайдаланбайынша, біз өзіміз мұны істей алмаймыз. Алданбай, шындыққа тура қараған адамның қай-қайсысына болсын бұл айқын болуға тиіс. Концессиялар туралы мәселенің онымен партия съезінің шұғылдануына тура келетіндей маңыз алғандығы сондықтан.

Халық Комиссарлары Советі бірсыпыра айтыстан кейін концессиялық шарттың негізгі принциптерін қабылдады[72]. Мен қазір оларды оқып, ерекше маңызы бар немесе пікір алалығын туғызып отырған принциптердің бәрін көрсетемін. Егер партияның барлық мүшелері, әсіресе кәсіптік қозғалыстың, яғни пролетариаттың ұйымдасқан бұқарасының, пролетариаттың ұйымдасқан көпшілігінің басшылары, егер олар осы жағдайды түсінбесе, одан тиісті қорытындылар жасамаса, онда ешқандай шаруашылық құрылысы туралы, әрине, шындап сөз қозғауға болмайды. Мен концессиялық шарттың негізгі принциптерін, Халық Комиссарлары Советінің оларды қабылдаған рет-ретімен, пункт-пункттімен оқып шығамын. Мынаны қоса айтуға тиіспін: біз осы кезге дейін әлі бірде-бір концессия жасасқанымыз жоқ. Біз принципті пікір ала-

лығын көрсетіп үлгердік — бұған біз әбден шебер болып алдық,— бірақ әлі бірде-бір концессия жасасқанымыз жоқ. Мүмкін, бұған қуанатын адамдар табылар. Егер табылса, онда бұл өкінішті-ақ, өйткені, егер біз капиталды концессияларға тарта алмасақ, бізде шаруашылыққа ешқандай икемділіктің жоқ болғаны. Бірақ коммунист үшін қарарлар шығаруға кең өріс бар. Ол қарарлармен қалған қағаздарды қалағанынша толтыруға болады. Бірінші пункт:

«1. Концессионерге концессиялық кәсіпорындарда істейтін жұмысшылардың жағдайын (сол жердегі осы сықылды кәсіпорындарда істейтін басқа жұмысшылармен салыстырғанда) шетелдік орташа нормаға дейін жақсарту міндеті жүктеледі».

Біз шартқа бұл негізгі ережені кіргізгенде коммунистерді және біздің шаруашылық мекемелеріміздің басшыларын бірден мәселенің бел ортасына енгізу үшін кіргізіп отырмыз. Біз үшін концессияларда бәрінен де маңыздырағы не? Әрине, өнімдердің мөлшерін арттыру. Бұл өзінен-өзі түсінікті. Ал ерекше маңыздысы да, егер онан да гөрі маңыздысы болып жүрмесе, мынау: біз концессиялық кәсіпшіліктерде істейтін жұмысшылардың жағдайын дереу жақсарта аламыз. Концессиялық шарттың бұл ережелері мәселені бірсыпыра талқылағаннан кейін, оның ішінде, РСФСР-дің кейбір уәкілдерінің, әсіресе Красин жолдастың қазіргі империализмнің финанс корольдерінің кейбіреулерімен шетелде жүргізген бірқатар талқылауларының негізінде қабылданды. Әрине, өздеріңізге мәлім, бізде капитализм мен финанс капиталының не екенін коммунистердің басым көпшілігі кітаптан ғана білетінін, тіпті, мүмкін, бұл туралы кітапшалар да жазғанын, бірақ 100 коммунистің 99-ы финанс капиталының өкілдерімен іскерлікпен сөйлесе білмейтінін және сөйлесуге ешқашан үйрене де алмайтынын атап айту керек.

Бұл жөнінде Красин жолдастың әзірлігі күшті, өйткені Германия мен Россияда өнеркәсіптің жағдайларын ол практикалық жағынан да, ұйымдық жағынан да зерттеген. Бұл шарттар Красин жолдасқа

хабарланғанда ол: «Жалпы алғанда қабылдауға болады» деп жауап берді. Концессионерге ең алдымен жүктелетін міндет,— жұмысшылардың жағдайын жақсарту. Красиннің мұнай корольдерінің бірімен алдын ала жүргізген әңгімесінде сөз нақ осы жағдай туралы болды, оның бер жағында жұмысшылардың қазіргі жағдайында өнімділікті арттыруға үміт артуға мүлде болмайтыны батыс европалық капиталистер үшін айқын болып отырған көрінеді. Концессионерге жұмысшылардың жағдайын жақсартуды осылай міндет етіп жүктеу қайсыбір адамгершілік ниет емес, мәселенің тура іскерлік жағы болып табылады. Екінші пункт:

«2. Мұнымен бірге орыс жұмысшысының еңбек өнімділігі төмен екендігі есепке алынады, орыс жұмысшысының тұрмыс жағдайларын жақсартуға қол жетуіне қарай оның еңбек өнімділігі нормасын мүмкіндігінше қайта қарау алдын ала ескеріледі».

Бұл ескерту осы пунктті біржақты түсіндіруге жол бермеу үшін қажет болды. Осы пункттердің бәрі Совет өкіметінің концессиялармен істес болатын барлық өкілдері үшін ережелер мен директивалар және басшылық нұсқаулар болып табылады, осы нұсқаулардың негізінде шарттар әзірленетін болады. Бізде мұнай шартының, подшипниктер шығаратын заводтар жөніндегі шарттың жобасы бар, орман концессияларының жобасы бар және Камчатка жөнінде шарт бар, бұл шарт туралы көптен бері-ақ әңгіме болып жүр, бірақ ол көп жағдайға байланысты әлі жүзеге асырылмай отыр. Екінші пункт бірінші пунктті тура тікелей мағынада түсініп қалмас үшін қажет болды. Біз жұмысшылардың жағдайы жақсармайынша, еңбек өнімділігі артпайтындығын есепке алуға тиіспіз. Бұл есептен бас тарту — концессиялар туралы мәселелердің бәрін капиталист тіпті сөйлеспей қоятын қолайсыз негізге бірден қою деген сөз. Үшінші пункт:

«3. Концессионер концессиялық кәсіпорындарда істейтін жұмысшыларға олардың тұрмысына қажетті заттарды шетелден алып келуге, жұмысшыларға ол заттарды өзіндік құнынан және оған қосылатын қо-

сымша шығындардың белгілі процентінен жоғары сатпауға міндетті».

Бұл арада мөлшерді 10 процент етіп белгілеу ұйғарылып еді, бірақ ақырғы талқылау кезінде процент мөлшерін алып тастадық. Мұнда маңыздысы сол, біз жұмысшылардың тұрмысына қажетті заттарды шетелден алып келуді негізгі мәселе етіп қоямыз. Бізде шаруа шаруашылығы мен отын мәселесінің қазіргі жағдайында жұмысшылардың тұрмыс жағдайын таяу жылдарда түбегейлі жақсарта алмайтынымызды, демек, еңбек өнімділігін де арттыра алмайтынымызды біз білеміз. Демек, тұтыну заттарының бәрін шетелден алып келу қажеттігін концессионердің бұл шартқа енгізгені қажет, мұны ол әбден орындай алады. Бұл жөнінде капитализмнің кейбір жыртқыштары бізбен қазірдің өзінде алдын ала келісіп отыр. Өте-мөте бағалы шикізатты алуға мейлінше ділгер болғандықтан концессионерлер бұл шарттарға келіседі. Шикізат алу олар үшін барынша қажетті нәрсе болып табылады. Бұл екпінді кәсіпорындарда он, жиырма немесе отыз мың жұмысшы істейтін болса да, ол жұмысшыларға қажетті заттардың бәрін тауып жеткізу — қазіргі синдикаттар мен трестердегі қарым-қатынастар кезінде концессионерлерге ештеңе емес, өйткені синдикаттар мен трестерге бірікпеген капиталистер қалған жоқ деуге болады, ал ірі кәсіпорындардың бәрі еркін рынок негізінде емес, монополия негізінде құрылған, демек, олар басқа капиталистердің шикізат пен азық-түлік алуына жолды жауып тастай алады, ал өздерінің алдын ала жасасқан алуан түрлі шарттармен қажет өнімдерді қалағанынша алуға мүмкіншілігі бар. Бұл синдикаттар жүздеген миллионды емін-еркін сапырылыстырады. Олардың азық-түліктің мол запасын билеуге мүмкіншілігі болады, демек, бірнеше он мыңдаған жұмысшыларға азық-түлік пен басқа да қажетті заттарды тауып, Россияға жеткізе алады.

Шаруашылық тұрғысынан мұның оларға ешқандай қиындығы жоқ. Олар бұл кәсіпорындарға екпінді кәсіпорындар деп қарайды, 1000 процент алмағанмен, 100 процент пайда алады және де бұл кәсіпорындар-

ды азық-түлікпен жабдықтайды. Қайталап айтамын, бұл олар үшін экономикалық қиыншылық болып табылмайды. Жұмысшылардың жағдайын алдымен бірінші қалыптағы кәсіпорындарда жақсарту, сонан соң қалған кәсіпорындарда жақсарту міндетін біз концессиялық саясатымыздың негізі етіп алуға тиістіміз. Келесі төртінші пункт:

«4. Мұнымен қатар, егер РСФСР үкіметі талап ететін болса, концессионер концессиялық кәсіпорындарда істейтін жұмысшыларға арнап өздері алып келетін осы көлемнен тыс тағы да 50—100 процент мөлшерінде керегін алып келуге, мұны РСФСР үкіметіне сол мөлшер үшін тиісті төлемге (өзіндік құнға қосымша шығындардың белгілі процентi қосып есептелген) беруге міндетті. РСФСР үкіметі бұл төлемді концессионердің шығарған өнімнен беретін үлесі есебінен төлеуге (яғни өзінің үлестік сыбағасынан шығарып тастауға) праволы».

Финанс корольдерімен алдын ала жасалған келіс сөздерде бұл шартты да олар қабылдауға болатын шарт деп тапты, өйткені концессиялық кәсіпорындар олар үшін екпінді кәсіпорындар болып табылады.

Егер біз мұнай сияқты затқа келетін болсақ, онда мұнайды олар бізден алады да, монополистер ретінде шетелде сату мүмкіндігіне ие болады. Сондықтан олар азық-түлік заттарын кәсіпорында істейтін жұмысшыларға арнап қана емес, тіпті соның белгілі бір процентi мөлшерінде одан тыс та бере алады. Бұл пунктті бірінші пунктпен салыстырғанда сіздер концессиялық саясаттың негізгі өзегі неде екенін: жұмысшылардың — ең алдымен концессиялық кәсіпорындарда істейтін жұмысшылардың жағдайын жақсартуда, ал сонан соң, біршама азырақ мөлшерде, басқа жұмысшылардың да жағдайын жақсартуда екенін көресіздер, бұл үшін белгілі бір тұтыну заттарын шетелден алатын боламыз. Біз қазір халықаралық рыноктан сатып алушы ретінде, тіпті төлейтін жағдайымыз болғанда да, ол заттарды ала алмас едік. Валютамен, мәселен, алтынмен айырбас жасағанда да, сіз мынаны ұмытпауға тиіссіз: еркін рынок жоқ, рыноктың бәрін, немесе

бәрін дерлік, синдикаттар, картельдер мен трестер билеп алған, олар өздеріне империалистік пайда түсуін көздейді және олар жұмысшыларды жабдықтау заттарын басқа кәсіпорындарға емес, тек өз кәсіпорындарына ғана береді, өйткені ескі капитализм дегеніміз — еркін рынок мағынасында алсақ — енді жоқ. Бұл арада сіз концессиялық саясаттың мәнін, мәні болғанда финанс капиталының қазіргі жағдайлары мен трестердің зор күрес, бір трестің екінші треске қарсы күрес жағдайларына бейімделген мәнін көріп отырсыз. Концессиялық саясат дегеніміз бір жақтың екінші жаққа қарсы жасасатын одағы, сондықтан әзірге біздің күшіміз жеткіліксіз болғандықтан, біз халықаралық революцияның жеңісіне дейін төтеп бере тұруға, осы екі жақтың бір-біріне дұшпандығын пайдалануға тиіспіз. Олар үшін жұмысшылардың жағдайын қамтамасыз етудің мүмкін екендігінің себебі: жиырма — отыз мың жұмысшыны мөлшерден тыс қамтамасыз ету қазіргі ірі кәсіпорын үшін түкке тұрмайды. Бізге мұның өзі шығынды шикізатпен,— мәселен, мұнаймен,— жабуға мүмкіндік берген болар еді. Егер біз қосымша мөлшерде ағаш, руда беріп,— біздің негізгі байлықтарымызды беріп,— жұмысшылардың тұрмысы үшін қажетті осы қосымша мөлшердегі заттарға ақы төлей алсақ, онда бірінші кезекте біз концессиялық кәсіпорындарда істейтін жұмысшылардың жағдайын жақсартуға мүмкіндік алар едік, ал ауысқаны ең аз дегенде басқа жұмысшылардың жағдайын жақсартуға кеткен болар еді. Бесінші пункт:

«5. Концессионер РСФСР заңдарын орындауға, атап айтқанда, еңбек жағдайлары, төлеу мерзімдері және басқалар жөніндегі заңдарды орындауға, кәсіподақтармен келісімге келуге міндетті (концессионер талап еткен күнде, біз мұндай келісімдер жасасқанда, американ немесе батыс европа жұмысшысына арналған орташа жұмыс нормасы екі жақ үшін де міндетті дегенді қосуға келісеміз)».

Бұл ескерту капиталды біздің кәсіподақтарға қауіптене қараудан арылту үшін қабылданды. Егер біз одақтармен келісімге келу керек десек, оның себебі:

заңдардың бәрінде кәсіподақтардың қатысуы оның өн бойына өзек болып алынады; оның себебі: кәсіподақтардың қатысуы осы тәріздес елеулі маңызы бар заңдардың бәріне енгізілген және одақтардың социалистік принциптерге сәйкес ережесі заң арқылы қамтамасыз етілген. Егер біз: капиталист кәсіподақтармен келісімге келуге тиіс дейтін болсақ, онда кәсіподақтарды коммунистік фракциялар басқаратынын және сол фракциялар арқылы партия басқаратынын білетін дұрыс хабардар капиталист бұл коммунистерден сорақылықтардың қандайын да күтуге болады деп қауіптене алар еді және мүлде мүмкін емес шарттар қойған болар еді. Капиталистің тұрғысынан қарағанда, мұндай қауіптенушілік әбден табиғи нәрсе. Сондықтан біз: іс бабында келісімге келуді жақтаймыз — деп айтуға тиіспіз — әйтпесе сөйлесетін ештеңе қалмайды. Сондықтан біз осындай қосымша жасауға келісеміз дейміз. Біз өзіміз үшін және біздің кәсіподақтар үшін бұл норманы американ немесе батыс европа жұмысшысына арналған орташа нормаға тең деп санауға келісеміз. Қайталап айтамын, әйтпесе капиталистік қатынастарға бейімделген ешқандай шарт туралы сөз етуге де болмайды. Алтыншы пункт:

«6. Концессионер орыс заңдары мен шетел заңдарына сәйкес келетін ғылыми-техникалық ережелерді қатаң сақтауға міндетті (егжей-тегжейі әрбір шартта көрсетіледі)».

Бұл пункт шартта ерекше толық айтылатын болады. Мәселен, мұнай жөніндегі шартта 10 статья бар, ол статьяларда егжей-тегжейлі ғылыми ережелер баяндалып, жазылған. Капиталистік шаруашылықтың негізгі ерекшелігі — жерді де, жұмыс күшін де ғылыми тұрғыдан дұрыс пайдалану жөнінде қамқорлық жасауға ол қабілетсіз келеді. Бұған қарсы күрес құралы ғылыми-техникалық ережелер болып табылады. Біз, мәселен, мынаны білеміз: қандайда бір дұрыс пайдаланылмаған немесе жеткілікті дәрежеде дұрыс пайдаланылмаған кезде мұнай кәсіпшіліктерін су басып кетеді. Техникалық жабдық алудың біздер үшін зор маңызы бар екені анық. Мен бұл арада осы жабдық-

тан бізге керектісінің шамамен алынған есебі «Россияны электрлендіру жоспары» деген кітапшада келтірілгенін естеріңізге сала кетейін. Мейлінше дәл цифрлардың қандай екені менің есімде жоқ, бірақ жалпы және тұтас алғанда электрлендіру жөніндегі шығындар алтынмен 17 миллиард сом болып белгіленген, оның бер жағында бірінші кезектегі жұмыстардың он шақты жыл ішінде орындалуы мүмкін. Біз бұл сомадан 11 миллиардқа жете соманы өз қорымыздан — алтынмен де, шетке зат шығарумен де өтеуді көздеп отырмыз; демек, 6 миллиард сом өтелмей қалады. Осыған байланысты, бұл еңбектің авторлары не міндеттемемен қарыз алуға, не концессиялар беруге тура келеді деген қорытындыға келіп отыр. Осы дефицитті жабуымыз керек. Бүкіл республика жөнінде — өнеркәсіптің барлық салаларын жоспарлы түрде дамыту тұрғысынан — жоспарды ең таңдаулы деген мамандар талдап жасады. Әңгіме ең алдымен отын туралы, өнеркәсіптің басты-басты салаларының бәрінде тұтынылатын осы отынды барынша үнемдеп, тиімді, шебер пайдалану туралы болып отыр. Егер концессияға беретін және борышымызды өтейтін ресурстарымыз болмаса, біз бұл міндетті шеше алмас едік. Бұл жағдайлардың, әрине, кейбір кезеңде, өте-мөте қажет болып отырған кезеңде, болмай да қалуы мүмкін. Әсіресе қазір Англияда болып жатқан немесе таяуда Германияда сәтсіз аяқталған[73] стачкалар сияқты өте ірі стачкадан кейін болмай қалуы мүмкін. Бірақ сәтсіз стачкадан кейін сәтті стачка, сәтті революция келеді, міне сонда біз капиталистік қатынастарда емес, социалистік қатынастарда болып шығамыз.

Мұнай шығару тоқтап қалған кездерде қауіп апатты сипат алады. Бакуде 1905 жылға дейін болған нормаға капиталистер жете алмады. Бақсақ, шетелдердегі мұнай шығатын жерлерде, мәселен, Калифорния мен Румынияда да, кәсіпшіліктерді су басып кетудің осы қаупі мойындалады екен. Суды сыртқа түгел айдап шығармаса, су одан сайын баса береді екен.

Шетел заңдары мен орыс заңдарында бұл жөнінде егжей-тегжейлі ережелер бар. Біз Бакуде бұл жұмыс-

пен шұғылданған кезімізде, Румыния мен Калифорния заңдары жөнінде өзіміздің мамандардан сұрастырып білген едік. Шикізат шығатын жерлерімізді қорғау үшін біз ғылыми-техникалық ережелерді бұлжытпай орындап, сақтап отыруға тиіспіз. Мәселен, егер орманды концессияға беру туралы сөз болатын болса, онда орман шаруашылығының дұрыс жүргізілуін күні бұрын ойластыру керек. Егер мұнайды концессияға беру туралы сөз болатын болса, онда су басқынына қарсы күресті күні бұрын ойластыру керек. Сөйтіп мұнда ғылыми-техникалық ережелерді сақтау және тиімді пайдалану керек. Бұл ұғымдар қайдан алынып отыр? Бұлар орыс және шетел заңдарынан алынып отыр. Бұл арқылы біз бұл ережелерді олардың өздері ойлап шығарды деп қауіп айтушылардан арыламыз, әйтпесе бірде-бір капиталист біздермен сөйлеспей қояды. Біз орыс және шетел заңдарында бар нәрсені аламыз. Егер біз орыс заңдарындағы және кез келген шетел заңдарындағы жақсы нәрселерді алатын болсақ, онда осы негізде біздің қазір алдыңғы қатарлы капиталистің қолы жетіп отырған нормасына кепілдік беруге мүмкіндігіміз болады. Мұның өзі істің белгілі бір нормасы, мұның өзі капиталистер бәрінен де қатты қорқатын коммунистік қиялдан емес, капиталистік практикадан алынған норма. Бұл шарттарда біз барлық жағдайда да, барлық жағынан да, концессиялық шарттардың барлық пункттерінде де капиталистік заңдарда көрсетілген нәрседен асып кетпейміз деп кепілдік береміз. Міне осы негізгі ережені бір минут та ұмытуға болмайды. Біз капиталистік қатынастардың негізінде капиталистер үшін бұл шарттардың қолайлылығын, олар үшін бұл шарттардың тиімді екендігін дәлелдеуге тиіспіз және сонымен бірге біз бұдан өзімізге де пайда келтіре білуге тиіспіз. Әйтпесе концессия туралы әңгіменің бәрі бос сөз болады. Сонымен, біз капиталистік заңдарда дұрыс деп танылған нәрселер туралы айтып отырмыз. Техникалық жетілдірулер, істің техникалық қойылысы тұрғысынан алғанда алдыңғы қатарлы капитализмнің қазіргі біздің өнеркәсібімізден әлдеқай-

да жоғары екенін жұрттың бәрі біледі. Сөйтіп, біз өзімізді бір ғана орыс заңдарымен тежемейміз. Мәселен, мұнай жөнінде біз орыс, румын және Калифорния заңдарынан материалдар ала бастадық. Біздің кез келген заңды алуға правомыз бар, сөйтіп осы арқылы бұл арада қандай да болсын бір ойдан шығарушылық, қиянат бар деген күдік атаулы жойылады. Осы заманғы алдыңғы қатарлы капиталист үшін, финанс корольдері мен осы заманғы финанс капиталы үшін бұл түсінікті. Олар шетелдегі жағдайлармен және шетелдегі нормамен сәйкестене алады. Біз капитализмнің іс тұрғысынан қоятын талаптарын ескере отырып, осы норманы ұсынамыз. Бұл арада біз қайдағы бір қиялдардың негізінде қимыл жасап отырғанымыз жоқ, сонымен қатар осы заманғы алдыңғы қатарлы капитализмге сәйкес келерлік дәрежеде өнеркәсібімізді жақсарту жөнінде алдымызға практикалық мақсат қойып отырмыз. Біздің өнеркәсібіміздің жағдайын білетін адамның қай-қайсысы да бұл орасан зор жақсару екенін түсінеді. Егер біз өнеркәсіптің біраз бөлігі жөнінде, тым болмағанда оннан бір бөлігі жөнінде осы ережелерді жүзеге асырсақ, онда мұның өзі алға басқан зор қадам болар еді, олар үшін мүмкін, ал біздер үшін өте-мөте керекті қадам болар еді. Жетінші пункт:

«7. Концессионердің шетелден әкелетін жабдықтары жөнінде 4-параграфқа ұқсас ереже белгіленеді».

Төртінші пункт былай дейді: концессионердің өз жұмыстарына арнап әкелетін жабдықтарынан басқа, ол бұған қоса, егер біз мұны шартқа енгізетін болсақ, сатуға, ерекше ақыға арнап та бірсыпыра мөлшерде жабдықтар әкелуге тиіс. Егер капиталист өзіне арнап жетілдірілген бұрғылар мен аспаптар әкелетін болса, онда біз одан өзіне керек бұрғылардан тыс, айталық, бізге арнап та 25% бұрғы әкелуін талап етуге правомыз, біз оған, 4-параграфта көрсетілгендей, яғни өзіндік құнына қосымша шығындардың белгілі процентін қосып төлейтін боламыз.

Болашақ өте жақсы. Бірақ осы екі жұмысты: бір жағынан, осы болашақты жақындата түсетін үгіт жұ-

мысын, ал, екінші жағынан, капиталистік қоршауда өмір сүре аларлықтай болып қазір орналаса білу жұмысын ешбір шатастыруға болмайды. Егер бұл біздің қолымыздан келмесе, онда «Күн шығамын дегенше, шық көзінді қарып бітер» дейтін мақалдың жамандық жағына тап болуға тура келеді. Капиталистік дүниенің ерекшеліктеріне сүйене отырып, капиталистердің шикізатқа ашқарақтығын пайдалана отырып, бұдан біз капиталистердің ортасында — мұның өзі оғаш көрінгенімен — өзіміздің экономикалық жағдайымызды нығайтатындай пайда шығара білуге тиіспіз. Міндет оғаш сияқты: капитализмге сүйене отырып, социалистік республика өз жағдайын қалай жақсарта алады? Бірақ біз мұны соғыста көрдік. Біздің соғыста жеңіп шыққанымыз — күштірек болғандықтан емес, әлсіз бола тұрсақ та, біз капиталистік мемлекеттердің арасындағы дұшпандықты пайдаландық. Енді біз не тресттердің арасындағы дұшпандықты пайдаланамыз, не біз капиталистік ерекшеліктерге бейімделе алмаған болып шығамыз, сөйтіп капиталистік қоршау системасында өмір сүре алмаймыз. Сегізінші пункт:

«8. Концессиялық кәсіпорындарда істейтін жұмысшыларға жалақыны шетел валютасымен немесе ерекше боналармен немесе совет ақшасымен, т. с. төлеу туралы мәселе әрбір шартта ерекше келісім бойынша белгіленеді».

Бұл арада, өздеріңіз көріп отырғандай, біз: шетел валютасымен, боналармен, совет ақшасымен төлеу мүмкіндігі атаулының бәрін қабылдаймыз, сондықтан да кәсіпкер адамдардың бізге жасайтын ұсыныстарының бәрін игі ниетпен карауға күні бұрын келісеміз. Біздің өкілдеріміз естіген ұсыныстардың ішіндегі нақтылысы Вандерлиптің ұсынысы, ол былай деді: «Менің жұмысшыларға орташа жалақы, айталық, күніне бір жарым доллар төлегім келер еді. Сонан соң мен өзімнің концессиялық территориямда дүкендер ұйымдастырар едім; менің бұл дүкендерімде жұмысшылар үшін қажетті заттардың бәрі болады, ал дүкендерден затты белгілі бір боналары бар адамдар ғана ала алады, ал боналарды мен өзімнің концессиялық

кәсіпорындарымда істейтін жұмысшыларға ғана беремін». Осылай бола ма, әлде жоқ па, бірақ біз мұны принцип жағынан қабылдауға әбден болады деп санаймыз. Әрине, мұнда толып жатқан қиыншылықтар туады. Капиталистік өндірісті көздейтін концессияны советтік көзқараспен ұштастыра білу — әрине, оңай жұмыс емес, сондықтан, менің айтқанымдай, бұл сияқты күш-жігер жұмсаудың бәрі капитализм мен социализм арасындағы күрестің жалғасы болып табылады. Бұл күрес формаларын өзгертті, бірақ ол сол күрес күйінде қалды. Концессионер атаулы капиталист күйінде қалады, сондықтан ол Совет өкіметін әлсіретуге тырысатын болады, ал біз оның ашқарақтығын пайдалануға ұмтылуымыз керек. Біз былай дейміз: «Егер жұмысшыларымыздың жағдайын жақсартуға жететін болсақ, біз 150 процентті де аямаймыз». Күрес міне осы үшін болады. Мұнда, әрине, қандай болсын бітім шартын жасасу кезіндегі күрестен де гөрі анағұрлым үлкен икемділік керек. Әрбір бітім шартын жасасу кезінде күрес болады, оған тасада тұрған буржуазиялық державалар қатысады. Егер біз Латвиямен, Финляндиямен және Польшамен жасалған бітім шартына қол қойсақ, онда бұл державалардың әрқайсысының тасасында оларды жетектеп отырған шетелдік державалар тұрды. Сондықтан біз бұл шарттарды жасасқанда, бір жағынан ол шарттар буржуазиялық республикалардың өмір сүруіне мүмкіндік беретіндей етіп, ал екінші жағынан, дүние жүзілік дипломатия тұрғысынан Совет өкіметіне тиімділік әперетіндей етіп жасасуға тиіс болдық. Буржуазиялық державалармен жасалатын әрбір бітім шарты соғыстың белгілі бір пункттерін жазып қоятын шарт болып табылады. Дәл сол сияқты концессиялық шарттың әрбір пункті де әрбір пунктте шайқас болды деген мағынада соғыс шарты болып табылады. Сондықтан істі бұл соғыста өз мүдделеріңді қорғап қалатындай етіп қоя білу керек. Мұны істеуге болады, өйткені капиталист концессиялық кәсіпорыннан көп пайда түсіреді, ал біз өз жұмысшыларымыздың жағдайын біраз жақсартамыз, үлестік сыбаға арқылы біраз қосымша өнімдер аламыз.

Егер ақы шетелдік валютамен төленетін болса, онда бұл валютаны совет валютасына қалай айырбастау керек? жалдаптықпен қалай күресу керек? деген, т. с. көптеген күрделі сұрақтар туады. Біз ақы төлеудің қандай әдісіне болса да қарсы шайқаса білеміз, ол бізге қорқынышты емес, сондықтан біз бұған күні бұрын әзірміз. Капиталист мырзалар, ойларыңа не келсе, соның бәрін ойлап шығара беріңдер — бұл пункт міне осылай дейді. Сендер товар алып келіп, ерекше бағаларға сататын боласыңдар ма, ол товар ерекше шарттармен сатылатын бола ма, әлде концессияда істейтін жұмысшылардың аты жазылған куәлік бойынша ғана сатылатын бола ма, бізге мұның бәрібір. Осы шарттардың негізінде сендермен шайқасып, жұмысшыларымыздың жағдайын белгілі дәрежеде жақсартуға жету үшін біз барлық шарттарға бейімделе білеміз. Біздің өзімізге қойып отырған міндетіміз осы. Бұл міндет концессиялық шартта қалай шешіледі — айтуға болмайды. Қайдағы бір Камчаткада біздегі немесе Бакудегі сияқты ақы төлеу шарттарын ұсынуға болмайды. Егер концессия Донецк бассейнінде болса, онда ақы төлеу формасы қиыр Солтүстіктегідей болуы мүмкін емес. Біз бұл арада ақы төлеу формасы жөнінде капиталистерге ешбір тежеу қойғанымыз жоқ. Шарттың әрбір пунктінде капиталистер мен социалистердің күресі жатыр. Біз бұл күрестен қорықпаймыз және концессиялардан мүмкін болған тиімділіктерді ала білетінімізге күні бұрын сенеміз. Тоғызыншы пункт:

«9. Шетелдің маман жұмысшылары мен қызметшілерін жалдау, оларға материалдық тұрмыс жағдайын жасау және сыйлық беру шарттары қызметшілер мен жұмысшылардың аталған категориясымен концессионердің еркін келісуі бойынша белгіленеді.

Мұндай жұмысшылар жөнінде орыстың тарифтік ставкаларын да, сондай-ақ жалдау туралы орыс ережелерін де қолдануды талап етуге кәсіподақтардың правосы жоқ».

Тоғызыншы пунктті біз мейлінше қажет деп санадық, өйткені капиталистер тарапынан коммунистерге сенім көрсетіледі деп ойлау барып тұрған зердесіздік

болған болар еді. Бұл айқын нәрсе — оның үстіне «еңшілдік» тұрғысынан қарағанда бәрінен де гөрі принципті нәрсе. Ал егер біз: жалдаудың бұл шарттарын кәсіптік одақтардың қуаттауы біз үшін міндетті дейтін болсақ, егер біз капиталистерге: шетел технигінің немесе маманының қандайын болса да қабылдаймыз, бірақ РСФСР-дің еңбек туралы кодексі арқылы өтіп келсін дейтін болсақ, онда бірде-бір шетел технигі бұдан өте алмайтыны және өткісі де келмейтіні түсінікті, өйткені мұның өзі әншейін ресмилік болар еді. Үкімет былай дейді, ал кәсіподақтар олай дейді, өйткені үкімет кәсіподақтар емес те, ал кәсіподақтар үкімет емес деуге болар еді, сөйтіп мұнда заң жүзінде «қулық» жасауға болар еді. Бірақ біз мұны адвокаттарға, стряпчийлерге арнап жазғанымыз жоқ, коммунистерге арнап жаздық. Партияның X съезінің концессиялық саясатты қалай жүргізу керектігі туралы шешіміне сүйеніп жаздық. Концессиялық саясатқа коммунистік партияның — үкіметтік партияның басшылық ететіні біздің европалықтарға таныс бүкіл әдебиетімізден мәлім. Ол қиыннан қиыстырылған механика емес, барлық тілде түсінікті саясат. Сондықтан біз жетекші саясатшылар ретінде, кәсіподақтарға өзіміздің ықпалымызды бұл арада пайдалана алмаймыз және пайдаланғымыз келмейді деп айтпайтын болсақ, онда ешқандай концессиялық саясат туралы сөз етуге де болмаған болар еді. Оларға, капиталистерге, коммунизмді үйретудің керегі жоқ. Біз — тамаша коммунистерміз, бірақ біз коммунистік тәртіпті концессиялар жолымен енгізбейміз. Концессия — буржуазиялық державамен шарт жасасу деген сөз. Сондықтан біз буржуазиялық державамен коммунистік принциптер негізінде шарт жасасамын деп барған коммунисті жындыханаға салған болар едік және оған: «сен тамаша коммунист болсаң да, буржуазиялық державада дипломат болуға жарамайсың» дер едік, сондай-ақ концессиялық саясат жөнінде өзінің коммунизмін шартта көрсеткісі келген коммунист те жындыханаға түсудің аз-ақ алдында болған болар еді. Бұл арада капиталистік сауданы түсіну керек, ал егер сен түсін-

бейді екенсің, онда сен жарамайсың. Не концессиялар жасаспау керек, не шетел жұмысшылары мен техниктеріне толық еркіндік беріп, әлгі капиталистік шарттарды өз пайдамызға пайдалану керектігін түсіну керек. Бұл салада біз, әрине, шек қоюшылықтар енгізбейміз.

Шек қоюшылықтар ілгеріде, тоғызыншы пункттің үшінші бөлімінде:

«Шетел жұмысшылары мен қызметшілері санының орыс жұмысшылары мен қызметшілері санына проценттік үлесі жалпы саны бойынша да, жеке категориялар шеңберінде де, әрбір концессиялық шартты жасасу кезінде екі жақтың келісімімен жеке-жеке белгіленеді».

Біз орыс жұмысшыларын бере алмайтын жерге, мәселен, Камчаткаға, ағаш өнеркәсібі үшін шетел жұмысшыларын алып келуді біз, әрине, шарттан шығарып тастай алмаймыз. Егер капиталистер ауыз суы немесе азық-түлігі жоқ өнеркәсіпте, мәселен, рудниктерде, осы арада құрылыс салғысы келсе, онда олар жұмысшыларды алып келуге тиіс, сондықтан мұнда біз оларға жұмысшыларды көптеп алып келуге мүмкіндік береміз. Керісінше, орыс жұмысшылары бар жерде, біз, бір жағынан, жұмысшыларымыздың үйренуіне, екінші жағынан, өз жағдайын жақсартуына мүмкіндік беру үшін проценттік үлесті тілге тиек етеміз, өйткені кәсіпорындарды капиталистік техниканың соңғы жетістіктеріне сай жақсарту мағынасында жұмысшыларымыз үшін концессиялардан біздің пайда көргіміз келеді. Мұның бәріне капиталистер тарапынан принципті қарсылық жасалмайды. Соңғы — оныншы пункт:

«10. Концессионерге РСФСР-дің үкімет органдарының келісімі бойынша орыс азаматтарының ішінен аса білікті мамандар шақыруға право берілуі мүмкін; жалдау шарттары әрбір жеке ретте орталық өкіметтің органдарымен келісілуге тиіс».

Бұл жөнінде шетел техниктері мен жұмысшыларына берілген кеңшілік сияқты толық кеңшілік беріледі деп біздің кепілдік бере алмайтынымыз түсінікті.

Онда біз араласпаймыз, онда олар капиталистік қатынастарға түгелдей бағынышты. Біздің мамандар мен техниктер жөнінде мұндай еркіндік береміз деп біз уәде етпейміз. Біздің таңдаулы мамандарымыздың концессиялық кәсіпорындарда пайдаланылуына біз рұқсат ете алмаймыз. Біз олардың опда баруына мүлдем жол берілмеуін де тілемейміз, бірақ шарттың орындалуын жоғарыдан да, төменнен де қадағалап отыру керек. Кәсіпорындарда істемекші жұмысшылардың, коммунистік партия мүшелерінің тарапынан бақылау қойылуға тиіс, шарт талаптарының орындалуы қадағаланып отыруға тиіс, сол сияқты өзінің кәсіптік-техникалық білімі жөнінде де, сондай-ақ заңдардың орындалуы жөнінде де бақылау болуға тиіс. Осы заманғы капитал корольдерінің кейбіреулерімен алдын ала жасалған келіс сөздерде бұл пункт жөнінде принципті қарсылықтар болған жоқ.

Халық Комиссарлары Советі мақұлдаған барлық пункттер осы. Бұл пункттер біздің қандай концессиялық саясат жүргізгіміз келетінін айқындап береді деп сенемін.

Әрбір концессияның экономикалық соғыс мағынасында өзінше жаңа шайқас болатындығына, соғыстың басқа майданға көшірілуі болатындығына күмән жоқ. Бұған бейімделу қажет, бірақ мұны партия съезі тұрғысынан істей білу керек. Тыныс алу керек, құрбандықтар мен қиыншылықтарға бару қажет, әйтпесе біз мақсатымызға жете алмаймыз, ал мақсат біреу: капиталистік қоршау жағдайында дүние жүзілік қарым-қатынастан тыс өмір сүре алмайтын және қазіргі жағдайларда өзінің өмір сүруін капиталистік қатынастармен байланыстыруға тиіс социалистік республиканың өмір сүруіне жағдай жасау үшін біз капиталистердің пайдаға деген ашқарақтығын және бір трест пен екінші трестің арасындағы дұшпандықты пайдаланамыз. Нақтылы жағдайлар қандай болады деген сұрақ туады. Мәселен, мұнай шарттары жөнінде бұл нақтылы жағдайлар мынадай: бүкіл Грозный мен бүкіл Бакудің $^{1}/_{3}$—$^{1}/_{4}$ бөлігі. Үлестік сыбағаның мөлшері белгіленді: біз өндірілген мұнайдың 30—40 про-

центін өзімізде қалдыратын боламыз. Біз, мәселен, белгілі бір мерзімде мұнай өндіруді 100 миллионға дейін жеткізу міндеттемесін, мұнай құбырын Грозный мен Петровскіден Москваға дейін жеткізу міндеттемесін енгіземіз. Белгілі бір мөлшерде үстемелеп ақы төлеуге тура келе ме, жоқ па — бұл мәселе әрбір жеке шартта қаралады. Бірақ шарттың типі осы жағдайлардан айқын болуға тиіс. Кәсіподақтар тұрғысынан маңызды нәрсе: басшы партиялық элементтер осы саясаттың ерекшелігін ұғынып, алдарына мынадай міндет қоюлары керек: партия съезінің шешімін капиталистік қоршау жағдайындағы социалистік құрылыстың міндеттеріне сәйкес орындау үшін қайткен күнде де осындай концессиялар берілуіне жету керек. Әрбір концессия жұмысшылар мен шаруалардың бір бөлегі үшін ұтыс, олардың жағдайын дереу жақсарту болмақ. Шаруалар үшін ұтыс болатын себебі: әрбір концессия біз өзіміз шығаруға шамамыз жетпей отырған өнімдерге бірсыпыра қосымша өнім береді, ал біз оны шаруаларға айырбасқа беретін боламыз, салық арқылы алмайтын боламыз.

Операция тіпті де оңай емес, ал Совет өкіметінің органдары үшін тіпті де мүлде оңай болмайды. Осы негізгі позицияға сүйене отырып, бұл жөніндегі соқыр сенімдердің бәрінен, өзгеріс жасауға ықыласcыздықтан, ескі әдеттерден құтылуға ықылассыздықтан, жұмысшылардың бір бөлегінің жақсы ақы алуынан, ал екінші бір бөлегінің нашар ақы алуынан туатын қолайсыздықтан арыла отырып, концессиялар берілуіне жетуді өзімізге міндет етіп қоюымыз керек. Істі жақсарту атаулының бәріне кедергі келтіруі мүмкін мұндай қолайсыздықтар мен мұндай талаптардың тағы миллионын ойлап шығаруға болады. Осы кедергілерді шетел капиталы пайдалана қояды. Орыс ақ гвардияшылары баспасөзінің өте ақылды деген өкілдері, бес есе көбейіп отырған Чернов пен Мартовтан өздерінің қаншалықты жоғары екенін тарихта Кронштадт оқиғалары арқылы дәлелдеген өкілдері сондайлық қарсы шығарлықтай мұнан басқа пунктті мен білмеймін. Егер біз өзіміздің соқыр сенімдеріміздің кесірінен жұ-

мысшылар мен шаруалардың жағдайын жақсарта алмасақ, онда мұнымызбен озімізге бұдан да үлкен қиыншылықтар жасап, Совет өкіметінің беделін біржолата түсіретінімізді олар жақсы біледі. Біздің қайткен күнде де осы жақсартуға жетуге тиіс екенімізді сіздер білесіздер. Біз шетел капиталисіне 2000 процент пайда беруден де тартынбаймыз, тек жұмысшылар мен шаруалардың жағдайын жақсартсақ болғаны,— ал мұны қайткен күнде де жүзеге асыру керек.

2
ЖАРЫС СӨЗДЕР КЕЗІНДЕ АЙТЫЛҒАН РЕПЛИКА

Біз қазір Шляпников жолдас пен Рязанов жолдастың тарапынан айтылған өте-мөте дипломатиялық сөздерді тыңдадық, бұлар қазір өте-мөте қатты қарсылық жасап отыр, бірақ сөйте тұрса да бұл қарсылығын дипломатиялық түрде жасағаны соншалық, мұның өзі концессионерлермен және буржуазиялық мемлекеттермен болатын келіс сөздерде мүлдем таптырмас еді. Біз жиналысқа келіп отырмыз, бұл жиналысқа мен Орталық Комитет пен Халық Комиссарлары Советінде болған алауыздықтар туралы баяндаймын. Бұл алауыздықтар осындағы айтыста да байқалып отыр... Алауыздықтардың нәтижесінде X съездің қаулысы шықты, онда былай делінеді: «Халық Комиссарлары Советінің декреті мақұлдансын, Баку мен Грозныйда концессия берілсін». Бұл мәселені біз осында айтысқа салғымыз келеді, сондықтан мен Шляпников пен Рязановтың ұсынысын қабылдамай тастауды, сөйтіп әуесқойлық демес үшін, олардың білмекке құштарлығы жалғаса беретін айтыс нәтижесінде қанағаттандырылуына мүмкіндік беруді өтінген болар едім.

3
КОНЦЕССИЯЛАР ТУРАЛЫ БАЯНДАМА БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

Жолдастар! Осында концессиялар жөнінде алауыздықтар бізде көп пе деген мәселе әуел бастан-ақ көтерілді және әрбір шартпен неғұрлым жүйелі түрде таныстырып отыру керек деген тілек білдірілді; айтпақшы, мұны Шляпников жолдас айтты. Мұның өзі күрделілігі жағынан қарағанның өзінде де орындалмайтын нәрсе болар деп қауіптенем. Мәселен, жекелеген державалармен бітім шарттарын жасасуды алсақ, онда әдепкі кезде өте-мөте егжей-тегжейлі жасалған жалпы директивалардан кейін бізде іс былай болып жүр: буржуазиялық елдермен жасасылған бітім шартының белгілі бір типі үн-түнсіз қабылданады, ал толып жатқан егжей-тегжейлер шартқа қол қоюға тапсырма алатын өкілдерге жүктеледі. Сондықтан бұл егжей-тегжейлердің басым көпшілігі, сірә, Халық Комиссарлары Советінің және Орталық Комитет мүшелерінің көпшілігіне белгісіз болу керек. Бұл арада да солай: біз принципті мәселемен шұғылдандық, сөйтіп бізге алауыздықтардың туу қаупі бар сияқты болып көрінді. Сондықтан да партия съезінің араласуына тура келді, сондықтан да тек партия мүшелерін ғана қамтитын осы жиналыс өзара танысу сипатындағы жиналыс болды. Біз сіздерге Халық Комиссарлары Советі қабылдаған шешімді оқып бердік.

Халық Комиссарлары Советі қабылдаған шешім кәсіподақшылардың аса көрнекті екі қайраткерінің ұсынысына қарама-қарсы қабылданды[74]. Коммунистік

фракция мүшелері көпшілігін осы жиналыс сияқты жиналыстан басқа қандай өзгеше тәртіппен хабардар етуге болар еді? Алауыздықтар біздің ойлағанымыздан гөрі аз болып шықты. Біздің бар тілегіміз де осы. Бұл жиналыста протокол жазылмайды, біз оны баспасөз бетінде талқылаймыз деп ойламаймыз. Мақсат орындалды.

Сіздерді Халық Комиссарлары Советінің шешімімен хабардар ете отырып, біз партия съезінің шешімін өзіміздің қалай қабылдағанымыз жайында сіздерге түсінік береміз. Сақталып отырған алауыздықтар күнделікті жұмыста әр түрлі мәселелер жөнінде туып отыратын және жай дауысқа салу арқылы шешіліп отыратын, жұмысқа бөгет бола алмайтын алауыздықтардан көп емес. Мұндай кезде көпшілікке бағыну ресми нәрсе ғана емес, сонымен бірге келешекте жұмысқа кедергі жасамайтын нәрсе болып табылады. Ешқандай елеулі алауыздықтар байқалған жоқ, ал ішінара болып тұратын алауыздықтар жұмыстың барысы арқылы жойылып отырады, меніңше, біздің бұл арада қол жеткен нәтижеміз осындай.

Рязанов жолдас өзінің өзгеше мінезіне басып, алауыздықтарды жұмысшы оппозициясымен шатастыруға тырысты. Ол біреу-міреудің қытығына тиюге тиіс тұжырымды әдейі таңдап алған, бірақ оның мұнысы сәтсіз болып шықты, шешендердің ешқайсысы оған ермеді.

Бір жолдас: біз мұнда екінші Брест шартын жасасып отырмыз деп записка жазып жіберіпті. Бірінші шарт сәтті болып шығыпты, екінші шарт жөнінде ол күмәнданады екен. Бір есептен бұл дұрыс та, бірақ бұл шарт экономика саласында Брест шарты мен кез келген буржуазиялық державамен жасалатын шарт арасындағы аралық бірдеңе болып шығады. Біз қазірдің өзінде мұндай шарттың бірнешеуіне қол қойдық, оның ішінде Англиямен жасалған бір сауда шартына да қол қойдық. Концессиялар туралы шарт Брест шарты мен буржуазиялық державалармен жасалатын осындай шарттардың арасындағы аралық шарт болмақ.

Сонан соң Рязанов жолдас әбден дұрыс бір ескерту жасады, мұны мен ең басынан-ақ баса көрсеткім келіп отыр. Ол былай деді: егер біз концессиялар жасасқымыз келсе, онда жұмысшылардың жағдайын жақсарту үшін емес, өндіргіш күштерді көтеру үшін жасасқымыз келеді. Әбден дұрыс! Жұмысшылардың жағдайын жақсартудан біз еш уақытта бас тартпаймыз. Менде Швецияның «Шарикоподшипник» заводтары қоғамымен жасалатын шарттың Халық шаруашылығы советі қайраткерлері жазған жобасы бар[75] (оқиды).

Бұл шартта жұмысшылардың жағдайын жақсарту туралы міндеттеме жоқ. Рас, бұл шарт былай жасалған: орыс үкіметі жұмысшыларды барлық қажетті нәрсемен жабдықтауды өз міндетіне алады, ал егер ол мұны орындамаса, онда капиталистердің жұмысшыларды шетелден алып келуге правосы болады. Жоспар бойынша жұмысшыларға тиісті нәрсенің бәрін орыс үкіметінің орындай алатыны жөнінде бізде де, Халық шаруашылығы советінде де, шведтерде де мен жалған түсініктер болуы мүмкін емес деп ойлаймын. Бірақ қалай болғанда да бұл арада Рязанов жолдас әбден дұрыс айтып отыр, өйткені концессиялардағы негізгі нәрсе жұмысшылардың жағдайын жақсарту емес, өндіргіш күштерді арттыру жәнe мәмлеге келу; мұндай мәмлеге келген кезде біз өнімдердің мөлшерін көбейту үшін үлкен құрбандықтар жасауға барамыз. Бірақ бұл өзі қандай құрбандықтар? Кейбіреулер маған: бұл құрбандықтарды әсірелеп немесе кемітіп көрсетіп отырсың дейді. Әсіресе бұл жөнінде Рязанов жолдас тіліп түйреп сөйлеуге тырысты. Мен бұл құрбандықтарды кемітіп отырған жоқпын, бірақ капиталистерге біз, мүмкін, жүз процент қана емес, тіпті мың процент те пайда беруімізге тура келер дедім. Бүкіл мән, міне, осында!

Егер, деп ойладым мен, мамандардың жасаған есебіне сүйеніп, мәселен, 30—40 процент мұнайды біз өзімізге алсақ, егер капиталист өзі өндіретін 100 млн. пұт мұнайдың 50—60 млн. пұтын өзіне алатын болса және, транспорты бар болғандықтан, бұл мұнайды,

бәлкім, 1000 процент пайдамен сатса, бәлкім, тіпті одан да артық пайдамен сатса, онда жағдай айқын. Ал мен Красиннің еншілдермен, жыртқыштармен алдын ала әңгімелесу негізінде жасаспақ болған шартында қойылатын талаптарды айқындауға тырысып; одан былай деп сұрадым: «Біздің капиталиске пайданың белгілі бір процентін, айталық 80 процентіне дейін береміз деп келісуімізге боларлықтай типтегі шартты ойластыруымызға бола ма». Ол былай деді: «Әңгіме пайданың мөлшері туралы болып отырған жоқ, өйткені бұл қарақшылар қазір 80 проценттен емес, 1000 проценттен пайда тауып баюда».

Меніңше, құрбандықтар өте-мөте көп жасалмақ. Егер біз концессияға руда немесе орман беретін болсақ, шетелде өте-мөте зәру болып отырған шикізатты, мәселен, марганец рудасы сияқты шикізатты беретін болсақ, сірә, аса үлкен құрбандықтар жасауға тура келер. Енді Грузия советтік Грузияға айналды. Әңгіме Кавказ республикаларын: Грузин, Азербайжан және Армян республикаларын бір шаруашылық орталыққа біріктіру туралы болып отыр. Азербайжан мұнай өндіреді, оны Батум арқылы, грузин территориясы арқылы тасу керек, сондықтан бірыңғай шаруашылық орталық болмақ.

Бір хабарға қарағанда грузин меньшевиктік үкіметі бұрын концессия жасасқан көрінеді, ол концессияны жалпы алғанда біздің де қабылдауымызға болады. Мен алдын ала грузин жолдастармен ғана хабарласа алдым және Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің секретары, өзі грузин Енукидзе жолдаспен әңгімелесіп: Енукидзенің Грузияда болып, меньшевиктік грузин үкіметімен бір шарт жасасқанын ғана анықтай алдым, рас, бұл концессиялық шарт емес еді; бұл шарт бойынша олар Грузияның $^{1}/_{6}$ бөлігін бізге қарсылықсыз береді де өздеріне ешкімнің тиіспейтіндігі жөнінде кепілдік алады[76].

Енукидзе жолдастың қатысуымен қол қойылған әлгі шарттан кейін, олар ешкімнің тиіспейтіндігіне кепілдік берілгеніне қарамастан, өздері сонда да Батумнан Константинопольге кетуді артық санаған, сондық-

тан біз Россия үшін емес, Советтік Грузия үшін территория алу — Батум мен оның төңірегін алу арқылы болсын, Константинопольге кетіп қалған толып жатқан меньшевиктерден құтылуымыз арқылы болсын, ұнамды жағынан да, ұнамсыз жағынан да ұтыс таптық.

Грузин ревкомының бұрын мүлде қазу жұмысы жүргізілмеген көмір кендерін концессияға беруді мақұлдап, оны өте-мөте маңызды концессия деп санауға әбден қосылатыны айқындалып отыр. Шетел державаларының екі өкілі — италиян өкілі мен герман өкілі Грузияға келген және советтік төңкеріс кезінде кетіп қалмай, сонда болыпты, мұның маңызы өте зор, өйткені бұл державалармен арадағы қатынастарды дамыту керек, оның бер жағында концессиялар арқылы дамыту керек. Италияның тіпті Грузиямен де концессиялық шарты бар, ал Германияның жағдайы мынадай: кейбір неміс капиталистері Чиатура марганец кендерінің орасан зор процентін иемденіп отыр. Сондықтан әңгіме осы меншіктену правосын арендаға немесе концессияға көшіру туралы, яғни өздерінің меншіктену правосымен иеленіп келген кендерді аренда правосымен сол неміс капиталистеріне беру туралы болып отыр. Кавказдағы саяси жағдайдың өзгеруі арқасында концессиялық қатынастар қалыптасуы мүмкін. Ал бізге бірінен соң біріне жол ашу керек. Англиямен жасасылған шарт — социалистік республиканың буржуазиялық мемлекетпен жасасқан шарты, бізге белгілі бір ауыртпалық жүктеген шарт болды.

Біз шарт жасасқан бірінші мемлекетке басқа мемлекеттерге қарағанда алтын қорының едәуір көп бөлігін бердік. Бірақ мұның нәтижелері мынаны көрсетіп отыр: осы шарттың арқасында біз біраз жол аштық. Сондықтан біз концессия атаулыны осы тұрғыдан бағалауға тиіспіз.

Германия мен Италия өздерінің экономикалық жағдайына байланысты Россиямен одақ жасасудың жолын іздестіруге мәжбүр болып отыр. Германияда герман революциясының таяуда жеңстін, жеңбейтініне қарамастан, Германиямен одақ жасасу Россия үшін

аса зор экономикалық перспективалар ашып береді. Біз Германияның буржуазиялық үкіметімен де келісе аламыз, өйткені Версаль шарты Германияны мүшкіл халге душар етіп отыр, ал Россиямен одақ жасасу мүлде басқаша мүмкіндіктерге жол ашады. Италияда отынды өзінде өндіретін мүмкіндіктер болмағандықтан, олар Кавказда көмір өндіру жұмысын қолдарына алды, бұл көмірге оларға дейін ешкім қол тигізіп көрмеген болатын. Егер немістер мұнай концессияларына сұқтанса, бұған таңдануға болмайды, өйткені Германияда мүлде отын жоқ.

Жолдастардың ішінен біреу осында былай деді: Камчаткадағы концессиядан жұмысшылардың жағдайы жақсармайды. Бұл мүлдем дұрыс емес. Ал Рязанов жолдас: Вандерлиппен ісіміз оңға баспайды деп, мүлде орынсыз кекетті. Рас, біз бір қате жіберіп алдық. Ол қате — Гардингке телеграмма жібергеніміз. Бірақ осы кезге дейін біз Америкамен ешқандай шарт та, қатынас та жасаспаған болсақ, мұнда қателік болған жоқ, біз тек американ үкіметімен өзінің байланыстары бар екендігін айтып Вандерлиптің мақтанғанын ғана көрдік. Біз паровоздар алуға тиіс болып отырған Канадаға өз өкілдерімізді жіберу арқылы, осы көлденең өсік арқылы біз американ рыногына да өнуге біраз мүмкіндік ала аламыз, бұл енді әбден мүмкін нәрсе.

Камчатка концессиялары туралы келіс сөздер енді ғана жанданып келеді, ал бұл концессиялардан жұмысшылардың жағдайы жақсармайды деу мүлде дұрыс емес. Егер бұл концессиялар жүзеге асырылатын болса, онда жұмысшылар жағдайының жақсаратыны күмәнсыз, өйткені біз белгілі мөлшерде үлестік сыбаға аламыз, ол сыбаға 2 процент болса керек, алайда бізде ештеңе болмай отырғанда 2 процент дегеніңіз де біраз нәрсе. Егер біз миллионнан 20 000 алып, мұны шаруалармен айырбасқа жұмсасақ, онда мұның өзі жұмысшыларға қажетті өнімдердің біразын береді.

Бұдан әрі мен мынаны атап айтқым келеді: сіздердің бізге жасаған кейбір ескертпелеріңіз дегенмен кәсіподақшылар арасында бірден-бір қауіп болып табы-

латын алауыздықтардың, дәлірек айтқанда, түсініспеушіліктердің бар екенін көрсетеді, сондықтан мұндай алауыздықтар мен түсініспеушіліктерді біз өз арамызда, бәлкім, партия мүшелері арасында бұдан әрі талқылау жолымен, жойып отыруымыз керек болар. Мәселен, Маршев жолдас боналармен емес, ақшалай төлеу керек деді. Амстердамдықтарға[77] келетін болсақ, олар бізге тиісе ме, жоқ па, бұл жөнінде біз келісіп алуға тиіспіз.

Мен жақында өзімнің 1918 жылы майда жазылған кітапшамды қайта оқып шықтым. Мен онда меньшевиктік «Вперед»[78] газетін цитатқа келтіргенмін, бұл газетте меньшевик Исув Совет өкіметін концессия жасасып отыр, буржуазиялық мемлекеттермен келісім жасасып отыр деп айыптаған болатын*. Біздерді концессия жөнінде кінәлау — меньшевиктердің бізді мезі қылған әдісі. Батыс Европада да қазір бұл жөнінде көптеген топтар айқын болды. Концессиялар дегеніміз Брест шарты екенін, шаруа халқы басым болып отырған елдің күйзеліп-күйреуі себепті біздің бұған баруға мәжбүр болып отырғанымызды коммунистер түсінеді. Ірі өнеркәсіп болмайынша, елдің қайта өрлеуі мүмкін емес екендігін әркім де түсінеді.

Біздің не себепті кеңшіліктер жасауға тиіс екенімізді Германия коммунистері түсінеді, ал шейдемаңшылдар мен II $^{1}/_{2}$ Интернационал бұл концессиялар сіздердің күйрегендіктеріңіздің дәлелі дейді, өткен жылы бір жиналыста менің американ шовинисі Спаргоны дәлелге келтіргенім есімде**, ол өзі большевиктер туралы біздің Алексинскийдің рухында құшақ-құшақ кітаптар жазып маманданған, оның үстіне концессиялар жөнінде ол би билеп, мәз болуға құмар. Мен бұлай деу барып тұрған бұрмалаушылық екенін сонда-ақ айтқанмын. Кешегі күні халықаралық капитал біздерді тұншықтырғысы келді, ал бүгінгі күні осы халықаралық капиталмен жасасқан біздің бірқатар шарттарымыз бар.

---

* Қараңыз: **Шығармалар толық жинағы, 36-том, 333-бет.** *Ред.*
** Қараңыз: **Шығармалар толық жинағы, 42-том, 27, 46-беттер.** *Ред.*

Біз шетел капиталына миллиондаған өте бағалы материалдар беріп, құрбандықтар жасап отырмыз, ал олар бұл материалдардан жүздеген процент пайда таба алады. Біздің әбден саналы түрде барып отырған құрбандықтарымыз міне осы. Бірақ бұл ретте біз мынаны атап көрсетуге тиіспіз: олар қандай болсын пайда таба берсін, біз бұған жол береміз, бірақ сонымен бірге біз өзімізге де қажет болып отырған тиімділікті алуға тиіспіз, яғни өнімдердің мөлшерін арттырып, өзіміздің, концессияда жұмыс істейтін де, істемейтін де, жұмысшыларымыздың жағдайын мүмкіндігінше жақсартамыз.

Осында Шляпников жолдас концессияны орыс жұмысшыларына берсе жақсы болар еді деді. Бірақ бұлай деу кісі күлерлік нәрсе. Онда отынмен, тағы басқалармен қамтамасыз ету керек, ал біз мұнымен өзіміздің ең екпінді кәсіпорындарымызды да қамтамасыз ете алмай отырмыз. Бізде отын мәселесінің жайы нашар. Орыс жұмысшыларымен концессиялар туралы қандай да болсын шарт жасасу жалпы алғанда принцип жағынан әбден мүмкін нәрсе, бірақ біздің ірі өнеркәсібіміз үшін мәселені бұлайша шешу байсалдылық емес, өйткені біз оларды ештеңемен қамтамасыз ете алмаймыз, ал шетел концессионерлері болса, керектерін шетелден тасып әкеле алады. Шетел капиталистерімен шарт жасасудың айырмашылығы міне осында. Олардың бүкіл дүние жүзілік рыногы бар, ал біздің қамтамасыз етілген экономикалық тылымыз да жоқ және оны жасау үшін кемінде 10 жылды сарп етуге тиіспіз. Біз міне осыны байыппен есепке алуға тиіспіз. Бұл мәселе жөнінде біздің барлық қызметкерлеріміз жағдайдың осындай екенін дәлелдеді.

Электрлендіру жоспарының ең бір үнемді жоспар екенін біз білеміз. Біз өзіміздің ірі заводтарымызды орыс жұмысшыларына арендаға бере алмаймыз. Бұл арада ұсақ өнеркәсіпке қол арту керек, оны өркендету керек және бізді сөккен Рязанов жолдас сияқты немесе бізді анархо-синдикалистік заңдарды жүргізіп отыр деп жазған бір кітапшаның авторы сияқты бәрінен

бұрын біздің азық-түлік салықтары жөніндегі шараларымызды сөкпеу керек.

Ұсақ өнеркәсіпті өркендету жөнінде біз бірнеше қадам жасауға тиіспіз, өйткені мұнда мемлекет тарапынан кепілдік берілмесе де дереу бірдеңелер алуға болатындықтан және тіпті өзіміздің ең екпінді деген кәсіпорындарымыздың өзін қамтамасыз ете алмай отырғанымыз себепті бар күшімізді салып ұсақ өнеркәсіпті өркендету керек, ол бізге шаруалар үшін қажетті қайсыбір өнімдерді береді.

Ақшалай немесе боналармен төлеу туралы мәселе жөнінде менің айтатыным: өкімет капиталистердің қолында болған кезде бұл қорқынышты еді, ал бізге бұл қорқынышты бола алмайды, өйткені заводтар мен кәсіпорындардың бәрі біздің қолымызда, ал қазір біз олардың оннан бір бөлігін де капиталистерге арендаға бергеніміз жоқ. Қайталап айтамын, бізге боналар қорқынышты емес, өйткені капиталистер, осында көрсетілгендей, тек тұздалған балықты ғана емес, пәлен және түген деп біз көрсеткен товарларды ұстауға міндетті болады. Біз шетел жұмысшысының нормасын алады екенбіз, онда біз оның азық-түлікті норма бойынша тіпті орыс жұмысшысынан анағұрлым көбірек те, жақсырақ та алатынын білеміз.

Осында Шляпников жолдас: «Біз концессияларды көргенбіз» деді. Ал Шляпников жолдас та және өте көптеген практиктер де осы қатені жасап жүр. Менің былай деген сөздерді естуіме тура келіп жүр: «Сіз концессиялар туралы үстірт ойлайсыз. Капиталист қашан да ең тәжірибелі деген орыс юристерін алдап кететін». Мемлекеттік өкімет капиталистің қолында болғанда және барлық күш капиталистің қолында болғанда, әрине, алдап кететін. Мемлекеттік өкімет деген не еді? Билік жүргізуші дәулетті таптың істері жөніндегі комитет — мемлекеттік өкімет деген осы болатын. Помещиктер мен капиталистердің істері жөніндегі комитет — капиталистік үкімет міне осындай болатын. Бірақ фабрикалардың, заводтар мен темір жолдардың көпшілігі өз қолымызда бола тұрып, басқарып отыр-

ған партиямыз — төменнен коммунистік ұялар, жоғарыдан коммунистеріміз бола тұрып, сөйте тұрып біз өз мүддемізді қорғап қала алмасақ, онда өзімізді өзіміз өлтіруіміз керек. Міне бұл — үрейлену!

Бірақ мен біз қаншалықты жаман болсақ та, қалай дегенмен алдауға түсіп қалатындай ашық ауыздар емес шығармыз деп ойлаймын, оның үстіне біз осы кезге дейін бірнеше шарттар жасастық, ал бұл шарттарды жасасқанда Франция мен Англия үкіметінің өкімет орындары маңдай алды буржуазияшыл дипломаттардың қызметін пайдаланды, соның өзінде де біздерді бір рет те алдай алмаған болса, онда біздерді боналар жөнінде алдап кетеді-міс деп үрейленудің не керегі бар? Брест шартын еске алайық. Брест шартының қиындығы неде еді? Қорғанудың қиындығы неде болды? Сіздер немістерді алдап кетудің сәті түсетіндігіне сенесіздер ме деп менен сұраған кезде, мен қызмет бабына байланысты сенбеймін деп айтуға міндетті болдым. Ал қазір Брест шарты тарих саласына көшті.

Каменев жолдас әзірлеген кітапшаның (онда Людендорф туралы айтылады) шыққан-шықпағанын мен білмеймін, бірақ басқа ешкім емес, нақ сол Людендорф өзінің бір тамаша естеліктер томын жазып, онда Брест келіс сөздеріне 10 бет арнағанын мен білемін. Біз Каменев екеуміз бұл тарауды оқып шыққаннан кейін: Брест шартын ақтап шығатын ең жақсы шығарма осы екен дегенбіз. Людендорф онда Брест келіс сөздері кезінде өздерін Троцкийдің және басқалардың қалай қыспаққа алғанын, бұлардың алдын орап кеткенін, т. т. баяндайды. Сонда біз бұл беттер аударылып, Каменев жолдастың шағын алғы сөзімен басылып шығуы қажет деп тапқанбыз, ал егер бұл осы кезге дейін істелмеген болса, онда мұның өзі Совет өкіметінің дәрменсіздігінің үлгісі. Сонан соң мынадай бір фактіні алайық. Герман үкіметі жанындағы біздің елшіміз Иоффе жолдастың неміс революциясы қарсаңында Германиядан қуылғаны мәлім. Бұдан кейін кімді кімнің алдап кететініне алдын ала сәуегейлік жасаушы болмаңыз. Бірінші концессиялық шартты жасасу Европадағы бірінші ірі революциядан неше

күн бұрын болатынын кесіп-пішпей-ақ қояйық. Сондықтан да шарттар жонінде жолдастардың айтқандары мүлде дұрыс емес деп кесіп айтамын. Бұл бізге мүлде қорқынышты емес.

Капиталистердің қандай-қандай товарлары болуы керек екені және олар қандай бағамен сатылуға тиіс екені шартта айтылатын болады. Боналар мен зат алу книжкаларының қандайына болса да біз келісе аламыз. Егер олар шартты бұзатын болса, онда шарттың дереу күшін жою біздің қолымызда. Шарт дегеніміз азаматтық келісім. Арбитраж қандай болуға тиіс және таласты кім шешуге тиіс деген мәселені мен осы кезге дейін талдап көрген емеспін, бірақ швед қоғамымен жасалған шарттың алғашқы жобасын нақ қазір қарап көрейін. Мұнда былай делінген: алауыздықтар шешіледі...

Бұл жөнінде академиктерді жұмысқа қостық, олар юристерді жұмысқа қосуға күш салады. Бебельдің: юристер — нағыз реакцияшыл және сонымен бірге буржуазияшыл адамдар деген сөздерін мен ұмытқан жоқпын. Әрине, біз мұны бірдеңе етіп түзей аламыз, бірақ мұнда қорқынышты ештеңе де жоқ. Егер концессионерлер бізге бұл талаптарды қоятын болса, онда біз оны қабылдай аламыз. Пәлендей-түгендей товарлар болуы керек және зат алу книжкасы былайша төленеді деп шарт дәлме-дәл жасалған екен, онда біз бұған келісе аламыз, сөйтіп боналарда да, зат алу книжкаларында да социалистік республика үшін қорқынышты ештеңе жоқ. Сонан соң жұрт: сіздер Кәсіподақтардың халықаралық советінен[79] бөлек кеттіңіздер, сондықтан 9-пункт жарамсыз болып қалды десті. Лозовский амстердамдықтар біздерді соққылайтын болады деп қорқытты, бірақ олар бәрібір барлық басқа статьялар бойынша да бізді соққылайтын болады, бірақ сайын келгенде, олардың өздері соққы жейді, өйткені әрқашан да осылай болып келген.

Капиталистерге біздің болмашы кеңшіліктер жасағанымыз үшін меньшевиктердің бізді қалай соққыламақ болғаны естеріңізде болар. Біз капитализмді құлатпақшы болған кезде, олар капитализмді сіздер бір-

неше күнге ғана құлатасыздар деді, ал біз бірнеше жылға құлатқанда, олар тағы да бізге тұзақ құрып отыр. Олар қарсыласын анық соққы жейтін жерге алдап апаруға тырысуда.

Олар біздерді әуелі утопистер деп атады, ал сонан соң біздерге бесінші қабаттан басымызбен төмен қарай қарғуды ұсынады. Бізде ұсақ шаруашылық көп екепін біз білеміз. Ұсақ меншікшілер — біздің дұшпандарымыз. Ұсақ меншікшілдік стихия — біздің ең қауіпті жауымыз. Концессионерлер мен арендаторлар — кішкентай жаулар. Бюрократия да, бюрократиялық бұрмалаушылықтар да біздің жауымыз.

Лозовский жолдас айтқан пункт жөнінде мен оны зейін қойып тыңдап көріңіздер демекпін. Онда былай делінген: «Мұндай жұмысшылар жөнінде орыстың тарифтік ставкаларын да, сондай-ақ жалдау туралы орыс ережелерін де қолдануды талап етуге кәсіподақтардың правосы жоқ». Онда орыс одағы туралы айтылады, ал маған халықаралық одақ туралы айтады. Әрине, егер капиталистер орыс шарттарын көрген болса, онда олар бұл коммунистік шарттар, қисынсыз шарттар және жалдау жөніндегі орыс шарттарын қолдануды орыс кәсіптік одақтарының талап етуге правосы жоқ, өйткені бұл шарттарға дағдыдан тыс бірдеңе «тықпаланған», бірақ олардың халықаралық кәсіптік шарттарды қолдануға толық правосы бар дейді. Осының өзі де жеткілікті. Мұнда стачкаларға тыйым салынған деп еш жерде айтылмаған. Мұнда бәрін бірдей күні бұрын айтып қоймауға үйрену керек.

Орыс жұмысшысының жағдайын жақсартуға келетін болсақ, осында Маршев пен Тартаковский жолдастар шүйлігіп, сіздер жұмысшылармен тіл таба алмайсыздар, оларға жұмыс істете алмайсыздар, өйткені сіздер олардың $^1/_5$ бөлігін қамтамасыз етсеңіздер, онда $^4/_5$ бөлігі нашар жағдайларда жұмыс істегісі келмейді деді. Шынымен-ақ біздің жұмысшыларымыз сондайлық оспадарсыз, мәдениетсіз және тәртіпсіз жұмысшылар болғаны ма? Егер бұлай болса, онда, әрине, үрейге беріліп, өзіңді өзің өлтіруің керек. Егер жүз жұмысшы тамаққа жарымайтын болса, біз оларға 20-ңды ғана

тойындыра аламыз, бұдан артығыңды тойындыра алмаймыз десек, сонда олар бұдан шынымен бас тарта ма? Алайда біз осы кезге дейін мұны кездестірген жоқпыз. Біз өнеркәсіптің белгілі бір салаларының жұмысшыларын әйтіп-бүйтіп асырап келдік, бірақ барлығын бірдей асырай алған жоқпыз, дегенмен бұл кәсіпорындардан жұмысшылардың бәрі бірдей қашып кеткен жоқ, ал басқа кәсіпорындардан — бәрі кетіп қалды. Жүз жұмысшының бәрін ашықтырғаннан гөрі 20 жұмысшыны болса да тойындырудың жақсы екенін түсінуге өресі жетпейтіндей, Совет өкіметінің қателері орыс жұмысшысын шынымен-ақ сопшалық бүлдіріп жіберген і ме? Бұл арада күні бұрып айтуға болмайтын нәрселер көп-ақ. Капиталистерде жұмысты кезекпен істейтіндей етіп неге ұйымдастыруға болмайды? Жұмысшылар 6 ай жұмыс істеп, өндірістік киім алса, сонан соң олар басқа жұмысшылардың да күнелтуі үшін орнын соларға босатып берсе қайтеді. Әрине, мұнда соқыр сенімдерге қарсы күресу керек.

Бізге концессионерлер келгенде, өз кәсіподақтарымыздың шамадан тыс бірдеңені талап етпеуі үшін біз оларға басалқы айтуға тиіспіз. Шарттың дағдылы мерзімдерінің қысқа болатынын сіздер білесіздер. Европада ұзақ мерзімге шарт жасасу жағдайлары болған емес. Дағдылы мерзім 6 ай. Сөйтіп, жұмысшылар әл жинап, аяқ киім мен киім-кешек алсын да, сонан соң кетіп, орынды басқаларға беретін болсын.

Біздің жұмысты былай етіп ұйымдастыруға мүмкіндігіміз мүлдем жоқ па: жарты жыл жұмыс істеп, әлденіп, америкап аяқ киімі мен киім-кешегін алса, сөйтіп орынды басқа жұмысшыларға берсе ше? Әрине, мұны істеу қиын. Мұның өзі біздегіден гөрі үлкен ұйымшылдық пен тәртіпті талап етеді, бірақ мұның өзі мүмкін нәрсе. Сұмдық ашаршылықтың үш жылы бойына жұмысшыларды шетел капиталының шабуылына қарсы қоюдың амалын тапқан болсақ, онда біз бұл жолы да шынымен осының бір амалын таба алмаймыз ба? Бұл жолда қандай қиындықтардың кездесетінін мен жақсы түсінемін. Сондықтан да былай демекпін: концессия дегеніміз таптар арасында татулықтың орнауы

деген сөз емес. Концессия дегеніміз таптар арасындағы соғыстың жалғасы.

Егер бұрын соғыс менің сені ашаршылықпен алуым үшін, ал сенің түк те алмайтын болуың үшін жасалып келсе, енді саған мен былай деймін: бір пардан аяқ кийм бергім келеді, бірақ жұмысшылар жарты жыл жұмыс істейтін болсын. Ал біз жұмысшылардың бөрі аяқ киім алуы үшін соғысатын боламыз. Стачкадан біз бас тартпаймыз, егер біз тек қапа парасатты болып, капиталистерді қызықтырып өзімізге немен тартуға болатынын қазір баса көрсетуге тырыссақ, әлгі айтылғандардың бәрі біздің қолымызда қалады.

Осында жұрт капиталист келеді де, бізді алдап кетеді деп қатты қорқамыз деседі, ал менің айтатыным: бұл қорқынышты емес және өнімділікті арттыру үшін оның келгені керек, өйткені оның тамаша ұйымдастырылған тылы, тамаша жабдықталған заводтары бар, біз керек бөлшектерді еркін рыноктан сатып алмай, әлгі заводтарға заказ бере аламыз,— өйткені еркін рыноктағылар кілең түкке жарамсыз нәрселер. Маңдай алды заводтарда заказдар бірнеше жыл бұрын алынып қойған. Егер біз тіпті өз алтынымызбен төлесек те, біз бәрібір ештеңе ала алмаған болар едік, ал синдикаттың мүшесі бәрін ала алады. Сондықтан жұмысшылар мен шаруалардың тым болмағанда шағын бөлегінің жағдайын жақсарта алсақ болғаны, синдикаттың мүшесіне артығырақ төлеу бізге өкінішті емес, өйткені қосымша өнім атаулының бәрі шаруаларға астыққа айырбасталады, демек жұмысшы табы мен шаруалардың арасында тұрақты қатынас туғызады.

Сонымен, мен кәсіподақшылар принципті мәселелерден, таластардан бас тартса екен деген өтінішпен сөзімді аяқтаймын. Мұның бәрі бос таластар, мұның бәрі схоластика. Мұны тастау керек. Барлық назарды концессиялық шарттардың практикалық талаптарына, егер зердесіз болмасақ, біз өзіміз үшін пайда түсіретін талаптарға аудару керек. Кәсіподақшылар мен партия басшылары бұл арада өзінің тапқырлығын және жағдайларды практика жүзінде білетіндігін көрсетуге тиіс, Брест шарты кезінде біздің Иоффе жолдасқа

қандай тапсырмалар берілетінін айтпағанымыз сияқты, біз бұл жағдайлар жөнінде баспасөз бетінде айта алмаймыз және айтпаймыз да, өйткені орыс баспасөзін капиталистер .аңдып отыр. Іс жүзінде біз жұмысшылар мен шаруалардың жағдайын жақсарту үшін пайдасын тигізе алатын практикалық тәсілдерге назар аударамыз. Мұндай жақсартудың қандайының болсын біз үшін зор маңызы бар. Кәсіподақшылардың назар аударуы керек нәрсе міне осы. Егестер де, соқыр сенімдер де қалмау керек. Бұл қиын мәселе. Қазір әлі ешкімнің біздермен концессия жасасқысы келмейді. Бәрі де бізді орындауға болмайтын талаптар қояды деп күтуде.

Сондықтан біз өз тарапымыздан осындай бірнеше шарт жасасуға бар күш-жігерімізді сөзсіз жұмсауға тиіспіз. Әрине, біз бірсыпыра қателер жасайтын боламыз. Жаңа істі бастап отырмыз. Осы кезге дейін капиталистермен ешқандай концессия жасасқан бірде-бір социалистік республика жоқ. Бірақ бізге кәсіподақшылардың көмектесуі керек. Бұл арада түрліше түсінік беруге, стачкалар жасауға дейін барып қысым көрсетуге өріс өте кең, ал бұл айтылғандар біздің өз қолымызда.

СЫРТҚЫ САУДА ҮШІН ЖАСАЛАТЫН ЗАЯВКАЛАР ТУРАЛЫ

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[*]

Егін шығымы мүлде төмен болуы және отынмен жабдықталу жайы өте нашар болуы мүмкін деп есептелген жағдайда, азық-түлік пен отынның ең қажетті аз ғана мөлшерін дайындау үшін ғана 1921—1922 жылға қажеттісін сатып алу тұрғысынан сыртқы сауда үшін алтынмен есептегенде 38.9 миллион сомға жасалатын заявкаларды да, сондай-ақ басқа заявкаларды да қайта қарау Мемлекеттік жоспарлау комиссиясына тапсырылсын.

1921 ж. 12 апрельде жазылған

Бірінші рет 1932 ж. Лениннің XX жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

АЗЕРБАЙЖАНДАҒЫ, ГРУЗИЯДАҒЫ, АРМЕНИЯДАҒЫ, ДАҒЫСТАНДАҒЫ, ТАУ РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КОММУНИСТ ЖОЛДАСТАРҒА

Кавказдағы Советтік республикаларға қызу сәлем жолдай отырып, олардың тығыз одағы буржуазия тұсында болып көрмеген және буржуазиялық құрылыста болуы мүмкін де емес ұлттық татулықтың үлгісін көрсетеді деп сенім білдіргелі отырмын.

Бірақ Кавказдағы ұлттардың жұмысшылары мен шаруалары арасындағы ұлттық татулық қаншалық маңызды болғанымен, социализмге өтудің шарты ретінде Совет өкіметін сақтап қалып, дамыту онан да гөрі әлдеқайда маңыздырақ. Бұл қиын міндет, бірақ оны орындауға әбден болады. Мұны ойдағыдай орындау үшін бәрінен де гөрі маңыздысы мынау: РСФСР-дің халі мен жағдайларына қарағанда өз халдерінің, өз республикалары халдерінің *ерекшелігін* Закавказье коммунистерінің түсінулері керек, біздің тактиканы айнытпай қабылдаудың қажет еместігін, қайта оны нақты жағдайлардың айырмашылығына сәйкес байыпты түрде өзгертіп қолдану қажеттігін түсінулері керек.

Россиядағы Совет республикасы еш жерден саяси және әскери көмек ала алмады. Қайта, ол Антантаның соғыс шапқыншылықтарына және оның блокадаларына қарсы талай жылдар бойына күресті.

Кавказдағы Советтік республикалар РСФСР-ден саяси және аздап болса да әскери көмек алды. Негізгі айырмашылықтың бірі осы.

Екінші: Антанта шапқыншылық жасайды деп және грузин, азербайжан, армян, дағыстан және таулықтар-

дың ақ гвардияшыларына әскери көмек көрсетеді деп қазір қорқуға болмайды. Антантаның Россияда «аузы күйді», сондықтан мұның өзі оны, сірә, біраз уақытқа дейін абай болуға мәжбүр ететін шығар.

Үшінші: Кавказ республикалары — Россиядан да гөрі шаруалар басым көпшілік болып саналатын елдер.

Төртінші: Россия алдыңғы қатарлы капиталистік елдерден экономика жағынан оқшау қалды және едәуір дәрежеде сол күйінде қалып та қойып отыр; Кавказ капиталистік Батыспен «қатар өмір сүруді» және олармен товар айырбасын тез, оңай жолға қоя алады.

Барлық айырмашылық мұнымен бітпейді. Бірақ басқаша тактиканың қажеттігін түсіну үшін осы көрсетілген айырмашылықтардың өзі де жеткілікті.

Ұсақ буржуазия, интеллигенция жөнінде, әсіресе шаруалар жөнінде неғұрлым жұмсақтық, сақтық, икемділік керек. Капиталистік Батысты концессиялар саясатында және онымен товар айырбасын жасау саясатында экономика жағынан түгелдей, күш-жігерді сала, жедел пайдалану керек. Мұнай, марганец, көмір (Ткварчели кені), мыс — орасан зор кен байлықтарының болмашы тізбесі міне осындай. Концессиялар саясатын және шетелмен товар айырбасын жасауды кең өрістетуге толық мүмкіншілік бар.

Мұны жұмысшылар мен шаруалардың жағдайын жақсарту үшін, шаруашылық құрылысқа интеллигенцияны тарту үшін барлық жағынан пайдалана отырып, кең көлемде, батыл түрде, шеберлікпен, сақтықпен істеу керек. Италиямен, Америкамен және басқа елдермен товар айырбасын пайдаланып, бай өлкенің өндіргіш күштерін, ақ көмірді, суландыру ісін бар күшті салып дамыту керек. Егіншілік пен мал шаруашылығын қайткен күнде де көтеру үшін суландырудың ерекше маңызы бар.

Социализмге неғұрлым асықпай, неғұрлым сақтықпен, неғұрлым жүйелі түрде өту керек — РСФСР-ге қарағанда Кавказ республикалары үшін мүмкін және қажетті нәрсе міне осы. Біздің тактикамыздан өзгеше түсінуге және жүзеге асыра білуге тиісті нәрсе міне осы.

Біз дүние жүзілік капитализмді бірінші болып бұзып шықтық. Құрсау үзілді. Бүкіл Антанта қолдаған, оның блокадасы, оның әскери көмегі қолдаған ақтарға, эсерлерге, меньшевиктерге қарсы арпалысқан, бұрын болып көрмеген, ауыр әрі қиын, азапты жойқын соғыста біз өзімізді қорғап қалдық.

Кавказдағы коммунист жолдастар, сіздерге құрсауды үзіп шығудың қажеті жоқ, сіздер 1921 жылғы өздеріңіз үшін қолайлы халықаралық жағдайды пайдаланып, асқан сақтықпен, жүйелі түрде жаңа дүниені құра білулеріңіз керек. Европаның да, бүкіл дүние жүзінің де 1921 жылғы жағдайы 1917 және 1918 жылдардағыдай емес.

Біздің тактиканы айнытпай қабылдаудың керегі жоқ, ал оның өзіндік ерекшелігінің себептеріне, оның жағдайлары мен қорытындыларына өздеріңізше ой жүгіртулеріңіз керек; өздеріңізде 1917—1921 жылдардағы тәжірибенің әрпін емес, мәнін, мағынасын, сабақтарын қолдануларыңыз керек. Капиталистік шетелмен товар айырбасын жасауға экономика жағынан алғанда дереу сүйену керек, сараңдық істемеңіздер: он миллиондаған өте бағалы кен өнімдері соларға-ақ бұйырсын.

Шаруалардың жағдайын жақсартуға дереу күш салу керек, сөйтіп электрлендіру, суландыру жұмыстарын зор көлемде бастау керек. Суландыру бәрінен де гөрі керек және бәрінен де гөрі өлкені қайта жаңғыртады, оны жандандырады, ескілікті құртады, социализмге өтуді нығайтады.

Бұл хаттың кем-кетігі үшін ғапу етіңіздер, өйткені Мясников жолдастан беріп жіберу үшін асығыс жазуға тура келді, Кавказдағы Советтік республикалардың жұмысшылары мен шаруаларына тағы да ең ізгі сәлем жолдап, тілектестік білдіремін.

Москва, 14 апрель, 1921 жыл. *Н. Ленин*

«Правда Грузии» № 55, 8 май, 1921 ж.

«Правда Грузии» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

ПЕТРОГРАДТЫҢ ПАРТИЯДА ЖОҚ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ЖАЛПЫ ҚАЛАЛЫҚ КЕҢЕСІНЕ[81]

Жолдастар! Сіздердің ұсыныстарыңыз бойынша Петроградқа бара алмағаныма қатты өкінемін. Партияда жоқтардың кеңесін және сіздердің жұмыстарыңызды шын жүректен құттықтаймын. Дәл қазір, бүкіл дүние жүзінің буржуазиясы шетелмен біздің сауда келісімдерімізді болдырмауға тырысып, Советтік Россияға қарсы өсек-аяңның адам естімеген науқанын жүргізіп отырғанда, дәл қазір партияда жоқ бұқараның көмегі, олармен бірлесіп қызмет істеу ерекше маңызды. Россияда өкімет өзгерісі атаулының бәрі ақ гвардияшыларға пайдалы екенін Кронштадт оқиғаларынан кейін жұмысшылар мен шаруалар бұрынғыдан гөрі жақсы түсіне бастады; Милюков пен буржуазияның ақылды деген көсемдерінің бәрі «Советтер большевиктерсіз болсын» деген кронштадттық ұранды тегіннен-тегін құттықтаған жоқ.

Партияда жоқтардың кеңесіне тағы да сәлем жолдаймын, жұмыста алуан табысқа жетулеріңізге тілектеспін және қазір шаруашылық құрылыс ісіне партияда жоқ жұмысшылар мен шаруаларды іріктеп алу қажеттігіне, оларды осы іске үнемі көбірек көтеріп отыру қажеттігіне көңіл аударуды ерекше өтінемін. Петроградта облыстық шаруашылық орталығы құрылды. Жұмысқа қаттырақ күш салу керек. Жергілікті

қызметкерлердің праволары мен инициативасы көбейтіліп отыр. Партияда жоқтар істі қолға алып, адамдарды берген үстіне бере түсуі керек.

Сәлем жолдаймын.

Ленин

1921 ж. 14 апрельде жазылған

1921 ж. 21 апрельде «Красная Газетаның» 88-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ «АЛГЕМБА»[82] ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ

Мыналардан комиссия тағайындалсын:

2 адам Мемлекеттік жоспарлау комиссиясынан

2 мұнайшы немесе отыншы

2 адам Мұнай бас комитетінен

2 теміржолшы

Комиссияға 2 аптада мыналарды анықтау тапсырылсын:

1) Алгемба темір жолы жұмыстарының қаншасы орындалды;
2) мұнай құбыры жөнінде де осы;
3) атап айтқанда рельстермен және құбырлармен дереу қамтамасыз етілуі — толық қамтамасыз етілу жайы;
4) Ембі кәсіпшіліктерін тұщы сумен жабдықтау мүмкіндігі және Ембідегі жұмыстарды қамтамасыз етудің басқа жағдайлары;
5) мұнайды орталыққа Ракуши — Астрахань арқылы су жолымен жеткізудің және Саратов арқылы темір жолмен және мұнай құбырымен жеткізудің салыстырмалы құнын тексеру;
6) темір жол (Алгемба) мен мұнай құбырын аяқтаудың мүмкін және ықтимал мерзімі;
7) Ракуши — Астрахань арқылы мұнайды Ембіден тасымалдау үшін қосымша өзен мен теңіз флотын

табу мен жеткізудің мүмкіндігі, ықтималдығы және құны;

8) сондай-ақ мәселенің басқа жақтары да анықталсын.

1921 ж. 15 апрельде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

Российская Социалистическая Федеративная Советская Республика

Пролетарии всех стран, соединяйтесь!

Н. ЛЕНИН

О ПРОДОВОЛЬСТВЕННОМ НАЛОГЕ

(Значение новой политики и ее условия)

(Статья т. Ленина будет помещена в № 1 журнала Главполитпросвета „КРАСНАЯ НОВЬ", находящегося в наборе. Редакция издает ее предварительно в виде отдельной брошюры)



ГОСУДАРСТВЕННОЕ ИЗДАТЕЛЬСТВО

1921

В. И. Лениннің «Азық-түлік салығы туралы (Жаңа саясаттың маңызы және оның шарттары)» деген кітапшасының мұқабасы.— 1921 ж.

Кішірейтілген

АЗЫҚ-ТҮЛІК САЛЫҒЫ ТУРАЛЫ

(ЖАҢА САЯСАТТЫҢ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ШАРТТАРЫ)[63]

КІРІСПЕ ОРНЫНА

Азық-түлік салығы туралы мәселе қазіргі уақытта өте-мөте көп көңіл бөлгізіп, талқыға салынып, талас-тар тұғызып жүр. Бұл әбден түсінікті, өйткені мұның өзі шынында да қазіргі жағдайда саясаттың басты мәселелерінің бірі болып отыр.

Талқылау ісі біршама әбігерлік сипатта өткізіліп жүр. Әбден түсінікті себептер бойынша, бұл күнәға бәріміз де батып отырмыз. Сондықтан да бұл мәселені оның «күнделікті маңызы» жағынан алып қарамай, жалпы принципті жағынан алып қарау әрекеті неғұрлым пайдалы болмақ. Басқаша айтқанда: қазір өзіміз бүгінгі таңдағы саясаттың белгілі бір практикалық шараларының өрнегін сызып отырған көріністің жалпы, негізгі аясына көз салу керек.

Осындай әрекет жасау үшін мен: «Біздің дәуіріміздің басты міндеті.— «Солшыл» балалық туралы және ұсақ буржуазияшылдық туралы»* деген кітапшамнан ұзақ үзінді келтіргелі отырмын. Бұл кітапшаны 1918 жылы Петроград Совдепі бастырып шығарған және онда, 1-ден, Брест бітімі жөнінде 1918 жылы 11 мартта жазылған газет мақаласы бар, 2-ден, сол кездегі солшыл коммунистер тобымен болған, 1918 жылғы 5 май деп белгіленген айтыс бар. Енді айтыстың керегі жоқ, сондықтан мен оны алып тастап отырмын. «Мемлекеттік капитализм» туралы және біздің осы заманғы,

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 36-том, 305—339-беттер. *Ред.*

капитализмнен социализмге өтердегі, экономикамыздың негізгі элементтері туралы пікірлерге қатысы бар нәрселерді ғана қалдырамын.

Мен ол кезде былай деп жазған едім:

РОССИЯНЫҢ ОСЫ ЗАМАНҒЫ ЭКОНОМИКАСЫ ТУРАЛЫ
(1918 ЖЫЛҒЫ КІТАПШАДАН)

«... Біздің Совет республикасындағы істің қазіргі жағдайына қарағанда, мемлекеттік капитализм бір адым ілгері басқандық болар еді. Егер, шамамен айтқанда, енді жарты жылдан соң бізде мемлекеттік капитализм орнай қалса, онда бұл үлкен табыс болар еді, ал бір жылдан кейін бізде социализмнің түпкілікті нығаюына және жеңілместей болуына ең сенімді кепіл болар еді.

Кейбіреулердің қандайлық игі ниетті ашу-ызамен бұл сөздерден ат-тонын ала қашатынын... мен көз алдыма елестетіп отырмын. Қалайша? Советтік социалистік республикада мемлекеттік *капитализмге* көшудің ілгері басқан адым болатыны қалай?.. Социализмге опасыздық жасау деген осы емес пе?

Нақ осы пунктке толығырақ тоқталу керек.

Біріншіден, капитализмнен социализмге *көшудің*, бізге Советтердің социалистік республикасы деп аталуымыз үшін право беріп және негіз болып отырған көшудің өзі қандай екенін түсіне білу керек.

Екіншіден, ұсақ буржуазиялық экономикалық жағдайлар мен ұсақ буржуазиялық стихия бізде социализмнің *басты* жауы екенін көрмей отырғандардың қатесін ашу керек.

Үшіншіден, *Совет* мемлекетінің экономикалық жағынан буржуазиялық мемлекеттен айырмашылығын біліп, оның маңызын жақсылап түсініп алу керек.

Осы үш жағдайдың бәрін қарастырып шығалық.

Россияның экономикасы туралы мәселені қозғай келіп, бұл экономиканың өтпелі сипатын теріске шығарушы адам, сірә, әлі кездеспеген болар. «Социалистік Советтік Республика» деген сөз қазіргі экономикалық тәртіптерді әсте де социалистік тәртіптер деп мойын-

дайтындықты емес, Совет өкіметінің социализмге өту ісін жүзеге асыруға бел байлағандығын көрсететінін де бірде-бір коммунист, сірә, теріске шығармаған болар.

Ал енді өту деген сөздің мәнісі не? Экономикаға қолданғанда бұл сөздің мәнісі — осы құрылыста капитализм мен социализмнің элементтері, бөлшектері, жұрнақтары бар деген сөз емес пе? Әркім де осылай деп мойындайды. Бірақ осыны мойындай тұрып, Россияда қазір бар түрлі қоғамдық-экономикалық укладтардың элементтері атап айтқанда қандай екені туралы жұрттың бәрі бірдей ойлана бермейді. Ал мәселенің барлық түйіні осында.

Осы элементтерді санап шығалық:

1) патриархтық, яғни едәуір дәрежеде натуралды шаруашылық, шаруалар шаруашылығы;

2) ұсақ товар өндірісі (бұған астық сататын шаруалардың көпшілігі кіреді);

3) жеке шаруашылық капитализм;

4) мемлекеттік капитализм;

5) социализм.

Россияның ұлан-байтақ екені соншалық, ала-құла екені соншалық, мұнда қоғамдық-экономикалық укладтың осы әр алуан типтерінің бәрі араласып жатыр. Жағдайдың өзіндік ерекшелігі нақ осында.

Ал қандай элементтер басым? — деген сұрақ туады. Ұсақ шаруалы елде ұсақ буржуазиялық стихияның басым екені және мұның басым болмауы мүмкін еместігі анық нәрсе: егіншілердің көпшілігі, орасан көпшілігі — ұсақ товар өндірушілер. Мемлекеттік капитализмнің қабығын (астық монополиясы, бақылауымыздағы кәсіпкерлер мен саудагерлер, буржуазиялық кооператорлар) бізде біресе ана жерде, біресе мына жерде *жалдаптар* жарып шығып жатыр, ал жалдаптықтың негізгі заты *астық* болып табылады.

Басты күрес нақ осы салада өріс алып отыр. «Мемлекеттік капитализм» тәрізді экономикалық категориялардың терминдерімен айтқанда, бұл күрес кім мен кімнің арасында болып жатыр? Жаңа жоғарыда мен санап шыққан реттегі төртінші және бесінші сатылар

арасында ма? Әрине, жоқ. Мұнда мемлекеттік капитализм социализммен күресіп жатқан жоқ, қайта ұсақ буржуазия плюс жеке шаруашылық капитализм екеуі бірігіп, мемлекеттік капитализмге де қарсы, социализмге де қарсы күресуде. Ұсақ буржуазия мемлекеттік-капиталистік болсын, мемлекеттік-социалистік болсын, мемлекеттің араласуының, есеп пен бақылаудың *бәріне де* қарсылық көрсетуде. Бұл — өмір шындығының мүлдем даусыз фактісі; толып жатқан экономикалық қателердің түп тамыры осыны түсінбеуде болып отыр. Жалдап, саудадағы тонаушы, монополияға бөгет жасаушы — біздің басты «ішкі» жауымыз, Совет өкіметінің экономикалық шараларының жауы, міне, осылар. Егер осыдан 125 жыл бұрын француз ұсақ буржуасының, ең жарқын және ең шынайы революционерлердің, жалдапты, кейбіреулерін, азын-аулақ «таңдаулыларын» өлім жазасына кесу арқылы және тақпақ сөздердің зілі арқылы жеңеміз деп тырысуы кешірерлік нәрсе болса, ал қазір қайсыбір солшыл эсерлердің мәселеге бірыңғай французлық тұрғысынан қарауы әрбір саналы революционердің тек қана бойын тітіркентеді немесе жиреніш туғызады. Жалдаптықтың экономикалық негізі — Русьте айрықша кең тарап отырған ұсақ меншікшіл топ және әрбір ұсақ буржуа өзінің агенті болып отырған жеке шаруашылық капитализм екенін біз өте жақсы білеміз. Бұл ұсақ буржуазиялық аждаһаның миллиондаған қармақтары біресе онда, біресе мұнда жұмысшылардың кейбір топтарын қармап жатқанын, мемлекеттік монополия орнына біздің қоғамдық-экономикалық өмірдің барлық саңылауларына жалдаптықтың еніп кетіп жатқанын біз білеміз.

Мұны көрмеген адам нақ сол соқырлығы арқылы өзінің ұсақ буржуазиялық соқыр сенімдердің тұтқыны болып отырғанын аңғартады...

Ұсақ буржуаның «адалдықпен» және әсіресе, соғыс кезінде алдау-арбаумен жинаған бірнеше мыңдаған сом ақша қоры бар. Жалдаптық пен жеке шаруашылық капитализмнің негізі ретіндегі ерекше экономикалық тип осындай. Ақша дегеніміз қоғамдық байлық-

ты алу үшін куәлік қағаз, сондықтан ұсақ меншікшілердің сан миллиондаған тобы ешбір социализм мен коммунизмге сенбей, пролетарлық дауылдан «бас паналап», осы куәлікті қолына мықтап ұстап алады да, оны «мемлекеттен» жасырады. Не біз осы ұсақ буржуаны өз бақылауымызға және есебімізге бағындырамыз (егер саналы пролетарлық авангардтың төңірегіне кедейлерді, яғни халықтың көпшілігін немесе жартылай пролетарларды ұйымдастырсақ, біз осыны істей аламыз), не нақ осы ұсақ меншікшілдік негізінде өсіпөнуші Наполеондар мен Кавеньяктардың революцияны жұлып тастағаны сияқты, бұл ұсақ буржуа біздің, жұмысшы, өкіметімізді сөзсіз және қалай да жұлып тастайды. Мәселе осылай қойылып отыр. Мәселе тек қана осылай қойылып отыр...

Мыңдаған сомды сақтап отырған ұсақ буржуа — мемлекеттік капитализмнің жауы, ал осы мыңдаған сомдарды ол қайтсе де өзі үшін, кедейлерге қарсы, жалпы мемлекеттік бақылаудың қандайына болса да қарсы жұмсағысы келеді, ал осы мыңдаған сомдардың жиынтығы біздің социалистік құрылысымызға бөгет жасап отырған жалдаптыққа сан миллиардтаған база жасап береді. Жұмысшылардың белгілі бір саны бірнеше күнде сомасы 1000 деген цифрмен белгіленетін өнім жасап шығарады делік. Одан әрі ұсақ жалдаптықтың, түрлі ұрлық-қарлықтың салдарынан және совет декреттері мен совет тәртіптерін ұсақ меншікшілдікпен орағытып орындамаудың салдарынан әлгі соманың 200-і жойылады делік. Сонда әрбір саналы жұмысшы былай дер еді: күшті тәртіп орнатып, жақсылап ұйымдастырғанда мен мыңнан 300 бере алатын болсам, онда мен әлгі екі жүздің орнына осы үш жүзді ықыласпен берген болар едім, өйткені кейін тәртіп және ұйымдастыру жұмысы жөнге салынған соң, мемлекеттік монополияның қандайына болса да ұсақ меншікшілдік бөгет жасалуы біржолата күйреген соң, Совет өкіметі тұсында бұл «алымды», айталық жүзге дейін немесе елуге дейін кеміту тіпті оңай міндет болар еді.

Түсінікті баяндау үшін әдейі барынша оңайлатып

алынған осы цифрлы жай мысал арқылы мемлекеттік капитализм мен социализмнің қазіргі жағдайының арасалмағы айқындалады. Мемлекеттегі өкімет жұмысшылардың қолында, мыңды түгелімен «алуға», яғни социалистік жұмыстан басқа жұмысқа бір тиынды да бермеуге олардың заң жүзінде барынша толық мүмкіндігі бар. Іс жүзінде өкіметтің жұмысшылар қолына көшкендігіне сүйенетін осы заң жүзіндегі мүмкіндік социализмнің элементі болып табылады. Бірақ ұсақ меншікшілдік және жеке меншіктік капиталистік стихия көптеген жолдар арқылы заңды ережені бұзады, жалдаптықты таратады, совет декреттерінің орындалуына бөгет жасайды. *Тіпті* (мұны айқын көрсету үшін мен әлгідей цифрлы мысалды әдейі алдым) біз қазіргіден гөрі *артық* төлеген *күнде де*, мемлекеттік капитализм орасан зор алға басқандық болар еді, өйткені «үйреткені үшін» төлеуге тұрады, өйткені бұл жұмысшылар үшін пайдалы, өйткені тәртіпсіздікті, күйзелісті, ауа жайылушылықты жеңу бәрінен де маңызды, өйткені ұсақ меншікшілдік анархияның жалғаса беруі — біздің түбімізге *сөзсіз* жететін (егер біз оны жеңбесек) ең үлкен, ең қатерлі қауіп, ал мемлекеттік капитализмге көп алым төлеуіміз біздің түбімізге жетпейтіні былай тұрсын, ол бізді аса сенімді жолмен социализмге жеткізеді. Жұмысшы табы мемлекеттік тәртіпті ұсақ меншікшілдік анархиялылықтан қалай қорғап қалуды үйренгенде, мемлекеттік-капиталистік негізде өндірісті ірі, жалпы мемлекеттік жолмен ұйымдастыруды қалай жолға қоюды үйренгенде, сонда,— бұлай айтқаныма кешірім өтінемін,— барлық көзір соның қолында болады, сөйтіп социализмнің нығаюы қамтамасыз етіледі.

Мемлекеттік капитализм *экономикалық* жағынан алғанда біздің қазіргі экономикамыздан әлдеқайда жоғары, бұл — біріншіден.

Екіншіден, онда Совет өкіметі үшін қорқынышты ештеңе жоқ, өйткені Совет мемлекеті — жұмысшылар мен кедейлердің өкіметі қамтамасыз етілген мемлекет...

* *
*

Мәселені мұнан да гөрі түсіндіре түсу үшін ең алдымен мемлекеттік капитализмнің ең нақтылы мысалын келтірейік. Бұл қандай мысал екені баршаға мәлім, бұл — Германия. Мұнда біз *юнкерлік-буржуазиялық империализмге бағындырылған* қазіргі ірі капиталистік техника мен жоспарлы ұйымдастырудың «соңғы табысын» көріп отырмыз. Асты сызылған сөздерді алып тастап, әскери, юнкерлік, буржуазиялық, империалистік мемлекеттің орнына тағы да мемлекетті, бірақ әлеуметтік типі басқа, таптық мазмұны басқа мемлекетті, советтік мемлекетті, яғни пролетарлық мемлекетті қойыңыз, сонда осыдан социализмді туғызатын шарттардың барлық жиынтығы келіп шығатынын көресіз.

Ең жаңа ғылымның соңғы табысына сүйеніп құрылған ірі капиталистік техникасыз, өнімдерді өндіру және бөлу ісінде ондаған миллион адамдарды бірыңғай норманы қатал түрде қолдануға бағындыратын жоспарлы мемлекеттік ұйымсыз социализм орнату мүмкін емес. Бұл туралы біздер, марксистер әрқашан да айтып келгенбіз, сондықтан тіпті осыны да түсінбеген адамдармен (анархистер және солшыл эсерлердің тең жартысы) әңгімелесуге тіпті екі секунд уақытты да шығын қылуға тұрмайды.

Сонымен қатар, мемлекетте пролетариаттың үстемдігі болмайынша социализм болуы мүмкін емес: бұл да әліппе. Тарих та (одан бірінші дәрежелі меньшевиктік топастар ғана болмаса, ешкім де тарих тартыссыз, тып-тыныш, оп-оңай, жайымен ғана «сыпдарлы» социализм бере қояды екен деп күткен жоқ-ты) өзгеше кетіп, 1918 жылға қарай, халықаралық империализмнің бір қабығының ішіндегі болашақ екі балапан сияқты, социализмнің қосақтасқан дербес екі бөлшегін туғызды. 1918 жылы Германия мен Россия социализмнің, бір жағынан, экономикалық, өндірістік, қоғамдық-шаруашылық шарттарының, екінші жағынан, саяси шарттарының материалдық жағынан жүзеге асуының бәрінен де айқын бейнесі болды.

Германиядағы жеңімпаз пролетарлық революция империализмнің қандай қабығын болсын (әттең, ең жақсы болаттан жасалған, сондықтан көрінген балапанның түрткілегеніне сыпа қоймайтын қабығын) бірден, мүлдем оңай қиратар еді, дүние жүзілік социализмнің жеңуін қиыншылықсыз немесе — әрине, «қиындықтың» мөлшерін тоғышарлық-үйірмелік көлемде емес, бүкіл дүние жүзілік-тарихи көлемде алсақ,— азын-аулақ қиыншылықтармен қалайда жүзеге асырар еді.

Егер Германияда революцияның «тууы» әлі де кешігіп отырғанда, біздің міндетіміз — немістердің мемлекеттік капитализмінен *үйрену*, оны *бар күшті салып* қабылдау; мұны қабылдағанда варварлыққа қарсы күрестің варварлық құралдарын қолданудан тартынбай, батыстық қасиеттерді варварлық Русьтің қабылдауын тездете түсу үшін, диктаторлық тәсілдерді аянбай қолдану керек. Егер анархистер мен солшыл эсерлер арасынан: неміс империализмінен «үйрену» бізге, революционерлерге, жараспайды ғой деп, Карелинше пайымдауға бейім адамдар (мен Карелин мен Генің Орталық Атқару Комитетінде сөйлеген сөздерін абайсызда еске түсіріп отырмын) табылса, онда тек: мұндай адамдарды елең қылған революция үмітсіз (және әбден орынды) құрыған болар еді деуіміз ғана керек.

Россияда қазір дәл ұсақ буржуазиялық капитализм басым; бұл капитализмнен мемлекеттік ірі капитализмге де, социализмге де *жалғыз-ақ жол* апарады, «өнімдерді өндіру мен бөлуді жалпы халықтық есепке және бақылауға алу» деп аталатын *жалғыз ғана* аралық станция *арқылы өтетін жалғыз-ақ* жол апарады. Кімде-кім мұны түсінбесе, ол не өмір шындығының фактілерін білмей, бар нәрсені көрмей, шындықтың бетіне тура қарай білмей, не «капитализмді» «социализмге» абстрактілі түрде қарсы қоюмен шектеліп, бұл өтудің қазір бізде болып отырған нақтылы формалары мен сатыларының байыбына бармай, кешірілмес экономикалық қате жасайды.

Жақшаның ішіне алып айтқанда, бұл қате «Новая Жизнь»[84] мен «Вперед» лагеріндегі таңдаулы адам-

дарды жолдан тайдырған теориялық қатенің дәл өзі: бұлардың жамандары мен орташалары өздерінің топастығынан және тұрлаусыздығынан буржуазиядан зәрелері ұшып, соның соңында салпақтап жүр; таңдаулы адамдары — капитализмнен социализмге өтудің тұтас бір дәуірі бар екенін социализм ұстаздарының босқа айтпағанын және жаңа қоғамның «тууының ұзақ азаптарын»[85] олардың текке атап көрсетпегенін түсінбеді, оның бер жағында бұл жаңа қоғамның өзі тағы да абстракция екенін, ол белгілі бір социалистік мемлекет құру жолындағы әр алуан, жетілмеген бірсыпыра нақтылы әрекеттер арқылы ғана жүзеге асатынын түсінбеді.

Мемлекеттік капитализмге де, социализмге де *ортақ нәрседен* (бүкіл халықтық есеп пен бақылау) өтпейінше, Россияның қазіргі экономикалық жағдайынан ілгері басуға болмайды, пақ сондықтан да басқаларды және өздеріңді өздерің «мемлекеттік капитализм *жағына қарай* жасалған эволюциямен» қорқыту түгелімен теориялық сандырақ болып табылады. Мұның өзі «эволюцияның» шын жолынан ойдың «басқа жаққа» ауа жайылуы, бұл жолды түсінбеу деген сөз; ал практикада мұның өзі ұсақ меншікшілдік капитализмге қарай *кері тартумен* бірдей.

Әсте қазір ғана емес, большевиктер өкіметті қолға алмай *тұрып та* мемлекеттік капитализмге «жоғары» баға бергеніме оқушының көзін жеткізу үшін, мен 1917 жылы сентябрьде жазылған «Апат қаупі және онымен қалай күресу керек» деген кітапшамнан мынадай цитат келтірейін:

«... Юнкерлік-капиталистік мемлекеттің орнына, помещиктік-капиталистік мемлекеттің орнына революциялық-демократиялық мемлекетті, яғни пұрсаттылық атаулыны революциялық жолмен қирататын, ең толық демократизмді революциялық жолмен жүзеге асырудан тайынбайтын мемлекетті қойып көріңіздерші? Сонда сіздер шын революциялық-демократиялық мемлекеттің тұсында мемлекеттік-монополиялық капитализм қалайда, сөзсіз социализмге қарай қадам басқандық болып табылатынын көресіздер.

...Өйткені социализм дегеніміз мемлекеттік-капиталистік монополиядан ілгері қарай жасалған ең таяу қадам болып табылады, одан басқа ештеңе де емес.

...Мемлекеттік-монополиялық капитализм социализмге ең толық материалдық әзірлік жасау болып табылады, социализмнің табалдырығы болып табылады, тарихи сатының бір басқышы болып табылады — ал мұны мен (бұл басқыш пен) социализм деп аталатын басқыштың арасында ешқандай аралық басқыштар жоқ» (27 және 28-беттер)*.

Естеріңізде болсын, мұның өзі Керенскийдің тұсында жазылған-ды, бұл арада әңгіме пролетариат диктатурасы жайында *емес,* социалистік мемлекет жайында *емес,* «революциялық-демократиялық» мемлекет жайында болып отыр. Біз осы саяси сатыдан *неғұрлым жоғары* көтерілген сайын, социалистік мемлекет пен пролетариат диктатурасын Советтердің бойына *неғұрлым толық* сіңірген сайын, «мемлекеттік капитализмнен» біздің *соғұрлым азырақ* қорқуымыз керек екені айқын болмағаны ма? *Материалдық,* экономикалық, өндірістік мағынада алғанда біз әлі социализмнің «табалдырығында» тұрмағанымыздың айқын болмағаны ма? Біз әлі жете қоймаған осы «табалдырық» арқылы болмаса, социализм есігіне басқа жолмен кіре алмайтын болсақ ше?..

* *
*

Мына жағдай да өте-мөте ғибрат аларлық.

Орталық Атқару Комитетінде Бухарин жолдаспен айтысқанымызда ол сөз арасында: мамандарға жоғары ақы төлеу туралы мәселеде «біз» «Лениннен оңшылырақпыз», өйткені Маркстің: белгілі бір жағдайларда жұмысшы табына «бұл бандалардан төлеп құтылу»[86] (атап айтқанда, капиталистер бандасынан, яғни буржуазиядан жерді, фабрикаларды, заводтарды және басқа да өндіріс құрал-жабдықтарын *құнын төлеп алу*) бәрінен де қолайлырақ болар еді деген сөздерін еске

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 34-том, 217, 219-беттер. *Ред.*

алсақ, біз мұнда принциптерден ешқандай да шегінгендікті көріп отырған жоқпыз деп ескерткен еді.

Бұл аса қызғылықты пікір...

... Маркстің пікірін ойға салып қараңыздаршы.

Әңгіме өткен ғасырдың 70-жылдарындағы Англия туралы, монополистік капитализмге дейінгі шырқау шегіне жеткен кезең туралы, соғыс құмарлары мен бюрократиясы ол кезде бәрінен аз болған ел туралы, жұмысшылардың буржуазиядан «құнын төлеп» алуы мағынасында ол кезде социализмнің «бейбіт» түрде жеңу мүмкіндігі бәрінен де көбірек болған ел туралы еді. Сондықтан Маркс: белгілі бір жағдайларда буржуазиядан құнын төлеп алудан жұмысшылар тіпті де қашпайды деген-ді. Ол кезде қаншама көп жаңа проблемалардың туатынын, төңкерістің барысында бүкіл жағдайдың қалай өзгеретінін, төңкерістің барысында ол жағдайдың қалай жиі және күшті өзгеріп отыратынын өте жақсы түсінген Маркс төңкерістің формалары, тәсілдері, әдістері жөнінде өзінің де — социалистік революцияның болашақ қайраткерлерінің де — қолын байлаған жоқ.

Ал Советтік Россияда, пролетариат өкіметті қолына алғаннан *кейін*, қанаушылардың әскери және саботаж жасап қарсыласуы басып-жанышталғаннан *кейін*,— *кейбір* жағдайлардың, бұдан жарты ғасыр бұрын Англия бейбіт түрде социализмге көше бастағандай болса, сол кезде Англияда тууы мүмкін болған жағдайлар тәрізді жағдайлардың қалыптасқандығы айқын-ақ емес пе? Ол кезде Англияда капиталистердің жұмысшыларға бағынуын мынадай жағдайлар қамтамасыз етер еді: 1) шаруалардың болмауы себепті халық арасында жұмысшылардың, пролетарлардың толығынан басым болуы (70-жылдары Англияда село жұмысшыларының арасында социализм өте-мөте тез табысқа жетеді деп үміттенуге болатын белгілер бар еді); 2) пролетариаттың кәсіптік одақтарға тамаша ұйымдасқандығы (бұл жағынан Англия ол кезде дүние жүзіндегі бірінші ел болатын); 3) саяси бостандықтың ғасырлар бойы дамуы арқылы тәрбиеленген пролетариаттың мәдениеттілігінің біршама жоғары бо-

луы; 4) аса жақсы ұйымдасқан Англия капиталистерінің саясат және экономика мәселелерін компромисс арқылы шешуге көптен әдеттенгендігі — ол кезде олар дүние жүзіндегі барлық елдердің ішінде ең жақсы ұйымдасқан капиталистер еді (енді бұл бірінші орынды Германия иеленіп отыр). Англия капиталистерінің оның жұмысшыларына *бейбіт түрде* бағыну мүмкіндігі туралы пікір ол кезде осы сияқты жағдайларға байланысты туғап болатын.

Бізде бұл бағындыру қазіргі кезде белгілі бір нақты шарттар арқылы (октябрьде жеңуіміз және октябрьден февральға дейін капиталистердің әскери және саботаж жасап қарсыласуын басу арқылы) қамтамасыз етіліп отыр. Халық ішінде жұмысшылардың, пролетарлардың, толығынан басым болуының және олардың мейлінше ұйымдасқандығының *орнына* біздегі жеңіс факторы ең кедей және тез күйзелген шаруалардың пролетарларды қолдауы болды. Бізде, ақырында, жоғары мәдениеттілік те, компромисс әдеті де жоқ. Егер осы нақтылы жағдайларды ойластыра келсек, онда біздің ешқандай «мемлекеттік капитализмге» көнбейтін, ешқандай компромисс жөнінде ойламайтын, жалдаптық арқылы, кедейлерді сатып алу арқылы және басқа жолдар арқылы советтік шараларға кесел келтіре беретін мәдениетсіз капиталистерді аяусыз жазалау тәсілдерін «мемлекеттік капитализмге» көнетін, оны іске асыру қолынан келетін, он миллиондаған адамдарды шынында да өнімдермен жабдықтай алатын аса ірі кәсіпорындардың ақылды және тәжірибелі ұйымдастырушылары ретінде пролетариат үшін пайдалы мәдениетті капиталистер жөнінде *компромисс жасау* немесе құнын төлеу *тәсілдерімен біріктіре* алатындығымыз және қазір осыған жетуге тиісті екендігіміз айқын болады.

Бухарин — ғажап білімді марксист-экономист. Сондықтан ол Маркстің: нақ социализмге өтуді жеңілдету мүдделері үшін аса ірі өндіріс ұйымын сақтаудың маңызы зор деп, егер (ерекше жағдай ретінде: ол кезде Англия ерекше жағдайда болған) құнын төлеу шартымен капиталистерді бейбіт түрде бағындыратын

және социализмге мәдениетті, ұйымдасқан түрде өтуге көндіретін жағдай туса, онда *капиталистерге жақсы ақы төлеп,* оларды құнын төлеп көндіру туралы пікір әбден дұрыс деп жұмысшыларға үйретуін есіне түсіріп отыр.

Бірақ Бухарин қателесті, өйткені Россиядағы осы кезеңге — кезең болғанда, біз, Россия пролетариаты, саяси құрылысымыз жағынан, жұмысшылардың саяси өкіметінің күші жағынан қандай Англиядан болсын, қандай Германиядан болсын *алда* болып отырған, сонымен бірге дені түзу мемлекеттік капитализмді ұйымдастыру жағынан, мәдениет дәрежесі жағынан, социализмді материалдық-өндірістік жолмен «енгізуге» әзірлік дәрежесі жағынан Батыс Европа мемлекеттерінің ішіндегі ең артта қалған мемлекеттің *соңында* болып отырған өте ерекше кезеңге тән нақты ерекшелікті ол жете ойланбады. Совет өкіметіне қызметке кіруге және ірі, аса ірі «мемлекеттік» өндірісті ұйымдастыруға айтарлықтай көмек көрсетуге әзір тұрған ең мәдениетті, ең талантты, ұйымдастыру жағына неғұрлым жетік капиталистерге жұмысшылар ұсынуға тиісті ерекше «төлемнің» қажеттігінің өзі бұл кезеңге тән осы ерекше жағдайдан туатыны айқын емес пе? Осындай ерекше жағдайда біздің екі түрлі қатеден, екеуі де өзінше ұсақ буржуазиялық қатеден, аулақ болуға тырысуымыз керек екені анық емес пе? Бір жағынан, біздің экономикалық «күштеріміз» бен саяси күштеріміздің сәйкес келмейтіні мойындалған екен, онда, «демек», өкіметті қолға алу керек емес еді деп жариялау түзетілмес қате болар еді. «Құндақтаулы адамдар» осылайша пайымдайды, олар, «сәйкестіктің» ешқашан болмайтынын, оның қоғам дамуында да, табиғат дамуында да болуы мүмкін еместігін ұмытады, тек бірқатар әрекеттер жасау жолымен ғана,— әрқайсысын жеке алғанда сыңаржақ болатын, белгілі бір сәйкессіздікке ұшырайтын әрекеттер арқылы ғана,— *барлық* елдер пролетарларының революциялық ынтымағынан келіп жеңімпаз социализм туатынын ұмытады.

Екінші жағынан, «эсерлі» революцияшылдықтың

дүрмегіне еліккіш, ал ұстамды, ойластырылған, салмақталған, ең қиын асуларды да ескеретін революциялық жұмысқа келгенде қабілетсіз болып шығатын даурықпалар мен сөзуарларға ерік беру көрінеу-көзге қате болар еді.

Бақытымызға қарай, революциялық партиялардың даму тарихы мен большевизмнің олармен күресінің тарихы бізге өте айқын бейнеленген типтерді мұраға қалдырды; бұлардың ішінде солшыл эсерлер мен анархистер жаман-жәутік революционерлердің типін жеткілікті түрде айқын көрсетеді. Қазір олар «оңшыл большевиктердің» «келісімпаздығына» қарсы долдана, ауыздары көпіргенше, естері кете байбалам салып жүр. Бірақ олар «келісімпаздықтың» *несі* жаман болғанына және *не үшін* оны тарих пен революцияның барысы әділ жазғырғанына ой жүгірте білмейді.

Керенскийдің кезіндегі келісімпаздық өкіметті империалистік буржуазияның қолына берді, ал өкімет туралы мәселе — революция атаулының түбегейлі мәселесі. 1917 жылдың октябрь — ноябрінде большевиктердің бір бөлегінің келісімпаздығы не пролетариаттың өкіметті қолға алуынан қорықты, не өкіметті солшыл эсерлер сияқты «сенімсіз жолбикелермен» ғана емес, сонымен қатар негізгі мәселелерде: құрылтайды таратып жіберуде, Богаевскийлерді аяусыз талқандауда, совет мекемелерінің шараларын толық жүзеге асыруда, әрбір конфискелеуде бізге сөзсіз бөгет жасайтын жаулармен де, черновшылдармен де, меньшевиктермен де, тепе-тең *бөліскісі* келді.

Енді өкімет қолға алынды, тіпті «сенімсіз жолбикелерсіз» де бір партияның, пролетариат партиясының, қолында тұрақтатылды, нығайтылды. Ендігі жерде, *өкіметті* бөлісу туралы, буржуазияға қарсы пролетарлар диктатурасынан бас тарту туралы тіпті сөз болуы да мүмкін емес кезде келісімпаздық жайында айту — жаттап алынған, бірақ түсініксіз сөздерді сауысқанша бостан-босқа қайталай беру деген сөз. Елді өзіміз басқара алатын және басқаруға тиісті болған жағдайға жеткен кезде капитализм баулыған элементтердің ең мәдениеттілерін ақша аямай өзімізге тартуға, оларды

ұсақ меншікшілдік ыдырауға қарсы қызметке алуға тырысып отырғанымызды «келісімпаздық» деп атау — социализм құрылысының экономикалық міндеттері жөнінде тіпті ойлай да білмеу деген сөз...»*.

АЗЫҚ-ТҮЛІК САЛЫҒЫ ТУРАЛЫ, САУДА ЕРКІНДІГІ ТУРАЛЫ, КОНЦЕССИЯЛАР ТУРАЛЫ

Жоғарыда келтірілген 1918 жылғы пікірлерде мерзім жағынан бірқатар қателіктер бар. Мерзім ол кезде ойлағанымыздан гөрі ұзағырақ болып шықты. Бұған таңдануға болмайды. Бірақ экономикамыздың негізгі элементтері әлі де сондағыдай. «Кедей» шаруалар (пролетарлар мен жартылай пролетарлар) көбінесе орта шаруаларға айналды. Осыдан келіп ұсақ меншікшілдік, ұсақ буржуазиялық «стихия» күшейіп кетті. Ал, 1918—1920 жылдардағы азамат соғысы елдің күйзелісін өте-мөте күшейтіп, оның өндіргіш күштерін қалпына келтіруге бөгет болды, бәрінен бұрын нақ пролетариатты көбірек жүдетті. Бұған 1920 жылғы егіннің шықпай қалуы, жемшөптің жоқтығы, малдың қырылуы келіп қосылды, бұл, мәселен, біздің негізгі отынымыз — ағаш отынды шаруаның атымен тасуға әсерін тигізіп, транспорт пен өнеркәсіпті қалпына келтіруге бұрынғыдан да қатты бөгет болды.

Сөйтіп, 1921 жылдың көктеміне қарай қалыптасқан саяси жағдай шаруалардың тұрмысын жақсарту үшін және олардың өндіргіш күштерін көтеру үшін жедел, ең батыл, ең тығыз шаралар қолдануды шұғыл қажет етті.

Жұмысшылардың емес, нақ шаруалардың дейтін себебіміз не?

Оның себебі — жұмысшылардың жағдайын жақсарту үшін астық пен отын керек. Бүкіл мемлекеттік шаруашылық тұрғысынан қарағанда — қазір ең үлкен «бөгет» нақ осыдан болып отыр. Ал шаруалардың жағдайын жақсартып, оның өндіргіш күштерін көтермейінше, астық өндіру мен астық жинау ісін, отын

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 36-том, 318—332-беттер. *Ред.*

дайындап, жеткізу ісін күшейтуге болмайды. Шаруалардан бастау керек. Кімде-кім мұны түсінбесе, кімде-кім шаруаларды осылайша бірінші орынға қоюды пролетариат диктатурасынан «безгендік» немесе безуге ұқсас бірдеңе деп қарауға бейім болса, ол тіпті істің байыбына бармаған, сылдыр сөзге салынған адам болып шығады. Пролетариат диктатурасы дегеніміз пролетариаттың саясатқа басшылық етуі деген сөз. Пролетариат басшы, үстем тап ретінде саясатты алдымен ең шұғыл, ең «зәру» міндетті орындарлықтай етіп бағыттай білуге тиіс. Қазір шаруа шаруашылығының өндіргіш күштерін жедел көтере алатын шаралар бәрінен де шұғыл шаралар болып отыр. Тек осы *арқылы* ғана жұмысшылардың жағдайын жақсартуға, жұмысшылар мен шаруалардың одағын нығайтуға, пролетариат диктатурасын нығайтуға болады. Жұмысшылардың жағдайын *бұл арқылы емес*, басқа жолмен жақсартқысы келетін пролетар немесе пролетариаттың өкілі *іс жүзінде* ақ гвардияшылар мен капиталистердің көмекшісі болып шығар еді. Өйткені, бұл арқылы жақсартқысы келмеу дегеннің мәнісі: жұмысшылардың цехтық мүдделерін таптық мүдделерден жоғары қойғандық болады, мұның мәнісі: бүкіл жұмысшы табының, оның диктатурасының, оның помещиктерге және капиталистерге қарсы шаруалармен жасасқан одағының, капиталдың езгісінен еңбекті азат ету күресіндегі оның басшылық ролінің мүдделерін жұмысшылардың күнделікті, минуттық, ішінара пайдаларына бола құрбан еткендік болады.

Сонымен: ең алдымен шаруалардың өндіргіш күштерін көтеру үшін шұғыл және елеулі шаралар керек.

Азық-түлік саясатын мықтап өзгертпейінше мұны істеуге болмайды. Салымның орнына азық-түлік салығын енгізу осындай өзгеріс жасағандық болды, мұның өзі салықты төлегеннен кейін, ең болмағанда жергілікті шаруашылық айналымында болатын сауда еркіндігіне байланысты.

Салымның орнына азық-түлік салығын енгізудің мәнісі неде?

Бұл жөнінде теріс түсініктер өте көп тараған. Бұл

теріс түсініктер көбінесе бұл көшудің мәнін жете ойламағандықтан, бұл көшу неден неге апарады деп өзіне-өзі сұрақ қоймағандықтан туып отыр. Істің жайын жалпы коммунизмнен жалпы буржуазиялыққа өту сияқты тұрғыдан түсінетіндер бар. Бұл қателікке қарсы 1918 жылы майда айтылған пікірлерді қайталап айтуға тура келеді.

Азық-түлік салығы дегеніміз — қатты мұқтаждықтың, күйзелістің және соғыстың салдарынан лажсыз енгізілген өзгеше «әскери коммунизмнен» дұрыс социалистік өнім айырбасына көшу формаларының бірі. Ал бұл социалистік өнім айырбасының өзі де халықтың ішінде ұсақ шаруалар басым болуынан туған ерекшеліктері бар социализмнен коммунизмге өту формаларының бірі болып табылады.

Өзгеше «әскери коммунизмнің» мәнісі мынада болған-ды: біз іс жүзінде шаруалардың барлық артық астығын алып отырдық, ал тіпті кейде артығын ғана емес, шаруаның өзіне қажет болған азық-түліктің де біразын алып отырдық, мұны армияға және жұмысшыларды асырауға жұмсалған шығындардың орнын толтыру үшін алдық. Көбінесе несиеге, қағаз ақшаға алдық. Бұлай етпейінше күйзелген ұсақ шаруалы елде біз помещиктер мен капиталистерді жеңе алмас едік. Ал біздің жеңіп шыққандығымыз (біздің қанаушыларды дүние жүзінің ең күшті державаларының қолдағанына қарамастан жеңіп шыққандығымыз) жұмысшылар мен шаруалар өздерін азат ету жолындағы күресте қандай керемет ерлік істей алатындығын ғана көрсетіп қоймайды. Сонымен қатар бұл факт осы «әскери коммунизм» үшін бізді *айыптаған* меньшевиктердің, эсерлердің, Каутскийдің және К^{0}-нің буржуазия малайлары ретінде іс жүзінде қандай роль атқарғанын да көрсетеді. Қайта «әскери коммунизмді» біздің сіңірген еңбегіміз деп білу керек еді.

Бірақ бұл еңбектің шын мөлшерін білудің қажеттігі де одан кем түспейді. «Әскери коммунизм» соғыстың және күйзелістің салдарынан лажсыз енгізілді. Ол пролетариаттың шаруашылық міндеттеріне сәйкес келетін саясат болған жоқ және бола да алмады. Ол

уақытша шара еді. Ұсақ шаруалы елде өз диктатурасын жүзеге асырып отырған пролетариаттың дұрыс саясаты шаруаға керекті өнеркәсіп өнімдеріне астықты айырбастап алу болып табылады. Тек осындай азық-түлік саясаты ғана пролетариаттың міндеттеріне сәйкес келеді, тек осындай саясат қана социализмнің негіздерін нығайтып, оны толық жеңіске жеткізе алады.

Азық-түлік салығы осындай саясатқа көшу болып табылады. Соғыстың (күні кеше болып өткен және капиталистердің обырлығы мен қастандығы нәтижесінде ертеңгі күні бұрқ ете түсуі мүмкін соғыстың) езгісінен біздің әлі де күйзеліп, есеңгіреп отырғанымыз соншалық, өзімізге керекті *бүкіл* астық үшін шаруаға өнеркәсіп өнімдерін бере алмаймыз. Осыны білгендіктен, біз азық-түлік салығын енгізіп отырмыз, яғни қажетті астықтың (армия үшін және жұмысшылар үшін) ең аз мөлшерін салық ретінде аламыз да, қалғанын өнеркәсіп өнімдеріне айырбастап аламыз.

Бұл арада мынаны да ұмытпау керек. Мұқтаждық пен күйзеліске ұшырағанымыз соншалық, біз фабрикалық, мемлекеттік, социалистік ірі өндірісті *бірден* қалпына келтіре алмаймыз. Бұл үшін ірі өнеркәсіп орталықтарында астық пен отынның мол запасы болуы керек, тозған машиналарды жаңа машиналармен алмастыру керек, т. с. Мұны бірден істеуге болмайтындығын біз тәжірибеден көріп-білдік және күйзелтетін империалистік соғыстан кейін тіпті ең бай, ең алдыңғы қатарлы елдердің өздері де бұл сияқты міндетті тек біршама ұзақ уақыттың, бірнеше жылдың ішінде ғана орындай алатындығын біз білеміз. Демек, машиналарды керек қылмайтын, шикізаттың, отынның, азық-түліктің мемлекеттік запастарын да, мол запастарын да керек қылмайтын *ұсақ* өнеркәсіпті қалпына келтіруге белгілі мөлшерде көмектесу қажет,— ал мұның өзі шаруа шаруашылығына дереу белгілі бір жәрдем көрсетіп, оның өндіргіш күштерін көтере алады.

Ал бұдан келіп шығатын нәрсе не?

Бұдан келіп шығатын нәрсе — белгілі бір дәреже-

дегі (тіпті тек қана жергілікті көлемдегі болса да) сауда еркіндігінің негізінде ұсақ буржуазия мен капитализм қайта туатын болады. Бұл күмәнсыз. Мұны көрмеу кісі күлерлік нәрсе.

Бұл қажет пе? Мұны ақтауға бола ма? Бұл қауіпті емес пе?— деген сұрақтар туады.

Бұл сияқты сұрақтар көп беріліп жүр, ал мұның өзі көбінесе мұндай сұрақтарды берушілердің тек қана аңқаулығын (сыпайылап айтқанда) көрсетеді.

Түрлі қоғамдық-экономикалық укладтардың біздің экономикамыздан орын алып отырған элементтерін (құрамдас бөлімдерін) 1918 жылғы майда менің қалай сипаттағаныма көз жіберіп қараңыздаршы*. Патриархтық, яғни жартылай тағылық укладтан бастап социалистік укладқа дейінгі сол барлық бес укладтың сол бес сатысы (немесе құрамдас бөлімдері) түгел бар екеніне ешкім де талас туғыза алмайды. Ұсақ шаруалы елде ұсақ шаруалық, яғни жартылай патриархтық, жартылай ұсақ буржуазиялық «укладтың» басым болатыны өзінен өзі айқын. Айырбас бар жерде ұсақ шаруашылықтың дамуы ұсақ буржуазиялық даму, капиталистік даму болып табылады; бұл — даусыз ақиқат, саяси экономияның ап-айқын ақиқаты, оның үстіне мұны күнделікті тәжірибе және тіпті әншейін зер салу да растап отыр.

Осындай экономикалық шындыққа тап болған социалистік пролетариат қандай саясат жүргізе алады? Ұсақ шаруаға ірі социалистік фабрика өндірісінен оған керекті өнімдердің *бәрін* астыққа және шикізатқа айырбастап беру ме? Мұның өзі ең керекті, ең «дұрыс» саясат болған болар еді,— біз мұны жүргізе бастадық та. Бірақ біз *барлық* өнімдерді бере алмаймыз, тіпті де бере алмаймыз, мұны онша тез істей алмаймыз,— ең болмағанда бүкіл елді электрлендіру жөніндегі бірінші кезектегі жұмыстарды орындап бітірмейінше мұны істей алмаймыз. Қалай ету керек? Не жеке меншік, мемлекеттік емес айырбастың, яғни сауданың, яғни капитализмнің дамуы атаулыны — миллиондаған ұсақ

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 36-том, 319-бет, *Ред.*

өндірушілер өмір сүріп отырған кезде сөзсіз болатын дамуды мүлде тыйып, бөгеп тастауға тырысу керек. Мұндай саясат оны жүргізбекші болған партияның тарапынан ақымақтық және өзін өзі мерт қылғандық болар еді. Ақымақтық болатын себебі — бұл саясат экономика жағынан мүмкін емес; өзін өзі мерт қылғандық болатын себебі — мұндай саясатты жүргізуге әрекеттенген партиялар сөзсіз күйрейді. Жасыратыны жоқ, коммунистердің кейбіреулері нақ *осындай* саясатқа салынып, «ойымен де, сөзімен де, ісімен де» күнәға батып жүрді. Бұл қателерден арылуға тырысайық. Бұл қателерден қайткенде де арылу керек, әйтпесе мүлде жаман болады.

Не (бұл ең соңғы *ықтимал* және бірден-бір дұрыс саясат) капитализмнің дамуын тыйып тастауға немесе бөгеп қоюға әрекеттенбеу керек, қайта оны *мемлекеттік капитализмнің* арнасына түсіруге тырысу керек. Мұның өзі экономика жағынан мүмкін нәрсе, өйткені мемлекеттік капитализм — белгілі бір формада, белгілі бір дәрежеде — сауда еркіндігі мен жалпы алғанда капитализм элементтері бар жерлердің бәрінде де айқын болып отыр.

Совет мемлекетін, пролетариат диктатурасын мемлекеттік капитализммен ұштастыруға, біріктіруге, үйлестіруге бола ма?

Әрине, болады. Мен мұны 1918 жылғы майда дәлелдемекші болған едім. Мен мұны сол 1918 жылғы майда дәлелдедім ғой деп сенемін де. Ол ол ма: мен сол кездің өзінде-ақ мемлекеттік капитализм ұсақ меншікшілдік (әрі ұсақ патриархтық, әрі ұсақ буржуазиялық) стихияға қарағанда бір адым ілгері басқандық болады деп дәлелдедім. Мемлекеттік капитализмді тек социализммен ғана салғастыратын немесе сонымен салыстыратын адамдар көптеген қателер жасайды, ал шынында қазіргі саяси-экономикалық жағдайда мемлекеттік капитализмді ұсақ буржуазиялық өндіріспен де салыстыру міндетті нәрсе.

Бүкіл мәселе — теория жүзінде де, практика жүзінде де — мынада болып отыр: капитализмнің сөзсіз (белгілі бір дәрежеде және белгілі бір мерзім ішінде)

дамуын мемлекеттік капитализмнің арнасына, атап айтқанда, қалай салу керек, мұны қандай шарттармен реттеу керек, алдағы таяу уақыттың ішінде мемлекеттік капитализмді социализмге айналдыруды қалай қамтамасыз ету керек, міне бүкіл мәселе осылардың дұрыс әдістерін таба білуде.

Бұл мәселені шешуге кірісу үшін, ең алдымен, біздің советтік системаның ішінде, біздің Совет мемлекетінің шеңберінде мемлекеттік капитализмнің практика жүзінде не болатындығын және не бола алатындығын неғұрлым айқын түсіне білу керек.

Совет өкіметінің капитализмнің дамуын мемлекеттік капитализм арнасына қалай салып отырғанын, мемлекеттік капитализмді қалай «орнатып» отырғанын көрсететін ең бір қарапайым құбылыс немесе мысал боларлық нәрсе — концессиялар. Қазір бізде концессиялардың қажеттігін жұрттың бәрі де мақұлдайды, бірақ концессиялардың қандай маңызы бар екендігі жөнінде жұрттың бәрі бірдей жете ойланып жүрген жоқ. Қоғамдық-экономикалық укладтар және олардың арақатынасы тұрғысынан қарағанда, советтік системаның тұсында концессиялар деген не? Бұл — Советтік, яғни пролетарлық, мемлекеттік өкіметтің ұсақ меншікшілдік (патриархтық және ұсақ буржуазиялық) стихияға қарсы мемлекеттік капитализммен жасасқан шарты, блогі, одағы. Концессионер дегеніміз — капиталист. Ол өз ісін капиталистік жолмен, пайда табамын деп жүргізеді, ол пролетариат өкіметімен шарт жасасуға келіскенде, әдеттегіден артық, төтенше пайда табу үшін немесе басқа жолмен қолына түсіре алмайтын немесе түсіруі өте қиын шикізат алу үшін келіседі. Мұның Совет өкіметіне тиімділігі — ол өзінің өндіргіш күштерін дамытады, өнімдер мөлшерін дереу немесе ең қысқа мерзімнің ішінде көбейтеді. Айталық, бізде жүздеген пәлендей кәсіпшілік, рудник, орман учаскелері бар екен делік. Біз оның бәрін түгел пайдалана алмаймыз — оған машиналар, азық-түлік, транспорт жетпейді. Біз басқа учаскелерді де осы себепті нашар пайдаланып келеміз. Ірі кәсіпорындарды нашар және жеткіліксіз пайдаланудың салдарынан

ұсақ меншікшілдік стихияның барлық түрлері күшейеді: маңайдағы (онан кейін барлық жердегі) шаруалардың шаруашылығы құлдырайды, олардың өндіргіш күштері ойсырайды, олардың Совет өкіметіне деген сенімі әлсірейді, талан-тараж және жаппай ұсақ (ең қауіпті) жалдаптық, т. с. өріс алады. Концессиялар түріндегі мемлекеттік капитализмді «орнатқанда», Совет өкіметі ұсақ өндіріске қарсы ірі өндірісті, мешеу өндіріске қарсы озық өндірісті, қол өндірісіне қарсы машиналы өндірісті күшейтеді, өз қолындағы ірі индустрия өнімдерінің мөлшерін (тиесілі үлесін) көбейтеді, ұсақ буржуазиялық-анархиялық экономикалық қатынастарға қарама-қарсы мемлекеттік жолмен тәртіптелген экономикалық қатынастарды күшейтеді. Мөлшермен және сақтықпен жүргізілген концессиялық саясат (белгілі, шамалы, дәрежеде) өндірістің жайын, жұмысшылар мен шаруалардың жағдайын тез жақсартуымызға сөзсіз көмектеседі,— әрине, бұл ретте белгілі бір шығындарға баруға, капиталистерге ондаған миллион пұт аса бағалы өнімдерді беруге тура келеді. Концессияларды бізге тиімді және қауіпсіз ететін мөлшер мен шарттарды белгілеу ісі күштердің арасалмағына байланысты және күресте шешіледі, өйткені концессияның өзі де күрестің бір түрі, тап күресінің басқаша формадағы жалғасы болып табылады, бірақ ешбір ретте де тап күресін таптық татулықпен алмастырғандық болмайды. Күрестің тәсілдерін практика көрсетеді.

Концессиялар түріндегі мемлекеттік капитализм, советтік системаның ішіндегі мемлекеттік капитализмнің басқа формаларымен салыстырғанда, сірә, ең қарапайым, анық, айқын, дәл белгіленген форма болар. Біз бұл арада неғұрлым мәдениетті, алдыңғы қатарлы, батыс европалық капитализммен тікелей ресми, жазба түрде шарт жасасамыз. Біз өзіміздің пайдамыз бен шығынымызды да, өзіміздің праволарымыз бен міндеттерімізді де дәл білеміз, концессияны қандай мерзімге беретінімізді де дәл білеміз, егер шартта мерзімінен бұрын құнын төлеп алу правосы көрсетілген болса, онда мерзімінен бұрын құнын төлеп алу шарттарын бі-

леміз. Біз бүкіл дүние жүзілік капитализмге белгілі бір «алым» төлейміз, одан қайсыбір реттерде «құнын төлеп құтыламыз», оның есесіне Совет өкіметінің жағдайын нығайтуға, өзіміздің шаруашылық жұмысымыздың жағдайларын дереу жақсартуға белгілі бір дәрежеде мүмкіндік аламыз. Концессиялық шартты жасасарда бәрін ақылға салып, салмақтау керек, ал мұнан кейін оның орындалуын бақылай білу керек,— концессиялар жөніндегі міндеттің бүкіл қиындығы міне осында болып отыр. Мұнда қиыншылықтардың бар екені күмәнсыз, мұнда алғашқы кезде, бәлкім, қателер де болмай қоймас, бірақ бұл қиыншылықтар — әлеуметтік революцияның басқа міндеттерімен салыстырғанда, атап айтқанда, мемлекеттік капитализмді дамытудың, оған жол берудің, оны қайта орнатудың басқа формаларымен салыстырғанда ең аз қиыншылықтар.

Азық-түлік салығын енгізуге байланысты барлық партия және совет қызметкерлерінің ең маңызды міндеті,—«концессиялық» (яғни «концессиялық» мемлекеттік капитализм сияқты) саясаттың принциптерін, бастамаларын, негіздерін капитализмнің, еркін сауданың, жергілікті айналымның, т. с. басқа формаларына қолдана білу.

Кооперацияны алып қарайық. Азық-түлік салығы туралы декреттің кооперация туралы ережелерді дереу қайта қарауға және кооперацияның «еркіндігі» мен праволарын белгілі бір дәрежеде кеңейтуге себепкер болғандығы тегін емес. Кооперация да мемлекеттік капитализмнің бір түрі, бірақ қарапайымдығы кемірек, онша айқын-анық белгіленбеген, неғұрлым шатасқан түрі, сондықтан да мұның өзі біздің өкіметімізге практика жүзінде көбірек қиыншылық туғызады. Ұсақ товар өндірушілердің кооперациясы (бұл арада әңгіме жұмысшы кооперациясы туралы емес, ұсақ шаруалы елде басым болған, дағдылы нәрсе ретінде нақ сол ұсақ өндірушілердің кооперациясы туралы болып отыр) ұсақ буржуазиялық, капиталистік қатыныстарды сөзсіз туғызады, олардың дамуына көмектеседі, капиталистсымақтарды бірінші орынға шыға-

рады, оларға неғұрлым көп пайда береді. Ұсақ қожайынсымақтардың басымдығы және айырбас мүмкіндігі, сондай-ақ айырбас қажеттігі нақтылы бар болып отырғандықтан, мұның басқаша болуы мүмкін емес. Россияның қазіргі жағдайларында кооперацияның еркіндігі мен праволары капитализмге берілетін еркіндік пен праволар болып шығады. Бұл айқын ақиқатты көрмеу ақымақтық немесе қылмыс болар еді.

Бірақ Совет өкіметі тұсында «кооперативтік» капитализмнің жеке шаруашылық капитализмнен айырмасы — ол мемлекеттік капитализмнің бір түрі болып табылады, ал солай болған соң, ол қазір бізге тиімді және пайдалы нәрсе,— әлбетте, тек белгілі бір дәрежеде ғана. Азық-түлік салығы қалған астықтың (салық ретінде алынбайтын астықтың) артығын сату еркіндігі болғандықтан, капитализмнің *осы* дамуын — өйткені сату еркіндігі, сауда еркіндігі дегеніміз капитализмнің дамуы *деген сөз* — кооперативтік капитализмнің арнасына салуға күш жұмсауымыз қажет. Кооперативтік капитализмнің мемлекеттік капитализмге ұқсастығы мынада: оның өзі есеп, бақылау, қадағалау ісін жүргізуді, мемлекет пен (бұл ретте Совет мемлекеті мен) капиталистің арасында шарттық қатынастар жүргізуді жеңілдетеді. Кооперация сауданың формасы ретінде тек жоғарыда көрсетілген себептерден ғана емес, сонымен қатар, миллиондаған халықты, онан соң бүкіл халықты түгелдей біріктіруді, ұйымдастыруды жеңілдететін болғандықтан да жеке меншік саудадан гөрі тиімді және пайдалы, ал бұл жағдайдың өзі де келешекте мемлекеттік капитализмнен социализмге өту тұрғысынан қарағанда аса зор табыс болады.

Мемлекеттік капитализмнің формалары ретінде концессиялар мен кооперацияны салыстырып көрейік. Концессия машиналы ірі өнеркәсіпке сүйенеді, ал кооперация ұсақ өндіріске, қол өндірісіне, ішінара тіпті патриархтық өндіріске де сүйенеді. Концессия әрбір жеке концессиялық шартта бір капиталиске немесе бір фирмаға, бір синдикатқа, бір картельге, бір треске

ғана қатысты болады. Кооперация әлденеше мыңдаған, тіпті миллиондаған ұсақ қожайындарды қамтиды. Концессия дәл шартқа және дәл мерзімге сүйенеді, тіпті соны көздейді де. Кооперация мейлінше дәл шартты да, мейлінше дәл мерзімді де талап етпейді. Концессия туралы шартты бұзудан гөрі кооперация туралы заңды бұзу анағұрлым оңай, бірақ шартты бұзу капиталиспен екі арадағы экономикалық одақтың немесе экономикалық «сыбайластықтың» іс жүзіндегі қатынастарын бірден, оп-оңай, дереу бұзғандық деген сөз, ал кооперация туралы заңды жоюдың қандайы болса да, жалпы алғанда заңдардың қандайы болса да, Совет өкіметінің ұсақ капиталистсымақтармен іс жүзінде «сыбайластығын» бірден бұза алмайтындығы былай тұрсын, іс жүзіндегі экономикалық қатынастарды да жалпы алғанда бұза алмайды. Концессионерді «аңдып отыру» оңай да, кооператорларды «аңдып отыру» қиын. Концессиялардан социализмге өту ірі өндірістің бір формасынан ірі өндірістің екінші формасына өткендік болады. Ұсақ қожайынсымақтардың кооперациясынан социализмге өту ұсақ өндірістен ірі өндіріске өткендік болады, яғни бұл анағұрлым қиын өткел, бірақ оның есесіне, істің сәті түскен күнде, мұның өзі халықтың неғұрлым қалың бұқарасын қамти алады, ескі қатынастардың, социалистік қатынастардан бұрынғы, тіпті капиталистік қатынастардан бұрынғы, «жаңалық» атаулыға көрсететін қарсылығы жағынан ең табанды қатынастардың неғұрлым терең, неғұрлым сірі жанды тамырларын жұлып тастай алады. Концессиялық саясат, істің сәті түскен күнде, қазіргі алдыңғы қатарлы капитализмнің дәрежесінде тұрған, үлгілі — біздікімен салыстырғанда үлгілі — біраз ірі кәсіпорындар алуымызға мүмкіндік береді; бірнеше ондаған жылдардан кейін бұл кәсіпорындар түгелімен біздің қолымызға көшеді. Кооперативтік саясат, істің сәті түскен күнде, ұсақ шаруашылықты көтеріп, оның ерікті түрде бірігуі негізінде, белгісіз ұзақ мерзім ішінде ірі өндіріске көшуін жеңілдетуімізге мүмкіндік береді.

Мемлекеттік капитализмнің үшінші түрін алып қа-

райық. Мемлекет капиталисті саудагер ретінде жұмысқа тартады да, мемлекеттік өнімдерді сатқаны үшін, ұсақ өндірушінің өнімдерін сатып әпергені үшін оған белгілі мөлшерде комиссиялық процент төлеп отырады. Төртінші түрі: мемлекетке қарасты кәсіпорынды немесе кәсіпшілікті немесе орман, жер учаскесін, т. с. мемлекет кәсіпкер-капиталиске арендаға береді, ал арендалық шарт көбінесе концессиялық шартқа ұқсас болады. Мемлекеттік капитализмнің бұл соңғы екі түрі бізде мүлде айтылмай, мүлде ойластырылмай, мүлде елеңбей отыр. Ал мұның себебі біздің мықты әрі ақылды болғандығымызда емес, қайта мұның өзі біздің әлсіздігімізден және білместігімізден болып отыр. Біз «арзан қол ақиқатқа» тура қараудан қорқамыз да, «өзімізді асқақтатар алдамшылықтың»[87] өктемдігіне тым жиі беріліп кетеміз. Біз үнемі: «біз» капитализмнен социализмге өтіп барамыз деген дақпыртпен жүреміз де, сол «біз» дегеннің нақ кім екенін дәл, анық біліп алуды ұмытып кетеміз. Осы анық түсінікті ұмытпау үшін, экономикамыздағы қоғамдық шаруашылықтың барлық құрамдас бөлімдерінің, барлық әр алуан укладтарының,— қалай да осылардың түгел бәрінің,— 1918 жылғы 5 майдағы мақаламда көрсеткен тізбесі* көз алдымызда болуы қажет. «Біз», пролетариаттың авангарды, алдыңғы қатарлы отряды, социализмге тікелей өтеміз, бірақ алдыңғы қатарлы отряд бүкіл пролетариаттың тек аз ғана бір бөлегі болып табылады, ал пролетариаттың өзі де бүкіл халық бұқарасының аз ғана бір бөлегі болып табылады. Сондықтан «біз» өзіміздің социализмге тікелей өту міндетімізді ойдағыдай шеше алатын болуымыз үшін, бұл үшін *капитализмнен бұрынғы* қатынастардың социализмге өтуіне қандай *дәнекер* жолдар, тәсілдер, амалдар, құралдар керек екендігін түсіну керек. Мәселенің бүкіл түйіні міне осында.

РСФСР-дің картасына қараңыздаршы. Вологданың солтүстігінде, Дондағы Ростов пен Саратовтың оңтүстік-шығысында, Оренбург пен Омскінің оңтүстігінде,

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 36-том, 319-бет. *Ред.*

Томскінің солтүстігінде ұлан-байтақ кеңістіктер жатқан жоқ па, ал бұларға орасан зор ондаған мәдениетті мемлекеттер сыйып кетер еді. Міне, осы кеңістіктердің бәрінде патриархшылдық, жартылай тағылық, нағыз барып тұрған тағылық жайлаған. Ал бүкіл Россияның шаруалар мекендейтін бұдан басқа да меңіреу түкпірлерінде ше? Деревняны темір жолдардан алыс қалдырып отырған, яғни мәдениетпен, капитализммен, ірі өнеркәсіппен, үлкен қаламен материалдық байланыс жасаудан алыс қалдырып отырған ондаған шақырым сүрлеу жолдары бар, дұрысырақ айтқанда: ондаған шақырым жолсыз жерлері бар өңірлердің бәрінде де осылай. Міне, осы жерлердің бәрінде де патриархшылдық, обломовшылдық, жартылай тағылық басым емес пе?

Россияда басым болып отырған осы жағдайдан социализмге тікелей өтуді жүзеге асыру мүмкін бе? Иә, белгілі бір дәрежеде мүмкін, бірақ бұл үшін тек бір шарттың болуы керек, бұл шартты біз қазір аяқталып біткен, аса зор ғылыми жұмыстың[88] арқасында анық білеміз. Бұл шарт — электрлендіру. Егер біз ондаған аймақтық электр станцияларын салатын болсақ (бұл станцияларды қай жерлерде, қалай салуға болатындығын және қалай салу керектігін біз енді білеміз), егер біз бұлардан әрбір селога энергия жеткізсек, егер біз электр моторлары мен басқа да машиналарды жеткілікті мөлшерде табатын болсақ, онда патриархшылдықтан социализмге өту үшін аралық басқыштар, дәнекер буындар керек болмайды немесе керектігі жоққа тән болады. Бірақ осы «бір» шарттың өзі бірінші кезектегі жұмысқа ғана ең кемінде он жылды керек қылатындығын біз өте жақсы білеміз, ал бұл мерзімді қысқарту, өз кезегінде, Англия, Германия, Америка сияқты елдерде пролетарлық революция жеңген күнде ғана мүмкін болатын нәрсе.

Ал таяудағы жылдардың ішінде патриархшылдықтан, ұсақ өндірістен социализмге өтуді жеңілдете алатын дәнекер буындар туралы ойлай білу керек. «Капитализм дегеніміз қырсық, социализм дегеніміз игілік» деген пікірді «біз» әлі де жиі айтып даурығып

жүрміз. Бірақ бұл пікір дұрыс емес, өйткені мұның өзі нақтылы бар қоғамдық-экономикалық укладтардың ішінен екеуін ғана бөліп алады да, олардың бүкіл жиынтығын ұмыт қалдырады.

Социализмге қарағанда капитализм дегеніміз қырсық болып табылады. Орта ғасырлыққа қарағанда, ұсақ өндіріске қарағанда, ұсақ өндірушілердің бытыраңқылығына байланысты бюрократизмге қарағанда капитализм дегеніміз игілік болып табылады. Ұсақ өндірістен социализмге тікелей өтуді жүзеге асыруға біздің әлі де шамамыз келмей отырғандықтан, ұсақ өндіріс пен айырбастың стихиялық нәтижесі ретіндегі капитализм белгілі бір дәрежеде сөзсіз болатын нәрсе, сондықтан да біз капитализмді ұсақ өндіріс пен социализм арасындағы дәнекер буын ретінде, өндіргіш күштерді көтерудің амалы, жолы, тәсілі, әдісі ретінде (оны әсіресе мемлекеттік капитализмнің арнасына сала отырып) пайдалануға тиіспіз.

Бюрократизм туралы мәселені алып, оған экономикалық жағынан көз жіберіңіздерші. 1918 жылы 5 майда бюрократизм біздің көзімізге түсе қойған жоқ. Октябрь революциясынан соң жарты жыл өткеннен кейін де, біз ескі бюрократиялық аппаратты жоғарыдан төменге дейін қиратқаннан кейін де, бұл қырсықты сезе қойған жоқпыз.

Тағы бір жыл өтті. РКП VIII съезінде, 1919 жылғы 18—23 марта[89], партияның жаңа программасы қабылданды, бұл программада қырсықтың бар екенін мойындаудан қорықпастан, қайта оны әйгілеу, әшкерелеу, масқаралап көрсету мақсатымен, бұл қырсыққа қарсы күресу үшін ақыл, қайрат, жігер, қимыл туғызу мақсатымен, біз: *«советтік құрылыс ішінде бюрократизм ішінара қайта туып отыр»* деп турасын айттық.

Тағы да екі жыл өтті. 1921 жылдың көктемінде, бюрократизм туралы мәселені талқылаған (декабрь, 1920 ж.) Советтердің VIII съезінен кейін, бюрократизмді талдауға өте тығыз байланысты болған талас-тардың қорытындыларын жасаған РКП X съезінен кейін, (март, 1921 ж.) *бұл* қырсықты біз бұрынғыдан

да анық, бұрынғыдан да айқын, бұрынғыдан да қауіпті түрде көріп отырмыз. Бюрократизмнің экономикалық тамырлары қандай? Негізінен бұл тамырлар екі түрлі: бір жағынан, өсіп жетілген буржуазия нақ жұмысшылардың (жарым-жартылап шаруалардың да) революциялық қозғалысына қарсы бюрократиялық аппаратқа, ең алдымен әскери, одан соң сот аппаратына, т. т. мұқтаж болып отыр. Бізде бұл жоқ. Біздің соттар буржуазияға қарсы, таптық соттар. Біздің армия буржуазияға қарсы, таптық армия. Бюрократизм армияда емес, сол армияға қызмет ететін мекемелерде болып отыр. Бізде бюрократизмнің экономикалық тамыры басқаша, ол — ұсақ өндірушінің бытыраңқылығы, шашырандылығы, оның қайыршылығы, мәдениетсіздігі, жол қатынасының болмауы, сауатсыздық, егіншілік пен өнеркәсіптің арасында *айналымның* жоқтығы, олардың арасында байланыс пен өзара қарым-қатынастың жоқтығы. Мұның өзі көбіне-көп — азамат соғысының салдары. Бізді жау тұс-тұстан қоршап, қамаған кезде, бізді бүкіл дүние жүзінен, одан кейін астықты оңтүстіктен, Сибирьден, көмірден бөліп тастаған кезде, біз өнеркәсіпті қалпына келтіре алмадық. Біз «әскери коммунизмнен» тартынбауға, барып тұрған ұшқарылықтан тайсалмауға тиіс болдық: жартылай аштыққа, тіпті жартылай аштықтан да жаман халге шыдайық, бірақ тіпті адам айтқысыз күйзеліске және айналымның жоқтығына қарамастан қайткен күнде де жұмысшы-шаруа өкіметін қорғап қалайық дедік. Сөйтіп, біз эсерлер мен меньшевиктердің қорыққан нәрсесінен қорықпадық (ал олар көбінесе үрейленіп, қорыққандықтан іс жүзінде буржуазияның соңынан ерді). Бірақ қоршаудағы елде, қамаудағы қамалда жеңістің шарты болған нәрсе нақ 1921 жылдың көктемінде, РСФСР территориясынан ең соңғы ақ гвардиялық әскерлер біржолата қуылған кезде, өзінің ұнамсыз жағын көрсетті. Қоршаудағы қамалда айналым атаулыға «тыйым салуға» болады да, керек те; бұқараның ерекше ерлігінің арқасында бұған үш жыл шыдауға болды. Бұдан кейін ұсақ өндірушінің күйзелуі тағы да күшейе түсті, ірі өнеркәсіпті қалпына кел-

тіру ісі тағы да кешеуілдеп, кейінге қалды. Бюрократизм «қоршаудың» мұрасы ретінде, ұсақ өндірушінің бытырацқылығы мен тұралап қалғандығына жамалған қондырма ретінде, әбден айқын көрінді.

Қырсыққа қарсы мықтап күрес жүргізу үшін оны қорықпай мойындай білу керек, сөйтіп істі қайта-қайта басынан бастау керек — бізге шала істелген істі түзете отырып, міндетті орындаудың түрлі жолдарын қарастыра отырып, құрылысымыздың барлық салаларында істі әлі де талай рет, қайтадан бастауға тура келеді. Ірі өнеркәсіпті қалпына келтіру ісінің кейінге қалғандығы көрінді, өнеркәсіптің егіншілікпен екі арадағы айналымына «тыйым салуға» төзуге болмайтындығы көрінді — демек, неғұрлым қолдан келетін іске: ұсақ өнеркәсіпті қалпына келтіруге күш салу керек. Іске осы жағынан жәрдемдесу керек, соғыстың және қоршаудың салдарынан жартылай құлаған құрылыстың осы жақ қабырғасын сүйеу керек. Капитализмнен қорықпастан, айналымды қайткен күнде де, барынша дамыту керек, өйткені бізде капитализм (экономикада помещиктер мен буржуазияны экспроприациялаудың нәтижесінде, саясатта жұмысшы-шаруа өкіметінің орнауы нәтижесінде) мейлінше тар, мейлінше «баяу» шеңберге қойылып отыр. Азық-түлік салығының негізгі мәні осындай, оның экономикалық маңызы осындай.

Партия және совет қызметкерлерінің бәрі шаруашылық құрылыс ісінде, атап айтқанда шаруа шаруашылығын, «шағын» қаражатпен болса да, шағын көлемде болса да, дереу көтеру тұрғысынан, маңайдағы ұсақ өнеркәсіпті дамыту арқылы оған көмек көрсету тұрғысынан жергілікті жерлердің — губерниялардың, онан да гөрі уездердің, онан да гөрі болыстар мен қыстақтардың зор инициативасын туғызып, өрлетуге бар күш-жігерін жұмсап, бар назарын аударуға тиіс. Барынша көңіл бөліп, қамқорлық жасайтын нәрсе, «екпінді» жұмыстардың өзегі болатын нәрсе нақ осы болуға тиіс,— жалпы мемлекеттік бірыңғай шаруашылық жоспар осыны талап етеді. Бұл арада қол жеткен белгілі табыс нағыз кең және нағыз терең «іргетасына»

бәрінен де жақын келіп, ірі өнеркәсіпті қалпына келтіру ісіне ең қысқа мерзім ішінде неғұрлым жігерлі түрде, неғұрлым ойдағыдай кірісуімізге мүмкіндік береді.

Азық-түлік қызметкері осы күнге дейін салымды 100 процент жинау керек деген бір ғана негізгі директиваны біліп келді. Енді директива басқаша: ең қысқа мерзім ішінде салықты 100 процент жина, одан кейін ірі өнеркәсіп *пен ұсақ* өнеркәсіптің өнімдеріне айырбастау арқылы тағы да 100 процент жина. Салықты 100 процент және айырбас арқылы (екінші жүзден) 55 процент жинаған адамнан гөрі салықты 75 процент және ірі өнеркәсіп пен ұсақ өнеркәсіптің өнімдеріне айырбастау арқылы (екінші жүзден) 75 процент жинаған адам мемлекетке анағұрлым пайдалы іс істейді. Азық-түлік қызметкерінің міндеті қиындайды. Бір жағынан, бұл — қазыналық міндет. Салықты мүмкіндігінше тезірек, мүмкіндігінше тиімдірек етіп жина. Екінші жағынан, бұл — жалпы экономикалық міндет. Кооперация ісін, ұсақ өнеркәсіпке көмектесу ісін, жергілікті жерлердің инициативасын, бастамасын дамыту ісін егіншілік пен өнеркәсіп айналымын көбейтерліктей, нығайтарлықтай етіп жүргізуге тырыс. Біз бұл істі атқаруды әлі де оте-моте нашар білеміз; оған дәлел — бюрократизм. Біз бұл арада әлі де *капиталистен көп нәрсені үйренуге болатындығын және үйренудің керектігін* мойындаудан қорықпауымыз керек. Практикалық тәжірибенің қорытындыларын губерниялар бойынша, уездер бойынша, болыстар бойынша, селолар бойынша салыстырайық: бір жерде жеке капиталистер мен капиталистсымақтар пәлендей табысқа жеткен. Олардың пайдасы, шамамен алғанда, пәлендей. Бұл — біздің «үйренгеніміз үшін» берген алымымыз, төлеген ақымыз. Үйренгеніміз үшін ақыны аямай төлеуге болады, тек қана алған білімің пайдаға асса болғаны. Ал көршілес бір жерде кооперативтік жолмен пәлендей табысқа қол жеткен. Кооперативтердің пайдасы пәлендей. Ал үшінші бір жерде таза мемлекеттік, таза коммунистік жолмен пәлендей табысқа

қол жеткен (бұл үшінші жағдай қазіргі уақытта сирек кездеседі).

Міндет мынада болуға тиіс: әрбір облыстың шаруашылық орталығы, атқару комитетінің жанындағы әрбір губерниялық экономикалық кеңес азық-түлік салығы төленгеннен кейінгі қалған артық астық жөнінде «айналымның» әр алуан тәжірибелерін немесе жүйелерін іле-шала ұйымдастыруды, бірінші кезектегі іс ретінде, дереу жолға қоятын болсын. Практикалық нәтижелерді салыстырып, зерттеу үшін бірнеше айдың ішінде осындай нәтижелерге жету керек. Жергілікті немесе басқа жерден әкелінген тұз; орталықтан жіберілген керосин; ағаш өңдейтін майдагерлік өнеркәсіп; жергілікті шикізаттан, онша маңызды болмаса да, бірақ шаруа үшін қажетті және пайдалы кейбір өнімдер жасайтын қолөнер; «жасыл көмір» (электрлендіру үшін кіші-гірім маңызы бар жергілікті су күштерін пайдалану), тағысын-тағылар және сол сияқтылар — осылардың бәрі де өнеркәсіп пен егіншіліктің айналымын қайткен күнде де жандандыру үшін жұмсалуға тиіс. Бұл салада тіпті жеке шаруашылық капитализм жолымен-ақ, тіпті кооперациясыз-ақ, бұл капитализмді мемлекеттік капитализмге тікелей айналдырмай-ақ неғұрлым көп нәтижелерге жеткен адам бүкіл россиялық социалистік құрылыс ісіне көбірек пайда келтіреді, коммунизмнің тазалығы туралы «ойлайтын», мемлекеттік капитализм мен кооперацияға регламенттер, ережелер, нұсқаулар жазатын, бірақ іс жүзінде айналымды ілгері бастырмайтын адамнан гөрі көбірек пайда келтіреді.

Мұның өзі ерсі болып көрінуі мүмкін: жеке шаруашылық капитализмнің социализмге көмекші ролін атқаруы қалай?

Бірақ мұның ешбір ерсілігі жоқ, қайта экономикалық жағынан мүлде даусыз факт. Егер транспорты өте-мөте күйзелген, соғыс пен қоршаудан енді ғана құтылып отырған ұсақ шаруалы елдің, транспорт пен ірі өнеркәсіпті өз қолына алып отырған пролетариаттың саяси басқаруындағы елдің бар екендігі анық болса, онда бұл алғы шарттардан әбден сөзсіз туатын

қорытынды мынау: біріншіден, қазіргі уақытта жергілікті айналымның бірінші дәрежелі маңызы бар, екіншіден, социализмге (мемлекеттік капитализмді айтпағанның өзінде) жеке шаруашылық капитализм арқылы көмек көрсетуге болады.

Сөз жайындағы таласты азайту керек. Біз бұған дейін бұл жөнінде тым көп күнәға батып жүрміз. Практикалық тәжірибе неғұрлым сан алуан болсын, ол тәжірибе неғұрлым көбірек зерттелсін. Орталықтағы мемлекеттік жұмыстың толып жатқан салаларынан гөрі, тіпті кіші-гірім көлемде болса да, жергілікті жұмысты үлгілі түрде жолға қоюдың мемлекеттік маңызы анағұрлым зор болатын жағдайлар болады. Ал бізде дәл қазіргі уақытта, жалпы алғанда шаруа шаруашылығы жөніндегі, әсіресе ауыл шаруашылық өндірісінің артық өнімдерін өнеркәсіп өнімдеріне айырбастау жөніндегі жағдайлар нақ осындай. Белгілі бір халық комиссариатының орталық аппаратын «үлгілі етіп» жақсартудан горі, жоғарыда көрсетілген тұрғыдан, тіпті бір болыста болса да, істі үлгілі түрде жолға қоюдың жалпы мемлекеттік маңызы анағұрлым зор болады. Өйткені, бізде орталық аппараттың үш жарым жылда қалыптасып болғаны соншалық, ол белгілі бір зиянды кертартпалыққа шалдығып үлгерді; біз мұны елеулі түрде және тез жөндей алмай отырмыз, біз мұны әлі қалай істеу керек екенін де білмейміз. Бұл аппаратты неғұрлым мықтап жақсарту үшін, жаңадан тың күштерді көбірек тарту үшін, бюрократизмге қарсы ойдағыдай күрес жүргізу үшін, зиянды кертартпалықты жою үшін бұған жергілікті жерлерден, төмендегілер тарапынан жәрдем көрсетілуге тиіс, кіші-гірім «біртұтас» істі, нақ «біртұтас» істі үлгілі түрде жолға қою арқылы, яғни бір шаруашылықты емес, шаруашылықтың бір саласын емес, бір кәсіпорынды емес, *барлық* шаруашылық қатынастарды *түгелімен, бүкіл* шаруашылық айналымды *түгелімен,* тіпті кіші-гірім жерде болса да, үлгілі түрде жолға қою арқылы жәрдем көрсетілуге тиіс.

Біздің ішімізден орталықтағы жұмыста қалуға тиісті болғандар аппаратты жақсарту және оны бюро-

кратизмнен тазарту ісін тіпті шағын көлемде, тікелей қолдан келген дәрежеде болса да жүргізе бермек. Бірақ бұл ретте негізгі жәрдем жергілікті жерлерден келмек және келеді де. Менің байқауымша, бізде жергілікті жерлерде істің жайы орталықтағыдан гөрі, жалпы алғанда, тәуірлеу, бұлай болатыны түсінікті де, өйткені бюрократизм қырсығы, әлбетте, орталықта шоғырланады; бұл жағынан Москваның жаман қала болмауы және жалпы алғанда республикадағы ең жаман «орын» болмауы мүмкін емес. Жергілікті жерлерде орта қалыптан екі жаққа да ауытқушылық бар; жаман жаққа ауытқушылық жақсы жаққа ауытқушылықтан гөрі сиректеу. Жаман жаққа ауытқушылық — коммунистерге жанасып алған бұрынғы чиновниктердің, помещиктердің, буржуаның және басқа сұмпайылардың жасап жүрген қиянаты; бұлар кейде жан түршігерлік озбырлықтар мен жүгенсіздіктер істейді, шаруаларды қорлайды. Мұндай жерде террорлық әдіспен тазарту жүргізу керек: табанда соттап, сөзсіз атып тастау керек. Мейлі, Мартовтар, Черновтар және солар сияқты партияда жоқ мещандар кеуделерін соғып: «мені «аналарға» ұқсас етпегендігің үшін, менің террорды мойындамай келгендігім үшін және мойындамай отырғандығым үшін ризамын саған, жасаған» деп лепіре берсін. Бұл ақымақтар «террорды мойындамайды», өйткені бұлар жұмысшылар мен шаруаларды ақымақ ету жөнінде ақ гвардияшыларға малайлық ететін итаршылардың ролін өздері қалап алған. Эсерлер мен меньшевиктер «террорды мойындамайды», өйткені олар өздерінің «социализмді» бетке ұстап, бұқараны *ақ гвардиялық террорға апарып соқтыру* жөніндегі ролін атқарып жүр. Мұны Россияда керенскийшілдік пен корниловшылдық, Сибирьде колчакшылдық, Грузияда меньшевизм дәлелдеді, мұны Финляндияда, Венгрияда, Австрияда, Германияда, Италияда, Англияда және т. т. екінші Интернационал мен «екі жарым» Интернационалдың сабаздары дәлелдеді. Мейлі, ақ гвардиялық террордың малайлық етуші итаршылары террор атаулыны мойындамайтындығы үшін өздерін-өздері мақтай берсін. Ал біз күйінішті

болса да күмәнсыз шындықты айтамыз: 1914—1918 жылдардағы империалистік соғыстан кейін адам айтқысыз дағдарысты, ескі байланыстардың ыдырауын, тап күресінің шиеленісуін бастан кешіріп отырған елдерде,— дүние жүзіндегі елдердің бәрі де осындай,— екіжүзділер мен сөзуарлардың айтқанына қарамастан, террор қолданбай болмайды дейміз. Не американдық, ағылшындық (Ирландия), итальяндық (фашистер), германдық, венгрлік және басқа түрдө жүргізілетін ақ гвардиялық, буржуазиялық террор болмақ, не қызыл, пролетарлық террор болмақ. Аралық жол жоқ, «үшінші жол» жоқ және болуы мүмкін де емес.

Жақсы жаққа ауытқушылық: бюрократизмге қарсы ойдағыдай күрес жүргізу, жұмысшылар мен шаруалардың мұқтаждығына барынша мұқият қарау, шаруашылықты аса зор қамқорлықпен өрге бастыру, еңбек өнімділігін арттыру, егіншілік пен өнеркәсіптің арасында жергілікті айналымды дамыту. Жақсы жаққа қарай осы ауытқушылық жаман жаққа ауытқудан гөрі жиілеу, бірақ солай бола тұрса да ол әлі сиректеу болып отыр. Дегенмен олар бар. Азамат соғысын және жоқшылықты бастан кешіріп шыныққан жаңа, жас, тың коммунистік күштерді баулып шығару ісі жергілікті жерлердің бәрінде де жүріп жатыр. Бұл күштерді төменнен жоғары қарай ұдайы, үздіксіз көтеріп отыру үшін біздің істеп жүрген жұмысымыз әлі де өте-мөте жеткіліксіз. Мұны неғұрлым кең көлемде, неғұрлым батыл жүргізуге болады, бұл қажет те. Кейбір қызметкерлерді орталықтағы жұмыстан алып, жергілікті жұмысқа қоюға болады және солай ету керек те: олар уездер мен *болыстардың* басшылары ретінде сол жерлердегі *бүкіл* шаруашылық жұмысты *тұтасынан үлгілі түрде* жолға қоя отырып, өте зор пайда келтіреді және кейбір орталық қызметтен гөрі маңызы анағұрлым артық *жалпы мемлекеттік* іс істейді. Өйткені, істі үлгілі түрде жолға қоюдың өзі қызметкерлерді тәрбиелеп шығарудың ұйтқысы болады және еліктеу үшін өнеге болады, бұл өнегені үйреніп алу оншама қиын болмайды, ал осы үлгілі өнегені «үйренудің» барлық

жерлерде кең таралуына және міндетті нәрсе болуына біз орталықтап жәрдем ете аламыз.

Азық-түлік салығын төлегеннен кейін қалған артық өнімдер есебінен және ұсақ, көбінше майдагерлік өнеркәсіп есебінен егіншілік пен өнеркәсіп арасындағы «айналымды» дамыту ісі өзінің нақтылы мәні жағынан *жергілікті жерлердің* дербес, жүйелі, ақылға қонымды *инициатива көрсетуін* керек етеді, сондықтан да уездік және болыстық жұмыстарды үлгілі түрде жолға қою ісі жалпы мемлекеттік тұрғыдан қарағанда, қазіргі уақытта мейлінше ерекше маңыз алады. Әскери істе, мәселен, соңғы поляк соғысы кезінде біз бюрократиялық иерархиядан шегінуден қорыққанымыз жоқ, республиканың Революциялық-әскери советінің мүшелерін (осы жоғары, орталықтағы қызметін сақтай отырып) «шенінен төмендетуден», оларды төменгі орындарға ауыстырудан қорыққан жоқпыз. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің кейбір мүшелерін немесе коллегиялардың мүшелерін немесе жоғары қызметтегі басқа жолдастарды қазір тіпті уездік, тіпті болыстық жұмыстарға ауыстыруға неге болмайды? Бұдан «қымсынарлықтай» біз шын мәнінде соншалық «бюрократтанып» кете қойған жоқпыз ғой. Бізде бұған орталықтап іркілмей баратын ондаған қызметкерлер табылады да. Ал бүкіл республиканың шаруашылық құрылыс ісі бұдан мейлінше көп ұтады, сөйтіп үлгілі болыстар немесе үлгілі уездер зор роль атқарып қана қоймай, сонымен қатар тікелей шешуші, тарихи роль атқарады.

Бір айта кететін нәрсе. Ұсақ болса да, маңызы бар бір жағдайды — жалдаптыққа қарсы күресу туралы мәселенің принципті қойылысындағы қажетті өзгерісті атап өту керек. Мемлекеттік бақылаудан жалтармайтын «дұрыс» сауданы біз қолдауға тиіспіз, оны дамыту бізге тиімді. Ал егер жалдаптықты саяси-экономикалық мағынада түсінсек, онда жалдаптықты «дұрыс» саудадан айыру *мүмкін емес*. Сауда еркіндігі дегеніміз — капитализм, ал капитализм дегеніміз — жалдаптық, бұған көз жұмып қарау кісі күлерлік нәрсе.

Қалай ету керек? Жалдаптықты жазалауға жатпайтын нәрсе деп жариялау керек пе?

Жоқ. Жалдаптық туралы барлық заңдарды қайта қарап, қайта жасау керек; *талан-тараждың* қандайы болса да, *мемлекеттік бақылаудан, қадағалаудан, есептен жалтарушылықтың* қандайы болса да, тікелей немесе жанамалап жалтарушылық та, ашық немесе бүркеулі жалтарушылық та жазаланады деп жариялау керек (және бұрынғыға қарағанда үш есе қатаңдықпен іс жүзінде қудалап отыру керек). Мәселені нақ осылай қойған күнде ғана (Халық Комиссарлары Советінде бұл жұмыс қазірдің өзінде басталып отыр, яғни Халық Комиссарлары Советі жалдаптық туралы заңдарды қайта қарау жұмысын бастау керек деп қазірдің өзінде жарлық беріп отыр) біз капитализмнің белгілі бір дәрежеде болмай қоймайтын дамуын, бізге де қажет болып отырған дамуын *мемлекеттік* капитализмнің арнасына сала аламыз.

САЯСИ ҚОРЫТЫНДЫЛАР МЕН ТҰЖЫРЫМДАР

Менің енді саяси жағдайды қысқаша болса да шолып өтіп, оның жоғарыда суреттелген экономикаға байланысты қалай қалыптасып, қалай өзгергенін айтуым ғана қалды.

1918 жылы біздің экономикамыздың негізгі сипаттары қандай болған болса, 1921 жылы да нақ сондай деп жоғарыда айттық. 1921 жылдың көктемінде — көбінесе егіннің шықпай қалуы және малдың қырылуы салдарынан — шаруалардың соғыс пен блокаданың зардабынан онсыз да өте-мөте ауырлаған тұрмыс жағдайы мейлінше шиеленісіп кетті. Осы шиеленісудің нәтижесінде саяси ауытқу пайда болды, ал мұның өзі, тегінде, ұсақ өндірушінің нақты «жаратылысы» болып табылады. Бұл ауытқулардың ең айқын көрінісі Кронштадт бүлігі болды.

Кронштадт оқиғаларындағы ең бір атап айтарлық нәрсе — нақ ұсақ буржуазиялық стихияның ауытқуы. Онда әбден қалыптасқан, анық, айқын сипат өте аз болды. «Бостандық», «сауда еркіндігі», «азаттық

алу», «Советтер большевиктерсіз болсын» деген, немесе Советтер қайта сайлансын немесе «партия диктатурасынан» құтылайық деген, тағысын-тағы және сол сияқты бұлыңғыр ұрандар ұсынылды. Меньшевиктер де, эсерлер де Кронштадт қозғалысын «өзіміздікі» деп жариялайды. Виктор Чернов Кронштадтқа шабарман жібереді, ол шабарманның ұсынысы бойынша Кронштадт көсемдерінің бірі, меньшевик Вальк Кронштадтта *«құрылтайды»* жақтап дауыс береді. Бүкіл ақ гвардияшылар, былайша айтқанда, радиотелеграфтағыдай шапшаңдықпен *«Кронштадт үшін»* дереу жұмыла кетеді. Кронштадттағы ақ гвардиялық әскери мамандар, жалғыз Козловский емес, бірқатар мамандар, Ораниенбаумға десант түсіру жоспарын жасайды, бұл жоспардан меньшевиктік-эсерлік-партияда жоқ ауытқушы бұқараның зәресі ұшады. Шетелдердегі елуден аса ақ гвардиялық орыс газеті *«Кронштадт үшін»* жанталасқан жігермен науқан жүргізеді. Ірі банктер, финанс капиталының барлық күштері Кронштадтқа жәрдемге қаражат жинайды. Буржуазия мен помещиктердің ақылдылау көсемі, кадет Милюков: құрылтай жөнінде асығудың қажеті жоқ, *Совет өкіметін жақтап сөйлеуге болады және солай ету керек, бірақ ол тек большевиктерсіз болатын болсын,*— деп ақымақ Виктор Черновқа тікелей (ал Кронштадтпен байланыстылығы үшін Питер түрмесінде отырған меньшевик Дан мен Рожковқа жанамалап) сабырлылықпен түсіндіреді.

Ұсақ буржуазиялық жел сөздің сабазы Чернов сияқты немесе «марксизм түстес» болып боялған мещандық реформизмнің серісі Мартов сияқты менменсіген ақымақтардан ақылдырақ болу, әрине, қиын емес. Шынында әңгіме Милюковтың қара басының ақылдырақ адам болуында емес, әңгіме мынада: ірі буржуазияның партиялық көсемі өзінің таптық жағдайы себепті істің таптық мәні мен саяси өзара қатынастарды ұсақ буржуазияның көсемдері — Черновтар мен Мартовтардан гөрі анық көріп отыр, жақсы түсініп отыр. Өйткені, буржуазия дегеніміз шын таптық күш, ол капитализм тұсында, сондай-ақ мо-

нархияда да, ең демократиялық деген республикада да сөзсіз үстемдік жүргізеді, сонымен қатар бүкіл дүние жүзілік буржуазияның қолдауын да сөзсіз пайдаланып отырады. Ал ұсақ буржуазия, *яғни* екінші Интернационал мен «екі жарым» Интернационалдың барлық сабаздары, істің экономикалық мәні бойынша, таптық әлсіздіктің көрінісінен басқа ештеңе бола алмайды,— ауытқушылық, жел сөз, дәрменсіздік осыдан келіп шығады. 1789 жылы ұсақ буржуаның ұлы революционерлер болуы мүмкін де еді; 1848 жылы олар адам күлерлік және аянышты халде болды; 1917—1921 жылдарда олар өздерінің іс жүзіндегі ролі бойынша реакцияның жексұрын итаршылары, соның тікелей малайлары болып отыр; олар Черновтар мен Мартовтар болып аталып жүр ме немесе Каутскийлер, Макдональдтар, тағысын тағылар және сол сияқтылар болып аталып жүр ме, оның бәрібір.

Мартов өзінің Берлиндегі журналында[90]: Кронштадт меньшевиктік ұрандарды жақтап қана қойған жоқ, сонымен қатар ақ гвардияшылардың, капиталистер мен помещиктердің мүдделерін толық көздемейтін, большевиктерге қарсы қозғалыстың болуы мүмкін екендігін дәлелдеп берді-міс деп жазған болса, мұнысы нақ менменсіген мещандық Нарцисстің үлгісі болып табылады. Бұл оның нағыз ақ гвардияшылардың бәрінің де кронштадттықтарды құптағанын және банктер арқылы Кронштадтқа жәрдем қорын жинағанын, міне осы фактіні тіпті көрмей-ақ қояйық дегендегісі! Черновтар мен Мартовтарға қарағанда Милюков дұрыс айтып отыр, өйткені ол *нағыз* ақ гвардиялық күштің, капиталистер мен помещиктер күшінің *шын* тактикасын ашып беріп отыр: келіңдер, кімді болса да, тіпті анархистерді де, Совет өкіметінің қандайын болса да қолдай берейік, тек қана большевиктерді құлатсақ болғаны, *тек қана өкіметті ығыстыруды* жүзеге асырсақ болғаны!— деп отыр. Оңға қарай немесе солға қарай ығыса ма, меньшевиктерге немесе анархистерге қарай ығыса ма, мұның бәрібір, тек қана өкімет большевиктерден басқаға ығысса болғаны; ал қалғанын,— қалғанын «біздер», Милюковтар, «біздер», капиталистер

мен помещиктер, «өзіміз» істейміз, Сибирьде Чернов пен Майскийге істегеніміз сияқты, Венгрияда венгрдің Черновтары мен Мартовтарына істегеніміз сияқты, Германияда Каутскийге, Венада Фр. Адлерлерге және К^{0}-ге істегеніміз сияқты анархистсымақтарды, Черновтарды, Мартовтарды шапалақпен қуып шығамыз,— деп отыр. Бұл мещандық Нарцисстерді — меньшевиктерді, эсерлерді, партияда жоқтарды — нағыз кәсіпкер буржуазия жүзден ақымақ етіп, барлық елдердегі барлық революцияларда оларды ондаған рет қуып жіберіп отырды. Мұны тарих дәлелдеген. Бұл фактілер арқылы тексерілген. Нарцисстер мылжыңдай бермек. Ал Милюковтар мен ақ гвардияшылар істі тындыра береді.

«Тек қана өкімет большевиктерден басқаға ығыстырылса болғаны, аздап оңға қарай немесе аздап солға қарай ығыстырылса да, бәрібір, ал қалғаны реттеле жатады»,— деген Милюковтың пікірі әбден дұрыс. Бұл — таптық ақиқат, барлық елдердегі революциялардың бүкіл тарихы, орта ғасырдан кейінгі жаңа тарихтың бүкіл көп ғасырлық заманы дәлелдеген ақиқат. Бытыраңқы ұсақ өндірушіні, шаруаны, экономикалық *және саяси* жағынан не буржуазия біріктіреді (капитализм тұсында, барлық елдерде, жаңа замандағы барлық революцияларда әрқашан да осылай болып келді, капитализм тұсында әрқашанда осылай болмақ), не пролетариат біріктіреді (жаңа тарихта ең ұлы революциялардың кейбіреулері мейлінше дамыған кезінде, өте аз уақытқа, бастама формада осылай болып келді; 1917—1921 жылдардағы Россияда неғұрлым жетілген формада осылай болды). «Үшінші» жол туралы, «үшінші күш» туралы тек менменсіген Нарцисстер ғана мылжыңдап, арман ете алады.

Аса зор еңбекпен, жанталасқан күресте большевиктер басқару ісі қолынан келетін пролетариат авангардын баулып өсірді, пролетариат диктатурасын орнатып, оны қорғап қалды, ал төрт жылдық тәжірибе, практика арқылы тексерілгеннен кейін Россиядағы таптық күштердің арасалмағы айдан анық болды. Бірден-бір революцияшыл таптың болаттай берік, шынық-

қан авангарды бар, ауытқушы ұсақ буржуазиялық стихия бар, шетелдерді паналаған және бүкіл дүние жүзілік буржуазияның көмегін алып отырған Милюковтар, капиталистер, помещиктер бар. Істің жайы айдан анық. «Өкіметті ығыстырудың» қандайын болса да тек солар ғана пайдаланады, солар ғана пайдалана алады.

Жоғарыда келтірілген 1918 жылғы кітапшада бұл жайында тура айтылған: «басты жау»—«ұсақ буржуазиялық стихия». «Не біз оны өз бақылауымызға және есебімізге бағындырамыз, не нақ осы ұсақ меншікшілдік негізінде өсіп-өнуші Наполеондар мен Кавеньяктардың революцияны жұлып тастағаны сияқты, бұл ұсақ буржуазиялық стихия жұмысшы өкіметін сөзсіз жəне қалай да жұлып тастайды. Мəселе осылай қойылып отыр. Мəселе тек қана осылай қойылып отыр» (1918 ж. 5 майдағы кітапшадан, жоғарыдан қараңыз*).

Біздің күштілігіміз — *барлық* нақты бар таптық күштерді, орыстық күштерді де, халықаралық күштерді де əбден айқын жəне байыпты түрде есепке алуда, ал сонан соң осыдан келіп шығатын күрестегі темірдей мықты жігердің, беріктіктің, батылдықтың жəне жанқиярлықтың болуында. Біздің жауларымыз көп, бірақ олар бытыраңқы, немесе нені қалайтынын білмейді (барлық ұсақ буржуа, барлық Мартовтар мен Черновтар, барлық партияда жоқтар, барлық анархистер осындай). Ал біз біріккенбіз — тікелей, озара жəне жанамалап барлық елдердің пролетарларымен бірігіп отырмыз; біз өзіміздің нені қалайтынымызды білеміз. Сондықтан да біз дүние жүзілік көлемде жеңілмейміз, бірақ бұдан жекелеген пролетарлық революциялардың кейбір уақытта жеңіліп қалуы мүмкін емес деген ұғым əсте тумайды.

Ұсақ буржуазиялық стихияның стихия деп аталып жүргені тегін емес, өйткені мұның өзі шынында да ең бір формасыз, тиянақсыз, санасыз нəрсе. Ұсақ буржуазияның Нарциsстері «жалпыға бірдей дауыс беру» капитализм тұсында ұсақ өндірушінің жаратылысын

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 36-том, 321-бет. *Ред.*

жоядыдеп ойлайды, бірақ шындығында мұның өзі буржуазияға *көмектеседі,* шіркеудің, баспасөздің, мұғалімдердің, полицияның, әскери топтардың, мыңдаған формадағы экономикалық езгінің жәрдемімен бытыраңқы ұсақ өндірушілерді буржуазияның өзіне *бағындыруына* көмектеседі. Күйзеліс, мұқтаждық, тұрмыстың ауырлығы ауытқушылық туғызады: бүгін буржуазияға, ертең пролетариатқа қарай ауытқиды. Тек пролетариаттың шыныққан авангарды ғана ауытқушылыққа төтеп беріп, оған қарсы тұра алады.

1921 жылдың көктеміндегі оқиғалар эсерлер мен меньшевиктердің ролін тағы да көрсетіп берді: олар ауытқушы ұсақ буржуазиялық стихияның большевиктерден үркуіне көмектесіп отыр, капиталистер мен помещиктердің пайдасына «өкіметті ығыстыруға» көмектесіп отыр. *Қазір меньшевиктер мен эсерлер «партияда жоқтардың» түсіне боянып алуды үйренді.* Бұл әбден дәлелденген. Сондықтан мұны қазір тек ақымақтар ғана көре білмейді, өзімізді ақымақ етуге мүмкіндік бермеу керек екенін тек солар ғана түсінбейді. Партиялық емес конференциялар фетиш емес. Егер әлі де мүлгіп жатқан бұқарамен, саясаттан тысқары тұрған миллиондаған еңбекшілердің топтарымен жақындасуға болатын болса, онда бұл конференциялар бағалы болмақ, ал егер «партияда жоқтардың» түсіне боянып алған меньшевиктер мен эсерлерге платформа беретін болса, онда бұл конференциялар зиянды болмақ. Мұндай адамдар бүліктерге көмектеседі, ақ гвардияшылдыққа көмектеседі. Ашық жүргендері болсын, партияда жоқтардың түсіне боянып алғандары болсын, меньшевиктер мен эсерлердің орны партиялық емес конференцияда емес, түрмеде (немесе ақ гвардияшылармен бірге шетелдік журналдарда; біз Мартовты шетелге іркілмей қоя бердік). Бұқараның пиғылын тексеріп байқаудың, онымен жақындасудың басқа тәсілдерін де табуға болады және табу керек. Парламентаризм, құрылтай, партиялық емес конференциялар дегендермен әуестенгісі келетіндер шетелге кете берсін, марқабат етіңдер, сол жаққа, Мартовқа бара беріңдер, қапы қалмай, «демократияның» жақсы-

лығына кенеліп көріңдер, бұл жақсылық жайында Врангельдің солдаттарынан сұрап көріңдер, сөйте көріңдер. Ал біздің «конференцияларда» «оппозиция» ойынын ойнауға мұршамыз жоқ. Біз бүкіл дүние жүзілік буржуазияның қоршауында отырмыз, ол «өз адамдарын» қайтару үшін, помещиктер мен буржуазияның өкіметін қайта орнату үшін ауытқудың әрбір сәтін аңдып отыр. Біз меньшевиктер мен эсерлерді, ашық жүргендерін болсын, «партияда жоқтардың» түсіне боянып алғандарын болсын, бәрібір түрмеде ұстаймыз.

Біз саясат қамтымаған еңбекшілер бұқарасымен неғұрлым тығыз байланыс жасау үшін барлық амалдарды қолданамыз — меньшевиктер мен эсерлерге жол ашатын, *Милюковқа тиімді ауытқуға жол ашатын* амалдардан басқа амалдардың бәрін де қолданамыз. Біз совет жұмысына, ең алдымен шаруашылық жұмысқа, партияда жоқ жүз-жүздеген адамдарды ерекше ықыласпен жоғарылатамыз, онда да Милюковқа сондай тиімді меньшевиктік және эсерлік тапсырмаларды шпаргалка бойынша оқу үшін партияда жоқтардың түсіне «боянып алғандарды» емес, бұқараның ішінен, қатардағы жұмысшылар мен шаруалардың ішінен шыққан нағыз партияда жоқтарды жоғарылатамыз. Бізде жүздеген, мыңдаған партияда жоқтар жұмыс істейді, олардың ішінен ондаған адамдар өте маңызды және жауапты қызметтерде. Бұлардың жұмысын көбірек тексеріп отыру керек. Жаңадан тексеру жүргізу үшін мың-мыңдаған қатардағы еңбекшілерді бұрынғыдан да көбірек жоғарылату керек, оларды сынақтан өткізу керек, тәжірибе арқылы тексеріп байқау негізінде оларды жүз-жүздеп ұдайы және үздіксіз жоғары қызметтерге көтеріп отыру керек.

Бізде коммунистер басқару ісі жөніндегі өздерінің нақтылы міндетін осы күнге дейін жөнді түсіне білмей келеді: «бәрін де» «өзіміз» істейміз деп тырыспау керек, өйткені бұл ретте үлгере алмай, босқа титықтайсың, 20 істі бірден қолға алғанмен, бірде-бірін бітіре алмайсың, қайта ондаған, жүздеген жәрдемшілерінің жұмысын тексеріп, солардың жұмысын төменнен,

яғни нағыз бұқара тарапынан тексеруді жөнге салу керек; жұмысқа *бағыт* беру керек, білімі барлардан (мамандар) және ірі шаруашылықты жолға қоюда тәжірибесі барлардан (капиталистер) *үйрену керек.* Әскери мамандардың $^9/_{10}$ бөлігі реті келген жерде опасыздық етуден тайынбайтын бола тұрса да, ақылды коммунист сол әскери маманнан үйренуден қорықпайды. Капиталистің әскери маманнан артық ештеңесі болмаса да, ақылды коммунист сол капиталистен үйренуден қорықпайды (ол капиталист ірі концессионер-капиталист пе, әлде саудагер-комиссионер ме, не ұсақ капиталистсымақ-кооператор ма, тағы сондайлар ма, бәрібір). Қызыл Армияда опасыздық етуші әскери мамандарды ұстап алуды үйрендік, ақ жүрек, адал ниеттілерді ажырата білуді, жалпы және тұтас алғанда, мыңдаған, он мыңдаған әскери мамандарды пайдалануды үйрендік. Инженерлер, мұғалімдер жөнінде де (өзгеше формада) нақ осылай істеуді үйреніп келеміз — дегенмен, мұны Қызыл Армиядағыдан гөрі әлдеқайда нашар істеп отырмыз (онда Деникин мен Колчак бізге жақсы түрткі болды, тезірек, ұқыптырақ, байыптырақ үйренуге мәжбүр етті). Саудагер-комиссионерлер, мемлекетке жұмыс істейтін алыпсатарлар, капиталистсымақ-кооператорлар, кәсіпкер-концессионерлер, т. т. жөнінде де (тағы да өзгеше формада) нақ осылай етуді үйренеміз.

Жұмысшылар мен шаруалар бұқарасына өз тұрмысының дереу жақсарғаны керек. Пайдалы жұмысқа жаңа күштерді, оның ішінде партияда жоқтарды да тарта отырып, біз бұған жетеміз. Азық-түлік салығы және оған байланысты бірсыпыра шаралар бұл жұмысқа жәрдемін тигізеді. Біз осы арқылы ұсақ өндірушінің болмай қалмайтын ауытқуының экономикалық тамырын қиямыз. Ал Милюковқа ғана пайдалы саяси ауытқуға қарсы біз аяусыз күрес жүргіземіз. Ауытқушылар көп. Біз азбыз. Ауытқушылар бытыраңқы. Біз біріккенбіз. Ауытқушылар экономика жағынан дербес күш емес. Пролетариат экономика жағынан дербес күш. Ауытқушылар өздерінің нені тілейтінін білмейді: тілейтіні де бар, бірақ қаймығады да, Милю-

ков та рұқсат етпейді. Ал біз өзіміздің нені тілейтінімізді білеміз.

Сондықтан да біз жеңіп шығамыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындысын жасайық.

Азық-түлік салығы дегеніміз — әскери коммунизмнен социалистік дұрыс өнім айырбасына оту деген сөз.

1920 жылы егіннің шықпай қалуы салдарынан асқынған өте қатты күйзеліс ірі өнеркәсіпті жедел қалпына келтіру мүмкін болмай отырғандықтан бұл өтуді шұғыл қажет етіп отыр.

Сондықтан: ең алдымен шаруалардың жағдайын жақсарту керек. Мұның амалы: азық-түлік салығы, егіншіліктің өнеркәсіппен екі арадағы айналымын дамыту, ұсақ өнеркәсіпті дамыту.

Айналым дегеніміз — сауда еркіндігі, капитализм. Бұл айналым ұсақ өндірушінің бытыраңқылығына қарсы, белгілі бір дәрежеде бюрократизмге де қарсы күресуімізге қаншалық жәрдем етсе, бізге соншалық пайдалы. Мұның мөлшерін практика, тәжірибе айқындайды. Пролетариат өкіметті өз қолында мықтап ұстап отырғанда, транспорт пен ірі өнеркәсіпті өз қолында мықтап ұстап отырғанда, мұнда пролетарлық өкімет үшін қорқынышты ештеңе жоқ.

Жалдаптыққа қарсы күресті талан-таражға қарсы күреске және мемлекеттік қадағалаудан, есептен, бақылаудан жалтарушылыққа қарсы күреске айналдыру керек. Осындай бақылау арқылы біз белгілі бір дәрежеде болмай қоймайтын және бізге қажет болып отырған капитализмді мемлекеттік капитализмнің арнасына саламыз.

Егіншіліктің өнеркәсіппен екі арадағы айналымын көтермелеу ісінде жергілікті жерлердің инициативасын, бастамасын, дербестігін қайткен күнде де барлық жағынан, мейлінше дамыту керек. Бұл жөніндегі практикалық тәжірибені зерттеу керек. Мүмкіндігінше ол тәжірибенің әр алуан болуы көзделсін.

Шаруа егіншілігіне қызмет көрсететін және оны

өрге бастыруға көмектесетін ұсақ өнеркәсіпке жәрдем ету керек; оған, белгілі бір дәрежеде, мемлекеттік шикізатты үлестіріп беру арқылы да жәрдемдесу керек. Шикізатты өңдеусіз қалдыру — ең қылмысты нәрсе.

Коммунистердің буржуазиялық мамандардан, оның ішінде саудагерлерден де, капиталистсымақ-кооператорлардан да, капиталистерден де «үйренуінен» қорықпауы керек. Бұлардан форма жағынан басқаша үйрену керек те, ал істің мәні жағынан әскери мамандардан үйрене келіп, білім алғанымыз сияқты үйрену керек. «Үйренудің» нәтижелерін тек практикалық тәжірибе арқылы ғана тексеріп отыру керек: қасыңдағы буржуазиялық мамандардың істегенінен жақсырақ істе, егіншіліктің өрлеуін, өнеркәсіптің өрлеуін, егіншіліктің өнеркәсіппен екі арадағы айналымын дамытуды қалай істесең де қамтамасыз ете біл. «Үйренгенің үшін» ақы төлеуге сараңдық істеме: үйренгенің үшін ақыны аямай қымбат төлеуге болады, тек алған білімің пайдаға асса болғаны.

Еңбекшілер бұқарасына барынша көмектесу керек, онымен жақындасу керек, оның ішінен жүздеген, мыңдаған партияда жоқ қызметкерлерді шаруашылық жұмысына жоғарылату керек. Ал іс жүзінде кронштадттық-бейпартиялық сәнқойлық киімді қайта киіп алған меньшевиктер мен эсерлер болып табылатын «партияда жоқтарды» сақтықпен түрмеде ұстау керек немесе таза демократияның барлық жақсылықтарын еркін пайдалануларын үшін, Черновтармен, Милюковтармен, грузин меньшевиктерімен еркін пікір алысулары үшін Берлиндегі Мартовқа жөнелту керек.

21 апрель, 1921 ж.

1921 ж. майда Мемлекеттік баспа Москвада жеке кітапша етіп бастырып шығарған

Кітапшаның қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

ГРАММОФОН ПЛАСТИНКАЛАРЫНА ЖАЗЫЛҒАН СӨЗДЕР[91]

1
АЗЫҚ-ТҮЛІК САЛЫҒЫ ТУРАЛЫ

Азық-түлік салымының орнына азық-түлік салығы енгізіліп отыр. Бұл туралы Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті декрет шығарды. Декретті орындау үшін Халық Комиссарлары Советі қазірдің өзінде-ақ азық-түлік салығы туралы заң[92] жариялап отыр. Енді барлық совет мекемелері шаруаларды азық-түлік салығы туралы заңмен мүмкіндігінше кеңінен таныстырып, оның маңызын түсіндіруге міндетті.

Салымның орнына азық-түлік салығын енгізудің қажет болған себебі не? Оның себебі — салым шаруалар үшін шамадан тыс ауыр және қолайсыз болып шықты, ал 1920 жылы егіннің шықпай қалуы шаруалардың мұқтаждығы мен күйзелісін бұрынғыдан бетер асқындырып жіберді. Оның үстіне, жем-шөптің жоқтығынан малдың өлім-жітімі көп болды, орманнан ағаш отын тасу ісі әлсіреді, шаруалардың астығына айырбастау үшін өнім беретін фабрикалардың жұмысы әлсіреді. Жұмысшы-шаруа өкіметіне шаруалардың ауыр жағдайына дереу жәрдемдесетін шаралар қолдану керек болды.

Азық-түлік салығы салымнан екі есе дерлік кем: мәселен, 423 миллион пұт орнына 240 миллион пұт астық алынады. Салықтың мөлшері күнілгері, яғни көктемнен бастап-ақ әрбір шаруаға анық мәлім болады. Ендеше салықты алған кезде қиянат аз болады. Бұл арқылы шаруа егіс көлемін ұлғайтуға, өз шаруашылығын жақсартуға, егіннің шығымдылығын арттыруға көбірек талпынады.

Біздің ел әуелі патша соғысының салдарынан, онан соң азамат соғысының салдарынан, яғни жұмысшылар мен шаруалардың Совет өкіметіне қарсы помещиктер мен капиталистердің жасаған шапқыншылығынан адам айтқысыз күйзеліп болатын. Шаруашылықты қайткен күнде де өрге бастыру керек. Ең алдымен шаруа шаруашылығын көтеру, нығайту, жақсарту керек.

Азық-түлік салығы шаруа шаруашылығын жақсарту ісіне көмектеседі. Шаруалар енді өз шаруашылығын неғұрлым берік сеніммен, неғұрлым зор ұқыптылықпен қолға алады, ал мұның өзі ең басты нәрсе.

25.IV.1921. *Н. Ленин*

Бірінші рет 1924 ж. «Молодая Гвардия» журналының 2—3-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

2
КОНЦЕССИЯЛАР ТУРАЛЫ ЖӘНЕ КАПИТАЛИЗМНІҢ ДАМУЫ ТУРАЛЫ

Совет өкіметі Россиядан концессиялар алғысы келетін шетелдік капиталистерді шақырып отыр.

Концессиялар дегеніміз не? Бұл мемлекеттің капиталиспен жасасатын шарты; капиталист өндірісті (мәселен, ағаш кесу және ағызу, көмір, мұнай, руда, т. с. шығару) жолға қоюды немесе жетілдіруді міндетіне алады да, бұл үшін мемлекетке шығарылған өнімнің бір үлесін беріп ақы төлейді, ал екінші үлесін пайда түрінде өзі алады.

Орыс помещиктері мен капиталистерін қуып жіберген Совет өкіметінің енді шетелдік капиталистерді шақырып отырғаны дұрыс па? Дұрыс, өйткені басқа елдерде жұмысшы революциясы кешеуілдеп отырғандықтан, біздің кейбір құрбандықтар жасауымызға тура келеді, тек жұмысшылар мен шаруалардың жағдайын тез арада, тіпті дереу жақсартуға жетсек болғаны. Бұл құрбандықтар мынада: біз ондаған миллион пұт бағалы өнімдерді бірнеше жыл бойына капиталиске береміз, ал жұмысшылар мен шаруалардың жағдайын жақсартатындығымыз мынада: біз тез арада қосымша мөлшерде мұнай, керосин, тұз, көмір, егіншілік құрал-саймандарын, т. б. аламыз. Жұмысшылар мен шаруалардың жағдайын дереу жақсартудан бас тартуға біздің правомыз жоқ, өйткені өзіміз күйзеліп отырған кезде бұл жақсарту өте-мөте қажет, ал жоғарыда көрсетілген құрбандықтар бізді мерт ете алмайды.

Капиталистерді шақыру қауіпті емес пе, мұның өзі

капитализмді дамытқандық болмай ма? — Иә, мұның өзі капитализмді дамытқандық болады, бірақ бұл қауіпті емес, өйткені өкімет жұмысшылар мен шаруалардың қолында қалады, ал помещиктер мен капиталистердің меншігі қалпына келтірілмейді. Концессия дегеніміз өзінше бір аренда шарты. Капиталист мемлекеттік меншіктің бір бөлегіне, шарт бойынша, белгілі мерзімге арендатор болады, бірақ меншік иесі болмайды. Меншік мемлекет иелігінде қалады.

Совет өкіметі арендатор капиталистің шартты бұлжытпай орындап отыруын, шарттың біз үшін тиімді болуын, жұмысшылар мен шаруалардың жағдайы жақсаратын болуын бақылап отырады. Мұндай жағдайда капитализмнің дамуы қауіпті емес, ал өнімдердің молаюы жұмысшылар мен шаруалар үшін тек тиімді болады.

25.IV.1921. *Н. Ленин*

Бірінші рет 1924 ж. «Молодая Гвардия» журналының 2—3-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

3
ТҰТЫНУШЫЛАР КООПЕРАЦИЯСЫ МЕН КӘСІПШІЛІК КООПЕРАЦИЯСЫ ТУРАЛЫ

Жұмысшылар мен шаруалардың өздеріне қажетті өнімдерді жеткізу және бөлу мақсатымен жасалған бірлестігі тұтынушылар кооперациясы деп аталады. Ұсақ егіншілердің немесе майдагерлердің түрлі өнімдерді, егіншілік өнімдерін де (мәселен, овощ, сүт өнімдері және сол сияқтылар), егіншілікке жатпайтын өнімдерді де (өнеркәсіптің әр алуан өнімдері, ағаштан, темірден, теріден жасалатын бұйымдар, т. т.) өндіріп, өткізу мақсатымен жасалған бірлестігі кәсіпшілік кооперациясы деп аталады.

Салымның орнына азық-түлік салығын енгізудің арқасында шаруалардың артық астығы өз қолында қалады да, олар осы артық астықты әр түрлі өнімдерге еркін айырбастап отырады.

Кәсіпшілік кооперациясы ұсақ өнеркәсіпті өркендетуге көмектеседі, ал мұның өзі темір жолдармен алыстан тасып әкелуді де, ірі фабрикалық кәсіпорындарды да көбінесе керек етпейтін, шаруаларға қажетті өнімдерді көбейтеді. Кәсіпшілік кооперациясын барлық шараларды қолдану арқылы қолдау және дамыту керек, оған түрліше көмек көрсету керек, бұл — партия және совет қызметкерлерінің міндеті, өйткені мұның өзі шаруалардың халін бірден жеңілдетіп, олардың жағдайын жақсартады. Ал жұмысшы-шаруа мемлекетінде халық шаруашылығын өрге бастырып, қалпына келтіру ісі енді көбінесе шаруалардың тұрмысы мен шаруашылығын жақсартуға байланысты болып отыр.

Тұтынушылар кооперациясын да қолдау және дамыту керек, өйткені мұның өзі өнімдердің тез, дұрыс және арзан бөліп берілуін қамтамасыз етеді. Совет өкімет орындары алдаушылық болмауы үшін, мемлекеттен жасырушылықтың болмауы үшін, қиянат жасаушылықтың болмауы үшін кооперацияның жұмысын тексеріп отыруға тиіс, бірақ ешбір жағдайда да кооперацияның өрісін тарылтпау керек, оған барынша жәрдемдесіп, көмек көрсетіп отыру керек.

1921 ж. 25 апрельде жазылған

Бірінші рет 1924 ж. «Молодая Гвардия» журналының 2—3-номерінде басылған

Граммофон пластинкасының жазбасы бойынша басылып отыр

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ «АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ МАШИНАЛАРЫН БӨЛУ ТУРАЛЫ» ҚАУЛЫСЫНЫҢ[93] ЖОБАСЫНА ҚОСЫМША

Мемлекет үшін ауыл шаруашылық машиналары мен құрал-саймандарына айырбастап алынатын ауыл шаруашылық өнімдеріне Азық-түлік халық комиссариаты тарапынан нақтылы бақылау орнатылмайынша, осы машиналармен және құралдармен жабдықтауға ешбір жол берілмесін.

Бақылау әдістері Егіншілік халық комиссариаты мен Азық-түлік халық комиссариатының келісімі бойынша ерекше нұсқаумен белгіленуге тиіс.

Машиналарды тұтынушыға жеткізудің неғұрлым оңай және үнемді әдісінің жобасын қарастырып, ұсыну Егіншілік халық комиссариаты мен Азық-түлік халық комиссариатына тапсырылсын*.

1921 ж. 26 апрельде жазылған

Бірінші рет 1932 ж. Лениннің XX жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Соңғы абзац Л. А. Фотиеваның қолымен жазылған, сірә, В. И. Ленин ауызша айтып жаздырған болу керек. *Ред.*

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ПАРТИЯДА ЖОҚ ЖҰМЫСШЫЛАРҒА КӨЗҚАРАС ТУРАЛЫ ХАТЫНЫҢ ЖОБАСЫ[94]

Губерниялық комитеттерге нұсқау хат жазылып, ол шифрмен жіберілсін.

Мазмұны:

партиялық емес конференциялардың тәжірибесі бұл конференциялардың меньшевиктер мен эсерлер үгітінің* аренасына айналып отырғанын әбден дәлелдеді;

сондықтан партиялық емес конференцияларды ұйымдастырғанда өте-мөте сақтық керек, әрбір жеке фабрика бойынша алдын ала барынша мұқият әзірленбейінше оларды ұйымдастыруға тіпті де жол бермеу керек. Губерниялық партия комитеттері партиялық емес әрбір конференцияның ойдағыдай өтуі үшін жауаптылығы жөнінде партия алдында кепілдік беруге тиіс.

Әрбір губерниялық партия комитеті партиялық емес әрбір конференцияның ойдағыдай өткені жайында ғана емес, оған қоса партиялық емес әрбір конференция ашылғанға дейін оның жағдайы мен қалай әзірленгенін де баяндап Орталық Комитетке хабарлап отыруға міндетті.

Мұнымен бірге коммунистердің партияда жоқ бұқарамен байланысын сақтап, дамыту жөніндегі жұмысты сөзсіз күшейту қажет. Бұл үшін мынадай шаралар жүргізу қажет:

жұмысшылар мен шаруалар бұқарасы үшін жалпы

---

* Қолжазбада «үгітінің» деген сөздің жоғары жағына «ұйымының» деген сөз жазылған. *Ред.*

жиналыстарды ғана үнемі шақырып қоймай, сонымен бірге барлық жауапты қызметтегі адамдардың жұмысшылар мен шаруалар бұқарасы алдында іс жайы туралы есеп беріп отыруын да ұйымдастырып тұру керек. Партияда жоқ жұмысшылар мен шаруалар бұқарасына совет мекемелері мен олардың жұмысын сынауға мүмкіндік беру үшін мұндай есептерді кем дегенде айына бір рет міндетті түрде ұйымдастыру керек. Коммунистер ғана емес, барлық жауапты қызметтердегі, ең алдымен азық-түлік және халық шаруашылық советтерінің мекемелеріндегі қызмет адамдарының бәрі есеп беріп отыруға тиіс.

Әрбір губерниялық комитет осындай барлық есептердің саны мен барысы туралы, сондай-ақ партияда жоқтардың осындай жиналыстарда қойған талаптары туралы дәлме-дәл мәліметтерді Орталық Комитетке ай сайын хабарлап отыруға міндетті.

Орталық Комитет мұндай есептерді ұйымдастыру туралы, бұқарамен байланысты тексеру шаралары туралы, бұқараның тұрмыс жағдайын жақсарту жөніндегі жұмыстардың барысы туралы, партияда жоқтардың атын жамылған меньшевиктерге, эсерлерге, т. т. қарсы күресу туралы неғұрлым толық нұсқау әзірлейді.

1921 ж. кеш дегенде 27 апрельде жазылған

Бірінші рет 1932 ж. Лениннің XX жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

КРЕМЛЬ УЧАСКЕСІНІҢ КОММУНИСТЕРІ МЕН РКП(б) КАНДИДАТТАРЫНЫҢ ЖИНАЛЫСЫНДА 1921 ЖЫЛЫ 9 МАЙДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

(ПРОТОКОЛДЫҚ ЖАЗБА)

Ленин жолдас өзінің баяндамасында: сіздер, партия мүшесі болғандықтан, менің азық-түлік салығы туралы кітапшаммен[95] танысуларыңыз керек, ол қазір басылып шығып, таратылып жатыр деп атап көрсетті. Бұған қоса, ол мынаны айтып өтті: партиямыздың әрбір мүшесінің партияда жоқ бұқарадан қол үзбеуі керек, ал бізде қол үзушілік жиі кездеседі. Сондықтан әрқайсыңыздың партияда жоқ бұқара арасында көбірек болып, көбірек насихат жүргізуіңіз қажет. Сөзінің қорытындысында былай деді: газеттерді көп оқып, жиналыстар мен лекцияларға жиі қатысып жүретін болғандықтан, сіздердің бәріңіздің, неғұрлым салауатты адамдардың шаруалар арасында көбірек жұмыс істеуі, олардың арасында азық-түлік салығының маңызы туралы үгіт жүргізуі керек. Жақсы нәтижелерге сонда жетеміз.

Бірінші рет, протоколдық жазбаның машинкада басылған данасы бойынша басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[96]

РКП Орталық Комитеті Сванидзенің Сталинге 8/V жолдаған 2031-номерлі телеграммасын талқылап, грузин жолдастар реквизициялау, конфискелеу, ұрлап әкету және шетелдіктерді пәтерлерінен қуып шығу фактілеріне темірдей берік қолмен тыйым салмай, аса елеулі саяси қате жасап отыр деп табады.

Орталық Комитет қаулы етеді:

1) қамауға алынып, сотқа берілетіндігін ескертіп қорқыту арқылы мұндай қылықтардың бәріне қатаң тыйым салу туралы дереу қаулы шығару Грузин революциялық комитетіне тапсырылсын. Ол қаулының көшірмесі Орталық Комитетке жіберілсін.

2) Грузин революциялық комитеті дереу: біріншіден, герман-кавказ банкісінің қоймасы ашылып, қағаздардың әкетілгені туралы тергеу жүргізуді белгілеуге тиіс. Айыптылар қамауға алынсын. Қағаздар қайтарылсын. Екіншіден. Итальян-кавказ банкісінің товарлары туралы да осылай. Үшінші. Кутаисиде әкетілген бір вагон кездеме туралы да осылай.

3) Грузин революциялық комитеті Кавказ майданының командованиесімен келісе отырып, ең жігерлі, айбынды және табанды екі коммунисті, біреуін Кавказ майданынан, біреуін Грузин революциялық комитетінен, дереу тағайындайды, сөйтіп бұл екеуіне реквизициялауды, ұрлықты, конфискелеуді және шетелдіктерді пәтерінен көшіруді тоқтату жұмысын бақылау тапсырылады. Тағайындалғандардың аты-жөні

телеграфпен бізге хабарлансын. Орталық Комитет бұл шараларды жүзеге асыру үшін жауапкершілікті Махарадзе мен Гиттиске тікелей жүктейді. Бұл екеудің уәкілдігі тәртіпті болмашы бұзғаны үшін де қамауға алу правосы берілген төтенше уәкілдік болуға тиіс. Бұл екеуі қысқаша мәліметтерді апта сайын телеграфпен осында хабарлап отырады.

Біздің шетелдермен барлық сауда қарым-қатынасымызды болдырмауға әсіресе Америка мен Франция күш салып отырғанда, Грузияның және оның Италиямен, Германиямен сауда жасауының бүкіл РСФСР үшін өте-мөте зор маңызы барына Орталық Комитет грузин жолдастардың назарын аударады. Орталық Комитет бүкіл осы директиваны орындауға немқұрайды қараушылықты Совет өкіметіне қарсы қылмыс деп есептейтін болады.

1921 ж. 9 немесе 10 майда жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ ӨНДІРІСТІ ШОҒЫРЛАНДЫРУ ІСІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[97]

1) Өте жақсы жолға қойылған кәсіпорындардың шағын көлемінде өндірісті шоғырландыру мақсатымен жұмыс істеуге жарамсыз кәсіпорындарды мүмкіндігінше көбірек жабу жоспарын неғұрлым тезірек жүзеге асыруға ерекше назар аудару Металлистер одағының Орталық комитеті мен ВЦСПС-ке тапсырылсын.

Бұларды жабудың дәлме-дәл жоспары туралы, календарьлық программасы туралы және іс жүзінде орындалуы туралы Еңбек және Қорғаныс Советіне бір айдан кейін баяндау Шляпников пен Медведевке немесе олардың орынбасарларына
Кубякоға
және Гольцманға
Андреевке
тапсырылсын

2) Шляпниковтың жазған нобайындағы аса маңызды және тез жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ұсыныстарды нақтылап әзірлеу Шляпниковқа тапсырылсын.

1921 ж. 11 майда жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ЕМБІ АУДАНЫНДАҒЫ ТЕМІР ЖОЛДЫҢ САЛЫНУЫН ТЕКСЕРЕТІН КОМИССИЯҒА ТАПСЫРМА

Сәрсенбідс болатын шешімнің жобасы

Комиссияның мерзімі әрі дегенде — бір ай.

3 апта болса — тіпті жақсы.

Мерзім Москваға қайтып оралған уақытына дейін есептеледі.

Комиссияға берілетін тапсырма:

1) Тиісті жұмыстың (Алгембаны салу жөніндегі) қаншасы орындалғаны және әсіресе жолдың салынып біткен бөлегіне қанша материал жұмсалғаны және қаншасы артылып қалғаны жергілікті жерде тексерілсін.

2) Комиссия материалдарға күзет қоюдың және Алгембаны салуды тоқтата қалған жағдайда бұл материалдарды қайтарып алудың нақтылы мүмкіншіліктері қандай екенін анықтауға тиіс.

3) Комиссия Алгемба құрылысын екпінді кәсіпорындар қатарынан әдеттегі кәсіпорынға көшіру жағдайлары (материалдардың жұмсалуы және т. б. тұрғысынан) қандай екенін анықтауға тиіс.

4) Комиссия жұмысты рельс төсемей одан әрі жүргізгенде жұмысты жүргізудің жалпы жағдайы, атап айтқанда сол жерге жеткізілген материалдарды пайдалану жағдайлары қандай болатынын анықтауға тиіс.

Ленин

1921 ж. кеш дегенде 11 майда жазылған

Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

КРЖИЖАНОВСКИЙ ЖОЛДАСҚА МЕМЛЕКЕТТІК ЖОСПАРЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ПРЕЗИДИУМЫНА

Шаруашылықтың бірыңғай мемлекеттік жоспары бізде әзірге әлі сезілмейді деуге болады. Бәрін бірдей, шаруашылықтың барлық салаларын, тіпті капитализмнен мұра болып қалған барлық кәсіпорындарды түгелімен «көтеруге» ұмтылушылық басым.

Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы жұмысты, ең болмағанда егін жинау қарсаңына болса да, таяу кезеңге, бір немесе екі жылға арналған жалпы мемлекеттік шаруашылық жоспардың негіздерін жасап шығарарлықтай етіп жолға қоюы керек.

Негізгі пункт етіп азық-түлік мәселесін алған жөн, өйткені бүкіл қиыншылық біткеннің тамыры нақ осында жатыр. Жалпы мемлекеттік шаруашылық жоспарды мемлекеттің қолында жыл бойында (1. IX. 1921 — 1. IX. 1922): (1) 200; (2) 250 және (3) 300 миллион пұт астық болады деген үш жағдайға лайықтап есептеп көру керек. Егер үш жағдайға арналған есептің бәрін ақырына дейін жеткізу қиыншылығы зор болатын болса, онда, мүмкін, 250 миллион пұт астық аламыз деген жағдайға арнап бір ғана толық есеп жасаумен тыну тиімдірек болатын болар, бұлай болғанда артығы (300—250) қиын-қыстау кезеңге деген қор болып есептелер де, астықтың толық жетпей қалатын жағдайы (200 миллион пұт) шамамен ғана (пәлендейі шетелден сатып алынсын; өнеркәсіп, темір жол, армия және т. б. жөнінен, жалпы алғанда, мынадай «кемітілсін» деп) жоспарланар.

Айталық, мемлекеттік астық қоры пәлендей. Соғыс бола қалған, темір жол қатынастарының үзіліп қалған жағдайларына, т. б. арналған қор — шығарылып тасталады.

Одан кейін отын мәселесі келеді. Жоба мынадай: мынадан мынаған дейін. Бұған қажетті азық-түліктің ең аз деген мөлшері мен ең көп деген мөлшері. Астық запасын пәлендей етіп көбейткен жағдайда отынмен жабдықтауды пәлендей мөлшерге дейін жеткізу мүмкіншілігі.

Өндірісті тәуір деген азғантай кәсіпорындарға шоғырландыра келгенде, отын үнемдеу мүмкіншілігі — пәлендей. Мұны есептеп қою қажет. Осыған байланысты керексіз кәсіпорындарды немесе қалай да қажет деуге келмейтін кәсіпорындарды жабу және жұмысшыларды басқа жұмысқа ауыстыру (қайда? ауыстыру мүмкін бе? егер мүмкін болмаса, онда ондай жұмысшыларды кемітілген паекке шығаруды минимум міндет етіп қою керек) арқылы азық-түлікті үнемдеу мүмкіншілігін есептеу.

Отынды ұқыпты сақтағаны үшін сыйлықтар беру арқылы және оның жұмсалуына бақылауды күшейту арқылы отынды үнемдеу. Мұндай үнемдеудің, егер оған белгілі бір тіректі пункттер болатын болса, болжалды есебін шығару керек.

Армия (флот өз алдына, бұл жөнінде флотты және оған жұмсалатын қаржыны барынша азайту, мүлдем дерлік жою жөнінде, ерекше есеп болу керек). 1921 жылдың 1 сентябріне — 1,6 миллион деп есеп жасау, сонан кейін бұл мөлшердің жартысындай етіп шартты есеп жасау.

Совет қызметшілері. Қазір бары. 25 процент, 50 процент кеміту мүмкіншілігі. Қалғанының бәрін қысқартқаны үшін төрттен біріне (қалайда қажет деген қазіргі барының) сыйлық берілуі. Адам санын қысқартқаны үшін (және тіпті, мысалы, үш сменаны енгізу арқылы және үш кәсіпорынның екеуін жабу арқылы болса да жұмсалатын отын мөлшерін кеміткені үшін) қалған төрттің біріне (немесе үштің біріне немесе жартысына)

сыйлық беру мәселесінің маңызы өте зор болғандықтан ол ерекше қаралуға тиіс.

Бірнеше топқа бөлінген, негізгі топтарының саны мүмкіндігінше аз өнеркәсіп. Су-жарық. Тұтынулардың: (α) өндіріске тұтынудың; (β) жеке тұтынудың ең аз деген мөлшерін өтеу үшін қажетті нәрсенің ең аз мөлшері. Негізгі топтардың белгілі бір санына есеп жасау (бәлкім, нақтылы жұмысты өнеркәсіптің жеке салалары және жеке аудандар мен қалалар бойынша арнаулы кіші комиссияларға, немесе жергілікті жерлердегі арнаулы уәкілдерге, немесе губерниялық статистика бюроларына және сол сияқтыларға бөліп берген жөн болар) — есеп болғанда барлық өндірісті қанша ірі кәсіпорындарға шоғырландыруға болатындығы және қаншасын жабу керек екендігі жөніндегі есеп. Мұның өзі, тегі, ерекше мұқият зерттеуді қажет ететін аса маңызды мәселе болса керек, бұлар: біріншіден, таза статистикалық зерттеу (1920 жылдың, ал мүмкін болғанынша 1918—1919 жылдардың да деректері; кейде ерекше жағдайда соғысқа дейінгі статистика деректерінің де көмекші маңызы болады); екіншіден, төмендегідей арнаулы міндетті шешуге тиісті экономикалық зерттеу:

жұмыстан босатылғалы отырған, мемлекеттің оларды асырап отыруының жөні жоқ және қала ішінде басқа жұмысқа қоюға болмайтын қала жұмысшылары мен өнеркәсіп жұмысшыларына, егер олар төңіректегі егінші халықтың мұқтажын өтей алатын болса, уақытша, бір жылға, екі жылға, астықты жерлерден кәсіп тауып беруге болмас па екен?

Содан соң, өнеркәсіптен кейін, одан құрылыс өнеркәсібін міндетті түрде бөліп көрсеткеннен кейін, транспортты (мүмкін, оны өнеркәсіптің алдына шығарып қою керек болатын шығар?) және арнаулы түрде электрлендіруді көрсету керек.

Және т. т.

Есеп әуелі, ең жалпы белгілері жағынан болса да, алғашқы жорамал ретінде, бірақ сөзсіз қысқа мерзім ішінде, бір айдың, ең әрі дегенде екі айдың ішінде жасалуға тиіс,— атап айтқанда бұл есеп жалпы жағдай-

дың есебі, түгелімен алғанда бүкіл азық-түліктің және түгелімен алғанда бүкіл отынның бір жыл ішінде жұмсалуының есебі болуға тиіс. Кейін осы жалпы жоспарды дәлдейміз, түзетеміз, өзгертеміз, ал енді негізгі жоспар түрінде болса да, ең жалпы жоспар түрінде болса да бір жылға (немесе, бәлкім, жылдың төрт тоқсанына, немесе үш үштігіне жеке-жеке 1. IX. 1921 ж.— 1. I. 1922; 1. I.—1. V; 1. V.—1. IX. 1922) жасалған жоспардың көрсетілген ең қысқа мерзім ішінде болуы қажет.

1920 жылмен міндетті түрде үнемі салыстырып отыру керек. Мүмкін, бірсыпыра есептерді 1920 жылдың деректері мен 1921—1922 жылдардың «жобаларын» салыстыра отырып нақ статистикалық және экономикалық жағынан зерттеу мағынасында жасауға болар және солай жасауға тиіс болармыз.

Менің ұсынысымды әзірге Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы пленумының қарауына салмай тұра тұрып, осы хат жөнінде президиум мүшелерінің көпшілігінің, сол сияқты оның жеке мүшелерінің де қорытындысын маған хабарлауды Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы президиумынан өтінемін.

Еңбек және Қорғаныс Советінің председателі
В. Ульянов (Ленин)

14/V. 1921.

P. S. 1) Астыққа айырбастауға, ел ішінен айырбастап астық алуға жарамды заттар шығаратын өнеркәсіпке ерекше көңіл бөлу керек. Жалпы астық жетіспей қалған жағдайда, өнеркәсіптің пәлендей саласына немесе пәлендей бір кәсіпорындарына пәлендей мөлшерлі азық-түлік пен отын беріп, пәлендей мөлшерлі өнім алуға және соларға айырбастап пәлендей пұт астық алуға болмас па екен деген сұраққа дәл жауап беруге мүмкіндік болу үшін бұл өнеркәсіпті қайткен күнде де ерекше бөліп алу керек. Егін жиналғаннан кейін белгілі бір жағдайларда қолданылу үшін бұл шартты есепті күні бұрын жасап қою керек.

2) Мыналарды: (а) мемлекетке сөзсіз қажетті кәсіп-

орындарды (жұмысшыларының санымен қоса) және (б) дағды бойынша, кертартпалық бойынша, жұмысшыларының кәсібі мен мекенін өзгерткісі келмеуі, т. б. бойынша сақталып отырған кәсіпорындарды, шаруашылықты тиімді жүргізу және өнеркәсіпті бірнеше сменамен істейтін аз ғана тәуір кәсіпорындарға ауыстыру тұрғысынан қарағанда жауып тастау жөн болатын кәсіпорындарды — солардағы жұмысшыларының санымен қоса — бөліп алып, есептеп қарау керек. Осы екі категорияның жалпы жиыны. Екінші категориядағы кәсіпорындарды жоюға мүмкіндік алу үшін екінші категорияға берілетін паекті кеміту есебі.

Бірінші рет 1923 ж. «Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы бюллетенінің» 3—4-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ЖЕРГІЛІКТІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КЕҢЕСТЕР ТУРАЛЫ, ЕСЕП БЕРУ ТУРАЛЫ, ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ТАПСЫРМАСЫН БАСШЫЛЫҚҚА АЛУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ

1. Барлық жерлерде губерниялық және уездік экономикалық кеңестер құрылуға тиіс; Еңбек және Қорғаныс Советі Халық Комиссарлары Советімен қандай қатынаста болса, олар да губерниялық және уездік атқару комитеттерімен сондай қатынаста болатын болсын. Іс басқармалары немесе секретариаттар екеуіне ортақ болуға тиіс. Бүкіл жұмыс тиісті ведомстволардың аппараттары арқылы жүргізілуі керек, ерекше аппарат құрылмасын.

2. Еңбек және Қорғаныс Советінің жергілікті жерлердегі төменгі органдары селолық комитеттер мен селолық советтер болуға тиіс, ал фабрикалық және қалалық мекендерде аудандық советтер, аудандық экономикалық советтер және фабрикалық комитеттер болуға тиіс. Болыстық атқару комитеттері не болыстық экономикалық советтердің міндеттерін түгелімен атқарады, не болыстық экономикалық кеңестер құру үшін өздерінің бірнеше мүшесін бөледі.

3. Барлық экономикалық кеңестердің өз жұмысы туралы Еңбек және Қорғаныс Советінің алдында міндетті түрде есеп беріп тұру тәртібі белгіленеді. Бұл ретте Еңбек және Қорғаныс Советінің Тапсырмасын басшылыққа алу керек, ол осы қаулымен бірге жарияланып отыр.

Облыстық экономикалық советтердің, губерниялық және уездік экономикалық советтердің есептері міндетті түрде кемінде 100 дана болып басылуға тиіс

(оның 3 данасы Еңбек және Қорғаныс Советіне жіберіледі, ал жалпы мемлекеттік ірі-ірі кітапханаларға, Москвадағы Румянцев кітапханасы мен Петроградтағы Көпшілік кітапханасына бір-бір данадан, әрбір губерниялық экономикалық советтің кітапханасына бір-бір данадан жіберіледі). Есептерді тапсыру мерзімі — әрбір екі айда (үш немесе төрт айда?) бір рет.

Төменгі органдардың есептері жазбаша түрде берілуге тиіс, бір данасы губерниялық экономикалық советке, бір данасы Еңбек және Қорғаныс Советіне тапсырылады; тапсыру мерзімі — жылына кемінде 2 рет.

Еңбек және Қорғаныс Советіне жіберілетін есепке жергілікті газеттердің сол жерлердің шаруашылық өмірі жайындағы мәселелерге арналған күнбе-күн ретретімен іріктелген номерлері немесе солардың қиындылары, сондай-ақ осы мәселелер жөнінде басылған барлық басылымдар қоса тіркелуге тиіс.

Есептерді әзірлеуге Орталық статистика басқармасы мен Жұмысшы-шаруа инспекциясының жергілікті қызметкерлері тартылатын болсын.

Әрбір жергілікті мекеме есепті дер кезінде жасауға, оның әрбір бөлегіне және жалпы редакциясына жауапты адамдарды, сондай-ақ олардың орынбасарларын дереу тағайындап, олардың аты-жөндерін Еңбек және Қорғаныс Советіне хабарлауға міндетті.

4. «Экономическая Жизнь» газеті[98] Еңбек және Қорғаныс Советінің органына айналады.

Жоғарыда айтылған Тапсырманы басшылыққа ала отырып, бұл газет өзінің осы күнгі материалымен қатар жергілікті жерлердің жүргізіп жатқан экономикалық жұмысы туралы деректердің ақпарларын үнемі басып отыруға тиіс. РСФСР-дің бүкіл шаруашылық жұмысының іс жүзіндегі тәжірибесін есепке алып, зерттеу және осы тәжірибенің негізінде басшылыққа алынатын нұсқаулар әзірлеу «Экономическая Жизньнің» басты міндеті болуға тиіс.

Жергілікті жерлердегі жұмыспен танысу үшін редакция партияда бар және партияда жоқ жергілікті тілшілерді іріктеп алып, олардың қатарын көбейте беруге тиіс.

Центропечатьқа «Экономическая Жизньді» 2 данадан әрбір губерниялық, уездік және болыстық кітапханаға дұрыс жеткізіп тұру, ал осы кітапханаларға — екі дананың екеуін де тігіп, сақтау және оларды бүкіл халықтың пайдалануына беріп отыру міндеті жүктеледі.

1921 ж. 19—20 майда жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНЕН ЖЕРГІЛІКТІ СОВЕТ МЕКЕМЕЛЕРІНЕ ТАПСЫРМА

ЖОБА[99]

Совет республикасының бірінші кезектегі міндеті өндіргіш күштерді қалпына келтіру, ауыл шаруашылығын, өнеркәсіпті және транспортты өрге бастыру болып табылады. Барлық жерлерде империалистік соғыс тудырған күйзеліс пен жоқшылықтың орасан зор екені соншa, бүкіл дүние жүзінде экономикалық дағдарыс асқынып тұр, тіпті өзінің дамуы жағынан соғысқа дейін Россиядан әлдеқайда озық болған және соғыс зардабын анағұрлым кем тартқан алдыңғы қатарлы елдердің өздерінде де шаруашылықты қалпына келтіру ерекше қиыншылықтарға кездесіп, талай ұзақ жылдарға созылғалы отыр. Ал тіпті ең бай деген капиталистік державалармен одақтастық байланысы болуына қарамастан, жеңілген, тәуелді және отар елдерге жүктелген орасан зор алым алып отырғанына қарамастан, көптеген «жеңген» елдердің өзінде де істің жайы осылай болып отыр.

Империалистік соғысты ғана емес, сонымен қатар жұмысшылар мен шаруаларға помещиктер мен капиталистер бүкіл дүние жүзі буржуазиясының көмегімен әкеліп таңған үш жылдан астам азамат соғысын да басынан кешірген, артта қалған Россияға өзінің шаруашылығын өлшеусіз зор қиыншылықтармен қалпына келтіруге тура келетіні түсінікті. 1920 жылы егіннің мүлдем шықпай қалуы, жемшөптің болмауы және малдың қырылуы шаруа шаруашылығын адам төзгісіз ауыр халге ұшыратты.

Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті шығарған заң бойынша салым азық-түлік салығымен ауыстырылды. Егіншінің өзінде қалатын басы артық астықты қандай да болсын бір өнімге айырбастау еркіндігі белгіленді. Халық Комиссарлары Советінің қаулысы бойынша салық мөлшері жарияланды. Салықтың мөлшері, шамамен алғанда, салымнан екі еседей төмен. Халық Комиссарлары Советі кооперация туралы жаңа заң шығарды, ол заңда егіншіліктің артылып қалған өнімдерін айырбастауға еркіндік берілуіне байланысты кооперацияның праволары кеңейтілді[100].

Шаруа шаруашылығының жағдайын дереу жақсарту үшін, шаруалардың жыртылатын жер көлемін кеңейтуге және егіншілік пен мал шаруашылығын жақсартуға деген ынтасын арттыру үшін, ал осымен қатар азық-түліктің, шикізат пен отынның мемлекеттік мол запастарын дайындауға және тасып жеткізуге мұқтаж емес ұсақ, жергілікті өнеркәсіпті көтеру және дамыту үшін бұл заңдар арқылы өте көп нәрселер істелді.

Шаруа шаруашылығын жақсарту, өнеркәсіпті дамыту, егіншілік пен өнеркәсіп арасындағы айналымды жолға қою ісінде жергілікті дербес бастаманың енді ерекше зор маңызы болады. Халық шаруашылығын қалпына келтіруге жаңа күш, жаңа жігер жұмсаудың зор мүмкіншіліктері жасалуда.

Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезінің қаулысы бойынша экономикалық халық комиссариаттарының қызметін біріктіріп және оған бағыт беріп отыруға міндетті Еңбек және Қорғаныс Советі барлық жергілікті мекемелерден: жаңа заңдарды бұлжытпай орындай отырып және бұл ретте төменде баяндалатын негізгі ережелер мен нұсқауларды басшылыққа ала отырып, шаруа шаруашылығын барлық жағынан бірдей жақсартуға және өнеркәсіпті көтеруге барлық күшті салуды және бұл жөнінде жұмысты қалай да кеңінен өрістетуді қатты талап етеді.

Жалпы мемлекеттік көлемде алғанда біздің шаруашылық құрылысымыздың табысты болуының практикалық өлшемі бізде қазір ең алдымен екі түрлі болады: біріншіден, азық-түлік салығын тез, толық, мемлекет-

(Проект)

Наказ от СТО (Совета Труда и Обороны) местным советским учреждениям.

Первоочередной задачей Советской Республики является восстановление производительных сил, подъем сельского хозяйства, промышленности и транспорта. Разорение и обнищание, причиненные всюду империалистской войной, так необычайно велики, что во всем мире свирепствует экономический кризис, и даже в передовых странах, которые до войны были далеко впереди России по своему развитию и которые несравненно меньше пострадали от войны, восстановление хозяйства идет с необычайными трудностями и растягивается на долгий период. И даже теперь ~~[illegible]~~ уже во многих странах „победительницах", несмотря на то, что они связаны союзом с богатейшими капиталистическими державами и получают громадную дань, выкачиваемую из стран побежденных, зависимых и колониальных.

Понятно, что Советской России, которая вынесла не только империалистскую войну, но и три с лишним года гражданской войны, навязанной рабочим и крестьянам помещиками и капиталистами при помощи всемирной буржуазии, приходится с неимоверно большими трудностями восстанавливать свое хозяйство. Тяжелый неурожай 1920-го года, бескормица и падеж скота сделали особенно тяжелым положение крестьянского хозяйства, невероятно разоренного.

По закону, который принят ВЦИКом, разверстка заменена продовольственным налогом. Установлена свобода обмена излишков земледельческих продуктов на всякие продукты. Постановлением Совет-

В. И. Лениннің «Еңбек және Қорғаныс Советінен жергілікті совет мекемелеріне тапсырма. Жоба» деген қолжазбасының бірінші беті.— Май, 1921 ж.

Кішірейтілген

тік тұрғыдан дұрыс жинап алудың табысты болуы; екіншіден — және мұның өзі ерекше маңызды нәрсе — товар айырбасының және ауыл шаруашылық өнімдерін өнеркәсіп өнімдеріне айырбастаудың табысты болуы, егіншілік пен өнеркәсіптің арасындағы айналымның табысты болуы.

Бұл — ең көкейтесті, дереу және қалай болған күнде де қажет нәрсе. Бұл — бүкіл жұмысымызды тексеріп сынау және электрлендірудің ұлы жоспарын жүзеге асыруға негіз қалау болып табылады; ал электрлендіру бізге ашаршылық пен жоқшылықты біржолата және мәңгілік жоярлықтай көлемде және сондай техникалық негізде ірі өнеркәсіп пен транспортты қалпына келтіруімізге мүмкіндік береді.

Азық-түлік салығын 100 процент жинап алу керек және содан кейін, ауыл шаруашылығының басы артық өнімдерін өнеркәсіп бұйымдарына ерікті түрде айырбастау арқылы тағы да сонша азық-түлік өнімдерін жинап алу керек. Әрине, бұл барлық жерде бірдей бірден істеле коймайды, бірақ бұл ең таяудағы міндетті біздің бәріміз де өзіміздің алдымызға қоюға тиіспіз, ал егер шаруашылығымыздың жағдайын дұрыс ұғынып, оны өрге бастырудың дұрыс жолына барлық күш-жігерімізбен түсетін болсақ, біз ол міндетті ең қысқа мерзім ішінде орындай аламыз. Әрбір губернияның, әрбір уездің, әрбір облыстық орталықтың, әрбір автономиялық республиканың барлық жергілікті өкімет орындары, барлық жергілікті мекемелері бірігіп, келісе отырып, өз істерін артық өнімдерді айырбастауды алға бастырарлықтай етіп кеңінен өрістетуге тиісті. Ірі социалистік кәсіпорындардың мемлекеттік өнімдерін өндіру және оларды жеткізіп беруді ұлғайту арқылы бұл айырбасты қаншалық алға бастыруға болатындығын;— жергілікті ұсақ өнеркәсіпті қаншалықты көтермелеп, дамытуға болатындығын;— кооперацияның және мемлекет есебінде тұрған жеке сауданың, кәсіпкерлердің, капиталистердің қандай роль атқаратындығын тәжірибенің өзі көрсетсін,— жергілікті инициатива барынша мол дамытыла отырып, алуан түрлі тәсілдердің бәрі сынап көрілуге тиіс. Біздің ал-

дымызда дүние жүзінің ешбір жерінде әлі сыннан өтпеген жаңа міндет тұр; біз бұл міндетті — ресурстарымызды соғыстан кейінгі күйзеліс дәл есептеуге де, помещиктер мен капиталистерді жеңіп шығу жолында адам айтқысыз ауыр құрбандықтар жасаған жұмысшылар мен шаруалардың қандайлық ауыртпалықты көтере алатынын алдын ала болжауға да мүмкіндік бермей отырған жағдайларда орындағалы отырмыз. Айналымды дерсу өрге бастыру, сөйтіп егіншілікті де, өнеркәсіпті де жандандыру үшін, біз әр алуан тәсілдерді, істі әр түрлі жағынан алып қарауды, капитализмнің белгілі дәрежеде өсек алуынан қорықпай капитал мен жеке саудаға жол берудің әр түрлі дәрежесін батылырақ әрі кеңінен қолдануға тиіспіз, еліміздің қандай ресурстары бар екенін, шаруашылық құрылыстың бұдан былайғы неғұрлым кең көлемді, тиянақты жұмысы үшін, электрлендіру жоспарын жүзеге асыру үшін жұмысшылар мен шаруалардың жағдайын жақсартуға қандай жолмен бәрінен гөрі дұрыс жетуге болатынын практикалық тәжірибенің нәтижелері арқылы есептеп шығаруға тиіспіз.

Салықтан тыс, шаруалар ауыл шаруашылығының басы артық өнімінің қаншасын ұсақ өнеркәсіп және жеке сауда өнімдеріне айырбастады және қаншасын мемлекет жеткізіп берген өнімдерге айырбастады? — шаруашылық құрылыспен шұғылданып жүрген әрбір совет қызметкерінің ең алдымен көңіл бөлуге тиіс болатын екі мәселесі, міне, осы. Біздің неғұрлым келелі табыстарға жетуге тиісті және жұмысымыздың ойдағыдай болып шығу дәрежесін мөлшерлеп отыратын, ал содан кейін онан арғы міндеттерге нақ қалай кірісетінімізді анықтайтын таяудағы басты бағыттарымыз осылар. Жалпы алғанда шаруашылық құрылыстың барлық мәселелері таяуда тұрған осы екі мәселемен үйлестіріле қойылуға тиісті.

Бұл үйлестікті жүзеге асыру үшін, жергілікті жерлердегі бастаманы, дербестікті, жұмыстың құлаш жаюын неғұрлым мол көлемде көтермелеп отыру үшін, ал сонымен қатар орталық аппараттың жұмысын жергілікті тәжірибемен және жергілікті бақылаумен қада-

ғалап отыру үшін және оны керісінше қолдану үшін, сөйтіп қағаз бастылық пен бюрократизмді жою үшін Еңбек және Қорғаныс Советі былай деп қаулы етті (қаулының текстін жеке қараңыз*):

біріншіден, барлық экономикалық халық комиссариаттарының жергілікті органдарының жұмыстарын үйлестіріп отыру үшін барлық жерде экономикалық кеңестер енгізілетін болсын,

және, екіншіден, тәжірибе алмасу, жарысты ұйымдастыру және, ең бастысы, жергілікті жұмыспен және оның нәтижелерімен орталық мекемелердің жұмыс тәсілдерінің және құрылу әдістерінің дұрыстығын тексеру мақсатымен жергілікті экономикалық кеңестер дұрыс есеп беріп отыратын болсын.

Жергілікті экономикалық кеңестер Еңбек және Қорғаныс Советі типінде ұйымдастырылуға тиіс және Еңбек және Қорғаныс Советі Халық Комиссарлары Советімен қандай қатынаста болса, экономикалық кеңестер де жергілікті атқару комитеттерімен сондай қатынаста болуға тиіс. Еңбек және Қорғаныс Советі Халық Комиссарлары Советінің комиссиясы правосында жұмыс істейді; Еңбек және Қорғаныс Советі мүшелеріп Халық Комиссарлары Советінің мүшелерінен іріктеп алған жағдайда, екі мекеменің жұмысы мейлінше толық сәйкеседі, олардың арасында егестер болу мүмкіншілігінің бәрі жойылады, жұмыс тездеп, аппарат ықшамдалады, өйткені Еңбек және Қорғаныс Советі ешқандай аппарат құрып жатпайды, ол жұмысын ведомстволардың аппараттары арқылы істейді, оларды ықшамдауға, өзара үйлестіріп отыруға тырысады.

Губерниялық экономикалық советтер де Губерниялық атқару комитеттерімен осындай қатынаста болуға тиіс; практика жүзінде істің жайы нақ осылай болып қалыптасуда. Мұнымен бірге Еңбек және Қорғаныс Советі облыстық және өлкелік экономикалық советтердің мүшелері мен председателін бекітерде жергілікті қызметкерлердің тәжірибесін ескеруге және олармен кеңеспейінше бекітпеуге тырысады. Сөз жоқ,

* Қараңыз: осы том, 294—296-беттер. *Ред.*

Облыстық экономикалық советтер өздерінің жұмыстарын Губерниялық экономикалық советтермен үйлестіріп отыруға ұмтылуға тиіс және ұмтылып отырады да; олардың жұмысқа мүмкіндігінше толығырақ қатысуын, жұмыс жайынан хабардар болуын және жұмысқа ынталылығын қамтамасыз етіп отырады. Осындай өзара қатынастардың бәрін қазірден бастап белгілеп алуға тырысу мезгілді бола қояр ма екен: тәжірибе болса әлі аз, мұндай белгілеп алуға тырысушылықтан нағыз бюрократтық творчество туындап кетуі мүмкін. Лайықты қатынас формаларын жасауды әуелі практикаға беру тиімдірек болар (Еңбек және Қорғаныс Советі, шынында ешбір конституциясы болмай-ақ, Халық Комиссарлары Советімен бір жылдай қатар жұмыс істеп келді). Бұл формалардың алғашқы кезде мейлінше тұрақты емес болғанының өзі жақсы: өзара қатынастардың әр қилы жүйелерін дәлірек зерттеп, толығырақ салыстыру үшін әр түрліліктің болуы керек, пайдалы, тіпті қажет.

Уездік және болыстық экономикалық советтер де осы негіздерде — әлбетте, негізгі типтің түр жағынан өзгеруінің қандайына болса да жол бере отырып, құрылуға тиісті, яғни атқару комитеттері Экономикалық кеңестердің міндеттері мен істейтін істерін түгелімен өздеріне алуларына болады, өздерінің «басқарушы» немесе «экономикалық» мәжілістерін Экономикалық кеңестерге теңдестіре алады, Экономикалық кеңестердің міндеттерінің бәрін немесе кейбіреулерін орындау үшін (мысалы, болыстарда, ал кейде уездерде де) арнаулы комиссиялар немесе тіпті арнайы тағайындалған жеке адамдар бөле алады, тағы басқа да сол сияқтыларды істей алады. *Селолық комитеттер*[101] төменгі ұя болуға тиісті, олар Еңбек және Қорғаныс Советінің деревнядағы төменгі органдары болуға тиісті. Селолық комитеттердің праволарын тиісінше кеңейту туралы және олардың селолық совдептермен өзара қатынастарын белгілеу туралы заң қазірдің өзінде Халық Комиссарлары Советінде бекітіліп, 1921 жылы май айында жарияланды. Жалпы алғанда «жергілікті жерлердің», *әсіресе* төменгі ұялардың дербестікке талпынған

бастамасының өрісін тарылту арқылы емес, қайта міндетті түрде *кеңіте отырып*, осы жердің ыңғайына негұрлым қолайлырақ келетін ережелерді белгілі бір дәрежеде алдын ала белгілеу Губерниялық атқару комитеттерінің міндетіне жатады.

Өнеркәсіпті уездер мен мекендерде Еңбек және Қорғаныс Советінің төменгі органдары аудандық комитеттер және — өнеркәсіптің бір саласымен немесе бірнеше саласымен істес болуға тура келуіне қарай — фабрикалық комитеттер немесе фабрикалар мен заводтардың басқармалары болуға тиіс. Қалай болған күнде де уездік атқару комитеттерімен, болыстық атқару комитеттерімен, селолық комитеттермен жұмысты *біріктіру бүкіл* жергілікті шаруашылық өмірге басшылық ету шаралары үшін қажетті, белгілі бір формада, сөзсіз керек нәрсе.

Сонан соң. Еңбек және Қорғаныс Советінің алдында жергілікті органдардың дұрыс есеп беріп отыруы жөніндегі мәселе ерекше зор маңыз алып отыр, өйткені біз зардабын тартып жүрген басты қырсықтардың бірі — практикалық тәжірибені зерттеудің, тәжірибе алмасудың,— орталықтың жарлықтарын жергілікті жерлердің практикасы арқылы және жергілікті жерлердің практикасын орталықтың басшылығы арқылы — өзара бақылаудың жеткіліксіздігінде болып отыр. Бюрократизмге және қағаз бастылыққа қарсы күресудің ең маңызды шараларының бірі — орталықтың шығарған заңдары мен берген жарлықтарының орындалуын жергілікті жерлердің тексеріп отыруы болып табылады, мұның үшін, *партияда жоқтар* мен ведомствода жұмыс істемейтін адамдардың *қатысуын* міндетті түрде *кеңейте отырып, жалпыға мәлімдеу үшін* басып шығарылатын есептер болуы керек. «Наше Хозяйство» сияқты журнал, «Тверь губерниялық экономикалық советінің екі аптада бір рет шығатын органы» (№ 1, 15. IV. 1921 ж.; № 2, 30. IV. 1921 ж.) біздің шаруашылық тәжірибеміздің қорытындыларын зерттеу, баяндау, жариялау қажеттігінің жергілікті жерлерде ұғынылып отырғанын және оны қанағаттандырудың дұрыс жолдары табылып отырғанын көрсетеді.

Әрине, журнал шығару, ең кем дегенде жақын айлардың ішінде әрбір губернияның қолынан келе бермейді, барлық жерде бірдей Тверьдің басып шығарғанындай, айына екі рет 3000 данадан басып шығара алмайды. Бірақ әрбір губернияда ғана емес, сонымен қатар әрбір уезде де жергілікті экономикалық жұмыс туралы есепті екі айда бір рет (бастапқы кез үшін, ерекшелік ретінде, одан да көбірек уақыт беруге болады) жасап, оны, айталық, 100—300 дана етіп бастырып шығаруға болады,— және солай етуге тиіс те. Егер біз ондай жұмыстың маңыздылығы мен кешіктіруге болмайтындығын, талай керегі жоқ немесе шұғыл мұқтаж емес нәрселерді басып жатқан көптеген ведомстволардан осы қажетті қанағаттандыру үшін қағаз алу қажеттігін түсінетін болсақ, бұл сияқты шағын жұмысқа қағаз бен баспахана әр жерден де сөзсіз табылады. Егер ұсақ әріппен теретін болсақ; егер 2 бағана етіп (Тверьдегі жолдастардың істегеніндей) бастыратын болсақ; егер әрбір губерниялық кітапханаға және жалпы мемлекеттік ірі-ірі кітапханалардың әрқайсысына бір-бірден жеткізген жағдайда тіпті жүз дананың өзі-ақ тәжірибені *бүкіл россиялық* көлемде хабарлап, есепке алуға, рас, шамалы ғана, бірақ дегенмен *күмәнсыз* мүмкіндік беретіні жөніндегі қарапайым ақиқатты түсінетін болсақ,— онда мұның жүзеге асырылатындығы мен кешіктіруге болмайтындығы айқын болып шығады.

Тәжірибені шындап есепке алып отыру, шындап тәжірибе алмасып отыру, партияда жоқтардың ішінен ең көрнекті және қабілетті ұйымдастырушылардың бәрін жұмысқа тарту, міне осының бәрі тіпті азғантай данамен болса да есептерді дұрыс басып шығарып отырмайынша мүмкін емес. Мұны істеуге болады және бұл дереу істелуге тиісті.

Есептерді жасаған кезде қойылған сұрақтарға берілетін жауаптың мейлінше қысқа болуын оның дәл болуымен ұштастырып отыру қажет. Сұрақтар төрт топқа бөлінеді: сұрақтардың бірінші тобын алсақ, бұл — әсіресе қазіргі уақытта бірінші орынға қойылып отырған сұрақтар. Бұларға жауап беру әрбір есепте

міндетті және ол өте дәл, мейлінше толық болуы керек. Мұның қажетті болатын себебі әсіресе мынада: уездердің басым көпшілігі үшін сұрақтардың бұл тобының нақ қазіргі кезеңде ерекше көкейтесті, күнделікті маңызы бар. Ал уездер мен аудандардың азшылығы үшін, атап айтқанда, бірыңғай өнеркәсіпті уездер мен аудандар үшін, бірінші кезекке басқа сұрақтар қойылады. Сұрақтардың екінші тобын алсақ, бұл — әрбір есепте бұларға да міндетті түрде жауап берілуі керек сұрақтар, бірақ ол көбіне-көп тиісті ведомстволарға тапсырылып қойған есептердің қысқаша ақпары түрінде берілуі керек және солай берілуге тиіс сұрақтар. Мұндай реттердің бәрінде де Еңбек және Қорғаныс Советіне берілетін есепте міндетті түрде: есептер пәлен уақытта, пәлендей мекемеге жіберілді, істелген жұмыстың қысқаша қорытындысы бұл есептер бойынша мынадай цифрлармен сипатталады деп көрсетілуге тиіс. Бұл сияқты жауаптар Еңбек және Қорғаныс Советіне жекелеген ведомстволарды тексеру үшін де, азық-түлік, отын, өнеркәсіп және басқа салада қол жеткен нәтижелерді көрсететін қорытынды цифрларды алу үшін де қажет болады. Сұрақтардың үшінші тобын алсақ, бұл — әрбір есеп сайын жауап берілуі міндетті *емес* сұрақтар. Бұл сұрақтарға жауап беру ең бастапқысында, яғни бірінші есепте міндетті нәрсе; ал келесі есептерде жаңа материалдың жиналуына қарай тек қосымшасы, жаңасы ғана көрсетіліп отырады. Әрбір екі ай сайын көбінесе бұл сұрақтарға жауап берерлік еш нәрсе болмай да қалады. Сұрақтардың төртінші тобы — әр алуан қосымша сұрақтар; бұлар күн ілгері көрсетілмейді, орталық тарапынан қойылмайды, сол жергілікті жерлердің өзінде туады. Сұрақтардың бұл тобын, ешбір шектеусіз, сол жергілікті мекемелердің өздері жасауға тиіс. Әлбетте, мемлекеттік құпия болып табылатын (әскери немесе әскери операцияларға және мемлекетті қорғауға байланысты, т. т.) сұрақтар, жариялауға жатпайтын, жасырын есеп ретінде тек Еңбек және Қорғаныс Советіне ғана арналған ерекше есеп етіп бөлінуге тиіс.

Сұрақтар тізбесіне келейік:

СҰРАҚТАРДЫҢ БІРІНШІ ТОБЫ

1. ШАРУАЛАРМЕН ТОВАР АЙЫРБАСЫ

Бұл — қазіргі уақытта өзінің маңыздылығы және зәрулігі жағынан бірінші мәселе. Біріншіден, армия мен қала жұмысшыларын азық-түлікпен толық және дұрыс жабдықтамайынша мемлекет жалпы шаруашылық құрылысын жүргізе алмайды, ал товар айырбасы азық-түлікті жинаудың басты құралы болуға тиіс. Екіншіден, товар айырбасы — өнеркәсіп пен егіншіліктің өзара дұрыс қатынаста болуын тексеру, ал сондай-ақ азды-көпті дұрыс жүргізілетін ақша жүйесін жасау жөніндегі барлық жұмыстардың негізі. Қазір барлық экономикалық советтердің, барлық шаруашылық құрылыс органдарының басты назары товар айырбасы туралы мәселеге (бұған өнім айырбасын да қосу керек, өйткені мемлекеттік өнім — социалистік фабриканың шаруа азық-түлігіне айырбасталып отыратын өнімі, бұл саяси-экономикалық мағынадағы товар емес, қалай болған күнде де тек товар ғана емес, қазірдің өзінде товар емес, товар болудан қалады), товар айырбасы туралы мәселеге аударылуға тиіс.

Товар айырбасына әзірлік ше? Бұл әзірлік үшін атап айтқанда не істелді?— Азық-түлік комиссариаты не істеді?— Кооперация не істеді? Кооперацияның бұл үшін ашқан дүкендерінің саны қанша? Әрбір болыста бар ма? Қанша селода бар? Товар айырбасы үшін қор бар ма? «Еркін» рыноктағы бағалар қандай? Астықтың және басқа ауыл шаруашылық өнімдерінің басы артығы қанша? Товар айырбасы жөнінде тәжірибе бар ма, болса нақ қандай? Қорытындылар мен нәтижелер қандай? Товар айырбасы қоры мен азық-түлікті талан-таражға салушылыққа қарсы күрес қандай? (*әрбір* талан-таражға салушылықтың *өзін* талдап қарауды талап ететін ерекше маңызды пункт).

Товар айырбасы бұйымдары ретінде тұз бен керосин ше? Кездеме ше? Басқа өнімдер ше? Бәрінен де гөрі мұқтаж нәрсе не? Шаруаға бәрінен де гөрі жетіспей отырған нәрсе не? Жергілікті, ұсақ, майдагерлік өнді-

ріс не бере алар еді? Немесе жергілікті өнеркәсіпті дамыту не бере алар еді?

Товар айырбасын жолға қою мен оның қорытындыларына қатысты цифрлар мен фактілердің жалпы мемлекеттік тәжірибені қолдану үшін өте зор маңызы бар.

Товар айырбасына бақылау жасап, оны қадағалап отырушы орган ретіндегі Азық-түлік комиссариаты мен товар айырбасын жүзеге асырып отырушы орган ретіндегі кооперацияның арасындағы арақатынастар дұрыс па? Бұл өзара қатынастар практикада нақ қандай болып отыр? жергілікті жерде іске асырылуы қандай болып отыр?

Товар айырбасында жеке сауданың ролі қандай? Жеке сауда атап айтқанда қаншалықты дамыды немесе дамып келеді? Саудагерлердің саны, басты-басты өнімдер жөнінде олардың айналымы қандай? әсіресе, азық-түлік өнімдері жөнінде айналымы қандай?

2. МЕМЛЕКЕТТІҢ КАПИТАЛИСТЕРГЕ КӨЗҚАРАСЫ

Товар айырбасы мен сауда еркіндігі капиталистер мен капиталистік қатынастардың сөзсіз пайда болуы деген сөз. Бұдан қорқатын ештеңе жоқ. Ұсақ өндіріс жағдайында пайдалы және қажетті болатын бұл қатынастардың дамуына *мөлшерлі шамада ғана* жол беріп отыру үшін және бұл қатынастарды бақылап отыру үшін жұмысшы мемлекетінің қолында жеткілікті құрал бар. Қазір істің бәрі атап айтқанда осы құбылыстың көлемін дәл зерттеуде және мемлекет тарапынан бақылау мен есепке алудың қолайлы (қысым жасалмайтын, дұрысырақ айтқанда: тыйым салынбайтын) тәсілдерін табуда болып отыр.

Салымды салықпен ауыстыруға байланысты жекеше сауда нақ қаншалықты дамып отыр? Есепке алуға келе ме, жоқ па? Тек қапшықшылық сауда ғана бола ма немесе дұрыс сауда да бола ма? Оны тіркеу және тіркеудің қорытындысы қандай?

Кәсіпкерлік: капиталистер мен кәсіпкерлер тарапынан белгілі бір кәсіпорындарды немесе өндіріс орындарын арендаға алу жөнінде ұсыныс жасалған жағдайлар болды ма? немесе сауда орындарын арендаға

алу жөнінде ұсыныс болды ма? Бұл жағдайларды дәл есептеу және оларды талдап қарау жайы қалай? Сауда операцияларының қорытындыларын, шамамен болса да, анықтау қалай жолға қойылған? Сондай-ақ — арендаторлардың, комиссионерлердің, егер ондайлар бар болатын болса, есеп беруі қалай жолға қойылған?

Комиссиялық сипаттағы ұсыныстар болды ма? Өнімдер жинау, оларды процент беріп мемлекет пайдасына сатып алу қалай? Немесе сату және бөлу жайы қалай? Немесе өнеркәсіп орындарын ұйымдастыру қалай?

Майдагерлік өнеркәсіп, азық-түлік салығынан кейін оның жайы қалай өзгерді? Жалпы алғанда оның даму дәрежесі қандай? Деректердің алынған көзі?

3. ТОВАР АЙЫРБАСЫ МЕН ЖАЛПЫ ШАРУАШЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫС ІСІНДЕ ДЕРБЕС БАСТАМАНЫ КӨТЕРМЕЛЕУ

Бұл мәселе алдыңғы мәселемен тығыз байланысты. Бастаманы көтермелеушілік көбінесе капиталистік қатынастармен байланысты болмауы да мүмкін. Бұл көтермелеушілікті қалайша іске асыру керек? — деген мәселе экономикалық советтердің және жалпы алғанда барлық шаруашылық құрылыс органдарының алдына қойылуға тиіс. Бұл міндет жаңа міндет болғандықтан, қазір әбден айқын нұсқаулар беруге бола қояр ма екен. Бар мәселе мынада: бұл мәселеге барынша көңіл бөлу керек, шаруашылық бастаманың қандайын болса да көтермелеу керек, практикалық тәжірибені мұқият зерттеп, онымен бүкіл мемлекетті таныстыру керек.

Мемлекетке салық төлейтін және мемлекетпен, социалистік фабрикамен товар айырбасын жасайтын ұсақ егінші дегеніміз мемлекеттен немесе оның нақ жергілікті органдарынан бастаманы, инициативаны жан-жақты көтермелеп отыруды сөзсіз талап ететін шаруашылық жағдай. Жергілікті мекемелердің байқаулары мен тәжірибесін алмастырып отыру материалдар жинастырып алуға мүмкіндік береді және алдағы уақытта, бәлкім, бұл жалпылама және жеткіліксіздеу

анықталған мәселені бірқатар мысалдармен және егжей-тегжейлі нұсқаулармен толықтыруға мүмкіндік берер.

4. ЖЕРГІЛІКТІ ӘКІМШІЛІК ОРЫНДАРДЫҢ: БОЛЫСТАРДЫҢ, УЕЗДЕРДІҢ, ГУБЕРНИЯЛАРДЫҢ ІШІНДЕГІ ӘР ТҮРЛІ ВЕДОМСТВОЛАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСЫН ҮЙЛЕСТІРУ

Жергілікті жерлердегі әр түрлі ведомстволардың жұмысында үйлесімнің жоқтығы — шаруашылық құрылысқа кедергі жасап отыратын үлкен қырсықтың бірі. Бұл мәселеге өте-мөте көңіл бөлу керек. Экономикалық советтердің міндеті — осы үйлесімсіздікті жою, жергілікті мекемелердің дербестігін дамыту. Істің жақсылап жолға қойылуына жету үшін және табыстың мысалдарын бүкіл жұртқа үлгі ету үшін практикалық мысалдар жинақталып отыруға тиіс. Азық-түлікке аса мұқтаж болған жағдайда, мысалы, жергілікті жерлердің жиналған астықты өз билігімен жұмсауын қатаң шектеу табиғи және сөзсіз нәрсе болды. Тиісінше бақылай отырып және астық запастарының көбеюіне қарай бұл дербестікті арттыра түсу керек. Мұнымен бюрократизмді азайтуға, тасымалды кемітуге, өндірісті көтермелеуге, шаруалар мен жұмысшылардың жағдайын жақсартуға болады және солай болуға да тиіс. Азық-түлік — жергілікті ұсақ өнеркәсіп — отын — жалпы мемлекеттік ірі өнеркәсіп, т. б., осы салалардың бәрі өзара тығыз байланысты, сондықтан олардың мемлекеттің басқаруы үшін қажетті «ведомстволық» бөлінулері келісіп істеушілік жөнінде, талас-тартыстарды, қағаз бастылықты, ведомстволық тар өрістілікті, үстіртіндікті жою жөнінде үнемі жұмыс жүргізіліп отырмайтын болса, зиян келтіреді. Жергілікті жерлерде, жұмысшылар мен шаруалар бұқарасына жақын жерлерде, бұл кемшіліктер айқынырақ көрінеді, сондықтан сол жергілікті жерлер — тәжірибе алмасу арқылы — бұл кемшіліктермен ойдағыдай күресудің тәсілдерін жасауға тиіс.

Жергілікті совхоздардың, орман комитеттерінің, уездік жер бөлімдерінің, халық шаруашылық советте-

рінің және тағы басқалардың қызметтерін үйлестіру жұмысы нақ неде, нақ қалайша болды? — міне осындай сұраққа дәл, мұқият және толық жауаптар сөзсіз қажет.

Жергілікті жерлерді орталықтың бұйрығына қарамастан және орталыққа нұқсан келтіре отырып, қанағаттандырған қызметкерлер қалай жазаға тартылды? Жазаға тартылғандардың аты-жөні кім? Ондай тәртіп бұзушылық жағдайлар азайып келе ме? Жаза қолдану шарасы арттырылып келе ме, нақ қалайша арттырылып келеді?

5. ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫН ЖАҚСАРТУ ЖӘНЕ 6.— ШАРУАЛАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫН ЖАҚСАРТУ

Шаруашылық құрылыстың барлық табыстары жұмысшылар мен шаруалардың жағдайын жақсартады. Бірақ, біріншіден, ведомствошылдық және келісіп істеудің жоқтығы бұл жерде де көп зиян келтіреді. Ал, екіншіден, бұл салада қол жететін нәтижелерді зер сала қадағалап отыру үшін бұл мәселелерді ерекше бөліп алу қажет. Атап айтқанда не нәрсеге қол жетті? Нақ қалайша жетті? Бұл сұрақтарға жауап беру қажет болады.

Көп жылдық соғыстың, әуелі империалистік, сонан кейін азамат соғысының салдарынан шаршап-шалдығудың, ал екінің бірінде әбден титықтаудың меңдегені сонша, жұмысшылар мен шаруалардың жағдайын жақсарту үшін ерекше күш салу сөзсіз қажет. Тіпті біздің қолымызда қаржы тапшы болып отырған жағдайда да істеуге болатын және істелуге тиісті нәрселердің әлі орасан көбі істелінбей жатыр. Мекемелер мен ведомстволардың бәрі бірдей бұл мәселеге барлық назарын аударып отырған жоқ. Сондықтан бұл жөніндегі жергілікті тәжірибені жинап, зерттеп отыру — нағыз шұғыл қажет нәрсе. Бұл мәселе жөніндегі есептер барынша дәл, барынша толық және барынша ұқыпты есептер болуға тиіс: сонда қай жер немесе қандай ведомстволардың ең артта қалып отырғандығы бірден көрінеді. Сонда күш-жігерді біріктіре отырып, жағдайды жылдамырақ жақсартуға болады.

7. ШАРУАШЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫСТАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҚАТАРЫН КӨБЕЙТУ

Бұл көбейтуге біз өте ділгерміз, ал біз осындай көбейтуге жетуге күш салуда жүйеліліктің мүлде аз екендігін байқап отырмыз. Капитализм тұсында жекелеген «қожайындар» — басқаларға білдірмей және оларды аяқтан шала отырып — өздеріне жақсы приказчиктер, басқарушылар, директорлар тауып алуға тырысатын еді; мұнымен олар ондаған жылдар бойы шұғылданатын еді, сөйтсе де тек жұмысын жақсы жолға қойған аздаған «фирмалар» ғана жақсы нәтижелерге жететін еді. Енді жұмысшы-шаруа мемлекеті «қожайын» болып отыр, сондықтан ол шаруашылық құрылысқа ең таңдаулы қызметкерлерді, арнаулы және жалпы, жергілікті және жалпы мемлекеттік көлемдегі әкімшілік басшылары мен ұйымдастырушыларды іріктеп алу ісін кеңінен, жоспарлы, жүйелі түрде *және ашық* жүргізуге тиісті. Біз әлі Совет өкіметінің алғашқы кезеңінің, атап айтқанда: кескілескен азамат соғысы мен аласұрған саботаж кезеңінің мұрасын, партияда жоқтарды жеткілікті мөлшерде іске тартудан қорқып немесе тарта білмей, коммунистердің өздері шағын билеушілер тобы болып оқшауланып жүргенін көрсететін мұраны екінің бірінде көріп отырмыз.

Бұл кемшілікті жөндеу жұмысын тез қолға алып, бұған барлық күшті салу керек. Жұмысшылар мен шаруалар бұқарасының және интеллигенттердің арасынан партияда жоқ талай қабілетті және адал адамдар шығып отырады, қажетінше бақылап, бағыт беріп отыру ісін коммунистерге жүктеп, оларды шаруашылық құрылыстағы неғұрлым ірі қызметтерге қою керек. Ал, екінші жағынан, коммунистерді партияда жоқтардың бақылауы да керек; мұның үшін өзінің адалдығы жағынан сыналған партияда жоқ жұмысшылар мен шаруалар топтарын Жұмысшы-Шаруа инспекциясына да тарту керек және жұмысты тексеру мен бағалау ісіне еш бір лауазымсыз-ақ былайынша да тартып отыру керек.

Жұмысшы және шаруа бұқарасының құрамын

жұрттың бәрінен де гөрі жақсы білетін жергілікті мекемелер, әсіресе болыстар, уездер, аудандар өздерінің Еңбек және Қорғаныс Советіне жіберген есептерінде жұмыста адалдығын дәлелдеген немесе партиялық емес конференцияларда өзін былайша көрсеткен немесе заводтың, селоның, болыстың, т. б. алдында құрмет-беделге сөзсіз ие болып отырған партияда жоқтардың *тізімдерін* беруге тиіс,— және сонан кейін бұл адамдардың шаруашылық құрылыс саласындағы қандай жұмысқа тартылатындығын көрсетуге тиіс. Белгілі бір лауазымдарда болуды да, *ешбір лауазымсыз-ақ бақылауға немесе тексеруге қатысуды* да, үнемі өткізілетін ресми емес кеңестерге және т. с. қатысып отыруды да «жұмыс» деп түсіну керек.

Бұл жөніндегі сұрақтарға міндетті түрде үнемі жауап беріліп отыру керек. Мұнысыз социалистік мемлекет бұқараны шаруашылық құрылысқа тарту ісін дұрыс жолға қоя алмайды. Адал, шын берілген жаңа қызметкерлер бар. Олар партияда жоқтардың арасында көп. Біз оларды білмейміз. Тек жергілікті есептер ғана оларды білуімізге, неғұрлым кең, бірте-бірте ұлғайтыла түсетін жұмыста сынауымызға көмектеседі, коммунистік ұялардың бұқарадан қол үзуі сияқты қырсықты жоюымызға көмектеседі, ал бұл қырсықтың көп жерлерде бар екені байқалып отыр.

8. БЮРОКРАТИЗМГЕ ЖӘНЕ ҚАҒАЗ БАСТЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕСТІҢ ТӘСІЛДЕРІ МЕН НӘТИЖЕЛЕРІ

Алғашқы кезде бұл сұраққа берілетін жауаптардың көпшілігі өте қарапайым ғана болуы; ешқандай тәсілдер де, ешқандай нәтижелер де жоқ делінуі ықтимал. Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезінің шешімдері оқылды да ұмытылды ғой.

Бірақ егер істің жайы бұл жағынан өкінішті болатын болса, онда біз торығып, қолын бір-ақ сілтейтіндердің үлгісіне ешбір еліктей алмаймыз. Бюрократизм мен қағаз бастылықтың Россияда мәдениет деңгейіне және соғыстың әлегінен болған барынша күйзелушілік пен қайыршылану салдарына бәрінен де гөрі көбірек байланысты екенін біз білеміз. Тек

ұзақ талай жылдар бойына орасан зор табандылық көрсеткен жағдайда ғана мұндай қырсыққа қарсы күрес жемісті болып шыға алады. Сондықтан торығушылыққа салынбай, жұмысты қайта-қайта бастап отыру керек, тоқтап қалған жұмысты қайта жаңғыртып отыру керек, мақсатқа жетудің әр түрлі әдістерін сынап отыру керек.

Жұмысшы-Шаруа инспекциясын қайта ұйымдастыру; партияда жоқтарды осы инспекция арқылы да, одан тыс та жұмысқа тарту; сот арқылы қудалау; қызметшілердің санын қысқарту және оларды іріктеу; ведомстволардың жұмысын тексеру және үйлестіру, тағы басқалар және тағы сондайлар. Міне бұл шаралардың бәрі, Советтердің VIII съезінің шешімінде көрсетілген нәрселердің бәрі; баспасөзде көрсетілген шаралар мен тәсілдердің бәрі үнемі, бұлжымай, қайталанып және сан рет сыналып, салыстырылып, зерттеліп отыруға тиіс.

Жергілікті жерлердегі шаруашылық құрылыс жұмысын біріктіріп және бағыттап отыратын губерниялық экономикалық советтер және басқа органдардың бәрі заң белгілеген және практикалық тәжірибе көрсеткен шаралардың орындалуын талап етіп отыруға тиіс. Жергілікті тәжірибе жинақталып отыруға тиіс. Жауапты дәл, толық және мезгілімен беруге дағдыландыру алғашқы кезде қаншама қиын болғанмен де аталып өткен сұраққа жауап Еңбек және Қорғаныс Советіне жеткізіліп отыратын болсын. Еңбек және Қорғаныс Советі мұны істетеді. Сондықтан нақтылы шараларды қолдану жөніндегі қажырлы, табанды еңбектің орнына «бюрократизмге қарсы күресті» әрдайым жел сөзге (немесе ақ гвардиялық-эсерлік, соның ішінде меньшевиктік өтірік-өсекті қайталауға) айналдыратын адамдардың күтетініндей сонша тез болмағанымен де бұл жұмыстың жақсы нәтижелер беретіндігі күмәнсыз.

СҰРАҚТАРДЫҢ ЕКІНШІ ТОБЫ

9. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ӨРГЕ БАСТЫРУ: а) ШАРУА ШАРУАШЫЛЫҒЫ; б) СОВХОЗДАР; в) КОММУНАЛАР; г) АРТЕЛЬДЕР; д) СЕРІКТІКТЕР; е) ҚОҒАМДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚТЫҢ БАСҚА ТҮРЛЕРІ

Ведомство бойынша жіберілген есептердің цифрлары арқылы ең қысқа қорытындылар жасалсын, әрбір есептің жіберілген уақыты көрсетілсін.

Жергілікті шаруашылықтың аса маңызды жақтары туралы, тексерулердің қорытындылары туралы, нәтижелері міндетті түрде тексерілген аса маңызды шаралар туралы негұрлым толық мәліметтер — әрбір есепте, емес, мезгіл-мезгіл 4—6 айдан кейін, т. т.— беріліп тұрсын.

Колхоздардың (коллективтік шаруашылықтардың, *б — е)* барлық түрлерінің саны туралы дәл мәліметтер жылына кем дегенде 2 рет міндетті түрде беріліп тұрсын, мұнда жұмысы айтарлықтай жақсы, орташа және нашар жолға қойылған колхоздар топ-топқа бөлініп көрсетілсін. Осы соңғы айтылған үш топтың әрқайсысынан ерекше сипатты шаруашылықтың біреуі кем дегенде жылына екі рет толық суреттелетін болсын, сол суреттеліп отырған шаруашылық туралы барлық деректер, оның көлемі, орналасқан жері, өндірісінің қорытындысы, одан шаруа шаруашылығына тиген көмек, т. б. дәлме-дәл көрсетілсін.

10. ӨНЕРКӘСІПТІ ӨРГЕ БАСТЫРУ: а) ОРТАЛЫҚТЫҢ ҒАНА ҚАРАУЫНДАҒЫ ІРІ ӨНЕРКӘСІПТІ; б) ІШІНАРА НЕМЕСЕ БҮТІНДЕЙ ЖЕРГІЛІКТІ ОРГАНДАРДЫҢ ҚАРАУЫНДАҒЫ ІРІ ӨНЕРКӘСІПТІ; в) ҰСАҚ, МАЙДАГЕРЛІК, ҮЙДЕГІ ӨНЕРКӘСІПТІ, т. с. ӨРГЕ БАСТЫРУ

Мұның жауаптары да дәл осыдан бұрынғы пункттегі түрде берілуі керек. Мұндағы *а* категориясы жөнінде жалпы мемлекеттік ірі кәсіпорынның өмірі мен жұмысын, оның төңірегіндегі халыққа тигізген ықпалын, оған халықтың көзқарасын жақыннан, тікелей байқап отырған жергілікті органдар осы кәсіпорындар туралы, жергілікті органдар оған немен көмек көрсетіп отырғаны туралы, бұл көмектің қорытындысы қан-

дай екені, ондай кәсіпорындардың жергілікті халыққа көрсететін көмегі қандай екені, ондай кәсіпорындардың ең үлкен мұқтаждары қандай екені, оларды жолға қоюдағы кемшіліктер, т. б. туралы мәліметтерді әрбір есеп берген сайын міндетті түрде хабарлап отыруға тиіс.

11. ОТЫН: а) АҒАШ ОТЫН; б) КӨМІР; в) МҰНАЙ; г) СЛАНЕЦ; д) ОТЫННЫҢ БАСҚА ТҮРЛЕРІ (ЖЕРДЕ ЖАТҚАН ОТЫНДАР, т. т.)

Осының алдында келтірілген екі сұрақтағы сияқты: ведомство бойынша тапсырылған есептердің цифрлары арқылы ең қысқа қорытындылар жасалсын, бұл есептердің тапсырылған уақыты міндетті түрде көрсетілсін.

Ерекше маңызды нәрсе жөнінде, ведомствоның шеңберінен шығып кететін нәрсе жөнінде, жергілікті жерде жұмысты келісіп істеушілік, т. т. жөнінде толық мәліметтер берілсін.

Әсіресе отынды үнемдеуге барынша көңіл бөлінуге тиіс. Қандай шаралар қолданылып жатыр? Олардың нәтижелері қандай?

12. АЗЫҚ-ТҮЛІК

Азық-түлік комиссариатына берілген есептердің жалпы қорытындылары жасалсын және жоғарыда көрсетілген шарттар сақталсын.

Огород шаруашылығы және қала төңірегіндегі (фабрика, завод жанындағы) егіншілік. Оның нәтижелері.

Мектеп оқушылары мен балалар тамағын, асханаларды, жалпы қоғамдық тамақты, т. с. ұйымдастыру жөніндегі жергілікті тәжірибе.

Екі цифр: азық-түлік алған адамдардың саны мен әрбір екі ай сайын берілген азық-түлік мөлшерін көрсететін деректердің ақпары міндетті түрде берілсін.

Әрбір тұтынушы ірі орталықта (үлкен қала, орташа қала, ерекше поселкедегі әскери мекемелер, т. б.) біз көптеген масыл адамдарды, жағынып еніп кеткен чиновниктерді, жасырынып жүрген буржуйлар мен жалдаптарды, т. б. асырап отырмыз. «Еңбек етпеген, ішіп-

жемейді» деген негізгі заңды бұзып жүрген ондай «масылдарды» үнемі «ұстап» алып отыру керек. Мұның үшін әрбір осы сияқты жерде жауапты статистик тағайындалуға тиіс, ол статистик 1920 жылғы 28 августағы санақ деректері мен күнделікті статистиканың деректерін зерттеп, масылдар туралы әрбір екі айда бір рет қолын қойып есеп беріп отыруға міндетті.

13. ҚҰРЫЛЫС ӨНЕРКӘСІБІ

Мұның жауаптары да алдыңғылар түрінде беріледі. Бұл салада жергілікті жерлердің бастамасы мен дербестігінің ерекше маңызы бар және олар айрықша кеңінен қолданылуға тиіс. Бұл салада жасалған аса маңызды шаралар туралы және олардың нәтижелері туралы толық мәліметтер міндетті түрде беріліп отыруы керек.

14. ҮЛГІЛІ ЖӘНЕ ҮМІТ АРТУҒА БОЛМАЙТЫН КӘСІПОРЫНДАР МЕН ӨНДІРІС ОРЫНДАРЫ

Шаруашылық құрылыспен байланысы бар және үлгілі, не тым болмаса үздік немесе (егер бірде-бір үлгілісі және бірде-бір үздігі жоқ болса) ойдағыдай істеп отырған деп атауға тұратын әрбір кәсіпорынды, өндіріс орнын, мекемені міндетті түрде суреттеу. Ондай мекемелер басқармасының құрамы (аты-жөні). Оның жұмыс тәсілдері. Нәтижелері. Жұмысшылар мен халықтың оған көзқарасы.

Үміт артуға болмайтын және пайдасыз кәсіпорындар жөнінде де осылай.

Міндетті түрде қажет емес кәсіпорындарды (үміт артуға болмайтын кәсіпорындарды; істейтін жұмысын саны аз неғұрлым ірі кәсіпорындарға беріп, жабуға болатын кәсіпорындарды, т. с.) жабу туралы мәселенің айрықша маңызы бар. Сондай кәсіпорындардың, «керексіз» өндіріс орындарының статистикалық есебі, олардың саны, солардан республиканы арылтудың бірте-бірте жүзеге асырылуы.

15. ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАҒЫ ЖАҚСАРУЛАР

Жеке өнертапқыштардың, ерекше қызметкерлердің жүзеге асырып жатқан өте-мөте маңызды, көзге түсерлік нәрселері және ол адамдардың аты-жөндері көрсетілсін; жергілікті органдар маңыз беріп отырған тәжірибелер және тағы сондайлар көрсетілсін.

16. ЗАТТАЙ СЫЙЛЫҚ БЕРУ

Бұл — социалистік құрылыста алатын ролі жағынан ең маңыздылардың қатарына жататын тәртіп. Еңбекке тарту — социализмнің ең маңызды және ең қиын проблемасы.

Практикалық тәжірибені үнемі есепке алып отыру, оны жинау және зерттеу міндетті нәрсе.

Әрбір екі ай сайын мынадай нақтылы есептер берілуі міндетті: қанша заттай сыйлық берілді? Қандай өнімдер берілді? Жұмыстың қай саласы бойынша берілді? (мыналар жеке-жеке көрсетіледі: ағаш дайындау жұмысы және жұмыстың барлық басқа түрлері). Жұмыстың қорытындыларын, оның нәтижелерін салыстыру, өнімдердің санын заттай берілген сыйлықтың мөлшері туралы деректермен салыстыру?

Заттай берілетін сыйлықтың жалақы резервіне айналдырылған жағдайлары болды ма? Әрбір жағдайды жеке көрсету керек.

Ерекше табысқа жеткен кәсіпорындарға заттай сыйлық берілді ме? және жеке жұмысшыларға заттай сыйлық берілді ме? Осындай әрбір жағдайды дәл суреттеу керек.

Мынадай есеп керек: заттай сыйлықты пәлендей мөлшерде көбейту жолымен алуға болатын (шетелмен жасалатын товар айырбасы үшін де, Россияда ерекше бағалы тұтыну үшін де) жергілікті өнім жоқ па? Бұл есеп өте маңызды нәрсе, өйткені мұны барлық жерде бірдей, дұрыстап жүргізген жағдайда біз көптеген бағалы өнімдер тауып аламыз, тіпті заттай сыйлықты белгілі мөлшерде сол шетелдердің өздерінен әкелген күнде де, біз бұл өнімдермен шетелдерді өзімізге тиімді, пайдалы түрде жабдықтай аламыз.

17. КӘСІПОДАҚТАР, ОЛАРДЫҢ ӨНДІРІСКЕ ҚАТЫСУЫ

Жергілікті Губерниялық кәсіподақ советтері және кәсіподақтардың уездік органдары баяндамашылар мен олардың орынбасарларын дереу тағайындауға міндетті; бұлар өздері де және жергілікті статистиктің көмегімен де екі айда бір рет осы мәселе жөнінде баяндама әзірлеуге міндетті.

Өндірістік насихат жөнінде өткізілген лекциялар, митингілер, демонстрациялар санының дәлме-дәл фактілері және оларды өткізушілердің аты-жөні, т. б. көрсетілуі керек.

Бірақ фабрикалық комитеттердің және жалпы кәсіподақтардың өндіріске шын қатысуы жөніндегі деректер өндірістік насихаттан да гөрі әлдеқайда маңыздырақ. Бұл қатысудың формалары қандай? Әрбір ерекше жағдайды суреттеу. Практикалық қорытындылар. Кәсіподақтардың өндіріске қатысуы жақсы немесе орташа жолға қойылған өндіріс орындарын мұндай қатысу жолға қойылмаған өндіріс орындарымен салыстыру.

Еңбек тәртібі туралы мәселенің ерекше маңызы бар. Жұмысқа себепсіз шықпай қалушылықтың саны туралы есептер міндетті түрде тапсырылуы керек. Еңбек тәртібі төмен кәсіпорындар мен еңбек тәртібі жоғары кәсіпорындарды салыстыру.

Еңбек тәртібін көтеру тәсілдері.

Тәртіпке шақыратын жолдастық соттар. Ондай соттар қанша және қашан құрылды? Айына неше іс қарайды? Қорытындылары қандай?

18. ТАЛАН-ТАРАЖҒА САЛУ

Бұл қырсықтың етек алғандығын көріп отырған және оған қарсы күресіп отырған мекемелермен қатар «қарауымыздағы ведомствода, немесе мекемеде, немесе кәсіпорында талан-тараjжға салу деген жоқ», «барлығы да жап-жақсы» деп жауап беретін мекемелер де бар.

Әрбір екі айда дәл есептер беріліп отыруы міндетті. Қанша мекеме, кәсіпорын және басқалары мәліметтер беріп тұрады? Қаншасы бермейді?

Бұл мәліметтердің қысқаша ақпары.

Талан-таражға салуға қарсы күрес шаралары.

Басқарушылар жауапқа тартыла ма? Басқармалар ше? Фабрикалық комитеттер ше? (талан-таражға салуға қарсы жеткілікті түрде күрес жүргізбегендігі үшін).

Тінту жасала ма? Бақылаудың басқа шаралары қолданыла ма, қандай шаралары қолданылады?

Товар айырбасы туралы және осы мақсат үшін жұмысшыларга өздерінің шығарган өнімінің бір бөлегін беру туралы жаңа заң талан-таражға салудың азаюына әсерін тигізіп отыр ма? Бұл туралы дәл деректер берілсін.

Мемлекетке қарасты болсын, жергілікті өкімет органдарына қарасты болсын, жергілікті, яғни сол жерде тұрған қоймалар. Қоймалар туралы есептердің қысқаша қорытындылары, әрбір есептің берілген уақыты көрсетілсін.

Жалпы мемлекеттік қоймалар туралы жергілікті өкімет орындарының мәліметтері. Ол қоймаларды күзету тәсілдері. Талан-таражға салу. Қоймалардағы қызметшілердің саны, т. б.

19. ҚАПШЫҚШЫЛЫҚ

Жергілікті деректер бойынша бұл құбылыстың жайылу көлемі. Қапшықшылар құрамы (дені) жұмысшылар ма? шаруалар ма? темір жол қызметшілері ме? Басқа совет қызметшілері ме? және т. с.

Темір жолдар мен су транспортының жайы.

Қапшықшылыққа қарсы күресу шаралары және бұл шаралардың нәтижелері.

Қапшықшылар мен қапшықшылықты есепке алу ісі қалай жолға қойылған?

20. ӘСКЕР БӨЛІМДЕРІН ЕҢБЕК МАҚСАТТАРЫНА ПАЙДАЛАНУ

Еңбек армиялары. Олардың құрамы, адам саны, олардың жұмысы. Есеп беру жұмысы қалай жолға қойылған? Жергілікті халықтың көзқарасы қандай?

Әскер бөлімдерін пайдаланудың басқа формалары,—

сол сияқты: жалпыға бірдей әскери оқуды еңбек мақсаттары үшін пайдаланудың формалары.

Жергілікті әскер бөлімдерінің адам саны,— сол сияқты: жалпыға бірдей әскери оқудың жергілікті мекемелерінің саны және оның мекемелері арқылы оқытылатын жастардың саны.

Жалпыға бірдей әскери оқудағы жастарды және қызыл әскерлерді: бақылау жөніндегі,— санитария жөніндегі,— жергілікті халыққа көмек көрсетуге қатысу жөніндегі,— белгілі бір шаруашылық операциялары жөніндегі жекелеген жұмыстарға пайдаланудың практикалық тәжірибелері. Әрбір тәжірибені толық суреттеу немесе, егер олар біркелкі болатын болса, онда ерекше сипатты екі тәжірибені: неғұрлым сәтті және неғұрлым сәтсіз болған тәжірибені суреттеп беру.

21. ЕҢБЕК МІНДЕТКЕРЛІГІ ЖӘНЕ ЕҢБЕККЕ МОБИЛИЗАЦИЯЛАУ

Еңбек халық комиссариатының жергілікті бөлімдері қалай құрылған? Олардың жұмысы қандай?

Олардың Еңбек халық комиссариатына жіберетін есептерінің қысқаша ақпарлары берілсін, әрбір есептің жіберілген уақыты міндетті түрде көрсетілсін.

Кем дегенде дәл төрт айда бір рет еңбекке мобилизациялаудың ерекше сипатты екі жағдайын: ең сәтті және ең сәтсіз өткен жағдайын суреттеп беру.

Қолданылатын еңбек міндеткерлігінің тізбесі. Оған тартылғандардың саны туралы және жұмыс қорытындылары туралы қорытынды деректер.

Орталық статистика басқармасының жергілікті мекемелерінің еңбек міндеткерлігі мен еңбекке мобилизациялауды жүзеге асыру ісіне қатысуы неден көрінеді.

СҰРАҚТАРДЫҢ ҮШІНШІ ТОБЫ

22. ОБЛЫСТЫҚ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ СОВЕТТЕР

Жергілікті облыста, губернияда, уезде, болыста экономикалық советтер қашан және қалай құрылды? Олардың жұмысы мен селолық комитеттердің, фабри-

қалық комитеттердің жұмыстарындағы арақатынас қандай?

Үлкен қалалардағы аудандық Советтердің жанындағы экономикалық советтер ше? Олардың құрамы және жұмысы, жұмысының жолға қойылуы, жалпы қалалық Совдепке көзқарасы қандай?

Аудандық комитеттер мен аудандық экономикалық советтер бар ма? Олар қажет пе? Неғұрлым фабрикалы немесе өнеркәсіпті мекендерді өз округтерімен бірге бөліп шығарудың, т. т. қажеті бар ма?

23. МЕМЛЕКЕТТІК ЖОСПАРЛАУ КОМИССИЯСЫ (ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ЖАЛПЫ ЖОСПАРЛАУ КОМИССИЯСЫ) ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖЕРГІЛІКТІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОРГАНДАРМЕН АРАҚАТЫНАСЫ

Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының облыстық органдары бар ма? Әлде ерекше уәкілдері бар ма? немесе сондай роль атқаратын мамандар топтары бар ма?

Мемлекеттік жоспарлау комиссиясымен қандай да бір (және атап айтқанда қандай?) арақатынас орнатылған ба? Оны орнатудың қажеті бар ма?

24. ЭЛЕКТРЛЕНДІРУ

Жергілікті губерниялық және уездік кітапханада «РСФСР-ді электрлендіру жоспары», Советтердің VIII съезіне жасалған баяндама[102] бар ма? Қанша дана? Егер жоқ болса, онда, Советтердің VIII съезінің жергілікті жерлерден келген делегаттары не партия қатарынан қуылып, жауапты орындардың бәрінен аласталуға жататын арам адамдар болғаны, не өз борышын орындауға түрмеге жабу арқылы үйретілуге тиісті жалқау адамдар болғаны (Советтердің VIII съезінде жергілікті кітапханалар үшін 1500—2000 дана үлестіріліп берілген болатын).

Советтердің VIII съезінің электрлендіру жоспарын кеңінен насихаттау туралы қаулысын орындау жөнінде қандай шаралар қолданылды? Бұл туралы жергілікті газеттерде қанша мақала шықты? Қанша баян-

дама жасалды? Оларда болған тыңдаушылардың саны қанша?

Электр жөнінде теориялық немесе практикалық білімдері бар жергілікті қызметкерлердің бәрі мұндай баяндамалар жасауға және сабақ беруге тартылды ма? Ондай қызметкерлер қанша? Олардың жұмысы қалай жүргізіледі? Лекциялар немесе сабақтар өткізу үшін жергілікті немесе жақын жердегі электр станциялары пайдаланыла ма? Олардың саны қанша?

Советтердің VIII съезінің шешімі бойынша оқу орындарының пешеуінде электрлендіру жоспары жөнінде сабақ беру енгізілді?

Бұл жоспарды жүзеге асыру жөнінде практикалық бірдеңе істелді ме, атап айтқанда не істелді? немесе электрлендіру жұмысының жоспарынан тыс не істелді?

Электрлендіру жөнінде жергілікті жоспар және кезекке қойылған жұмыстар бар ма?

25. ШЕТЕЛМЕН ТОВАР АЙЫРБАСЫ

Бұл сұраққа шекараға жақын барлық мекендердің және тек олардың ғана емес, басқалардың да жауап беруі сөзсіз міндетті. Шекаралық мекендерге көршілес уездер мен губернияларда товар айырбасын жасауға және сол товар айырбасының қалай жолға қойылғанын бақылауға мүмкіндіктер бар. Ал онан кейін, жоғарыда (§ 16: заттай сыйлық беру) көрсетілгендей, шетелмен товар айырбасын жасауға шекарадан тысқары барынша шалғай жерлердің де қатысуы мүмкін.

Порттардың жайы қандай? шекараны күзету ше? сауда қарым-қатынастарының көлемі мен формалары? Бұл туралы Сыртқы сауда халық комиссариатына тапсырылған баяндамалардың қысқаша қорытындылары беріліп тұрсын, әрбір баяндаманың тапсырылған уақыты көрсетілсін.

Сыртқы сауда халық комиссариатының жұмысын жергілікті экономикалық советтердің тексеруі қалай? Жұмыстың іс жүзінде қалай қойылып отырғаны және нәтижелері туралы олардың пікірлері қандай?

26. ТЕМІР ЖОЛ ТРАНСПОРТЫ, СУ ТРАНСПОРТЫ, ЖЕРГІЛІКТІ ТРАНСПОРТ

Ведомство бойынша тапсырылатын есептердің қысқаша ақпарлары берілсін, әрбір есептің тапсырылған уақыты көрсетілсін.

Жергілікті жердің көзқарасы тұрғысынан істің жайына баға беру.

Транспорттың кемшіліктері. Жақсарту шаралары және бұл шаралардың нәтижелері қандай?

Жергілікті транспорттың жайы және оны жақсарту шаралары.

27. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТЫ БАСПАСӨЗДІҢ ҚАМТУЫ

Жергілікті баспасөз органдары мен «Экономическая Жизнь». Шаруашылық жұмыстың баяндалуы қалай жолға қойылған? партияда жоқтардың қатысуы ше? Практиканың тәжірибесін тексеру мен бағалау ше?

Жергілікті баспасөз органдары мен «Экономическая Жизнь» қалай таралып отыр? Олар кітапханаларда сақталына ма және олар халықтың қолына тие ме?

Шаруашылық құрылыс жөнінде кітапшалар және кітаптар басып шығару. Басылып шыққан басылымдардың тізбесі.

Шетел әдебиетіне деген мұқтаждық және оның қанағаттандырылуы. «Бинттің» (Шетелдік ғылым мен техника бюросы) шығарғандары алынып тұрды ма және олар қалай бағаланады? орыс және басқа тілдерде шығарылған басқа шетелдік басылымдар ше?

СҰРАҚТАРДЫҢ ТӨРТІНШІ ТОБЫ

Бұл топқа жергілікті мекемелердің өздері мен жеке адамдардың қалауы және көрсетуі бойынша қойылған сұрақтар енуге тиіс,— осының өзінде сұрақтардың шаруашылық құрылысқа тура да, жанама түрде де, жақын да, алыс та байланысты болуы мүмкін.

Есептерді жасауға Орталық статистика басқармасының жергілікті қызметкерлері міндетті түрде тартылуға тиіс. Есеп жасауды тікелей соларға тапсыра ма немесе басқаларға тапсыра ма,— ол жергілікті экономикалық советтердің өз ісі, бірақ Губерниялық статистика бюросы мен уездік статистиктер қатысуға міндетті. Әрбір есепке немесе сұраққа берілген әрбір жауапқа, егер бұл жауаптарды әр адам жазған болса, онда оған сол адамның, егер ол лауазымды адам болса, лауазымы көрсетіліп, қолы қойылуға тиіс. Есепке оны жасаған адам да және жергілікті экономикалық советтердің бүкіл құрамы да жауап береді, экономикалық советтердің міндеті шындықты көрсететін есепті дұрыс, уақытында тапсыру болып табылады.

Жергілікті күштер жетіспеген жағдайда статистиктер мен ерекше тағайындалған жолдастардың (Рабкриннен және басқа мекемелерден) жауапкершілігімен есептерді жасау жөнінде нұсқау курстары ұйымдастырылуға тиіс, ол курстарды жүргізуге жауапты адамдар мен олардың жұмысының календарьлық программасы жариялануға тиіс.

21. V. 1921 ж. *Ленин*

1921 ж. жеке кітапша болып басылған

Кітапшаның қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[103]

Кәсіподақтар съезіндегі РКП фракциясының шешімдері туралы мәселе жөнінде Орталық Комитеттің (Саяси бюроның) 1921 ж. 22 майдағы шешімі

Орталық Комитет Чубарь жолдастың тезистерін (фракция бюросы қабылдаған) мақұлдап, Гольцман жолдастың тезистерін қабылдамайды; өйткені тезистердің біріншісі біздің ресурстарымыздың, күшіміз бен қаржымыздың шын жағдайын анағұрлым дұрыс ескерген, бұл жағдай біздің ең таяудағы мақсаттарымызды неғұрлым баяу жүзеге асыру қажеттігін туғызады.

Ал тезистердің екіншісі, яғни Гольцман жолдастың тезистері, көп реттерде өмірден алшақ қиялға бой ұрып кеткен, бұл тезистерді соншалық қорғаған Ларин жолдас та көбінесе осы қиялға ұрынып отыр.

Іс жүзінде Чубарь тезистерінің 3-параграфына берілген ескертпеде* және Гольцман тезистерінің 6-параграфында** айтылған пікір ғана екі тезистің екеуінің де аса маңызды құрамды бөлегі болып табылады,

* Бұл ескертпенің тексті мынадай:

«Азық-түлікті бөлудің жоғарыда көрсетілген бүкіл жүйесін тәжірибе ретінде кейбір кәсіпорындарда қолдану қажет; сөйтіп мұндай кәсіпорындарда жеке адамдарға карточкамен азық-түлік берудің орнына, қызметкерлердің алдына еңбек өнімділігін арттыру жөнінде шарт қоя отырып, кәсіпорын қызметкерлерін коллективті түрде жабдықтауды енгізу керек».

** Бұл 6-параграфтың тексті мынадай:

«Жалақының азық-түлік қоры жасалғанға дейін, азық-түлікті бөлудің жоғарыда көрсетілген жүйесін тәжірибе ретінде кейбір кәсіпорын-

оның бер жағында бұл жолдастардың екеуі де бұл арада Ларин жолдас пен ВЦСПС-тің жобасы жөнінде Орталық Комитеттің 1921 ж. 10 майда қабылдаған шешімінің* дұрыстығын мақұлдайды, оған қарсы дау айтпайды.

Партияның Орталық Комитетінің берген кеңесіне қарамастан, кәсіподақтар съезіндегі РКП фракциясы *567* дауыспен Гольцманның тезистерін мақұлдап, *317* дауыс алған Чубарьдың тезистерін қабылдамаған.

Орталық Комитет үкіметтің саясатын дереу өзгертуге әсер ете алмайтын мәселе жөніндегі фракцияның шешімін өзгертіп жатқысы келмей,— өйткені бұл саясат Орталық Комитеттің 1921 ж. 10 майдағы қаулысында алдын ала айқын белгіленген болатын және бұл қаулыны, жоғарыда көрсетілгеніндей, Гольцман жолдас та, Чубарь жолдас та мақұлдаған, екеуі де оған қарсы дау айтпаған,— бұл ретте съезд жұмысының барысына және оның шешімдеріне араласу правосынан бас тартады.

Гольцманның қарарын қабылдау арқылы жұмысшылардың қалың бұқарасының тұрмысындағы ескі дағдыларға, әдеттерге және салттарға қарсы күресте делегаттардың ерекше бір ерлік істеп қана қоймай, сонымен бірге революциялық кезеңнің өзінде де әдеттегі қалыптан тыс, тіпті шектен асқан батылдық, ұстамдылық, табандылық көрсету міндетін өз мойындарына алғандарына олардың назарын барынша аудара отырып, Орталық Комитет осы қаулыны фракцияда жариялауды тапсырумен ғана тынады. Өздері қабыл-

дарда қолдану қажет; сөйтіп мұндай кәсіпорындарда жеке адамдарға карточкамен азық-түлік берудің орнына, жұмысшылардың алдына еңбек өнімділігін арттыру жөнінде шарт қоя отырып, кәсіпорындардың жұмысшыларын коллективті түрде жабдықтауды енгізу керек».

* Бұл шешімнің[104] тексті мынадай:

«Тариф саясатына қатысы бар бөлегінде Ларин жолдас пен ВЦСПС-тің жобасы қабылданбасын, әсіресе жұмысшылардың азын-аулағын болса да азын-аулақ азық-түлікпен нақтылы жабдықтауды қамтамасыз ету мүмкіндігі тұрғысынан неғұрлым егжей-тегжейлі етіп мәселені екінші рет қайта қарау жобаның авторларына тапсырылсын. Тәжірибе ретінде кейбір кәсіпорындарда жеке адамдарға карточкамен азық-түлік берудің орнына, еңбек өнімділігін арттыру шартын қоя отырып, коллективті түрде жабдықтау тәртібін енгізу үшін, жоба қайта өңделгеннен кейін Халық Комиссарлары Советінің қарауына берілсін».

дағалы отырған шешімге байланысты, кәсіподақтарға енді жұмысшыларды ең жақсы және аса ірі азын-аулақ кәсіпорындарға жинау арқылы кәсіпорындар мен жұмысшылардың санын мейлінше тез азайтуға жету міндеті жүктеледі.

1921 ж. 17 және 22 май аралығында жазылған

Ішінара 1921 ж. августа «Известия ЦК РКП(б)»-ның 32-номерінде басылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында толық басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ПЕТРОВСК ТОБЫНДАҒЫ КЕНШІ ЖОЛДАСТАРҒА[105]

Межлаук жолдас маған сіздердің 1921 жылғы апрель айындағы жұмыстарыңыздың барынша табысты болғанын айтты: әр забойшы 1914 жылғы 291 пұттың орнына 294 пұт кен қазған. Кенші жолдастарды сирек кездесетін зор табыстарымен құттықтап, оларға өзімнің ең ізгі сәлемімді жолдаймын. Жұмысты осылай істесек, біз барлық қиыншылықтарды жеңіп, Донбасс пен Кривой Рог ауданын электрлендіреміз, бар тетік міне осында жатыр.

Коммунистік сәлеммен

В. Ульянов (Ленин)

1921 ж. 25 майда жазылған

1921 ж. июльде «Вестник Рабочего Правления» журналының 9—10-номерінде басылған

Журналдың тексті бойынша басылып отыр

РКП(б) БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ X КОНФЕРЕНЦИЯСЫ[106]

26 — 28 МАЙ, 1921 ж.

1921 ж. 27 және 28 майда «РКП (большевиктер) Бүкіл россиялық конференциясы бюллетенінің» 1 және 2-номерлерінде басылған

«Бюллетеньнің» стенограммамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

1
КОНФЕРЕНЦИЯНЫ АШАРДА 26 МАЙДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Жолдастар, РКП Бүкіл россиялық конференциясын ашық деп жариялауға рұқсат етіңіздер.

Бұл конференцияның устав бойынша белгіленген мерзімінен ерте шақырылып отырғаны сіздерге мәлім, жолдастар. Демек, бұл кезекті немесе ең болмағанда әбден кезекті конференция емес. Онан соң күн тәртібінің басты пункті, конференцияны өзіміз жобалаған мерзімнен бұрын шақыруға мәжбүр еткен басты мәселе экономикалық саясат туралы — азық-түлік салығы туралы мәселе екені сіздерге мәлім. Бұл мәселе қазіргі кезеңде басты мәселе болып табылады.

Конференцияның президиумын сайлауға кірісуді ұсынамын.

2
КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ КҮН ТӘРТІБІ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕ 26 МАЙДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Жолдастар, бұдан бұрын айтқанымдай, бізде күн тәртібінің бірден-бір пункті экономикалық саясат туралы мәселе болады деп ұйғарылған еді, конференцияның сипаты бойынша да солай белгіленген болатын. Қалған баяндамалар информациялық сипатта болады деп ұйғарылғандықтан, мен саяси есеп туралы баяндама әзірлеген жоқпын, бірақ бұл баяндаманы да сол экономикалық тақырыпқа әкеліп саюға тура келеді ғой деп ойлаймын. Сондықтан, жұрттың бәрін қанағаттандыру үшін, бәлкім, баяндамадан соң маған қосымша сұрақтар қойылар, оларға мен қорытынды сөзде жауап беремін. Қайталап айтамын, мен бұл мәселеге мүлде әзірленген жоқпын, сондықтан қазір азық-түлік салығы туралы мәселеден басқа бірдеңе айтуды қажет деп білмеймін.

Бірінші рет, стенограмма бойынша басылып отыр

3
АЗЫҚ-ТҮЛІК САЛЫҒЫ ТУРАЛЫ 26 МАЙДА ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА

Жолдастар, азық-түлік салығы туралы мәселені кітапшада партия үшін талдауыма тура келген еді; ол кітапша осында қатысып отырғандардың копшілігіне мәлім болар деп ойлаймын*. Бұл мәселені партия конференциясының талқылауына қою менің өз басым үшін тосын жағдай болды, өйткені менің қолымда мәселені бұлай қоюдың қажеттігі жөнінде материалдар жоқ еді, бірақ жергілікті жерлерде болып қайтқан көптеген жолдастар, атап айтқанда Осинский жолдас, бірсыпыра губернияларды аралап қайтқаннан кейін Орталық Комитетке: азық-түлік салығына байланысты белгіленген саясат жергілікті жерлерде көбіне-көп түсіндірілмей, кей жерлері тіпті түсініксіз болып қалып отырғанын хабарлады,— және мұны басқа да бірнеше жолдастар қуаттап шықты. Ал бұл саясат ерекше маңызды саясат болғандықтан оны партия конференциясында қосымша талқылаудың қажетті болып көрінгені соншалық, конференцияны мерзімінен бұрын шақыру ұйғарылды.

Орталық Комитетте біз бұл мәселе жөніндегі баяндаманы 4 баяндамашы жасайтындай етіп 4 бөлімге бөлуге ұйғарғанымызды сіздер білесіздер: кооперацияның жұмысы туралы мәселе жөнінде — Каменев, ұсақ өнеркәсіп туралы — Милютин; Азық-түлік комиссариатындағы дәлме-дәл есептер мен болжамдар және

* Қараңыз: осы том, 229—274-беттер. *Ред.*

осыған байланысты ұйымдастыру шаралары туралы мәселе жөнінде Свидерский жолдас баяндама жасайды деп ұйғарған едік. Мұнда салық жүйесі туралы нұсқау мен ереженің айрықша маңызы бар, бұлардың біразын Халық Комиссарлары Советі бекітті, біразы таяудағы уақытта бекітілуге тиіс. Және, ақырында, төртінші баяндаманы Хинчук жолдас жасауға тиіс еді, ол қазір Тұтынушылар қоғамдарының орталық одағының председателі ретінде түгелдей кооперация жөніндегі жұмыспен шұғылдапу үшін Азық-түлік комиссариатындағы жұмыстан мүлдем босатылды.

Бұл арада товар айырбасын көбіне және тіпті негізінен алғанда Тұтынушылар қоғамдарының орталық одағы арқылы, кооперация арқылы Азық-түлік комиссариаты жүзеге асыратын болуын негізгі принцип етіп қабылдау ұйғарылған болатын. Сондықтан Азық-түлік комиссариаты мен Тұтынушылар қоғамдарының орталық одағы арасындағы шартта біз шарт түрінде көрінген осы қатынастарды тұжырымдауға тиіс болдық. Бұл шартта былай делінген: Азық-түлік комиссариаты товар айырбасына арналған қолда бар товардың бәрін Тұтынушылар қоғамдарының орталық одағына береді. Осыдан Тұтынушылар қоғамдарының орталық одағының ролі түсінікті болады, сондықтан бұған егжей-тегжейлі тоқталудың қажеті жоқ. Сөйтіп, менің бұл саясаттың жалпы маңызы туралы мәселе жөнінде кіріспе сөз сөйлеуіме тура келіп отыр, сондықтан мен кітапшада айтқандарыма азғантай қосымшалар жасаумен ғана шектелгім келеді. Мәселе жергілікті жерлерде қазір нақ қалай қойылып отыр, жергілікті жерлерде қандай жетімсіздіктер, кемшіліктер мен түсінбеушіліктер көбірек сезіліп отыр, мұның мән-жайына мен тікелей қанық емеспін. Мүмкін, жергілікті қызметкерлер мен партияның назары конференцияда қойылып отырған мәселелерден, немесе алда болатын айтыстардан қазір қай жаққа қарай аударылуға тиіс екендігі анықталған кезде менің тағы да қосымша түсініктер беруіме тура келетін болар.

Менің байқауымша, азық-түлік салығы мен жаңа экономикалық саясатқа байланысты саяси міндеттерді

қате түсінушіліктер мен онша айқын түсінбеушіліктер істің белгілі бір жағын асыра бағалауға байланысты болуы мүмкін. Бірақ біз ісімізді практика жүзінде жолға қойып алмайынша, ондай асыра бағалаушылықтар қайтсе де болмай қоймайды, сондықтан бізге ең болмағанда бір азық-түлік науқанын жаңа негіздерде жүргізіп алмай тұрып, бұл саясаттың белгілі бір ерекшеліктерін қолданудың нағыз межелерін азды-көпті дәл белгілеудің мүмкіндігі бола қояр ма екен. Мен тек, жиналыста берілген кейбір запискалардан байқауымша, түсініспеушіліктерді бәрінен де көбірек туғызып отырған кейбір қайшылықтарға жалпы түрде ғана тоқталып өтпекшімін. Азық-түлік салығын және оған байланысты біздің саясатымызда болған өзгерістерді көбіне осы саясаттағы түбегейлі өзгеріс деп ұғынып жүргендер бар. Бұлай ұғынушылықты шетелдердегі ақ гвардиялық, ең алдымен эсерлік және меньшевиктік, баспасоздердің барынша өршітіп жүргендері таңқаларлық нәрсе емес. Бірақ РСФСР-дің территориясында да байқалып отырған осындай әрекеттердің кейбір ықпалынан ба, немесе белгілі топтарда сезіліп келген және, мүмкін, азық-түлік жағдайының өте-мөте нашарлап кетуінің салдарынан қазірдің өзінде де сезіліп отырған қатты наразылықтың салдарынан ба, білмеймін,— бұл да мүмкін нәрсе,— әйтеуір осы сияқты бір түсінбеушіліктер белгілі дәрежеде біздің арамызға да таралып, жасалған өзгерістің маңызы және жаңа саясаттың сипаты жөнінде біршама теріс түсініктер туғызды.

Шаруа халқы орасан зор басым болып отырған жағдайда біздің басты міндетіміз — жалпы алғанда саясатымыздың да, атап айтқанда экономикалық саясатымыздың да басты міндеті — жұмысшы табы мен шаруалар арасында белгілі бір қатынастар орнату болып табылатыны табиғи нәрсе. Қанаушы тап қуылған, бірақ бізде екі түрлі тап — жұмысшы табы мен шаруалар — қалып отырған қоғамдық тәртіппен біз жаңа тарихта бірінші рет істес болып отырмыз. Шаруалар анағұрлым басым болып отырған жағдайда бұл басымдылық экономикалық саясатқа және жалпы ал-

ғанда бүкіл саясатқа әсерін тигізбей қоймайды. Біз үшін осы екі таптың арасындағы қатынастарды дұрыс белгілеу, белгілегенде таптарды жою тұрғысынан дұрыс белгілеу ең басты мәселе болып қалып отыр,— және бұл талай жылдар бойына сөзсіз солай болып қала бермекші. Жұмысшы табы мен шаруалардың келісімі жайындағы формулаға Совет өкіметінің жаулары тым жиі тоқталады әрі оны бізге қарсы тым жиі пайдаланып жүр, себебі бұл формула өздігінен мүлде айқын емес. Жұмысшы табы мен шаруалар арасындағы келісімді түрліше ұғынуға болады. Жұмысшы табының тұрғысынан қарағанда келісім жұмысшы табының диктатурасын қолдайтын болса ғана және таптарды жоюға бағытталған шаралардың бірі болса ғана жол беруге болатын, дұрыс және принцип жағынан мүмкін нәрсе болып табылады, егер мұны ескермейтін болсақ, онда жұмысшы табы мен шаруалардың келісімі жайындағы формула, әрине, Совет өкіметінің барлық жаулары және диктатураның барлық жаулары өздерінің көзқарастарында жүзеге асыратын формула болып қала береді. Біздің революциямыздың бірінші дәуірінде, яғни қазір шамамен айтқанда жүзеге асырылып жатыр деп есептеуге болатын дәуірде, бұл келісімді қалайша жүзеге асыруға болады? Шаруа халқы орасан зор басым болып отырған жағдайда пролетариат диктатурасы қалайша өмір сүрді және нығайып бекіді? Біздің келісіміміздің басты себебі, басты қозғаушысы және басты белгілеушісі азамат соғысы болды. Азамат соғысы — бұл соғыс әрдайым ақ гвардияшылардың да, эсерлердің де, меньшевиктердің де бізге қарсы одақтасып қатысуларымен басталса да,— әрқашан да сөзсіз мынаған әкеліп соқтырып отырды: эсерлік құрылтайлық және меньшевиктік элементтердің бәрі де мемлекеттік төңкеріс арқылы болсын, немесе мемлекеттік төңкеріссіз болсын, кейінгі қатарға ығыстырылған болып шықты, сөйтіп ақ гвардияшыларды түгелімен капиталистік және помещиктік элементтер басқаратын болды. Бұл Колчак пен Деникиннің басқаруларында да және көптеген неғұрлым ұсақ басқарулар мен бізге қарсы шабуылдардың бә-

рінде де болды. Ал мұның өзі пролетариаттың шаруалармен одағының формасын белгілеген басты фактор болды. Бұл жағдай біз үшін адам айтқысыз қиыншылықтарды екі есе күшейтті, бірақ, екінші жағынан, бізді жұмысшы табы мен шаруалар арасындағы одақ формуласы қандай жолмен жүзеге асырылуға тиіс деген шытырман ойдан құтқарды, өйткені бұл формула мен шарттарды соғыс жағдайлары бізге ешбір таңдау қалдырмастан, мүлде үзілді-кесілді таңып отырды.

Соғыстың және осы азамат соғысы жағдайларының талап еткен формасында диктатураны тек жұмысшы табының бір өзі ғана жүзеге асыра алды. Соғысқа помещиктердің қатысуы жұмысшы табы мен шаруаларды сөзсіз, даусыз, бұлтартпастан біріктірді. Бұл жөнінде ешқандай ішкі саяси ауытқушылық болған жоқ. Россиядан оның басты-басты астықты аудандарының бөлініп тасталуы салдарынан, азық-түлік қиыншылықтарының ең ақырғы шегіне жетуі себебінен біздің алдымызда орасан зор қиыншылықтар тұрған жағдайда, біздің азық-түлік саясатымыз іс жүзінде салымсыз жүзеге асырылмаған болар еді. Бұл салым тіпті дұрыс бөлгеннің өзінде де жете қоймайтын басы артық астықты күштеп алу ғана болған жоқ. Мен бұл арада салымның қандай теріс нәрселерді ала келгеніне толық тоқтала алмаймын. Қалай болған күнде де салым өзінің міндетін — астықты аудандардан анағұрлым бөлініп тасталған жағдайдың өзінде де өнеркәсіпті сақтап қалуды — орындап шықты. Мұның өзі тек соғыс жағдайында ғана азды-көпті қанағаттанарлық бола алатын еді. Біз сыртқы жауды шын мәнінде біржолата жеңіп шығысымен,— ал мұның өзі тек 1921 жылдың қарсаңында ғана іс жүзіне асты,— біздің алдымызға басқа бір міндет,— жұмысшы табы мен шаруалар арасында *экономикалық* одақ құру міндеті қойылды. Бұл міндетті біз тек 1921 жылдың көктеміне қарай ғана тікелей алға қойдық, ал мұның өзі 1920 жылы егіннің шықпай қалуы шаруалардың жағдайын адам айтқысыз нашарлатқан кезде, біз жаулардың сыртқы қыспағына байланысты емес, жұмысшы табы мен шаруалар арасындағы қатынасқа байланысты ту-

ған ішкі саяси ауытқушылықтарды бірінші рет белгілі бір шамада басымыздан кешірген кезде болды. Егер 1920 жылы егін өте жақсы шыққан болса, немесе ең болмағанда жақсы дерліктей шыққан болса, егер біз 420 миллиондық салымнан 400 миллион пұт астық жинап алған болсақ, біз өзіміздің өнеркәсіптік программамыздың көбін орындаған болар едік, онда бізде қала өнеркәсібі өнімдерін егіншілік өнімдеріне айырбастай аларлықтай белгілі бір қор болған болар еді. Бізде керісінше болып шықты. Кейбір жерлерде, азық-түлік дағдарысынан да гөрі неғұрлым күштірек дағдарыс, отын дағдарысы келіп шықты, шаруа шаруашылығын қала өнімдерімен қамтамасыз етуге ешбір мүмкіндік болмай қалды. Шаруа шаруашылығы адам айтқысыз күшті дағдарысқа ұшырады. Міне осы жағдайлардан келіп біз бұрынғы азық-түлік саясатында ешбір қала алмайтын болдық. Алдағы шараларға көшу үшін бізге жұмысшы табы мен шаруалар арасындағы одақтың қандай экономикалық негіздері дереу керек болып отыр деген мәселені біз кезектегі мәселе етіп қоюға тиісті болдық.

Бұдан былайғы өтпелі шаралар мынаған әкеліп саяды: өнеркәсіп өнімдерін ауыл шаруашылық өнімдеріне айырбастауды әзірлеу керек, шаруа өз өнімдерін тек қала мен фабрика өнімдеріне ғана айырбастайтындай етіп тәртіп орнату керек,— оның үстіне бұл тәртіп капиталистік құрылыс тұсында болған барлық формаларға бағындырылмауға тиіс. Бірақ экономикалық жағдайларға байланысты біздің бұл жөнінде ойлануымызға да тура келмеді. Міне осы себепті біз мен айтқан өтпелі форманы қабылдадық, атап айтқанда мұнымыз: өнімдерді салық ретінде ешбір баламасыз алу және товар айырбасы түрінде де қосымша өнім алу болды; бірақ бұл үшін бізде тиісті қор болуы керек,— ал біздегі қор өте-мөте аз, оны капиталистік державалармен бірсыпыра шарттар жасасып, шетелге товар айырбастау арқылы толықтыру тек биыл ғана мүмкін болып отыр. Рас, бұлар әзір тек кіріспе, бастама ғана; нағыз товар айырбасы әлі күнге басталған жоқ. Капиталистік топтардың көпшілігі немесе көбі бұл келісім-

дерді іске асыртпау жөнінде саботаж бен әр түрлі әрекеттерді үздіксіз жасап келеді, ал онан соң айрықша сипатты бір нәрсе мынау: орыс ақ гвардияшыларының баспасөзі, соның ішінде эсерлер мен меньшевиктердің де баспасөзі, өздерінің күштерін осы келісімнен басқа нәрсеге, сірә, мұншалық жігерлене, қарсыса жұмсап отырмаған болар. Буржуазияның күреске жақсырақ әзірленгендігі, оның пролетариатқа қарағанда көбірек білетіндігі, басынан кешіруіне тура келген барлық «қолайсыздықтар» арқылы оның таптық сана-сезімінің бұрынғыдан да гөрі ұштала түскендігі, оның әншейінгіден анағұрлым жоғары сезімталдық көрсетіп отырғаны айдан анық. Біздің саясатымыздың өзегі, түйіні болып табылатын пунктке, нақ осы пунктке ақ гвардиялық баспасөздің қалай тиісіп отырғанын кору үшін ақ гвардиялық баспасөзге зер салудың өзі-ақ жеткілікті.

Орыстың бүкіл ақ гвардиялық баспасөзі, соғыс шапқыншылығы көрінеу іске аспай, күйрегеннен кейін,— күрес әлі жүріп жатқан болса да,— өзінің алдына жүзеге аспайтын мақсатты: сауда келісімдерін болдырмау мақсатын — қойып отыр. Үстіміздегі көктемде өте-мөте кең көлемде жүргізілген науқан, ал эсерлер мен меньшевиктер контрреволюцияшыл күштердің ішінен бірінші орын алған науқан,— міне осы күрес белгілі бір мақсатты: көктемге қарай Россия мен капиталистік дүниенің арасындағы экономикалық келісімдерді болдырмау мақсатын көздеп жүргізілді. Олар осы мақсаттарына біршама жетті де. Рас, біз негізгі шарттарды жасастық, бұл шарттардың саны өсіп те келеді, бұл жөнінде күшейе түскен қарсылықты біз жеңіп те келеміз, бірақ кешігу біз үшін өте қауіпті болып шықты, өйткені шетелдің белгілі бір көмегінсіз ірі өнеркәсіпті қалпына келтіру және дұрыс товар айырбасын қалпына келтіру не мүмкін емес, не ерекше қауіпті кешігу болып шығады. Біздің жұмыс істеуімізге тура келіп отырған жағдайлар міне осындай, шаруалар үшін сауданы қалпына келтіру туралы мәселені бірінші орынға қойып отырған жағдайлар міне осындай. Мен концессиялар туралы мәселеге соқ-

паймын, өйткені бұл мәселе партия жиналыстарында бәрінен де көбірек талқыланды және соңғы кезде өшқандай түсініспестік туғызып отырған жоқ. Істің жайы бұрынғы қалпынша қалып отыр: біз концессияларды құлшына ұсынып отырмыз, бірақ шетел капиталистері осы кезге дейін бірде-бір азды-көпті елеулі концессия алған жоқ, бірде-бір азды-көпті болсын айта қоярлықтай концессиялық шартты біз осы кезге дейін жасасқанымыз жоқ. Барлық қиыншылық батыс европалық капиталды тарту үшін практика жүзінде сыналған әдісті табуда болып отыр.

Теориялық жағынан біз үшін мүлде даусыз нәрсе,— ал жұрттың бәрінің де бұл жөнінде, меніңше, күдігі сөйілген болар деймін,— теориялық жағынан, деп айтайын, мүлде айқын нәрсе мынау демекпін: Европа капиталынан бірнеше ондаған немесе жүздеген миллионды төлеп құтылу бізге тиімді, өйткені ірі өнеркәсібімізді қалпына келтіру мақсатымен ең қысқа мерзім ішінде жабдықтардың, шикізаттың, машиналардың запастарын көбейту үшін бұл бірнеше ондаған немесе жүздеген миллионды Европа капиталына әлі де болса бере алған болар едік.

Ресурстарымызды нығайтудың, социалистік қоғамды орнатудың шын және бірден-бір базасы біреу ғана, тек біреу ғана,— бұл ірі өнеркәсіп. Капиталистік ірі фабрикасыз, жоғары дәрежеде жолға қойылған ірі өнеркәсіпсіз жалпы алғанда социализм туралы сөз қозғау мүмкін емес, ал шаруалы елде ол жөнінде тіпті де аз сөз болуы мүмкін, ал Россиядағы біздер мұны бұрынғыдан да гөрі анағұрлым нақтырақ біліп отырмыз, сөйтіп, ірі өнеркәсіпті қалпына келтірудің анық емес немесе дерексіз формасының орнына біз қазір анықталған, дәл есептелген, нақтылы электрлендіру жоспары туралы әңгіме етіп отырмыз. Біздің қолымызда мейлінше дәл есептелген, есептелгенде орыстың ең таңдаулы мамандары мен ғалымдары жұмысының көмегімен есептелген жоспарымыз бар, бұл жоспар бізге, Россияның табиғат ерекшеліктерін ескере отырып, ірі өнеркәсіптің осы базасын қандай ресурстар арқылы экономикамызға негіз ете алатындығымыз, негіз етуге

тиісті екендігіміз және негіз ететіндігіміз жайында айқын түсінік береді. Мұнысыз біздің экономикалық өміріміздің ешқандай да нағыз социалистік іргетасы туралы сөз қозғау мүмкін емес. Бұл мүлдем даусыз нәрсе, ал егер соңғы кезде азық-түлік салығына байланысты бұл туралы жалпылама айтып келген болсақ, енді ең алдымен ірі өнеркәсіпті қалпына келтіруіміз керек дегенді нақтылы түрде айтуымыз қажет. Менің өз басым кейбір жолдастардан осы сияқты мәлімдемелерді естігенім бар, әрине, оларға кім білсін деп қана жауап беруге тура келді. Біз бұл негізгі мақсатты бір кездерде естен шығарамыз деп ойлау, әрине, мүлдем кісі күлерлік және сорақы нәрсе. Жолдастардың арасында мұндай күмәндану мен түсінбеушіліктер қалайша туды, ол жолдастар: мұның өзі негізгі және басты міндет, бұл міндетсіз социализмнің материалдық өндірістік базисін құруға болмайды, міне осы міндет бізде екінші қатарға ығыстырылып отыр деп қалайша ойлай алды,— бұл арада мәселе тек осында ғана болып отыр. Бұл жолдастар біздің мемлекетіміз бен ұсақ өнеркәсібіміздің арасындағы арақатынасты тек теріс түсінген. Біздің негізгі міндетіміз — ірі өнеркәсіпті қалпына келтіру. Ал біздің осы ірі өнеркәсіпті қалпына келтіруге азды-көпті болсын шындап және жүйелі түрде кірісуіміз үшін біздің ұсақ өнеркәсіпті қалпына келтіруіміз керек. Біз осы 1921 жылы және өткен жылы ірі өнеркәсіпті қалпына келтіру жөніндегі жұмысымызда үлкен үзіліс жасап алдық.

1920 жылдың күзі мен қысында біздің ірі өнеркәсібіміздің кейбір маңызды салалары іске қосылған еді, бірақ оларды тоқтатуға тура келді. Неліктен? Неге? Жұмыс күшімен жеткілікті түрде жабдықталуға мүмкіндігі бар, шикізатпен жабдықталуға мүмкіндігі бар көптеген фабрикалар болды; ал бұл фабрикалардың жұмысы неге тоқтап қалды? Оның себебі, бізде азық-түлік пен отынның жеткілікті қоры болмай қалды. Мемлекеттік запас ретінде, 400 миллион пұт (мен бұл цифрды шамамен алып отырмын) астығымыз болмайынша, ол астық ай сайын дұрыс бөлініп тұрмайынша, міне мұнысыз, қандай да болсын дұрыс шаруашы-

лық құрылыс туралы, ірі өнеркәсіпті қалпына келтіру туралы сөз қозғау қиын, мұнысыз біз мынадай жағдайға кез болып отырмыз: ірі өнеркәсіпті қалпына келтіру жөніндегі басталып кеткен жұмысымыз тағы да бірнеше айға тоқтап қалды. Іске қосылған азғантай ғана кәсіпорындардың басым көпшілігі қазір тоқтап тұр. Әбден қамтамасыз етілген, жеткілікті азық-түлік қоры болмайынша, мемлекет өз назарын ірі өнеркәсіпті қалпына келтіруге аудара алады, оны жүйелі түрде жолға қоя алады, жолға қойғанда тіпті азын-аулақ колемде болса да осы қалпына келтіру үздіксіз жүргізілетіндей етіп жолға қояды деп айтуға да болмайды.

Ал отын жөніндегі мәселеге келетін болсақ, Донбассты қалпына келтіргенімізше, мұнайды үздіксіз алатын болғанымызша, бізде бәз-баяғы ағаш, ағаш отын қала береді, демек, тағы да — сол ұсақ шаруашылыққа тәуелділік қала береді.

Міне қазіргі кезде басты назардың шаруаға аударылуға тиіс болып отырған себебі неліктен екендігін түсінбеген жолдастардың қателесуі мен адасуы осыдан болып отыр. Кейбір жұмысшылар: шаруаларға белгілі бір жеңілдік беріледі, ал бізге ештеңе берілмейді дейді. Мұндай сөздерді естуге тура келді, айта кету керек, меніңше, бұл сөздер онша көп таралмаған сөздер, өйткені, айта кету керек, мұндай сөздер қауіпті, неге десеңіз, олар эсерлердің мәселе қойысын қайталайды; мұнда көрінеу саяси арандатушылық бар, ал онан кейін жұмысшылардың цехтық соқыр сенімдерінің, таптық емес, кәсіби соқыр сенімдерінің қалдықтары бар; жұмысшы табы мұнда өзіне-өзі тең праволы капиталистік қоғамның бір бөлегі деп қарайды және оның өзі нақ сол капиталистік базада қалып отырғандығын түсінбейді: шаруаға жеңілдік берді, оны салымнан босатты, басы артық өнімдерін оның айырбастауына қалдырды, ал біз, жұмысшылар, станок жанында тұрмыз, біз де сондай жеңілдік алғымыз келеді дейді.

Мұндай көзқарастың негізінде не жатыр? Шын мәнісіне келгенде бәз-баяғы ұсақ буржуазиялық идеоло-

гия жатыр. Шаруалар капиталистік қоғамның құрамдас бөлігі болып кіретін болғандықтан, жұмысшы табы да сол қоғамның құрамдас бөлігі болып қала береді. Демек, шаруа сауда жасап отырған болса, онда біздің де сауда жасауымыз керек. Міне осы арада келіп жұмысшыны ескі дүниеге шырмайтын ескі соқыр сенімдердің жандануы сөзсіз. Ескі капиталистік дүниенің ең барып тұрған қорғаушылары және тіпті бірден-бір шын ниетті қорғаушылары — эсерлер мен меньшевиктер. Басқа лагерьлерде капиталистік дүниенің жүздеген, мыңдаған және тіпті жүз мыңдаған шын ниетті қорғаушылары ішінен сіздер мұндайларды таба алмайсыздар. Бірақ эсерлер мен меньшевиктер өкілі болып отырған таза демократия деп аталатынның ішінде, міне сонда капитализмді шын ниетімен қорғаушы осы сияқты сирек кездесетін сабаздар әлі де болса қалып отыр. Сондықтан олар өздерінің көзқарасын неғұрлым қасарыса қорғаған сайын, олардың жұмысшы табына ықпалы да соғұрлым қауіптірек болады. Жұмысшы табының өндірістің тоқтап қалу кезеңдерін басынан кешіруіне тура келіп отырған кезде, олар онан сайын қауіптірек болады. Таптық пролетарлық сапа-сезімді дамытудың басты материалдық базасы ірі өнеркәсіп болып табылады, жұмысшы бұл кезде жұмыс істеп жатқан фабрикаларды көреді, ол бұл кезде таптарды шын жоя алатын күшті күн сайын сезіп отырады.

Жұмысшылар осы материалдық өндірістік базадан айрылып қалған кезде, міне осы кезде жұмысшылардың белгілі бір тобын толқу, тиянақсыздық, торығу, сенімсіздік билейді, ол келіп біздің буржуазиялық демократияның — эсерлер мен меньшевиктердің — тікелей арандатуымен қосылған кезде, мұның белгілі бір әсері болады. Ал осы арада келіп коммунистік партияның қатарында да: шаруаларға азын-аулақ бірдеңе берілді, дәл осы негізде осындай тәсілдермен жұмысшыларға да бірдеңе берілу керек деп пайымдайтын адамдар кездеседі, осындай психология келіп туады. Бұған біздің белгілі бір мәп беруімізге тура келді. Әрине, жұмысшыларға фабрикалық өнімдердің бір бө-

лігін сыйлыққа беру туралы декрет түп тамыры өткен заманда жатқан, сенімсіздік пен торығушылық жағдайға байланысты пиғылдарға кеңшілік жасағандық болып табылады. Белгілі бір шағын шекке дейін бұлай кеңшілік жасау қажет болды. Ол кеңшілік жасалды, бірақ бұл арада біздің басқаша бір тұрғыдан емес, тек қана экономикалық тұрғыдан, пролетариат мүдделерінің тұрғысынан қажет болған кеңшілікті жасағанымызды және жасайтынымызды бір сәт те ұмытпауымыз керек. Пролетариаттың негізгі және аса маңызды мүддесі — ірі өнеркәсіпті және оның берік экономикалық базасын қайта жасау, сонда ол өзінің диктатурасын нығайтады, сонда ол өзінің диктатурасын, саяси және соғыс жөніндегі қиыншылықтардың бәріне қарамастан, қалайда ақырына дейін жеткізеді. Біз не үшін кеңшілік жасауға тиісті болдық және оны керегінен гөрі кеңірек түрде қарамаудың өте қауіпті болатын себебі не? Себебі нақ мынада: біз тек азық-түлік пен отын жөніндегі уақытша жағдайлар мен қиыншылықтардың салдарынан ғана осы жолға түсуге мәжбүр болдық.

Біз: шаруалармен қатынасты салым негізінде емес, салық негізінде құру керек дегенде,— бұл саясаттың басты экономикалық анықтаушысы болатын нәрсе не? Ол мынау: салым жағдайында шаруалардың ұсақ шаруашылықтарының дұрыс экономикалық базасы болмайтындықтан және олар көп жылдар бойына мешеу күйінде қала беретін болғандықтан, ұсақ шаруашылық өмір сүріп, дами алмайды, өйткені ұсақ қожайынның өз шаруашылығын нығайтуға, дамытуға және өнім мөлшерін ұлғайтуға ынтасы жоғалады, осының салдарынан біз экономикалық базасыз қаламыз. Бізде басқа база жоқ, бізде басқа көз жоқ, ал мемлекеттің қолына азық-түліктің мол запасын жинақтамайынша, ірі өнеркәсіпті қандай да болсын қайта жасау туралы сөз қозғау мүмкін емес. Сондықтан біз ең алдымен осы азық-түлік жөніндегі қатынастарымызды өзгертетін саясатты жүргізіп те отырмыз.

Біз бұл саясатты жүргізгенде ірі өнеркәсіпті қайта жасауға керекті қорымыз болу үшін, ірі өнеркәсіп —

алдыңғы қатарлы елдермен салыстырғанда тіпті біздің тым әлсіз ірі өнеркәсібіміз де — басынан кешіруге тиісті емес үзілістердің бәрінен жұмысшы табын құтқару үшін, қаржы іздестірген кезде пролетарлық тәсілдерге емес, қайта біз үшін ең үлкен экономикалық қауіп болып табылатын жалдаптық, ұсақ буржуазиялық тәсілдерге жармасу қажеттігінен пролетарды құтқару үшін жүргізіп жатырмыз. Біздің өмір шындығымыздың қасіретті жағдайларынан келіп, пролетар табыс табудың пролетарлық әдістерін емес, ірі өнеркәсіппен байланысты әдістерін емес, қайта ұсақ буржуазиялық, жалдаптық әдістерін қолдануға және талан-таражға салу жолымен болсын, қоғамдық фабрикада жеке меншік өнім шығару жолымен болсын өзіне өнімдер тауып алуға, оларын егіншілік өнімдеріне айырбастауға мәжбүр болып отыр,— біздің басты экономикалық қауіпіміз, советтік құрылыстың бүкіл өмір сүруінің басты қаупі міне осында. Ал қазір пролетариат өзінің диктатурасын жүзеге асырғанда өзін, тап ретінде, берікпін деп білерліктей, табан тірер тиянағым бар деп сезерліктей түрде жүзеге асыруы керек. Бірақ бұл тірек жойылып барады. Үздіксіз жұмыс істейтін ірі машиналы фабриканың орнына пролетар басқаны көріп отыр, сондықтан экономикалық салада ол жалдап ретінде немесе ұсақ өндіруші ретінде әрекет етуге мәжбүр болып отыр.

Пролетарды мұнан құтқару үшін біз өтпелі кезең дәуірінде қандай да болсын құрбандықтан аянбауға тиіспіз. Ірі өнеркәсіптің үздіксіз, мейлі тіпті баяу болса да, қалпына келтірілуін қамтамасыз ету үшін біз өлердей алымқор шетел капиталистеріне алым беруден бас тартпауға тиіспіз, өйткені қазір, социализм құру тұрғысынан қарағанда, шетел капиталистеріне жүздеген миллионды артық төлеп, оның есесіне бізге пролетариаттың экономикалық базасын қалпына келтіріп беретін, оны жалдаптық пролетариат болып қалатын пролетариат емес, нағыз берік пролетариатқа айналдыратын ірі өнеркәсіпті қалпына келтіру үшін қажет машиналар мен материалдарды алғанымыз тиімді болады. Меньшевиктер мен эсерлер пролетариат

таптық жағынан азғындады, сондықтан пролетариат диктатурасының міндеттерінен бас тарту керек деп құлағымыздың етін жеп болды. Олар бұл туралы 1917 жылдан бастап қақсап еді, сөйтіп олардың бұл туралы 1921 жылға дейін қоймастан қақсап келе жатқанына таңқалуға болады. Бірақ біз мұндай шаптығуларды естігенде ешқандай таптық азғындаушылық жоқ, ешқандай кемшіліктер жоқ деп жауап бермейміз, бірақ біз былай дейміз: орыс және халықаралық өмір шындығының жағдайлары сондай, пролетариат тіпті таптық азғындаушылық дәуірін басынан кешіруге және осы кемшіліктерді басынан кешіруге душар болған кездің өзінде де ол, осы кемшіліктерге қарамастан, өзінің өкіметті жеңіп алып, оны қолында мықтап ұстап тұру міндетін жүзеге асыра алады.

Пролетариаттың таптық азғындауын туғызып отырған жағдайларды кемшілік деп қарауды бекерге шығару — кісі күлерлік, сорақы нәрсе, мағынасыздық болады. 1921 жылдың қарсаңында біз мынаны көрдік: сыртқы жаулармен күрес аяқталғаннан кейін біз қолымызда қалған аз ғана ірі-ірі кәсіпорындарда өндірістің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ете алмадық, біздегі ең басты қауіп, ең үлкен қырсық осы болды. Бұл негізгісі. Осындай экономикалық база болмайынша жұмысшы табының берік саяси өкіметі бола алмайды. Ірі өнеркәсіпті үздіксіз қалпына келтіруді қамтамасыз ету үшін азық-түлік ісін, айталық, 400 миллион пұт қорды қамтамасыз етерліктей етіп және оны дұрыс бөліп отырарлықтай етіп жолға қоюымыз керек. Біз оны ескі салым жолымен, сөз жоқ, жинай алмаған болар едік. 1920 және 1921 жылдар осыны көрсетті. Қазір біз аса зор қиындық болып табылатын бұл міндетті азық-түлік салығы арқылы дегенмен орындап шығуға болатындығын көріп отырмыз. Ескі тәсілдермен біз бұл міндетті орындай алмаймыз, сондықтан жаңа тәсілдерді әзірлеуге тиіспіз. Азық-түлік салығы арқылы және ұсақ өндіруші ретіндегі шаруаға дұрыс көзқараста болу арқылы біз бұл міндетті орындай аламыз. Мұны теория жағынан дәлелдеу үшін біз осы кезге дейін бұған аз көңіл бөліп келгеніміз жоқ.

Меніңше, партия баспасөзіне, жиналыстарда сөйленген сөздерге қарағанда, пролетариаттың қолында саяси өкіметпен қатар экономикалық базаны, транспортты, ірі заводтарды сақтай отырып, бұл міндетті біздің орындай алатындығымыз теория жағынан әбден дәлелденді. Біз шаруаларға, ұсақ өндіруші ретінде, бірқатар өріс беруге тиіспіз. Шаруа шаруашылығын көтермейінше біз азық-түлік жағдайын шеше алмаймыз.

Міне біз сауда еркіндігінің, айналым еркіндігінің негізінде ұсақ өнеркәсіпті дамыту туралы мәселені осындай шеңберлерде қоюға тиістіміз. Бұл айналым еркіндігі дегеніміз жұмысшы табы мен шаруалар арасында экономикалық жағынан орнықты боларлықтай қатынастар жасауға мүмкіншілік беретін құрал болып табылады. Ауыл шаруашылық өндірісінің көлемі жөніндегі деректер бізде қазір барған сайын нақтылана түсіп келеді. Партия съезінде астық өнімі туралы кітапша үлестірілді, ол кезде бұл кітапша съезд мүшелеріне тек корректуралық оттиск түрінде ғана таратылып берілген еді. Сонан бері бұл материал жиналып, жан-жаққа таратылып отырды. Бұл кітапша жазылып болып, теруге берілген болса да, конференцияға даяр бола алмады, сондықтан оны конференцияның тарар кезіне дейін шығарып үлгере ме, жоқ па,— оны мен айта алмаймын. Біз бұған барлық шараларды қолданамыз, бірақ оны шығарып үлгере қоямыз деп уәде беруге болмайды.

Ауыл шаруашылық өндірісінің жайын, қолымызда бар ресурстарды мүмкін қадарынша неғұрлым дәлірек анықтау үшін жүргізген жұмыстарымыздың бұл бір шағын бөлшегі.

Қалай дегенмен де, әсіресе биылғы жылы, егін шығымының жайы оншама жаман болмай немесе көктемде күткеніміздей жаман болмай отырғанда, экономикалық міндетті біз толығынан орындап шыға аламыз дегендей деректер бар деуге болады; мұның өзі біздің ірі өнеркәсіпті баяу да болса, үздіксіз қалпына келтіре беру ісін бүтіндей қолға алуымыз үшін ауыл шаруашылық қорын жинап алуымызға мүмкіншілік туғызады.

Азық-түлік қорын жинау міндетінің орындалуы үшін шаруамен, ұсақ қожайынмен арадағы қатынастар формасын табу керек, ал бұл жерде азық-түлік салығынан өзге форма жоқ, одан өзге форманы ешкім ұсынған жоқ және ондай форма бар деп ойлауға да болмайды. Бірақ бұл міндетті практика жүзінде орындау керек, азық-түлік салығының дұрыс жиналуын жолға қою керек, оны бұрынғыша жүргізбеу керек, онда салық екі-үш рет жиналып, шаруа өте-мөте нашар жағдайларда қалдырылатын, сөйтіп ең ұқыпты шаруа бәрінен де көбірек зиян шегетін еді, ал экономикалық жағынан орнықты қатынастар жасау мүмкіндігінің бәрі жойылған болатын. Азық-түлік салығы, әрбір шаруадан сондай алым алу шарасы бола тұрса да, басқаша түрде қойылуға тиіс. Бұрын жиналған және жарияланған деректер негізінде енді бұл іске азық-түлік салығы ең ірі шешуші өзгеріс енгізеді деуге болады, бірақ осының бәрін қаншалықты ұштастыра аламыз, бұл әлі белгілі дәрежеде шешілмеген мәселе. Бірақ біз шаруаның жағдайын дереу жақсартуға тиіспіз,— бұл күмәнсыз нәрсе.

Жергілікті қызметкерлердің алдына қойылып отырған міндет мынау: бір жағынан, азық-түлік салығын толығынан жүргізу керек және, екінші жағынан, мүмкін болғанынша ең қысқа мерзімде жүргізу керек. Қиыншылықтың көбейе түсетін түрі бар, себебі биылғы жылы егін тым ерте піскелі тұр, сондықтан әдеттегі мерзімдер бойынша әзірленсек, біздің кешеуілдеп қалуымыз мүмкін. Міне сондықтан да партия конференциясының ерте шақырылуы әрі маңызды, әрі уақтылы болып отыр. Азық-түлік салығын жинап алу үшін бүкіл аппаратты әзірлеу жұмысын бұрынғыдан анағұрлым шапшаң жүргізу керек. Мемлекетті кем дегенде 240 миллион пұт астық қорымен қамтамасыз ету және шаруалардың жағдайын жақсарту азық-түлік салығын тез жинап алуға байланысты. Салық жинауды кешіктірудің қандайы болса да — шаруаға белгілі бір дәрежеде қысым жасау болады. Салық жинау ерікті түрде жүзеге асырылмайды, күштеусіз салық жинай алмаймыз, салық жинау шаруа шаруашылығы үшін

бірқатар қысымшылықтар туғызады. Егер біз осы салық жинау жұмысын тиісті мерзімінен ұзаққа созып алсақ, шаруалар наразы болады, басы артық астықты өз еркімізбен жұмсай алмай отырмыз дейтін болады. Бұл жөніндегі еркіндіктің іс жүзінде еркіндікке ұқсас болуы үшін салық жинау жұмысын жедел өткізу керек, салық жинаушы шаруаның мазасын көп ала бермеуі керек, ал мұны егін орағынан бастап салықты түгел жинап алуға дейінгі кезеңді қысқарту арқылы жүзеге асыруға болады.

Бұл — бір міндет, ал екінші міндет — шаруа үшін айналым еркіндігін де, ұсақ өнеркәсіпті көтеруді де ең зор мөлшерде жүзеге асыру, сөйтіп ұсақ меншік пен ұсақ сауда негізінде өсіп отырған капитализмге бірқатар еркіндік беру болып табылады, одан қорықпау керек, өйткені бұл бізге еш қорқынышты емес.

Қазір қалыптасып отырған жалпы экономикалық және саяси жағдайда, ірі өнеркәсіптің барлық көздерін пролетариат өз қолында ұстап отырған кезде, қандай да болса денационализациялау туралы сөз қозғау мүмкін емес кезде, бізге бұдан қорқатын ештеңе жоқ. Ал өзіміз азықтың мүлдем жетіспеушілігінен, өзіміздің мүлдем жоқшылыққа ұшырауымыздан бәрінен көп азап шегіп отырған кезімізде, ұсақ өнеркәсіптік егіншілік негізінде капитализм қауіп туғызады деп қорқуымыз кісі күлерлік нәрсе. Мұнан қорқу — біздің экономикамыздың күштерінің арасалмағын мүлдем есепке алмау деген сөз, мұның өзі шаруа шаруашылығы ұсақ шаруа шаруашылығы болғандықтан, белгілі бір айналым еркіндігінсіз, осыған байланысты капиталистік қатынастарсыз, ешқандай дәрежеде орнықты бола алмайтынын мүлдем түсінбеу деген сөз.

Мұны, жолдастар, сіздер естеріңізде берік ұстауларыңыз керек, ал біздің ең басты міндетіміз — жергілікті жерлердің бәрінде де қозғау салып, барынша инициатива туғызу және барынша дербестік, барынша батылдық көрсету; бізде бұл жөнінде осы кезге дейін орын алып отырған кемшілік сол, біз азды-көпті кең құлаш сермеуден қорқып келдік. Жергілікті жерлерде товар айырбасы мен товар айналымы жөніндегі

істің жайы қандай, ірі өнеркәсіп талап ететін және өнеркәсіп орталықтарына азық-түлік пен отынның мол запасын тасып жеткізу жөнінде үлкен жұмыстар жүргізбей-ақ шаруалардың жағдайын дереу жеңілдете алатын ұсақ өнеркәсіп қалайша қалпына келтірілді және ол қаншалықты дамыта алынды деген мәселеде біздің ешқандай, азды-көпті болсын нақтылы түрде әзірленген, жергілікті жерлерден жинап алынған практикалық тәжірибеміз жоқ. Жалпы шаруашылық тұрғыдан қарағанда жергілікті жерлерде бұл жөнінде істеліп жатқан жұмыс жеткіліксіз. Біздің қолымызда жергілікті жерлерден түскен мұндай деректер жоқ, біз бүкіл республика бойынша істің жайы қалай екенін білмейміз, жұмыстың шын дұрыс жолға қойылуы жөнінде біздің үлгілеріміз жоқ, сөйтіп кәсіподақтардың съезінен де және Халық шаруашылығы жоғары советінің съезінен де[107] мен осындай әсер алып отырмын.

Бұл съездердің басты кемшілігі тағы да мынада болып отыр: біз тезистер, жалпы программалар мен пайымдаулар сияқты сүреңсіз нәрселермен көбірек шұғылданамыз, ал съезде жұрт жергілікті тәжірибе жөнінде шын пікір алыса алған жоқ, жер-жерге тарап бара жатып, олар: мінеки, мың үлгінің ішінен біз бір жақсы үлгі таптық, енді осыған еліктейтін боламыз дей алмайды. Ал ондай жақсы үлгілер бізде мыңнан біреу ғана емес, одан әлдеқайда көп. Бірақ жұмысты осылай етіп жүргізудің тәртібі бізде бәрінен де аз кездеседі.

Менің алдын ала айтқым келмейді, бірақ дегенмен де жұмысшыларды коллективтік түрде қамтамасыз ету туралы, яғни карточкадан мынадай тәртіпке — белгілі бір кәсіпорын, ол шын мәнінде жұмыс істеп жатқандықтан, белгілі бір мөлшерлі азық-түлікпен қамтамасыз етілетін тәртіпке, шығарған өнімінің мөлшеріне қарай қамтамасыз етілетін тәртіпке көшу туралы бір-екі сөз айтқым келеді. Бұл тамаша идея, бірақ бізде оны әлденендей бір жартылай фантастикалық бірдеңеге айналдырып жіберіп отыр. Ал бұл бағытта бізде әзір шын даярлық жұмысы жоқ. Бізде міне

пәлендей бір уезде, пәлендей бір фабрикада, жұмысшыларының саны шағын болса да, біз осы шараны қолдандық — одан мынадай нәтиже шықты деп айтарлықтай үлгі әлі жоқ. Бізде бұл жоқ. Біздің бүкіл жұмысымыздың ең үлкен кемшілігі де міне осында. 1918 жылы, ягни әлдеқашан өтіп кеткен уақытта, орынды болған жалпылама мәселенің орнына, біз 1921 жылы мәселені практикалық тұрғыдан қоюмен шұғылдануымыз керек дегенді жалықпай қайталауға тиіспіз. Съездерде біз ең алдымен қай жерде жұмысты жақсы жолға қоюдың үлгілері бар екендігін әңгімелей отырып, ал ондай үлгілер бізде жеткілікті,— біз сол аз ғана, сирек, ілуде бір кездесетін жерлерде практика жүзінде қол жеткен жақсы үлгі бойынша қалғандардың да қатарға қосылуын міндетті етеміз. Бұл — кәсіптік съездің жұмысы жөнінде айтылған ескертпе, бірақ мұның бүкіл азық-түлік жұмыстарына да қатысы бар.

Азық-түлік салығын жинап алуға, товар айырбасына және т. б. әзірлену жөнінде кейбір азын-аулақ жерлерде айтарлықтай жұмыстар істеліп жатыр. Міне, нақ осыны біз зерттей алмадық, сондықтан қазіргі үлкен міндет жергілікті жерлердің басым көпшілігін іс жүзінде қолда бар тәуір үлгіге жеткізуде болып отыр. Осы жұмысқа, тәжірибені практика жүзінде зерттеуге, біздің артта қалған және орташа уездерімізді, болыстарымызды қатарға тартуға — біз міне осы жұмысқа көшуіміз керек, ал біздің уездеріміздің, болыстарымыздың мүлдем қанағаттанғысыз дәрежеде екендігі, аса қанағаттануға тұрарлықтарының саны болмашы ғана екендігі күмәнсыз. Съездерде бүкіл назарымызды жалпы тезистер мен жиналыс программаларын зерттеуге емес, іс жүзіндегі тәжірибелерді, қанағаттанарлық және аса қанағаттанарлық жұмыс үлгілерін зерттеуге, осындай сирек кездесетін, бірақ нақты бар үлгілер қатарына артта қалған және орташа жерлерді,— ал мұндай жерлер көп-ақ,— тартуға аудару керек.

Міне менің тоқталып өтпекші болған ескертпелерім осылар еді. (Қол шапалақтау.)

4
АЗЫҚ-ТҮЛІК САЛЫҒЫ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА БОЙЫНША 27 МАЙДА СӨЙЛЕНГЕН ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

Жолдастар, жергілікті жерлерден келген көптеген жолдастардың баяндамалар мен жарыс сөздер жөнінде айтқан наразылықтарына қарамастан, меніңше, біз дегенмен де бір мақсатқа жетіп отырмыз: жергілікті жерлерде жаңа саясатты түсінудің және оны қолданудың жайы қалай екенін білдік. Бұл жаңа саясатты жақсылап ұғыну үшін, оны дұрыс қолдануға бірауыздан көшу үшін пікір алысудан басқа біз конференцияға пәлендей бір өзге мақсат қоя алуымыз екі талай еді. Осы мақсатқа біз жетіп отырмыз. Рас, түсінбеушіліктер болды және тіпті пікір ауытқушылығы да болды, өкінішке орай, бұлар кейде жалаң практикалық түсінбеушіліктердің және бұл «шынымен бе» әлде «шынымен емес пе», ұзақ бола ма, әлде ұзақ болмай ма деген сәуегейліктердің шеңберінен әлдеқайда асып кетіп отырды. Варейкис жолдастың айтқаны шын мәніне келгенде коммунистікке жатпайды және ой сарабы жағынан меньшевизмді еске түсірді. Мұны тура айту керек. Оның: «айтыңызшы, шаруалар — тап па, әлде тап емес пе?» деп қадала сұрақ қоюы қалай. Әрине, тап. Онда, дейді ол, оған саяси кеңшіліктер беру керек, ал егер олай болмайтын болса, онда осы бағытта белгілі бір шаралар жасалу керек, ол шаралар қалай дегенмен зубатовшылдыққа ұқсас болып шығады.

Бұл арада Мартов мұны түгелімен мақұлдады деп, соған жүгінушілік болды, ал Варейкис жолдастың өзі:

«белгілі бір дәрежеге дейін», «белгілі бір шамада», «ішінара» деп отыр. Шатасудың өзі мүлдем адам нангысыз, мүлдем сорақы болып шығып отыр. Мұның өзі бізді күштеуді қолданды деп кінәлаған кезде болған шатасудың дәл өзі. Сондықтан біз диктатура туралы айтқан кезімізде, мұның өзі күштеуді қолдану деген сөз болатынын тағы да түсіндіруге тура келеді. Мемлекеттің қандайы болса да күштеуді қолдану болып табылады, бірақ барлық айырмашылық мынада: бұл күштеу қаналғандарға қарсы қолданылып отыр ма немесе қанаушыларға қарсы қолданылып отыр ма, еңбекшілер мен қаналғандар табына қарсы қолданылып отыр ма? Зубатовшылдықпен бұлайша салыстыру да — нақ соның өзі. Зубатовшылдықтың мәні неде еді? Оның мәні езілген таптарға ұсақ экономикалық кеңшіліктер жасап, езушілер табын қолдауда еді. Міне сондықтан да ол кезде: экономикалық кеңшіліктер жасау арқылы сіздер саяси өкіметті жеңіп алу және езу системасын қирату идеяларынан пролетариатты, барлық езілгендерді азат ету жолында күресуші тапты, бас тартқыза алмайсыздар деп жауап берілген еді. Қазір пролетариат өкіметті қолына алып, оны басқарып отыр. Ол шаруаларға басшылық етіп отыр. Ал шаруаларға басшылық ету деген не? Бұл, біріншіден, ұсақ өндіруші бағытын емес, таптарды жою бағытын ұстау деген сөз. Егер біз осы бағыттан, түбегейлі және негізгі бағыттан тайған болсақ, онда біз социалистер болудан қалып, ұсақ буржуа лагеріне, қазір пролетариаттың нағыз қас дұшпандары болып отырған эсерлер мен меньшевиктердің лагеріне тап болар едік. Жуырда Бухарин жолдас «Правдада» Милюков сияқты (Чернов пен Мартов оған тең келе алмайды) елеулі саяси ойшылдан цитат келтірді, Милюков енді Россияда күрестің саяси майданында тек социалистік партияға ғана орын бар деп пайымдайды. Ал осы «социалистік» партиялар, эсерлер мен меньшевиктер, большевиктерге қарсы күресу міндетін өзіне алғысы келіп отырғандықтан, міне сондықтан «абырой мен орын» — эсерлер мен меньшевиктердікі. Міне бұл Милюковтың дәл өз сөзі, сөз болғанда өзі ірі буржуазия өкілі болғандықтан ғана оның

Мартов пен Черновтан (оның өз басын алғанда Чернов пен Мартов сияқты ақылды болмаса да) ақылдырақ екенін көрсететін сөз. Сөйтіп Милюков дұрыс айтады. Ол саяси дамудың сатыларын әбден байыпты түрде есепке алады, сөйтіп капитализмге қарай кейін өту үшін керек саты — эсершілдік пен меньшевикшілдік дейді. Буржуазияға мұндай саты керек, ал кімде-кім мұны түсінбейтін болса, ол зердесіз.

Буржуазияның мүдделері тұрғысынан қарағанда Милюков әбден айпа-қатесіз дұрыс айтып отыр. Егер біз пролетариат партиясы ретінде шаруаларға басшылық етіп отырсақ, онда біз ірі өнеркәсіпті нығайту бағытын жүргізуге тиіспіз, сондықтап экономикалық кеңшіліктер жасауға тиіспіз. Пролетариат шаруаларға басшылық етті және оларға басшылық еткені сондай, азамат соғысы кезінде шаруалар сол пролетариаттың өзінен артық экономикалық пайда тапты. Егер Мартовтың сөзімен айтатын болсақ, онда бұл зубатовшылдық болып шығады. Экономикалық кеңшіліктер шаруалар үшін жасалып келді. Бұл кеңшіліктер елімізде еңбекшілердің көпшілігі болып отырған бөлегіне жасалды. Сонда бұл теріс саясат па?— Жоқ, бұл — бірден-бір дұрыс саясат! Сондықтан, бұл арада Мартовтың: сіздер тапты алдай алмайсыздар деген сөзсымақтары туралы қаншама айтылатын болса да, мен дегенмен сіздерден: біз алдап не істедік?— деп сұраймын. Біз екі жол бар дейміз: Мартов пен Черновқа еру, ал солар арқылы — Милюковқа бару жолы бар, немесе коммунистерге еру жолы бар. Ал бізге келетін болсаңыз, біз капитализмді жою және коммунизмді орнату жолында күресеміз; біздің жол өте ауыр, ал бұл жолмен жүру кезінде шаршап-шалдығушылар мен сенбеушілер көп болып тұрады. Шаруалар сенбейді. Бірақ біз алдап отырмыз ба? Сіздер тапты алдайсыздар деу және сіздер үш қарағайдың арасында, тіпті бұл арада үш емес, екі қарағайдың арасында адасып жүрсіздер деу кісі күлерлік нәрсе, өйткені пролетариат пен шаруалар екі тап қапа ғой. Пролетариат шаруаларға басшылық етіп отыр, бірақ бұл тапты помещиктер мен капиталистерді қуып шығып, құртқаны-

мыз сияқты, қуып шығуға болмайды. Оны ұзақ уақыт және үлкен еңбекпен, үлкен қиыншылықтармен қайта тәрбиелеу керек. Пролетариаттың қанша азап шегетіні, шаруалардың қанша азап шегетіні бізге, басқарушы партияға, байланысты. Бұл бөлісте нені басшылыққа алу керек — бірдей етіп, тең етіп бөлу керек пе? Бірақ мұны Чернов пен Мартов-ақ айтсын, ал біз пролетариаттың мүдделерін басшылыққа алуымыз керек, яғни капитализмнің қайта орнай алмауын қамтамасыз етуді және коммунизмге апаратын жолды қамтамасыз етуді басшылыққа алуымыз керек дейміз. Егер шаруалар қазір көбірек қажыған болса, көбірек азап шеккен болса, немесе, дұрысырақ айтқанда, олар өздерін көбірек шаршадық деп есептейтін болса, онда біз капитализмнің қайта орнай алмауын қамтамасыз ету үшін және коммунизмге апаратын жолдарды қамтамасыз ету үшін сол шаруаларға көбірек кеңшілік жасап та отырмыз. Бұл — дұрыс саясат, ал біз тек бір ғана таптық есепті басшылыққа аламыз. Біз шаруаларға ашық, адал, ешбір алдамастан былай дейміз: социализмге апаратын жолды сақтап қалу үшін біз сіздерге, шаруа жолдастар, бірсыпыра кеңшіліктер жасаймыз, бірақ ол кеңшіліктерді жасағанда тек пәлендей бір шеңберде ғана, пәлендей бір шамада ғана жасаймыз және, әрине, мұның қандай шамада және қандай шеңберде болатынын өзіміз шешеміз. Кеңшіліктің өзі осы кезге дейін шаруалардан гөрі пролетариатқа көбірек түсіп келген ауыртпалықты бөлу тұрғысынан жасалады. Пролетариат диктатурасының үш жарым жылы ішінде шаруаларға қарағанда пролетариат азапты өз мойнына көбірек алды. Бұл — әбден айқын және талассыз ақиқат. Пролетариат пен шаруалар арасындағы қатынас мәселесі міне осылай қойылып отыр, яғни не шаруалар бізбен келісімге келуі керек, онда біз оларға экономикалық кеңшіліктер жасаймыз, не — күреске шығуы керек. Міне сондықтан да басқа дәлелдердің бәрі де аса сұмдық шатасу болып шығады. Іс жүзінде басқа жолдың қандайы болса да Милюковқа, помещиктер мен капиталистерді қайта қалпына келтіруге апаратын жол, сондықтан да

былай дейміз: қандай да болсын кеңшілік жасағанда біз пролетариат өкіметін қолдайтын және нығайтатын шеңберде ғана жасаймыз, өйткені пролетариат бұлтармастан, қиыншылықтар мен кедергілерге қарамастан, таптарды жоюға және коммунизмге бара жатыр.

Онан соң, Свидерский жолдастың сөзіне жасалған ескертпелерде теріс пікірлер көп болды. Оппозицияның барлық өкілдері өзінше бір тамаша парламенттік сөздермен оған дереу жабыла кетті. «Парламенттік оппозицияның» нағыз тамаша өкілі Ларин жолдас болып шықты. Советтік құрылыста парламенттік сөздер сөйлеуге онша көп орын жоқ, бірақ солай бола тұрса да табиғат өз дегенін істейді емес пе, бізде парламенттік мекемелер болмаса да, парламенттік мінез-құлықтар қалып отыр. Свидерский жолдас жөнінде жұрт: міне азық-түлік инспекциясы деген осы, ол тіпті азық-түлік диктатурасы дегенді айтуға дейін барып отыр десті. Мүмкін, Свидерский жолдас сөз жағынан артық бірдеңелерді айтып та жіберген болар. Бірақ істің мәні жағына келгенде оныкі дұрыс. Біз баяндамашыларды роль-рольге бөлгенде әркім, былайша айтқанда, белгілі бір аспапта ойнайтындай етіп бөлгенбіз. Айырбас жөнінде кооператор — Тұтынушылар қоғамдарының орталық одағының өкілі Хинчук жолдас баяндама жасады. Бізде, өздеріңізге мәлім, Тұтынушылар қоғамдарының орталық одағының мемлекетпен жасасқан шарты бар. Егер бұл шартты жолдастардың бәрі бірдей оқымаған болса, онда олардың материалмен немқұрайды танысқаны. Бізде мемлекет Тұтынушылар қоғамдарының орталық одағының өкілдерімен шарт жасасады; Азық-түлік халық комиссариатының өкілі кооперацияның өкілімен шарт жасасады, сондықтан шетелдердегі кооператорлар біздің шартпен санасуға тиіс. Шартта біз істі былай қойып отырмыз: барлық товарлар кооперацияға түсетін болады, кооператорлар өздері үшін емес, біз үшін, орталықтандырылған мемлекет үшін, ірі фабрика үшін, пролетариат үшін сауда жасайтын болады. Бұл өте үлкен және маңызды шарт. Өйткені басқаша етуге болмайды. Питерде, Москвада ашаршылық бар, осылай бола тұрса да,

жергілікті жерлерде, ашаршылыққа ұшырамаған губернияларда өздеріне тиесілісінен екі есе көп тамақтанатынын, ал бізге мұнда астықты екі есе кем жіберіп отырғанын көрсететін кестелерді Брюханов жолдас көрсетті. Сіздерше қалай: мұндай жағдайда азық-түлік диктатурасы керек пе? Менiңше — керек, керек болғанда екі есе, үш есе күшейтілген түрде керек, өйткені осы сияқты бетімен кетушілік бізде толып жатыр. Күштеусіз біздің тірлік ете алмайтынымызды білу керек, сондықтан Тұтынушылар қоғамдарының орталық одағында товарларды бөлу ісі біздің бақылауымызбен жүруге тиіс.

Біз Тұтынушылар қоғамдарының орталық одағына: сіздер сауданы жақсы жасадыңыздар, сондықтан біз сіздерге белгілі бір процент түрінде сыйлық береміз дейміз. Бұл шартқа енгізілді, ал біз тиімді сауда жасағаны үшін сыйлық беріп, бұл комиссиялық сауданы әр түрлі сыйлық беру жүйесімен сөзсіз көтермелеп отырамыз, бірақ біз бұл сауданың біздің пайдамызға, ірі өнеркәсіпті бір орталыққа шоғырландырып отырған мемлекеттің, пролетариат басқарып отырған мемлекеттің пайдасына жүргізілуін талап етеміз. Ірі өнеркәсіпке пайда түсе ме? Ол пайда кімге түседі?

Салық болмаса, сіздер азық-түлікпен қалай қамтамасыз ете аласыз? Ешқашан да қамтамасыз ете алмайсыздар! Қайсысы көбірек бере алады: салық па әлде айырбас па, біз оны білмейміз, бірақ айырбас үшін жеткілікті қордың жоқ екені — факт. Қазір күштеу аппараты болмайынша сіздер керегіңізді ала алмайсыздар. Еш уақытта да ала алмайсыздар! Бұл кімге де болса айқын. Бұл жағынан да өз бағытының өкілі ретінде Свидерский әбден дұрыс айтып отыр. Біз азық-түлік инспекциясын мақұлдадық, сондықтан Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумы көбінесе сіздерге салмақ салатын болады, өйткені сіздер кімді тағайындау керек екенін білесіздер — бұл сіздердің ісіңіз, ал егер өздеріңіз тағайындаған екенсіздер, онда оның керек нәрсені орындауын қадағалаңыздар. Қазір мемлекетті шамамен айтқанда, төрт жүз миллион пұт астықпен қамтамасыз етпе-

йінше, ешқандай ірі өнеркәсіп пен социалистік құрылыс туралы әңгіме етудің қажеті жоқ. Кімде-кім осы үш жылдың ішінде мұны үйренбеген болса, онымен сөйлесіп жатудың қажеті жоқ. Бірақ біз толып жатқан қателіктерге қарамастан, бұл қорды үнемі көбейте бердік және, 1920 жылы біз бұл қорды көбейте отырып, бөлу жағына келгенде үлкен қателік жіберіп алған болсақ та, қалайда зор прогресс жасалды. Біз іске байыпты қарауға тиіспіз, сөйтіп азық-түлік салығын жинау үшін тез жұмыс істейтін аппарат керек екенін айтуға тиіспіз, бұл арада либералдық сөздер сөйлеп жатудың және азық-түлік инспекциясы деген ұнамсыз нәрсе деп иегімізбен нұсқап көрсетіп жатудың қажеті жоқ.

Ал капитализмнен коммунизмге өту кезеңінде, шаруа халқы көпшілік болып отырғанда, салықты сізге күштеусіз бере қоятындай, мұндай «коммунизм», менің білуімше, әзір жоқ. Егер ірі өнеркәсіпті,— пролетариат диктатурасының базасын,— қолдағыңыз келетін болса, онда сіздер бұл аппараттың іс тындыруын тілеуге тиіссіздер. Ал бұл арада, әрине, централизм керек. Статистикаға көз салыңыздаршы. Өкінішке орай, онымен сіздердің біразыңыз ғана жете таныссыздар. Орталықтың жарлықтарына қарамастан жергілікті орындар өздеріне қанша алғанын қараңыздар. Ал бізге осында, Москва мен Питерден жолдастар келіп, орталықтың жарлықтарынан ауытқушылық туралы кестелер тапсырып отыр. Бақсақ, үш рет ескерту болған, сонша сөгіс берілген, ал одан әрі ше? Одан әрі қамауға алу, орнынан түсіру, т. б. болған. (Орыннан дауыс: «Ондай жағдайлар қанша рет болды?».) Тәртіп бұзушылықтар көп, ал орнынан түсіру аз болды. Міне бұл бағытты қорғау жөнінде менің айтайын дегенім осы.

Егін шығымы биылғы жылы, сірә, көптеген жерлерде біршама тәуір болатын түрі бар және ол біздің күткенімізден гөрі ертерек пісетін болар. Сондықтан алдын ала әзірленуіміз керек, ал қазіргі жағдай негізгі қорды тез жинап алуымызды керек етеді. Демек,

бұл іске осында жұрттың біразы қарағанындай қарау мүлде дұрыс емес.

Ал Ларин жолдасқа келетін болсақ, оның таланты нақтылы жұмыс саласына емес, парламенттік оппозиция саласына және журналистика саласына көбірек жатады. Жобалар жасау жағына келгенде ол шаршау дегенді білмейді. Ол осында өзінің 1920 жылғы январьда-ақ жақсы жоба ұсынғанын ескертіп өтті. Бірақ Ларин жолдастың жобаларының бәрін жинап алып, олардың ішінен жақсы жобаларды таңдайтын болсақ, онда сірә оларды промиллесіне (мыңына) оннан бір үлес деп белгілеуімізге тура келер еді.

10 майда ол бізге Орталық Комитеттің Саяси бюросына коллективтік жабдықтауға жаппай көшу жобасын ұсынды. Негізгі принципі қызықтырарлық нәрсе, бірақ бұл қай уақытта ұсынылды? 1921 жылғы 10 майда, азық-түлік Москва мен Петроград сияқты орталықтарға мүлдем жетіспей отырған кезде, Россия республикасының осы маңызды орталықтары уақытша жартылай аштыққа, төрттің біріндей аштыққа жағдайға ұшырап отырған кезде ұсынылды. Жұрт барлық күшін сарп етіп, Сибирьмен, Кавказбен, Украинамен сөйлесетін тікелей проводтың басынан кетпей, әрбір маршруттың, әрбір вагонның дерлік, ізін бақылап отырған кезде азық-түлік мекемелерін қайтадан құруды ұсыну,— кісі күлерлік нәрсе. Мұндай кезеңде жалпы коллективтік жабдықтауға қандай көшу болмағын сайтан біле ме? Саяси бюро мынандай қарар қабылдады: «Ларин мен ВЦСПС-тің (ВЦСПС, әрине, бұл жобаға асығыс қол қоя салған) жобасы қабылданбасын, нақтылы жабдықтау мүмкіндігі тұрғысынан егжей-тегжейлі етіп мәселені екінші рет қайта қарау жобаның авторларына тапсырылсын...». Кәсіподақтардың съезінде қайталанған (егер сіздер Чубарь мен Гольцманның тезистерін оқыған болсаңыздар) негіз міне осы; осының өзінде Чубарь өз тезистерінің негізгі бөлімдерін партияның Орталық Комитетінде сақтықпен берілген саясатпен сәйкестендірді. Гольцман мен Ларин ереже бойынша әрекет етіп отыр, Саяси бюроның мәжілісі аяқталғаннан кейін Ларин менің

құлағыма сыбырлап, бұл ереже туралы әзіл-шыны аралас бір әңгіме айтқан болатын. (Бұл әңгімені айтып берсем, оным оғаш болмас деп ойлаймын.) Осы қарардың қабылданғанын көрген кезде Ларин маған: «сіздер бізге шынашақтарыңызды ғана ұсынған едіңіздер, біз бүкіл қолыңызға тап бердік» деген болатын. Сонда мен Ларинмен қалай саудаласу керек екендігін,— мен мұны бұрын да біле тұрсам да,— енді біз білетін боламыз деп ойладым. Егер ол миллион сұрайтын болса, онда оған елу тиын беру керек. (К ү л к і.) Осында жарыс сөзде анықталған нәрсе мынау: Лариннен деректер қайда деп сұраған кезде, ол Кизляр-Старо-Теречная жолының салынуы жөнінде, өзі «тамаша» деп атаған бір мысалды келтірді. Бұл мысалда ешбір жаңалықтың жоқ екендігі, ондай тәжірибелердің бұрын бірнеше рет жасалғандығы осында дәлелденген болса да, бізге жалпылама пайымдаулардың орнына, сансыз көп тезистердің орнына нақтылы мысал келтіріп, тәжірибенің нәтижесін көрсетіп отыру дегенмен де прогресс. Бұл тезистерді, оннан тоғызын аяғына дейін бас ауыртпай оқып шығуға болмайтын тезистерді, жұрттың бәрі оқып, талқылай бастайтын болса, нағыз сор осы болған болар еді.

Тезистер керек емес, жергілікті тәжірибені есепке алу керек. Келіңіздер, осы тәжірибені зерттелік, әйтпесе — азын-аулақ болса да нақтылы жабдықтау болмай отырған кезде бір жүйенің үстіне бір жүйе жасаудың және коллективтік жабдықтау жөнінде заң жобаларын шығара берудің керегі не. Жергілікті жерлерде практикалық жұмыс бар. Бізге: жергілікті тәжірибе жөнінде пікір алысып тұрмайды деп жергілікті жерлерді кінәлаудың қажеті жоқ дескен еді. Осында: Орталық Комитет жергілікті тәжірибені беріп тұрмайды деп Орталық Комитетті жазғырды. Ал бізде ондай тәжірибе дегеніңіз жоқ, біз тек декреттер шығарумен әуре болып жүрміз. Біздің көпшілігіміз осы ұнамсыз жұмысқа белшемізден батып жатырмыз, сондықтан біз жергілікті тәжірибені көре алмай отырмыз. Оны сіздер әкелуге тиістісіздер. Ларин бізге Кизляр-Теречная жолының тамаша мысалын баяндағанда, мұнысы ду-

рыс болған еді, өйткені бұл жергілікті тәжірибе еді. Бірақ ол осы арада да елігіңкіреп кетті, оны Чубарь мен Осинский түзеп отыруға тиіс болды. Бұл бірден-бір мысал емес. Ол ескі жүйе бойынша жұмысшы 28 қадақ алған еді, жаңа жүйе бойынша 4 пұт алып отыр деді. Мен бұл дерекке күдіктендім де, мұны сіз қайдан алдыңыз?— деп сұрадым. Ол тұрып: мұны Жұмысшы-Шаруа инспекциясы тексеріп анықтаған деді. Бірақ біз Лариннің парламенттік қана адам емес, оның үстіне карикатура да сала алатынын білеміз. Ол әуелі Жұмысшы-Шаруа инспекциясынан асқан пәле жоқ деп сендіріп, карикатура салған еді, ал енді келіп 28 қадақтың орнына 4 пұт алып отыр — мұны Жұмысшы-Шаруа инспекциясы тексеріп анықтаған дейді. Ол әуелі осы сияқты анекдоттармен Жұмысшы-Шаруа инспекциясына деген сенім атаулының бәрін жұрдай етті де, одан кейін бірден-бір дәлелдеме ретінде Жұмысшы-Шаруа инспекциясының куәлігін алға тартып отыр. Ал Чубарь мен Осинский: орман өнеркәсібінде бұл жүйе сан рет қолданылған дегенді айтты. Бар мәселе мынада: бір жердің тәжірибесін екінші жердің тәжірибесімен салыстыруымыз керек. Лариннің айтқандарының ішіндегі ең жақсысы оның Кизляр-Теречная жолын салудағы жұмыстардың қалай жүріп жатқандығын айтқан жері болды. Тулада немесе Тамбовта тәуірлеу болмады ма екен,— міне осыны білу керек. Мұны орталық сіздерге көрсетіп бере алмайды, өйткені мұны біз білмейміз, ал сіздер мұны жергілікті жерлерден әкеліңіздер, осы деректерді бізге көрсетіңіздер, бізге үйретіңіздер, сонда біздің бәріміз де үйренетін боламыз, ең жақсы үлгі бойынша жұмысты жақсартатын боламыз.

Біздің уездік немесе аудандық көлемдегі мың жергілікті орталығымызға ондай тәжірибелердің екеуі немесе үшеуі табылар, мүмкін, одан көп те табылып қалар, бірақ екі-үш тәжірибе сөзсіз табылады. Оларды жақсылап зерттеу керек, бірақ тәптіштеп тергеу жасап, цифрларды тексеріп, іскерлікпен зерттеу керек, ал оппозицияның жалаң сөздеріне сеніп қалмау керек.

Егер біз істі осылайша қоятын болсақ, орталық үйрене алады.

Онан кейін, мен біздің айтыстан алған басты нәрсеміз — басталып отырған айырбастың қалай жасалғандығы жөнінде бірсыпыра нұсқаулар алғанымыз деп есептеймін, тек дәл деректер ғана жетіспейді. Донбасстағы жолдастар телеграмма жіберген екен, онда: біз 3000 пұт бидай айырбастап алдық депті. Бұл бір шағын учаскеде болған іс, бірақ оның егжей-тегжейі белгісіз. Мен бұл жолдастар осында шығып сөйлеп, қандай баламаға айырбастағанын, қандай ұйым арқылы айырбастағанын: Азық-түлік комиссариаты арқылы айырбастады ма, арендатор, концессионер немесе жеке меншік кәсіпкер арқылы айырбастады ма?— осыны айтады ғой деп ойлап едім. Мұны біз білмейміз, ал бұл біздің декреттерімізден гөрі анағұрлым маңызды нәрсе. Декреттерді оқуға болады, ол декреттер жөнінде кеңесу үшін мұнда жиналудың керегі жоқ, ал Донбасста 3000 пұт бидайды қалай айырбастап алғанын және Волыньдегі немесе Тамбовтағы жолдастардың бұл жөнінде істегендері бұдан тәуірлеу болған-болмағанын білу үшін, міне мұның үшін осында жиналуға болады. Жергілікті жерлерде едәуір жұмыс істелді. Сондықтан жергілікті жерлер өздерінің практикалық тәжірибесінің нәтижелерін осында ала келіп: мен пәлендей нәрселер істедім, бірақ маған орталық мекеме кедергі жасады, ал мен былай істеп, орталық мекемені бағындырдым,— деулері керек. Осында сөйлеген жолдас Тамбов губерниясы жөнінде күмілжіп сөйледі,— ол парламенттік сөзге салынып, Азық-түлік комиссариатына тиісті, бізде кооперативтік дүкендер мен мекемелер бар деді. Жолдастар осылай етіпті. Онда толып жатқан қолайсыз қосымша жағдайлар, тұқымды толық сеппеушілік, жалпы алғанда ауыр жағдайлар бар, онда кемшілік үстіне кемшілік болып жатыр, ал солай бола тұрса да оның келтірген деректерінен айырбастың басталғандығы және кооперацияның іске кірiскендігі көрініп отыр. Тіпті помада да ауызға алынды. Қанша помада алдыңыздар, ол қандай жағдайда бөлінді? Помаданы да айналымға жіберу керек:

саудада не нәрсені сұраса, сонымен санасуға тура келеді. Помаданы сұрайды екен, біз беруіміз керек. Егер істі дұрыстап жүргізетін болсақ, біз помадамен де ірі өнеркәсіпті орната аламыз. Тек 1000 пұт астық сатып алу үшін бұл помаданы қанша сатып алу немесе табу қажет екендігін есептеп шығаруымыз керек. (Орыннан дауыс: «Ал икондар ше, икондар сұрайды».) Икондарға келетін болсақ,— осында шаруалар икондар сұрайды деп ескертіп отыр,— меніңше, арақ сияқты және басқа сондай еліртпе нәрселерге жол беретін капиталистік елдерден өзгешелігіміз сол, біз бұған жол бермейміз, өйткені олар сауда жасау үшін қаншама тиімді бола тұрса да, олар бізді коммунизмге қарай ілгері бастамайды, қайта капитализмге қарай кейін тартады, ал помаданың ондай қаупі жоқ. (Күлкі.) Шіркеу қоңырауларына келетін болсақ, бұл арада пікір алалығы байқалуда, сөйтіп кейбір жолдастар қайсыбір жерлерде көп ұзамай қоңыраулар электрлендіруге керекті мыс сым жасау үшін ерікті түрде қайта қорытылатын болады деп есептейді. Мұның үстіне, қазір Россияда бұл қоңыраулардың көптігі сонша, олар діндар адамдар үшін өзінің тікелей мәні жағынан қызмет етіп отыр деуге келе қоймас, өйткені мұның қажет болған уақыты өтіп кетті (26-бет). Волынь жөнінде айтқанда, ол жақта 10 қадақ тұзға бір пұт астық беретін жерлер бар дегенді айтты. Бірақ бұл сауда қалай жүргізілді? Сіздердің приказчиктеріңіз болды ма? Сіздер қалай сауда жасадыңыздар? Товарды кім сақтады? Кім құлып салды? Қаншасы ұрланды?— Бұл жөнінде ештеңе айтылмады. Ал сіздер үшін маңызды нәрсе міне осы. Оның есесіне, поляктар бір пұт астыққа бір пұт тұз берді дегенді де айтты. Мен бір жолдаспен әңгімелескенімде, былай дедім: егер поляктар бір пұт астыққа бір пұт тұз беретін болса, ал сіздерге шаруалар 10 қадаққа беретін болса, онда сіздер өздеріңіз үшін де сатып ала алатын едіңіздер ғой. Сіздерге кім кедергі жасады? Орталық кедергі жасады дегенді айтты. Бірақ поляктың бір пұт тұзына төрт пұт астық алуға орталық кедергі жасады дегенге илана көрмеңіздер. Біздің бұған қарсы болуы-

мыз мүмкін емес; мен бұған еш уақытта да нанбаймын. Бұрын, армия болған кезде, жолдастар: бәрі де әскери өкімет арқылы істелді деп шағынатын еді, ал қазір армия жоқ кезінде, соғыс жоқ кезінде орталыққа сұрау қою керек; бір жолдас: енді бізде «южбум» бар, біздер осы «южбумға» қарсы күресіп жатырмыз деді, ал мен тұрып: «южбумға» қарсы сіздер қай мекемеге шағым бердіңіздер деп сұрағанымда, ол білмеймін деп жауап берді, ал мұның өзі өте маңызды нәрсе ғой.

«Южбумның» үстінен шағым берген мекемесінің атын олар атай алмайды. Бұл «южбум» дегеннің не екенін мен білмеймін; мұның өзі, тегінде, біздегі барлық басқа совет мекемелері сияқты бюрократтық бұрмалаушылықтан зардап шегіп отырған мекеме болуы керек. Буржуазия осы кезге дейін бізге қарсы күрес жүргізіп келеді. Олардың көбін біз шетелге Милюковтың қарамағына қуып жібердік, бірақ олардың әлі талай мыңы осында жүр, олар бюрократтық өнердің барлық айласын жұмсап бізге қарсы соғыс жүргізуде. Ал сіздер, жолдастар, бұған қарсы қалай соғысып жатырсыздар? Сіздер бұл «южбумды», т. б. құр қолмен бір жайлы етуге болады деп ойлайсыздар ма. Біз Деникинге қарсы соғыс жүргізген кезімізде, біз онымен шайқасуға құр қол шыққанымыз жоқ, мықтап қаруландық және армиялар ұйымдастырдық. Ал мұнда тамаша кеңсе чиновниктері отыр, олар енді бізге оңбағандық жасауды, біздің жұмыс істеуімізге бөгет жасауды өз табының мүддесі деп біледі, олар: большевиктерді азғындауға итермелеп, мәдениетті сақтап қаламыз деп ойлайды, олар кеңсе ісін бізден гөрі 100 есе жақсы біледі. Өйткені бұл істі біз қайдан білуші едік? Оларға қарсы барлық өнерді салып күресуіміз керек және пәлендей мекемеде пәлендей оңбағандық жасалыпты деп шағым етіп немесе анекдот айтып жүретін, бүкіл Москваны аралап, бюрократтық оқиғалар жайында анекдот айтып жүретін партиялық жолдастарды жауапқа тарту керек. Ал сіздер, жолдастар, саналы коммуниссіздер, бұған қарсы күресу үшін сіздер не істедіңіздер?— Мен шағым еттім.— Ал бұл шағымды сіздер қандай мекемеге дейін жеткіздіңіздер?

Бақсақ, ешбір мекемеге жеткізбепсіздер, ал бұл арада шағым Халық Комиссарлары Советіне де, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетіне де жіберілуі керек еді, яғни біздің Конституциямыздың берген праволарының бәрі пайдаланылуы керек еді. Бұл соғыс оның үстіне, әрине, кейде жеңілістерге де соқтырып отыратын соғыс. Бірақ, тіпті ең жеңімпаз деген соғыстардың да жеңілістерсіз болғанын көргендеріңіз бар ма? Сондай-ақ бұл арада да жеңілістердің болуы мүмкін, бірақ күресті жүргізу керек. Бірақ бізде жұрт істі шындап қолға алмай жүр. Ал қағаз бастылық жасағаны үшін сотқа тарттыңыздар ма? Бізде мекемеге төрт рет немесе бес рет келуге мәжбүр болған жұмысшының немесе шаруаның, ақырында келіп, ресми жағынан дұрыс сияқты бірдеңе алғаны, ал шын мәніне келгенде қорлық көргені жөнінде халық соттарының үкімдері бар ма? Сіздер коммуниссіздер ғой, бұл бюрократ мырзаларды ұстап алуды сіздер неге ұйымдастырмайсыздар, сөйтіп осы қағаз бастылығы үшін оларды халық сотына және түрмеге неге сүйремейсіздер? Қағаз бастылығы үшін сіздер олардың қаншасын түрмеге отырғыздыңыздар? Мұның өзі бір, әрине, әурешілігі көп іс қой дер әркім де. Мүмкін, пәленше жәбірленетін болар дер. Көптеген адамдар осылай пайымдайды, ал шағым етуге, анекдот айтуға келгенде мықты-ақ. Ал осы анекдоттарда, сайып келгенде, анекдоттардың және меньшевиктер мен эсерлердің шетелдік журналдарында басылып жатқан өсектердің арасындағы шек жойылып кетеді. Меньшевиктер: «Москвадағы совет мекемелерінің барлығында өз тілшілеріміз бар» деп жариялап отыр. (Күлкі.) Осында айтылып жүрген анекдоттардың бәрі, әсіресе парламенттік оппозицияның сөздерінде көп кездесетін анекдоттар екінің бірінде бірнеше күннен кейін меньшевиктік журналдарға шыға келеді. Бірақ шек дегенді білу керек қой, шын күресті әншейін айтылып жүрген анекдоттан айыра білу керек қой. Мүмкін, әрине, халық шаршаған кезде белгілі бір талантты шешен анекдот айтып, жұртқа аздаған тыныс беретін болар. Бұл жағынан қарағанда мен, өз байқауым бо-

йынша, қарсы бола алмаймын. Бірақ бұған қанағаттанып қалуға болмайды, өздеріңіз қалай ұстап алдыңыздар, өздеріңіз қанша сот процесін өткіздіңіздер, өздеріңіз одан қандай нәтиже шығардыңыздар,— міне осы жөніндегі тәжірибені қорыту керек. Егер біз осындай тұрғыдан келсек, онда біз бұл соғысқа, азамат соғысынан әлдеқайда қиын бола тұрса да, ойдағыдай төтеп береміз.

Николаевск губерниясы жөнінде менің тағы да бір-екі ауыз сөз айтқым келеді. Николаевск губерниясынан келген жолдас осында бірсыпыра аса бағалы пікірлер айтып өтті. Бірақ оның бұл айтқан пікірлерінің көбі жете зерттелмеген пікірлер. Ол: «кездеме мен темір өтеді, бірақ помада өтпейді» дейді. Ал басқалар кездеме өтпейді деген еді. Бұл жолдас қапшықшыларға тап беріп отыр: сауда еркіндігін жүзеге асыруға мәжбүр болғандықтан, ол — бұған қарсы қалай күресу керектігін білгісі келеді. Ескіше күресуге болмайды, ал жаңаша күресуде бізде транспортты күзету қолға алынды, бірсыпыра жаңа декреттер қабылданды, бірақ, әрине, нәтижеге тез жетуге болмайды. Ал бұл жөнінде сіздердің жергілікті тәжірибеңіз қайда? Бізде қазір транспортты қапшықшылардан емес, «оны теріс пайдаланудан» қорғау жөнінде бірсыпыра декреттер бар. Арнаулы комиссиялар, Бүкіл россиялық төтенше комиссия мен Транспорт төтенше комиссиясының төтенше үштіктері құрылды, мұнда әскери ведомство да, Қатынас жолдары халық комиссариаты да бар. Ал сіздерде жергілікті жерлерде қандай органдар жұмыс істейді? Олар жұмысты өзара қалай келісіп істейді? Қапшықшылар бел алып барады деген шағымдар жөнінде не істелді? Олар қандай іс-қимыл жасады? Міне осы туралы сөйлесу керек. Ал мұнда келіп: «Бізді қапшықшылар жеңіп барады» деп шағым етеді. Біз декреттік нұсқаулар қабылдадық. Мүмкін, олар дұрыс емес шығар, оларды тексеру керек, ал мұны қалай істеуге болады? Біз өз декреттерімізді жариялау арқылы тексереміз. Сіздер оларды білесіздер, сіздер оларды және олардың практикада қолданылуын талқылау үшін келесіздер. Міне мынадай жерде мынадай бір

транспорттық үштік былай істеді. Мына жерде ойдағыдай істеді, ана жерде ойдағыдай істей алмады. Мүмкін, бұл азық-түлік диктатурасы жөніндегі сөйленген сөз сияқты тамаша сөз болмас. Бірақ мұнсыз біз өзіміздің декреттік жұмысымызда қатені аз жіберуді үйрене алмаймыз, ал мұның өзі ең бастысы ғой.

Сөзімнің қорытындысында мен Осинский жолдастың, меніңше, өте дұрыс белгілеген тұжырымдарына, біздің қызметіміздің жалпы жиынын көрсететін қорытындыларға көшемін. Осинский үш тұжырым жасады. Бірінші тұжырымы — «шындап және ұзақ уақытқа» делінген. Менің ойымша, оның бұлай деуі әбден дұрыс. «Шындап және ұзақ уақытқа» — міне мұны шынында да барынша жадында сақтау керек және жақсылап ұғынып алу керек, өйткені өсекшілдік әдет бойынша: тырпақшаға алынған саясат, яғни саясатшылдық жүргізіліп жатыр, бәрі де бүгінгі күн үшін ғана істеліп жатыр деген қаусесет тарап жүр. Бұл дұрыс емес. Біз таптық арақатынасты еске аламыз және ешбір кедергіге қарамастан шаруаларды коммунизмге қарай бастау үшін пролетариаттың қалай қимыл жасауы қажеттігіне қараймыз. Әрине, шегінуге тура келетін кез де болады, бірақ бұған барынша мән беріп, таптық күштердің тұрғысынан қарауымыз керек. Мұнда бір айла-шарғы бар деп білу — тоғышарлар мен ұсақ буржуазияға еліктеу деген сөз; ал ұсақ буржуазия коммунистік партиядан тыс жерлерде ғана өлермендікпен тіршілік етіп қоймайды. Бірақ Осинский жолдас бұдан да гөрі әрі асып, мерзім жөнінде айта бастады, ал өз басым бұған бармас едім. «Шындап және ұзақ уақытқа» — 25 жыл. Мен ондай пессимист емеспін, мерзімнің меніңше қандай болатынын мен анықтап жатпаймын, бірақ, меніңше, бұнда біраз пессимистік нәрсе бар. Құдай жарылқап, біз 5—10 жылға есеп жасай білсек те жетер, әйтпесе біз әдетте 5 аптаға да есеп жасай білмейміз.

Біз партияда жоқ тапқыр қызметкерлерді жоғарылатып отыруымыз керек. Қалай дегенмен де коммунистік партиядағы және Советтік Россиядағы жиналыстардың, съездердің, конференциялар мен кеңестердің

сипаты ескі уақытта болғанындай және бізде әлі де болып келе жатқанындай болуға тиіс емес екенін қайта-қайта айта беруіміз керек; ал бізде парламенттік оппозиция рухында сөз таластырып, онан кейін барып қарар жаза салады. Қарарлардың бізде көбейгендігі сонша, оларды ешкімнің оқымайтыны былай тұрсын, тіпті оларды жинамайды да. Біз қарарлармен емес, іспен шұғылдануымыз керек. Буржуазиялық құрылыста мемлекеттік органдар емес, қожайындар іспен шұғылданған еді, ал бізде шаруашылық іс — біздің ортақ ісіміз. Мұның өзі біз үшін ең қызықты саясат. Меньшевиктерді, әрине, 999-шы мәрте сөгуге болады, мұны, істеу керек те, бірақ дегенмен бұл қайталау болады, мұнымен біздің көбіміз міне отыз жыл бойы шұғылданып келеміз. Ал мұның өзі көпшілікті жалықтырды.

Социалистік мемлекетте кездемені, помаданы және басқаларды астыққа қалай айырбастау керектігі, поляк тұзы есебінен бір пұт ұнды артық алу үшін не істеу керектігі туралы мәселе, міне, бұл мәселе жүз есе қызықты. Мұның өзі әдеттен тыс нәрсе болғанымен партия жиналыстарында осы тапқырлық туралы мәселемен шұғылдану керек. Бүкіл капиталистік дүние сұмдық аш. Ал тұз, помада және басқа заттарды алсақ — мұндай заттарға олар өте бай, сондықтан егер біз жергілікті айналым мен инициатива ұранын дұрыс қолданатын болсақ, біз өзіміз үшін артық бір пұт астық ұтып шығамыз.

Гусев жолдас маған коммунистік өндірістік кооператив туралы ереженің жобасын берді. Ереженің мәні бесінші пунктте баяндалған, онда кооператив мүшелері өздерінің «құнарлы гигиеналық паекпен» қамтамасыз етілуін өтінеді. (Күлкі.) «Құнарлы гигиеналық паек» — біздің бүкіл азық-түлік саясатымыз осыған бастайды. Салық арқылы 240 миллион пұт және товар айырбастау арқылы 160 миллион пұт астық, яғни барлығы 400 миллион пұт астық жинау керек, сөйтіп астық жинаудың бұл жүйесінің экономикалық жағынан берік екенін шаруалар сезетін болуы керек.

Салымды жүргізе беруге болмайтын еді. Бұл саясат-

ты өзгерту керек болды. Бұл жөнінен біз қазір, мүмкін, құрылысымыздың ең қиын жерінде тұрғанболармыз. Егер коммунистік партияның бүкіл жұмысын жоғары ғылымдардың төрт жылдық курсымен салыстыратын болсақ, онда біздің жағдайымызды былай деп белгілеуге болады: біз үшінші курстан төртінші курсқа өту емтиханын тапсырып жатырмыз; оны әлі тапсырып болғанымыз жоқ, бірақ істің бүкіл бет алысына қарағанда тапсырып шығамыз. Егер курс-курс бойынша айыра санайтын болсақ, бірінші курс өткен ғасырдың 70-жылдарынан 1903 жылға дейін болды, бұл халық ерікшілерінен, социал-демократиядан және II Интернационалдан большевизмге алғашқы аяқ басу кезеңі еді. Бұл — бірінші курс.

Екінші курс — 1903 жылдан 1917 жылға дейін болды, бұл революцияға шындап әзірлену және 1905 жылғы революцияның бірінші тәжірибесі еді. Үшінші курс — 1917 жылдан 1921 жылға дейін болды, бұл аралықтағы төрт жыл өзінің мазмұны жағынан бірінші 40 жылдан басым. Мұның өзі — пролетариат өкімет басына келген кездегі өте-мөте іскерлік сынақ болды, бірақ бұл әлі үзілді-кесілді сынақ емес еді. Егер біздің өлеңімізде «бұл біздің ең ақырғы, шешуші зор майдан» деп жырланып жүрген болса, онда мен, мейлінше дәл айтар болсақ, бұл, амал не, ең ақырғы майдан емес, ең ақырғы, шешуші майданға жақын майдандардың бірі деуге тиіспін. Ал қазір біз үшінші курстан төртінші курсқа өту емтиханын тапсырып жатырмыз. Егер Осинскийдің мысалын алып, жылдар жайында айтатын болсақ, онда менің ойымша, бұл арада 10 жылға есеп жасау керек болар, өйткені 3-курстан 4-курсқа өту емтиханын тапсыруға тура келеді, ал одан кейін біз бүкіл төртінші курстан жақсылап өтуіміз керек: сонда біз шынында да жеңілмейтін боламыз. Біз шаруашылық майданында жеңіске жете аламыз. Егер біз шаруаларға көзқарас жөнінде жеңіп шығатын болсақ және осы жылы «құнарлы гигиеналық паек» жинап алатын болсақ, бұл үшінші курстан төртінші курсқа өту емтиханы болады. Осыдан кейін, бүкіл белгіленіп отырған құрылыс неғұрлым елеулі құрылыс болады.

Біздің алдымызда міндет міне осылай қойылып отыр. Міне сондықтан да мен, сөзімді аяқтай келіп, қайта-қайта мынадай тілек білдірмекпін: біз, қиыншылықтарға қарамастан, съездерде, конференцияларда және жақсы парламенттік жиналыстарда ұсақ экономиканың жергілікті мәселелерімен шұғылдануға мүмкіндік бермейтін ескі дәстүрлердің бәріне қарамастан, қалайда өзімізге мынаны айтуымыз керек: коммунистер ретінде біз осымен шұғылдануға тиіспіз, біз төменде, декреттер қолданылатын жерлерде, олар тексерілетін жерлерде, олардың қателерін түзету керек болатын жерлерде, осында жиналыста істі қорытындылайтындай етіп бастау керек болатын жерлерде шаруашылық жұмыстағы практикалық тәжірибені есепке алумен шұғылдануға тиіспіз. Сонда біздің құрылысымыз шындап және берік түрде алға басатын болады. (Ду қол шапалақтау.)

5

ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ

1. Үстіміздегі кезеңнің негізгі саяси міндеті барлық партия және совет қызметкерлерінің жаңа экономикалық саясатты толық түсініп, дәл жүзеге асыруында болып отыр.

Бұл саясатты партия бірсыпыра ұзақ жылдармен өлшенетін дәуірге белгіленген саясат деп таниды және жұрттың бәрінен оны сөзсіз мұқият және ұқыптылықпен жүзеге асыруды талап етеді.

2. Бірінші орынға жаңа экономикалық саясаттың негізгі тетігі ретінде товар айырбасы қойылады. Пролетариат пен шаруалардың арасында дұрыс өзара қатынастың болуы, капитализмнен социализмге өту дәуірінде осы екі таптың экономикалық одағының әбден тұрақты формаларын жасау өнеркәсіп пен егіншіліктің арасында үздіксіз товар айырбасын немесе өнім айырбасын жүргізбейінше мүмкін емес.

Атап айтқанда, товар айырбасын жүзеге асыру шаруа егістерін ұлғайту және шаруа егіншілігін жақсарту үшін демеу есебінде қажет.

Жергілікті жерлердің тапқырлығы мен талапкерлігін қайткенде де жан-жақты қолдап, дамыту керек.

Басы артық астығы ең көп губерниялар оларда товар айырбасын ең алдымен жүргізу үшін екпінді губерниялар деп танылуы керек.

3. Кооперацияны товар айырбасын жүргізу үшін негізгі аппарат деп санап — Азық-түлік комиссариаты органдарының кооперация органдарымен шарттар жа-

сасу саясаты жəне мемлекеттік өкіметтің тапсырмаларын оның бақылауымен орындау үшін Азық-түлік комиссариаты органдарының товар айырбастау қорларын кооперацияға беруі дұрыс деп танылсын.

Дайындауды жүргізу, жергілікті өнеркəсіпті барлық жағынан бірдей дамыту жəне жалпы шаруашылық өмірді көтеру жөнінде кооперацияға кең мүмкіндік берілсін.

Кооперацияның кредиттік операцияларын қолдау.

Дұрыс еркін саудаға ешбір қысым келтірмей, товар айырбасын көбінесе кооперацияның қолына жинақтай отырып, анархиялық (яғни мемлекеттің қандай да болсын бақылауынан жəне қадағалауынан шығып кетіп отыратын) товар айырбасына қарсы күресу.

Рынокты зерттеу.

4. Ұсақ жəне орташа (жекеше жəне кооперативтік) кəсіпорындарды əсіресе олардың мемлекеттік запастардан шикізатпен, отынмен жəне азық-түлікпен жабдықтауды тілемейтіндерін қолдап отыру.

Мемлекеттік кəсіпорындарды жеке адамдарға, кооперативтерге, артельдер мен серіктіктерге арендаға беруге рұқсат ету. Ондай шарттарды жоғары органдардың рұқсатынсыз-ақ жергілікті шаруашылық органдардың жасай беруіне право беру. Ондай реттердің əрқайсысы жөнінде Еңбек жəне Қорғаныс Советіне міндетті түрде хабарлап отыру.

5. Ірі өнеркəсіптің өндірістік программаларын көпшілік қолды тұтыну заттары мен шаруа тұрмысына қажет бұйымдар өндіруді күшейту бағытында (белгілі бір салада) қайтадан қарау.

Əрбір ірі кəсіпорынның финанс қаражаттары мен материалдық ресурстарды билеу ісіндегі дербестігі мен инициативасын ұлғайту. Осындай дəл жасалған қаулыны Халық Комиссарлары Советінің бекітуіне енгізу.

6. Заттай сыйлық беру жүйесін дамыту жəне тəжірибе ретінде коллективтік жабдықтауды енгізу.

Еңбек өнімділігін көтеру мақсатымен азық-түлік өнімдерін неғұрлым дұрыс бөлуді белгілеу.

7. Азық-түлік салығын тез, толық жəне барлық жер-

лерде бірдей жинап алу үшін аппаратты сақтап қалу және күшейту қажеттігі. Осы мақсатпен азық-түлік органдарына қажетті партиялық бедел әперу. Азық-түлік аппаратының орталықтануын сақтап қалу және оны күшейту.

8. Жоғарыда айтылған шаралардың бәрін осы жылдың практикалық айбынды міндетіне: ірі өнеркәсіпті қалпына келтіру мен электрлендіру жоспарын жүзеге асырудың базасы есебінде кемінде 400 000 000 пұт астық қорын жинауға қолдану.

9. Еңбек және Қорғаныс Советі тапсырмасының жобасы принципінде қабылданып, оны заңға айналдыру Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің фракциясына тапсырылсын.

Жалпы алғанда осы тапсырманы қатаң түрде орындату және әсіресе партияда жоқтарды жұмысқа тартып, оларды жұмыста жоғарылату партияның сөзсіз және бірінші кезектегі міндеті деп танылсын.

10. Орталық мекемелердің жергілікті инициативаға кедергі жасағаны және оны жеткілікті түрде қолдамағаны үшін оларға ерекше жауапкершілік белгіленсін. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің фракциясына тиісті қаулы әзірлеп, оны ең таяудағы сессияда қабылдату тапсырылсын.

11. Жоғарыда көрсетілген міндеттердің бәрін толық түсіндіру және жоспарлы түрде жүзеге асыру үшін үгіт пен насихатты күшейту жөнінде бірсыпыра шараларды үздіксіз жүргізуді, сонымен қатар партия күштерін осыған лайық ауыстыруды конференция партияның Орталық Комитеті мен барлық ұйымдарына тапсырады.

12. Жергілікті жерлер мен орталықтың шаруашылық құрылыс ісіндегі практикалық тәжірибесін — баспасөзде де, кәсіптік, советтік, партиялық, т. б. жиналыстарда, конференцияларда, съездерде де — зер сала, барлық жағынан бірдей түсіндіру және зерттеу партияның сөзсіз аса маңызды міндеті етіп қойылсын.

1921 ж. 27—28 майда жазылған

Бірінші рет 1932 ж. Лениннің XX жинағында басылған

В. И. Ленин түзету енгізген корректуралық оттискінің тексті бойынша басылып отыр

6
ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫН ТАЛҚЫЛАҒАНДА 28 МАЙДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР

1

Меніңше, мұндай түзетуді[108] қабылдаудың керегі жоқ сияқты, өйткені онда түзетуге түсіндірме беру қажет болады. Әрине, егер Европада революция басталса, біз, әлбетте, саясатты өзгертеміз. Қашанда осы тәрізді революциямен байланысты болатын азамат соғысы іс жүзінде біздің жағдайымызды біраз уақытқа нашарлатып та жіберуі мүмкін екенін өздеріңіз білесіздер. Әрине, бұл аз ғана уақытқа созылмақ, басқа республикаларда азамат соғысының қаншаға созылатынын анықтау, әрине, қиын, бірақ ол жеңіспен аяқталған кезде біз, бәлкім, саясатты: салық түрінде ештеңе алынбасын, бәрі товар айырбасы түрінде алынсын деп айтатындай мағынада өзгертерміз. Мұны шаруаларға түсіндіру керек, әйтпесе олар сонда қалай, салымға қайта ораламыз ба деп басқаша ойлап қалады. Сондықтан, меніңше, мұндай еш нәрсе қоспаған жақсы секілді. Европада талай ұзақ жылдарға созылатын революция мен азамат соғысы ешқандай салықсыз товар айырбасы арқылы алуға алып келеді. Мұның өзі съезд қарарында, салық бірте-бірте азайтылатын болады делінген жерде айтылған. Талай жылдар мерзімін қысқартатын алдағы жеңімпаз революция міне осы пунктке қатысты болып отыр.

2[109]

Жолдастар, бізде нақ осы пункт жөнінде комиссияда талқылаулар болды, келіспеушіліктер болды. Бастапқыда Милютин «анархиялық товар айырбасына қарсы күресу» деген сөздерге қарсы болып, мұны жұрт сыныққа сылтау табу деп ұғынады да, іс жүзінде сауда еркіндігі жойылады дегенді айтты. Пункт қазіргі редакциясындай болып жазылып, онда «анархиялық товар айырбасына қарсы күресу», сондай-ақ «бақылап қадағалаудан шығып кетіп отырғандықтан» делінген кезде — бұл арада қапшықшылық туралы айтылып отыр, ал сауда еркіндігіне жол беретін елдердің бәрінде, тіпті капиталистік елдердің өзінде заңсыз сауда жасаудың қудаланатынын сіздер білесіздер,— сөйтіп біз осы пунктке келістік. Қандай күрес? Көбінесе кооперацияның қолына жинақтай отырып, күресу және бұған: «дұрыс еркін саудаға ешбір қысым келтірмей» деген сөз қосылды. Осылай редакцияланған кезде комиссия сауда еркіндігіне қауіп төніп, қысым жасалады деп бірауыздан келісті. Мәселе, әрине, шетін мәселе. Біз директиваның сауда еркіндігіне қысым жасамайтын бағытта болғанын тілейміз, бірақ заңсыз сауда жасауға қарсы, атап айтқанда қапшықшылыққа және транспорттың бүлінуіне қарсы, күреспей болмайды. Комиссияда біз «күресу» деген сөзді неғұрлым бәсеңірек сөзбен ауыстыру керек емес пе екен деп ойладық, бірақ кейін күрес тек мемлекеттің қандай да болсын бақылауынан шығып кетіп отыратын анархиялық товар айырбасына ғана қарсы күрес болады дегенге келістік, оның үстіне «дұрыс еркін саудаға ешбір қысым келтірмей» деген қосымша қабылданды. Осы қосымшаларымен қатар тұрғанда «күресу» деген сөз соншалық күшті сөз емес. Атап айтқанда, бір жолдас ұсынған түзетудің қауіптілігі сол, біз керісінше мақсатты көздейтін болып шығамыз. Ол «дұрыс саудаға ешбір қысым келтірмей» деген сөздерді алып тастайды...,

3[110]

Мен совхоздар бұған әлі өсіп жеткен жоқ, олар өте нашар деп ойлаймын. Бір жылдай жақсарып алсын, сонан соң барып келесі жылы олардың талапкерлігін ұлғайта алатын-алмайтынымызды көрерміз.

4

Соңгы түзету сәтсіз шыққан[111], өйткені материалдық ресурстар туралы басқа пунктте, 5-пунктте айтылады; «Ірі өнеркәсіптің өндірістік программаларын көпшілік қолды тұтыну заттары мен шаруа тұрмысына қажет бұйымдар өндіруді күшейту бағытында (белгілі бір салада) қайтадан қарау.

Әрбір ірі кәсіпорынның финанс қаражаттары мен материалдық ресурстарды билеу ісіндегі дербестігі мен инициативасын ұлғайту. Осындай дәл жасалған қаулыны Халық Комиссарлары Советінің бекітуіне енгізу». Сонымен, бұл арада оны қайталап жатпаймыз. Материалдық заттарды бөлу туралы, мәселен азық-түлікті бөлу туралы әбден анық айтылған, әрине, орталыққа нұқсан келмейтіндей етіп бөлу керек, өйткені орталыққа жинап алмайынша, мұнсыз өнеркәсіп туралы сөз болуы да мүмкін емес. Жергілікті экономикалық кеңестер туралы мәселені шешілді деп есептеу қазір орынсыз, өйткені олар бірдеңені бүлдіріп алуы мүмкін деген жолдастың бірінші ескертпесіне келетін болсақ,— мен мұны еш жерде естіген емеспін. Қайта керісінше, Халық Комиссарлары Советінің комиссиясы ретінде жұмыс істейтін экономикалық кеңестерді барлық жерде енгізу керек деген талаптар болды. Халық Комиссарлары Советінің кез келген мүшесі, Еңбек және Қорғаныс Советінің кез келген өкілі Халық Комиссарлары Советіне шағым етуге праволы. Өйткені, біз Еңбек және Қорғаныс Советінің құрамына сол Халық Комиссарлары Советінің мүшелерін іріктеп аламыз, сондай-ақ жергілікті жерлерде де ешқандай арнайы кеңселер, ешқандай арнайы органдар жоқ, сол мекемелер мен бөлімдер. Губерниялық

экономикалық кеңес нағыз қолайлы форма, ол кеңеске қысым жасамайды, қайта оны жеңілдетеді. Тапсырмада айтылғанындай: «негізгі типтің түр жағынан өзгеруінің қандайына болса да жол бере отырып, құрылуға тиісті, яғни атқару комитеттері Экономикалық кеңестердің міндеттері мен істейтін істерін түгелімен өздеріне алуларына болады...» (оқиды), сондықтан жұмыс істеудің мүлде өзгермейтін және бірыңғай әдісін күштеп таңу мағынасында күн ілгері әзір тұрған шешім жоқ. Оның үстіне, комиссия ұсынып отырған қарар: «принципінде қабылдансын» дейді. Комиссия[112] жиналып, жұмыс істеп жатыр, оның председателі Осинский: бірқатар пункттер қайта қаралды және жазбаша формада енгізіліп те қойылды деп айтты. Жұмыс сипаты күрделі, сондықтан тағы бір арнайы комиссия керек болады. Принципінде қабылданды деумен қолымызды байлаймыз деп қауіптенетін, бұдан қауіптенетін ештеңе жоқ.

5[113]

Қарсы емеспіз; бірақ тақырыбына қарағанда ол бұл араға емес, 6-пунктке [114] жатады. Мен мұны принципінде қабылдап, 6-пунктке қосуды ұсынамын.

6[115]

Мұның өзі мәселенің егжей-тегжейі, бұл мәселені Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің сессиясында қарап, оны мүдделі адамдармен бірлесіп талқылау керек. Принципінде бұл арада қарсы шығуға болмайды, бірақ жалпы алғанда мұның өзі жеке шара.

7[116]

Мұнда бұл қауіптенушілік тым артық.

Бізде 7-пунктте былай делінген: Азық-түлік салығын тез, толық жинап алу үшін аппаратты сақтап қалу және күшейту. Әрине, азық-түлік салығы иландыру

жолымен алынбайды, оны тек күштеу арқылы ғана алуға болады, міне мұның өзі аппарат деп аталады. Бүгін бірнеше маңызды қаулыға, нұсқауларға қол қойылды, мұның бәрі мынаған келіп саяды: біз аппаратты сақтаймыз, күшейтеміз, сөйтіп азық-түлік салығының тез жиналуын талап ететін боламыз. Бұл арада: «товар айырбасы бірінші орынға қойылады» делінген және шаруалар әуелі товар айырбасы деп ұғынады деп қауіптенушілер бар десіп жүр, онда «айрықша маңызды орынға қойылады» деп жазайық.

Бірінші рет, стенограмма бойынша басылып отыр

7
КОНФЕРЕНЦИЯНЫ ЖАБАРДА 28 МАЙДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Жолдастар, менің өте қысқа сөйлеуіме болады ғой деп ойлаймын. Біз орталық пен жергілікті жерлердің, партия қызметкерлері мен барлық совет қызметкерлерінің арасында экономикалық саясат жөнінде толық айқындыққа жетуді басты мақсатымыз етіп қойып, осы конференцияны өте шұғыл шақырғанымызды өздеріңіз білесіздер. Менің ойымша, конференция бұл міндетті сөзсіз орындап шықты. Осинский жолдас: партияның X съезі белгілеген, ал онан кейін декреттер мен қаулыларда баянды етілген саясатты партияның шындап және ұзақ уақыт жүргізілуге жататын саясат есебінде сөзсіз қабылдайтындығына күмәндanушылықтың бәрін жою керек дегенде, ол өте көптеген адамдардың және тіпті, сірә, жергілікті жерлердегі партия қызметкерлері көпшілігінің ой-ниетін әбден дұрыс білдірді деп осындағы жолдастар бірнеше рет атап көрсетті. Мұны конференция да барынша баса көрсетіп, бірсыпыра пункттермен толықтырды. Жолдастар жергілікті жерлерге барғаннан кейін теріс ұғыну мүмкіншілігінің көлеңкесі де қалмайды. Әрине, біз ұзақ жылдарға арналған саясатты белгілеген кезде, халықаралық революция, оның дамуының қарқыны мен жағдайлары барлығын да өзгертіп жіберуі мүмкін екенін біз бір сәт те ұмытпаймыз. Қазіргі кезде халықаралық жағдай мынадай: қайсыбір уақытша, тұрақсыз, бірақ дегенмен тепе-теңдік орын теуіп отыр; ол тепе-теңдік мынадай типте болып

отыр: империалистік державалар Советтік Россияны өздерінің мейлінше жек көруіне және оған бас салғысы келуіне қарамастан, бұл ойынан бас тартып отыр, өйткені капиталистік дүниенің ыдырауы барған сайын ілгері үдеп барады, бірігу бірден-бірге кеміп келеді, миллиардтан астам халқы бар езілген отар халықтар күштерінің тегеуріні жыл сайын, ай сайын, тіпті апта сайын күшейе түсіп келеді. Бірақ бұл жөнінде біз бал аша алмаймыз. Қазір біз халықаралық революцияға өзіміздің басты-басты ықпалымызды өзіміздің шаруашылық саясатымыз арқылы жасап отырмыз. Жұрттың бәрі де, дүние жүзіндегі барлық елдердің бүкіл еңбекшілері бірі қалмастан және ешбір асырмай айтқанда Советтік Россия республикасына көз тігіп отыр. Бұған қолымыз жетті. Капиталистер еш нәрсені бүркеп, жасыра алмайды, сондықтан олар көбінесе біздің шаруашылықта жіберген қателеріміз бен біздің осал жерлерімізді аңдиды. Бүкіл дүние жүзілік көлемде күрес осы салаға көшіріліп отыр. Біз бұл міндетті орындап шықсақ — міне сонда біздің халықаралық көлемде сөзсіз және түпкілікті ұтқанымыз. Сондықтан шаруашылық құрылыс мәселелері біз үшін мүлде ерекше маңызды болып отыр. Бұл майданда біз жайлап, бірте-бірте,— тездетуге болмайды,— бірақ үнемі өрлей беру арқылы және ілгері баса беру арқылы жеңуіміз керек. Сондықтан, меніңше, біздің конференциямыздың жұмыстары нәтижесінде біз бұл мақсатқа сөзсіз және қалай дегенмен де жетіп отырмыз. (Қол шапалақтау.)

1921 ж. 2 июньде «Правда» газетінің 119-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

БАРЛЫҚ ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫНА ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ СТАТИСТИКА БАСҚАРМАСЫНЫҢ МЕҢГЕРУШІСІНЕ

Көшірмелері Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің председателі мен секретарына

28/V. 1921 ж.

Ленин мен Еңбек және Қорғаныс Советі Комиссиясының председателі Оболенский (Осинский) жолдас қол қойған

Еңбек және Қорғаныс Советі тапсырмасының жобасы

баспаға басылған түрінде барлық халық комиссарларына жіберіліп, таратылсын және солардың қолында болсын.

Бұл жоба Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті сессиясының қарауына енгізілгелі отыр, бұл сессия 1921 ж. 30 майда күндізгі сағат 1-де ашылады.

Барлық халық комиссарлары мынаған міндетті:

1) дүйсенбіге, 1921 ж. 30 майға, күндізгі сағат 2-ге дейін тапсырманың тиісті халық комиссариатына тікелей немесе жанама қатысы бар барлық пункттеріне, мәселелеріне, қосымша мәселелеріне жазбаша түрінде түзетулер мен толықтырулар әзірлесін;

2) осы мерзімге дейін барлық халық комиссариаттары бойынша түгелдей, әрбір халық комиссары өзінің халық комиссариаты бойынша, мәселелердің (есеп беру үшін) және қосымша мәселелердің (яғни есеп беру үшін жеке мәселелердің неғұрлым егжей-тегжейлі тізімі) алғашқы жобасын әзірлесін.

Бұл міндетті түрде істелсін, өйткені Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті жалпы тапсырманы бекітеді, ол 2 бөлімнен құралатын болады: а) экономикалық халық комиссариаттарының есеп беруі жөніндегі Еңбек және Қорғаныс Советінің Тапсырмасы; б) экономикалық қана емес, сонымен қатар экономикалық емес те барлық халық комиссариаттарының түгелдей есеп беру тәртібі белгіленген Халық Комиссарлары Советінің Тапсырмасы.

Соңғы, қосымша «сұрақтардың бесінші тобы» осы соңғы есептерден құралмақ. Еңбек және Қорғаныс Советі тапсырмасының жобасында бар № 1 — № 27 мәселелердің үлгісі бойынша есеп беру үшін әрбір халық комиссариаты бойынша аса маңызды мәселелердің тізімі жасалуға тиіс.

Әрбір губерниялық атқару комитеті мен әрбір уездік атқару комитеті есептерді 1000 данаға жуық мөлшерде басады (әрбір уезде айына кемінде 1 баспа табақ басуға техникалық мүмкіндік бар екенін мен Қағаз өнеркәсібі бас басқармасымен байланыс жасап анықтадым). Есептерді басу және тапсыру мерзімін жылына 6 реттен 4 ретке дейін етіп белгілеу ұйғарылып отыр. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің сессиясы бүкіл тапсырманы бекіткен кезде бұл мерзімді түпкілікті белгілейді.

Әрбір халық комиссарына жоғарыда көрсетілген мерзімге (30.V. 1921, күндізгі сағат 2) тиісті халық комиссариаты бойынша есепке енуге тиісті аса маңызды мәселелердің қысқаша тізімін жазбаша түрде, 3—5 дана етіп тапсыру міндеті жүктеледі.

Халық Комиссарлары Советінің Председателі
В. Ульянов (Ленин)

Бұл туралы жазбаша да, телефон арқылы да дереу хабар беріліп, оны әрбір халық комиссары, егер ол жоқ болса оның орынбасары, баяндамашы немесе коллегия мүшесі қол қойып алсын.

Бірінші рет 1932 ж. Лениннің XX жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ III СЕССИЯСЫНДА ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕРЛЕРДЕГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОРГАНДАР ТУРАЛЫ 1921 ж. 30 МАЙДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[117]

Жолдастар, Осинский жолдастың айтқанына менің қосатыным өте аз болмақ, өйткені сіздердің қолдарыңыздағы Тапсырманың* алғашқы жобасы және бұл заң жобасының негізгі пікірі бұрын баяндалған. Бұл мәселенің шынында істің бүкіл мәнін анықтайтын егжей-тегжейлері бар болғандықтан да оны Еңбек және Қорғаныс Советі мен Халық Комиссарлары Советінде қарап қана қоймай, бұл мәселені Тапсырманы принципінде мақұлдаған партия конференциясының және жоғарғы заң шығарушы орган — Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті сессиясының қарауына енгізу керек деп ұйғарылды. Жергілікті қызметкерлер бұл заңды орындау әдістерін зер сала тексерулері керек және, мүмкін, әуелі бірсыпыра қосымша ережелер белгілеу керек болар.

Бұл шара ешбір жағдайда да бюрократизмді күшейтудің тағы бір көзіне айналмайтын болу керек. Егер біз өте көп есептер ала бастайтын болсақ, немесе егер оларды жасау әдісі тексеру мүмкіндігіне кепілдік бермейтін болса, онда мұның өзі солай болуы, шынында, әбден ықтимал. Бұл арада, жолдастар, есеп жасау әдістерін ойластыру керек, мүмкін, сіздер осында жасалатын ескертпелерді және өздеріңіз беретін нұсқаулар мен директиваларды басшылыққа ала отырып, мәселені түпкілікті талқылауға салатын арнайы

* Қараңыз: осы том, 297—326-беттер. *Ред.*

комиссия сайлауды тиімді көретін боларсыздар. Осы кезге дейін бұл мәселе жөнінде әжептәуір материал бар. Әрине, егер есептер берілетін болса, онда экономикалық органдар ғана емес, сонымен қатар халық комиссариаттары да осыны істеуге тиіс, яғни өздері экономикалық халық комиссариаттары болмаса да, экономикалық жұмыспен байланысы бар халық комиссариаттары да есеп беріп отырулары керек. Есептерді басып шығарудың басты мақсаттарының бірі — оларды партияда жоқ бұқараның және жалпы алғанда халықтың пайдалануын оңайлату. Біз мұны осы есептерді көптеп шығару, көптеп бастырып шығару арқылы істей алмаймыз, оларды кітапханаларға жинақтау арқылы ғана істей аламыз. Ал олай болатын болса, онда есептердің қысқаша мәні, халық көбірек мүдделі болып отырған нәрсенің мәні міндетті түрде басылып шығатындай жұмыс әдісін белгілеу керек. Бұл үшін техникалық мүмкіндіктер бар. Сөз сөйлер алдында мен Қағаз өнеркәсібі бас басқармасының өкілінен анықтама алдым. Ол маған 339 уездік пункт жөнінде дәл есеп берді, ол есеп әрбір уездік пунктте баспахана мүмкіндіктері бар екенін, ал сонымен қатар ең қысқа есепті бастыру үшін керекті мөлшерде қағаздың да бар екенін көрсетеді. Ол бұған қоса уездік орталықтардың ең кішкене дегенінің өзі, әрине, айына бір рет бір баспа табақ басып шығарады деп есептеді. Айына бір рет деген тым жиі. Сіздер екі айда бір рет деп, немесе төрт айда не, мүмкін, одан да ұзақ мерзімде бір рет деп белгілейсіздер ме,— ол жағы, сірә, жергілікті жерлердің нұсқауы бойынша істелетін болар. Дана санын ол мың болар деп жорамалдайды, сөйтіп бұған керекті мөлшерде қағаз қазір қолда бар деп есептейді. Мың дананы алсақ,— мұның өзі бұл есептерді кем дегенде әрбір уездік кітапханаға жеткізіп беруді қамтамасыз еткен болар еді, демек ол есептермен танысқысы келетін адамдардың бәрінің, атап айтқанда, партияда жоқ бұқараның бұл есептермен танысуына мүмкіндік берген болар еді. Әрине, істі әдепкі кезде тәжірибе түрінде бастауға тура келеді; оны бірден істеп шығуға және ешқандай кемшілік-

терсіз істеп шығуға болады деп кепілдік беруге, әрине, болмайды.

Өзімнің аз ғана қосымша сөзімнің қорытындысында мен бір нәрсені баса көрсеткім келеді. Ендігі жердегі ең маңызды міндеттердің бірі — партияда жоқтарды жұмысқа кеңінен тарту және шынында партия мүшелерінен басқа және, қалай болған күнде де, өз ведомствосының өкілдерінен басқа, партияда жоқтардың мүмкіндігінше неғұрлым қалың бұқарасын да жұмысқа ынталандырып, қатыстырып отыру. Бізге есептерді, ең болмағанда олардың неғұрлым маңызды бөлімін, жарияламай, мұны басқа жолмен істеуге болмайтын сияқты көрінді. Өте-мөте толық есептер беретін мекемелер бар. Бұл мәселе жөнінде біздің осы уақытқа дейін білгеніміздің бәрі жұмысты тамаша жолға қойған жергілікті мекемелердің бар екенін дәлелдейді. Қалай болған күнде де, жергілікті жерлердегі жұмыс көңілге мейлінше тоқ санарлықтай үнемі мол материал беріп келеді. Бізде шынында не нәрсе жетіспей отыр: таңдаулы үлгілерді,— олар бізде көп емес,— жұрттың бәріне міндетті үлгі ету үшін оларды кең пайдалана білушілік жетіспей отыр. Жергілікті жерлердегі практикалық тәжірибесі жағынан нағыз үлгілі мекемелерді біздің баспасөз органдарымыз да осылай көрсете алмай отыр. Есептерді осылай бастыру, оларға халықтың қалың бұқарасының қолы жететін ету және оларды тіпті әрбір уездік кітапханаға жинақтау партиялық емес конференцияларды дұрыс өткізген жағдайларда неғұрлым қалың бұқараны шаруашылық құрылыс жұмысына тарту жөнінде пайдалы болып шығуға тиіс. Бұл жөнінде қарарлар аз қабылданған жоқ. Кей жерлерде біраз нәрсе істелді де. Жалпы россиялық көлемде алатын болсақ, күмән жоқ, мүлде аз істеліп жатыр. Ал оның бер жағында біз мекемелерді осылайша қатарға тартатын боламыз және жергілікті жерлердегі құрылыс жөніндегі аздыкөпті жауапты қызметкерлердің әрқайсысы өзінің қолын қойып, тәжірибесін дәл және нақтылы түрде орталықтың өзіне жеткізуге және оны үлгілі етіп көр-

сетуге мүмкіндік алатын етеміз. Сірә, қазір бізде бәрінен де бұрын жетіспей отырған нәрсе осы болар.

Ал біздің бұл есептерді жинақтауды және зерттеуді, оларды конференцияларда, съездерде пайдалануды және оларды мекемелердің пайдалануын ендігі жерде қалай қоятынымызға келетін болсақ,— мұның өзі тәжірибенің бұдан былай не көрсететіндіктеріне байланысты болмақ. Қазіргі ең маңызды нәрсе, жергілікті қызметкерлердің қолында бар тәжірибе негізінде, осы декретті бекіту және оны тәжірибе түрінде сыннан өткізуге мүмкіндік беру, сыннан өткізгенде алдағы Бүкіл россиялық съезд қарсаңында (шамамен айтқанда осы жылғы декабрьде) бұл шараны тәжірибе негізінде қалайша дамытуға, жетілдіруге, өзгертуге және толықтыруға болатындығын көрсететін кейбір нәтижелер бізде міндетті түрде болатындай етіп сыннан өткізу керек.

Міне менің әзірге айтып өткім келген қысқаша қосымшам осы.

Қысқаша газет есептері 1921 ж. 31 майда «Правданың» 117-номерінде және «Известия ВЦИК» газетінің 117-номерінде басылған

Бірінші рет 1922 ж. мына кітапта толық басылған: «VIII сайланған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің I—IV сессиялары. Стенографиялық есеп». Москва

Кітаптың тексті бойынша басылып отыр

БЕРІЛГЕН ЕСЕПТЕРДЕН АЙ САЙЫН ҚЫСҚАША ҮЗІНДІЛЕР АЛЫП ОТЫРУ ТУРАЛЫ

1. Барлық ведомстволарда, мекемелерде, бас комитеттерде, кәсіпорындарда (оның ішінде мемлекеттік емес кәсіпорындарда) болуға тиісті ағымдағы есептер айына кемінде 1 рет тапсырылады.
2. Үнемі және мезгілінде танысып отыру үшін бұл есептер *«Экономическая Жизньге»*, *Мемлекеттік жоспарлау комиссиясына* және *Орталық статистика басқармасына* жеткізіліп берілуге тиіс (қалай болғанда да жоғары совет мекемелерінің қанағаттандырылуға жататын талаптарының бары-жоғына қарамастан).
3. Есептердің қысқаша үзінділері (өндірістің көлемі; жұмысшылардың саны; кәсіпорындардың саны және тағы сондай ең қажетті цифрлар ғана) 3 дана етіліп, *«Экономическая Жизньге»*, *Орталық статистика басқармасына және Мемлекеттік жоспарлау комиссиясына* бір-бір данадан беріледі.
4. *«Экономическая Жизнь»* оларды дереу басып шығарады.
5. *«Экономическая Жизнь»* редакциясының, *Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының* және *Орталық статистика басқармасының* бір-бір мүшесі халық шаруашылығының аса маңызды салалары бойынша бұл есептерге талдау жасайды (қазіргі 6-параграфқа сәйкес).
6. *«Экономическая Жизнь»* мерзімдік ақпар-шолулар-

ды редакция белгілеген мерзімдерде дүркін-дүркін, жылына кемінде 2 рет басып тұрады.

7. *Орталық статистика басқармасы* жай графиктерді ай сайын жасайды. Бұлардың формасын ол бір апта мерзімде жасауға тиіс. Формалар бекітілгеннен кейін *бір апта* мерзімнің ішінде графиктер бекітілген формалар бойынша жасалады.

1921 ж. майдың аяғында немесе июньнің басында жазылған

Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

АЗЫҚ-ТҮЛІК ЖӨНІНДЕГІ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ III КЕҢЕСТЕ 1921 ж. 16 ИЮНЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[118]

Жолдастар, ең алдымен сіздердің кеңесіңізді Халық Комиссарлары Советінің де атынан, РКП Орталық Комитетінің де атынан құттықтауға рұқсат етіңіздер.

Жолдастар, сіздердің кеңесіңізге азық-түлік қызметкерлерінің ғана емес, сонымен қатар барлық совет және партия қызметкерлерінің де, бүкіл партияның да, жалпы алғанда Совет республикасының тағдырына, оның алдында тұрған міндеттерге азды-көпті саналы түрде қарайтын барлық адамдардың да сондай ерекше көңіл қоюға тиісті болатын себебі біздің бәрімізге, әрине, түсінікті. Сіздердің кеңесіңіз өте-мөте ерекше маңызы бар кезеңде жиналып отыр, бұл жағынан қарағанда мұны азық-түлік жөніндегі өздеріңіз сан рет өткізген және әлі де талай рет өткізетін әдеттегі ағымдағы кеңестерге теңеуге ешбір болмайды.

Сіздердің қазіргі кеңесіңіздің өте-мөте ерекше маңызы барлығын екі жағдаймен түсіндіруге болады. Ең алдымен бұл өзіміз қауіптенген және күтпеген жерден елімізді міне екі жыл қатарынан тағы да өте-мөте қауіпті апаттарға ұшыратып отырған жағдай: бізге жұрттың екіпші жыл болжап айтып отырғанындай, біз құрғақшылық жылдардың тұтас бір кезеңіне еніп отырған жоқпыз ба, мұны біз әзір білмейміз, бірақ біз міне екі жыл қатарынан көптеген аудандарда тағы да егіннің де, шөптің де мүлдем шықпай қалуы жағдайын басымыздан кешіргелі отырғанымызды ал-

сақ, бұл қазір айқын болып отыр және бұл бізге аса зор қауіпті айқын бейнелеп отыр. Егін мен шөп шығымы жөніндегі қолда бар ақпарларға қарағанда қазір қуаңшылыққа ұшырап отырған аймақтың қандай зор екеніне енді тоқталып жатпаймын. Қалайда, мұндай аймақ едәуір болып отыр. Қалайда, бірсыпыра губернияларда азық-түлік салығының орасан көп кем жиналатындығы, бірсыпыра губернияларда, оның үстіне, халықтың мүшкіл жағдайға, адам айтқысыз ауыр жағдайға ұшырайтындығы, сөйтіп азық-түлік қызметкерлерінің армияны, жұмысшы табын және өнеркәсіпті жабдықтауы үшін бұл губерниялардан белгілі мөлшерде басы артық астықты алудың орнына,— бұл губернияларға көмек берулеріне, ашыққандарға көмек берулеріне тура келетіндігі біздің алдымызда айқын көрініп отыр. Сонымен азық-түлік қызметкерлеріне жүктелетін міндеттер, біздің барлық есептерімiздің үстіне, сіздерге жүктелетін жұмыстың салмағын ауырлата түседі. Бұл бірінші жағдай.

Онша төтенше құбылыс болып табылмайтын екінші жағдай — бүкіл азық-түлік саясатындағы өтпелі, бетбұрыс кезең. Біз енді азық-түлік саясаты түбірімен өзгерген жағдайда, Совет өкіметі тек азық-түлік саясатын ғана өзгертіп қоймай, сонымен қатар өзінің экономикалық саясатының нақты негіздерін де көп жағынан өзгертуге тиіс болған жағдайда, шаруалардың өткен жылғы адам айтқысыз ауыр жағдайы және онан кейін ірі өнеркәсіпті тез қалпына келтірудің мүмкін еместігінің анықталуы бізді бүкіл мемлекеттік жұмысты басқаша жолмен жүргізуге мәжбүр еткен жағдайда — міне осы жағдайларда келіп біз азық-түлік науқанына бірінші рет кірісіп отырмыз, жергілікті қызметкерлердің азық-түлік жұмысы жөніндегі тәжірибесін қорыту үшін және азық-түлік қызметкерлеріне жүктеліп отырған міндеттерді орындауға дайындалу үшін бірінші рет жиналып отырмыз.

Елдің ауыр жағдайымен, ірі өнеркәсіпті тез қалпына келтірудің мүмкін еместігімен санасу қажеттігін ескеру дегеніміз ұсақ шаруа шаруашылығын қалай болған күнде де, қандай қиыншылықпен болса да,

қысылшаң жағдайдан жөнді жағдайға көтеруге, мұның үшін ұсақ өнеркәсіпті, жергілікті өнеркәсіпті көтеруге әзірлену, бұл жөнінде ұсақ шаруашылықты дереу нығайта келіп, оның жергілікті саудаға кірісуіне мүмкіндік беретін, сөйтіп капиталды қолдану саласын кеңейтетін, ал осы арқылы, бүкіл Совет өкіметін, оның пақты негіздері мен оның бүкіл экономикалық саясатын басқаша жолға қоятып шаралар істеуге әзірлену деген сөз.

Азық-түлік аппаратын азды-көпті нығайтудың осы үш жыл бойында біздің барлығымызға, ең алдымен сіздерге, қандай қиыншылықтарға түскендігін өздеріңіз өте жақсы білесіздер; ондағы ойымыз тым болмаса оны ең аз, ең қажетті деген міндеттерді орындайтындай етіп жолға қою болатын. Сондықтан да сіздерге, осы қиыншылықтарды тікелей, таяудан көрген және басынан кешірген адамдарға, бүкіл жұмысты тез қайтадан құрып, жаңадан жолға қою міндеті дегеннің не екенін, әлі де болса бастан кешіруге тура келер жағдайлар бар болып отырған жағдайда ұйымдасу дегеннің, сонымен қатар азық-түлік өнімдерін көбірек алу міндетін шешу дегеннің не екенін айтып жатудың қажеті жоқ. Бәрін де өздеріңіз білесіздер. Жылма-жыл, азамат соғысының сұмдық, адам айтқысыз, кейде тіпті адам төзгісіз қиыншылықтарына қарамастан, азық-түлік жөніндегі саясат жылма-жыл жұрттың бәріне көзге көрінерліктей және айқын нәтижелер беріп отырды, бұл нәтижелер совет жұмысының басқа қай саласының болса да практикалық қорытындылары арқылы дәлелдеуге болатынынан гөрі анағұрлым тез жақсарып, көтеріліп отырды. Алайда сіздер, әрине, мынаны да білесіздер: біз дайындауды бірінші жылғы 110 миллионнан, азық-түлік қызметкерлерінің көп күш салуының арқасында, 280 миллионға дейін және одан да жоғары көтерген болсақ та,— мұның жеткіліксіз екенін сіздер бәріңіз де өте жақсы білесіздер.

Қазір біз РСФСР территориясында ақ гвардиялық әскерлер мен дұшпан жасақтары жоқ жағдайда азық-түлік жөніндегі үлкен науқанға бірінші рет кірісіп отырмыз. Бірақ мұның өзіне де кейбір ескертпелер

жасауымызға тура келеді: жапондардың Қиыр Шығыс республикасында бастап отырған интервенциясын былай қойғанда, яғни, тағы сол, біздің жалпы және тұтас алғанда азамат соғысын аяқтадық деп айта аламыз деп отырған бірінші жылымызда,— міне осы арада келіп біз Қызыл Армиядан өте-мөте есте қаларлық сабақ алған, бірақ қолайлы жағдай туа қалған сәтте-ақ, тікелей болсын немесе бүркемелеп болсын, үнемі немесе оқта-текте болсын, шапқыншылығын қайталау әрекеттерін тіптен де тоқтатпаған халықаралық буржуазияның қоршауында тұрғандығымыз жұрттың бәріне айқын бола кетеді. Сондықтан біз бұл жағынан да толық қауіпсізбіз деуге әсте келмейді. Бірақ, оның үстіне, өздеріңіз білесіздер, соғыстан шаруашылыққа көшудің, өзіміз талайдан бері айтып келе жатқан көшудің өзі, бірнеше партиялық конференциялар мен съездерді арнаған көшудің, міне осы көшудің өзі жай, көшу ретінде, өздігінен орасан зор жаңа қиыншылықтар туғызды, өйткені қирап қалған аппарат жағдайында, бүлінген транспорт жағдайында шекарада жауынгерлік сапта тұрған ескі үлкен армиядан бейбітшілік кездегі армияға көшудің өзі орасан зор қиыншылықтар туғызды, бұл қиыншылықтардың біз, сірә, басты-бастыларын жеңген сияқтымыз, бірақ солай бола тұрса да іске қанық адамның қай-қайсысы болсын көптеген қиыншылықтардың әлі де болса қалып отырғанына күмән келтірмейді.

Міне сондықтан да мен былай деп отырмын: бұл азық-түлік кеңесінің маңызы өте-мөте ерекше, бұл кеңес әсте арнаулы азық-түлік мәселелерін шешіп қана қоюға тиіс емес, сіздердің назарыңыз, сіздердің күштеріңіз қазір республикаға азық-түлік қызметкерлері ретінде ғана керек, Совет өкіметінен халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету жөніндегі аса зор маңызы бар міндетті өз мойнына алған адамдар ретінде ғана керек деуге болмайды,— бұл аз. Партия қызметкерлері ретінде сіздерден Совет өкіметінің жоғары органдары мен партия ұйымы қабылдаған директивалар, шешімдер түрінде ғана белгіленген бірсыпыра тапсырмаларды орындауға күш салу талап етіледі. Ал жалпы ше-

шімнен, жалпы директивалардан практика жүзінде нақтылы бір нәрсені жүзеге асыруға дейін көп бар екенін, мұның өзі осы принципті нұсқауларды ойдағыдай орындау үшін, орындағанда олар, өкінішке қарай, Советтік Россияда жиі кездесіп жүргеніндей, қағаз бетінде қалып қоймайтындай етіп орындау үшін қызметкерлер өз мойнына алуға тиісті үлкен жүк екенін сіздер өздеріңіз білесіздер.

Мен жаңа экономикалық саясат мәселесі жөнінде арнайы жұмыс істеген соңғы партия конференциясының шешімін[119] ескертіп өткім келеді. Партия конференциясы бұл саясаттың, конференцияда айтылғандай, шындап және ұзақ уақытқа қабылданғанына, бұл жөнінде ешқандай ауытқушылықтың алдағы уақытта болмайтынына барлық жолдастарды толық сендіру үшін шұғыл шақырылды. Ал ауытқушылық аз болған жоқ, сенбеушілік аз болған жоқ. Міне, сөйтіп партия конференциясы, жұмысшы табы өкіметін басқарып отырған, басқарушы үкіметтік партияның жоғары органы ретінде, 400 миллион пұттық үлкен азық-түлік қорын жинап алудың қандай маңызы бар екенін баса көрсетіп отыр. Конференция азық-түлік саясатының барлық мәні, еркін саудаға едәуір көлемде жол беруге көшу біз үшін үлкен азық-түлік қорын, зор мемлекеттік запас жасау екенін баса көрсетіп отыр. Мұнсыз ірі өнеркәсіпті қалпына келтіру де, ақша айналымын қалпына келтіру де мүмкін емес, ал ірі өнеркәсіпті, бірден-бір нақты негізді қалпына келтірмейінше социалистік құрылыс туралы сөз қозғаудың мүмкін де емес екенін әрбір социалист түсінеді.

Ел адам айтқысыз күйзеліске ұшырады. Бұрын, империалистік соғысқа дейін де, ол неғұрлым артта қалған ел еді, соғыстан кейін ол басқа елдерден көбірек күйзелді, ал оның үстіне үш жыл бойы буржуазия мен помещиктерге қарсы соғыстың адам айтқысыз ауыртпалығын көтерді. Россиямен салыстыруға болатын, өнеркәсібі Россиядағыдан кем күйзелмеген, қайта кейде көп күйзелген, Сербия мен Австрия сияқты жеңілген елдер,— бұл елдер мүлдем түңілерлік, мүлдем мүшкіл жағдайда отыр. Өздері буржуазияға қарсы со-

ғыс ашпағандықтан, буржуазиядан көмек болады деп дәмеленіп, олар екі жақты езіліп отыр — оларды біздер сияқты аштық, күйзеліс, қайыршылық және өздері буржуазияға арқа сүйейміз деп, көмек болады деген үміттен айрылып, құрып бара жатқанын, өздерінің жағдайының дәрменсіз екенін түсінушілік езіп отыр. Ал біз, адам айтқысыз қиыншылықтар көріп отырсақ та, осы адам айтқысыз қиыншылықтарға қарамастан, жаңа күштердің туып жатқанын көріп, айқын ұғып отырмыз, жұмысшы және шаруа бұқарасы да осыны айқын көріп отыр. Әрбір қиыншылық жаңа күштерді туғызды, жаңа жігер көздерін ашты, жаңа жолдарды көрсетті. Бұл күштердің жұмысы, қаншама сұмдық баяу болса да, біздің ілгерілеп келе жатқанымызды, қиыншылықтарды жеңу кейде қаншама зор азапқа түсірсе де, біздің оларды жеңіп келе жатқанымызды дәлелдеп отыр. Шаруашылық қатынастардың мүлдем басқа негіздерде құрылып жатқанын, еңбекші тап, қаншама зор азап шексе де, барлық мәселелерді капиталистердің көмегінсіз шешіп жатқанын, қадам басқан сайын, күн өткен сайын капиталистерге қарсы күресіп, бір позициядан кейін екінші позицияны жеңіп алып жатқанын ұғынушылық өсіп келеді.

Міне, жолдастар, партия конференциясы шешімдерінің мәні, мағынасы, қорытындысы, меніңше, осылай сияқты. Ал мен осы арқылы бұл кеңестің қазір қаншалықты дәрежеде мамандардың ғана кеңесі емес, партия және совет қайраткерлерінің де кеңесі екенін айрықша атап көрсеткім келеді; экономикалық саясаттың жаңа формаларын, бүкіл советтік ғимараттың іргетасын бұл қайраткерлердің аса қиын жағдайларда іс жүзінде орнатуына тура келеді.

Бұл құрылысты екі нәрсе арқылы: біріншіден, салық арқылы және, екіншіден, товар айырбасы арқылы жүргізуге тура келеді. Салық мөлшері егіннің шығымдылығы орташа болады деп жорамалдағанда 240 миллион пұт болып белгіленген еді; — мұның өзі қажетті армияны және мейлінше қажетті өнеркәсіп орындарын тіпті шамалап қана жабдықтауға да жет-

кіліксіз болып отыр, мұның өзін егіннің шықпай қалу қаупі жағдайында ғана емес, тіпті жалпы алғанда да толық 100% жинап алу орасан қиын міндет болып отыр.

Біздің азық-түлік жөніндегі тәжірибеміздің үш жылында азық-түлік жұмысы саласындағы біздің жоспарларымыз бен тапсырмаларымыздың орындалу проценті аймақтар бойынша қалай өзгергені жөнінде менің қолымда дәл деректер жоқ. Бірақ бірлесе күш салып құрған аппаратымыз біздің бірсыпыра басқа халық комиссариаттарындағы аппараттан жақсы болып шыққаны, мұнда жұмысқа қабілеттіліктің үнемі өсіп отырғаны,— міне бұл жұрттың бәріне мәлім. Ал мен осы жылы, бұл жұмысқа барынша назар аударылып отырған кезде, бізге республика жүктеп отырған тапсырмаларды орындау процентін арттыратынымызға дау болмас деп ойлаймын. 100% болмаса да біз сол 100% дерлік етіп орындауға тиіспіз, ал біз мұны біздің алдымызға егіннің шықпай қалу қаупі төндіріп отырған қиыншылықтардың өзінде де орындай аламыз. Мүмкін, жинап ала алмайтын астығымыз ондаған миллион пұт болып есептелер, бірақ, мүмкін, жинап ала алмайтын астығымыз егін шығымы өте-мөте жақсы болған жерлер бере алатын азық-түлік салығының өсімімен өтелер.

Жолдастар, егін шығымы азық-түлік аппаратының жағдайымен ешбір санаспайды және ол азық-түлік аппараты өте-мөте жақсы болған жерлерде бізді қуантарлықтай аса жақсы болып отырған жоқ. Егер егін шығымының жайы көрсетілген картаға қарайтын болсақ, онда РСФСР мен басқа көршілес және туысқан республикалардың егін шығымы өте-мөте жақсы немесе орташадан жоғары болғалы тұрған жерлерінде, міне нақ сол жерлерде азық-түлік аппараты орташадан ешбір жоғары емес, қайта төмен болып отыр. Азық-түлік аппараты күштерін жіберу міндетін өте-мөте жігерлі түрде жолға қоюға тура келеді, ал осылай жіберу үшін біз жеткілікті дәрежеде даярлығы бар, жеткілікті дәрежеде тәжірибесі бар адамдарды, жаңа орында, оған бірден бейімделіп, жұмысты

тез ілгері бастыра алатын адамдарды аз білеміз. Мұның өзі үсті-үстіне көңіл аударуды талап ететін жұмыс.

Ең маңызды нәрсе, партия конференциясының бірінші кезекке қойған нәрсесі және партияның соңғы съезінің шешкен нәрсесі — товар айырбастау міндеті. Москвадағы советтік және жалпы партиялық жұмыстың ортасында жүрген адамдардың барлығының барынша назарын аударып отырған, барынша назар аудартып, барынша алаңдатып отырған осы мәселе. Бұған біз қаншалықты әзірлене алдық, бұл арада іс жүзінде не істелді, бұл жоспарлардан не нәрсе жүзеге асырылды,— міне мұның өзі іспен шындап танысу негізінде сіздердің бірінші болып шешулеріңізге тура келетін мәселе. Бұл жөнінде сіздердің практикалық тәжірибе алмастыруларыңыз, оның қорытындысын шығаруларыңыз ерекше мәнді, ерекше елеулі маңызы бар нәрсе.

Іс жаңа, мұның өзі күштерді бұрынғыдан да көбірек жіберуді талап етеді. Мұның өзі азық-түлік аппаратынан бұрын талап етіліп келген нәрсені емес, жаңа нәрсені талап етеді, өйткені мұндай аппарат азды-көпті біркелкі, мүмкіндігінше дұрыс қызмет ететін белгілі бір мөлшерде азық-түлік жинау міндетін атқаратын машина болып келді, бар болғаны осы еді. Жоқ, мұнда жергілікті жерлердің әр түрлі екенін, товарға қойылатын талаптың әр түрлі екенін, эквиваленттің әр түрлі екенін есепке алу керек. Совет өкіметінің нені талап ететініне және совет аппаратының нені орындай алатынына бейімделу жеткіліксіз. Жоқ, сіздер ұсақ егіншілер тұрмысының шаруашылық жағдайларына бейімделуге тиістісіздер, сіздер олардың мұқтажы не екенін және не жөнінен олардың керектері қанағаттандырылғанын есепке алуға тиістісіздер. Сіздер қапшықшылармен, мемлекеттің жарлықтарын орағытып өтетін саудамен күрестіңіздер. Сіздер оған қарсы қазір де күрес жүргізуге тиістісіздер. Бірақ, товар айырбасын жүзеге асыру және еркін рыноктан соққы жемес үшін,— осы еркін саудадан соққы жемес үшін біз оны жақсы білуге тиіспіз, онымен бәсекеле-

суге және оның өзін өз тәсілімен, өз құралымен соққылауға тиіспіз,— ал мұның үшін оны білуіміз керек.

Бізге керегі ескі бюрократтық құралдар емес, сауда жағдайларын есепке алу керек, бізге оларды дәл білу керек, барлық өзгерістерді тез есепке ала білу керек. Мұның үшін бізге РСФСР-дің байтақ жерінде азық-түлік құралдарын да, айырбас заттарын да тез жіберіп отыру керек. Біздің алдымызда тұрған қиыншылықтар өте зор. Бірақ бұл — ірі өнеркәсіпті біздің толық қалпына келтіргенге дейінгі уақытқа арналған бүкіл жаңа экономикалық саясаттың негізі, ал бұл уақыттың кем дегенде он шақты жылмен есептелуі мүмкін, сондықтан біз осы уақыт ішінде жұмысшы табы мен шаруалардың арасындағы, осы бірден-бір екі таптың арасындағы қатынастардың формаларын тауып беруге тиіспіз, осы формалардың негізінде біз өз экономикамызды құруға тиіспіз, осы таптардың арасында олардың екі жағын да шаруашылық жөнінен қанағаттандыра алатын одақ құруға, одақ болғанда ұсақ шаруаға біз ірі өнеркәсіптің барлық өнімдерін әзірге бере алмай отырған кезімізде, ұсақ шаруамен, ұсақ шаруа ретінде, санасатын одақ құруға тиіспіз.

Сөйтіп өзінің басы артық астығын сатып отырған ұсақ қожайынмен санасу керек, қала халқының, жұмысшылардың өз жағдайын жақсартуға тиіс екендігімен де санасу керек. Мұнсыз біз алдағы құрылыс жұмысымызда, социализмге өтуді кері қайтуға болмайтындай етіп нығайтатын жұмыста — біз табысқа жете алмаймыз. Міне сондықтан да товар айырбастау міндеті қазір біздің бүкіл экономикалық саясатымыздағы ең маңызды мәселе болып отыр. Бұл жөнінде сіздердің азық-түлік қызметкерлері ретінде де, шаруашылық қызметкерлері ретінде де, кооперация қызметшілері ретінде де жұмыс істеулеріңізге тура келеді. Совет өкіметі сіздерден міне осыны күтіп отыр, партия мен бүкіл республика сіздерден міне осыны күтіп отыр, өйткені бүкіл Совет республикасының, бүкіл социалистік құрылыстың ең басты мүддесі қазіргі кезде сіздердің осы жұмысқа қалай қарайтындарыңызға, сіздердің табыстарыңызға байланысты.

Жолдастар, қорыта келе мен сіздердің конференцияңыздың бір арнайы міндеті бар екенін атап көрсетуге тиіспін, ол міндет: май айында партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының алдына қойылған және Орталық Комитетте талқыланғаннан кейін Кәсіподақтардың бүкіл россиялық съезінде шешілген мәселені ескеру. Бұл — тиісінше сақтықпен және біртебірте, бірақ дегенмен дереу коллективтік жабдықтауды сынап көру жолына түсу мәселесі. Біздің азық-түлікті бөлу ісімізде кемшіліктер бар болып шықты, ал бұдан былай сол күйінде қала беруге болмайды. Біздің азық-түлікті теңгермелік негіздерге сүйене отырып бөлуіміз кейде келіп өндірісті көтеруге зиянын тигізетін теңгермелікті туғызды. Республика өзінің жинаған артық астықтарымен өндіріске қажет нәрсені ғана қамтамасыз етуі керек. Өнеркәсібіміздің барлық кәсіпорындарын біз қамтамасыз ете алмаймыз, ал мұның бізге керегі де жоқ: мұның өзі шаруашылықты бейберекет жүргізгендік болар еді. Ірі өнеркәсіпті біз түгелінен қалпына келтіре алмаймыз; демек, оның ішінен жақсы жабдықталғанын, көп өнім беретінін іріктеп алу керек, сөйтіп тек соны ғана қамтамасыз ету керек.

Азық-түлік қызметкерлері: біз пәлендей миллион пұт астық аламыз, оны пәлендей нормалармен, тіпті кәдімгі карточкалармен болса да, бөлеміз, сонымен әңгіме бітеді; одан арғысы менің жұмысым емес деп ойлаумен тына алмайды. Кезекте барлық экономикалық халық комиссариаттарының қызметін біріктіру тұр. Әрбір саналы азық-түлік қызметкерінің көңіл қоюға тиісті нәрсесі — азық-түлік қызметкерлеріне тікелей қатысы бар нәрсе ғана емес, шаруашылық қызметтің бүкіл жиыны болуға тиіс. Оған қойылатын талап өсе береді.

Азық-түлік қызметкері ғана болып қоюға болмайды. Барлық экономикалық халық комиссариаттарының жұмысына байланысты, жұмыстың әрбір тиісті қадамына және осы жұмыстың барлық нәтижелеріне баға беріп отыратын экономист болу керек.

Әңгіме азық-түлікті бөлу туралы болып отырған кезде, тек әділетті түрде ғана бөлу керек деп ойлауға болмайды, бұл бөлу дегеніміз өндірісті көтерудің әдісі,

құралы, шарасы деп ойлау керек. Ең жоғары еңбек өнімділігі жағдайында шын керек болатын қызметшілерді ғана мемлекет тарапынан азық-түлікпен қамтамасыз ету қажет, ал егер азық-түлік өнімдерін саясат құралы ретінде бөлетін болсақ, онда сөзсіз керек еместердің санын азайтуымыз, шын керектерді көтермелеуіміз қажет. Егер бөліс ісі біздің өнеркәсібімізді қалпына келтіретін саясат құралы болатын болса, онда қазір нағыз керек кәсіпорындарды қамтамасыз етуіміз қажет, ал қазір бізге керек емес кәсіпорындарды әсте қамтамасыз етпеуіміз қажет, сөйтіп отынды үнемдеуіміз, азық-түлік өнімдерін үнемдеуіміз керек. Біз бұл жөнінде шаруашылықты жүргізуде талай жылдар бойы үлкен кемшіліктер жіберіп келеміз. Енді осы кемшіліктерді түзетуіміз керек.

Өздеріңіз көріп отырсыздар, істің байыбына неғұрлым тереңдей түскен сайын сіздердің азық-түлік кеңесіңіздің алдына қойылатын міндеттер желісі де соғұрлым бірден-бірге кеңейе түседі. Алайда, бұл міндеттердің қиыншылығын түсіну сіздердің ешқайсыңызды да қорқыта қоймас, қайта, совет қызметкерлері мен партия қызметкерлері ретінде сіздердің алдарыңызда тұрған айрықша міндеттер сіздерде бұл міндеттерді орындауға деген жаңа жігер туғызады деп сенемін. Басқа халық комиссариаттарындағы бұрынғы жұмыстың тәжірибесі совет жұмысы мен партия жұмысын қалайда орайластыра жүргізудің қажеті бар екенін айқын көрсете алады. Азық-түлік қызметкерлері кезектегі бірсыпыра жауынгерлік тапсырмаларды адам айтқысыз қиын жағдайларда орындағанда, тек әрдайым жалпы қолданыла бермейтін жолмен, тығыз шаралар жолымен, екпінділік пен жауынгерлік тәртіп әдістерін қолдану жолымен істеудің, совет мекемелерінің де, партия органдарының да зор қайрат көрсетуінің арқасында ғана орындай алады. Қайталап айтайын, біздің экономикалық саясатымыздың пақ түбегейлі негізі сіздердің азық-түлік жөніндегі кеңесіңіздің басты тапсырмасы болып табылады. Сіздердің барлық назарларыңыз осыған аударылуға тиіс.

Қорыта келгенде, біздің жүріп келе жатқан бағы-

тымызда күштерді біріктіру арқылы біз ойдағыдай экономикалық саясаттың негіздерін нығайта аламыз деп, бұл саясат жұмысшы табы мен шаруалардың, Совет өкіметі арқа сүйеп отырған негізгі екі таптың одағын, біздің бүкіл социалистік құрылысымыздың табысты болуын бір өзі ғана қамтамасыз ете алатын шаруашылық одақты құрады деп сенім білдіруге рұқсат етіңіздер. (Ду қол шапалақтау.)

Қысқаша газет есебі 1921 ж. 18 июньде «Петроградская Правданың» 129-номерінде басылған

1921 ж. 22 және 23 июньде «Правда» газетінің 133 және 134-номерлерінде толық басылған

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

РКП(б) АДАМ ҚҰРАМЫН ТЕКСЕРУ ЖӘНЕ ТАЗАЛАУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ ҰСЫНЫСТАР[120]

Тіркеу жүргізетін негізгі ұя РКП-ның бір топ карт мүшелері (кемінде 5—7 жылдан бері партияда барлар) және міндетті түрде жұмысшылар болуға тиіс.

РКП-ның аз да болса күмәнды, сенімсіз, өздерінің табандылығын дәлелдемеген мүшелерінің бәрі партиядан шығарылуға тиіс, қосымша тексеру мен сынаудан кейін оларды партияға қайта алу правосы берілсін.

1) 1917 ж. октябрьден кейін басқа партиялардан келіп кіргендер; 2) ескі үкіметтерге қызмет істеген чиновниктер мен лауазымды адамдардың қатарынан келіп кіргендер; 3) пұрсаттылық атаулымен байланысты қызметтерде болғандар; 4) совет қызметшілеріне жататындар,— бұл адамдар түгелдей ерекше тексеруден өткізілуге тиіс, РКП-ның осы мүшесімен оның жұмыс бабында кездескен партияда бар және партияда жоқ еңбекшілердің пікірі міндетті түрде сұралсын.

Кепілдеме берушілерден жазбаша түрде толық аттестация талап етілсін, соның өзінде кепілдеме берушілердің ішінде 5—7 жылдан партиялық стажы бар бірнеше жұмысшы міндетті түрде болуға тиіс.

Өз фабрикасында шынымен жұмыс істейтін нағыз жұмысшылар жөнінде және өзінің жер учаскесінде

жұмыс істеп жүрген шаруалар жөнінде тексерудің ресми жағы барынша қысқартылсын, мұндай адамдардың қайта тіркелуін қиындатпау керек.

1921 ж. кеш дегенде 21 июньде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ПАРТИЯҒА ҚАБЫЛДАУДЫҢ ШАРТТАРЫ ТУРАЛЫ ЗАМЕТКАЛАР

а) 1. VIII-тан қашанға дейін?
б) *кім алынады?*

жұмысшылар мен еңбекші шаруалар

3 ай танып-білу керек

үй бөлімдері[121]	арқылы	өту
Қызыл Армия	арқылы	»
жұмысқа адал ниетпен қарау	»	»
партияда жоқтардың пікірлері	»	»

жоғары лауазым арқылы өту: осы уақыттың ішінде тексеру.

1921 ж. кеш дегенде
21 июньде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің
XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

РКП(б) X СЪЕЗІНЕ АРНАЛҒАН МАТЕРИАЛДАР

1

САЛЫМДЫ САЛЫҚПЕН АУЫСТЫРУ ТУРАЛЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫНА ЕНГІЗІЛГЕН ТҮЗЕТУЛЕР[122]

Цюрупа жолдас. Сізден мен енгізген мына түзетулерді талқылауды (комиссия шақырып) өтінемін:

9-параграфқа. Соңғы жағын («бақылаумен» деген сөзден бастап) мынадай сөздермен ауыстыру керек: «Бақылау үшін салықты түрлі мөлшерде төлейтін салық төлеушілер топтары бойынша жергілікті шаруалардың сайланып қойылатын ұйымдары құрылады».

10-параграфқа. Соңғы жағын («бұдан тыс» деген сөзден кейін) мынадай сөздермен ауыстыру керек: «Айырбастың жалдаптыққа айналып кетпеуін бақылау әдістері ерекше ереже бойынша белгіленеді».

13-параграфқа. Әзірге *алынып тасталсын*.
(Қашан жариялау керектігін съезде шешеміз. Меніңше, науқан басталғанға дейін, яғни партия съезінен кейін дереу жариялау керек.)

3 III *Ленин*

1921 ж. 3 мартта жазылған

Бірінші рет 1932 ж. Лениннің XX жинағында басылған

Машинкада басылған көшірме бойынша басылып отыр

2
ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ САЯСИ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕПТІҢ ЖОСПАРЛАРЫ*

1
Саяси есеп

Тарих емес, бірақ сабақтар

1) Соғыстан бейбітшілікке (1920 жыл және 1921 жылдың басы) *көшу*. 1920—1921
IV. 1920: IX съезд (шаруашылық құрылыс)
{ IV—IX: поляк соғысы $^1/_2$ жыл.
—XI: Врангель. }

ΣΣ**: *жылдың көп айы соғыспен өтті.*

I (А) экономикалық саясат пен оның негіздеріне назар аударуға болмайтын болды. { Сабақ: енді шаруашылық саясаттың негіздеріне көбірек назар аудару керек.

2) Кейбір молшылық және оны дұрыс пайдаланбау.
($\alpha\alpha$) әскери күштер — Варшава
($\beta\beta$) азық-түлік салымы 235—80=155
155 : 6=$25^5/_6$
($\gamma\gamma$) { отын
фабрикаларды іске қосу мүлдем есепке алынбаған } { Сабақ: шаруашылықтың жақсару элементтері бар, бірақ дұрыс пайдаланылмаған және дұрыс бөлінбеген

* Қараңыз: осы том, 7—36-беттер. *Ред.*
** — Summa summarum — Жалпы жиыны. *Ред.*

қуаңшылық — жемшөп пен ат-көлік күшінің дағдарысы.	(тек қана сала мағынасында алғанда емес, экономикалық факторлардың арақатынасы мағынасында алғанда).

3)	Қуаңшылық дағдарысты күшейтті соғыстан бейбітшілікке көшу дағдарысы жаңа экономикалық арақатынастарды дұрыс есепке алу дағдарысы база дағдарысы: ұсақ шаруа шаруашылығының әлсіреуі.	Қуаңшылық: шаруалардың жағдайын барынша жеңілдету және ұсақ шаруа шаруашылығының экономикалық негіздерін нығайту.
4)	Айтыстан туған (немесе партия құрылысы туралы айтысты *ауыстырған*) кәсіподақтар туралы айтыс *партияның назарын басты міндеттен бұрып әкетті.* {{IX—II }}	күштердің назарын кәсіподақтар туралы айтыспен алаңдату.

5) Англиямен сауда шарты
Италиямен экономикалық қатынастар орнату мүмкіндігі
концессиялар және Америка.

6а Кронштадт оқиғалары (II.—III. 1921). *Экономикалық* қырсықтың *саяси жағы* және саяси көрінісі

6б Істің саяси жағы және экономикалық жөнге салынбаушылық пен үйлеспеушіліктердің саяси көрінісі.

меньшевиктер, эсерлер, анархистер. ΣΣ өкіметтің ауысуы (Кронштадтта *жаңа өкімет*).
Оның үмітсіздігі.
Оның мәні: «бостандық» ұранын жамылып буржуазиялық реставрацияға көшу.

Саяси тұрғыдан жеңіп шығу және қазірдің өзінде жеңіп шықтық деуге болады, бірақ *экономикалық тұрғыда қорықпай ескеріп отыру.*

Салымның *орнына* салық ((салыққа салымды *қосу* емес)) ұсақ қожайынның экономикалық жағдайларына бейімделу, жергілікті айналым еркіндігі, *«шаруалармен ымыраласу»*.

Бұл «ымыраласудың» екі жақтылығы (Кронштадттағыша ма?): өкіметтің ауысуы ма? экономикалық саясат негіздерінің ауысуы ма (?), белгіленуі ме?

Жергілікті экономикалық айналым еркіндігі

Пролетарлық мемлекеттік өкімет

техникалық көмек үшін берілетін *алым*
ағаш, мұнай, руда және басқалар

αα (1) +шарт жасасу қатынастарына негізделген мемлекеттік капитализм (концессиялар) (мысалы 1/4 vs* 3/4),
?
концессиялар туралы 23. XI. 1920 декрет
көмір сатып алу (алтынмен есептегенде *15 млн.*)

{Үш «Кит»}

ββ (2) +жергілікті айналым еркіндігіне сүйенген ұсақ шаруашылық
|онымен шарт жасасу|

ΣΣΣ

γγ (3) +бюрократизмге қарсы күресте барынша күш-жігер жұмсау

(4) жұмысшы демократиясы

|||| 2 экономикалық база
2 саяси қондырма {бюрократизмге қарсы; жұмысшы демократиясы үшін}

* — versus — қарама-қарсы. *Ред.*

2

Орталық Комитеттің саяси есебі

Өткендегі аса маңызды саяси оқиғалар және «түйінді пункттер», олардың сабақтарын болашақта ескеріп отыру = тақырыбы.

Келесі негізгі пункттер:

1) Соғыстан бейбітшілікке көшу.
2) Біздің тактикамыздың дұрыс еместігі және «үйлеспеушіліктен» туған қателер.
3) Қуаңшылық және шаруаларға көзқарас.
4) Кәсіподақтар туралы айтыс.
5) Капиталистік дүниеге көзқарас (сауда шарттары мен концессиялар).
6) «Кронштадт» оқиғалары: бұл оқиғалардың саяси жәпе экономикалық маңызы.
7) Заттай салық, оның маңызы.
8) Жоғарыда мемлекеттік капитализм (концессиялар) және тәжірибені есепке алуға негізделген экономикалық саясат базасы ретінде төменде ұсақ егіншілермен келісімге келу.
9) Саяси (ішкі) және «құрылыс» міндеттері ретінде бюрократизмге қарсы күрес жәпе «жұмысшы демократиясын» дамыту.

1. Соғыстан бейбітшілікке көшу (тіпті де бірден көше алмаймыз).

IX съезд және поляк соғысы («бітім») }
— Врангель }

Демобилизациялаудың әлеуметтік және басқа да *қиыншылықтары*. {NB}

2. Тактика мен саясаттың дұрыс еместігі, «үйлеспеушіліктері»

$\alpha\alpha$ Варшава түбінде
$\beta\beta$ Азық-түлікті бөлу 235—155
$\gamma\gamma$ *idem** отынды да. (6)

* — сондай-ақ. *Ред.*

Белгілі молшылық,— оны үйлестіре білмеушілік. Факторлардың арақатынасын есепке алмау

3. Қуаншылық: шаруаларға көзқарастың мейлінше шиеленісуі.

4. Кәсіподақтар туралы айтыс Қате.
Партияның «бюрократтық» жоғарғы тобы ұсақ буржуазиялық + анархиялық стихия («жұмысшы» оппозициясы мен шаруа оппозициясы «уклоны») *(партияның назарын басты міндеттен бұрып әкету).*

((**Сабақ:**
½ миллиондық бұқаралық партия өзін қоршаған стихияның тынысы мен пиғылын сөзсіз бейнелейді.))

5. Шетелмен қарым-қатынастар
|||| Англиямен сауда шарты

. II— Баку туралы {{Концессиялар, 23. XI. 1920 декрет.
Көмір сатып алу (алтынмен есептегенде 15 млн.)
((1. II. 1921)) 18.4 млн. пұт}}

6. Кронштадт оқиғалары
Саясат: өкіметтің аздап оңға қарай ауысуы = күйреу — жинақталу тәртіп

Экономика: шаруалардың ұсақ буржуазиялық стихиясы (ұсақ буржуазияға «кеңшілік» жасау керек пе? шаруаларға ше?)

7. Заттай салық
Оның заңға айналу тарихы
{30. X. 1918 және кейінге қалдыру}

Оның қазіргі қойылысы

8. Жоғарыда мемлекеттік капитализм (концессиялар) ұсақ егіншімен (төменде) келісімге келу
   («сауда еркіндігі»)
   2 экономикалық база.

9. Бюрократизмге қарсы және «жұмысшы демократиясы» үшін күрес. Сабақтарды ескеру және жаңа міндеттерді алға қою: *барлау жасай отырып алға басу. Қарқын баяулау болсын, экономикалық база қомақтырақ болсын!* «пароль».

1921 ж. 4 және 7 март аралығында жазылған

Бірінші рет 1932 ж. Лениннің XX жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

3

САЛЫМДЫ САЛЫҚПЕН АУЫСТЫРУ ТУРАЛЫ СӨЙЛЕНЕТІН СӨЗДІҢ ЖОСПАРЫ*

1. Бұл мәселенің жалпы саяси маңызы: = *шаруалар* (ұсақ буржуазия) *контрреволюциясы* туралы мәселе. **Мұндай контрреволюция қазірдің өзінде-ақ бізге қарсы тұр.** || баспасөзде «пролетариат пен шаруалардың өзара қатынасын» жуып-шаю ||

2. Теориялық экскурс

   (α) буржуазиялық революция ма, әлде социалистік революция ма? *Күрес шешеді* | баспасөзде жуып-шаю |

   (β) ренегат Каутский (102-бет, 1918 ж. басылуы).**

3. Кімді кім жеңеді? Әр түрлі 2 тап.

   «Кронштадттың» сабағы

   — — — саясатта: партия ішінде көбірек топтасушылық (және тәртіп) керек, меньшевиктерге және социалист-революционерлерге қарсы көбірек күресу керек.

   — — — экономикада: *орта* шаруаны мүмкін болғанынша көбірек *қанағаттандыру* керек.

4. Шаруалардың бәрі (дерлік) орта шаруа болды. «Кедей шаруалар комитеттері».

---

* Қараңыз: осы том, 63—81-беттер. *Ред.*

** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 37-том, 253—256-беттер. *Ред.*

5. Орта шаруаларды *экономикалық жағынан* немен қанағаттандыруға болады? Ұсақ товар өндірушіні ше?

NB ||| (α) *айналым* еркіндігі, сауда еркіндігі (= капитализм еркіндігі)
(β) бұл үшін *товар* табу.

6. «Айналым еркіндігі» = сауда еркіндігі = капитализм еркіндігі.

Капитализмге қарай кері шегіну ме?

Біздің тым асығыс, бір беткей, әзірленбеген «коммунизміміз» *соғыстың салдарынан* және товар табудың да, фабрикаларды іске қосудың да мүмкін еместігінен туды.

Мүмкін болатын әлі де талай-талай өтпелі кезеңдер бар. Арқанды әлі де *неғұрлым* босаңдау ұстауға болады, *оны үзіп алмай*, «жайлап» «босата түсуге» болады.

NB:

7. || Кооперация. IX съездің қарарын *бұзу*. Жаңа қарардың жобасы (неғұрлым еркінірек маневр жасау).

||| *Кооперация* = (Социалист-революционерлер мен меньшевиктер) саяси жағынан экономикалық жағынан еркін айналымның ең жақсы формасы. |||

8. Товарларды қайдан алуға болады?
   (α) Заем. (Алтынмен 100 миллион) (2 ұсыныс).
   (β) Англиямен, Америкамен сауда шартын жасасу.
   (γ) Концессиялар.

9. *Жоғарыда* мемлекеттік капитализм, онымен блок жасасу,— *төменде* шаруалар және басқалар үшін айналым еркіндігі.

Балдақтар және жараны таңу ше?
Шалажансар болып соққыланған.

10. Жұмысшыларда да шаршағандық, қалжырағандық бар.

Брест тәрізді «тыныс алу», экономикалық тыныс алу керек.
Жұмысшылардың жағдайын жақсарту (алтынмен 10 миллион[123] *және ерекше қарар*[124]).
Шаруалардың жағдайын жақсарту және *айналымды* ілгері бастыру.

11. Жеке товар айырбасы ше?
Иә! Өндірісті күшейтеміз, айналымды ілгері бастырамыз, тыныс алдырамыз, *ұсақ буржуазияны* күшейтеміз, бірақ *ірі өндіріс* пен *пролетариатты* онан да гөрі көбірек нығайтамыз.
Бірі екіншісімен байланысты.

12. Ұсақ буржуазияны және *оның* айналымын *белгілі бір дәрежеде* жандандырмайынша, ірі өндірісті, фабрикалар мен заводтарды, пролетариатты нығайтуға болмайды.

13. *Заттай салық.*
Заңға айналу тарихы (қысқаша) 30. X. 1918.
Қазір қойылысы басқаша.
Оның экономикалық маңызы.
(1) Ұсақ өндірушіні: өндірісті алға жылжыт деп *демеу*. Бәрінен де маңыздырақ.
(2) Қазір мемлекеттік монополия міндетті нәрсе емес (бәрі бірдей басы артық емес).
(3) Мемлекет алдындағы дәлме-дәл міндеттемелер.

Бюрократизмді *әлсірету*.

(4) Бүкіл «айналымды» еркінірек етсек, «отрядтардан» босатуға *болады*.

Егіннің шықпай қалуы мен егіннің мол шығуы.	Попов және оның «анықтамалары».	Алдын ала жариялау керек пе? Егіннің шығымдылығын анықтағаннан кейін өзгерту керек.	NB

14. «Аппараттың» *беріктігін* сақтау керек.
Бірақ саясат аппарат үшін емес, аппарат саясат *үшін* (= таптар арасындағы қатынастарды қайта қарап, түзету үшін)!! Саясат (жақсы) бюрократия-

ға емес, қайта (жақсы) бюрократия саясатқа қызмет етуге тиіс.

Қазір икемділік барынша керек, ал **мұның үшін**, шебер маневр жасау үшін аппараттың мейлінше берік болуы керек.

1921 ж. марттың бірінші жартысында жазылған

Бірінші рет 1931 ж. 21 мартта «Правда» газетінің 79-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

4
ҚАРАРЛАРДЫҢ ЖОСПАРЛАРЫ

1
СИНДИКАЛИСТІК ЖӘНЕ АНАРХИСТІК УКЛОН ТУРАЛЫ ҚАРАР*

1) Кейбір топтарда, әсіресе РОПП-та** синдикализм мен анархизмге қарай көрінеу уклон жасаушылық бар.
2) «Өндірушілер съезі».
3) Теориялық жағынан теріс екендігі.
4) РКП программасын түсіндіру.
5) Теориялық жағынан теріс екендігімен қатар саяси жағынан да мүлде дұрыс еместігі және саяси қауіптілігі...
6) Ұсақ буржуазиялық стихия: ұсақ буржуазиялық қобалжу (пиғыл) және анархизм...
7) Пролетариаттың партияда жоқ бұқарасы әсіресе шектен асқан (оның үстіне демобилизацияға байланысты асқына түскен) мұқтаждық жағдайында ұсақ буржуазиялық стихияның ықпалымен оңай ауытқып отырады.

{+ III Коммунистік Интернационалдың II конгресінің партияның ролі туралы қарары} [to items 4–5]

2
ПАРТИЯНЫҢ БІРЛІГІ ТУРАЛЫ ҚАРАР***

1) Әсіресе РОПП-тағы, ішінара ДЦ-дегі**** және басқалардағы фракцияшылдықтың белгілері.

---

* Қараңыз: осы том, 103—107-беттер. *Ред.*
** «Жұмысшы оппозициясы» тобы. *Ред.*
*** Қараңыз: осы том, 96—102-беттер. *Ред.*
**** «Демократиялық централизм» тобы. *Ред.*

2) Фракцияшылдық неден көрінеді және ол атап айтқанда неліктен қауіпті?
3) Бұған қарсы шаралар:
«Дискуссионный Листокқа» рұқсат беру
сын бостандығы.
4) Саяси шараларды, тағы сондайларды сынауды практикалық ұсыныстардан бөліп алу. Практикалық ұсыныстарды бағыттап отыру.
5) Бұқарадан бірсыпыра қол үзгендік себептердің бірі болды (бұқарамен онша жеткілікті байланыс болмады): бұған мейлінше көңіл бөлінсін.
6) РОПП-тың партиядан тыс уклоны, синдикализм мен анархизм туралы қарарда егжей-тегжейлі айту керек, мейлінше қауіпті.
7) Екінші жағынан, РОПП-тың сіңірген еңбегі — жұмысшылардың жағдайын жақсартуға көңіл бөлуі
партияны тазалауға көңіл бөлуі
бюрократизмге қарсы күреске көңіл бөлуі
демократия мен талапкерлікті дамытуға көңіл бөлуі.

Қайткен күнде де фракцияшылдықты түп тамырымен жұлып тастау керек, шығарылып тасталатындығымен қорқыту керек ($^2/_3$ Орталық Комитет + кандидаттар + Бақылау комиссиясы).

3

ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫН ЖАҚСАРТУ ТУРАЛЫ ҚАРАР*

Наразылықтың және саяси дағдарыстың асқынуы көп ретте шамадан тыс, адам төзгісіз дерлік, әбден қажудан, титықтаудан туып отыр.

Бұған мейлінше көңіл бөлу керек: шұғыл көмек.

Алтынмен 10 миллион сом беру жөніндегі шешімді мақұлдау керек және бұл шараны кеңейту сөзсіз талап етілсін.

Орталық Комитеттің жанынан комиссия құрылсын, бұл комиссияға Еңбек және Қорғаныс Советі мен Ха-

* Қараңыз: осы том, 94—95-беттер. *Ред.*

лық Комиссарлары Советінің жанынан айрықша праволар берілсін.

Барлық ведомстволардың жанынан (әсіресе орман шаруашылығы ведомствосының жанынан, мемлекеттік құрылыстар комитеті жанынан, т. с.) кіші комиссиялар құрылсын.

Тек қана пролетарлар тұратын губерниялардың жұмысшылары айрықша қатыстырылсын.

1921 ж. 13 мартта жазылған

Бірінші рет 1932 ж. Лениннің XX жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

5

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ ҚҰРАМЫ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТПЕЛЕР[125]

NB + Орталық Комитеттің таратып беруге арналған тізімі

25 — 9 2/3
15 — 2 (3) Σ = 47 11 (12)
7 — 0

1921 ж. 13 мартта жазылған

Бірінші рет 1932 ж. Лениннің XX жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

6
САЛЫМДЫ САЛЫҚПЕН АУЫСТЫРУ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗДІҢ ЖОСПАРЫ*

Азық-түлік қызметкерлерін ату керек пе?
Кооперация.
1) Қисапсыз көп ұсақ мәселелер
2) ешбір тізіп шығуға да, ешбір топтастыруға да болмайды.
   Немесе: 2 топ
3) негізгілері
   (1) техникасы *қиын,* толып жатқан егжей-тегжейлі мәселелер
4) (2) ұсақ буржуазия, буржуазия, *капитализм* күшейеді
5) *кім көбірек,* кім тезірек?
   |біз жоғарыдамыз, біз = пролетариат? олар төменде|
6) өнім көп болсын = негізі.

Ұсақ өнеркәсіп))	100 vs** 150	‖	100 vs 175
Ірі өнеркәсіп))	200 vs 175	‖	200 vs 200[126]

1921 ж. 15 мартта жазылған

Бірінші рет 1932 ж. Лениннің XX жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Қараңыз: осы том, 82—93-беттер. *Ред.*
** — versus — тиісінше. *Ред.*

«ОННЫҢ ПЛАТФОРМАСЫН» ЖАҚТАУШЫЛАРДЫҢ КЕҢЕСІНДЕ СӨЙЛЕНЕТІН СӨЗДІҢ КОНСПЕКТІСІ[127]

1) Жұмысшы оппозициясындағы (бюрократиялық) жоғарғылар...
2) төменгілер, бұқарамен шын байланысты, нағыз пролетарлық төменгілер...
3) Жұмысшы оппозициясының синдикалистік және махайскийшіл уклонына (жоғарғыларға) қарсы мейлінше батыл идеялық күрес жүргізу
4) съездің Жұмысшы оппозициясының синдикалистік, анархистік, махайскийшіл уклонын принципті түрде айыптайтын шешімі
5) съездің фракцияны қалдыруға немесе фракцияшылдықтың қалдықтарына қарсы (атап дауысқа қою арқылы) шешімі
6) партиядан шығару және Орталық Комитет мүшелігінен кандидаттыққа түсіру керек деп — — қорқыту ((Орталық Комитеттің + Бақылау комиссиясының шешімі бойынша + барлық кандидаттар + $^{2}/_{3}$??))[128]
7) Орталық Комитетке нағыз пролетарлық элементтерді алу
8) **етене болу**, зерттеу, тексеру, барлау...
9) осы бағытты жүзеге асыру үшін бірқатар шешендерді (съезде) **дереу** таңдап алу
10) «10-ның платформасының» бюросын... *сайлау керек*
11) Орталық Комитеттің есебі бойынша (α) жалпы алғанда, әсіресе Орталық Комитетте, орасан зор бірлік

пен тәртіп туралы; (β) Ұйымдастыру бюросының бюрократизмін азайту туралы қарар

12) келесі кеңес питерліктер (және Зиновьев) келген күні (немесе екінші күні)

\+ 13) съездің баспасөзде партия съезі туралы *есептер беру* жөніндегі шешімі: фракциялық таластарды жұмсарта, бірлікті білдіре көрсету керек.

1921 ж. кеш дегенде 9 мартта жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

«АЗЫҚ-ТҮЛІК САЛЫҒЫ ТУРАЛЫ» ДЕГЕН КІТАПШАНЫҢ ЖОСПАРЫ[129]

1

Etwa:*

1. Салықтың жалпы маңызы.

   Кері қарай ма? Ілгері қарай ма? (товар айырбасына қарай).
   «Брест» пе?
   Салымнан (басы артықтарын алудан) товар айырбасына көшу.
   «Әскери» коммунизм vs** *дұрыс жүргізілетін* шаруашылық қатынастары.

2. Салық және еркін сауда

   Салық және еркін сауда.
   Сауда еркіндігі *vs* ұсақ шаруашылықтың экономикалық базасы («жергілікті айналымы»).
   » » *vs* пролетариаттың мемлекеттік өкіметі.
   » » *vs* концессиялар.
   Сауда еркіндігінің өлшемі мен шарттары.

3. Орташа. (Біркелкілену.)

   Кулакқа сүйену керек пе?
   немесе *орташа*.
   Біркелкілену.
   Ұқыпты шаруа.
   Өнімдердің көбеюі.

---

* — Шамамен алғанда. *Ред.*
** — versus — тиісінше. *Ред.*

4. Социалистік егіншілікке көшу жолдары.

ұсақ шаруа
колхоздар
электрлендіру.

5. Кооперация.

6. Бюрократизмге қарсы күрес
(күрестің экономикалық негіздері).

7. *Халықаралық жағдай мен ішкі қатынастар.*

8. Партиялық және саяси дағдарыстар (1920—1921).

Меньшевиктер + социалист-революционерлер + анархистер
(Кронштадт).

9. Шаруалармен *«келісімге»* келу ме? әлде *диктатура* ма?

10. Партиялық емес конференциялар.

2

Кітапшаның жоспары:

ауырақ!

Мазмұнын дәлірек көрсетер еді:

Қазіргі саяси кезеңнің жалпы міндеттері мен жағдайларына байланысты салымды салықпен ауыстыру туралы.

Қазіргі саяси кезеңнің ерекше жағдайларына байланысты салымды салықпен ауыстыру.

Салымды салықпен ауыстыру туралы және шаруалармен келісімге келу туралы (немесе Жұмысшы үкіметінің шаруа еліндегі міндеттері туралы) және жұмысшы табының шаруалар жөніндегі міндеттері туралы.

Салымды салықпен ауыстыру, оның принципті маңызы: «әскери» коммунизмнен социализмнің *дұрыс* іргетасына қарай.

Салым да, салық та емес, ірі («социализацияланған») өнеркәсіптің өнімдерін шаруа өнімдеріне айырбастау — социализмнің экономикалық *мәні*, оның базасы міне осындай.

Салым «мұрат» емес, жанға батарлық және күйінішті қажеттілік. Бұдан басқаша көзқарас — қауіпті қате.

Салым және «аппарат». «Аппарат» болмаса біз әлдеқашан мерт болар едік. Аппаратты жақсарту жолында үздіксіз және қажырлы күрес жүргізбейінше, біз социализмнің базасы жасалмай жатып-ақ мерт боламыз.

Жұмысшылардың шаруалармен одағы = Совет өкіметінің α және ω. Оның баяндылығының «қажетті және жеткілікті» шарты.

Деникинге және К°-ге қарсы бұл одақ *экономикалық* құрылыстағы (нақ сол) одақ *емес*.

Біріншісі = буржуазиялық революция.
Екіншісі = социалистік революция.

Соғыстан құрылысқа көшу.

IX съезд. 1920 (cf.* IV. 1918) versus X съезд (III. 1921).

Салымнан дұрыс товар айырбасына көшу.

Салық астықпен және басқа өнімдермен еркін сауда жасауға принципті жағынан ыңғайлы, үйлесімді.

Формальды демократизм versus салық туралы мәселеде және осы сияқты басқа да мәселелерде таптық қатынастардың шындығы.

Күштеу + иландыру (салымда) — салықта —«товар айырбасында».

«Сауда еркіндігі» қай шамада? Салықты төлегеннен **кейін**.

* — confer — салыстыр. *Ред.*

Тәжірибелерге, практикаға өріс беру. Ұсақ сауда...	Жергілікті қызметкерлердің міндеті. Жергілікті өкімет орнының міндеті.

Бірқатар ірі елдердегі пролетарлық революцияға *дейінгі* экономикалық қатынастар немесе экономикалық система типі = жоғарыда жинақтау
төменде шаруа саудасына еркіндік беру...
өзінше *мемлекеттік* капитализм (cf. IV. 1918).

Орташаға «сүйену» керек пе? кулакқа ма? Буржуазиялық қатынастарды қалпына келтіру керек пе?

Деревняның біркелкіленуі

«кедейлерге» {
теңгермелі қайта бөлісті бердік
помещиктік жерді »
кулактан алуға ерік »
мемлекеттің төтенше көмегін »

Енді істің *түйіні, тиянағы* өнімдерді арттыру бола бастады (болды) (cf. РКП программасы)[130]. Inde*: егіншілікте орташаға «сүйену».

Ұқыпты шаруа — біздің шаруашылығымызды өрге бастырудың «басты тұлғасы».

Жеке товар айырбасы.

Колхоздардың ролі: білместік көп болды. Заңды орындамағаны үшін *және шалағайлық жасағаны үшін* сотқа тарту (үш жыл).

Шаруаның «жекешілдігі» социализм үшін қорқынышты ма? оның «еркін саудасы» ше? Жоқ.

Электрлендіру: өлшем. Алысты көздейтін жоспар, бірақ *жоспар* және (ergo**) критерий. (Әрбір жоспар — өлшем, критерий, маяк, кезең *etc.*)

Егер 10—20 жыл ішінде электрлендіру жүзеге асса, онда ұсақ егіншінің жекешілдігі және *оның* жергілікті айналымдағы еркін саудасы титтей де қорқынышты емес. *Егер* электрлендіру жүзеге аспаса, капитализмге қайта оралу *бәрібір* сөзсіз нәрсе.

---

* —Ендеше. *Ред.*
** — демек. *Ред.*

Халықаралық жағдай қолайлы болып отыр: жаңа тепе-теңдік.

Олардың ыдырауы біздің бірігуіміз.	Антанта versus Германия. Америка versus Жапония (және Англия). Америка versus Европа. Империалистік дүние versus «Азия» ($^1/_7$) ($^4/_7$) ($0,250 \times 7 = 1{.}_{75}$) (1750 миллиардтан 1000 миллиард)[131].

Шаруалармен 10—20 жылдай дұрыс қарым-қатынас орнатсақ, бүкіл дүние жүзілік көлемде (өсіп келе жатқан пролетарлық революциялар кешеуілдеген күннің өзінде де) жеңіс қамтамасыз етілген болады, олай болмаған күнде 20—40 жылдай ақ гвардиялық террордың азабын көретін боламыз.

Aut — aut. Tertium non datur*.

NB:

Шаруалармен «келісімге» келу ме? Құрылтай жиналысы (тікелей және бүркемелі), дауыс беру, конституцияны өзгерту, социалист-революционерлер мен меньшевиктер + анархистер.	*Кооперация*. Оның экономикалық және саяси (меньшевиктер мен социалист-революционерлер) жағы.	«Келісім» деген ұғымның екіұштылығы әсіресе versus «диктатура».

Кронштадттың тәжірибесі мен сабағы (Совет өкіметінің саяси тарихындағы жаңалық).	Меньшевиктерге, социалист-революционерлерге, анархистерге қарсы ымырасыз күрес.

Quid est «politica»?**

(1) пролетариат авангарды *оның* бұқарасы жөнінде.

* — Не олай — не былай. Үшінші жол жоқ. *Ред.*

** — «Саясат» дегеніміз не? *Ред.*

(2) пролетариат *ш а р у а л а р* жөнінде.
(3) пролетариат (және шаруалар) *б у р ж у а з и я* жөнінде.

NB:

Шаршау, қалжырау, ашыну... Күш жоқ... «Тыныс алу»... *б ю р о к р а т и з м* (шаруалардың Gegenstück*).	*әрі* жұмысшы табында, *әрі* шаруаларда.	«Жоғарыдағылардың» мұқалуы және «төмендегілер» ішінен жаңа адамдарды = (α) жастарды; (β) партияда жоқтарды жоғарылату.

NB NB:

Анархизм және оған қарсы «маркстік» күрес. «Ашыну» ма?

Қарқын (соғыс кезіндегі құрылыс пен бейбіт құрылыс қарқыны) бірдей емес.

Сөйтіп IV. 1918 және IV. 1920 біз соғыстан бейбіт құрылысқа көшуді *саясаттың* нақ сол негіздерінде жай ғана көшу деп түсіндік.

Көшу күрделі: шаруаларға көзқарас басқаша, қарқын басқаша, жағдай басқаша.

Армияны демобилизациялау.

Бандитизм. (Күйзеліс. 7 жылдық соғыс.)

Не ақ гвардиялық террор, не пролетариаттың (барған сайын жұмсара түсетін) басшылығы, оның *диктатурасы.*

«Диктатура» деген сөздегі *қ о р қ ы н ы ш т ы н ә р с е?*

NB:

Партияда жоқ шаруа — өлшем ретінде, көрсеткіш ретінде, кеңесші ретінде — және саяси ұран ретінде (= социалист-революционерлер мен меньшевиктер). Дауысқа салу керек	Партиялық емес конференциялар абсолют *е м е с.* Меньшевиктер мен социалист-революционерлердің + анархистер-

* — бейнесі. *Ред.*

не? Өкіметті құлату керек пе? Әлде **онымен** келісімге келуді көздеу керек пе? | діц саяси құралы Caveant consules!*

Әдеттегі буржуазиялық партиялылық пен буржуазиялық парламентаризмнің әдеттегі тәсілі: кеңшіліктер жасау арқылы *«тұзаққа түсіреміз»* деу. Бірақ біз буржуазиялық парламентаризмнің ***нақты негізін,*** «әдеттегі (буржуазиялық) партиялылықты» мойындамаймыз!! | NB

NB: NB: NB

«Мемлекеттің құруының экономикалық негіздері» («Мемлекет және революция»)**: сонымен қатар *мұнда* бюрократизмнің *құруының*, жоғарғылар мен төменгілердің құруының, теңсіздіктің құруының «экономикалық *негіздері»* (cf. «Капитализмнен коммунизмге өтудің алғашқы қадамдары»). **Социализмнің шаруашылық** *базасы әлі де жоқ.* Оның өзі неде? **Шаруалармен товар айырбасын жүргізуде!!** | Бюрократизмге қарсы күрес жөнінде. | NB

NB

\+ **Ескерту.** 1921 көктемдегі (II.—III.) саяси дағдарыстың («өткелдер») және партиялық дағдарыстың (XI. немесе IX. 1920—III. 1921) маңызы. Партияның жоғарғыларын оның бұқарасына бейімдеу немесе v. v.***? Партияны бұқараға (пролетариат бұқарасына + одан соң шаруалар бұқарасына) бейімдеу немесе v. v.

3

Мемлекеттік капитализм қорқынышты нәрсе емес, *керек нәрсе.* | Мемлекеттік капитализмнен үйрену керек.

* — Консулдар қырағы болсын! *Ред.*
** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 33-том, 1—133-беттер. *Ред.*
*** — vice versa — керісінше. *Ред.*

Мысалдар:
1) Концессиялар.
2) Кооперация.
3) Комиссионерлер.
4) Аренда.

Ұйымдаспаған капитализм.

Бәрі де *шамамен* және *белгілі* шарттармен.
Бұл шама қандай?
Тәжірибе көрсетеді.
$^1/_4$ etwa.

«Стихия» c'est le mot*
1794 versus *1921*.

«Айналым» негізінен және 1-кезекте

Жалдаптыққа қарсы күрес. Quid est?**

Азық-түлік салығы және айналым.

Азық-түлікшілерге директива:

100 + 100 = 200%

? { 100 + 25
60 + 60 }

Бұл (3 және 4) түрлер әлсіз, өйткені біз *әлсізбіз және аңқаумыз:*

Cf. бюрократизм...

Сауда еркіндігі α) шаруа шаруашылығының өндіргіш күштерін дамыту үшін β) ұсақ өнеркәсіпті дамыту үшін ν) бюрократизмге қарсы күресу үшін.

Шамасы ше? Шарттары ше?

Практика көрсетуге тиіс.

Азық-түлікші: 100% жина

100 + 100 = 200

Etwa: { 100 + 25 = 125
60 + 60 = 120 }

Жалдаптыққа қарсы күрес ше?

Quid est?

---

* — неткен сөз. *Ред.*
** — Бұл не деген сөз? *Ред.*

Саяси жағы:
Ұсақ буржуазиялық стихия жұлып тастайды (5/V. 1918)*:
«Үлгі» француз революциясы

| cf. 10. XI. 1918 Anti-Kautsky** |

Пессимизм бе, әлде оптимизм бе?
Күштерді есепке алу. Байсалдылық және жанталасқан құштарлық.

4

Қорытынды. Etwa:

Саясатқа көшу.
1921 көктемдегі экономика саясатқа айналды: «Кронштадт».

Социалист-революционерлердің + меньшевиктердің (Дан, Рожков және К^{0}, Мартов және К^{0}) ролі. «Аздап ығыстыру», оңға қарай ма, солға қарай ма — бәрібір.

Чернов пен Мартовтан гөрі Милюков ақылдырақ: менменсінген осы ақымақтардан, желсөздің сабаздарынан, ұсақ буржуазиялық доктринаның серілерінен ақылдырақ болу қиын емес (1789—1848—1920).

Олардың орны *партиялық емес* конференцияда емес, түрмеде.

| 1794 versus 1921 |

«Стихияның» толқуы
(quid est стихия)
және беріктік.
Адамдарды іріктеп алу және жоғарылату.

Пессимизм бе, әлде оптимизм бе? Қырсық пен қиындықтарға мейлінше байсалды түрде баға беру. Күрестегі жанқиярлық. ΣΣ =

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 36-том, 305—339-беттер. *Ред.*
** Бұл да сонда, 37-том, 253—366-беттер. *Ред.*

Қорытындылар:

1) «Айналым». Quid est?
2) Ұсақ өнеркәсіп. Шикізат қайда?
3) Айырбас.
4) Капитализм.
5) Мемлекеттік капитализм.
6) Жергілікті жерлердің инициативасы.
7) Меньшевиктер мен социалист-революционерлер + партияда жоқтар.

1921 ж. марттың аяғында — апрельде жазылған

Бірінші рет 1925 ж. Лениннің IV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ФИНАНС КОМИССИЯСЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫНА ҚОСЫМША МЕН ТҮЗЕТУЛЕР[132]

Преображенский жолдастың қағаз ақша айналысына реформа жасау туралы мәселе жөніндегі комиссиясының қаулысы

1. Кемінде 1 : 1000 жөніндегі деноминация бекітілсін.

2. Барлық жерде бір мезгілде реформаны бастау, айырбас үшін әр түрлі аудандарда ұзақтығы әр түрлі болып келетін белгілі бір мерзім белгіленсін.

3. Деноминацияны жариялаудың дәл мерзімі кейіннен белгіленсін.

4. Деноминация жарияланған кезден бастап мемлекет товарды тек қана жаңа ақшаға сатуға тиіс деп танылсын.

5. Жаңа ақша знактарының үлгілері ретінде Енукидзе жолдас ұсынған «республикалық кредит» деп аталатын үлгілер бекітілсін, Енукидзе жолдасқа 15/X 21 ж. дейін мүмкіндігінше неғұрлым ұсақ купюралар түрінде кем дегенде 5 миллиард сом өткізу жүктелсін.

6. Жаңа ақша знактарына «мемлекеттік ақша знактары» деген ат қойылсын.

7. «Жалған ақша заң жүзінде қудаланады» деген сөздер жаңа ақша знактарында да сақталсын.

8. Шет тілдерде жазылған жазулар алынып тасталсын.

9. Ақшаны РСФСР басып шығарған деген сөздер тек қана мемлекеттік гербтің ішінде сақталсын.

Сызып тасталсын

10. Жаңа ақша знактары Халық Комиссарлары Советінің Председателі мен Финанс халық комиссарының қол қоюымен шығарылсын*.

11. Преображенский жолдасқа болғалы тұрған ақша реформасы туралы мәліметтерді баспасөзде жариялаудың қажеті жоқ екендігін газет редакцияларына хабарлау тапсырылсын.

---

* 10-пунктті В. И. Ленин сызып тастаған, ал 11-пункт 10-пункт етілген. *Ред.*

11. + Үнемі зерттеу үшін (Орталық статистика басқармасы арқылы) комиссия сақталсын.

1) бағалардың қозғалысын
2) мемлекеттің товар қорын
3) қаладағы және деревнядағы товар айналымын және ақша реформасымен байланысты басқа да мәселелерді.
4) *.

1921 ж. 14 апрельде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қосымша мен түзетулер қолжазба бойынша; қаулының жобасы машинкада басылған дана бойынша басылып отыр

---

* Бұл пункттің текстін В. И. Ленин жазбаған. *Ред.*

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ПАРТИЯДА ЖОҚ ЖҰМЫСШЫЛАРҒА КӨЗҚАРАС ТУРАЛЫ ХАТЫНЫҢ ЖОБАСЫНА ҚОСЫМША МЕН ТҮЗЕТУЛЕР

Барлық губерниялық комитеттер мен уездік комитеттерге, барлық коммунистік фракцияларға және кәсіподақтарға

Біздің партиямыз бен жұмысшылардың қалың бұқарасы арасындағы өзара қатынастар туралы мәселе бүгінгі таңда коммунистер мен партияда жоқтардың арасындағы өзара қатынастар туралы мәселе болып табылады.

Бізге дұшпан социалист-революционерлер мен меньшевиктер партиялары, олар ашықтан-ашық қарсы шығып отырғандықтан, елеулі табысқа жеткен жоқ. Жұмысшылардың қалың бұқарасы өздерін партияда жоқпыз деп сезінеді. Социалист-революционерлер мен меньшевиктердің партияда жоқтардың тонын барған сайын жиірек жамылып шығуы да осыдан.

Біздің міндетіміз — қайткен күнде де коммунистер мен партияда жоқ адал жұмысшылардың арасындағы байланысты күшейту. Мұның өзі біздің кейде жүдеу тартқан партиялық ұяларымызды жандандырудың бірден-бір жолы. Коммунистер мен партияда жоқ жұмысшылардың арасында дуал орнатылса, ондай жерлерде жатырқаушылық қайткен күнде де жойылуға тиіс. Өз төңірегіне партияда жоқ бірнеше адал жұмысшыны топтастыра алмаған, олармен күнбе-күн қарым-қатынас жасай алмаған, олардың үйінде болып, күнделікті тұрмыста оларға көмектесе алмаған, оларды газетпен жабдықтай алмаған, олардың арасынан кәсіподақтар мен совет органдарына, т. т. қызметкерлер ұсына алмаған коммунист коммунист емес.

Бұл салада кәсіподақтарда жұмыс істейтін коммунистер бәрінен де көп іс тындыра алады және тындыруға тиісті де. Кәсіподақтар арқылы партияда жоқ адал жұмысшылардың қалың тобын іске тарту бәрінен де гөрі жақсы болған болар еді. Бірақ бұл бірден-бір жол емес. Жергілікті партия ұйымдары партияда жоқ жұмысшылардың едәуір бөлегін совет жұмыстарына қоя білуге тиіс. Совет мекемелерінің коммунистері — фабрикалар мен заводтарға, партияда жоқ пролетарлардың соны күштерінің

бір бөлегі — совет мекемелеріне және кәсіподақтар басқармаларына жіберілсін. Бүгінгі күннің ұраны осындай. Партия ұйымдарының бәрі бұл мәселелерді тыңғылықты түрде талқылауға және жергілікті жағдайларға бейімдей отырып, Орталық Комитеттің бұл ұранын барынша жедел түрде жүзеге асырудың әдістерін табуға тиіс.

[Партияда жоқ жұмысшылардың белсенділігі арта түсті. Олардың өкіметке қатысқысы келеді. Олар]* **Партияда жоқ жұмысшылар** Советтер мен кәсіподақтардағы жауапты қызметтерге барғысы келеді. Партия мұны қолдауға тиіс. Партия өз ұялары арқылы және кәсіподақтар арқылы партияда жоқ аса бағалы және табанды жұмысшылар мен жұмысшы әйелдерді (сондай-ақ шаруаларды да) іздең таба білуге және оларды тиісті қызмет орындарына (атап айтқанда жұмысшы-шаруа инспекциясына) қоя білуге тиіс. Бюрократизмге қарсы күресте де біздің табысқа жетуіміздің кепілі осында.

Партиялық емес конференциялар коммунистердің партияда жоқтармен жақындасуына, бюрократизмге қарсы күресті жеңілдетуге, жаңа қызметкерлерді жоғарылатуға мүмкіндік беруге көмектесе алады. Бірақ тек белгілі бір жағдайда ғана көмектесе алады. Бұл жағдайлардың ең маңыздысы — партиялық емес осындай конференцияларды байыпты да тыңғылықты түрде әзірлеу.

Партиялық емес конференциялардың тәжірибесі осындай конференциялардың социалист-революционерлер мен меньшевиктердің үгіт және ұйымдастыру жұмыстарының аренасына айналып бара жатқанын дәлелдеп отыр. Бұл партиялардың екеуі де партиялық емес конференцияларды контрреволюциялық эсерлік-меньшевиктік мақсаттарға пайдалану жөнінде арнаулы директивалар әзірледі. Біздің партия ұйымдарымыз мұны ескеруге тиіс.

Бұл үшін жергілікті ұйымдар партиялық емес конференцияларды ұйымдастыра отырып, мыналарды жүзеге асыруға тиіс: 1) қолайлы кезеңді өздері [белгілеуге] таңдап ала білуге және мұндай конференцияларды [біздің дұшпандарымыз үшін былық] **жұмысшы табының жаулары үшін қолайлы кезеңде** өткізуді бізге күштеп тануға жол бермеуге тиіс, 2) партиялық емес конференцияларды әзірлеу барысында-ақ партияда жоқтардың тонын жамылып алған социалист-революционерлер мен меньшевиктердің бет пердесін сыпырып тастай білуге тиіс, 3) ал ең бастысы, әрбір фабрика мен заводта өткізілетін сайлаулар кезінде табысқа жетуді әзірлей білуге тиіс.

Петроградта соңғы партиялық емес конференцияны өткізуге байланысты әрбір кәсіпорында алдын ала төрт жиналыстан болып өтті: 1) коллектив және тілектестер, 2) завод делегаттарының жиналысы, 3) делегаттар жиналысы және коллектив, 4) заводтың жалпы жиналысы, бұл жиналыста партиялық емес кон-

---

* Бұл арада және бұдан кейін де шаршы жақшаға алынған тексті В. И. Ленин сызып тастаған да, түзеткен; енгізілген түзетулер қара әріппен берілген. *Ред.*

ференцияға қатысатын кандидаттардың тізімі мен оларға берілетін тапсырма бұрынғы жиналыстарда әзірленген тізім мен тапсырма бойынша жасалды.

Әрбір партиялық емес конференцияны әзірлеу, оның өту барысы және нәтижесі туралы уездік комитет губерниялық комитетке, ал губерниялық комитет Орталық Комитетке хабарлап отыруға тиіс. Әзірлік мейлінше мұқият түрде жүргізілуге тиіс. Өз күші жетпейтіндей болған жағдайда орталықтан алдын ала көмек сұралуы керек.

Партияда жоқтармен байланыс жасау үшін бұдан былайғы жерде жұмысшылар және шаруалар бұқарасы үшін жалпы жиналыстарды ғана үнемі шақырып қоймай, сонымен бірге жұмысшылар және шаруалар бұқарасы алдында барлық лауазымды адамдардың нақтылы есебін қойып отыру қажет. Партияда жоқ жұмысшылар және шаруалар бұқарасына совет мекемелерін және олардың жұмыстарын сынауға мүмкіндік беру үшін мұндай есептерді міндетті түрде айына кем дегенде бір рет ұйымдастырып тұру керек. Тек коммунистер ғана емес, сонымен бірге барлық жауапты орындардағы барлық лауазымды адамдар, ең алдымен азық-түлік және халық шаруашылығы советі мекемелерінің қызметкерлері есеп беріп отыруға тиіс.

Әрбір губерниялық комитет барлық осындай есептердің саны мен барысы туралы, сондай-ақ мұндай жиналыстарда партияда жоқтардың мәлімдеген талаптары туралы да дәл мәліметтерді Орталық Комитетке ай сайын хабарлап тұруға міндетті.

Партияда жоқтармен етене байланыс жасау және олардың арасынан жаңа қызметкерлерді жоғарылату үшін жергілікті жерлердегі жолдастар басқа да ондаған жолдарды іздеп табуға тиіс. Бұқарамен етене жақындасу керек. Партияда жоқтармен іскерлік байланыс көп болсын. Партияда жоқ жаңа қызметкерлерді үнемі *іріктеп* алу көбірек болсын. Лауазымды адамдар тіпті өзіміздің жоқшылық жағдайымызда да жоюға болатын тұрмыстағы жетіспеушіліктерге көбірек көңіл қоятын болсын. Бюрократизм мен қағаз бастылыққа қарсы неғұрлым үздіксіз түрде күрес жүргізілсін. Коммунистер жұмысшылар мен халық бұқарасының нағыз қалың ортасында болатын болсын.

1 май, 1921 жыл *РКП Орталық Комитеті*

Бұл мәселеге орасан зор маңыз бере отырып, Орталық Комитет осы директиваның мүлтіксіз әрі жігерлі түрде орындалуын сөзсіз талап етеді. Бұл директиваларды орындамаған немесе бұл жөнінде енжарлық көрсетіп отырған адамды Орталық Комитет аса қатаң жаза қолданып, партия қатарынан шығаруға дейін барады.

Бұл директиваның орындалуы туралы есептерді уездік комитеттер мен губерниялық комитеттер ай сайын мынадай формада жіберіп тұруға тиіс:

1) Қанша коммунист совет қызметтерінен фабрикалар мен заводтарға ауыстырылды? 2) Деревняға, ауыл шаруашылық жұмыстарына ауыстыру жөнінде де солай? 3) Партияда жоқ қанша жұмысшы мейлінше адал және қабілетті деп танылып, совет жұмысына тартылады деп белгіленді? 4) Олардың аты атап көрсетілген тізім жасалды ма? 5) Олардың ішінен қаншасын ведомстволар бойынша совет жұмысына тартуға мүмкіндік болды? 6) Олар қашаннан бері жұмыс істейді және олардың жұмыстағы табыстары қандай? 7—10) Шаруалар жөнінде де солай (3, 4, 5, 6-параграфтардағыдай). 11) Партияда жоқ жұмысшылардың басты-басты талаптары мен шағымдары қандай? 12) Шаруалардың да? 13) Жұмысшыларды Жұмысшы-Шаруа инспекциясына тарту ісі және нәтижесі қандай? 14) Шаруаларды да? 15) Әрбір партиялық емес конференция туралы, Орталық Комитеттің осы хатына сәйкес ең бастылары қысқаша хабарланып отыратын болсын.

1921 ж. кеш дегенде 4 майда жазылған

1921 ж. 7 майда «Правда» газетінің 97-номерінде басылған

Қосымша мен түзетулер қолжазба бойынша; қаулының жобасы машинкада басылған дана бойынша басылып отыр

КӘСІПОДАҚТАРДЫҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ IV СЪЕЗІНДЕГІ КОММУНИСТІК ФРАКЦИЯНЫҢ МӘЖІЛІСІНДЕ СӨЙЛЕНЕТІН СӨЗДІҢ КОНСПЕКТІСІ[133]

18/V. **СӨЙЛЕНЕТІН СӨЗДІҢ КОНСПЕКТІСІ**

1. РКП уставы: партия және фракциялар.
2. Орталық Комитеттің қарары — және оны **ЖАСЫРУ.**
3. Рязанов және оның ролі. (Рязановтың антипартиялық қарары.)...
4. Томский және оның *қатесі немесе қылмысы?*...

((4-еудің құрамы.))

5. Жұмысшылардың мейлінше ашуы, ызасы, наразылығы:

((Ауыртпалық жұмысшыларға түсіп отыр.
1920 ж. салым шаруаларға салынды.
Шаруалар үшін жеңілдік: әлі де болса егін шығымына байланысты.
Жұмысшылар үшін: «шақпақ», талан-таражға салу, т. с. сияқты құбылыстарды көргенде олардың ашу-ызасының өршуі.))

1921 ж. 18 майда жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ЖЕРГІЛІКТІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КЕҢЕСТЕР ТУРАЛЫ, ЕСЕП БЕРУ ТУРАЛЫ, ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ТАПСЫРМАСЫН БАСШЫЛЫҚҚА АЛУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ ЖОБАСЫНЫҢ ЖОСПАРЫ*

Еңбек және Қорғаныс Советі қаулысының өзі мынадай шағын нәрселерді қамтуы керек:

1) Барлық жерде, жоғарыдан төменге дейін және төменнен жоғарыға дейін міндетті түрде *экономикалық советтер* немесе соларға өте ұқсас комиссиялар мен органдар құру.

2) Әрбір облыстың, губернияның, уездің, ауданның есептерін сирек дегенде 2 айда 1 рет міндетті түрде *басып шығару.*

3) Неғұрлым ұсақ есептер мен мәлімдемелердің көшірмелерін міндетті түрде *Еңбек және Қорғаныс Советіне* жеткізіп тұру.

4) **Тапсырманы** басшылыққа алу.

5) *«Экономическая Жизньге»* жергілікті орындардан түсетін корреспонденцияларды көбейту және газетті есеп ақпарлары, зерттеу және басшылық ету органына айналдыру.

1921 ж. 19—20 майда жазылған

Бірінші рет 1932 ж. Лениннің XX жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Қараңыз: осы том, 294—296-беттер. *Ред.*

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІ ТАПСЫРМАСЫ ЖОБАСЫНЫҢ ЖОСПАРЛАРЫ[134]

1

(9) 1. Ауыл шаруашылығын өрге бастыру:
α) шаруалар шаруашылығы
β) колхоздар (совхоздар; коммуналар және басқалар.)

(10) 2. Өнеркәсіпті өрге бастыру:
α) ірі өнеркәсіпті
β) ұсақ өнеркәсіпті.

(4) 5. Шаруашылық қызметтің әр түрлі жақтарын (ведомстволардың да) *үйлестіру.*

(1) 6. *Товар айырбасы:*
α) Азық-түлік комитеттері
β) Кооперация
+ γ) жеке сауда

(11) 3. Отын
ағаш
көмір және сланец
мұнай
жерде жатқан отын, т. б.
тасып әкелінетін отын және өзін өзі жабдықтау

(12) 4. Азық-түлік.
(5) 8. Жұмысшылардың жағдайын жақсарту.
(6) 9. Шаруалардың » »
(13) 7. Құрылыс.
(16) 10. Заттай сыйлық беру.
(3) 11. Инициативаларды көтермелеу.

(2) 12. Капитализм, кәсіпкерлік etc.
Жеке шаруашылық инициативасы.

(23) 13. Облыстық және губерниялық экономикалық жоспар ($\gamma\gamma$).

(24) 14. Электрлендіру ($\gamma\gamma$).

(25) 15. Шекарадағы жерлер үшін: шетелдермен товар айырбасы. Порттар.

(19) 16. Қапшықшылық.

(26) 17. {Темір жол транспорты.
18. {Су ~ » ~ ($\gamma\gamma$)

19. Облыстық және губерниялық мемлекеттік жоспарлау комиссиялары* *13-параграфты қараңыз.*

(22) 20. Облыстық экономикалық советтер мен губерниялық экономикалық кеңестер, уездік және болыстық экономикалық кеңестер мен селолық комитеттер. ($\gamma\gamma$)

(17) 21. Кәсіподақтар, олардың өндіріске қатысуы, өндірістік насихат. Еңбек тәртібі.

(18) 22. Талан-таражға салу (қызметшілер, жұмысшылар тарапынан), күрес шаралары, нәтижелері. Қойма шаруашылығы.

(20) 23. Әскери бөлімдерді шаруашылық мақсаттарына пайдалану. Жалпы алғанда әскери ведомстволардың және жеке алғанда Жалпыға бірдей әскери оқуда жүргендердің шаруашылық жұмысқа қатысуы.

(21) 24. Еңбек міндеткерлігі, еңбекке мобилизациялау.

(14) 25. Үлгілі кәсіпорындар, өндіріс орындары, т. с.

(7) 26. Шаруашылық құрылыстағы қызметкерлердің тізімі, олардың стажы (партияда барлардың да, партияда жоқтардың да) және басқалар.

(8) 27. Бюрократизмге және қағаз бастылыққа қарсы күрес; әсіресе Жұмысшы-Шаруа инспекциясын және партияда жоқ жұмысшылар мен шаруаларды қатыстыру.

---

* Бұл сөздерді Ленин сызып тастаған. *Ред.*

(15) 28. Өндірістегі, ауыл шаруашылығындағы және өнеркәсіптегі жақсартулар, т. б.

(27) 29. *«Экономическая Жизньде»* және онымен бірлесіп жұмыс істеу қалай?

Жергілікті баспасөз органдары, олардың есептерге көзқарасы.

\+

Есепті кім жазуы керек?

губерниялық экономикалық советтер, *уездік* экономикалық советтер + қалалардағы аудандар *(аудандық экономикалық советтер)* NB

Уезге 1
Қалаға және қалалық мекендерге 1
Ауданға 1
шектелу (50 есеп және > ?)
(100 есеп және > ?)
қалалар
бүкіл Россияға 1000-ға дейін

---

	1. VIII. (1. VI.?)
	1. XI. (15. X.?)
немесе жылына 6 рет ше?	1. I. 1. III. 1. V.

2

Тәртібі
Etwa*: *αα*
Ең бастысы

Сұрақтардың 1-тобы

I
- 6: товар айырбасы — (1)
- 11: инициативаны көтермелеу — (3)
- 12: капитализм — (2)
- 5: үйлестіру — (4)

II
- 8: жұмысшылардың жағдайын жақсарту — (5)
- 9: шаруалардың » » — (6)

III
- 26: шаруашылық құрылыстың қызметкерлері — (7)
- 27: бюрократизм мен қағаз бастылыққа қарсы күрес — (8)

\+ ββ

Etwa:

---

1. — ауыл шаруашылығы (9)
2. — индустрия (10)

4. шаруашылық құрылыстың қорытындылары — азық-түлік (12) |||
3. — отын (11)
7. — құрылыс (13) |||

---

10. — (16)
21. — (17)
22. Еңбек (18)
23. жағдайы (20) |||
24. — (21) |||

---

25. шаруашылық құрылыстың (14) |||
28. қорытындылары (15) |||

---

* — Шамамен алғанда. *Ред.*

13. — Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы (23)
20. — облыстық экономикалық органдар (22)
14. — *Электрлендіру* (24)
15. — шетелмен сауда ||| (25)
16. "" — қапшықшылық (19)
17. — темір жол транспорты } (26)
18. — су транспорты } (26)
29. (27)

3

Еңбек және Қорғаныс Советі **тапсырмасының** жобасы

I. Жаңа экономикалық саясаттың мәні:

{ өндіргіш күштерді барынша өрге бастыру және жұмысшылар мен шаруалардың жағдайын жақсарту, жеке меншік капитализмді пайдалану және оны мемлекеттік капитализм арнасына бағыттау, жергілікті жерлердің инициативасын жан-жақты қолдап отыру, бюрократизм мен қағаз бастылыққа қарсы күрес. { **кооперация** }

II. 100% салық + 100% айырбас арқылы

{ ұсақ өнеркәсіп;
шетелдермен товар айырбасы;
ірі өнеркәсіпті қолдау. }

+ II *bis* Еңбек және Қорғаныс Советінің төменге дейінгі органдары.

III. Есеп беріп тұруды белгілеу және тәжірибе алмасу, жарыс.

IV. Есептердің мерзімдері (жылына 6—2 рет) мен формалары (оларды 100 дана етіп бастыру)

V. Ең басты, әрбір есеп үшін міндетті түрде көрсетілуге тиісті мәселелерді егжей-тегжейлі көрсету — Маңыздылығы жағынан бәрі бірдей, бірақ ке-

1-8 (αα). | (8 мәселе) |

VI. Өте маңызды, әрбір есеп үшін міндетті мәселелерді қысқаша *қорытынды* түрде көрсету.

ββ | 12 мәселе |

зекке қойылуы жағынан, күнделікті қажеттілігі жағынан бәрі бірдей емес.

3-топ:

VII. Маңызды, бірақ *әрбір* есепте көрсету міндетті *емес* мәселелер.

γγ | 7 мәселе |

VIII. Қосымша мәселелер (қалауы бойынша).

(4-топ)

IX. Қорытынды.

Есептер туралы мәселе бойынша **толықтыру қажет.**

1) Сұрақтардың 5-тобы жергілікті жерлердің қалауы бойынша.
2) Статистикаға жататын есептерді губерниялық статистикалық бюро мен уездік статистика жасайды.
3) Оларға барлық мәліметтерді жергілікті мекемелер беріп тұрады (беріп тұруға міндетті — бұл міндеттілікті нақтылай түсу керек).
4) *Статистикаға жатпайтын* есептерді ше?
   кім жасайды?
   мұны да статистиктер
   + арнайы тағайындалған адамдар жасайды.
5) Бұлардан басқа ешқандай есеп талап етуге болмайды.
6) Есептердің ішінен нені басып шығару керек?

1921 ж. 19—20 майда жазылған

Бірінші рет 1932 ж. Лениннің XX жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

КӘСІПОДАҚТАР СЪЕЗІНДЕ СӨЙЛЕНЕТІН СӨЗДІҢ ЖОСПАРЫ[135]

1. 3-курстан 4-курсқа өту емтиханы.
2. Россияда «Халық еркінен» социал-демократияға дейін, дүние жүзінде II Интернационалдан III Интернационалға дейін.
3. 1-ші курс: 1886—1903. ((17))
4. 2-ші курс: 1903—1917. ((14))
5. 3-ші курс: 1917—1921. ((4))
6. 4-ші курс: 1921—? (1931)
7. Ең ақырғы, шешуші зор майдан «емес». Бірақ... соған жақын (жылдар).
8. Дүние жүзілік көлемде жеңіп шығу қиын (bis. ter), бірақ сөзсіз.
9. Капитализмге, капиталистерге шах жариялап, мат қою.
10. Alias*: Россияда коммунизм ісі *баянды* болмақ.
11. *Жеке* меншіктік әр келкі. Меншікке қарсы еңбекті біріктіру.
12. Индияның «санасқысы келмей ме»? Doch!**
13. «Версаль шарты ше»?
13 *b i s.* Халықаралық сауда.
14. *Шаруашылық майданы* қиын.
15. Пролетариат азғындап бара ма? Иә! Қорытынды қандай? Ұсақ меншікшілдік идеология.
16. Ірі өндіріс пен машиналар — пролетариаттың мате-

---

* — Басқаша. *Ред.*
** — Дегенмен! *Ред.*

риалдық және *психологиялық* базасы. Inde* *таптық азғындау.*

17. Саясат жетістік, экономика кемістік.
18. Ұстамдылық, партиялылық.
19. Шаруашылық майданы.
Өту емтихандары: астық, отын. 1917
(азық-түлік салығы) 1918 }
1919 }
1920
versus 1921
20. Шаруашылық жөніндегі тәжірибе қазірдің өзінде бар,— бұдан әрі жүйелі түрде, бұлжытпай жүргізе беру керек.
21. Еңбек тәртібі, еңбек өнімділігін арттыру, еңбекті ұйымдастыру, өнімнің мөлшерін көбейту, ұқыпсыздық пен бюрократизмге қарсы аяусыз күрес жүргізу.
22. Осы арқылы жеңіп шығамыз.

1921 ж. кеш дегенде 25 майда жазылған

Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

* — Осыдан келіп. *Ред.*

БУКІЛ РОССИЯЛЫҚ X КОНФЕРЕНЦИЯҒА АРНАЛҒАН МАТЕРИАЛДАР

1

АЗЫҚ-ТҮЛІК САЛЫҒЫ ТУРАЛЫ БАЯНДАМАНЫҢ ЖОСПАРЛАРЫ[136]

1

Азық-түлік салығына, сауда еркіндігіне etc. байланысты туған теріс ұғымдар (және қасақана бұрмалаулар) мен түсініспеушіліктер.

Салыстыр 5. V. 1918 («Солшыл балалық туралы және ұсақ буржуазияшылдық туралы»)*

(α) «ұсақ меншікшілдік стихияның» қауіптілігі

(β) Мемлекеттік капитализм *versus* ұсақ буржуазиялық анархиялық стихия.

Салық және сауда еркіндігі

«кеңшілік жасау» ма немесе «жеңілдету ме»?

Айналым еркіндігі және буржуазияшылдық.

Мемлекеттік капитализм. } Мемлекеттік
Концессиялар да мемлекеттік капитализм } капитализм.

«Жеңілдету», кеңшіліктер жасау, келісімге келу, егіннің шықпай қалуы, күйзеліс салдарынан шегіну...

Төзімнің шегі бар ма?

жұмысшылардың?

шаруалардың?

«Термидор» ма? Байыпты қарасақ, *бәлкім,* солай шығар? Бола ма?

Көрерміз. Шайқасқа барар жолда мақтанба

{ салыстыр 5. V. 1918 (цитат кітапша)
{ салыстыр 10. XI. 1918 (анти-Каутский**).

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 36-том, 305—339-беттер. *Ред.*

** Бұл да сонда, 37-том, 253—366-беттер. *Ред.*

Сол кезде және қазір
Саналылық пен санасыздық.
Диктатура және бостандық, сол кезде және қазір.
Таптар сол кезде және қазір.
Шаруалардың сенімдері мен соқыр сенімдері.
Дилемма. Таңдау. Жұмысшы үкіметімен қиындықпен келісімге келу ме немесе буржуазия мен помещиктердің оңай құлдыққа салуы ма?

1921 ж. кеш дегенде 26 майда жазылған

Бірінші рет 1932 ж. Лениннің XX жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

2

Шаруалар елі
1. (Деникинге қарсы)
2. *Экономикалық одақ па?*
3. Салым:
қалай болған болар еді?
4. Салық...
5. Айырбас, бастама, etc.
6. Ұсақ өнеркәсіп
7. Ірі өнеркәсіп = социализмнің базасы
8. *Электрлендіру*
9. Мемлекеттік запастар
{ астық
{ отын
10. 400 миллион пұт
11. 3-курстан 4-курсқа өту емтиханы[137].
12. { 1889—1903
1903—1917
1917—1921
1921—? | 31? | }
13. Практикалық тәжірибені үйрену.

1921 ж. кеш дегенде 26 майда жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

2

АЗЫҚ-ТҮЛІК САЛЫҒЫ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА БОЙЫНША СӨЙЛЕНЕТІН ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗДІҢ ЖОСПАРЫ*

Ауытқушылықтар:

1) «Шаруалар — тап»
(Варейкис).

2) «Азық-түлік инспекциясы»
Свидерскийді...
(Васильев)...
(және Мещеряков).

3) Ларин және оның декреті versus **Саяси бюро қарары 10/V. 1921.**

4) «Орталық Комитетке қайтаруды кінәлау:
(α) көмірге және басқа өнімдерге айырбастау. *Донбасс телеграммасы*
(β) Тамбов губерниясындағы кооперативтік дүкендер мен мекемелер.
(?)
(γ) Кизляр-Старотеречная құрылысының тәжірибесі.
Ларинді мысалға келтіру... «біздің жүйе»... ((28 қадақ versus айына 4 пұт)).
...«тамаша тәжірибе»...

(Чубарь: «мұндай мысал біреу ғана емес. Барлық дерлік орман жұмыстарында»)

(δ) 10 қадақ тұз = 1 пұт астық (Волынь)...

* Қараңыз: осы том, 354—372-беттер. *Ред.*

(ε) *Николаевск губерниясы ше?* **(Қапшықшылар)...**

| Кездеме темір — помада |

4) Инициативаны өркендету...
(α) Осинскийдің тұжырымдары:
{ азық-түлік комитетіндегілер кедергі жасауда; *келісіп істеушілік* жоқ. }
(β) 3-курстан 4-курсқа оту емтиханы.
(γ) | «гигиеналық паек» Гусев |

1921 ж. 27 майда жазылған

Бірінші рет 1932 ж. Лениннің XX жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

Темы:

В. И. Лениннің жаңа экономикалық саясат мәселелері жөніндегі қарар жобасының жоспары деген қолжазбасы.— Май, 1921 ж.

3

ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ҚАРАР ЖОБАСЫНЫҢ ЖОСПАРЫ*

Тақырыптар:

1) Үстіміздегі кезеңнің түбегейлі саяси міндеті: жаңа экономикалық саясат:
«Шындап және ұзақ уақытқа»...
2) Товар айырбасын өркендету.
Тапқырлық... Талапкерлік...
3) Кооперация.
4) Ұсақ және орташа өнеркәсіп. Арендаға беру.
5) Жергілікті жерлердің инициативасына бөгет жасағаны үшін және оны жеткілікті қолдамағаны үшін орталықтың жауапкершілігі.
6) Ірі өнеркәсіптің программасын, белгілі бір бөлімін, шаруаға керекті заттарды өндіруді күшейту бағытында қайта қарау.
7) Заттай сыйлық беру және коллективтік жабдықтау.
8) Азық-түлік салығы
Салық (азық-түлік) аппаратын күшейту.
9) Ірі өнеркәсіптің және электрлендіруді жүзеге асырудың базасы ретінде мол (400 миллион пұтқа жуық) азық-түлік қорын жинау — қорытынды болады.
10) Еңбек және Қорғаныс Советінің тапсырмасын Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің тапсырмасына айналдыру + әсіресе партияда жоқтарды жоғарылату.

---

* Қараңыз: осы том, 373—375-беттер. *Ред.*

11) Осыған байланысты үгіт пен насихат.
12) Жергілікті жерлердің практикалық тәжірибесін мұқият және жан-жақты жазып тұру және зерттеу.

1921 ж. 27—28 майда жазылған

Бірінші рет 1957 ж. «Вопросы Истории КПСС» журналының 1-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

4

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ ЖӨНІНДЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР[138]

Мына мәселе жөнінде материал әзірлеп, жинау майда болатын Бүкіл россиялық кеңестің[139] басты міндеті етіп қойылсын:

1) партия ұйымдарының партияда жоқ бұқарамен неғұрлым тығыз байланысы туралы.
2) партияда жоқ қызметкерлерді жұмысқа неғұрлым кеңінен және үнемі қатыстырып отыру туралы.
3) бюрократизмге және қағаз бастылыққа қарсы күресу, жұмысшылар мен шаруалардың жағдайын жақсарту және партияда жоқтарды совет жұмысына қатыстыру бағытында Жұмысшы-Шаруа инспекциясын қайта құру туралы.

Барлық осы мәселелер бойынша кеңес практикалық тәжірибенің бүкіл материалын жинақтап және зерттеп қана қоймай, сонымен бірге Орталық Комитет үшін практикалық ұсыныстар әзірлеуге тиіс.

Пленумдағы баяндамалар

(α) *Орталық Комитеттің* және партияның қазіргі (іс жүзіндегі) **жұмысы** туралы 2—3 баяндама

(β) оны жаңа міндеттерге сай қайта құру жоспары туралы да сондай.

1921 ж. 24 майда жазылған

Бірінші рет 1932 ж. Лениннің XX жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ҚОСЫМШАЛАР

РКП БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ X СЪЕЗІНІҢ ДЕЛЕГАТТАРЫНА АРНАЛҒАН АНКЕТ

1. Фамилиясы:	Ульянов (Ленин)
2. Есімі жəне əкесінің аты:	Владимир Ильич
3. Қай партия ұйымындасыз: (губерния, қала, уезд, армия, дивизия)	РКП Орталық Комитеті Москва қаласы
4. Делегаттық билет № шешуші кеңесші	№ 21 кеңесші[140]
5. Қалай сайландыңыз (губерниялық конференцияда ма, уездік конференцияда ма, армиялық конференцияда ма, дивизиялық конференцияда ма, жалпы жиналыста ма, т.т.) жəне қашан сайландыңыз:	Орталық Комитеттен кеңесші дауыспен

6. Сізді съезге делегат етіп сайлаған губерниялық конференцияда, уездік конференцияда, армиялық конференцияда, дивизиялық конференцияда партияның қанша мүшесі өкіл болды:	Орталық Комитетте 19 адам
7. Партияның қандай-қандай Бүкіл россиялық съездеріне қатыстыңыз:	1917 ж. июльде болған (әлде августа ма?) съезден басқа съездердің бәріне қатыстым
8. Туған жылыңыз және жасыңыз:	1870
9. Денсаулығыңыз қалай, мүгедек емессіз бе:	денім сау
10. Семья жағдайыңыз (қарамағыңыздағы семья мүшелерінің саны):	әйелім мен қарындасым менімен бірге тұрады
11. Ұлтыңыз:	орыс
12. Ана тіліңіз:	орыс тілі
13. Басқа қандай тілдерді білесіз және қаншалықты жақсы білесіз:	ағылшын, неміс, француз тілдерін нашар; итальян тілін өте нашар

14. Россияның қай жерлерін жақсы білесіз және онда қанша жыл тұрдыңыз:	Басқа жерлерден гөрі Поволжьені жақсы білемін, сонда тудым және 17 жасқа дейін сонда тұрдым
15. Шетелдерде болдыңыз ба (қашан, қай жерде, қанша уақыт):	Батыс Европаның бірқатар елдерінде 1895; 1900—1905; 1908—1917
16. Әскери даярлығыңыз қандай:	ешқандай даярлығым жоқ
17. Біліміңіз (қандай оқу орындарында оқыдыңыз, бітірдіңіз бе, бітірмесеңіз, онда нешe кластан немесе курстан өттіңіз):	1891 жылы Петроград университетінің заң факультетін бітірдім (емтиханды экстерн түрде тапсырдым)
18. 1917 жылға дейінгі негізгі кәсібіңіз:	әдебиетші
19. Қандай мамандықтарды білесіз:	ешқандай мамандықты білмеймін
20. 1917 жылдан кейін партия, совет, кәсіптік, тағы сол сияқты жұмыстардан басқа қандай жұмыспен шұғылдандыңыз:	көрсетілгендерден басқа, тек әдеби жұмыспен ғана шұғылдандым
21. Қазіргі уақытта қай кәсіптік одақтасыз:	журналистер одағындамын

22. 1917 жылдан бастап қандай жұмыс (партиялық жұмыстан басқа) — совет, әскери, кәсіптік, шаруашылық — атқардыңыз:

Қашан (қай уақыттан қай уақытқа дейін, айы және жылы көрсетілсін)	Қай жерде (губерния, уезд, қала, армия, дивизия)	Қай мекемеде	Қандай қызмет
X. 1917— III. 1921	Москва	Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі	председатель

23. Анкетаны толтырған кезде қандай жұмыс (партиялық жұмыстан басқа) — совет, әскери, шаруашылық, кәсіптік — атқарып жүрсіз:

Қашан (қай уақыттан бастап, айы және жылы көрсетілсін)	Қай жерде (губерния, уезд, қала, армия, дивизия)	Қай мекемеде	Қандай қызмет
X. 1917-дан	Москва	Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі	председатель

24. Қай уақыттан бері РКП (большевиктер)-де мүшесіз:	1894 жылдан
25. Басқа партияларда болдыңыз ба, болсаңыз, қай партияда, қашан және қанша уақыт болдыңыз:	болған жоқпын

26. 1917 жылға дейін революциялық қозғалысқа қатыстыңыз ба:

Қашан (қай уақыттан қай уақытқа дейін)	Қай жерде (губерния, уезд, қала)	Қай ұйымда	Қандай жұмыс атқардыңыз
1892—1893 1894—1895 1895—1897 1898—1900 1900—1905 1905—1907 1908—1917	Самара Петербург түрме Сибирь (Енисей губерниясы) шетелде Петербургте шетелде	социал-демократияның құпия үйірмелерінде, ал РСДРП құрылған кезден оның мүшесімін.	

27. Революциялық қызмет үшін жазалауға ұшырадыңыз ба (қашан, қандай істер жөнінде):	1887 тұтқынға алындым; 1895—1897 тұтқынға алындым; 1898—1900 Сибирьге айдалдым; 1900 тұтқынға алындым
28. Түрмеде Каторгада Айдауда Эмиграцияда қанша уақыт болдыңыз	бірнеше күн + 14 ай болған жоқпын үш жыл 9—10 жыл

29. 1917 жылдан бері қандай партиялық жұмыс атқарып жүрсіз:

Қашан (қай уақыттан қай уақытқа дейін, айы және жылы көрсетілсін)	Қай жерде (губерния, уезд, қала, армия, дивизия, т. т.)	Қай мекемеде	Қандай қызмет
X. 1917—III. 1921	Москва	Орталық Комитет	Орталық Комитеттің мүшесімін

30. Анкетаны толтырған кезде қандай партиялық қызмет атқарып жүрсіз:

Қашан (қай уақыттан)	Қай жерде (қала, губерния, уезд, армия, дивизия)	Қай мекемеде	Қандай қызмет
X. 1917—III. 1921	Москва	Орталық Комитет	Орталық Комитеттің мүшесімін

31. РСФСР-дің сот мекемелері алдында және партия соттары алдында жауапқа тартылдыңыз ба (қашан, қай жерде, қандай іс жөнінде):	жоқ

1921 жылғы 7 март күні.

Қол қойған делегат:
В. Ульянов (Ленин)

Бірінші рет 1926 ж. 21 январьда «На смену» газетінің (Свердловск) 5-номерінде толық емес түрінде басылған

1932 ж. Лениннің XX жинағында толық басылған

В И. Ленин толтырған бланк бойынша басылып отыр

В. И. ЛЕНИННІҢ
ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ
ТІЗІМІ

ЕСКЕРТУЛЕР

КӨРСЕТКІШТЕР

В. И. ЛЕНИННІҢ
ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ
КЕЗЕҢДЕРІ

В. И. ЛЕНИННІҢ ОСЫ УАҚЫТҚА ДЕЙІН ТАБЫЛМАҒАН ХАТТАРЫ МЕН ЗАПИСКАЛАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

(8 март — 21 июнь, 1921)

Г. Е. ЗИНОВЬЕВКЕ ХАТ

Хат 1921 жылы 22 және 29 март аралығында жазылған. Хатта Ленин Петроград партия ұйымының бұқара арасындағы жұмысы туралы, қаланың азық-түлікпен жабдықталуы туралы, т. б. мәліметтерді сұрастырған. Ол жөнінде Г. Е. Зиновьевтің жауап хатында айтылады (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

В. В. АДОРАТСКИЙГЕ ХАТ

Хат 1921 жылы 7 апрельде жазылған. Ол жөнінде В. И. Лениннің жөнелтілген документтері мен тапсырмаларын тіркеу кітабында айтылады: «245. Адоратскийге, Мерингтің — Фрейлиграт пен Маркс деген кітапшасын дереу қайтаруды өтінген» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

Ф. Э. ДЗЕРЖИНСКИЙГЕ ХАТ

Хат 1921 жылы 12 апрельде жазылған. Ол жөнінде В. И. Лениннің жөнелтілген документтері мен тапсырмаларын тіркеу кітабында айтылады: «№ 251. Дзержинскийге Рожков туралы» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

А. Г. БЕЛОБОРОДОВҚА ЗАПИСКА

Записка 1921 жылы 17 апрельде жазылған. Запискада Ленин Ставрополь, Кубань және Дон шаруаларының жаңа экономикалық саясатқа көзқарасы туралы мәліметтерді сұрастырған. Ол жөнінде А. Г. Белобородовтың 1921 жылы 23 апрельде жазған

жауап хатында айтылады: «Сіздің 17 апрельде жазған запискаңызды бүгін алдым» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

А. М. ЛЕЖАВАҒА ЗАПИСКА

Записка 1921 жылы 20 және 22 апрель аралығында жазылған. Запискада Ленин шетелден азық-түлік және көпшілік қолды заттар сатып алу барысы туралы мәліметтерді сұрастырған. Ол жөнінде А. М. Лежаваның жауап запискасында айтылады (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

М. В. ФРУНЗЕГЕ ХАТ

Хат 1921 жылы 19 майда жазылған. Ол жөнінде В. И. Лениннің жөнелтілген документтері мен тапсырмаларын тіркеу кітабында айтылады: «№ 316. Фрунзеге, Главснабпродарммен келісу жөнінде Раковскиймен болған әңгіме туралы» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

Б. РЕЙХЕНБАХҚА ХАТ

Хат 1921 жылы 16 майда жазылған. Ол жөнінде Б. Рейхенбахтың 17 майда Л. А. Фотиеваға жазған запискасында айтылады (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

А. Б. ХАЛАТОВҚА ХАТ

Хат 1921 жылы 30 майда жазылған. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде Г. М. Кржижановскийдің хаты сақтаулы, оған секретарь Е. К. Минина мынадай белгі салған: «30/V. 1921 ж. Влад. Ильичтің жазған хаты Халатовқа жіберілді, онда «Электропередачаның» азық-түлікпен қамтамасыз етілуін анықтап білуді және қанша вагон берілетінін және қай мерзімге берілетінін хабарлауды өтінген».

П. И. ПОПОВҚА ХАТ

Хат 1921 жылы 4 июньде жазылған. Ол жөнінде В. И. Лениннің 1921 жылы 16 августа П. И. Поповқа жазған хатында (қа-

раңыз: Шығармалар, 33-том, 11-бет) және В. И. Лениннің жөнелтілген документтері мен тапсырмаларын тіркеу кітабында айтылады: «№ 893. Поповқа, Орталық статистика басқармасының жұмыс сипатына түбегейлі өзгерістер жасау қажеттігі туралы» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

В. И. ЛЕНИН РЕДАКЦИЯЛАУҒА ҚАТЫСҚАН ДОКУМЕНТТЕРДІҢ ТІЗІМІ

РКП(б) X СЪЕЗІНІҢ САЛЫМДЫ ЗАТТАЙ САЛЫҚПЕН АУЫСТЫРУ ТУРАЛЫ ҚАРАРЫ

15 март, 1921 жыл

Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің салымды заттай салықпен ауыстыру туралы қаулысының жобасын жасау жөніндегі жұмысқа басшылық етті. 3 мартта қаулының комиссия табыс еткен текстіне ол үш түзету енгізуді ұсынды (қараңыз: осы том, 409-бет).

РКП(б) X СЪЕЗІНІҢ ПАРТИЯНЫҢ ҰЛТ МӘСЕЛЕСІНДЕГІ КЕЗЕКТІ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ ҚАРАРЫ

15 март, 1921 жыл

В. И. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының ұлт мәселесі жөніндегі тезистерді редакциялаған комиссиясының мәжілістеріне қатысты, бұл тезистер РКП(б) X съезі қарарының негізіне алынды (қараңыз: «В. И. Лениннің екі айда істеген жұмысы (Өмірі мен қызметінің хроникасынан) январь — февраль, 1921 ж.», М., 1934, 62-бет).

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СОВЕТ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫЛАРЫ, НҰСҚАУ ХАТТАРЫ ЖӘНЕ ДИРЕКТИВАЛАРЫ

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ ТҮРКІСТАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *21 март, 1921 жыл.*

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ФИНАНС КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ. *14 апрель, 1921 жыл.*

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ АНАРХИСТЕРГЕ КӨЗҚАРАС ТУРАЛЫ НҰСҚАУ ХАТЫ. *16 апрель, 1921 жыл.*

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ 1 МАЙДЫ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ НҰСҚАУ ХАТЫ. *21 апрель, 1921 жыл.*

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ПАРТИЯДА ЖОҚ ЖҰМЫСШЫЛАРҒА КӨЗҚАРАС ТУРАЛЫ НҰСҚАУ ХАТЫ. *Кеш дегенде 4 май, 1921 жыл.*

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІ МЕН СЫРТҚЫ САУДА ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫНЫҢ ЗАКАВКАЗЬЕДЕГІ УӘКІЛІНЕ ДИРЕКТИВАЛАРЫ. *Кеш дегенде 4 май, 1921 жыл.*

РСФСР ҮКІМЕТІ МЕН ЗАКАВКАЗЬЕ СОВЕТТІК РЕСПУБЛИКАЛАРЫ — ГРУЗИЯ, АЗЕРБАЙЖАН ЖӘНЕ АРМЕНИЯ ҮКІМЕТТЕРІНІҢ АРАСЫНДАҒЫ КЕЛІСІМНІҢ ЖОБАСЫ. *21 май, 1921 жыл.*

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде аталған қаулылардың, нұсқау хаттардың, директивалардың және келісімнің В. И. Ленин ескертпелер жасап, түзетулер енгізген жобалары сақтаулы.

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ МЕН ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ДЕКРЕТТЕРІ МЕН ҚАУЛЫЛАРЫ

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ЖАЛПЫ ЖОСПАРЛАУ КОМИССИЯСЫН (МЕМЛЕКЕТТІК ЖОСПАРЛАУ КОМИССИЯСЫ) ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ. *1 апрель, 1921 ж.*

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ ТЕМІР ЖОЛМЕН ЖӘНЕ СУ ЖОЛЫМЕН ЖҮК ТАСЫМАЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ ЖОҒАРЫ СОВЕТ ТУРАЛЫ ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ. *1 апрель, 1921 ж.*

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ 1921 ЖЫЛҒЫ 23 ФЕВРАЛЬДАҒЫ ҚАУЛЫСЫ БОЙЫНША КІДІРІЛІП ҚАЛҒАН ЕҢБЕК ӘСКЕРЛЕРІНІҢ БӘРІН МЕРЗІМСІЗ ДЕМАЛЫСҚА БОСАТУ ТУРАЛЫ ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ. *1 апрель, 1921 ж.*

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ БАЛТЫҚ ТЕҢІЗІНДЕ КЕМЕ ЖӨНДЕУ ЖӘНЕ ТРАЛ ЖАСАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *1 апрель, 1921 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ЖҰМЫСШЫЛАР МЕН ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІ БІР КӘСІПОРЫННАН ЕКІНШІ КӘСІПОРЫНҒА АУЫСТЫРУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *6 апрель, 1921 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ТҰТЫНУШЫЛАР КООПЕРАЦИЯСЫ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *7 апрель, 1921 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ АЙЫРБАС ҚОРЫН ЖАСАУ ЖӘНЕ ЗАТТАЙ СЫЙЛЫҚ БЕРУ ФОРМАЛАРЫ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫНЫ ӘЗІРЛЕУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *7 апрель, 1921 ж.*

АЗЫҚ-ТҮЛІК ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫНЫҢ АСТЫҚ ПЕН ЖЕМДІ БӨЛУДІҢ 1921 ЖЫЛДЫҢ АПРЕЛІНЕ АРНАЛҒАН ЖОСПАРЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ. *12 апрель, 1921 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ МОСКВА ТҰТЫНУШЫЛАР КООПЕРАЦИЯСЫН АҚША ЗНАКТАРЫМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *12 апрель, 1921 ж.*

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ОТЫН БАС КОМИТЕТТЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *22 апрель, 1921 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ 1920 ЖЫЛҒЫ 18 СЕНТЯБРЬДЕГІ ҚАУЛЫСЫ БОЙЫНША ЕҢБЕК АРМИЯЛАРЫНА МОБИЛИЗАЦИЯЛАНҒАН 1886—1888 ЖЫЛДАРЫ ТУҒАН АЗАМАТТАРДЫ БОСАТУ ТУРАЛЫ ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ. *25 апрель, 1921 ж.*

АЗЫҚ-ТҮЛІК ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫНЫҢ РЕСПУБЛИКА ХАЛҚЫН АЗЫҚ-ТҮЛІКПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ЖОСПАРЫ ТУРАЛЫ ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ. *26 апрель, 1921 ж.*

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ УКРАИНАДАҒЫ ӘСКЕРИ ОКРУГТЕРДІҢ ШЕКАРАЛАРЫН ӨЗГЕРТУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *29 апрель, 1921 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ АЙЫРБАС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІ. *24 май, 1921 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ОГОРОД ШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕН БАҚША ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІНЕ ЗАТТАЙ САЛЫҚ САЛУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТІ. *31 май, 1921 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ШЕТЕЛДЕН ТОВАРЛАР МЕН ӨНІМДЕР АЛДЫРУ ЖӨНІНДЕ ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТТАРЫНАН ТҮСКЕН ЗАЯВКАЛАРДЫ ҚАНАҒАТТАНДЫРУ ШАМАСЫН БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *31 май, 1921 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ЖҰМЫСШЫЛАР МЕН ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІ КОЛЛЕКТИВТІК ЖАБДЫҚТАУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *17 июнь, 1921 ж.*

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде аталған декреттер мен қаулылардың В. И. Ленин түзетулер енгізген жобалары сақтаулы.

ТЕЛЕГРАММАЛАР, РАДИОГРАММАЛАР ЖӘНЕ ТЕЛЕФОНОГРАММАЛАР

ҚАЗАНҒА ТАТАР СОВЕТТІК РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ МЕН АЗЫҚ-ТҮЛІК ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫНА ТЕЛЕГРАММА. *11 март, 1921 ж.*

ЛОНДОНҒА Л. Б. КРАСИНГЕ РАДИОГРАММА. *29 март, 1921 ж.*

БАРЛЫҚ ГУБЕРНИЯЛЫҚ ЕГІС КОМИТЕТТЕРІНЕ ТЕЛЕГРАММА. *4 апрель, 1921 ж.*

БАРЛЫҚ ГУБЕРНИЯЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТТЕРІНЕ ТЕЛЕГРАММА. *4 апрель, 1921 ж.*

ЯКУТ КЕДЕЙЛЕРІНІҢ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНА ТЕЛЕГРАММА. *10 апрель, 1921 ж.*

ДОНДАҒЫ РОСТОВҚА М. И. ФРУМКИНГЕ ТЕЛЕГРАММА. *21 апрель, 1921 ж.*

ПЕТРОГРАДҚА ОБЛЫСТЫҚ ЭКОНОМСОВЕТКЕ, КӘСПОДАҚТАР СОВЕТІНЕ, СОВЕТТІҢ АТҚАРУ КОМИТЕТІНЕ ТЕЛЕГРАММА. *27 май, 1921 ж.*

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ТӨТЕНШЕ КОМИССИЯҒА, ҚАТЫНАС ЖОЛДАРЫ ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫНА ЖӘНЕ АЗЫҚ-ТҮЛІК ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫНА ТЕЛЕФОНОГРАММА. *31 май, 1921 ж.*

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде аталған телеграммалардың, радиограммалардың және телефонограммалардың В. И. Ленин түзетулер енгізген түпнұсқалары сақтаулы. Олардың бірқатары жарияланған (Лениннің XX жинағы, 72—73, 205, 224, 327-беттер).

ЕСКЕРТУЛЕР

[1] *РКП(б) X съезі* 1921 жылы 8—16 мартта Москвада болды. Мандат комиссиясының деректері бойынша съездің жұмысына партияның 732 521 мүшесінің атынан шешуші дауыспен 694 делегат және кеңесші дауыспен 296 делегат қатысты. Съездің күн тәртібіне мына мәселелер қойылды: 1) Орталық Комитеттің есебі; 2) Бақылау комиссиясының есебі; 3) Кәсіптік одақтар және елдің шаруашылық өміріндегі олардың ролі; 4) Капиталистік қоршаудағы социалистік республика, сыртқы сауда, концессиялар, т. б.; 5) Азық-түлік жұмысы, азық-түлік салымы, азық-түлік салығы туралы және отын дағдарысы туралы мәселе; 6) Партия құрылысының мәселелері; 7) Партияның ұлт мәселесі жөніндегі кезектегі міндеттері; 8) Армияны қайта құру және милиция туралы мәселе; 9) Саяси ағарту бас комитеті және партияның үгіт-насихат жұмысы; 10) Коминтерндегі РКП өкілінің баяндамасы және оның кезектегі міндеттері; 11) Кәсіптік одақтардың халықаралық советіндегі РКП мүшелерінің баяндамасы; 12) Орталық Комитетті, Бақылау және Тексеру комиссияларын сайлау.

Съезд елдің саяси және шаруашылық өмірінің түбегейлі мәселелері жөнінде шешімдер қабылдады. Съездің жұмысына Ленин басшылық етті. Ол съезді ашарда және жабарда сөз сөйледі, Орталық Комитеттің саяси қызметі туралы, салымды заттай салықпен ауыстыру туралы, партияның бірлігі және анархо-синдикалистік уклон туралы, кәсіптік одақтар туралы және отын мәселесі жөнінде баяндамалар жасады. Ленин съездің аса маңызды қарарларының жобаларын әзірледі. Орталық Комитеттің қызметі туралы есепте және азық-түлік салымын заттай салықпен ауыстыру туралы баяндамада Ленин жаңа экономикалық саясатқа көшудің қажеттігін теориялық және саяси жағынан терең негіздеп берді. Лениннің баяндамасы бойынша съезд азық-түлік салымын заттай салықпен ауыстыру туралы, әскери коммунизмнен сан миллиондаған шаруаларды

социализм құрылысына тартуды көздеген жаңа экономикалық саясатқа көшу туралы тарихи шешім қабылдады.

Съезд партияның бірлігі туралы мәселеге айрықша назар аударды. Ленин өзінің сөйлеген сөздерінде оппозициялық топтардың антимарксткік көзқарастарын қатты сынады. Лениннің ұсынысы бойынша қабылданған «Партияның бірлігі туралы» деген қарарда (қараңыз: осы том, 98—102-беттер) партияны әлсіретіп, оның бірлігіне нұқсан келтіріп отырған фракциялық топтардың бәрін дереу тарату талап етілді. Съезд Орталық Комитеттің фракцияшылдық жолға түскен мүшелерін партиядан шығаруды ең қатал шара ретінде қолдану жөнінде Орталық Комитетке уәкілдік берді.

Съезд сондай-ақ Ленин әзірлеген «Партиямыздағы синдикалистік және анархистік уклон туралы» деген қарар (қараңыз: осы том, 103—107-беттер) қабылдады. Бұл қарарда «жұмысшы оппозициясының» көзқарастары ұсақ буржуазиялық, анархиялық ауытқулардың көрінісі болып табылады деп атап көрсетілді. Анархо-синдикалистік уклонның идеяларын насихаттау РКП(б) қатарында болумен сыйыспайды деп танылды. Бейбіт социалистік құрылыс жағдайында съезд ішкі партиялық демократияны кеңейтуді, партияның қызметін мейлінше кең демократиялық негізде қайта құруды талап етті.

X съездің жұмысында кәсіподақтардың шаруашылық құрылыстағы ролі туралы мәселе едәуір орын алды. Кәсіподақтар туралы айтысты қорытындылай келіп, съезд троцкистердің, «жұмысшы оппозициясының», «демократиялық централизм» тобының және басқа оппортунистік ағымдардың көзқарастарын батыл айыптады және басым көпшілік дауыспен лениндік платформаны мақұлдады, бұл платформада коммунизм мектебі ретіндегі кәсіподақтардың ролі мен міндеттері белгіленіп, кәсіподақ демократиясын кеңейту жөніндегі шаралар алға қойылды.

Партияның жаңа жағдайдағы ұлт саясатын белгілеуде X съездің ұлт мәселесі жөніндегі шешімдері орасан зор роль атқарды, бұл шешімдерді Ленин басшылық еткен комиссия талдап жасаған болатын. Съезд бұрын қаналып келген халықтардың іс жүзіндегі теңсіздігін толық жою, оларды социализм құрылысына белсене қатысуға тарту міндетін алға қойды. Съезд ұлт мәселесіндегі антипартиялық уклондарды — коммунизм және пролетарлық интернационализм ісі үшін елеулі қауіп болып табылатын ұлы державалық шовинизм мен жергілікті ұлтшылдықты айыптады. Партия съезі 25 адамнан жаңа Орталық Комитет сайлады. В. И. Ленин, Артем (Ф. А. Сергеев), Ф. Э. Дзержинский, М. И. Калинин, Г. К. Орджоникидзе, М. В. Фрунзе, Я. Э. Рудзутак, И. В. Сталин, Е. М. Ярославский және басқалар Орталық Комитеттің мүшелері болып сайланды. С. М. Киров, В. В. Куйбышев, В. Я. Чубарь және басқалар

Орталық Комитеттің мүшелігіне кандидаттар болып сайланды.

РКП(б) X съезі шешімдерінің тарихи маңызы бар. Съезд капитализмнен социализмге көшудің нақты жолдарын белгіледі, жаңа жағдайда социализм орнатудың әдістерін айқындады. Съездің шешімдерінде пролетариат пен шаруалардың одағын нығайтудың, социализмді ойдағыдай орнату ісінде партияның басшылық ролін күшейтудің қажеттігі барынша атап көрсетілді.— *1.*

[2] *Коммунистік Интернационалдың екінші конгресі* — Коминтерннің программалық, тактикалық және ұйымдық негіздерін қалаған конгресс — 1920 жылы 19 июль — 7 августа болып өтті. Конгресс Петроградта ашылды; кейінгі мәжілістері 23 июльден бастап Москвада өтті. Конгресте 37 елдің коммунистік партиялары мен жұмысшы ұйымдарының өкілдері болып 200-ден астам делегат қатысты.

Конгрестің бірінші мәжілісінде халықаралық жағдай және Коминтерннің негізгі міндеттері туралы Ленин баяндама жасады. Бұдан кейінгі мәжілістерде Ленин коммунистік партияның ролі туралы сөз сөйлеп, ұлт және отар мәселелері жөнінде баяндама жасады, парламентаризм туралы және басқа мәселелер бойынша сөз сөйледі. Ленин конгрестің көптеген комиссияларының жұмысына қызу ат салысты.

Конгресс Коммунистік Интернационалға қабылдаудың 21 шартын бекітті, мұның капиталистік елдердегі жұмысшы қозғалысында жаңа тұрпатты партияларды құру және нығайту үшін зор маңызы болды. Лениннің «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деп аталатын классикалық еңбегінің идеясы конгресс шешімдерінің негізіне алынды. Конгресс жұмысында коммунистік партияның пролетарлық революциядағы ролі туралы, партиялардың жұмысшы табымен өзара қатынасы туралы мәселе түбірлі мәселелердің бірі болды. «Коммунистік партияның пролетарлық революциядағы ролі туралы» қабылданған қарарда конгресс: коммунистік партия жұмысшы табын азат етудің басты және негізгі құралы деп атап көрсетті, бұл қарарды жазуға Ленин тікелей қатысты. Ұлт-отар және аграрлық мәселелер бойынша конгресс қарарлары ретінде Лениннің тезистері қабылданды.

Коминтерннің II конгресі халықаралық коммунистік қозғалысты дамытуда зор роль атқарды. Конгрестен кейін Ленин: «коммунизм тұтас алғанда бүкіл жұмысшы қозғалысының негізгі мәселесіне айналды» (осы том, 20-бет) деп көрсетті.— *3.*

[3] *РКП(б) IX съезі* 1920 жылы 29 март — 5 апрельде Москвада өтті. IX съезд өзінің құрамы жағынан партияның бұған дейін өткен барлық съездерінің ішіндегі ең үлкені болды:

оған 715 делегат, оның ішінде шешуші дауыспен — 553, кеңесші дауыспен — 162 делегат қатысты; олар партияның 611 978 мүшесінің өкілдері еді. Съезде Орталық Россия, Украина, Урал, Сибирь және Қызыл Армия жуырда ғана азат еткен басқа аудандардың партия ұйымдарының өкілдері болды. Көптеген делегаттар съезге тура майданнан келді.

IX съезд Колчак пен Деникиннің қаптаған әскерлері талқандалғаннан кейінгі уақытша тыныс алу жағдайында өтті.

Съездің күн тәртібі: 1) Орталық Комитеттің есебі; 2) Шаруашылық құрылысының кезектегі міндеттері; 3) Кәсіптік қозғалыс; 4) Ұйымдық мәселелер; 5) Коммунистік Интернационалдың міндеттері; 6) Кооперацияға көзқарас; 7) Милиция жүйесіне көшу; 8) Орталық Комитеттің сайлауы; 9) Ағымдағы істер.

Съездің жұмысы В. И. Лениннің тікелей басшылығымен өтті. Ленин Орталық Комитеттің саяси қызметі туралы есепті баяндама жасады және баяндама бойынша қорытынды сөз сөйледі, шаруашылық құрылысы туралы, кооперация туралы сөз сөйледі, съезд жабыларда қорытынды сөз сөйледі және партияның Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидаттардың тізімі жөнінде ұсыныс жасап сөз сөйледі.

Съезд «Шаруашылық құрылысының кезектегі міндеттері туралы» қарарда «таяудағы тарихи дәуірге арналған бірыңғай шаруашылық жоспарды бұлжытпай жүзеге асыру — елдің шаруашылық жағынан өркендеуінің негізгі шарты болып табылатындығын» атап көрсетті («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 156-бет). Бірыңғай шаруашылық жоспарда Ленин 10—20 жылға арналған ұлы программа ретінде алға қойған электрлендіру ісі басты орын алды. IX съездің директивалары Россияны электрлендіру жөніндегі Мемлекеттік комиссия жоспарының (ГОЭЛРО) негізі болды, бұл жоспар біржола жасалып біткеннен кейін, 1920 жылы декабрьде Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезінде бекітілді.

Съезде өндірісті басқару ісін ұйымдастыруға зор көңіл бөлінді. Бұл мәселе жөніндегі қарарда дара басшылық негізінде білгір, берік және жігерлі басшылық орнату қажеттігі атап көрсетілді.

Съезде партияның шаруашылық құрылыстағы бағытына антипартиялық «демократиялық централизм» тобы (Т. В. Сапронов, Н. Осинский (В. В. Оболенский), В. М. Смирнов) қарсы шықты.

Съезд «децистердің» антипартиялық ұсыныстарын батыл айыптады және қабылдамай тастады.

Съезде еңбек жарысына және коммунистік сенбіліктерді ұйымдастыруға айрықша көңіл бөлінді.

Съездің жұмысында кәсіподақтар туралы мәселе маңызды орын алды, бұл мәселе кәсіподақтардың бүкіл жұмысын шаруашылық міндеттерді орындауға бейімдеу тұрғысынан қаралды. Съезд бұл мәселе жөніндегі шешімінде кәсіподақтардың ролін, олардың мемлекетпен және партиямен өзара қатынастарын, коммунистік партияның кәсіподақтарға басшылық ету формалары мен әдістерін, кәсіподақтардың шаруашылық құрылысына қатысу формаларын айқын белгілеп берді.

Съезд 4 апрельдегі жабық мәжілісінде Орталық Комитеттің жаңа құрамын — Орталық Комитеттің 19 мүшесін және оның мүшелігіне 12 кандидатты сайлады.— *4.*

4 Бұл арада әңгіме кәсіподақтардың социалистік қоғам орнатудағы ролі мен міндеттері туралы мәселе жөнінде партияда болған айтыс туралы болып отыр. В. И. Лениннің «Кәсіптік одақтар туралы, ағымдағы кезең туралы және Троцкий жолдастың қателіктері туралы», «Партия дағдарысы», «Тағы да кәсіподақтар туралы, ағымдағы кезең туралы және Троцкий мен Бухарин жолдастардың қателіктері туралы» деген еңбектері, сондай-ақ оның кен жұмысшыларының Бүкіл россиялық II съезінде және РКП(б) X съезінде сөйлеген сөздері сол айтысқа баға беруге, антипартиялық топтарды сипаттауға және кәсіподақтардың міндеттерін айқындауға арналды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 42-том, 224—251, 260—272, 273—291, 294—340-беттер; осы том, 16—20, 37—57, 58—62, 96—102, 103—107, 108—117, 118—123-беттер).— *4.*

5 Совет үкіметі Польшамен қалыпты, тату көршілік қатынастар орнату үшін мүмкін болғанның бәрін істеді. 1919 жылдың өзінде-ақ совет үкіметі баянды және ұзақ мерзімді бітім жасасу жөнінде Польшаға талай рет ұсыныс жасады. Бірақ Польшаның буржуазиялық-помещиктік үкіметі бітім жөніндегі ұсыныстарға жауап бермеді және Советтік Россия жөнінде дұшпандық саясатын жүргізе берді.

1920 жылы 28 январьда РСФСР Халық Комиссарлары Советі Польша үкіметі мен поляк халқына мәлімдеме жасап, онда поляк мемлекетінің тәуелсіздігі мен суверендігін танитындығын тағы да атап көрсетті және Польшаға едәуір территориялық кеңшілік ұсынды. Совет үкіметі Польшамен шекараны Минскіден шығысқа қарай жылжыта түсуге және 1919 жылы Парижде болған бейбітшілік конференциясында Антанта белгілеген шекарадан шығысқа қарай едәуір жылжыта түсуге келісім берді.

1920 жылы 2 февральда Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті поляк халқына бітім жөнінде тағы да ұсыныстар жасады. Алайда Польшаның реакциялық үкіметі, Антанта империалистеріне толық бағынышты болып, Совет мемлекетінің кеңшілік жасауын әлсіздіктің белгісі деп

бағалады. Сондықтан бітім жөніндегі келіс сөздер нәтиже бермеді. Польшаның билеуші топтары Совет республикасына қарулы шабуыл жасауға дайындалды.— *8.*

6 *«Жұмысшы оппозициясы»*— А. Г. Шляпников, С. П. Медведев, А. М. Коллонтай, И. И. Кутузов, Ю. Х. Лутовинов және басқалар басқарған антипартиялық фракцияшыл топ. Топ осы демагогтық атпен 1920 жылы сентябрьде РКП(б) Бүкіл россиялық IX конференциясында тұңғыш рет бой көрсетті; ноябрьде ол РКП(б) Москва губерниялық конференциясында айрықша кеңес ұйымдастырып, фракциялық күрес және партияның бірлігін бұзу жолына түсті. 1920—1921 жылдардағы кәсіподақ айтысының барысында «жұмысшы оппозициясы» біржола қалыптасты. Оның көзқарастары партия ішіндегі анархо-синдикалистік уклонның көрінісі болып табылды. Бұл көзқарастар А. М. Коллонтайдың РКП(б) X съезі қарсаңында басылып шыққан «Жұмысшы оппозициясы» деген кітапшасында анағұрлым толық баяндалды. Оппозиция бүкіл халық шаруашылығын басқару ісін кәсіптік өндірістік одақтарға біріккен «өндірушілердің бүкіл россиялық съезіне» беруді ұсынды, бұл кәсіптік өндірістік одақтар елдің бүкіл халық шаруашылығын басқаратын орталық орган сайлауға тиісті болды. «Жұмысшы оппозициясы» жұмысшы табы ұйымының жоғары формасы — партия емес, керісінше, кәсіподақтар деп санап, кәсіподақтарды Совет мемлекеті мен коммунистік партияға қарсы қойды. «Жұмысшы оппозициясының» ішкі партиялық мәселелер жөніндегі платформасы партия басшылығын «партия бұқарасынан қол үзді», «пролетариаттың творчестволық күштерін жете бағаламады», «партияның жоғарғы тобы азғындады» деген сияқты жалақорлық айыптаулардан құралды. X съезд «жұмысшы оппозициясы» көзқарастарына күйрете соққы берді. В. И. Ленин ұсынған «Партиямыздағы синдикалистік және анархистік уклон туралы» қарарда «жұмысшы оппозициясының» көзқарастары теория жағынан теріс, «практика жүзінде коммунистік партияның ысылған басшылық бағытын әлсіретеді және іс жүзінде пролетарлық революцияның тап жауларына көмектеседі» деп атап көрсетілді («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 233-бет). Партия съезі «жұмысшы оппозициясының» идеяларын насихаттау коммунистік партия қатарында болумен сыйыспайды деп тапты және барлық фракцияшыл топтарды дереу таратуды талап етті. Съезден кейін партияның қатардағы мүшелерінің көпшілік бөлегі «жұмысшы оппозициясынан» қол үзіп, партияның бағытын сөзсіз қолдады. Алайда оппозицияның Шляпников пен Медведев басқарған қалдықтары құпия ұйымын сақтап қалды және архиреволюциялық жел сөздерді бүркемеленіп, антипартия-

лық насихатты жүргізе берді. 1922 жылы февральда олар Коминтерннің Атқару комитетіне «22-нің мәлімдемесін» жіберді, бұл мәлімдеме партияға жабылған өшпенділік жала еді. Коминтерннің Атқару комитеті «22-нің мәлімдемесін» мұқият зерттегеннен кейін бұл топтың әрекетін батыл айыптады және оның бұдан былайғы қызметі топты III Интернационал қатарынан тысқары қалдыратынын ескертті. «Жұмысшы оппозициясын» ұйымдық жағынан талқандау 1922 жылы РКП(б) XI съезінде аяқталды.— *17.*

7 Ленин бұл арада кен жұмысшыларының Бүкіл россиялық II съезіндегі РКП(б) фракциясының мәжілісінде А. Г. Шляпников пен А. С. Киселевтің сөйлеген сөздерін айтып отыр.— *18.*

8 *Коминтернге қабылдаудың 21 шартын* Коммунистік Интернационалдың II конгресі 1920 жылы 6 августа қабылдады. Коминтернге қабылдау шарттарының 19 пункті конгресс жұмысы басталғанға дейін жарияланды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 41-том, 224—231-беттер). 1920 жылы 25 июльде конгресс комиссиясының мәжілісінде Ленин ұсынған жиырмасыншы пунктті конгресс қабыл алды (қараңыз: бұл да сонда, 232-бет). Жиырма бірінші шартта былай делінген: «Коммунистік Интернационал ұсынған шарттар мен тезистерді принципті түрде теріске шығарған партия мүшелері партиядан шығарылуға тиіс. Мұның сондай-ақ партияның төтенше съездерінің делегаттарына да қатысы бар».— *20.*

9 *Ұлттар лигасы* — бірінші және екінші дүние жүзілік соғыстардың аралығындағы кезеңде болған халықаралық ұйым; 1919 жылы бірінші дүние жүзілік соғыста жеңіске жеткен державалардың Париж бейбітшілік конференциясында құрылды. Ұлттар лигасының уставы Версаль бітім шартының бір бөлегі болды және оған 44 мемлекет қол қойған еді. Ұлттар лигасының қызметін Ассамблея, Ұлттар лигасы Советі және бас секретарь басқаратын тұрақты Секретариат жүзеге асырып отырды. Ұлттар лигасының уставы бұл ұйым агрессияға қарсы күресу, қару-жарақты қысқарту, бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайту мақсатын көздейді деген әсер тудыратындай етіп жасалды. Шындығында Ұлттар лигасының басшылары агрессорларды қолпаштап, жанталаса қаруланууды және екінші дүние жүзілік соғысқа әзірленуді көтермеледі.

1920 жылдан 1934 жылға дейінгі кезеңде Ұлттар лигасының қызметі Совет Одағына дұшпандық сипатта болды. 1920—1921 жылдары Ұлттар лигасы Совет мемлекетіне қарсы қарулы интервенцияны ұйымдастыру орталықтарының біріне айналды.

1934 жылы 15 сентябрьде француз дипломатиясының инициативасы бойынша Ұлттар лигасына мүше 34 мемлекет Совет Одағына Лигаға кіру жөнінде ұсыныс жасады. Бейбітшілікті нығайту жолында күресу мақсатын көздеп, СССР Ұлттар лигасына кірді. Алайда СССР-дің бейбітшілік майданын құру жөніндегі әрекеттері батыс державалардың реакцияшыл топтарының қарсылығына кездесе берді. Екінші дүние жүзілік соғыс басталғаннан кейін Ұлттар лигасының қызметі іс жүзінде тоқтап қалды. Арнайы шақырылған Ассамблеяның қаулысы бойынша 1946 жылы апрельде Ұлттар лигасы ресми түрде таратылды.— *21.*

10 Советтік Россияның Англиямен сауда келісіміне 1921 жылы 16 мартта қол қойылды.— *22.*

11 Халық Комиссарлары Советінің концессиялар туралы мәселе жөнінде 1921 жылғы 1 февральда қабылдаған қаулысына негіз етіп В. И. Ленин жазған жоба алынды (қараңыз: Лениннің XX жинағы, 146-бет).— *23.*

12 Ленин бұл арада 1921 жылы 28 февральда Кронштадтта басталған контрреволюциялық бүлікті айтып отыр. Эсерлер, меньшевиктер және ақ гвардияшылар ұйымдастырған бүлік Кронштадт теңізшілерінің едәуір бөлегін қамтыды, бұл теңізшілердің негізгі бұқарасы жаңадан деревнядан келген, саяси жағынан нашар жетілген және шаруалардың азық-түлік салымына наразылығын қостаған адамдар еді. Совет мемлекетінің шаруашылық жағдайының ауыр болуы және Кронштадтта большевиктік ұйымның әлсіреуі бүліктің тууын жеңілдетті.

Советтік құрылысқа ашық түрде қарсы шығуға батылы бармаған контрреволюцияшыл буржуазия күрестің жаңа тактикасын қолданды. Бүліктің басшылары бұқараны алдау мақсатымен «Советтер коммунистерсіз болсын» деген ұран ұсынып, коммунистерді Советтерге басшылық жасау ісінен шеттетуді, советтік құрылысты жоюды және Россияда капиталистік тәртіпті қайта орнатуды көздеді.

2 мартта бүлікшілер флоттың командованиесін қамауға алды. Олар өздеріне ақшалай және әскери көмек көрсетуге уәде берген шетел империалистерімен байланыс орнатты. Бүлікшілердің Кронштадтты басып алуы Петроградқа тікелей қауіп туғызды.

Совет үкіметі бүлікті басуға Қызыл Армияның М. Н. Тухачевский қолбасшылық еткен тұрақты бөлімдерін жіберді. Коммунистік партия Кронштадтқа штурм жасауға партияның X съезінің әскери тәжірибесі бар 300-ден астам делегатын жіберді, оларды К. Е. Ворошилов басқарды. 18 мартта бүлік толық жойылды.— *25.*

13 Бұл арада Самарадағы ақ гвардиялық — эсерлік-меньшевиктік үкімет — Құрылтай жиналысы мүшелерінің комитеті

(Комуч) немесе «Самара құрылтайы» дейтін айтылып отыр. Ол 1918 жылы 8 июньде Самараны Чехословак корпусының бүлікшілері басып алған кезде құрылған болатын. 1918 жылғы авгусқа дейін Құрылтай комитеті Чехословак корпусы бөлімдерінің көмегімен Поволжье мен Приуральенің бірқатар губернияларын басып алды. Күзде Қызыл Армиядан соққы жеген бұл контрреволюциялық үкімет өзінің өмір сүруін тоқтатты.— *27.*

[14] Салымды заттай салықпен ауыстыру туралы мәселе 1921 жылы 8 февральда РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісінде Н. Осинскийдің «Егіс науқаны және шаруалардың жағдайы туралы» деген баяндамасы талқыланған кезде қаралды. Шаруалардың жағдайын жақсарту туралы шешім әзірлеу үшін арнаулы комиссия құрылды. Осы мәжілісте Ленин комиссияға арнап «Шаруалар жөніндегі тезистердің алдын ала жасалған, алғашқы нобайын» жазды, онда салымды заттай салықпен ауыстыру туралы негізгі қағидалар тұжырымдалды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 42-том, 372-бет).

РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының 16 февральдағы шешімі бойынша «Правда» газетінде осы мәселе жөнінде айтыс ұйымдастырылды. 17 және 26 февральда алғашқы айтыс мақалалары жарық көрді.

24 февральда РКП(б) Орталық Комитетінің пленумы салымды заттай салықпен ауыстыру туралы қаулының әзірленген жобасын қарап, оны негіз етіп алды. Бұдан соң жобаны жаңа комиссия тағы да бір рет редакциялады. 3 мартта комиссия ұсынған қаулының текстіне Ленин үш түзету ұсынды (қараңыз: осы том, 409-бет).

7 мартта РКП(б) Орталық Комитетінің пленумы шешімнің жобасын тағы да талқылап, оны түпкілікті редакциялау үшін Ленин председательдік ететін комиссияға табыс етті. Осыдан кейін қаулының жобасы РКП(б) X съезіне ұсынылды және 1921 жылы 15 мартта бекітілді.— *30.*

[15] Орталық Комитеттің «Партияның барлық ұйымдарына, партияның барлық мүшелеріне» деген нұсқау хаты 1920 жылы 4 сентябрьде «Известия ЦК РКП(б)» газетінде жарияланды, онда партияда бюрократизм және басқа жағымсыз құбылыстардың орын алу себептері ашып көрсетілді және ішкі партиялық демократияны кеңейтуге бағытталған партиялық жұмыс әдістерін қайта құру жөнінде шаралар белгіленді. Хатта көрсетілген шаралар РКП(б) Бүкіл россиялық IX конференциясында қабылданған «Партия құрылысының кезектегі міндеттері туралы» деген қарарда баянды етілді (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 202—203-беттер). 28 декабрьде «Орталықтағы және жергілікті

жерлердегі совет органдарының қызметін жақсарту туралы және бюрократизмге қарсы күрес» деген баяндама Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезінде талқыланды.— *34.*

16 *Жұмысшы-Шаруа инспекциясы (Рабкрин)* Совет өкіметі орнаған бастапқы айларда құрылған Мемлекеттік бақылау халық комиссариатын қайта құру негізінде В. И. Лениннің инициативасы бойынша 1920 жылғы февральда құрылған болатын.

Ленин жоғарыдан төменге дейін бақылауға және істің орындалуын тексеруге орасан зор маңыз берді. Ол Совет мемлекетінде бақылауды ұйымдастыру принциптерін жан-жақты талдап жасады, Жұмысшы-Шаруа инспекциясының қызметін мұқият қадағалап отырды, оның кемшіліктерін сынап, жұмысын жақсартуға табандылықпен күш салды. Кейінірек, «Біз Рабкринді қалай қайта құруымыз керек» және «Аз болса да, жақсы болсын» деген өзінің соңғы мақалаларында ол Рабкринді қайта құру жоспарын ұсынды. Лениндік жоспардың негізгі принциптері партиялық және мемлекеттік бақылауды біріктіру, оның жұмысына жұмысшылар мен шаруаларды кеңінен тарту болды. Ленин жұмыстың табысты болуының кепілі, партия мен мемлекеттің сарқылмас күшінің қайнар көзі осында деп білді. РКП(б) XII съезі лениндік нұсқауларға сәйкес біріккен орган — Орталық Бақылау Комиссиясын — Жұмысшы-Шаруа инспекциясын құрды, ол партиялық және мемлекеттік бақылау функциясын атқарды.— *35.*

17 *РКП(б) Москва губерниялық конференциясы* 1920 жылғы 20—22 ноябрьде Кремльде өтті. Конференцияға шешуші дауыспен 289 делегат және кеңесші дауыспен 89 делегат қатысты. Күн тәртібіне мынадай баяндамалар қойылды: РКП(б) Москва комитетінің қызметі туралы, сыртқы және ішкі жағдай және партияның міндеттері туралы, елдің экономикалық жағдайы туралы, өндірістік насихат туралы.

Партияның бағытына қарсы оппозициялық топтардың жанталаса күрес жүргізуіне байланысты конференция жұмысы шиеленіскен сипатта болды. Конференцияда антипартиялық «демократиялық централизм», «жұмысшы оппозициясы» топтары мен Игнатов тобының өкілдері партияның саясатына демагогтық қатаң шабуыл жасады. Москва комитетіне өзінің пікірлестерінен көп адам өткізуге тырысқан «жұмысшы оппозициясы» тобының мүшелері Кремль Үлкен сарайының Митрофаньев залында жұмысшы-делегаттардың арнаулы кеңесін ұйымдастырды, сөйтіп бұл кеңесті Свердлов залында мәжіліс құрып жатқан басқа делегаттарға қарсы қойды.

21 ноябрьде конференцияның кешкі мәжілісінде күн тәртібінің екінші пункті бойынша Ленин сөз сөйледі. Осы

мәжілісте Ленин Москва комитетін сайлауға байланысты да сөз сөйледі.

Лениннің басшылығымен конференция антипартиялық бой көрсетулерге тойтарыс берді.— *41.*

[18] Бұл арада *РКП(б) Бүкіл россиялық IX конференциясы* айтылып отыр, ол 1920 жылы 22—25 сентябрьде Москвада өтті. Оның жұмысына партияның 700 мың мүшесінің атынан 241 делегат (116 делегат шешуші дауыспен және 125 делегат кеңесші дауыспен) қатысты. Конференцияның күн тәртібіне мынадай мәселелер қойылды: 1) Поляк коммунистері өкілінің баяндамасы; 2) Орталық Комитеттің саяси есебі; 3) Орталық Комитеттің ұйымдық есебі; 4) Партия құрылысының кезектегі міндеттері туралы; 5) Партия тарихын зерттеу жөніндегі комиссияның баяндамасы; 6) Коминтерннің II конгресі туралы есеп.

Конференцияның бірінші мәжілісінде В. И. Ленин Орталық Комитеттің саяси есебі туралы баяндама жасады. Орталық Комитеттің саяси есебінің негізгі мәселесі Польшамен бітім жасасу және Врангельдің армиясын талқандауға әзірлену туралы мәселе болды. Конференция Польшамен бітім жасасу шарттары туралы бірауыздан қарар қабылдады.

IX конференция жұмысында партия құрылысының кезектегі міндеттері туралы мәселені талқылау маңызды орын алды. Конференция антипартиялық «демократиялық централизм» тобына үзілді-кесілді тойтарыс берді, бұл топ өнеркәсіпті басқарудағы дара басшылық жүйесіне кір келтіруге тырысты, партиялық тәртіпке және Коммунистік партияның Советтер мен кәсіподақтардағы басшылық ролінe қарсы болды.

«Партия құрылысының кезектегі міндеттері туралы» Ленин ұсынған қарарда партия қатарын одан әрі нығайтуға және оның Совет мемлекетіндегі басшылық ролін күшейтуге, ішкі партиялық демократияны жан-жақты дамытуға бағытталған практикалық шаралар белгіленді. Конференция сондай-ақ Совет және шаруашылық органдарының жұмысындағы бюрократизмнің барлық қалдықтарын түбірінен жою жөніндегі шараларды да белгіледі. Конференция әр түрлі қиянат көрсетушілікке қарсы күресу үшін және коммунистерден түскен шағымдарды тексеру үшін Орталық Комитетпен қатар Бақылау комиссиясын, ал губерниялық комитеттер жанынан арнаулы партия комиссияларын құру қажет деп тапты.— *41.*

[19] Әңгіме *кен жұмысшыларының Бүкіл россиялық II съезі* туралы болып отыр, ол 1921 жылы 25 январьдан 2 февральға дейін Москвада Одақтар үйінің Колонналы залында өтті. Съезге кен жұмысшылары кәсіподағының 332 мыңнан астам мүшелерінің атынан 295 делегат шешуші дауыспен

және 46 делегат кеңесші дауыспен қатысты. В. И. Ленин мен М. И. Калинин съездің құрметті председательдері болып сайланды.

Съезд одақтың Орталық комитетінің есебін, Кен советінің және Бас басқармалардың есептерін, сондай-ақ отынмен жабдықтау, өндірісті ұйымдастыру мәселелерін және басқа мәселелерді тыңдап, талқылады.

Съезд ашылар алдында РКП(б) фракциясының төрт мәжілісі (22—24 январьда) өтті, ол мәжілістерде кәсіподақтардың ролі мен міндеттері туралы айтыс өріс алды. 23 январьда фракция мәжілісінде Ленин баяндама жасады; Ленин қорғаған платформаны жақтап фракция мүшелерінің басым көпшілігі дауыс берді.

Совет республикасы отын дағдарысын бастан кешіріп отырған сол бір кезде отын дағдарысына қарсы күрес жүргізуге еңбекшілерді жұмылдыру үшін съезд жұмысының зор маңызы болды. Съезд кен өнеркәсібінде өндірістік программаларды талдап жасауға көмектесті.

Ленин еске алып отырған Сибирьден келген делегаттың кен жұмысшыларының Бүкіл россиялық II съезі мәжілісінде сөйлеген сөзін Ленин А. Коллонтайдың «Жұмысшы оппозициясы» (М., 1921) деген кітапшасынан цитат етіп келтіреді. Кен жұмысшыларының Бүкіл россиялық II съезінің протоколдарында Спббюро өкілінің жарияланған баяндамасында Коллонтай цитат етіп келтірген текст жоқ.— *45.*

20 Ленин бұл арада Испан ұлттық еңбек конфедерациясының өкілі Анхель Пестанья мен ағылшын жұмысшы ұйымы «Shop Stewards Committee»-нің («Завод староталары комитеті») өкілі Джек Таннердің 1920 жылы 23 июльде Коммунистік Интернационалдың II конгресінің мәжілісінде сөйлеген сөздерін айтып отыр.— *47.*

21 Ленин бұл арада *азық-түлік мәселесі жөніндегі жалпы қалалық партиялық емес конференцияны* айтып отыр, конференция 1921 жылы 5—6 мартта Харьковта болып өтті. Конференцияға 2000-ға жуық делегат қатысты. Солшыл эсерлер мен меньшевиктер шаруашылық және азық-түлік органдарының қызметін қатты сынға алды. Бірақ конференция олардың қарарын қолдамады. Харьков губерниялық атқару комитеті председателінің баяндамасы бойынша конференция жұмысшылардың азық-түлік жағдайын жеңілдету үшін бірқатар шаралар белгілеген қарар қабылдады.— *52.*

22 Бұл арада Кронштадт бүлікшілерінің антисоветтік сипаттағы документтері: линиялық корабльдердің 1 және 2-бригадалары командаларының 1 марттағы жалпы жиналысының қарары мен уақытша комитеттің «Қамал мен Кронштадт қа-

ласының халқына» деген 1921 жылғы 2 марттағы үндеуі айтылып отыр.— *52.*

23 *Кәсіптік одақтардың Бүкіл россиялық V конференциясы* 1920 жылы 2—6 ноябрьде (конференция ресми түрде 3 ноябрьде ашылды) Москвада болып өтті. Конференцияға шешуші дауыспен 202 делегат, кеңесші дауыспен 59 делегат қатысты. Бейбіт социалистік құрылыстың міндеттеріне сәйкес кәсіподақтардың жұмысын қайта құру туралы, кәсіподақ ұйымдарында және олардың қызметінде демократиялық принциптерді өрістету туралы мәселе алға қойылды. Конференциядағы коммунистік фракцияның 3 ноябрьдегі мәжілісінде Л. Д. Троцкий жұмыстың жаңа әдістеріне көшуге қарсы шығып сөз сөйледі. Ол кәсіподақтарды дереу мемлекеттендіруді талап етіп, оларда әмір ету мен әкімшілік жүргізудің әскери әдістерін қолдануды қорғады. Партияда айтыстың басталып кетуіне негіз болған Троцкийдің сөзіне коммунистердің — конференция делегаттарының тарапынан тойтарыс берілді.

Кәсіподақтардың өндірістік міндеттері туралы Я. Э. Рудзутак баяндама жасады. Конференция ол ұсынған тезистерді қабылдады, бұл тезистерде өндірісті дамытуда кәсіподақтардың ролін көтеру, олардың қызметінде демократиялық бастамаларды өрістету, партияның кәсіптік қозғалысқа басшылығын күшейту қажеттігі туралы лениндік қағидалар негізге алынған болатын. Бұл қағидалардың бәрі кейінірек РКП(б) X съезі қабылдаған «Кәсіподақтардың ролі мен міндеттері туралы» қарарда дамытылды (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 235—252-беттер).— *59.*

24 Бұл арада әңгіме Троцкийдің 1920 жылы 30 декабрьде коммунистердің — Советтердің VIII съезінің делегаттары мен ВЦСПС пен кәсіптік одақтардың Москва қалалық советі мүшелерінің біріккен мәжілісінде сөйлеген сөзі туралы болып отыр.— *59.*

25 *Цектран — Темір жол және су транспорты біріккен кәсіптік одағының орталық комитеті;* 1920 жылы сентябрьде құрылды. Транспорттың екі кәсіптік одағын біріктіру транспортты тез қалпына келтіруге бағытталған міндеттерді орындауды қамтамасыз ете алатын орталықтандырылған мықты басшылық құру қажеттігінен туған болатын, өйткені транспорт күйзелісі елде халық шаруашылығының берекесін кетіру қаупін туғызған еді. Алға қойылған міндеттердің қиындығы кәсіподақ ұйымының ішінде төтенше шараларды жүзеге асыру саясаты мен жұмыста уақытша әскери әдістерді қолдануды талап етті. Транспортты қалпына келтіру жөнінде елеулі жұмыс атқарған Цектран кейін кәсіподақ бұ-

қарасынан қол үзген бюрократтық органға айналып азғындап кетті. Цектранның басшылығын өз қолдарына түсіріп алған троцкистер күштеп таңған бюрократизм, жалаң әкімшілік, тағайындаушылық, жұмыстың демократиялық әдістерінен бас тартушылық жұмысшыларды партияға қарсы қойды, транспорт қызметкерлерінің қатарын ыдыратты. Партияның Орталық Комитеті бұл теріс әдістерді айыптады. РКП(б) Орталық Комитетінің 1920 жылғы 8 ноябрьде және 7 декабрьде болып өткен пленумдары Цектранды басқа одақтармен бірдей правода ВЦСПС жұмысының жалпы жүйесіне енгізу жөнінде шешім қабылдады және Цектранға кәсіподақ демократиясын кеңейту, барлық кәсіподақ органдарының кеңінен сайланып қойылуын жүзеге асыру бағытында өзінің жұмыс әдісін өзгертуді ұсынды.— *60.*

26 Ленин бұл арада темір жол және су транспортының жағдайы туралы және оны нығайту мен дамытудың бұдан былайғы перспективалары туралы мәселе жөнінде 1920 жылы 29 декабрьде Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезі қабылдаған қаулыны айтып отыр.— *60.*

27 *«Онның платформасына»* (1920 жылы ноябрьде, кәсіподақ айтысы кезінде әзірленген *«Кәсіподақтардың ролі мен міндеттері туралы мәселе жөнінде РКП(б) X съезі қаулысының жобасына»)* В. И. Ленин, Ф. А. Сергеев (Артем), Г. Е. Зиновьев, М. И. Калинин, Л. Б. Каменев, С. А. Лозовский, И. В. Сталин, М. П. Томский, Я. Э. Рудзутак, Г. И. Петровский қол қойды. Партия мүшелерінің басым көпшілігі қолдаған «онның платформасы» РКП(б) X съезінің кәсіптік одақтардың ролі мен міндеттері туралы қаулысына негіз етіліп алынды (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 235—252-беттер).— *60.*

28 Қараңыз: Ф. Энгельс. «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы» (К. Маркс пен Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 21-том, 173-бет).— *61.*

29 Қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 51-бет.— *62.*

30 Кооперация туралы қарардың В. И. Ленин жазған жобасы 1921 жылы 15 мартта съездің он төртінші мәжілісінде қабылданды (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 269-бет).— *71.*

[31] РКП(б) X съезі *«Салымды заттай салықпен ауыстыру туралы»* қарар қабылдады (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 267—269-беттер).— *72.*

[32] 1920 жылы Советтік Россияға келіп қайтқан ағылшын мүсіншісі Клэр Шериданның В. И. Ленинге айтқан бұл сөздері, сірә, Уинстон Черчилльдікі болса керек.— *73.*

[33] Қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 269-бет.— *77.*

[34] Қарардың бұл жобасы 1921 жылы 16 мартта РКП(б) X съезінің он алтыншы мәжілісінде талқыланып, аздаған өзгерістермен қабылданды.— *94.*

[35] Бұл арада әңгіме Еңбек және Қорғаныс Советінің 1921 жылғы 28 февральдағы қаулысы туралы болып отыр, бұл қаулыда жұмысшыларды жабдықтауды жақсарту үшін шетелден азық-түлік пен ең қажет заттар сатып алуға алтынмен 10 миллион сом қаржы бөлу көзделген болатын.— *94.*

[36] *Еңбек және Қорғаныс Советі* 1920 жылы апрельде Жұмысшы және Шаруа Қорғанысы Советін қайта құру негізінде құрылды. Еңбек және Қорғаныс Советі РСФСР Халық Комиссарлары Советі жанындағы комиссия правосында, 1923 жылдан бастап СССР Халық Комиссарлары Советі жанындағы комиссия правосында жұмыс істеді; оның құрамын Халық Комиссарлары Советі тағайындады. Еңбек және Қорғаныс Советінің міндеті елдің қорғанысы мен шаруашылық құрылысын қамтамасыз ету саласындағы барлық ведомстволардың жұмысын үйлестіру және күшейту болды. Еңбек және Қорғаныс Советіне қаулылар, жарлықтар және нұсқаулар шығару, олардың дұрыс әрі тез орындалуы үшін шаралар қолдану правосы берілді; 1937 жылға дейін өмір сүрді.— *95.*

[37] *Халық шаруашылығы жоғары советінің мемлекеттік құрылыстар комитеті (Комгосоор)* мемлекеттің өнеркәсіп құрылысы саласындағы бүкіл қызметін біріктіру мақсатында Халық Комиссарлары Советінің 1918 жылғы 9 майдағы декреті бойынша құрылды. 1922 жылы 26 январьда Халық шаруашылығы жоғары советінің мемлекеттік құрылыстар комитеті Халық шаруашылығы жоғары советінің құрылыс бөлімі — Мемлекеттік құрылыс бас басқармасы болып қайта ұйымдастырылды; 1924 жылы майда таратылып, оның ве-

домствосында болған мекемелер тиісті халық комиссариаттарына берілді.— *95.*

[38] Бұл арада *партияның Бүкіл украиндық V конференциясы* айтылып отыр, конференция 1920 жылы ноябрьде Харьковта болып өтті. Конференцияда «жұмысшы оппозициясының» платформасын жақтап 316 адамнан 23 адам, яғни 7 процент дауыс берді.— *96.*

[39] *«Демократиялық централизм» («децистер») тобы* — оппозициялық оппортунистік топ, оны М. С. Богуславский, А. З. Каменский, В. Н. Максимовский, Н. Осинский (В. В. Оболенский), Рафаил (Р. Б. Фарбман), Т. В. Сапронов, В. М. Смирнов басқарды. Бұл топ партия және совет құрылысы мәселелері жөніндегі лениндік принциптерге тұңғыш рет РКП(б) VIII съезінде қарсы шықты. РКП(б) IX съезінде «децистер» шаруашылық құрылысы мәселелері жөнінде және ұйымдық мәселе жөнінде өздерінің қосымша баяндамашыларын тағайындады. «Децистер» партияның Советтердегі және кәсіподақтардағы басшылық ролін мойындамады, өнеркәсіпте директорлардың дара басшылығына және жеке жауапкершілігіне қарсы болды, ұйымдық мәселелерде лениндік принциптерге қарсы шықты, фракциялар мен топсымақтарға еркіндік берілуін талап етті. Съезд «децистердің» антипартиялық көзқарастарын әшкереледі, сөйтіп оларға үзілді-кесілді тойтарыс берді.

Партия бұқарасы арасында «децистердің» ықпалы болмады, «децистердің» әрекеттерін олармен көптеген мәселелер жөнінде ынтымақтас болған меньшевиктер мақұлдады.

1920—1921 жылдардағы кәсіподақ айтысы кезінде «демократиялық централизм» тобы өзінің фракциялық платформасын жариялады, сөйтіп съезд алдындағы жиналыстарда сол платформаны жақтап сөйледі, бірақ оны бірлі-жарым адамдар ғана қолдады. РКП(б) X съезінде топ партияға қарсы күрестің негізгі салмағын партия құрылысы мәселелеріне аударды, бұл мәселелер жөнінде топ атынан съезде қосымша баяндамашы ретінде В. Н. Максимовский сөз сөйледі. 1923 жылы «децистер» тобы ыдырады. Оның жетекшілері троцкистік оппозициямен блок құрды.— *96.*

[40] *«Дискуссионный Листок»*— РКП(б) Орталық Комитетінің мерзімді емес басылымы; 1920 жылы сентябрьде болған РКП(б) Бүкіл россиялық IX конференциясының қаулысы бойынша шығып тұрды (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 199-бет).

X съездің алдында листоктың екі номері: біріншісі — 1921 жылы январьда, екіншісі — февральда шықты.

X съезден кейін «Дискуссионный Листоктың» шығарылуы тоқтатылды және бұдан былайғы жерде айтыстар кезінде және партия съездері алдында шығарылып тұрды.— *101.*

[41] Қараңыз: *«Партиямыздағы синдикалистік және анархистік уклон туралы»* қарар («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 230—233-беттер).— *101.*

[42] Съездің шешімі бойынша «Партияның бірлігі туралы» қарардың жетінші пункті ол кезде жарияланбады. Бұл пункт 1924 жылы январьда РКП(б) XIII конференциясында оқылды. Троцкий мен троцкистердің партияға қарсы фракциялық күресін айыптай келіп, конференция партияның X съезі қабылдаған «Бірлік туралы» қарардың жетінші пунктін жариялау жөнінде қаулы қабылдады (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 550-бет, 14-пункт). Ол РКП(б) XIII конференциясының Бюллетенінде жарияланды.— *102.*

[43] Партияның бірлігі және анархо-синдикалистік уклон туралы Ленин 1921 жылы 16 мартта съездің соңғы, он алтыншы, мәжілісінде баяндама жасады. Өріс алған жарыс сөзде «Партияның бірлігі туралы» және «Партиямыздағы синдикалистік және анархистік уклон туралы» қарарлардың Ленин ұсынған жобаларына (қараңыз: осы том, 96—107-беттер) «жұмысшы оппозициясы» мен «демократиялық централизм» топтарының өкілдері қарсы шықты.

Ленин қорытынды сөз сөйлегеннен кейін съезд ол ұсынған қарарларды басым көпшілік дауыспен қабылдады.— *108.*

[44] Қараңыз: К. Маркс. «Гота программасына сын»; К. Маркстің 1892 жылы 5 мартта В. Вейдемейерге жазған хаты; Ф. Энгельс. «Анти-Дюринг»: «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 19-том, 25-бет; 28-том, 424—427-беттер; 20-том, 108-бет; 21-том, 173-бет) және басқалар.— *109.*

[45] Ленин бұл арада «солшылдардың» анархистік тобын айтып отыр, бұл топ Германия Коммунистік партиясынан бөлініп шығып, 1920 жылы апрельде Германия Коммунистік жұмысшы партиясы дейтінді құрған болатын. «Солшылдар» ұсақ буржуазиялық, анархо-синдикалистік көзқарастарды қорғады. Коммунистік Интернационалдың II конгресінде Германия Коммунистік жұмысшы партиясынан келген де-

легаттар Отто Рюле мен А. Мергес Коминтерн тарапынан қолдау таппаған соң, конгрестен кетіп қалды. Кейін Германия Коммунистік жұмысшы партиясы жұмысшы табында тірегі жоқ елеусіз сектанттық топқа айналды.— *112.*

46 Бұл арада әңгіме 1920 жылы 4 августа Коминтерннің II конгресінде қабылданған аграрлық мәселе жөніндегі қарар туралы болып отыр (қараңыз: «Коминтерннің екінші конгресі. Июль — август, 1920». М., 1934, 522—531-беттер).— *113.*

47 Бұл арада А. З. Каменскийдің сөйлеген сөзі айтылып отыр.— *119.*

48 Бұл арада Лениннің «Партияның бірлігі туралы» деген қарарына қарама-қарсы С. П. Медведевтің «жұмысшы оппозициясы» атынан ұсынған қарары туралы айтылып отыр. Медведевтің қарарын партияның X съезі көпшілік дауыспен қабылдамай тастады.— *121.*

49 Цитат алынып отырған қарарды РКП(б) X съезі аздаған өзгерістермен қабылдаған болатын (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері, 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 233-бет).— *123.*

50 В. И. Ленин ұсынған «Партияның бірлігі туралы» қарарға Д. Б. Рязанов мынадай түзету енгізді: «Фракцияшылдық атаулыны мейлінше үзілді-кесілді айыптай отырып, съезд сонымен бірге съезге платформалар бойынша сайлауға да үзілді-кесілді қарсы шығады» («РКП(б) оныншы съезі. Март, 1921 ж.». М., 1963, 539-бет).

В. И. Лениннің ұсынысы бойынша бұл түзетулерді съезд қабылдамай тастады.— *124.*

51 Рафаилдің (Р. Б. Фарбманның) «Партияның бірлігі туралы» қарардың (қараңыз: осы том, 100-бет) төртінші пунктіне қатысты түзетуінде даулы мәселелерді талқылау «жалпы жиналыстарда және баспасөзде» өткізілуге тиіс дегенді қосып жазу ұсынылған болатын. Түзету қабылданбай тасталды.— *125.*

52 А. С. Киселев партияның X съезінде «Партияның бірлігі» туралы» қарардың жетінші пунктіне қарсы шықты, бұл пунктте фракцияшылдыққа салынғаны үшін Орталық Комитеттің мүшелерін партиядан шығаруды ең қатал шара ретінде қолдану жөнінде Орталық Комитетке уәкілдік берілген болатын. Өзінің сөзінде Киселев: Ленин, қарардың осы пунктінің маңызын сипаттағанда, «пулеметтер қою керек» деген сөздерді қолданды деп мәлімдеді.— *126.*

53 К. И. Марченконың түзетуі «Партиямыздағы синдикалистік және анархистік уклон туралы» қарардың (қараңыз: осы том, 106—107-беттер) алтыншы пунктіне қатысты болды. Түзетудің авторы қарарда: айтыс жинақтарын тек РКП(б) Орталық Комитеті немесе Орталық Комитеттің облыстық бюролары ғана шығарып тұруға тиіс деп атап өтуді ұсынды. Түзету қабылданбай тасталды.— *127.*

54 РКП(б) X съезі президиумының съездің жергілікті жерлерге аттанғалы отырған делегаттарына берілетін директиваларының жобасы КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы.— *135.*

55 *«Press Association»* («Баспасөз ассоциациясы»)— ағылшын информациялық агенттігі.— *136.*

56 *«Reuter»* («Рейтер»)— ағылшын информациялық телеграф агенттігі.— *136.*

57 *«Le Matin»* («Таң»)— француздың буржуазиялық күнделікті газеті; Парижде 1884 жылдан шығып тұрды. Оның соңғы номері 1944 жылы агуста шықты.— *137.*

58 *«The Times»* («Замана»)— 1785 жылы Лондонда құрылған күнделікті газет; ағылшын буржуазиясының ірі консервативтік газеттерінің бірі.— *138.*

59 *«The Daily Chronicle»* («Күнделікті Хроника») — ағылшын империалистік буржуазиясының газеті; 1855 жылдан 1930 жылға дейін Лондонда шығып тұрды.— *138.*

60 Бұл арада әңгіме түрік делегациясы туралы болып отыр, бұл делегация грек-түрік жанжалын жою мақсатымен 1921 жылы февраль — мартта шақырылған Лондон конференциясына қатысқан болатын.

Түрік делегациясының басшысы конференциядан тыс жерде Англияның премьер-министрі Ллоид Джорджбен құпия келіс сөз жүргізді, Ллойд Джордж Түркияны Советтік Россияға карсы қимыл жасауға итермелеуге тырысқан еді. Алайда Англиямен келісім жасалмады. Тұтас алғанда конференция тиімді нәтиже бермеді. Греция соғысты жүргізе берді, ал Түркия Совет үкіметімен келіс сөз жүргізуге кірісті, бұл келіс сөз 1921 жылы 16 мартта шартқа қол қоюмен аяқталды.

Силезия плебисциті 1921 жылы мартта өткізілді. Ол 1919 жылы июньде жеңген елдер мен Германия арасында қол қойылған Версаль шартына сәйкес ұйымдастырылған болатын, бұл шарт бойынша Жоғарғы Силезияны Германия-

ның құрамында қалдыру немесе оны Польшаға қосу туралы мәселе плебисцит арқылы шешілуге тиіс еді.

Бұл бай өнеркәсіпті облысты Германияның құрамында қалдыруды жақтап пікір айтуға жергілікті халықты көндіру үшін герман үкіметі барлық шараларды қолданды.— *138.*

61 Ленин бұл арада мына кітапты айтып отыр: Clark, Evans. «Facts and fabrications about Soviet Russia». New-York. The Rand School of social science. 1920 (Кларк, Эванс. «Советтік Россия жөніндегі фактілер мен ойдан шығарылғандар». Нью-Йорк. Ранд әлеуметтік ғылымдар мектебі. 1920).— *139.*

62 Бұл әңгіме туралы хабар және оның мазмұнын баяндау бірінші рет 1921 жылы 15 мартта «The New-York Herald»-тің («Нью-Йорк Хабаршысы») таңертеңгі басылымының 197-номерінде, ал келесі күні француз газеті «Le Populaire»-нің («Халық Газеті») 1055-номерінде берілді. Екі газеттің екеуінде де берілген әңгіменің жазбасы толық емес және жариялау үшін деректеме бола алмайды.— *142.*

63 *Транспорт жұмысшыларының Бүкіл россиялық бірінші съезі* партияның Орталық Комитетінің шешімі бойынша шақырылып, 1921 жылы 22 марттан 31 мартқа дейін Москвада болып өтті. Съезге 1079 делегат қатысты, олардың көпшілігі коммунистер еді. Съездің күн тәртібіне мына мәселелер қойылды: Цектранның есебі, Қатынас жолдары халық комиссариатының баяндамасы, сушылар секциясы орталық басқармасының жұмысы туралы есеп, тариф саясаты туралы, транспорт жұмысшыларын азық-түлікпен жабдықтау туралы, транспорт жұмысшыларының халықаралық бірлестігі туралы және басқа мәселелер.

Ленин съездің құрметті председателі болып сайланды. Съезде сөз сөйлердің алдында, 1921 жылы 25 мартта, Ленин қатынас жолдары халық комиссарының орынбасары В. В. Фоминді қабылдап, онымен съездің жұмысы туралы, Цектранның болашақ құрамы туралы әңгімелесті. 27 мартта съездің кешкі мәжілісінде Ленин сөз сөйледі, ол сөз 1921 жылы жеке кітапша болып басылып шықты.

Съезд троцкистерді Цектранға басшылық етуден аластады және транспорт жұмысшыларының халық шаруашылығын қалпына келтіру ісіне белсене қатысуы міндетін алға қойды.— *144.*

64 Лениннің құттықтауы Мемлекеттік 1-ші автомобиль заводының жұмысшылары автомобиль двигательдерінің шығарылғаны туралы хабарлаған және 1921 жылы 7 апрельде болатын завод мерекесіне қатысуға Ленинді шақырған хатқа жауап болды.

Құттықтау завод комитеті жіберген хатқа жазылды.

Жұмысшылардың жауапты уақытында алуын көздеп, Ленин оны телеграмма етіп жіберуге нұсқау берді. Телеграмма текстінің үстіңгі жағына ол былай деп жазды: «Сағат 12-де табыс етілсін».— *161.*

65 Москва қаласы мен Москва губерниясының РКП(б) ұялары секретарьларының және жауапты өкілдерінің жиналысын РКП(б) X съезінің шешімдерін түсіндіру мақсатымен партияның Москва комитеті шақырды, жиналыс Одақтар үйінің Колонналы залында болып өтті. Оған сондай-ақ Кронштадттағы контрреволюциялық бүлікті жоюға қатысқан Москва партия ұйымының мүшелері және Москва губерниясының шаруа әйелдер арасында жұмыс істеу жөніндегі болыстық ұйымдастырушылар қатысты. Күн тәртібіне азық-түлік салығы туралы мәселе қойылды; бұл мәселе бойынша баяндамашы В. И. Ленин болды.— *162.*

66 Ленин бұл арада Халық Комиссарлары Советінің жұмысшыларға заттай сыйлық беру туралы 1921 жылғы 7 апрельдегі декретін айтып отыр, декрет 1921 жылы 9 апрельде «Известия ВЦИК» газетінің 76-номерінде жарияланды.

Ленин 26 майда РКП(б) Бүкіл россиялық X конференциясында азық-түлік салығы туралы жасаған баяндамасында бұл декретке баға берді (қараңыз: осы том, 345—346-беттер).— *162.*

67 *Кедейлер комитеттері (комбедтер)* Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің 1918 жылғы 11 июньдегі «Деревня кедейлерін ұйымдастыру және жабдықтау туралы» декреті бойынша құрылды. Кедейлер комитеттеріне шаруа шаруашылықтарындағы азық-түлік запасының есебін алу, кулактардың артық азық-түліктерін анықтау және осы артық азық-түліктерді алып алу ісінде совет азық-түлік органдарына көмек көрсету, кулак шаруашылықтарының есебінен кедейлерді азық-түлікпен жабдықтау, ауыл шаруашылық құрал-саймандары мен өнеркәсіп товарларын бөлу және т. б. міндеттер жүктелді. Алайда кедейлер комитеттерінің практикалық жұмысы деревнядағы жұмыстың барлық жағын қамтыды, іс жүзінде олар пролетариат диктатурасының деревнядағы тірек пункттері, органдары болды; кедейлер комитеттерінің ұйымдастырылуы деревнядағы социалистік революцияның одан әрі өрістетілуінің айғағы болды. 1918 жылдың аяғында кедейлер комитеттері, өздеріне жүктелген міндеттерді орындағаннан кейін, болыстық және селолық Советтермен біріктірілді.

«Комнезаможи» (кедей шаруалар комитеттері) Украинаның жері аз және жерсіз шаруаларын біріктірді, 1920 жылдан 1933 жылға дейін жұмыс істеді.— *174.*

68 *Брест бітімі* — Советтік Россия мен Төрт жақты одақ державалары (Германия, Австро-Венгрия, Болгария, Түркия) арасындағы 1918 жылы 3 мартта Брест-Литовскіде қол қойылған және Советтердің Бүкіл россиялық Төтенше IV съезі 15 мартта бекіткен бітім шарты. Бітімнің шарттары Советтік Россия үшін өте-мөте ауыр болды. Шарт бойынша Польша, Прибалтика түгел дерлік, Белоруссияның бір бөлегі Германия мен Австро-Венгрияның бақылауына өтуге тиіс еді. Украина Советтік Россиядан бөлініп шығып, Германияға тәуелді мемлекетке айналуға тиіс болды. Карс, Батум және Ардаган қалалары Түркияның қарамағына өтуге тиіс еді. 1918 жылы августа Германия Советтік Россияға қосымша шарт пен финанс келісімін күштеп таңды, оларда жаңадан тонаушылық талаптар қойылды.

Брест бітімін жасасуға байланысты Троцкийге және антипартиялық «солшыл коммунистер» тобына қарсы қажырлы күрес жүргізілді. Тек В. И. Лениннің орасан зор күш-жігер жұмсауының арқасында ғана Германиямен бітім шартына қол қойылды. Брест бітімі лениндік тактиканың даналығы мен икемділігінің, өте-мөте қиын жағдайда бірден-бір дұрыс саясат белгілей білудің жарқын үлгісі еді. Брест бітімінің жасалуы парасатты саяси компромисс болды. Брест шарты Совет мемлекетіне уақытша бейбіт тыныс алуға мүмкіндік берді, ыдырап бара жатқан ескі армияны демобилизациялап, жаңа армияны — Қызыл Армияны құруға, социалистік құрылысты өрістетіп, ішкі контрреволюция мен шетел интервенттеріне қарсы алдағы күрес үшін күш жинауға мүмкіндік берді. Бұл саясат бейбітшілік жолындағы күрестің одан әрі күшеюіне, барлық соғысушы елдердің әскерлері мен халқының қалың бұқарасы арасында революциялық пиғылдың өсуіне жәрдемдесті. Германиядағы монархиялық режимді құлатқан 1918 жылғы Ноябрь революциясынан кейін, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті 13 ноябрьде тонаушылық Брест шартын жойды.— *174.*

69 *Советтік облыстар мен республикалардағы Шығыс халықтары әйелдер бөлімдері өкілдерінің бірінші кеңесі* 1921 жылы 5—7 апрельде Москвада болып өтті, бұл кеңес Шығыс әйелдерінің Бүкіл россиялық съезіне әзірлік болды. Кеңеске Түркістанның, Азербайжанның, Башқұртстанның, Қырымның, Кавказдың, Татарияның, Сибирьдің, түркі және тау халықтары орналасқан басқа да бірқатар губерниялардың әйелдерінен 45 делегат-коммунист қатысты.

Кеңес Шығыс әйелдерінің экономикалық және праволық жағдайы мәселелерін, олардың арасында ұйымдастыру, үгіт және насихат жұмыстарын жүргізудің формалары мен әдістерін талқылады.

Кеңеске қатысқан делегат әйелдер В. И. Ленинге хат жазып, оны кеңеске келуге шақырды. Бұл шақыруға жа-

уап ретінде Ленин томда жарияланып отырған телеграмманы жіберді. Кеңес жабылар алдында оған қатысушы әйелдер В. И. Ленинге құттықтау хат жолдады.— *180*.

70 ВЦСПС-тегі коммунистік фракцияның концессиялар және концессиялық кәсіпорындардағы жұмысшылардың жағдайы туралы мәжілісі 1921 жылы 11 апрельде болды.

Бірқатар кәсіподақ қызметкерлерінің біраз ауытқуға салынуы, ал А. Г. Шляпников пен Д. Б. Рязановтың концессияларға қарсы демагогтық үгіт жүргізуі әлгі мәселенің талқылануына себеп болды.

В. И. Ленин фракцияда концессиялар туралы баяндама жасады, жарыс сөз кезінде Шляпников пен Рязановтың мәлімдемелеріне қарсы сөз сөйледі және жарыс сөздің қысқаша жазбасын жасап, оны өзінің қорытынды сөзінде пайдаланды. Лениннің сөйлеген сөздері Совет мемлекетінің концессиялық саясатының мәні мен маңызын белгілеуде зор роль атқарды.— *181*.

71 Бұл арада РКП(б) X съезінің *«Советтік республика капиталистік қоршауда»* деген қарары айтылып отыр (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 270—279-беттер).— *183*.

72 Концессиялық шарттардың негізгі принциптерін талдап жасау қажеттігі туралы мәселе Баку мен Грозныйда мұнай концессияларын пайдалануға беру туралы Халық Комиссарлары Советі 1921 жылы 1 февральда қабылдаған қаулыға байланысты қойылды. Жобаны әзірлеу Халық шаруашылығы жоғары советінің председателі А. И. Рыковқа тапсырылды. Жобаны әзірлеу ұзаққа созылғандықтан, Ленин концессиялар туралы мәселе жөніндегі бірқатар материалдарды терең зерттеудің негізінде марттың аяқ кезінде «Концессиялық шарттардың негізгі принциптерінің» жобасын талдап жасады. Ленин бұл жобаның бастапқы нұсқасына (қараңыз: Лениннің XX жинағы, 148-бет) бірқатар қосымшалар мен түзетулер енгізді (документ КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы). Лениннің жобасы Халық Комиссарлары Советінің осы мәселе жөнінде 29 мартта қабылдаған қаулысына негіз етіп алынды.— *185*.

73 Ленин бұл арада Орта Германия пролетариатының 1921 жылы мартта болған революциялық бой көрсетуін айтып отыр, бұл бой көрсету март оқиғалары ретінде белгілі болды.

Орта Германияның фабрикалары мен заводтарында полиция нарядтарын енгізу туралы бұйрыққа жауап ретінде коммунистер басшылық еткен Мансфельд жұмысшылары ереуіл жариялады, бұл ереуіл бірқатар жерлерде полиция-

ға қарсы қарулы күреске ұласты. Орта Германия пролетариатының қаһармандық күресі Берлиннің, Гамбургтің және басқа қалалардың жұмысшылары арасында ынтымақ қозғалысын туғызды.

Алайда коммунистік партия буржуазияға қарсы күресу үшін жұмысшы табының күштерін біріктіре алмады. Германия Коммунистік партиясының басшылығына өтіп кеткен Пауль Левидің және басқа оппортунистердің сатқындық әрекеті Орта Германия пролетариатының бой көрсетуін едәуір әлсіретті. Лениннің март оқиғаларына берген бағасын Шығармалардың 32-томының 504, 552—555-беттерінен қараңыз.

Ленин айтып отырған ағылшын кеншілерінің стачкасы 1921 жылы апрель — июньде болып өтті. Стачка шахта иелерінің жұмысшылардың жалақысын едәуір азайту жөніндегі талабына жауап болды. Стачкаға миллионнан астам адам қатысты, кен жұмысшыларының одағы бойынша стачка жаппай стачкаға ұласты.

Көмір қазушылар федерациясы транспортшылар мен теміржолшылар тред-юниондарының атқару комитеттеріне ынтымақ стачкасына қатысу жөнінде ұсыныс жасады, бірақ бұл атқару комитеттерінің реформист лидерлері кен жұмысшыларын қолдамады. Олар үкіметпен және шахта иелерімен жасырын келіс сөз жүргізіп, ымыраласуға, стачканы болдырмай тастауға күш салды. Үш айға созылған қаһармандық күрестен кейін ағылшын кеншілері жұмысқа қайта оралуға мәжбүр болды.— *192.*

74 В. И. Ленин бұл арада, сірә, М. П. Томский мен А. З. Гольцманды айтып отырса керек.— *204.*

75 Бұл арада әңгіме Гётеборгтегі швед шарикоподшипник заводтарының акционерлік қоғамымен жасалған концессиялық шарттың жобасы туралы болып отыр. В. И. Ленин ВЦСПС фракциясында оқып берген шарттың жобасы КПСС Орталық Комитеті жанындағы Маркизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы.— *206.*

76 Бұл арада 1921 жылы 17 және 18 мартта болып өткен келіс сөздің нәтижесінде Кутаисиде Грузин революциялық комитеті мен Грузия меньшевиктік үкіметінің өкілдері арасында жасалған шарт айтылып отыр.— *207.*

77 Ленин бұл арада реформистік кәсіптік одақтардың халықаралық бірлестігі орталығы — кәсіподақтардың Амстердам Интернационалының қайраткерлерін айтып отыр. Интернационал 1919 жылы июльде Амстердамда шақырылған конгресте құрылған болатын; 1945 жылғы декабрьге дейін өмір сүрді.— *210.*

78 *«Вперед»* («Алға») — меньшевиктік күнделікті газет; 1917 жылдың мартынан бастап Москвада меньшевиктердің Москва ұйымының органы ретінде, содан соң РСДРП-ның (меньшевиктердің) Москва ұйымы мен Орталық облыс комитеттерінің органы ретінде шығып тұрды. 1918 жылғы 2 апрельден бастап газет меньшевиктердің Орталық комитетінің де органы болды, оның редакциясына Л. Мартов, Ф. И. Дан және А. С. Мартынов кірді. 1918 жылы 10 майда Бүкіл россиялық төтенше комиссияның қаулысы бойынша газет контрреволюциялық әрекеті үшін жабылды, ал оның басшылары сотқа берілді. 14 майда газет «Всегда Вперед!» деген атпен қайта шыға бастады. Газет 1919 жылы февральда Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің қаулысы бойынша біржолата жабылды.— *210*.

79 Бұл арада Кәсіптік одақтардың халықаралық советі айтылып отыр, ол Коммунистік Интернационалдың Атқару комитеті мен ВЦСПС-тің инициативасы бойынша дүние жүзілік революциялық кәсіптік қозғалыстың орталығы ретінде 1920 жылы июльде құрылған болатын. 1921 жылы июльде кәсіподақтардың халықаралық бірінші конгресінде Кәсіптік Одақтардың Қызыл Интернационалы (Профинтерн) деп аталды.— *214*.

80 Халық Комиссарлары Советі *сыртқы сауда үшін жасалатын заявкалар туралы қаулының жобасын* 1921 жылы 12 апрельде біраз редакциялық түзетулермен қабылдады. Бұл мәселені егжей-тегжейлі қарау Мемлекеттік жоспарлау комиссиясына тапсырылды, осыған байланысты Ленин Г. М. Кржижановскийге екі хат жолдады (қараңыз: Шығармалар, 35-том, 462—464-беттер).— *219*.

81 *Петроградтың партияда жоқ жұмысшыларының жалпы қалалық кеңесі* 1921 жылы 10—20 апрельде болып өтті. Оған 1000-нан астам делегат — Петроградтың фабрикалары мен заводтарының өкілдері қатысты. Кеңестің күн тәртібіне мына мәселелер қойылды: 1) Жұмысшы табының міндеттері және оның Советтік Россияның қазіргі құрылысына қатысуы; 2) Өндірісті ұйымдастыру міндеттеріне байланысты жұмысшылардың тұрмысы туралы мәселелер; 3) Азық-түлік мәселесі және жұмысшыларды жабдықтау. «Партияда жоқтар» деген желеумен кеңеске кіріп кеткен меньшевиктер кеңестің жұмысына бөгет жасауға тырысты. Бірақ олардың әрекеттері сәтсіздікке ұшырады. Жұмысшылардың қалың бұқарасы коммунистермен жұмыс істеуге, Коммунистік партиямен бұрынғыдан да гөрі жақындаса түсуге бірауыздан тілек білдірді.

Кеңестің делегаттары Ленинге құттықтау хат жолдап, оны кеңестің жұмысына қатысуға шақырды. Бұл шақыруға жауап ретінде Ленин осы томда жарияланып отырған

хатын жіберді. Ол хат 20 апрельде кеңестің соңғы мәжілісінде оқылды.— *223.*

82 *«Алгемба»*— Александров-Гай — Ембі темір жол тармағы құрылысының және Ембі мұнай кәсіпшіліктерін Уралмен және Саратовпен жалғастыратын мұнай құбырының қысқартылған аты. 1921 жылы 15 апрельде Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде құрылыстың шалғайлығы материалдарды, жабдықтарды және азық-түліктерді жеткізу үшін көп шығын жасауды керек еткендіктен, оны тоқтата тұру туралы мәселе қойылды. Еңбек және Қорғаныс Советі қаулының Ленин ұсынған жобасын бекітті. 29 апрельде Еңбек және Қорғаныс Советі мұнай құбырының құрылысын тоқтату туралы шешім қабылдады, ал 6 майда Александров-Гай — Ембі темір жолының құрылысын екпінді қарқыннан әдеттегі қарқынға көшіру туралы қаулы алды. Еңбек және Қорғаныс Советінің осы мәжілісінде темір жолдың құрылысын тексеру жөнінде комиссия ұйымдастыру ұйғарылды. В. И. Ленин комиссияға берілетін тапсырманың жобасын жазды (қараңыз: осы том, 288-бет), оны Еңбек және Қорғаныс Советі 11 майда бекітті.— *225.*

83 Ленин партияның X съезі аяқталғаннан кейін көп кешікпей, 1921 жылы марттың аяқ шенінде, *«Азық-түлік салығы туралы»* деген кітапшасын жазуға кірісіп, оны 21 апрельде жазып бітірді. Жаңа экономикалық саясатқа көшудің қажеттігі терең негізделген бұл шығармасын тезірек бастырып шығаруға және таратуға Ленин зор маңыз берді. Май айының алғашқы күндерінде Лениннің еңбегі жеке кітапша болып басылып шықты және көп кешікпей «Красная Новь» журналының 1-номерінде жарияланды, одан кейін елдің көптеген қалаларында қайта басылып шықты және орталық баспасөзде де, жергілікті баспасөзде де толық немесе үзінді түрінде қайта басылды. 1921 жылы кітапша неміс, ағылшын және француз тілдеріне аударылды.

РКП(б) Орталық Комитеті өзінің арнаулы қаулысында облыстық, губерниялық және уездік партия комитеттеріне Лениннің кітапшасын жаңа экономикалық саясаттың мәні мен маңызын еңбекшілерге түсіндіру үшін пайдалану жөнінде нұсқау берді.— *229.*

84 *«Новая Жизнь»* («Жаңа Өмір») — күнделікті газет; Петроградта 1917 жылғы 18 апрельден (1 майдан) 1918 жылғы июльге дейін шығып тұрды. «Летопись» журналының төңірегіне топтасқан интернационалист-меньшевиктер мен жазушылар газетті шығарудың инициаторлары болды.

Ленин «новожизньшілдерді» сипаттай келіп, олардың пиғылдарында «принципсіздікті бүркемелейтін де, білдіретін де интеллигенттік скептицизм... басым болып отыр» (Шығармалар толық жинағы, 34-том, 118-бет) деп атап көрсетті.

Газет Октябрь социалистік революциясына және Совет өкіметінің орнауына дұшпандық көзқараста болды. 1918 жылғы 1 июньнен бастап «Новая Жизньнің» екі басылымы: петроградтық және москвалық басылымы шығарылды. 1918 жылы июльде оның екі басылымы да жабылды.— *236.*

85 Қараңыз: К. Маркс. «Гота программасына сын» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 19-том, 19-бет).— *237.*

86 Қараңыз: Ф. Энгельс. «Франция мен Германиядағы шаруалар мәселесі» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 523-бет).— *238.*

87 Ленин бұл сөздерді А. С. Пушкиннің «Батыр» деген өлеңінен келтіріп отыр.— *254.*

88 Ленин бұл арада РСФСР-ді электрлендіру жоспарын айтып отыр, бұл жоспарды Россияны электрлендіру жөніндегі мемлекеттік комиссия талдап жасаған болатын. Аса көрнекті ғалымдар мен мамандардың бұл коллективтік ғылыми еңбегі электрлендіру негізінде социализмнің материалдық негізін жасаудың тұңғыш мемлекеттік бірыңғай перспективалық жоспары болды. Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезі алдында жеке кітап болып басылып шыққан бұл жоспарды съезд мақұлдады.— *255.*

89 *РКП(б) VIII съезі* 1919 жылы 18—23 мартта Москвада өтті. Съезд жұмысына партияның 313 766 мүшесінен өкіл болып шешуші дауыспен 301 делегат және кеңесші дауыспен 102 делегат қатысты.

Съездің күн тәртібіне мына мәселелер қойылды: 1) Орталық Комитеттің есебі; 2) РКП(б) Программасы; 3) Коммунистік Интернационалдың құрылуы; 4) Соғыс жағдайы мен соғыс саясаты; 5) Деревнядағы жұмыс; 6) Ұйымдық мәселелер; 7) Орталық Комитетті сайлау.

В. И. Ленин съезді ашарда және жабарда сөз сөйледі, РКП(б) Орталық Комитетінің есебін жасады, партия программасы туралы және деревнядағы жұмыс туралы баяндамалар жасады, әскери мәселе жөнінде сөз сөйледі.

В. И. Лениннің басшылығымен және тікелей қатысуымен әзірленген партияның жаңа программасын талқылап, қабылдау съездегі өзекті мәселе болды. Съезд Бухариннің программа мәселелері жөніндегі антибольшевиктік ұсыныстарын қабылдамай тастады және лениндік қағидаларды мақұлдады.

Съезд сондай-ақ программадан ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы пунктті алып тастауды ұсынған Пятаков пен Бухариннің ұлт мәселесі жөніндегі қате көзқараста-

рын да талқандады. Съезд ұлт мәселесі жөнінде лениндік программаны қабылдады.

Партия программасы туралы баяндама бойынша Ленин қорытынды сөз сөйлегеннен кейін съезд «программаның жобасын жалпы және тұтас алғанда қабылдауға» және оны түпкілікті редакциялау үшін программалық комиссияға беруге қаулы алды. Программалық комиссияның ұсынысы бойынша Ленин «Программаның жалпы саяси бөлімінің үшінші пунктінің жобасын (Партияның VIII съезінің программалық комиссиясы үшін)» жазды, бұл жобаны комиссия қабылдады (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 38-том, 205-бет). 22 мартта съезд программаның түпкілікті текстін бекітті.

Съездегі аса маңызды мәселелердің бірі орта шаруаларға көзқарас туралы мәселе болды. Ленин сөйлеген сөздерінің бәрінде және әсіресе деревнядағы жұмыс туралы баяндамасында партияның орта шаруаларға көзқарас жөніндегі жаңа саясатын: орта шаруаларды бейтарап қалдыру саясатынан жұмысшы табының олармен берік одағын орнатуға көшу саясатын, көшкенде кедейлерге сүйене отырып, кулактарға қарсы күрес жүргізе отырып, пролетариаттың орта шаруалармен одағында пролетариаттың басшылық ролін сақтай отырып көшу саясатын негіздеп берді. Бұл ұранды Ленин 1918 жылы ноябрьдің аяғында-ақ ұсынған болатын. Съезд Ленин жазған «Орта шаруаларға көзқарас туралы қарарды» қабылдады.

Съездің жұмысында соғыс жағдайы туралы, партияның соғыс саясаты туралы, Қызыл Армияның құрылуы туралы мәселе елеулі орын алды.

Партия съезінде Орталық Комитеттің тезистеріне «әскери оппозиция» дейтін қарсы шықты, оның ішінде бұрынғы «солшыл коммунистер» (В. М. Смирнов, Г. И. Сафаров, Г. Л. Пятаков және басқалар) болды, мұнда оппозициялық топтарға қатысы жоқ адамдар да болды. «Әскери оппозиция» партизаншылдықтың сарқыншақтарын қорғады, байырғы әскери мамандарды тарту қажеттігін теріске шығарды, армияда темірдей берік тәртіп енгізуге қарсы шықты. 21 мартта съездің жабық пленум мәжілісінде Ленин Орталық Комитеттің тезистерін қорғап сөз сөйледі. Сөз сөйлеген делегаттардың көпшілігі «әскери оппозицияны» айыптады. Әскери секцияның мәжілістерінде және съездің пленум мәжілістерінде Республика Революциялық-әскери советінің жұмысындағы қателіктер мен кемшіліктер, атап айтқанда, оның председателі Троцкийдің іс-әрекеті қатты сынға алынды.

Съезд көпшілік дауыспен (95 дауысқа қарсы 174 дауыспен) Орталық Комитеттің тезистерін негіз етіп қабылдады. Келістіру комиссиясы әзірлеген және лениндік қағидаларға негізделген әскери мәселе жөніндегі қарарды партия съезі бірауыздан бекітті (бір адам қалыс қалды). Ленин-

нің нұсқаулары әскери мәселе жөніндегі партия программасына енгізіліп, әскери құрылыста басшылыққа алынатын болды.

Ұйымдық мәселе жөніндегі қарарда съезд Сапронов — Осинскийдің оппортунистік тобына тойтарыс берді; бұл топ партияның пролетариат диктатурасы системасындағы басшылық ролін теріске шығарған болатын.

Партия құрылысы жөніндегі шешімде партияға жұмысшы емес, шаруа емес элементтерді қабылдауға қойылатын талапты күшейту қажеттігі, партияның әлеуметтік құрамын нашарлатып алуға жол бермеу қажеттігі атап көрсетілді. 1919 жылдың 1 майына дейін партияның барлық мүшелерін жаппай тіркеуге алуды жүргізу ұйғарылды. Съезд партия құрылысының федерациялық принципін қабылдамай тастады және партияның бүкіл жұмысына басшылық ететін бірыңғай Орталық Комитеті бар бірыңғай орталықтандырылған Коммунистік партия болуын қажет деп тапты.

Съезд Ленин бастаған Орталық Комитетті сайлады.

Съезд III, Коммунистік Интернационалдың құрылуын құттықтады және оның платформасына түгелдей қосылды.— *256.*

90 Бұл арада эмигрант меньшевиктердің Л. Мартов негізін қалаған *«Социалистический Вестник»* деген журналы айтылып отыр; 1921 жылдан әуелі Берлинде, одан кейін — Парижде шығып тұрды. Қазір Америка Құрама Штаттарында шығарылады.— *267.*

91 Лениннің сөздерін граммофон пластинкаларына жазуды Центропечать ұйымдастырды. 1919—1921 жылдары Лениннің 16 сөзі жазылып алынды. Россиядағы бірден-бір грампластинкалар фабрикасы қалпына келтірілген кезден бастап Ленин граммофондық насихатқа аса зор көңіл бөліп, бұл күрделі істі жолға қоюға барынша көмектесті. В. И. Лениннің алғашқы сөздері Кремльде, арнайы дайындалған бөлмеде жазылды; Лениннің сөзі соңғы рет Центропечатьта жазылды. Жазудың қиындығы сол, сөзді 3 минутта сөйлеп үлгіру керек еді. Ленин өзінің сөзін дәл осы уақыт ішінде айтып үлгіргеніне қатты қуанатын. Грампластинкаларға жазылған сөздер ондаған мың дана болып таратылды. Әсіресе «Орта шаруалар туралы», «Совет өкіметі дегеніміз не?» және «Азық-түлік салығы туралы» деген сөздері өте кең таралды. Осы томда жарияланып отырған сөздер 1921 жылы 25 апрельде жазылды.— *275.*

92 Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің азық-түлік және шикізат салымын азық-түлік салығымен ауыстыру туралы қаулысы 1921 жылы 21 мартта РКП(б) X съезінің

шешіміне сәйкес қабылданды және 23 мартта жарияланды. Осы қаулыны орындау мақсатында Халық Комиссарлары Советі «1921—1922 жылдарға арналған заттай азық-түлік салығының мөлшері туралы» және «Салымды орындаған губернияларда ауыл шаруашылық өнімдерін еркін айырбастау, сатып алу және сату туралы» деген екі декретті 28 мартта бекітіп, 29 мартта жариялады. 21 апрельде және кейінірек Халық Комиссарлары Советі астыққа, картопқа, майлы дақылдардың тұқымдарына, ауыл шаруашылық өнімдерінің басқа да түрлеріне салынатын салықтың мөлшерін белгілейтін қаулылар қабылдады.— *275.*

93 Ауыл шаруашылық машиналарын бөлу туралы мәселе 1921 жылы 19 апрельде Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде қаралды, осының нәтижесінде қаулының жобасын әзірлеу үшін комиссия құрылды. Комиссия әзірлеген жоба 26 апрельде Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде талқыланып, бірқатар қосымшалар енгізілгеннен кейін түпкілікті әзірлеу үшін Кіші Халық Комиссарлары Советіне берілді. Бұл документ қаулы жобасының В. И. Ленин тұжырымдаған бесінші пункті болып табылады және ол Халық Комиссарлары Советінің нақ сол мәжілісінде негіз етіп қабылданды. Ауыл шаруашылық машиналарын бөлу туралы қаулыны Халық Комиссарлары Советі 1921 жылы 17 майда біржола бекітті.— *281.*

94 Бұл документті В. И. Ленин 1921 жылы кеш дегенде 27 апрельде жазды. Ол документ РКП(б) Орталық Комитетінің «Партияда жоқ жұмысшыларға көзқарас туралы» 1 майдағы хатының жобасына негіз етіп алынды, бұған Ленин бірқатар түзетулер енгізіп, қосымша жазған болатын (қараңыз: осы том, 439—442-беттер).

4 майда РКП(б) Орталық Комитеті хаттың Ленин түзетулер енгізіп, қосымша жазған жобасын бекітті, ал 7 майда бұл жоба барлық губерниялық комитеттерге, уездік комитеттерге, коммунистік фракцияларға және кәсіподақтарға нұсқау ретінде «Правда» газетінің 97-номерінде жарияланды.— *282.*

95 Қараңыз: осы том, 229—274-беттер.— *284.*

96 Қаулының жобасын РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы 1921 жылғы 10 майдағы мәжілісінде «Грузин жолдастарға берілетін директивалар туралы» мәселе бойынша қабылдады.— *285.*

97 Қаулының жобасын РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы 1921 жылы 11 майда аздаған қосымшалармен қабылдады.— *287.*

98 *«Экономическая Жизнь»* («Экономикалық Өмір») — күнделікті газет; Халық шаруашылығы жоғары советінің және шаруашылық халық комиссариаттарының органы ретінде 1918 жылғы ноябрьден шығып тұрды. Газет 1937 жылғы ноябрьге дейін шығарылды; соңғы уақытта СССР Финанс халық комиссариатының, Мемлекеттік банктің және СССР-дің басқа финанс мекемелері мен банк қызметкерлері одағы Орталық комитетінің органы болды.— *295.*

99 *«Еңбек және Қорғаныс Советінен жергілікті совет мекемелеріне тапсырманың»* жобасын В. И. Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің «Жергілікті экономикалық кеңестер туралы, есеп беру туралы, Еңбек және Қорғаныс Советінің тапсырмасын басшылыққа алу туралы» қаулысының жобасын әзірлеумен бір мезгілде талдап жасады (қараңыз: осы том, 294—296-беттер). Бұл документтерді әзірлеу көп дайындық жұмысын, экономикалық кеңестердің қызметі туралы, жаңа экономикалық саясатты жүзеге асырудың алғашқы қадамдары туралы жергілікті материалды В. И. Лениннің мұқият зерттеуін керек етті. 1921 жылы 20 майда Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде «Тапсырманың» және қаулының жобалары арнаулы комиссияның қарауына берілді. Еңбек және Қорғаныс Советінің комиссиясы «Тапсырма» жобасын шұғыл талқылаудың маңыздылығына байланысты, оны жеке кітапша етіп бастырып шығарды. Еңбек және Қорғаныс Советінің «Тапсырмасы» мен қаулысының жобаларын редакциялауға Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы президиумының мүшелері, ведомстволар мен жергілікті ұйымдардың өкілдері тартылды. Лениннің ұсынысы бойынша екі жобаның екеуі де еңбекші бұқараның кең талқылауына ұсынылды. 24 майда бұл жобалар халық шаруашылығы советтерінің IV съезінде талқыланды. Кәсіподақтардың Бүкіл россиялық IV съезі 25 майда ВЦСПС-тің жаңа құрамына қаулының жобасы мен «Тапсырма» жобасын шұғыл қарауды және оларға қажетті түзетулер мен қосымшалар енгізуді тапсырды. РКП(б) Бүкіл россиялық X конференциясы «Тапсырма» жобасын мақұлдап, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің фракциясына оны заңға айналдыруды тапсырды. 30 майда «Тапсырма» жобасы қаулының жобасымен бірге Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің III сессиясының талқылауына ұсынылды. Талқылау кезінде Ленин сөз сөйледі (қараңыз: осы том, 385—388-беттер). Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің сессиясы жобаларды негіз етіп қабылдады және оларды комиссияға табыс етті. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің «Жергілікті экономикалық кеңестер туралы» қаулысы біржола бекітілер алдында Ленин оған бірқатар редакциялық түзетулер енгізді. 30 июньде екі документтің екеуін де — Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің қаулысы мен «Тапсырманы» Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумы бекітті.

Тек экономикалық халық комиссариаттарының ғана емес, сонымен бірге басқа да барлық халық комиссариаттарының есеп беру жөніндегі міндеттерін белгілеп бергендіктен «Тапсырма» Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советінің тапсырмасы деп аталды.

Ленин Совет өкіметінің бұл аса маңызды қаулыларының мәні мен маңызын еңбекшілер бұқарасына терең түсіндіруге зор маңыз беріп, оларды тезірек жүзеге асыруды талап етті.— *297.*

100 Бұл арада Халық Комиссарлары Советінің тұтынушылар кооперациясы туралы 1921 жылғы 7 апрельдегі декреті айтылып отыр, декрет 9 апрельде «Известия ВЦИК» газетінің 76-номерінде жарияланды.— *298.*

101 *Селолық комитеттер* — ауыл шаруашылығын жақсарту жөнінде селолық Советтердің жанынан құрылған шаруалар комитеттері. Оларды құру туралы мәселе «Шаруалардың ауыл шаруашылығын нығайту мен дамыту шаралары туралы» 1920 жылы 28 декабрьде қаулы қабылдаған Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезінде шешілді. Съездің директивасына сәйкес Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті 1921 жылы 10 январьда «Шаруалардың ауыл шаруашылығын нығайту мен дамыту жөніндегі комитеттер туралы» декрет қабылдады.— *304.*

102 *Жұмысшы, шаруа, қызыл әскер және казак депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық VIII съезі* 1920 жылғы 22—29 декабрьде Москвада өтті. Өзінің құрамы жағынан ол одан бұрынғы Советтер съездерінің бәрінен де ең көп адам қатысқан съезд болды: оған 2537 делегат, оның ішінде шешуші дауыспен 1728 және кеңесші дауыспен 809 делегат қатысты. Съездің партиялық құрамы: коммунистер 91,7%, коммунистерге тілектестер 2,7%, партияда жоқтар 3,9%, меньшевиктер 0,3%, бундшылдар 0,3%, солшыл эсерлер 0,15%, анархистер 0,15%, басқа партиялардың мүшелері 0,8%. Съезд құрамының мұндай болуы коммунистік партияның беделінің өскендігін және халық алдында өздерін антисоветтік контрреволюциялық партиялар ретінде әшкерелеген ұсақ буржуазиялық партиялардың саяси мерт болғандығын айқын көрсетті.

Съезд шетел соғыс интервенциясына және контрреволюцияның ішкі күштеріне қарсы соғыстың жеңіспен аяқталған дәуірінде, шаруашылық майданы «ең басты және негізгі» (В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 42-том, 151-бет) майдан ретінде алға қойылған кезде жиналды. Күн тәртібіне мынадай мәселелер қойылды: Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің қызметі туралы есеп, Россияны электрлендіру туралы, өнеркәсіп пен транспортты қалпына келтіру туралы, ауыл шаруашылығы өндірісін өркендету және шаруалар шаруашылығына жәр-

демдесу туралы, совет органдарының қызметін жақсарту және бюрократизмге қарсы күресу туралы. Күн тәртібінің негізгі мәселелері РКП(б) фракциясының мәжілістерінде алдын ала талқыланды.

Съезд жұмысы В. И. Лениннің тікелей басшылығымен өтті. Ол съездің пленум мәжілістерінде 22 декабрьде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің қызметі туралы баяндама жасады және 23 декабрьде баяндама бойынша қорытынды сөз сөйледі. Сонымен бірге ол съездегі коммунистік фракцияның мәжілістерінде (21, 22, 24 және 27 декабрьде) концессиялар туралы мәселе бойынша және шаруалар шаруашылығын нығайту және өркендету шаралары туралы заң жобасын талқылауға байланысты алты рет сөз сөйледі.

Лениннің Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің қызметі туралы баяндамасы бойынша съезд басым көпшілік дауыспен үкіметтің қызметін мақұлдаған қарар қабылдады.

Советтердің VIII съезі Лениннің инициативасы мен нұсқаулары бойынша жасалған елді электрлендіру жоспарын (ГОЭЛРО жоспарын) қабылдады. Бұл Совет мемлекетінің тұңғыш перспективалық халық шаруашылық жоспары еді, оны Ленин партияның екінші программасы деп атады. Г. М. Кржижановскийдің баяндамасы бойынша қабылданған қарарды Ленин жазған болатын (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 42-том, 218—219-беттер).

Съездің күн тәртібіне қойылған ең маңызды мәселелердің бірі шаруалардың ауыл шаруашылығын нығайту және өркендету шаралары туралы заң жобасы еді, бұл жобаны Халық Комиссарлары Советі 1920 жылғы 14 декабрьде қабылдаған болатын. Осы заң жобасының маңызын атап көрсете келіп, Ленин оның төңірегіне «бір нүктеге шоғырланғандай, осының маңына Совет өкіметінің жүздеген қаулылары мен заң жобалары топталып жинақталатындығында» деді (бұл да сонда, 164-бет). Заң жобасының негізгі қағидалары В. И. Лениннің қатысуымен 22 декабрьде Советтер съезі делегаттарының — партияда жоқ шаруалардың жеке кеңесінде және 24 және 27 декабрьде РКП(б) фракциясында талқыланды (қараңыз: бұл да сонда, 198—217, 429—433-беттер). Съезд заң жобасын бірауыздан қабылдады.

Съезд совет құрылысы туралы кең көлемді қаулы қабылдады. Бұл қаулы өкімет пен басқарудың орталық және жергілікті органдарының өзара қатынасын тәртіпке келтірді. Жаңа шаруашылық міндеттерге сәйкес халық шаруашылығына басшылық етудің бүкіл жүйесін қайта құру мәселелері съезд жұмысында үлкен орын алды. Съезд Еңбек және Қорғаныс Советі туралы жаңа ережені бекітті.

Советтердің VIII съезі «Еңбек Қызыл Ту» орденін бекітті: бұл орденмен шаруашылық міндеттерді шешудегі жан-

қиярлығы, инициативасы, еңбек сүйгіштігі мен ұйымшылдығы үшін наградталатын болды.— *323.*

103 Кәсіподақтардың IV съезіндегі РКП фракциясының шешімдері туралы мәселе жөнінде РКП(б) Орталық Комитеті қаулысының жобасын В. И. Ленин жазды, жоба А. З. Гольцманның тариф мәселесі жөнінде Орталық Комитеттің директиваларына сай келмейтін тезистерін фракцияның қабылдауына байланысты жазылды. 1921 жылы 22 майда бұл жобаны Орталық Комитеттің Саяси бюросы қабылдады. Кәсіподақтар съезінің фракциясы бірқатар өндірістік одақтар (металлистер, тоқымашылар және кеншілер одақтары) делегациясының, сондай-ақ аса маңызды пролетарлық орталықтар (Москва, Петроград және Иваново-Вознесенск) делегациясының ұсынысы бойынша өзінің шешімін қайта қарап, Орталық Комитет мақұлдаған В. Я. Чубарьдің тезистерін көпшілік дауыспен негіз етіп қабылдады. Фракция қабылдаған тезистерді кәсіподақтардың IV съезі 24 майда бекітті.— *327.*

104 Орталық Комитеттің бұл шешімінің жобасын В. И. Ленин жазды (қараңыз: Лениннің XXIII томы, 142-бет).— *328.*

105 *Петровск тобының кеншілеріне хатты* В. И. Ленин ол кезде Петров металлургия комбинатының директоры болған И. И. Межлаукты қабылдаған кезінде жазды. Межлаук Ленинді 1914 жылдың апрелі мен 1921 жылдың апрелінде көмір өндірудің салыстырмалы деректерімен таныстырды. В. И. Лениннің хаты комбинат жұмысшыларының жиналысында оқылды. Ол Донбасс кеншілерінің арасында қызу еңбек өрлеуін туғызды.— *330.*

106 *РКП(б) Бүкіл россиялық X конференциясы* 1921 жылы 26—28 майда Москвада болып өтті. Конференцияға 239 делегат — партия және совет ұйымдарының өкілдері қатысты. Конференция кезектен тыс шақырылды. Оның күн тәртібіне мына мәселелер қойылды: 1) экономикалық саясат: а) азық-түлік салығы туралы, б) кооперация туралы, в) финанс реформасы туралы, г) ұсақ өнеркәсіп туралы; 2) эсерлер мен меньшевиктердің қазіргі кезеңдегі ролі; 3) Коминтерннің үшінші конгресі; 4) кәсіподақтардың IV съезінің жұмысы туралы информация; 5) ұйымдық мәселе.

Конференция жаңа экономикалық саясатты жүзеге асыру мәселесіне баса назар аударды, өйткені жергілікті жерлерде жаңа экономикалық саясат әлі де жеткілікті түсіндірілмеген еді.

Конференцияның жұмысы В. И. Лениннің тікелей басшылығымен өтті. Ол конференцияны кіріспе сөзбен ашты, күн тәртібі туралы мәселе бойынша сөз сөйледі, конференция президиумының құрамына сайланды. Ленин азық-түлік салығы туралы баяндаманың жоспары мен қорытынды сөздің

жоспарын әзірледі (қараңыз: осы том, 453—456-беттер) және осы мәселе бойынша баяндама жасап, қорытынды сөз сөйледі, конференцияны жабарда сөз сөйледі. Жаңа экономикалық саясаттың мәнін негіздей келіп, Ленин өзінің сөздерінде жаңа экономикалық саясатты түсіндірудегі алып-қашты пікірлер мен бұрмалаушылықтарға батыл тойтарыс берді. Ол социалистік қоғам орнатуды өзінің мақсаты еткен жаңа экономикалық саясат «шындап және ұзақ уақыт» жүргізілетінін түсіндірді. Конференция «Экономикалық саясат туралы» қарар қабылдады, оның жобасын Ленин әзірледі. Ленин бұл қарар талқыланған кезде бірнеше рет сөз сөйледі (қараңыз: осы том, 376—380-беттер). Қарарда жаңа экономикалық саясаттың негізгі принциптері баянды етілді және бұл саясатты жүзеге асыру үшін бірқатар нақты нұсқаулар берілді. «Үстіміздегі кезеңнің негізгі саяси міндеті,— делінген қарарда,— барлық партия және совет қызметкерлерінің жаңа экономикалық саясатты толық түсініп, дәл жүзеге асыруында болып отыр» («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 280-бет). Конференция кәсіподақтардың IV съезінің жұмысы туралы информациялық баяндама тыңдады. В. И. Ленин бұл мәселе жөнінде қосымша информация жасады. Ол кәсіподақ басшыларының және ең алдымен ВЦСПС председателі М. П. Томскийдің фракциялық әрекеттерін қатты сынады.

Конференция жұмысында ұйымдық мәселе үлкен орын алды. Партияның ұйымдастыру жұмысының таяу уақыттағы міндеттері туралы В. М. Молотовтың баяндамасын тыңдағаннан кейін конференция «РКП(б) Орталық Комитетінің жұмыс жоспары» деген қарар қабылдады, бұл қарарда бүкіл партия және совет жұмысын күшейту, партияның жаңа қызметкерлерін тәрбиелеу және жоғарылату міндеті алға қойылды. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті жұмысының жоспары жөніндегі өзінің ескертпелерінде партия ұйымдарының партияда жоқ бұқарамен неғұрлым тығыз байланыс орнатуының, сондай-ақ жергілікті партия ұйымдары жұмысының практикалық тәжірибесін жинау мен зерттеудің қажеттігін атап көрсетті (қараңыз: осы том, 461-бет). Лениннің ескертпелері қарарда ескерілді.

Конференцияда Германия мен Америка Құрама Штаттары коммунистік партияларының өкілдері құттықтау сөз сөйледі. Президиумның ұсынысы бойынша конференция түрмелерде зарығып жатқан жұмысшыларға құттықтау телеграмма жолдау жөнінде шешім қабылдады.— *331.*

107 Ленин бұл арада 1921 жылы 17—25 майда Москвада болып өткен кәсіподақтардың Бүкіл россиялық IV съезін және 1921 жылы 18—24 майда Москвада өткен халық шаруашылығы советтерінің Бүкіл россиялық IV съезін айтып отыр.

Кәсіподақтардың IV съезінің күн тәртібіне мына мәселе-

лер қойылды: ВЦСПС-тің есебі, Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының есебі, одақтардың ролі мен міндеттері және шаруашылық құрылыс, ұйымдық мәселе, тариф саясаты және жұмысшыларды материалдық жағынан жабдықтау, кәсіподақтар мен кооперация, еңбекті қорғау және басқа мәселелер.

Халық шаруашылығы советтерінің IV съезінің күн тәртібіне мынадай негізгі мәселелер қойылды: Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының есебі, азық-түлік салығы мен кооперация туралы декретке байланысты Халық шаруашылығы жоғары советінің шаруашылық саясаты, Халық шаруашылығы жоғары советінің ұйымдық құрылысы, мемлекеттік жалпы жоспарлау комиссиясының баяндамасы, сыртқы сауда туралы баяндама, Россияны электрлендіру жөніндегі жұмыстар туралы, республиканың материалдық ресурстары және өнеркәсіпті жабдықтау ісін жолға қою туралы баяндама.

Екі съезд делегаттарының біріккен мәжілістерінде мамандар мен жұртшылық өкілдері шаруашылық құрылыстың аса маңызды мәселелерін талқылады.— *352.*

108 Ленин бұл арада қарар жобасының бірінші пунктіне түзетуді айтып отыр (қараңыз: осы том, 373-бет). Түзетудің авторы «дүние жүзілік революцияның жағдайлары өзгермейтіндіктен» деген сөздерді қосуды ұсынды. Түзету көпшілік дауыспен қабылданбады.— *376.*

109 Лениннің сөз сөйлеуі қарар жобасының үшінші пункті жөнінде ұсынылған түзетуге байланысты еді. Бұл пункттің аяқ жағында былай делінген болатын: «Дұрыс еркін саудаға ешбір қысым келтірмей, товар айырбасын көбінесе кооперацияның қолына жинақтай отырып, анархиялық (яғни мемлекеттің қандай да болсын бақылауынан және қадағалауынан шығып кетіп отыратын) товар айырбасына қарсы күресу». Түзетудің авторы «қысым келтірмей» деген сөзбен аяқталатын сөз тіркесін «бұл товар айырбасына жасалатын жалаң әкімшілік атаулының бәрінің түбіріне балта шаба отырып» деген сөздермен ауыстыруды ұсынды. Түзету қабылданбады.— *377.*

110 Лениннің сөз сөйлеуі қарар жобасының бесінші пункті жөнінде ұсынылған түзетуге байланысты еді, бұл пунктте әрбір ірі кәсіпорынның финанс қаражаттары мен материалдық ресурстарды билеу ісіндегі дербестігі мен инициативасын ұлғайту көзделген болатын. Түзетудің авторы бұл пунктті совхоздарға да қолдануды ұсынды. Түзету қабылданбады.— *378.*

111 Бұл арада қарардың тоғызыншы пункті жөніндегі түзету айтылып отыр. Түзетуде «жергілікті жерлердің нақты және материалдық инициативасы мен дербестігіне айрықша назар

аудара отырып» деген қосымша енгізу ұсынылды. Түзету қабылданбады.— *378.*

[112] Әңгіме Еңбек және Қорғаныс Советінен жергілікті совет мекемелеріне Тапсырманың жобасын әзірлеу жөніндегі комиссия туралы болып отыр, бұл комиссияны Еңбек және Қорғаныс Советі 1921 жылы 20 майда құрған болатын.— *379.*

[113] Лениннің бесінші рет сөз сөйлеуі қарар жобасының оныншы пункті жөнінде ұсынылған түзетуге байланысты еді, бұл пунктте «орталық мекемелердің жергілікті инициативаға кедергі жасағаны және оны жеткілікті түрде қолдамағаны үшін оларға ерекше жауапкершілік белгілеу» (қараңыз: осы том, 375-бет) көзделген болатын. Түзетудің авторы «шаруашылықта қырсыздық көрсеткені, мемлекет мүлкін ұрлағаны және жұмыс күшін ысырап еткені үшін қолданылатын жазалау шаралары да күшейтілсін» деген қосымша ұсынды. Түзету қарардың алтыншы пунктіне қабылданды.— *379.*

[114] Қарар жобасының алтыншы пунктінде жұмысшылардың еңбегіне ақы төлеуді реттеу мәселесі сөз болды.— *379.*

[115] Лениннің сөз сөйлеуі Киселевтің ұсынысына байланысты еді, ол мемлекеттік мүлік меңгерушілеріне коллективтік кепілдеме (3 адамға дейін) беру жүйесін енгізу туралы пунктті қарарға қосуды және кепілдеме берушіге қолданылатын айыптау шараларын көрсетуді талап еткен болатын. Ұсыныс көпшілік дауыспен қабылданбады.— *379.*

[116] Лениннің сөз сөйлеуі қарардың екінші пункті жөнінде ұсынылған түзетуге байланысты еді (қараңыз: осы том, 373-бет). Түзетудің авторы азық-түлік салығының шаруашылық құрылыста бірінші орынға қойылатынын қарарда атап көрсетуді ұсынды. Түзету қабылданбады.— *379.*

[117] *Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің III сессиясы* 1921 жылы 30—31 майда болып өтті. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Президиумының қызметі туралы М. И. Калинин баяндама жасады. Сессияда: егіс науқаны туралы; шаруашылық халық комиссариаттарының қызметін біріктіретін органдар және жергілікті жерлердегі экономикалық органдар туралы; салымды салықпен ауыстыру туралы; Петроградтың өнеркәсібі туралы; трибуналдарды қайта құру туралы мәселелер талқыланды; Тверь губерниялық атқару комитеті мен Сибирь революциялық комитетінің баяндамалары тыңдалды.

Ленин жергілікті жерлердегі экономикалық органдар туралы Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті сессиясының екінші (кешкі) мәжілісінде сөз сөйледі. Ленин осы мәселе

талқыланған кезде сөйленген жарыс сөздердің қысқаша жазбасын жасады (қараңыз: Лениннің XX жинағы, 91-бет).— *385.*

118 *Азық-түлік жөніндегі Бүкіл россиялық III кеңес* 1921 жылы июньнің 16-нан 24-не дейін Москвада болып өтті. Кеңеске 499 делегат — губерниялық азық-түлік комиссарлары және губерниялық азық-түлік комитеттері коллегияларының мүшелері, әр түрлі азық-түлік ұйымдарынан өкілдер, сондай-ақ губерниялық атқару комитеттерінің, кооперацияның және кәсіподақтардың өкілдері қатысты.

Кеңестің күн тәртібіне мына мәселелер қойылды: 1) азық-түлік салығы туралы, 2) товар айырбасын ұйымдастыру туралы, 3) азық-түлік органдары мен кооперацияның өзара қатынастары туралы, 4) мемлекеттік жабдықтау негіздері туралы және басқа мәселелер.

Ленин кеңес президиумының құрметті мүшесі болып сайланды. Осы томда басылып отырған сөзді Ленин кеңестің бірінші мәжілісінде сөйледі.

Кеңес Совет елінің азық-түлік ісін жолға қоюды жақсартуда зор роль атқарды.— *391.*

119 Ленин бұл арада РКП(б) Бүкіл россиялық X конференциясының *«Экономикалық саясат туралы»* қаулысын айтып отыр (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 280—282-беттер).— *395.*

120 В. И. Лениннің ұсыныстары 1921 жылы 21 июньде РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісінде партияны тазалау жөніндегі комиссияға берілетін директива ретінде қабылданды. Бұл ұсыныстар біраз түзетулермен Орталық Комитет Саяси бюросының партияны тексеру, қайта қарау және тазалау туралы мәселе жөнінде 25 июньде қабылданған қаулысына енді. Осы қаулыны әзірлеуге байланысты Ленин партияға қабылдаудың шарттары туралы заметкалар жазды (қараңыз: осы том, 405-бет). Лениннің ескертпелері Орталық Комитет қабылдаған қаулыда да ескерілді.— *403.*

121 Бұл арада үй комитеттері айтылып отыр.— *405.*

122 14-ескертуді қараңыз.— *409.*

123 35-ескертуді қараңыз.— *418.*

124 РКП(б) X съезі жұмысшылар мен мұқтаж шаруалардың жағдайын жақсарту туралы қарар қабылдады, бұл қарардың жобасын В. И. Ленин жазды (қараңыз: осы том, 94—95-беттер).— *418.*

125 Жарияланып отырған ескертпелерде Ленин Орталық Комитеттің құрамына ұсынылатын кандидатуралардың санын кү-

ні бұрын белгілеген. Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен пленумында съездің көпшілігін жақтаушыларға дауыстардың үштен екісін қамтамасыз ету үшін Ленин «оның платформасын» жақтаушылардан Орталық Комитеттің мүшелігіне 25 адам, Орталық Комитеттің мүшелігіне кандидаттар етіп — 15 адам және Орталық бақылау комиссиясының мүшелері етіп — 7 адам сайлауды ұсыну қажет деп санады. «Оның платформасында» емес съезд делегаттарына Орталық Комитеттің мүшелері үшін 9 орын, Орталық Комитеттің мүшелігіне кандидаттар үшін — 2 немесе 3 орын беру ұсынылды.— *423.*

126 Ұсақ өнеркәсіп пен ірі өнеркәсіптің арақатынасы туралы жазбаны Ленин жеке параққа жазды және оны РКП(б) X съезінде заттай салық туралы жасалған баяндама бойынша сөйлеген қорытынды сөзіне пайдаланды (қараңыз: осы том, 90—91-беттер).— *424.*

127 Документтің «оның платформасын» жақтаушылар кеңестерінің біріне қатысы бар, бұл кеңес, сірә, партияның X съезі ашылар алдында немесе ол жұмыс істеген алғашқы күндерде — 1921 жылы 8 немесе 9 мартта болып өтсе керек.— *425.*

128 Бұл пунктті В. И. Ленин өзі әзірлеген және РКП(б) X съезі қабылдаған «Партияның бірлігі туралы» қарар жобасының 7-параграфында дамыта түсті (қараңыз: осы том, 96—102-беттер).— *425.*

129 Төменде жарияланып отырған документтер Лениннің «Азықтүлік салығы туралы (Жаңа саясаттың маңызы және оның шарттары)» деген кітапшасына дайындық материалдар болып табылады (қараңыз: осы том, 229—274-беттер).

Бірінші документ кітапша жоспарының бастапқы нұсқасы болып саналады. Ленин оның негізінде неғұрлым егжейтегжейлі жоспар — екінші документті, ал одан кейін үшінші және төртінші документтерді талдап жасады. Үшінші документте басқа да мәселелермен қатар кітапшаның мемлекеттік капитализм туралы мәселені баяндайтын бөлімінің мазмұндамасы конспекті түрінде берілген. Төртінші документ кітапшаның «Саяси қорытындылар мен тұжырымдар» деген қорытынды бөлімінің конспекті болып саналады.— *427.*

130 Ленин бұл арада партияның VIII съезінде қабылданған РКП(б) программасының экономикалық бөлімінің 2-пунктін айтып отыр (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 50-бет).— *430.*

131 Келтіріліп отырған деректерде Ленин империалистік елдер мен отарлар халықтарының арақатынасы мен сандық құрамын көрсетіп отыр. Жер шарындағы барлық 1 750 000 000 адамның (1920 жылғы статистика дерегі бойынша) $^1/_7$, яғни 250 000 000 адам империалистік мемлекеттердің халқы және $^4/_7$, яғни 1 000 000 000 адам — отарлардың халқы болды.— *431.*

132 ***РКП(б) Орталық Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің финанс комиссиясы қаулысының жобасы*** В. И. Лениннің енгізген түзетулерімен және қосымшаларымен 1921 жылы 14 апрельде РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісінде бекітілді.— *437.*

133 Кәсіподақтардың Бүкіл россиялық IV съезіндегі коммунистік фракцияның мәжілісі 1921 жылы 18 майда болып өтті, онда ВЦСПС-тің қызметі талқыланды.

Кәсіподақтардың IV съезіне зор маңыз бере отырып, РКП(б) Орталық Комитеті съезд жұмысына басшылық жасау үшін комиссия бөлді. Комиссия ВЦСПС-тің қызметі туралы қарардың жобасын әзірледі, бұл жоба кәсіподақтар съезінің қарарына негіз етіліп алынуға тиіс еді. Комиссия мүшесі М. П. Томскийге бұл жобаны коммунистік фракцияның талқылауына енгізу тапсырылды. Бірақ Томский мұны істемеді. Фракцияның мәжілісінде Д. Б. Рязанов ұсынған қарар қабылданды, бұл қарар партия мен кәсіподақтардың өзара қатынастары туралы партиялық шешімдерге қайшы келді. РКП(б) Орталық Комитетінің 18 майда болған пленумы Рязановтың қарарын айыптап, Томскийді комиссияның құрамынан шығаруды және оны ВЦСПС-те жұмыс істеуден босатуды, ал Рязановты кәсіподақ жұмысынан шеттетуді ұйғарды.

РКП(б) Орталық Комитетінің тапсыруы бойынша В. И. Ленин Рязанов ұсынған қарардың анархо-синдикалистік сипатын түсіндіріп фракцияның мәжілісінде сөз сөйледі. Фракция орасан зор көпшілік дауыспен Рязановтың қарарын қабылдамай тастады және Орталық Комитеттің қарарын қабылдады. Лениннің сөйлеген сөзінің жазбасы КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде жоқ.— *443.*

134 «Тапсырма» жобасының жоспарымен шұғылданудың барысында Ленин үш нұсқа жазды. Бірінші нұсқа жергілікті совет мекемелері есеп дайындағанда жауап беруге тиіс сұрақтардың тізбесі болып саналады. Осы нұсқа пункттерінің бастапқы номерленуі кейін басқаша номерлеумен ауыстырылды (жақша ішінде сол жақта). 13-пункт қайталанатындықтан, 19-пунктті Ленин сызып тастады. Пункттердің екінші рет номерленуі «Тапсырма» жобасын жазу үшін пайдаланылды. Жоспардың екінші нұсқасында сұрақтар **αα, ββ, γγ** деген негізгі үш топ бойынша топтастырылған. Жоспардың әбден

жетілдірілген үшінші нұсқасы «Тапсырма» жобасына негіз етіп алынды (қараңыз: осы том, 297—326-беттер).— *445.*

[135] Бұл сөздің жоспарын Ленин кәсіподақтардың 1921 жылы 17—25 майда болып өткен Бүкіл россиялық IV съезінде сөйлеу үшін әзірледі. Алайда Лениннің съезде сөйлеген сөзі туралы деректер Марксизм-ленинизм институтында болмай отыр.— *451.*

[136] Төменде жарияланып отырған документтер РКП(б) Бүкіл россиялық X конференциясында В. И. Лениннің азық-түлік салығы туралы жасаған баяндамасына дайындық материалдар болып табылады (қараңыз: осы том, 335—353-беттер).

Бірінші документ — баяндама жоспарының бастапқы нобайы. Екінші документ өзінің мазмұны жағынан баяндаманың текстіне негұрлым жақын.— *453.*

[137] Жоспардың 11 және 12-пункттерін Ленин 1921 жылы 27 майда азық-түлік салығы туралы баяндама бойынша сөйлеген қорытынды сөзінде пайдаланды (қараңыз: осы том, 354—372-беттер.— *454.*

[138] Лениннің ескертпелері РКП(б) Орталық Комитетінің жұмыс жоспарының алтыншы және жетінші пункттері жөнінде жасалған, бұл жоспар партияның Бүкіл россиялық X конференциясына арнап жасалған болатын. 1921 жылы 28 майда конференция Орталық Комитеттің жұмыс жоспарын бекітті (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 282—284-беттер).— *461.*

[139] Ленин бұл арада партияның ұйымдық жұмысының ең таяудағы міндеттерін талқылау үшін губерниялық комитеттердің ұйымдастыру-нұсқау бөлімдері меңгерушілерінің 1921 жылы майда өткізілетін болып белгіленген Бүкіл россиялық кеңесін айтып отыр. Кеңес өтпей қалды.— *461.*

[140] Ленин Петроград губерниялық XIV партия конференциясында «оның платформасын» жақтаушылардан РКП(б) X съезіне шешуші дауыс правосымен делегат болып сайланды. Бірақ, қалада жағдайдың қиын болуына және Кронштадтта контрреволюциялық бүліктің басталуына байланысты, делегация сайланған құрамында съезге бара алмады. Сірә, Петроград делегациясының сайланғаны туралы протоколдың жоқтығына байланысты Ленин анкетада кеңесші дауыспен деп көрсеткен болуы керек. Алайда ол барлық қарарларға дауыс беруге қатысып, X съездің шешуші дауыспен сайланған делегаттарының тізіміне тіркелген (қараңыз: «РКП(б) X съезі. 8—16 март, 1921 ж. Стенографиялық есеп». М., 1963, 729-бет).— *465.*

В. И. ЛЕНИН ЦИТАТ КЕЛТІРГЕН ЖӘНЕ АУЫЗҒА АЛҒАН ӘДЕБИ ЕҢБЕКТЕР МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕР КӨРСЕТКІШІ

[*Бухарин, Н. И.*] *Разоблачения г. Милюкова.* [Передовая].— «Правда», М., 1921, № 110, 22 мая, стр. 1.— *355.*

«Бюллетень Всероссийской Конференции РКП (большевиков)», М., 1921, № 1, 27 мая, стр. 1—24.— *334, 354, 358—359.*

— 1921, № 2, 28 мая, стр. 1—23.— *334, 357—358, 359—360, 455.*

«Бюллетень 2-го Всероссийского Съезда Горнорабочих», М., 1921, № 1, 25 января, стр. 1—4.— *18, 53—54.*

— 1921, № 2, 26 января, стр. 2—4.— *36, 42—45, 53—54.*

«Бюллетень IV Всероссийского Съезда Профессиональных Союзов». (Полный стеногр. отчет). М., 1921, № 5, 25 мая, стр. 32—33.— *400.*

— 1921, № 6, 26 мая, стр. 5—8.— *327, 328, 361.*

Восьмой Всероссийский съезд Советов рабочих, крестьянских, красноармейских и казачьих депутатов. Стеногр. отчет. (22—29 декабря 1920 года). М., Госиздат, 1921. 299 стр. (РСФСР).— *34, 60.*

«Вперед», М.— 236.

— 1918, № 71 (317), 25 (12) апреля, стр. 4.— *210.*

2-ой конгресс Коммунистического Интернационала. Стеногр. отчет. Пг., изд-во Коммунистического Интернационала, 1921. 682 стр.— *3, 45—46, 104, 113, 420.*

Гоголь, Н. В. Ревизор.— *58, 59.*

[*Гольцман, А. З.*] *Тезисы т. Гольцмана* [*по тарифному вопро-*

Кодекс законов о труде.—«Собрание Узаконений и Распоряжений Рабочего и Крестьянского Правительства», М., 1918, №№ 87—88, 10 декабря, ст. 905, стр. 1099—1114.— *198.*

**Коллонтай, А. М. Рабочая оппозиция.* На правах рукописи. М., 1921. 48 стр. (Только для членов X-го съезда РКП).— *40—41, 42, 43, 44—45, 46—47, 48—53, 54—55, 56, 61—62.*

«Коммунистический Интернационал», М.— Пг., 1920, № 13, 28 сентября, стлб. 2387—2392.— *20.*

Конституция (Основной закон) Российской Социалистической Федеративной Советской Республики. Опубликована в № 151 «Известий Всерос. Центр. Исп. Комитета» от 19 июля 1918 г. М., Гиз., 1919, 16 стр. (РСФСР).— *146—147, 367.*

Кронштадт.—«Социалистический Вестник», Берлин, 1921, № 5, 5 апреля, стр. 2—6.— *267.*

[*Ленин, В. И.*] *Главная задача наших дней.*— В кн.: [Ленин, В. И.] Главная задача наших дней. О «левом» ребячестве и о мелкобуржуазности. Пг., изд. Петроградского Совдепа, 1918, стр. 1—7. Перед загл. кн. авт.: Н. Ленин.— *229.*

— *Главная задача наших дней.* М., «Прибой», 1918. 47 стр. Перед загл. авт.: Н. Ленин.— *174—177, 209, 448—449, 461.*

— *Главная задача наших дней.* О «левом» ребячестве и о мелкобуржуазности. Пг., изд. Петроградского Совдепа, 1918. 32 стр. Перед загл. кн. авт.: Н. Ленин.— *229—243, 244—245, 246—247, 248, 253—254, 255—256, 268—269.*

*— *Государство и революция.* Учение марксизма о государстве и задачи пролетариата в революции. Вып. 1, Пг., «Жизнь и Знание», 1918. 115 стр. (Б-ка обществоведения. Кн. 40-я). Перед загл. авт.: В. Ильин (Н. Ленин).— *433.*

*— *Грозящая катастрофа и как с ней бороться.* Пг., тип. «Сов. раб. и солд. деп. Вас. Остр.», 1917. 32 стр. (РСДРП. Солдатская и крестьянская б-ка. № 13). Перед загл. авт.: Н. Ленин.— *237—239.*

— [*Доклад о замене разверстки натуральным налогом на X съезде РКП(б) 15 марта 1921 г.*].— В кн.: Десятый съезд Российской Коммунистической партии. Стеногр. отчет. (8—16 марта 1921 г.). М., Госиздат, 1921, стр. 221—227. (РКП(б)).— *82, 86.*

— *Доклад о концессиях на заседании коммунистической фракции ВЦСПС 11 апреля 1921 г.*— *204.*

* В. И. Ленин белгілер салған кітаптар, газеттер, мақалалар мен документтер жұлдызшамен белгіленді; бұлар КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы.

— *Доклад о продовольственном налоге — қараңыз*: Ленин, В. И. Доклад тов. Ленина о продналоге на X Всероссийской конференции РКП(б). 26 мая 1921 г.

— *Доклад о роли и задачах профессиональных союзов на заседании коммунистической фракции съезда — қараңыз:* Ленин, В. И. Речь тов. Ленина на заседании фракции РКП(б) II Всероссийского съезда горнорабочих.

[*Ленин, В. И.*] [*Доклад об единстве партии и анархо-синдикалистском уклоне на X съезде РКП(б), 1921 г.*].— В кн.: Десятый съезд Российской Коммунистической партии. Стеногр. отчет. (8—16 марта 1921 г.). М., Госиздат, 1921, стр. 281—284. (РКП(б)).— *118, 121.*

— *Доклад об очередных задачах Советской власти на заседании ВЦИК 29 апреля 1918 г.— 8.*

— *Доклад тов. Ленина о продналоге* [*на X Всероссийской конференции РКП(б). 26 мая 1921 г.*].—«Бюллетень Всероссийской Конференции РКП(большевиков)», М., 1921, № 1, 27 мая, стр. 1—9. Под общ. загл.: Первый день (26-го мая).— *334, 354.*

— *Еще раз о профсоюзах, о текущем моменте и об ошибках Троцкого и Бухарина.* М., Госиздат, 1921. 32 стр. (Только для членов РКП. РСФСР). Перед загл. авт.: Н. Ленин.— *43—45.*

— *Заключительное слово т. Ленина* [*по докладу о продовольственном налоге на X Всероссийской конференции РКП(б)*].—«Бюллетень Всероссийской Конференции РКП (большевиков)», М., 1921, № 2, 28 мая, стр. 16—23. Под общ. загл.: Второй день (27-го мая).— *334.*

— *Заключительное слово т. Ленина* [*по докладу о роли и задачах профессиональных союзов на заседании коммунистической фракции 2-го Всероссийского съезда горнорабочих 24 января 1921 г.*].—«Бюллетень 2-го Всероссийского Съезда Горнорабочих», М., 1921, № 2, 26 января, стр. 3—4.— *18—19, 42—45.*

— *Наказ от СТО (Совета Труда и Обороны) местным советским учреждениям.* Проект. [М., 21 мая 1921]. 20 стр. Под загл.: Проект. Наказ от СТО (Совета Труда и Обороны) местным советским учреждениям. Без обл. и тит. л.— *294, 295, 375, 378, 383, 384, 385, 387—388, 444.*

— *Наше внешнее и внутреннее положение и задачи партии.* (Речь т. Ленина на Московской губернской конференции [21] ноября 1920 г.).— В кн.: Очередные вопросы текущей работы партии. Вып. 1. Для ячеек. М., изд. Моск. ком. РКП(б), 1920, стр. 3—27. (РКП(б)).— *40—41, 209—212.*

ла. 23 июля 1920 г.].— В кн.: 2-ой конгресс Коммунистического Интернационала. Стеногр. отчет. Пг., изд-во Коммунистического Интернационала, 1921, стр. 80—84.— *45—46.*

— [*Речь при открытии X съезда РКП(б) 8 марта 1921 г.*].— В кн.; Десятый съезд Российской Коммунистической партии. Стеногр. отчет. (8—16 марта 1921 г.). М., Госиздат, 1921, стр. 1—2. (РКП(б)).— *16, 20, 52—53.*

[*Ленин, В. И.*] *Речь т. Ленина на собрании секретарей ячеек Московской организации* [*26 ноября 1920 г.*].—«Правда», М., 1920, № 269, 30 ноября, стр. 2.— *209—211.*

— *Речь тов. Ленина* [*на заседании фракции РКП(б) 2-го Всероссийского съезда горнорабочих*].—«Бюллетень 2-го Всероссийского Съезда Горнорабочих», М., 1921,- № 1, 25 января, стр. 1—2.— *53.*

— *Речь тов. Ленина о международном и внутреннем положении Советской республики на заседании пленума Московского Совета 28 февраля* [*1921 г.*]. М., изд. Моск. ком. РКП, 1921. 11 стр. (РКП(б)).— *39.*

Маркс, К. Критика Готской программы. Апрель — начало мая 1875 г.— *109, 236—237.*

— *Письмо И. Вейдемейеру.* 5 марта 1852 г.— *109.*

«Наше Хозяйство», Тверь, 1921, № 1, 15 апреля. 24 стр.— *304—307.*

— 1921, № 2, 30 апреля. 20 стр.— *304—307.*

«Новая Жизнь», Пг.— *236.*

О замене разверстки натуральным налогом. [Резолюция, принятая на X съезде РКП(б). 1921 г.].— В кн.: Десятый съезд Российской Коммунистической партии. Стеногр. отчет. (8—16 марта 1921 г.). М., Госиздат, 1921, стр. 327. (РКП(б)).— *132, 376—377, 397—398.*

**О концессиях.* Декрет Совета Народных Комиссаров от 23 ноября 1920 г. Текст декрета. Объекты концессий. Карты. М., Госиздат, 1920. 23 стр.; 3 л. карт. (РСФСР).— *22—23, 183, 411—412. 414.*

**О роли профессиональных союзов в производстве.* Доклады тт. Зиновьева и Троцкого, речь т. Ленина, содоклады тт. Бухарина, Ногина, Шляпникова и Рязанова и заключительные слова тт. Троцкого и Зиновьева на соединенном заседании делегатов 8-го съезда Советов, ВЦСПС и МГСПС — членов РКП 30-го декабря 1920 г. М., 1921. 79 стр. (Бюро фракции РКП ВЦСПС. Только для членов РКП).— *59—60, 420.*

Попов, П. И. Производство хлеба в РСФСР и федерирующихся с нею республиках. (Хлебная продукция). М., Госиздат, 1921. 56 стр.; 1 л. табл, (РСФСР).— *171, 351—352.*

— *Хлебная продукция Советской и федерируемых с нею республик.* М., [1921]. 15 стр. (РСФСР. Только для членов X съезда РКП).— *78, 92, 171, 349—350, 418.*

«Последние Новости», Париж, 1921, № 273, 11 марта, стр. 1.— *154—156, 266—267, 268.*

Постановление Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета и Совета Народных Комиссаров о расширении прав крестьянских комитетов по улучшению сельскохозяйственного производства (селькомов). 27 мая 1921 г.—«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1921, № 115 (1258), 28 мая, стр. 2, в отд.: Действия и распоряжения правительства.— *304—305.*

Постановление Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета о замене продовольственной и сырьевой разверстки натуральным налогом. [21 марта 1921 г.].—«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1921, № 62 (1205), 23 марта, стр. 2. Под общ. загл.: Сессия ВЦИК.— *251, 275, 297—298, 322.*

Постановление Совета Народных Комиссаров о размерах натурального налога на 1921—22 гг. 28 марта 1921 г.—«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1921, № 67 (1210), 29 марта, стр. 1, в отд.: Действия и распоряжения правительства.— *275, 298.*

«Правда», М.— *38—39, 125.*

— 1920, № 219, 2 октября, стр. 1.— *34.*

— 1920, № 269, 30 ноября, стр. 2.— *210.*

— 1921, № 15, 25 января, стр. 2—3.— *43—44, 45—46, 47, 60—62, 103—104, 105, 109, 111, 112—113, 115—117, 118.*

— 1921, № 19, 29 января, стр. 2—3.— *58.*

— 1921, № 35, 17 февраля, стр. 1; № 43, 26 февраля, стр. 1.— *38, 39.*

— 1921, № 57, 16 марта, стр. 3.— *133—134.*

— 1921, № 110, 22 мая, стр. 1.— *355.*

РКП(б)», М., 1921, № 32, 6 августа, стр. 6—7. Под общ. загл.: Резолюции и материалы майской партийной конференции.— *385, 394—396, 397—398.*

Резолюция по аграрному вопросу, [*принятая на II конгрессе Коминтерна*].— В кн.: 2-ой конгресс Коммунистического Интернационала. Стеногр. отчет. Пг., изд-во Коммунистического Интернационала, 1921, стр. 607—618.— *112.*

Резолюция фракции коммунистов по тарифному вопросу, [*принятая на IV Всероссийском съезде профессиональных союзов.* 24 мая 1921 г.].—«Бюллетень IV Всероссийского Съезда Профессиональных Союзов». (Полный стеногр. отчет). М., 1921, № 5, 25 мая, стр. 32—33.— *400.*

[*Решение ЦК РКП(б) по проекту т. Ларина и ВЦСПС о тарифной политике.* 10 мая 1921 г.].—«Известия ЦК РКП(б)», М., 1921, № 32, 6 августа, стр. 3, в ст.: Отчет ЦК РКП за время с 1-го мая по 1-ое июня 1921 года.— *329—331, 363, 455.*

[*Рудзутак, Я. Э. Тезисы о производственной роли профсоюзов*].— В кн.: Пятая Всероссийская конференция профессиональных союзов. (3—7 ноября 1920 г.). Стеногр. отчет. М., 1921, стр. 71—74.— *58—60.*

«Советская республика в капиталистическом окружении». [Постановление, принятое на X съезде РКП(б). 1921 г.].— В кн.: Десятый съезд Российской Коммунистической партии. Стеногр. отчет. (8—16 марта 1921 г.). М., Госиздат, 1921, стр. 328—329. (РКП(б)).— *134, 185, 200, 202, 205, 207.*

Сорокин, П. А. и Рогов, М. Разверстка или налог.—«Правда», М., 1921, № 35, 17 февраля, стр. 1; № 43, 26 февраля, стр. 1.— *38, 39.*

«Социалистический Вестник», Берлин, 1921, № 5, 5 апреля, стр. 2—6.— *267—268.*

Тезисы рабочей оппозиции. Задачи профессиональных союзов.— «Правда», М., 1921, № 15, 25 января, стр. 2—3.— *43—44, 45, 46—47, 60—62, 103—104, 105, 109, 111, 112, 113, 115—117, 118.*

Тезисы т. Шляпникова — қараңыз: Тезисы рабочей оппозиции.

Тов. Красин в Лондоне.—«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1921, № 51 (1194), 8 марта, стр. 2, в отд.: За границей. Под загл.: Англия.— *22.*

III сессия ВЦИК. Вечернее заседание.—«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1921, № 117 (1260), 31 мая, стр. 1.— *385.*

Троцкий, Л. Д. Есть разногласия, но к чему путаница?—«Правда», М., 1921, № 19, 29 января, стр. 2—3.— *58.*

— *Роль и задачи профессиональных союзов (к 10-му съезду партии).* М., Госиздат, 1920, 32 стр. (РСФСР).— *59.*

Условия приема в Коммунистический Интернационал.—«Коммунистический Интернационал», М.— Пг., 1920, № 13, 28 сентября, стлб. 2387—2392.— *20.*

Устав Российской Коммунистической партии (большевиков). М., Госиздат, 1920. 16 стр. (РСФСР).— *119, 333, 450.*

Чехов, А. П. Человек в футляре.— 241.

Шляпников, А. Г. Накануне 1917 года. Воспоминания и документы о рабочем движении и революционном подполье за 1914—1917. М., 1920. 290 стр.— *116.*

«Экономическая Жизнь», М.— *295—296, 325, 403, 444, 446.*

Энгельс, Ф. Анти-Дюринг. Переворот в науке, произведенный господином Евгением Дюрингом. Сентябрь 1876 — июнь 1878 гг.— *109, 110.*

— *Крестьянский вопрос во Франции и Германии.* 15—22 ноября 1894 г.— *237—239.*

— *Происхождение семьи, частной собственности и государства.* В связи с исследованиями Льюиса Г. Моргана. Конец марта — 26 мая 1884 г.— *61, 109, 110.*

Chessin, S. De la révolte de la flotte baltique contre le gouvernement des Soviets.—«L'Écho de Paris», 1921, N 13330, 14 février.— *26—27, 52—53.*

Clark, E. Facts and Fabrications about Soviet Russia. New York, 1920. 93 p.— *139.*

«The Daily Chronicle», London.— *138.*

«L'Écho de Paris», 1921, N 13330, 14 février.— *26—27, 52—53.*

Ludendorff, E. Meine Kriegserinnerungen 1914—1918. Mit zahlreichen Skizzen und Plänen. Berlin, Mittler, 1919. VIII, 628 S.— *215.*

«Le Matin», Paris.— *136—138.*

— 1921, N 13480, 14 février.— *26—27, 52—53.*

Moscou prend des mesures contre les révoltés de Cronstadt. [Helsingfors, 11 février].—«Le Matin», Paris, 1921, N 13480, 14 février.— *26—27, 52—53.*

Spargo, J. Bolshevism. The Enemy of Political and Industrial Democracy. New York — London, Harper, 1919. 10, 389 p.— *210.*

— *«The Greatest Failure in all History».* A Critical Examination of the Actual Workings of Bolshevism in Russia. New York — London, 1920. XVII, 486 p.— *210.*

— *The Psychology of Bolshevism.* New York, 1920. 150 p.— *210.*

— *Russia as an American Problem.* New York — London, Harper, 1920. 10, 444 p.— *210.*

«The Times», London.— *138.*

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

А

Адлер (Adler), *Фридрих* (1879—1960) — Австрия социал-демократиясы оң қанатының лидері. Австриядағы 1918 жылғы революциядан кейін контрреволюция лагеріне өтіп кетті. В. И. Ленин осы тұстағы Адлерді социализмнің ең масқара опасыздарының және сатқындарының бірі деп сипаттады. Адлер центристік II½ Интернационалды ұйымдастырушылардың қатарында (1921—1923), ал одан соң —«Социалистік жұмысшы Интернационалы» дейтіннің лидерлерінің бірі болды.— *268.*

Алексинский, Г. А. (1879 ж. туған) — өзінің саяси қызметінің бас кезінде — социал-демократ. Бірінші орыс революциясы дәуірінде большевиктерге қосылды. Реакция жылдарында — шақырымпаз, антипартиялық «Вперед» тобын ұйымдастырушылардың бірі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист, бірқатар буржуазиялық газеттердің қызметкері. 1917 жылы Плехановтың «Бірлік» тобына кірді. Контрреволюциялық позиция ұстады. 1917 жылы июльде В. И. Ленин мен большевиктерге жала жапты. 1918 жылы апрельде шетелге қашып кетті. Эмиграцияда барып тұрған реакция лагеріне қосылды.— *210.*

Андреев, А. А. (1895—1971) — Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің қайраткері, 1914 жылдан партия мүшесі. 1915—1917 жылдары — РСДРП Петроград комитетінің мүшесі, Петроград металлистер одағын ұйымдастырушылардың бірі. Совет өкіметінің алғашқы жылдарында Урал мен Украинада басшы кәсіподақ, партия және мемлекеттік жұмыста болды. 1920—1922 жылдары — ВЦСПС секретары, РКП(б) Орталық Комитетінің мүшесі; 1922—1927 жылдары — теміржолшылар одағы Орталық комитетінің председателі, 1924—1925 жылдары — РКП(б) Орталық Комитетінің секретары, 1930—1931 жылдары — ВКП(б) Орталық Бақылау Комиссиясының председателі, 1931—1935 жылдары — қатынас жолдары халық комиссары, 1932 жылдан 1952 жылға дейін — ВКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросы-

ның мүшесі, 1935 жылдан 1946 жылға дейін — ВКП(б) Орталық Комитетінің секретары, 1939 жылдан 1952 жылға дейін — ВКП(б) Орталық Комитеті жанындағы Партиялық бақылау комиссиясының председателі, 1943 жылдан 1946 жылға дейін — егіншілік халық комиссары, 1946 жылдан 1953 жылға дейін — СССР Министрлер Советі Председателінің орынбасары, 1957 жылдан бастап Совет-қытай достығы қоғамының председателі болды.— *287.*

Б

Бебель (Bebel), *Август* (1840—1913) — герман социал-демократиясы мен халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткерлерінің бірі. I Интернационалдың мүшесі болды. 1869 жылы В. Либкнехтпен бірге неміс Социал-демократиялық жұмысшы партиясын («Эйзенахшылдар») құрды; талай рет рейхстагқа депутат болып сайланды. 90-жылдары және 900-жылдардың басында герман социал-демократиясы қатарындағы реформизм мен ревизионизмге қарсы шықты. В. И. Ленин оның бернштейншілдерге қарсы сөйлеген сөздерін «маркстік көзқарастарды қорғаудың және жұмысшы партиясының шын социалистік сипаты жолындағы күрестің үлгісі» (Шығармалар толық жинағы, 23-том, 405-бет) деп санады.— *214.*

Богаевский, М. П. (1881—1918) — Дондағы контрреволюцияға белсене қатысушы. 1917 жылғы 18 июньнен 1918 жылғы 29 январьға дейін — Дон Әскері әскери атаманының (генерал Калединнің) орынбасары, сонымен бірге 1918 жылғы январьдың бас кезінен контрреволюциялық «Дон үкіметінің» құрамына кірді. Қамауға алынып, сотталды, белсенді контрреволюциялық қызметі үшін 1918 жылы 1 апрельде атылды.— *242.*

Брусилов, А. А. (1853—1926) — ескі орыс армиясының генералы. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде 8-армияның қолбасшысы болды. 1916 жылы Оңтүстік-Батыс майданының бас қолбасшысы ретінде Австро-Венгрия армиясының қорғаныс шебін бұзуды ойдағыдай жүзеге асырды. 1917 жылы май — июльде — орыс армиясының бас қолбасшысы. 1919 жылы Қызыл Армияда қызмет етуге ауысты. 1920 жылы Республика қарулы күштерінің бас қолбасшысы жанындағы Ерекше Кеңестің председателі болып тағайындалды. Кейін атты әскер инспекторының міндетін атқарды. 1924 жылдан — отставкада.— *137.*

Брюханов, Н. П. (1878—1938) — советтің мемлекет қайраткері, 1902 жылдан РСДРП мүшесі, 1904 жылдан — большевик. Қазанда, Симбирскіде, Уфада және Россияның басқа да қалаларында партиялық жұмыс жүргізді. Талай рет патша үкіметінің жазалауына ұшырады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — РСДРП Уфа біріккен комитетінің мүшесі, жұмысшы және солдат депутаттары Уфа

Советінің председателі. 1917 жылы октябрьде — Уфа губерниялық революциялық комитетінің мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — азық-түлік халық комиссарының орынбасары, ал 1921 жылдан азық-түлік халық комиссары, финанс халық комиссары, жабдықтау халық комиссарының орынбасары, СССР Халық Комиссарлары Советінің жанындағы егіннің шығымдылығын анықтау жөніндегі комиссия председателінің орынбасары. Партияның XV және XVI съездерінде ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат болып сайланды.— *359.*

Буденный, С. М. (1883—1973) — советтің әскери және мемлекет қайраткері, Совет Одағының Маршалы, Совет Одағының Батыры. 1919 жылдан партия мүшесі. 1919—1921 жылдары атты әскер дивизиясының, атты әскер корпусының, одан кейін Деникиннің, ақ поляктардың және Врангельдің ақ гвардияшыл әскерлерін талқандауда аса көрнекті роль атқарған Бірінші атты әскер армиясының қолбасшысы болды. 1921 жылы майда Солтүстік-Кавказ әскери округы Әскери советінің мүшесі болып тағайындалды. 1923 жылы — атты әскер Бас қолбасшысының көмекшісі және Республика Революциялық-әскери советінің мүшесі. 1924—1937 жылдары Жұмысшы-Шаруа Қызыл Армиясының атты әскер инспекторы. 1937 жылдан — Москва әскери округы әскерлерінің қолбасшысы. 1939 жылдан — қорғаныс халық комиссарының орынбасары. Ұлы Отан соғысы жылдарында Совет Армиясында бірқатар басшы қызметтер атқарды. 1953 жылғы май айынан — СССР Қорғаныс министрлігінің атты әскер инспекторы.

РСФСР Советтерінің 8-съезінен бастап үздіксіз Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің, СССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі, СССР Жоғарғы Советінің депутаты; 1938 жылдан — СССР Жоғарғы Советі Президиумының мүшесі.

Партияның XVII съезінде ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат, партияның XVIII съезінде ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды.— *135, 138.*

Бурцев, В. Л. (1862—1936) — 80-жылдардағы революциялық қозғалысқа қатысты, халық еркшілеріне жақын болды. Тұтқында болғаннан кейін шетелге қашты, онда революциялық қозғалыстың документтерін жинап, жариялаумен шұғылданды. «Былое» журналын шығарды. Бірінші орыс революциясының алдында эсерлерге жақын болды, революция жеңіліске ұшырағаннан кейін кадеттерді қолдады. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — нағыз шовинист. Россияға қайтып келіп, большевиктерге қарсы контрреволюция жағында әрекет жасады. Октябрь социалистік революциясынан кейін шетелге эмиграцияға кетіп, СССР-ге қарсы күресу үшін ақ гвардиялық-монархистік ұйымдарды құруға қатысты.— *154.*

Бухарин, Н. И. (1888—1938) — 1906 жылдан большевиктік партияда болды; Москваның әр түрлі аудандарында насихатшы бо-

лып істеді. 1911 жылы шетелге эмиграцияға кетті. 1915 жылы «Коммунист» журналына жазып тұрды, мемлекет туралы, пролетариат диктатурасы туралы, ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы және басқа мәселелер жөнінде маркстік позицияға жатпайтын позиция ұстады. Партияның VI съезінде жұмысшы табы мен ең кедей шаруалардың одағын теріске шығаруды негізге ала отырып, революцияны дамытудың антилениндік схемасын ұсынды.

Октябрь социалистік революциясынан кейін —«Правданың» редакторы, Орталық Комитеттің Саяси бюросының мүшесі, Коминтерн Атқару комитетінің мүшесі болды. Партияның лениндік саясатына талай рет қарсы шықты: 1918 жылы антипартиялық «солшыл коммунистер» тобын басқарды; партия ішінде кәсіподақтар туралы айтыс кезінде (1920—1921) әуелі «аралық» позиция ұстады, кейіннен Троцкийдің тобына қосылды; 1928 жылдан бастап партия ішінде оңшыл оппозицияны басқарды. 1929 жылы Орталық Комитеттің Саяси бюросынан шығарылды; 1937 жылы антипартиялық қызметі үшін партия қатарынан шығарылды.— *39, 61, 237—239, 240—242, 355.*

В

Вальк — меньшевик. Кронштадт бүлігі кезінде Уақытша революциялық комитет дейтіннің құрамына кірді. Бүлік жойылғаннан кейін шетелге қашып кетті.— *268.*

Вандерлип (Vanderlip), *Вашингтон, Б.* (1866 ж. туған) — инженер, американ өнеркәсіп топтарының өкілі. 1920 жылы Камчаткадағы мұнай мен көмірді концессияға алу туралы шарт жасасуды ұсынып Советтік Россияға келді.— *74, 195—196, 209.*

Варейкис, И. М. (1894—1939) — 1913 жылдан большевиктер партиясының мүшесі. Революциялық жұмысты 1911 жылы Москва губерниясында бастады. Октябрь социалистік революциясына белсене қатысты.

1918 жылдан 1937 жылға дейін жауапты партия жұмысында болды: Донецк-Кривой Рог облыстық партия комитетінің секретары, Витебск губерниялық атқару комитетінің председателі, одан кейін Симбирск және Киев губерниялық партия комитеттерінің секретары, ВКП(б) Орталық Комитеті Орта Азия бюросының секретары, ВКП(б) Орталық Комитеті баспасөз бөлімінің меңгерушісі, Саратов, Воронеж және Сталинград облыстық партия комитеттерінің секретары, Қиыр Шығыс өлкелік партия комитетінің секретары болып істеді.— *354, 455.*

Васильев, Б. А. (1889—1939) — 1904 жылдан партия мүшесі, 1921—1922 жылдары — Тамбов губерниялық партия комитетінің секретары және Тамбов губерниясында бандитизмді жою жөнінде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті комиссиясы пред-

седателінің орынбасары; 1925 жылдан Коминтернде істеді.— *363—364, 455.*

Врангель, П. Н. (1878—1928) — патша армиясының генералы, барон. Барып тұрған монархист. Шетел соғыс интервенциясы мен СССР-дегі азамат соғысы кезеңінде — ағылшын-француз және американ империалистерінің итаршысы. 1920 жылғы апрель — ноябрьде Россияның Оңтүстігіндегі ақ гвардиялық қарулы күштердің бас қолбасшысы болды. Бұл күштерді Қызыл Армия Солтүстік Таврия мен Қырымда талқандағаннан кейін шетелге қашып кетті.— *8, 51, 148, 153—155, 167—168, 410, 413.*

Г

*Ганецкий (Фюрстенберг**), *Я. С.* (1879—1937) — поляк және орыс революциялық қозғалысының көрнекті қайраткері, 1896 жылдан социал-демократиялық партияның мүшесі. Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының бірқатар съездеріне, сондай-ақ РСДРП-ның II, IV және V съездеріне қатысқан, РСДРП V съезінде партияның Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды. 1917 жылы — РСДРП(б) Орталық Комитеті Шетелдік бюросының мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Финанс халық комиссариатында істеді, кейіннен дипломатиялық жұмыста болды, 1921—1923 жылдары — Сыртқы істер халық комиссариаты коллегиясының мүшесі, одан кейін Сауда халық комиссариаты коллегиясының және Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының мүшесі болды. 1935 жылдан — СССР Мемлекеттік Революция музейінің директоры.— *136.*

Гардинг (Harding), *Уоррен* (1865—1923) — американ саяси қайраткері, журналист. 1921—1923 жылдары — Республикалық партиядан сайланған Америка Құрама Штаттарының президенті.— *209.*

Ге, А. Ю. (1919 ж. қайтыс болған) — орыс анархисі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметін жақтады. 3 және 4-сайланған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болды; Солтүстік-Кавказ совет үкіметінің құрамына кірді.— *236.*

Гиттис, В. М. (1881—1938) — ескі орыс армиясының полковнигі, 1918 жылдан бастап Қызыл Армияда қызмет етті. 1918 жылғы сентябрьден ноябрьге дейін Солтүстік майданның VI армиясының қолбасшысы, одан кейін VIII армияның қолбасшысы және Оңтүстік майдан армияларының қолбасшысы болды. 1919 жылғы июльден 1920 жылғы майға дейін — Батыс майданы қолбасшысы, 1920 жылғы майдан 1921 жылғы июльге дейін — Кав-

* Жақша ішінде курсивпен шын фамилиясы көрсетілген.

каз майданының қолбасшысы. Кейін Қызыл Армияда әр түрлі командирлік қызметтер атқарды.— *286.*

Гольдендах, Д. Б.— қараңыз: Рязанов, Д. Б.

Гольцман, А. З. (1894—1933) — революциялық қозғалысқа 1910 жылдан қатысты; 1917 жылғы апрельден большевиктер партиясының мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін кәсіподақ және шаруашылық жұмысында басшы қызметтер атқарды. 1917 жылдан 1920 жылға дейін — Металлистер одағы Орталық комитетінің мүшесі. 1920—1921 жылдары — ВЦСПС президиумының мүшесі. Кәсіподақ айтысы кезінде Троцкийдің платформасын жақтады. 1922 жылдан — Халық шаруашылығы жоғары советінде, Орталық Бақылау Комиссиясы — Жұмысшы-Шаруа инспекциясында, Азаматтық әуе флоты Бас басқармасында жауапты жұмыстар атқарды.— *59, 287, 327, 328, 361.*

Гурвич, Ф. И.— қараңыз: Дан, Ф. И.

Гусев, С. И. (Драбкин, Я. Д.) (1874—1933) — большевик. Революциялық қызметін 1896 жылы Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағында» бастады, талай рет патша үкіметінің қуғындауына ұшырады. 1917 жылғы октябрь күндерінде Петроград Әскери-революциялық комитетінің секретары болды; 1918 жылдан Қызыл Армияда саяси жұмыс атқарды, 1921—1923 жылдары — Республика Революциялық-әскери советінің мүшесі және Саяси басқармасының бастығы; 1923 жылдан — РКП(б) Орталық Бақылау Комиссиясының секретары және Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссариатының коллегия мүшесі, 1925 жылдан — РКП(б) Орталық Комитеті баспасөз бөлімінің меңгерушісі, 1928—1933 жылдары — Коминтерн Атқару комитеті Президиумының мүшелігіне кандидат.— *370, 456.*

Д

Дан (Гурвич), Ф. И. (1871—1947) — меньшевиктер лидерлерінің бірі. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында шетелде жойымпаздар тобын басқарды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Петроград Советі атқару комитетінің мүшесі және бірінші сайланған Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі; буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті. Совет мемлекетінің жауы ретінде 1922 жылдың басында шетелге қуылып жіберілді.— *266, 435.*

Данишевский, К. Х. (1884—1941) — 1900 жылдан РСДРП мүшесі, большевик. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Республика Революциялық-әскери советінің және Шығыс майданы Революциялық-әскери советінің мүшесі, Республика Революциялық-әскери трибуналының председателі. Латвияда Совет өкіметі орнағаннан кейін — Латвия Революциялық-әскери советінің председателі. 1921 жылдан РСДРП(б) Орталық Комитеті Сибирь бюросының секретары, одан кейін басшы шаруашылық жұмыста болды.— *82.*

Деникин, А. И. (1872—1947) — патша армиясының генералы; шетел соғыс интервенциясы және азамат соғысы кезеңінде (1918—1920) — ағылшын-француз және американ империалистерінің итаршысы; Россияның оңтүстігіндегі ақ гвардиялық қарулы күштердің бас қолбасшысы. Совет әскерлері бұл қарулы күштерді талқандағаннан (март, 1920) кейін шетелге эмиграцияға кетті.— *19, 21, 26, 39, 80, 148, 158, 167, 272, 338, 366, 429, 455.*

Драбкин, Я. Д.— қараңыз: Гусев, С. И.

Дридзо, С. А.— қараңыз: Лозовский, С. А.

Дрожжин.— 82.

Е

Енукидзе, А. С. (1877—1937) — Советтің мемлекет қайраткері, 1898 жылдан партия мүшесі. Тифлисте, Бакуде, Дондағы Ростовта, Петербургте және басқа қалаларда партиялық жұмыс жүргізді. Талай рет патша үкіметінің жазалауына ұшырады. Октябрь социалистік революциясынан кейін Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Әскери бөлімінде істеді, 1918 жылдан — Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің секретары, 1923 жылдан 1935 жылға дейін — СССР Орталық Атқару Комитетінің секретары.— *207.*

З

Зиновьев (Радомысльский), Г. Е. (1883—1936) — 1901 жылдан большевиктік партияда болды. 1908 жылдан 1917 жылғы апрельге дейін эмиграцияда болды, «Пролетарий» газетінің және партияның Орталық Органы — «Социал-Демократтың» редакцияларына кірді. РСДРП V съезінен бастап — партияның Орталық Комитетінің мүшесі. Октябрь социалистік революциясына әзірлік және оны өткізу кезеңінде солқылдақтық көрсетті, қарулы көтеріліске қарсы шықты. Каменевтің өз атынан және Зиновьевтің атынан жартылай меньшевиктік «Новая Жизнь» газетінде қарулы көтеріліс туралы Орталық Комитеттің қарарымен өздерінің келіспейтінін жөнінде мәлімдеме жариялауы партияның құпия шешімін білдіріп қою, революцияға опасыздық жасау еді.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — Петроград Советінің председателі, Орталық Комитет Саяси бюросының мүшесі, Коминтерн Атқару комитетінің председателі болды. Партияның лениндік саясатына талай рет қарсы шықты: 1917 жылы ноябрьде меньшевиктердің және эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құру жағында болды, 1925 жылы — «жаңа оппозицияны» ұйымдастырушылардың бірі, 1926 жылы — антипартиялық троцкистік-зиновьевшілдік блок лидерлерінің бірі. 1927 жылы ноябрьде фракциялық қызметі үшін партиядан шығарылды. 1928 жылы өзінің қателерін мойындайтыны туралы мәлімдеме жасады, сөйтіп партияға қайтадан алынды, алайда антипартиялық қызметін тоқтатпады, сондықтан 1932 жылы ВКП(б)-дан тағы да шығарылды. 1933 жылы партияға қайтадан алынды. 1934 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан үшінші рет шығарылды.— *136—138.*

И

Иоффе, А. А. (1883—1927) — совет дипломатиясының көрнекті қайраткері. 90-жылдардың аяқ шенінен бастап социал-демократиялық қозғалысқа қатысты; РСДРП(б) VI съезінде ауданаралықшылдармен бірге большевиктер партиясына қабылданып, Орталық Комитетке сайланды. 1917 жылғы октябрь күндерінде — Петроград Әскери-революциялық комитетінің мүшесі. 1918 жылы — «солшыл коммунист». Брест келіс сөздері кезінде совет бітім делегациясының председателі, кейін мүшесі болды, соңғы кезеңінде консультант болды. 1918 жылдан — РСФСР-дің Германиядағы уәкілетті өкілі. 1925—1927 жылдары троцкистік оппозицияға қосылды.— *213, 217.*

Исув, И. А. (1878—1920) — социал-демократ, меньшевик. 1917 жылы меньшевиктердің Москва комитетінің мүшесі болды, Москва Советі атқару комитетінің құрамына кірді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Еңбек музейінде істеді.— *210.*

К

Кавеньяк (Cavaignac), *Луи Эжен* (1802—1857) — француз генералы, реакцияшыл саяси қайраткер. Алжирді жаулап алуға қатысты (1831—1848), соғыс жүргізудің варварлық әдістерімен көзге түсті. 1848 жылғы Февраль революциясынан кейін — Алжирдің губернаторы; Францияның Құрылтай жиналысына сайланғаннан кейін 1848 жылдың май айынан бастап — әскери министр; 1848 жылдың июнь айынан әскери диктатураны басқарды, Париж жұмысшыларының июнь көтерілісін ерекше қаталдықпен жаныштап басты. 1848 жылдың июль айынан декабрьге дейін — атқарушы өкіметтің бастығы. К. Маркстің айтқанындай, Кавеньяк «қылыштың күшімен жүргізілген буржуазия диктатурасының» айқын бейнесі болды (Шығармалар, 2-басылуы, 7-том, 39-бет).— *233, 269.*

Каменев (Розенфельд), Л. Б. (1883—1936) — 1901 жылдан большевиктік партияның қатарында болды. «Пролетарий» және «Правда» газеттерінің редакцияларына кірді. РСДРП(б) Бүкіл россиялық VII (Апрель) конференциясында партияның Орталық Комитетіне мүше болып сайланды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Уақытша үкіметке және соғысқа көзқарас жөнінде жартылай меньшевиктік позиция ұстады, партияның социалистік революцияға алған лениндік бағытына қарсы шықты. 1917 жылы октябрьде өз атынан және Зиновьевтің атынан жартылай меньшевиктік «Новая Жизнь» газетінде қарулы көтеріліс туралы Орталық Комитеттің қарарымен өздерінің келіспейтіні жөнінде мәлімдеме жариялады; бұл партияның құпия шешімін білдіріп қою, революцияға опасыздық жасау еді.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — Москва Советінің председателі, Халық Комиссарлары Советі председателінің орынбасары, Орталық Комитет Саяси бюросының мүшесі болды. Партияның лениндік саясатына талай рет қарсы шықты: 1917 жылы ноябрьде меньшевиктердің және эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құру жағында болды, 1925 жылы —«жаңа оппозицияны» ұйымдастырушылардың бірі, 1926 жылы — антипартиялық троцкистік-зиновьевшілдік блок лидерлерінің бірі. 1927 жылы ВКП(б) XV съезі оны троцкистік оппозицияның белсенді қайраткері ретінде партиядан шығарды. 1928 жылы өзінің қателерін мойындайтыны туралы мәлімдеме жасады, партияға қайтадан алынды, алайда антипартиялық қызметін тоқтатпады, сондықтан 1932 жылы ВКП(б)-дан тағы да шығарылды. 1933 жылы партияға қайтадан алынды. 1934 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан үшінші рет шығарылды.— *162, 213, 335.*

Каменский, А. З. (1885—1938) — 1917 жылдан партия мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін партия, совет және кәсіподақ жұмысында болды: 1920 — 1921 жылдары — РСФСР ұлт істері жөніндегі халық комиссарының орынбасары, 1921—1922 жылдары — Дон облысы облыстық комитетінің секретары. Кәсіподақ айтысы кезеңінде антипартиялық «демократиялық централизм» тобына кірді, партияның X съезінде «Партияның бірлігі туралы» лениндік қарарға қарсы шықты. 1925—1926 жылдары троцкистік оппозицияға қосылды. 1922—1923 жылдары — Егіншілік халық комиссариаты коллегиясының мүшесі. 1927 жылдан 1933 жылға дейін — Өнеркәсіп академиясының директоры. 1933 жылдан 1936 жылға дейін — РСФСР Жеңіл өнеркәсіп халық комиссариаты коллегиясының мүшесі, 1936 жылдан Финанс халық комиссариатында істеді.— *122.*

Карелин, В. А. (1891—1938) — солшыл эсерлер партиясын ұйымдастырушылардың бірі және оның Орталық Комитетінің мүшесі. 1917 жылы декабрьде Халық Комиссарлары Советінің құрамына мемлекеттік мүліктер халық комиссары болып кірді; 1918 жылы — Брестегі совет бітім делегациясының мүшесі. 1918

жылы мартта Брест бітіміне қол қойылуына байланысты Халық Комиссарлары Советінің құрамынан шықты. 1918 жылғы июльдегі солшыл эсерлер бүлігі басшыларының бірі болды. Бүлік басып-жаншылғаннан кейін шетелге эмиграцияға кетті.— *236.*

Каутский (Kautsky), *Карл* (1854—1938) — герман социал-демократиясы мен II Интернационал лидерлерінің бірі, әуелі марксист, кейін марксизмнің ренегаты, оппортунизмнің неғұрлым қауіпті және зиянды түрі — центризмнің (каутскийшілдіктің) идеологы. Герман социал-демократиясының теориялық журналы «Die Neue Zeit»-тің («Жаңа Заман») редакторы.

Социалистік қозғалысқа 1874 жылдан қатыса бастады. Ол кезде оның көзқарастары лассальшылдықтың, неомальтусшілдіктің және анархизмнің қойыртпағы болды. 1881 жылы К. Markспен және Ф. Энгельспен танысты да, олардың ықпалымен марксизмге көшті, алайда сол кездің өзінде-ақ оппортунизмге қарай ауытқушылық көрсеткен еді. 80—90 жылдары маркстік теория мәселелері жөнінде «Карл Маркстің экономикалық ілімі», «Аграрлық мәселе» деген және басқа бірқатар еңбектер жазды; бұл еңбектері, оларда жіберілген қателіктерге қарамастан, марксизмді насихаттауда игі роль атқарды. Кейін, 1910—1911 жылдары, оппортунизм позициясына көшті. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде Каутский центризм позициясында болды, социал-шовинизмді интернационализм туралы жел сөздермен бүркемеледі. Реакциялық әсіре империализм теориясының авторы. Октябрь социалистік революциясынан кейін пролетарлық революцияға және жұмысшы табының диктатурасына, большевиктер партиясына және Совет мемлекетіне ашықтан-ашық қарсы шықты.— *245, 267, 268, 416, 435, 453.*

Керенский, А. Ф. (1881—1970) — эсер. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — барып тұрған социал-шовинист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін буржуазиялық Уақытша үкіметтің юстиция министрі, әскери және теңіз министрі, одан кейін министр-председателі және жоғарғы бас қолбасшы болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күрес жүргізді, 1918 жылы шетелге қашып кетті. Эмиграцияда антисоветтік насихат жүргізді.— *151, 153, 238, 242.*

Киселев, А. С. (1879—1938) — 1898 жылдан партия мүшесі. Россияның көптеген қалаларында партиялық жұмыс жүргізді, талай рет тұтқынға алынып, айдауда болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Иваново-Вознесенск Советінің председателі, РСДРП(б) қалалық комитетінің мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін совет, шаруашылық және кәсіподақ жұмысында болды. 1918 жылы Центротекстильдің председателі, одан кейін Халық шаруашылығы жоғары советі Президиумының мүшесі болып сайланды. 1920 жылы — кен жұмысшылары одағының председателі.

басты басшыларының бірі, Антантаның итаршысы. Октябрь социалистік революциясынан кейін Америка Құрама Штаттары, Англия және Франция империалистерінің қолдауымен өзін Россияның жоғарғы әміршісі деп жариялап, Уралда, Сибирь мен Қиыр Шығыста әскери буржуазиялық-помещиктік диктатураны басқарды. Қызыл Армияның соққысы және революциялық-партизандық қозғалыстың өсуі колчакшылдықтың жойылуына әкеліп жеткізді. Колчак тұтқынға алынып, Иркутск ревкомының қаулысы бойынша 1920 жылы 7 февральда атылды.— *11, 19, 21, 26, 80, 148, 151, 154, 158, 272, 338.*

Королев, Г. К. (1884—1927) — Иваново-Вознесенск жұмысшысы, кәсібі жөнінен тоқымашы, 1905 жылдан партия мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Иваново-Вознесенскіде шаруашылық және кәсіподақ жұмысында істеді. 1921 жылдан партияның Орталық Комитетінде жергілікті жерлермен байланыс орнату жөнінде жауапты жұмыста болды.— *168.*

Красин, Л. Б. (1870—1926) — советтің көрнекті мемлекет қайраткері. Социал-демократиялық қозғалысқа 90-жылдардан бастап қатысты. РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды. Бірінші орыс революциясына белсене қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін Қызыл Армияны жабдықтауды ұйымдастыру жөнінде жұмыс істеді. Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының мүшесі, сауда және өнеркәсіп халық комиссары, қатынас жолдары халық комиссары болды. 1919 жылдан бастап дипломатиялық жұмыста болды. 1920 жылдан — сыртқы сауда халық комиссары және сонымен қатар 1921—1923 жылдары Лондонда уәкілетті өкіл болып істеді, Генуя және Гаага конференцияларына қатысты, 1924 жылдан — СССР-дің Франциядағы уәкілетті өкілі, 1925 жылдан — Англиядағы уәкілетті өкілі.— *22, 89, 138, 186—187, 207.*

Кржижановский, Г. М. (1872—1959) — Коммунистік партияның ең қарт қайраткері, белгілі совет ғалымы, инженер-энергетик. Революциялық қозғалысқа 1893 жылдан араласты; В. И. Ленинмен бірге Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағын» ұйымдастырушылардың бірі болды. РСДРП II съезінде Орталық Комитеттің құрамына сырттан сайланды. 1905—1907 жылдардағы революцияға белсене қатысты. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Москва Советінің мүшесі, большевиктер фракциясына кірді. Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін Москваның энергетика шаруашылығын қалпына келтіру және дамыту жолында жұмыс істеді. 1920 жылы Лениннің тапсыруымен Кржижановский Россияны электрлендіру жөніндегі комиссияны (ГОЭЛРО) басқарды. 1921—1930 жылдары Мемлекеттік жоспарлау комиссиясына басшылық етті, СССР халық шаруашылығын өркендетудің бірінші бесжылдық жоспарын жасауға қатысты. 1930 жылдан 1932 жылға дейін

Кржижановский Отын өнеркәсібі халық комиссариатындағы Энергетика бас басқармасының председателі болды. 1932—1936 жылдары — СССР Орталық Атқару Комитеті жанындағы жоғары техникалық білім жөніндегі комитеттің председателі және РСФСР халық ағарту комиссарының орынбасары болды. ВКП(б) Орталық Комитетінің және СССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болып бірнеше рет сайланды. 1929 жылы СССР Ғылым академиясының мүшесі болып сайланды, 1929 жылдан 1939 жылға дейін — СССР Ғылым академиясының вице-президенті, СССР Ғылым академиясының өзі құрған Энергетика институтының үзбестен директоры болды, энергетика саласындағы бірқатар ғылыми еңбектердің авторы.— *289—293.*

Кубяк, Н. А. (1882—1942) — 1898 жылдан партия мүшесі. 1905—1907 жылдардағы революцияға қатысушы. Талай рет патша үкіметінің жазалауына ұшырады. Октябрь социалистік революциясынан кейін жауапты совет және партия жұмысында болды: Сестрорецк Советінің председателі, Петроград губерниялық партия комитетінің секретары, Жер және орман қызметкерлерінің Бүкіл россиялық кәсіптік одағы Орталық комитетінің председателі, РКП(б) Орталық Комитетінің жауапты нұсқаушысы болып істеді. 1921 жылы антипартиялық «жұмысшы оппозициясы» тобына қосылды. 1922 жылдан — РКП(б) Орталық Комитеті Қиыр Шығыс бюросының секретары, ВКП(б) Орталық Комитетінің секретары; 1928 жылдан — РСФСР егіншілік халық комиссары, Иваново облыстық атқару комитетінің председателі; 1934 жылдан — СССР Орталық Атқару Комитеті жанындағы Коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй кооперациясы бүкіл одақтық советінің председателі.— *287.*

Кутузов, И. И. (1885—1943) — 1917 жылдан партия мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін кәсіподақ және совет жұмысында болды: 1917—1919 жылдары — Москвада тоқымашылар одағы облыстық комитетінің председателі; 1919—1921 — тоқымашылар одағы Орталық комитетінің председателі. 1920—1921 жылдары антипартиялық «жұмысшы оппозициясы» тобына қосылды. Соңғы атқарған қызметі — Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті жанындағы мемлекеттік кредит пен жинақ ісіне жәрдемдесу комиссиясының председателі, СССР Орталық Атқару Комитеті президиумының мүшесі.— *61.*

Л

Ларин, Ю. (Лурье, М. А.) (1882—1932) — совет қызметкері. 1901 жылдан социал-демократиялық қозғалысқа қатысты, меньшевик. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін интернационалист-меньшевиктер тобын басқарды. 1917 жылы августа большевиктік партияға алынды. Октябрь социалистік революциясынан кейін совет және шаруашылық ұйымдарында жұмыс істеді. Кәсіподақ айтысы кезінде

М

Майский, И. М. (1884 ж. туған) — 1903 жылдан РСДРП мүшесі, 1918 жылға дейін — меньшевик. 1908 жылдан 1917 жылға дейін эмиграцияда болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында центристік позиция ұстады. 1918 жылы — Самарада Құрылтай жиналысы мүшелері комитетінің (Комучтың) еңбек ведомствосының басқарушысы. Меньшевизмнен қол үзіп, 1921 жылғы февральда КПСС қатарына кірді. 1922 жылдан дипломатиялық жұмыста болды; 1943—1946 жылдары — сыртқы істер халық комиссарының орынбасары. Бірқатар тарихи еңбектер мен мемуарлардың авторы, 1946 жылдан — академик.— *151, 268.*

Макдональд (MacDonald), *Джеймс Рамсей* (1866—1937) — ағылшынның саяси қайраткері, Тәуелсіз жұмысшы партиясы мен лейбористік партияның негізін салушылардың және лидерлерінің бірі. Барып тұрған оппортунистік саясат жүргізді, таптық ынтымақ және капитализмнің біртіндеп социализмге ұласуы жөніндегі теорияны уағыздады. Дүние жүзілік империалистік соғыстың бас кезінде пацифистік позиция ұстады, содан соң империалистік буржуазияны ашық қолдау жолына түсті. 1918—1920 жылдары антисоветтік интервенцияға қарсы шыққан ағылшын жұмысшыларының күресіне бөгет жасауға тырысты. 1924 жылы, 1929—1931 жылдары премьер-министр қызметін атқарды. Макдональдтың лейбористік үкіметі жұмысшыларға қарсы саясат жүргізді, ағылшын отарларында ұлт-азаттық қозғалысты басып отырды. 1931—1935 жылдары Макдональд «ұлттық үкімет» дейтінді басқарды, оның саясатын консерваторлар белгілеп отырды.— *267.*

Маркс (Marx), *Карл* (1818—1883) — ғылыми коммунизмнің негізін салушы, данышпан ойшыл, халықаралық пролетариаттың көсемі әрі ұстазы (В. И. Лениннің «Карл Маркс (Марксизмді баяндайтын қысқаша өмірбаяндық очерк)» деген мақаласын қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 26-том, 43—96-беттер).— *109, 110, 152, 238—239, 240.*

Мартов, Л. (Цедербаум, Ю. О.) (1873—1923) — меньшевизм лидерлерінің бірі. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде центристік позицияда болды. 1917 жылы интернационалист-меньшевиктер тобын басқарды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы шықты. 1920 жылы Германияға эмиграцияға кетті, Берлинде контрреволюциялық меньшевиктік «Социалистический Вестникті» шығарып тұрды.— *201, 262, 266, 267—268, 269, 270, 274—275, 354, 355—356, 357, 435.*

Марченко, К. И. (1892 ж. туған) — 1919 жылдан партия мүшесі, 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық рево-

люциясынан кейін украин социалист-революционерлер партиясы (боротьбистер) Орталық Комитетінің құрамына енді.

1919 жылдың бас кезінде өз еркімен Қызыл Армияға кірді, мұнда Украина Коммунистік (большевиктер) партиясының қатарына қабылданды. 1920—1923 жылдары Полтава және Волынь губерниялық партия комитеттерінің мүшесі, одан кейін Украина Коммунистік (большевиктер) партиясы Орталық Комитетінің нұсқаушысы. 1924 жылдан — Харьков технология институтының студенті, 1927 жылдан — аспирант, ал одан соң 1937 жылға дейін — осы институттың доценті.

1950 жылдан бастап — Кировабадтағы А. Ф. Мясников атындағы май комбинатының аға химигі.— *127.*

Маршев, М. Л. (1881—1958) — 1918 жылдан партия мүшесі. Революциялық қозғалысқа 1897 жылдан бастап қатысты. 1917 жылғы ноябрьден — кәсіптік одақтардың Москва қалалық советі президиумының мүшесі. 1920 жылдан — Құрылыс жұмысшылары одағы президиумының председателі. 1926—1931 жылдары — Москва облысы прокурорының аға көмекшісі. 1932—1934 жылдары — ет-сүт өнеркәсібі облыстық кәсіподағының секретары. 1937 жылдан — Москва округтік темір жолының прокуроры. 1947 жылдан — пенсионер.— *210, 215.*

Махарадзе, Ф. И. (1868—1941) — 1903 жылдан партия мүшесі, публицист. Революциялық қозғалысқа 1891 жылдан бастап қатысты. Бакудің, Тифлистің, Кутаисидің партия ұйымдарында істеді. 1917 жылы февральда Тифлисте Совет өкіметін ұйымдастырушылардың бірі болды, орыс тілінде «Кавказский Рабочий» газетін шығарып тұрды. 1918—1919 жылдары — Терек республикасының финанс халық комиссары; 1920 жылы Коминтерннің II конгресінің делегаты болды. 1921 жылы — Грузия Революциялық комитетінің председателі. 1922 жылдан — Грузин ССР Орталық Атқару Комитетінің председателі. 1928 жылдан СССР Орталық Атқару Комитеті Ұлттар Советінің мүшесі. 1929—1930 жылдары — Грузия Халық Комиссарлары Советінің председателі. 1931 жылдан — ЗСФСР Орталық Атқару Комитеті мен Грузин ССР Орталық Атқару Комитетінің председателі. 1938 жылдан — СССР Жоғарғы Советі Президиумы председателінің орынбасары және Грузин ССР Жоғарғы Советі Президиумының председателі. Революциялық қозғалыс мәселелері жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы.— *286.*

Медведев, С. П. (1885—1937) — 1900 жылдан партияда болды. Петербургте және Севастопольда революциялық жұмыс жүргізді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Қызыл Армияда саяси қызметте болды. 1920 жылы — Металлистер одағы Орталық комитетінің председателі; кейінірек шаруашылық жұмысын атқарды. Антипартиялық «жұмысшы оппозициясы» тобы лидерлерінің бірі болды, одан соң «жаңа оппозицияға» белсене қатысты. «Баку жұмысшыларына» (1924 ж.) деген антипартия-

лық хаттың авторы, осы хаты үшін партиядан шығарылды. 1926 жылы бұрынғы көзқарастарынан бас тартатынын баспасөз жүзінде мәлімдегеннен кейін партияға қайтадан алынды. 1933 жылы, партия тазалауы кезінде, ВКП(б) қатарынан қайтадан шығарылды.— *118, 121, 287.*

Межлаук, И. И. (1891—1941) — 1918 жылдан партия мүшесі. Азамат соғысы кезінде Қызыл Армияда командирлік жұмыста, кейінірек шаруашылық, партия және совет жұмысында болды: Донбасстағы Петровск металлургия заводтарының директоры, Югосталь басқармасының председателі, Түркмения Коммунистік (большевиктер) партиясы Орталық Комитетінің секретары, ВКП(б) Тамбов округтік комитетінің секретары, Еңбек және Қорғаныс Советінің секретары және СССР Халық Комиссарлары Советі іс басқарушысының орынбасары, СССР Халық Комиссарлары Советі жанындағы Жоғары мектеп істері жөніндегі Бүкіл одақтық комитеттің председателі.— *330.*

Мейсон,— Берлиндегі американ тілшісі.— *136.*

Мещеряков, Н. Л. (1865—1942) — 1901 жылдан партия мүшесі. Талай рет патша үкіметінің жазалауына ұшырады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — РСДРП(б) Красноярск комитетінің мүшесі, одан кейін — жұмысшы депутаттары Москва губерниялық Советінің председателі.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — «Известия Московского Советаның» редакторы, «Правданың» редакциялық коллегиясының мүшесі, Мемлекеттік баспаның редакциялық коллегиясының председателі. 1927—1938 жылдарда — Кіші Совет Энциклопедиясының бас редакторы, Үлкен Совет Энциклопедиясы бас редакторының орынбасары.— *455.*

Милонов, Ю. К. (1895 ж. туған) — 1912 жылдан партия мүшесі. Самара мен Саратовта революциялық жұмыс жүргізді. Талай рет тұтқынға алынып, жер аударылды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — РСДРП(б) Самара комитетінің мүшесі, фабрика-завод комитеттері Самара советінің председателі. Октябрь социалистік революциясынан кейін партия және кәсіподақ жұмысында болды. 1921 жылы «жұмысшы оппозициясына» қосылды. 1921—1922 жылдары — Саяси ағарту бас комитетінің секретары, 1922 жылдан 1930 жылға дейін — ВЦСПС-тің Истпроф председателінің орынбасары, кейін председателі. 1930 жылдан — Мемлекеттік тарих музейінің директоры, Москва инженерлік-құрылыс институтының профессоры, одан кейін — құрылысшы-инженер. Қазіргі уақытта — дербес пенсионер.— *43.*

Милюков, П. Н. (1859—1943) — кадеттер партиясының лидері, орыс империалистік буржуазиясының идеологы, тарихшы және публицист. 1905 жылы октябрьде — кадеттер партиясының негі-

зін салушылардың бірі, одан кейін оның Орталық Комитетінің председателі және орталық органы —«Речь» газетінің редакторы. III және IV Мемлекеттік думалардың депутаты. 1917 жылы — буржуазиялық Уақытша үкіметтің бірінші құрамында сыртқы істер министрі; империалистік соғысты «жеңіске жеткенге дейін» соза беру саясатын жүргізді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Советтік Россияға қарсы шетел соғыс интервенциясын ұйымдастыруға қатысты; ақ эмиграцияның белсенді қайраткері.— *154—155, 160, 223, 266, 268, 269, 271, 272, 273—274, 355—357, 358, 366, 435.*

Милютин, В. П. (1884—1938) — социал-демократиялық қозғалысқа 1903 жылдан бастап қатысты, әуелі меньшевиктерге қосылды, 1910 жылдан — большевик. Россияның бірқатар қалаларында партиялық жұмыс жүргізді. РСДРП(б) Бүкіл россиялық VII (Апрель) конференциясында партияның Орталық Комитетіне мүше болып сайланды. Советтердің Бүкіл россиялық II съезінде егіншілік халық комиссары ретінде Халық Комиссарлары Советіне енді. 1917 жылы ноябрьде меньшевиктердің және эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құруды жақтады және партияның саясатымен келіспейтіндігі туралы мәлімдеме жасап, Орталық Комитеттен және үкіметтен шықты. 1918—1921 жылдары — Халық шаруашылығы жоғары советі председателінің орынбасары, одан соң басқа жауапты совет және шаруашылық жұмыста болды; партияның Орталық Комитеті мүшелігіне кандидат және Орталық бақылау комиссиясына мүше болып сайланды.— *84, 88, 91, 335, 376—377.*

Мясников (Мясникян), А. Ф. (1886—1925) — 1906 жылдан партия мүшесі. Донда, Москвада, Бакуде партиялық жұмыс жүргізді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — РСДРП(б) Батыс майданы комитетінің мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Батыс майданының бас қолбасшысы, одан соң — Белоруссия компартиясы Орталық бюросының председателі, Белоруссия Орталық Атқару Комитетінің председателі. 1919—1920 жылдары — РКП(б) Москва комитетінің әскери ұйымдастырушысы және секретары. 1921 жылы — Армения Халық Комиссарлары Советінің председателі және әскери істер жөніндегі халық комиссары. 1922 жылы — ЗСФСР Одақтық Советінің председателі, одан кейін — РКП(б) Закавказье өлкелік комитетінің бірінші секретары. Самолет апатынан қайтыс болды.— *222.*

Мясникян, А. Ф.— қараңыз: Мясников, А. Ф.

Н

III Наполеон (Бонапарт, Луи) (1808—1873) — Францияның 1852 жылдан 1870 жылға дейінгі императоры, I Наполеонның немере інісі. 1848 жылғы революция жеңіліске ұшырағаннан кейін Француз республикасының президенті болып сайланды;

1851 жылдың 2 декабріне қараған түні мемлекеттік төңкеріс жасады. III Наполеонға сипаттама К. Маркстің «Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері» деген еңбегінде берілген (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 8-том, 115—217-беттер).— *233, 269.*

Ногин, В. П. (1878—1924) — 1898 жылдан РСДРП мүшесі, профессионал революционер, большевик. Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін сауда және өнеркәсіп істері жөніндегі халық комиссары ретінде Халық Комиссарлары Советіне кірді. 1917 жылы ноябрьде меньшевиктердің және эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құруды жақтады және партияның саясатымен келіспейтіні туралы мәлімдеме жасап, Орталық Комитеттен және үкіметтен шықты. Кейінірек өзінің қателіктерін мойындады, жауапты совет және шаруашылық жұмыстарында: еңбек халық комиссарының орынбасары, Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының мүшесі, Бүкіл россиялық тоқыма синдикаты басқармасының председателі болып істеді.— *51.*

О

Оболенский, В. В.— қараңыз: Осинский, Н.

Орджоникидзе, Г. К. (1886—1937) — Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің аса көрнекті қайраткері. 1903 жылдан партия мүшесі. Батыс Грузияда, Абхазияда, Бакуде революциялық жұмыс жүргізді. Талай рет түрмеге қамалып, жер аударылды. 1912 жылы партияның VI (Прага) конференциясында РСДРП Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Якутияда революциялық өкімет ұйымдастыру жөнінде жұмыс істеді. 1917 жылғы июньде — РСДРП(б) Петербург комитеті Атқару комиссиясының мүшесі. Петроградта Октябрь қарулы көтерілісіне белсене қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Украинаның, одан соң Россия Оңтүстігінің төтенше комиссары. Азамат соғысы жылдарында — 16-армия мен 14-армияның және Кавказ майданының Революциялық-әскери советінің мүшесі. 1920—1921 жылдары — Әзербайжанда, Армения мен Грузияда Совет өкіметі жолындағы күресті ұйымдастырушылардың бірі. 1921—1926 жылдары — Орталық Комитеттің Кавказ бюросының председателі, одан соң Закавказье өлкелік партия комитетінің секретары, сонымен бірге — СССР Революциялық-әскери советінің мүшесі. 1926 жылдан — ВКП(б) Орталық Бақылау Комиссиясының председателі және СССР Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссары. 1930 жылдан — СССР Халық шаруашылығы жоғары советінің председателі, ал 1932 жылдан — СССР ауыр өнеркәсіп халық комиссары.

1921 жылдан — партияның Орталық Комитетінің мүшесі, 1926 жылдан — ВКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының

мүшелігіне кандидат, 1930 жылдан — ВКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі.— *141.*

Осинский, Н. (Оболенский, В. В.) (1887—1938) — 1907 жылдан партия мүшесі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін РСДРП(б) Москва облыстық бюросында істеді, большевиктік «Социал-Демократ» газетінің редакциясына кірді.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — РСФСР Мемлекеттік банкінің басқарушысы, Халық шаруашылығы жоғары советінің председателі. 1918 жылы — «солшыл-коммунистер» платформасы авторларының бірі. 1918—1919 жылдары «Правда» редакциясында және Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің насихат бөлімінде істеді; Коминтерннің I конгресінің делегаты болды. 1920—1921 жылдары антипартиялық «демократиялық централизм» тобына белсене қатысты. Кейін троцкистік оппозицияға қосылды. 1921—1923 жылдары — егіншілік халық комиссарының орынбасары, 1925 жылы — СССР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы президиумының мүшесі. 1926—1928 жылдары — СССР Орталық статистика басқармасының басқарушысы, 1929 жылы — СССР Халық шаруашылығы жоғары советі председателінің орынбасары. Кейінгі жылдарда басшы партиялық және әкімшілік-шаруашылық жұмыста болды.

Партияның X, XIV—XVII съездерінде ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат болып сайланды.— *40, 41, 42, 48, 335, 363, 369, 371, 379, 381, 383, 385, 456.*

П

Пестанья (Pestana), *Анхель* (1888—1937) — испан анархо-синдикалисі, кейінірек синдикалистер партиясын құрды; Испания Ұлттық еңбек конфедерациясының мүшесі. 1920 жылы Коминтерннің II конгресіне қатысты.— *47.*

Попов, П. И. (1872—1950) — статистик. 1924 жылдан большевиктік партияның мүшесі. 1918 жылдан Орталық статистика басқармасын басқарды, СССР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы президиумының мүшесі болды; 1926 жылдан 1949 жылға дейін РСФСР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы президиумының құрамына және Ленин атындағы Ауыл шаруашылық ғылымдары академиясы президиумының құрамына кірді, РСФСР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының ауыл шаруашылық бөліміне басшылық етті. Кейін — СССР Орталық статистика басқармасы жанындағы ғылыми-методологиялық советтің мүшесі. Статистика жөніндегі бірқатар ғылыми еңбектердің авторы.— *78, 92, 418.*

Преображенский, Е. А. (1886—1937) — 1903 жылдан бастап большевиктік партияда болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Уралда жұмыс істе-

Р

люциясынан кейін Рожков меньшевиктердің Орталық Комитетінің құрамына кірді, буржуазиялық Уақытша үкіметте бірнеше ай почта және телеграф министрінің орынбасары болып істеді. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды. Шетелдік соғыс интервенциясы мен азамат соғысы кезінде Совет өкіметіне қарсы күресті. 1922 жылы меньшевиктерден қол үзді. Одан кейінгі жылдарда ғылыми-педагогтық қызметте және әр түрлі мекемелерде әкімшілік жұмыста болды. Россия тарихы жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы.— *266, 435.*

Рудзутак, Я. Э. (1887—1938) — Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің көрнекті қайраткері, Латвияда бірінші орыс революциясына белсене қатысушы, 1905 жылдан партия мүшесі. 1906 жылы — партияның Рига комитетінің мүшесі. 1907 жылы тұтқынға алынып, 10 жыл каторгаға кесілді; 1917 жылы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы нәтижесінде азаттық алды. Октябрь социалистік революциясынан кейін кәсіподақта басшылық жұмыста, одан соң Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының мүшесі, Центротекстиль председателі болды. 1920 жылдан — РКП(б) Орталық Комитетінің мүшесі, ВЦСПС-тің президиум мүшесі және бас секретары. 1921—1924 жылдары — РКП(б) Орта Азия бюросының председателі. 1923—1924 жылдары — РКП(б) Орталық Комитетінің секретары, 1924—1930 жылдары — қатынас жолдары халық комиссары, 1926 жылдан — СССР Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі председателінің орынбасары, 1932 жылдан — ВКП(б) Орталық Бақылау Комиссиясының председателі және СССР Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссары, 1927—1932 жылдары — ВКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі.— *59.*

Рыков, А. И. (1881—1938) — 1899 жылдан большевиктік партияда болды. Россияның бірқатар қалаларында партиялық жұмыс жүргізді. РСДРП III съезінде партияның Орталық Комитетіне мүше болып сайланды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін партияның социалистік революцияға алған лениндік бағытына қарсы шықты.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — ішкі істер жөніндегі халық комиссары, Халық шаруашылығы жоғары советінің председателі, Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі председателінің орынбасары, СССР және РСФСР Халық Комиссарлары Советінің председателі, Орталық Комитеттің Саяси бюросының мүшесі болды. Талай рет партияның лениндік саясатына қарсы шықты: 1917 жылы ноябрьде меньшевиктердің және эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құруды жақтады, партияның саясатымен келіспейтіні туралы мәлімдеме жасап, Орталық Комитеттен және үкіметтен шықты; 1928 жылы — ВКП(б) ішіндегі оңшыл оппортунистік уклон лидерлерінің бірі. 1937 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан шығарылды.— *51, 128.*

Свидерский, А. И. (1878—1933) — советтің мемлекет қайраткері. 1899 жылдан РСДРП мүшесі, большевик. Петербургте, Самарада, Уфада партиялық жұмыс жүргізді. Талай рет қамауға алынып, жер аударылды. 1917 жылы — Уфада шығып тұрған большевиктік «Вперед» газетінің редакторы, одан соң — жұмысшы және солдат депутаттары Уфа Советінің председателі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Азық-түлік халық комиссариаты коллегиясының мүшесі, Жұмысшы-Шаруа инспекциясы коллегиясының мүшесі. 1923 жылдан 1928 жылға дейін — РСФСР егіншілік халық комиссарының орынбасары. 1929 жылдан — СССР-дің Латвиядағы уәкілетті өкілі.— *335, 358, 359, 455.*

Семенов, Г. М. (1890—1946) — Забайкалье казак әскерінің атаманы, Совет өкіметінің қас жауы, жапон империализмінің агенті; 1918 жылдан Қиыр Шығыста Совет өкіметіне қарсы белсене қарулы күрес жүргізді, Забайкалье және Приамурье контрреволюциялық үкіметтерін ұйымдастырды. Азамат соғысы аяқталғаннан кейін Маньчжурияға қашып кетіп, онда ақ эмиграцияны басқарды, СССР-ге қарсы шпиондық, террористік және диверсиялық жұмыс жүргізуге қатысты, жапондармен бірлесіп Совет Одағына қарулы шабуыл дайындады. 1945 жылы Совет Армиясы тұтқынға алып, 1946 жылы СССР Жоғарғы соты Әскери коллегиясының үкімі бойынша дарға асылды.— *137.*

Смирнов, С. П. (1878—1957) — 1905 жылдан партия мүшесі, үш революцияға қатысушы. 1916 жылдан бастап «АМО» автомобиль заводында (қазір Лихачев атындағы автомобиль заводы) ағаш шебері болып істеді. 1917 жылдан заводтың кәсіподақ, партия және шаруашылық жұмысында басшылық қызметтер атқарды.— *161.*

Спарго (Spargo), *Джон* (1876 ж. туған) — американ социалисі. 1901 жылдан — Социалистік партияның Ұлттық атқару комитетінің мүшесі. 1917 жылы Социалистік партиядан шығып, Американ еңбек және демократия бірлестігі мен ұлтшылдық партияны құруға қатысты. Большевизмге қарсы шықты. Әлеуметтік-экономикалық мәселелер жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы.— *210.*

Сталин (Джугашвили), И. В. (1879—1953) — Россия және халықаралық революциялық жұмысшы қозғалысының, Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің көрнекті қайраткерлерінің бірі. РСДРП-ға 1898 жылы кірді; партияның II съезінен кейін — большевик. Тифлисте, Батумда, Бакуде, Петербургте партиялық жұмыс жүргізді. 1912 жылы январьда РСДРП VI (Прага) конференциясында сайланған Орталық Комитеттің құрамына енгізілді; большевиктік «Правда» газетін редакциялауға қатысты. Октябрь социалистік революциясын әзірлеу және өткізу кезеңінде көтерілісті әзірлеу жөнінде партияның Орталық Ко-

митеті құрған Әскери-революциялық орталыққа енді. Советтердің Бүкіл россиялық II съезінде Халық Комиссарлары Советіне сайланды, онда Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатын басқарды. Шетел соғыс интервенциясы мен азамат соғысы кезеңінде Республика Революциялық-әскери советінің мүшелігіне еніп, бірқатар майдандарда болды. 1922 жылы РКП(б) Орталық Комитетінің Бас секретары болып сайланды.

Сталин СССР-ді индустрияландыру мен ауыл шаруашылығын коллективтендірудің лениндік жоспарын жүзеге асыруда, социализм орнату жолындағы, Совет елінің тәуелсіздігі жолындағы, бейбітшілікті нығайту жолындағы күресте зор роль атқарды. Теоретик және зор ұйымдастырушы ретінде, Сталин партияның троцкистерге, оңшыл оппортунистерге, буржуазияшыл ұлтшылдарға қарсы, капиталистік қоршаудың дұшпандық әрекеттеріне қарсы күресін басқарды. 1941 жылдан Сталин — СССР Халық Комиссарлары Советінің, ал кейін СССР Министрлер Советінің председателі. Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941—1945) — Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің председателі, қорғаныс халық комиссары және СССР Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы.

Сталиннің қызметінде дұрыс жақтарымен бірге теріс жақтары да болды. Аса маңызды партиялық және мемлекеттік қызметтерде болған Сталин коллективтік басшылықтың лениндік принциптері мен партия өмірі нормаларының өрескел бұзылуына, социалистік заңдылықтың бұзылуына, Совет Одағының көрнекті мемлекет, саяси және әскери қайраткерлерінің және басқа да адал совет адамдарының негізсіз жаппай жазалануға ұшырауына жол берді.

Партия Сталиннің жеке басына табынушылық пен оның зардаптарын марксизм-ленинизмге жат деп тауып, батыл айыптады, оған біржола тыйым салды, Орталық Комитеттің партиялық, мемлекеттік және идеологиялық жұмыстардың барлық салаларында басшылықтың лениндік принциптерін және партия өмірінің нормаларын қалпына келтіру және оларды дамыту жөніндегі жұмысын мақұлдады, болашақта мұндай қателіктер мен бұрмалаушылықтарға жол бермеу шараларын қолданды.— *285*.

Т

Таннер (Tanner), *Джек* (1889 ж. туған) — ағылшын тред-юниондары лидерлерінің бірі, кәсібі жөнінен жұмысшы-механик. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — Англиядағы фабрика-завод старосталарының бұқаралық пролетарлық қозғалысының қайраткері. 1918 жылдан — машина жасаушылар, кеме жасаушылар және металлистер тред-юниондары басшыларының бірі. Солшыл сектанттық көзқарастарды уағыздады. Коминтерннің II конгресінің делегаты, 1920—1921 жылдары Великобритания Коммунистік партиясының мүшесі болды. Одан кейін лейбористік партияға қосылып, оның қызметіне белсене қатысты.

1939—1954 жылдары — Машина жасаушылардың біріккен одағының председателі. 1943—1954 жылдары Британ тред-юниондар конгресі Бас советінің мүшесі, үкіметтің бірқатар экономикалық органдарында Британ тред-юниондар конгресінің өкілі болды. 40-жылдардың аяқ кезінен бастап Британ тред-юниондар конгресінің оң қанатына қосылып, антикоммунистік позиция ұстады. 1957 жылдан — ірі капитал қаржыландыратын және ағылшын кәсіподақ қозғалысында антикоммунистік қызметпен шұғылданатын «Өнеркәсіп зерттеулері мен информациясы қызметі» ұйымы директорларының бірі.— *47.*

Тартаковский, Л. М. (1886 ж. туған) — 1919 жылдан большевиктік партияның мүшесі. 1902 жылдан 1917 жылға дейін — РСДРП мүшесі, меньшевик, 1917 жылдан 1919 жылға дейін интернационалист-социал-демократтар тобына енді.

1905 жылдан 1906 жылға дейін — Одессада Металлистер одағы басқармасының мүшесі, 1907 жылы — Киевте кәсіподақтар Орталық бюросының жауапты секретары. 1911—1916 жылдары үзілістермен — Москвада Сауда-өнеркәсіп қызметшілері одағы президиумының мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — кәсіподақ жұмысында: Совет қызметшілері одағында, ВЦСПС-те, Жер және орман қызметкерлерінің Бүкіл россиялық кәсіптік одағында және металлистердің Бүкіл россиялық одағының Орталық комитетінде істеді.— *215.*

Троцкий (Бронштейн), Л. Д. (1879—1940) — 1897 жылдан РСДРП мүшесі, меньшевик. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында, «фракциядан шеткерілік» бүркеншін жамыла отырып, іс жүзінде жойымпаздар позициясында болды. 1912 жылы антипартиялық Август блогының ұйымдастырушысы болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде центристік позиция ұстады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін эмиграциядан қайтып келіп, ауданаралықшылар тобына кірді және солармен бірге РСДРП(б) VI съезінде большевиктік партияға қабылданды. Алайда Троцкий большевизм позициясына көшпеген еді, сөйтіп ленинизмге қарсы, партияның саясатына қарсы жасырын және ашық күрес жүргізді.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — сыртқы істер жөніндегі халық комиссары, әскери және теңіз істері жөніндегі халық комиссары, Республика Революциялық-әскери советінің председателі, Орталық Комитет Саяси бюросының мүшесі және Коминтерн Атқару комитетінің мүшесі болды. 1918 жылы Брест бітімін жасасуға қарсы шықты, 1920—1921 жылдары кәсіподақ айтысында оппозицияны басқарды, 1923 жылдан бастап партияның сара бағытына қарсы, социализм орнатудың лениндік программасына қарсы өршеленген фракциялық күрес жүргізді, СССР-де социализмнің жеңіске жетуі мүмкін емес деген капитулянттық теорияны қорғады. Коммунистік партия троцкизмді партиядағы ұсақ буржуазиялық уклон ретінде әшкерелеп, оны

Ф

Х

Ц

Ч

Чернов, В. М. (1876—1952) — эсерлер партиясы лидерлерінің бірі. 1917 жылғы май — августа — буржуазиялық Уақытша үкіметтің егіншілік министрі; помещиктердің жерін тартып алған шаруаларға қарсы қатал жазалау саясатын жүргізді. Октябрь социалистік революциясынан кейін — антисоветтік бүліктерді ұйымдастырушылардың бірі. 1920 жылы эмиграцияға кетті; шетелде жүріп антисоветтік әрекетін тоқтатқан жоқ.— *201, 262, 266, 267, 268, 269, 274, 355, 356—357, 435.*

Чичерин, Г. В. (1872—1936) — советтің мемлекет қайраткері, аса көрнекті дипломат. 1904 жылдан 1917 жылға дейін эмиграцияда болды, сонда жүріп 1905 жылы РСДРП-ға кірді. Реакция кезеңінде — меньшевизмді жақтаушы, дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — интернационалист; 1917 жылдың аяқ кезінде большевизм позициясына көшіп, 1918 жылы РКП(б)-ға кірді. 1918 жылдан 1930 жылға дейін — сыртқы істер халық комиссары, Генуя мен Лозаннадағы халықаралық конференцияларда совет делегациясын басқарды. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің және СССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болды. Партияның XIV және XV съездерінде Орталық Комитеттің құрамына сайланды.— *134—135, 136.*

Чубарь, В. Я. (1891—1941) — Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің көрнекті қайраткері, 1907 жылдан партия мүшесі. Украинада, Петроградта революциялық жұмыс жүргізді. Талай рет тұтқынға алынып, түрмеге жабылды.

1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін фабрика-завод комитеттері Петроград советінің мүшесі. Октябрь социалистік революциясы кезінде Артиллерия бас басқармасының комиссары, ал одан кейін Жұмысшы бақылауы советінің мүшесі болып тағайындалды. 1918 жылдан 1923 жылға дейін «Гомза» машина жасау заводтары басқармасының председателі, Халық шаруашылығы жоғары советі Металл өнеркәсібі бас басқармасының председателі, Украина халық шаруашылығы советінің председателі болды, Донбасс таскөмір өнеркәсібі Орталық басқармасын басқарды. 1923 жылғы июньнен Украина ССР Халық Комиссарлары Советінің председателі; 1934 жылғы апрельден 1938 жылғы июньге дейін СССР Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі председателінің орынбасары, 1937 жылғы августан 1938 жылғы январьға дейін — СССР финанс халық комиссары. 1921 жылдан 1934 жылға дейін — Украина Коммунистік (большевиктер) партиясы Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі; 1928 жылдан — ВКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелігіне кандидат және 1935 жылдан — ВКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі.— *327, 328, 361, 362—363, 455.*

Ш

Э

Ю

Я

мысын жүргізді. Патша үкіметі тарапынан талай рет қудалауға ұшырады. 1917 жылғы июльден бастап Москвада істеді, Москва әскери ұйымына белсене араласты, большевиктік «Социал-Демократ» газеті басшыларының бірі болды, 1917 жылдың күзінде большевиктік «Деревенская Правда» газетін редакциялады. Москва әскери ұйымынан делегат ретінде РСДРП(б) VI съезінің жұмысына қатысты.

Октябрь социалистік революциясы кезінде Москва әскери-революциялық комитетінің құрамына кірді және Москвадағы қарулы көтеріліс басшыларының бірі болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін жауапты партия қызметінде істеді: Орталық Комитеттің Сибирь бюросының мүшесі, 1921 жылы — партияның Орталық Комитетінің секретары, 1923 жылдан 1934 жылға дейін — Орталық Бақылау Комиссиясының секретары. СССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болды, Ленин Институты дирекциясының құрамына кірді. Өмірінің соңғы жылдарында партияның Орталық Комитетінің лекторлар тобын басқарды, «Правданың» және «Большевик» журналының редакциялық коллегияларының мүшесі болды. Е. Ярославский ең танымал публицистер мен насихатшылардың бірі, партияның идеология майданындағы аса көрнекті қызметкері еді. 1939 жылдан — СССР Ғылым академиясының толық мүшесі. Коммунистік партияның және Россиядағы революциялық қозғалыстың тарихы жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы.— *82.*

В. И. ЛЕНИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

(8 март — 21 июнь, 1921)

8 марттан ертерек. Ленин азық-түлік салымын заттай салықпен ауыстыру туралы РКП(б) X съезіне жасайтын баяндаманың жоспарын жасаумен шұғылданады, РКП(б) Орталық Комитетінің осы мәселе жөніндегі қаулысының жобасына түзетулер енгізеді, Орталық Комитеттің саяси қызметі туралы X съезге беретін есебі жоспарының бірінші және екінші нұсқаларын жазады.

8 март. Ленин деревнядағы жағдай және шаруалардың көңіл-күйі туралы хаттар мен корреспонденцияларға жасалған шолумен танысады; бұл шолуды «Беднота» газетінің редакторы В. А. Карпинский жазған болатын.

Ленин А. Д. Цюрупаға записка жазып, 1921 жылғы январь — февральда астық дайындаудың барысы туралы шұғыл түрде деректер әзірлеуді өтінеді, ішкі және сыртқы рынокта товар айырбасы мен айналымын ұйымдастыру жөніндегі мәселені талқылау үшін комиссияны шақыруды ұсынады.

Ленин РКП(б) X съезін кіріспе сөз сөйлеп ашады, съезд президиумының құрамына сайланады.

Ленин съездің екінші (кешкі) мәжілісінде РКП(б) Орталық Комитетінің саяси қызметі туралы есепті баяндама жасайды.

9 март. Ленин съездің үшінші (таңертеңгі) мәжілісінде РКП(б) Орталық Комитетінің есебі бойынша жарыс сөздерді жазып алады,

А. М. Коллонтайдың «Жұмысшы оппозициясы» деген кітапшасын қарап шығып, оған сын ескертпелер жазып, белгілер салады, содан кейін Орталық Комитеттің саяси қызметі туралы баяндама бойынша қорытынды сөз сөйлейді.

Ленин Сибирьдегі жағдай туралы және Сибирь революциялық комитетінде жұмыс істеуге И. Н. Смирновты жіберу қажеттігі туралы Л. Б. Каменев пен И. В. Сталинге записка жазады.

Ленин көктемгі егісті өткізу үшін мұқтаж болып отырған губернияларға тұқым жөнелтуді тездету жөнінде төтенше шаралар қолдану туралы Вятка, Екатеринбург, Курск, Орел, Пенза, Пермь, Самара, Саратов, Симбирск, Смоленск, Тамбов, Тула, Тюмень, Уфа, Қазан губерниялық азық-түлік комиссарларына жіберілетін телеграммаға қол қояды.

Кеш дегенде 9 март. Ленин X съезд делегаттарының — «онның платформасын» жақтаушылардың жеке кеңесінде сөйлейтін сөзінің конспектісін жазады.

10 март. Ленин Петроградтағы жағдай және Кронштадт бүлігін жоюдың барысы туралы Петроград Советінің председателі Г. Е. Зиновьевпен телефон арқылы сөйлеседі.

Ленин К. Е. Ворошиловты және РКП(б) X съезінің басқа да әскери делегаттарын Кронштадт бүлігін басуға жіберу туралы И. В. Сталин мен Л. Б. Каменевке записка жазады.

Ленин 11-армияның Революциялық-әскери советіне телеграмма жолдайды, онда грузин революциялық комитетімен тығыз байланыс жасау жөнінде директива береді, Грузия өкіметінің суверенді органдарына ерекше құрметпен қарауды талап етеді.

Ленин шаруалар, майдагерлер және фабрика-завод адамдары арасында товар айырбасын ұйымдастыру мәселелері жөнінде Х. Г. Раковскиймен және А. Д. Цюрупамен жедел кеңес өткізу қажеттігі туралы А. И. Рыковқа записка жазады.

11 март. Ленин Қазанға Татар республикасының Халық Комиссарлары Советі мен Азық-түлік халық комиссариатына жіберілетін телеграммаға түзетулер енгізіп, қол қояды, онда запастағы армия мен Приволжск әскери округының әскерлерін азық-түлікпен қамтамасыз ету жөнінде РСФСР Азық-түлік халық комиссариатының барлық нарядтарын мезгілінде әрі толық орындауға жарлық беріледі.

12 март. Ленин РКП(б) X съезінің әскери мәселені талқылауға арналған сегізінші және тоғызыншы жабық мәжілістеріне қатысады.

Ленин Л. Б. Каменевке записка жазып, РКП(б) Орталық Комитетінің құрамына ұсынылатын кандидатураларды талқылау үшін съезд делегаттарының — «онның платформасын» жақтаушылардың кеңесін жедел шақыруды ұсынады.

Ленин Донбассты азық-түлікпен жабдықтау жөнінде төтенше шаралар қолдану туралы Харьковқа Украина Халық Комиссарлары Советіне, Еңбек армиясы советіне, Азық-түлік халық комиссариатына және Еңбек халық комиссариатына телеграмма жібереді.

13 марттан ертерек. Ленин американ газеті «The New-York Herald»-тің («Нью-Йорк Хабаршысы») Москвадағы тілшісінің Кронштадттағы оқиғалар туралы сұрақтарына жауап береді.

13 март. Ленин партияның X съезі делегаттарының, «онның платформасын» жақтаушылардың, жеке кеңесінде РКП(б) Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының құрамы туралы мәселе жөнінде сөз сөйлейді. Кеңес Орталық Комитеттің құрамына Лениннің кандидатурасын ұсынады.

14 март. Ленин РКП(б) X съезінің он екінші (таңертеңгі) мәжілісінде кәсіптік одақтар туралы сөз сөйлейді. Съезд кәсіподақтардың ролі мен міндеттері туралы мәселе жөніндегі қарардың негізіне Ленин қол қойған «онның платформасын» алады.

Ленин съездің он үшінші (кешкі) жабық мәжілісіне қатысады. Съезд Ленинді РКП(б) Орталық Комитетінің құрамына бірауыздан сайлайды.

15 март. Ленин съездің он төртінші (таңертеңгі) мәжілісінде азық-түлік салымын заттай салықпен ауыстыру туралы баяндама жасайды, жарыс сөз кезінде сөйленген сөздер бойынша жазбалар жасайды, қорытынды сөздің жоспарын жазады, ал содан кейін баяндама бойынша қорытынды сөз сөйлейді.

Ленин Вятка, Екатеринбург, Курск, Орел, Пенза, Покровск, Самара, Саратов, Симбирск, Смоленск, Тамбов, Тюмень, Қазан, Уфа губерниялық азық-түлік комиссарларына жолданған телеграммада көктемгі егіске арналған тұқымды мезгілінде тасып жеткізу үшін төтенше шаралар қолдануды ұсынады.

16 марттан ертерек. Ленин РКП(б) X съезінің партияның бірлігі туралы, партиядағы синдикалистік және анархистік уклон туралы, жұмысшылар мен мұқтаж шаруалардың жағдайын жақсарту туралы қарарлардың алғашқы жобаларын және кооперация туралы қарардың жобасын жазады.

16 март. Ленин РКП(б) X съезінің он алтыншы (таңертеңгі) мәжілісінде отын мәселесі жөнінде сөз сөйлейді және ұсыныс енгізеді, содан кейін партияның бірлігі және анархо-синдикалистік уклон туралы баяндама жасайды, ал жарыс сөзден кейін баяндама бойынша қорытынды сөз сөйлейді. «Партияның бірлігі туралы» және «Партиямыздағы синдикалистік және анархистік уклон туралы» қарарлардың Ленин ұсынған жобаларын талқылаған кезде Ленин Д. Б. Рязановтың, Рафаилдың (Р. Б. Фарбманның), К. И. Марченконың түзетулеріне қарсы шығады, А. С. Киселевтің сөзі жөнінде және партияның бірлігі туралы қарарды дауысқа қою тәртібі жөнінде түсінік береді. Съезд Ленин ұсынған қарарларды қабылдайды. Мәжілістің соңында Ленин РКП(б) X съезінің жұмысы аяқталуына байланысты қорытынды сөз сөйлейді.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті пленумының мәжілісіне қатысады. Орталық Комитеттің басшы органдарын құру туралы мәселені талқылаған кезде Ленин Саяси бюроның құрамына сайланады. Мәжілісте сондай-ақ азық-түлік салығын енгізу жөнінде практикалық шараларды белгілейтін комиссия мен жұмыс-

шылардың тұрмысын жақсарту жөнінде комиссия құру туралы, кәсіподақ айтысының қорытындылары жөнінде партия ұйымдарына хат туралы, газеттерді шығару және тарату туралы, Польшамен бітім шартына қол қою туралы, Түркістандағы жағдай туралы, Закавказье советтік республикаларын біріктіру туралы, Орталық Комитеттің Сибирь бюросының құрамы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

17 март. Ленин Советтік Россия мен Америка Құрама Штаттары арасындағы сауда байланыстары туралы мәселе жөніндегі келіс сөздер туралы американ іскер топтарының ресми емес өкілі В. Вандерлипке хат жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда әлсіз және қызыл әскер шаруашылықтарында егісті өңдеген кезде озара еңбек жәрдемін ұйымдастыру үшін ауыл шаруашылық құрал-саймандарын пайдалану туралы нұсқаудың жобасы, Орман бас комитетіне, Түркістан мақта комитетіне, Майдагерлік өнеркәсібі бас басқармасына, Петроград Советіне және халық шаруашылығы советіне өнеркәсіп мұқтажына және отын дайындауға арнап қаржы бөлу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

18 март. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда азық-түлік салымынан заттай салыққа көшуге байланысты шаралар талқыланады; Саяси бюро Ленинге осы мәселе жөнінде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің сессиясында сөз сөйлеуді тапсырады. Түркістандағы жағдайды талқылаған кезде Ленин Саяси бюроның осы мәселе жөніндегі комиссиясының құрамына енгізіледі. Мәжілісте сондай-ақ Х съездің қорытындылары және партиялық жұмыстың міндеттері туралы РКП(б) Орталық Комитетінің партия мүшелеріне хаты, отын туралы тезистер, РКП(б) Х съезінің стенографиялық есептерін баспаға дайындау туралы, Сыртқы сауда халық комиссариаты мен Финанс халық комиссариатында Украинаның өкілдігі болуы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Қара теңіз жағалауы мен Кубань облысының руда байлықтары туралы анықта-

мамен танысқаннан кейін, А. И. Рыковқа записка жазады, онда анықтамадағы деректерді мамандардан тексеріп білуді және осы кен орындарын пайдалану туралы мәселені В. Вандерлиппен келіс сөздерге енгізу мүмкіндігін анықтап білуді ұсынады.

19 март. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, Тамбов губерниясында астық дайындау туралы қаулының жобасын жазады. Мәжілісте сондай-ақ жаңа экономикалық саясат туралы шаруаларға арналған үндеудің жобасы, әлсіз және қызыл әскер шаруашылықтарында егісті өңдеу туралы нұсқауды іске асыру жөнінде РКП(б) Орталық Комитетінің губерниялық партия комитеттеріне жіберетін нұсқау телеграммасының жобасы талқыланады.

Ленин егіншілік халық комиссарының орынбасары Н. Осинскиймен (В. В. Оболенскиймен) Егіншілік халық комиссариаты коллегиясының құрамы туралы әңгімеледеді.

Ленин көктемгі егіс кезеңінде тұқымды еркін сатып алуды және тасып жеткізуді жариялау, деревняда егіс көлемін ұлғайту жолындағы үгіт науқанын күшейту қажеттігі туралы РКП(б) Петроград губерниялық комитетіне телеграмма жолдайды.

Ленин Л. Д. Троцкийге қалмақ даласында әрекет етіп жүрген Маслаков бандасын талқандау үшін жедел шаралар қолдануға нұсқау береді.

Ленин Лондонға Л. Б. Красинге телеграмма жазып, Грозныйдағы, Бакудегі және басқа жерлердегі концессиялар туралы ағылшын өнеркәсіпшілерімен келіс сөздерді тездетуді ұсынады.

20 март. Ленин РКП(б) X съезі кезінде Лениннің атына жіберілген запискалардың бәрін жинақтап, жүйеге келтіру және съезд делегаттары Егіншілік халық комиссариатында жұмыс істеу үшін ұсынған шаруалар мен деревняның тәжірибелі қызметкерлерінің тізімін жасау жөнінде секретарьға нұсқау береді.

Ленин көктемгі егістің сәтсіздікке ұшырау қаупіне байланысты мұқтаж губернияларды

тұқыммен қамтамасыз ету жөнінде төтенше шаралар қолдану туралы барлық губерниялық атқару комитеттері мен губерниялық кәсіподақ советтерінің председательдеріне телеграмма жолдайды.

Ленин Ригаға Я. С. Ганецкийге записка жазып, Польшадан РСДРП Орталық Комитетінің Краков-Поронин архивін алу мүмкіндігін анықтап білуді өтінеді.

21 март. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, Түркістандағы жағдай туралы мәселені талқылаған кезде Саяси бюро қарарының жобасына ескертпелер мен ұсыныстар жазады. Мәжілісте сондай-ақ РКП(б) X съезінің Кронштадттағы бүлікті басуға қатысқан делегаттарымен кеңес өткізу туралы, заттай салыққа көшуге байланысты түсінік жұмысын өрістету туралы, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің сессиясы туралы, халық комиссариаттарының құрамы туралы, Россия телеграф агенттігінің жұмысы туралы, анархизмге қарсы күресті күшейту туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин мемлекеттік жалпы жоспарлау комиссиясын (Мемлекеттік жоспарлау комиссиясын) құру жөнінде Г. М. Кржижановскиймен әңгімелеседі.

Ленин 1921 жылғы 21 марттан бастап Петроградты қоршаудағы жағдайдан соғыс жағдайына көшіру туралы Г. Е. Зиновьевке телефонограмма жолдайды.

Ленин көктемгі егісті өткізу үшін ауыл шаруашылық құрал-саймандарын жөндеуді және тыңайтқыштар жинауды ұйымдастыру жөнінде жедел шаралар қолдану туралы барлық губерниялық халық шаруашылығы советтері мен өнеркәсіп бюроларына жіберілетін телеграммаға қол қояды.

22 март. Ленин РКП(б) X съезінің Кронштадт бүлігін басуға барған делегаттары алдында партия съезінің қорытындылары туралы баяндама жасайды, содан кейін делегаттармен әңгімелесіп, олармен бірге суретке түседі.

Ленин Уфа уезінің Булгаков болысындағы Бекетово деревнясының шаруалары А. Р. Ша-

пошниковпен, И. Г. Кондровпен және Т. И. Кондровпен азық-түлік салығына көшу және шаруалар шаруашылығын нығайту жөніндегі шаралар туралы әңгімелеседі.

Ленин өзінде қабылдауда болған Дағыстан делегациясына «Қызыл Дағыстанға» деп жазып, өзінің фотографиясын сыйлайды.

Ленин Сыртқы сауда халық комиссариатынан РСФСР мен Монғолия арасындағы сауда байланыстарының қазіргі формалары туралы мәліметтер сұрастыруды және Москва губерниялық экономикалық кеңесінен Кашира электр станциясының электр энергиясын қабылдауға және бөлуге әзірлік туралы деректер алуды секретарьға тапсырады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Сыртқы сауда халық комиссариаты мен Финанс халық комиссариатындағы Украинаның өкілдігі туралы, РСФСР-дің Германиядағы экономикалық өкілдігі жанынан Шетелдік ғылым мен техника бюросын құру туралы қаулылардың жобалары, почта және телеграф, сыртқы сауда, денсаулық сақтау халық комиссариаттары туралы ережелердің жобалары, жұмысшыларға сыйлық беру туралы, АМО заводының, электр өнеркәсібінің, почта мен телеграфтың жұмысшыларын жабдықтауды жақсарту туралы, Москвадағы тәртіпке шақыратын жолдастық соттардың жұмысы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

24 март. Ленин Томскіге В. Н. Каюровқа хат жазып, азық-түлік салығын енгізуге байланысты Сибирь жұмысшылары мен шаруаларының ниғылы туралы жазып жіберуді өтінеді.

Ленин Якунчиковтың бұрынғы имениесінің және Ходынка хуторының территориясында Москва тұтынушылар коммунасының фермасы мен огород шаруашылығын ұйымдастыру туралы Москва Советінің председателі Л. Б. Каменевке записка жазады.

Ленин барлық майдандар мен әскери округтардың қолбасшыларына жолдаған телеграммасында егіс науқанын өткізуде егіншілік органдарына техникалық көмек көрсету жөнінде шұғыл шаралар қолдануға жарлық береді.

Ленин «Азық-түлік салығы туралы (Жаңа саясаттың маңызы және оның шарттары)» деген кітапшасын жазуға кіріседі.

25 март. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Москвадағы жұмысшылар мен қызыл әскерлер арасындағы үгіт жұмысы туралы, заттай салықты жүзеге асыру жөнінде практикалық шаралар белгілейтін комиссия туралы, күміс ақша шығаруға әзірлік туралы, РКП(б) Орталық Комитетінің Урал бюросының, Түркістан комиссиясының, халық комиссариаттары коллегияларының құрамы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин қатынас жолдары халық комиссарының орынбасары В. В. Фоминмен транспорт жұмысшыларының 22 мартта ашылған Бүкілроссиялық I съезі туралы және Цектранның болашақ құрамы туралы әңгімелеседі.

Ленин Халық шаруашылығы жоғары советінің комиссиясы әзірлеген «Концессиялық шарттар жасасқан кездегі жұмысшы мәселесі туралы запискаға» қосымшалар мен түзетулер енгізеді және ВЦСПС-тің «Концессиялық кәсіпорындардағы жұмысшылар мен мамандарға ақы төлеу туралы» тезистеріне ескертпелер жазады.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; күміс ақша шығаруға әзірлік туралы баяндама жасайды, Еңбек және Қорғаныс Советінің облыстық шаруашылық органдар туралы ережесінің және үлгілі электр станциялары жұмысшыларын азық-түлікпен жабдықтау нормалары туралы қаулының жобаларына қол қояды. Мәжілісте сондай-ақ халықты нанмен, етпен, маймен және мал жемімен жабдықтау жоспары туралы, Петроградтың азық-түлік жағдайы туралы, Фаулер автоплугын жасап шығару туралы мәселелер, жұмысшылар мен қызметшілерді киіммен, аяқ киіммен және сабынмен жабдықтау туралы қаулылардың жобалары, губерниялық экономикалық кеңестерге берілетін нұсқаулар және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Царицын, Астрахань, Саратов, Ростов еңбек комиссариаттарына, қырғыз және қал-

мақ Орталық атқару комитеттеріне Астрахань балық кәсіпшіліктері үшін жұмысшыларды мобилизациялауды жүзеге асыру жөнінде батыл шаралар қолдануға жарлық берілген телеграмма жолдайды.

26 март. Ленин халық ағарту комиссарының орынбасары Е. А. Литкенспен Халық ағарту комиссариаты мен Саяси ағарту бас комитетінің жұмысы туралы әңгімелеседі.

Ленин А. И. Рыковқа жазған запискасында мұнай цистерналарының саны және олардың пайдаланылуы туралы Мұнай бас комитетінің қысқаша анықтамасын жіберуді және Еңбек және Қорғаныс Советінің осы мәселе жөніндегі қаулысының жобасын әзірлеуді өтінеді.

27 март. Ленин транспорт жұмысшыларының Бүкіл россиялық I съезінде сөз сөйлейді.

Ленин Украинадағы шаруалар шаруашылықтарына азық-түлік салығын салу тәртібі және оның мөлшері туралы және кооперацияның ролі туралы Бүкіл украиндық Орталық Атқару Комитетінің председателі Г. И. Петровскиймен телефон арқылы сөйлеседі, содан кейін Л. Б. Каменевке записка жазып, бұл мәселелерді РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының азық-түлік салығын жүзеге асыру жөніндегі практикалық шараларды белгілейтін комиссиясында дереу талқылауды және жауабын Г. И. Петровскийге хабарлауды ұсынады.

Ленин деревняда жаңа экономикалық саясатты енгізер алдында Азық-түлік халық комиссариатының жергілікті орындардағы аппаратының адам құрамында өзгерістер жасау қажеттігі туралы А. Д. Цюрупаға записка жазады.

Ленин Халық шаруашылығы жоғары советінің комиссиясы ұсынған концессиялық шарттардың басты-басты принциптерінің жобасымен танысқаннан кейін А. И. Рыковқа хат жазады, онда жобаның қанағаттанғысыз әзірленгеніне өзінің қатты ренішін білдіреді.

Ленин концессиялық шарттардың негізгі принциптерінің жобасын талдап жасайды.

Ленин жаңа экономикалық саясатқа көшуге байланысты советтік валютаны нығайту жо-

нінде шаралар белгілеу қажеттігі туралы Е. А. Преображенскийге хат жазады.

Ленин 1919—1921 жылдары дайындалған және халыққа берілген астықтың мөлшері туралы және 1920—1921 жылдары губерниялар бойынша салымның орындалу барысы туралы А. Д. Цюрупадан мәліметтер сұрастырады.

Ленин почта-телеграф байланысы туралы ағылшын Солтүстік телеграф агенттігімен жасалатын концессиялық шарттың жобасын әзірлеуді тездету жөнінде Юстиция халық комиссариатына нұсқау береді.

28 март. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Халық Комиссарлары Советінің заттай салықтың мөлшері туралы қаулысының және ауыл шаруашылық өнімдерін еркін айырбастау және сату туралы декретінің жобалары, Жұмысшылардың тұрмысын жақсарту жөніндегі орталық комиссияның баяндамасы, товар айырбасы үшін қор жинақтау туралы, Түркістан комиссиясының құрамы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің 1920—1921 жылдарға арналған 423 миллион пұт мөлшеріндегі дәнді дақылдар өнімі жөніндегі салымды 240 миллион пұттан аспайтын азық-түлік салығымен ауыстыру туралы қаулысының жобасына және Халық Комиссарлары Советінің мемлекеттік міндеттемелерді орындаған губерниялар мен уездерде ауыл шаруашылық өнімдерін еркін айырбастау, сату және сатып алу туралы декретінің жобасына қол қояды.

Ленин американ өндірістік тәжірибесін зерттеп үйрену үшін бір топ инженер-коммунистердің советтік миссия құрамында Америка Құрама Штаттарына баруы жөніндегі өтінішін қолдау туралы РКП(б) Орталық Комитетінің Ұйымдастыру бюросына записка жазады.

28 март және 29 мартқа қараған түн. Ленин өзінің инициативасы бойынша шақырылған РКП(б) Орталық Комитеті мүшелерінің кеңесіне қатысады, онда концессиялық шарттардың негізгі принциптерінің Ленин жазған жобасы талқыланады. Ленин талқы-

ланған мәселе бойынша сөз сөйлейді, жобаға түзетулер мен қосымшалар енгізеді.

Ленин Лондонға Л. Б. Красинге жолданған радиограмманың жобасына түзетулер мен қосымшалар енгізеді, онда мұнай концессиялары туралы шарттардың негізгі принциптері хабарланады.

29 март. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда астық салығы туралы ереженің жобасы, заттай салық туралы үгітшілерге арналған тезистердің жобасы, тарифтер белгілеу жөнінде комиссия құру туралы, Арменияны азық-түлікпен жабдықтау туралы, «Дүние жүзілік әдебиетті» шығару туралы, РКП(б) Орталық Комитетінің Түркістан бюросының құрамы және Цектран құрамы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы атынан Тифлиске Г. К. Орджоникидзеге телеграмма жазады, онда Азербайжанда азық-түлік жағдайының ауырлығына байланысты 11-армияны Грузиядан Азербайжанға ауыстырудың тиімсіз екендігін айтады және Грузиядан концессия беретін болып шетелден астық алуды тездетуді ұсынады.

Ленин сенбіліктер кезінде шығарылған және шахтерлер Москвадағы Ленинге сыйлыққа жібермек болып отырған 30 вагон көмірді астана жұмысшыларын азық-түлікпен жабдықтап отырған Оңтүстік-Шығыс темір жолына беруді өтініп, кен жұмысшылары Александро-Грушевск аудандық кәсіподақ комитетіне телеграмма жіберуді Н. П. Горбуновқа тапсырады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, күн тәртібін 1921 жылға арнап ақша знактарын шығару программасы туралы, Түркістан комиссиясы туралы, Егіншілік халық комиссариаты мен Финанс халық комиссариаты коллегияларының құрамы туралы мәселелермен толықтырады, Халық Комиссарлары Советінің концессиялық шарттардың негізгі принциптері туралы қаулысының жобасына түзетулер енгізіп, қол қояды. Мәжілісте сондай-ақ ағылшын Солтүстік телеграф агенттігімен концес-

сиялық келісім жасасу туралы, шетелден наубайханалар үшін машиналар және қағаз сатып алу туралы, электр станцияларын пайдалануға басшылық ету туралы, азық-түлік салығын жүзеге асыру жөніндегі практикалық шараларды белгілейтін комиссия туралы, азық-түлікпен және жеммен жабдықтаудың жағдайы туралы мәселелер, мәдениет және ағарту қызметкерлерін мамандығы бойынша жұмысына қайтару туралы қаулының жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

30 март. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Украинадағы азық-түлік жұмысы туралы, жергілікті шаруашылық айналымы шеңберінде айырбас жасау туралы, кооперация туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Тифлиске Г. К. Орджоникидзеге жолдаған телеграммасында Грузия революциялық комитетінде грузин меньшевиктік үкіметі жасасқан концессиялық шарттарды қайта қалпына келтіру және шетелден азық-түлік алу мүмкіндігін қарастыру туралы мәселені талқылауды ұсынады.

31 март. Ленин Америка Құрама Штаттарымен сауда келіс сөздері туралы және американ өнеркәсіпшілеріне мұнай концессияларын беру мүмкіндігі туралы Г. В. Чичеринге записка жазады.

Ленин Г. В. Чичеринге жазған запискасында мұсылмандардың тұрмыс салтына ілтипатпен қарау қажеттігі туралы мұсылман республикалары мен аудандарындағы партия ұйымдарына арналған РКП(б) Орталық Комитетінің нұсқау хатының жобасын әзірлеуді өтінеді.

1 апрель. Ленин А. М. Лежаваға Юстиция халық комиссариатының жеке сауда мен товар айналымына жол беруді реттейтін заңды жедел талдап жасауы туралы Халық Комиссарлары Советі қаулысының жобасын әзірлеуді, сондай-ақ РСФСР мен Америка Құрама Штаттары арасында сауда келісімдерін жасасқан кезде Совет үкіметі ұсынатын шарттар туралы В. Вандерлипке хабарлауды тапсырады.

Ленин Г. М. Кржижановскийге Александров-Гай — Ембі (Алгемба) темір жол тармағын

салу туралы мәселе жөнінде Еңбек және Қорғаныс Советіне ұсыныс әзірлеуді тапсырады.

Ленин губерниялық атқару комитеттерінің председательдеріне, губерниялық революциялық комитеттердің председательдеріне, Сибирь революциялық комитетінің председателіне, Башқұрт, Қырғыз, Татар, Тау, Украина және Түркістан республикаларына жолдаған телеграммасында заттай салықтың мөлшерін белгілеу үшін егіс көлемінің мөлшері мен малдың саны туралы мәліметтерді Орталық статистика басқармасына беруді талап етеді.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; күн тәртібін Қызыл Армияның санын қысқарту туралы және Финн шығанағын тральдау туралы мәселелермен толықтырады, Еңбек және Қорғаныс Советінің жанынан Мемлекеттік жалпы жоспарлау комиссиясын (Мемлекеттік жоспарлау комиссиясын) құру туралы жалпы ережелердің жобасына, Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының құрамы туралы, Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы мүшелерінің жемісті жұмыс істеуін қамтамасыз ету туралы, Лена алтын кен орындарын мамандармен және жұмыс күшімен қамтамасыз ету туралы, әскери ведомстволардың мүлкін азаматтық мекемелерге беру туралы қаулылардың жобаларына, т. б. қол қояды. Мәжілісте сондай-ақ паровоздарды жөндеу программасының орындалуы туралы, металлургия өнеркәсібінің жағдайы туралы, Петроград сауда порты туралы және басқа мәселелер талқыланады.

2 апрель. Ленин Закавказье советтік республикаларының Түркиямен жасасатын шарттары жөнінде Азербайжанға, Грузияға және Арменияға Орталық Комитеттің директивасын жіберу туралы РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросына ұсыныс енгізеді.

Ленин Бакуге А. П. Серебровскийге халық шаруашылығын қалпына келтіру мүддесі үшін Баку мұнай кәсіпшіліктерінің бір бөлегін концессияға беру және осыған байланысты Баку коммунистері арасында түсінік жұмысын жүргізу қажеттігі туралы хат жазады.

Ленин еңбек халық комиссары В. В. Шмидтке, әскери халық комиссары Л. Д. Троцкийге, азық-түлік халық комиссары А. Д. Цюрупаға, Халық шаруашылығы жоғары советінің председателі А. И. Рыковқа, ВЦСПС председателі М. П. Томскийге записка жазып, өндірісте істемейтін қызметкерлерді қысқарту арқылы кәсіпорындарда еңбек өнімділігін арттыру және фабрикалар мен заводтарды азық-түлікпен жабдықтауды реттеу туралы мәселені шешу үшін кеңес шақыруды өтінеді.

4 апрель. Ленин барлық губерниялық егіс комитеттеріне жолдаған телеграммасында нақты егіс жоспарын шаруа шаруашылықтарына жеткізген кезде жергілікті жағдайларды қатаң есепке алуды және бюрократтық бұрмалаушылықтарға жол бермеуді талап етеді.

Ленин өнімдердің жекелеген түрлеріне салынатын заттай салық жарияланғанға дейін май, ет және жұмыртқа дайындау ісін жүргізу тәртібі туралы барлық губерниялық азық-түлік комитеттері мен губерниялық азық-түлік кеңестеріне телеграмма жолдайды.

Ленин М. Н. Покровскийге жазған запискасында Москва мемлекеттік университетінде буржуазияшыл профессураның гуманитарлық пәндерді оқытуы туралы пікір беруді сұрайды.

5 апрель. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Халық Комиссарлары Советінің тұтынушылар кооперациясы туралы және жұмысшыларға заттай сыйлық беру туралы декреттерінің жобалары, Москвадагы тұрғын үй саясаты туралы, 1-Атты әскер армиясын жабдықтау және демобилизациялау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Г. К. Орджоникидзеге телеграмма жазып, италиян және неміс өнеркәсіпшілеріне Ткварчели және Чиатура марганец кен орындарын концессияға беру туралы мәселе жөнінде Грузия совет үкіметі келіс сөздерінің барысы туралы сұрастырады.

Ленин Қызыл Армияның адам құрамының саны және оны демобилизациялаудың барысы туралы материалдармен танысқаннан кейін,

Г. Е. Зиновьевке записка жазып, демобилизациялауды мейлінше тездету жөнінде РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросына мәселе қою қажеттігі туралы айтады.

Ленин Халық шаруашылығы жоғары советі президиумына А. И. Рыковқа жазған хатқа қол қояды, онда Гидроторфқа жәрдем көрсетуге байланысты мәселелерді жедел шешуді өтінеді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Еңбек және Қорғаныс Советі комиссиясының Азық-түлік халық комиссариатының және басқалардың жабдықтау жоспарларын қайта қарау туралы баяндамасы бойынша қаулының жобасына қол қояды. Мәжілісте сондай-ақ тұтынушылар кооперациясы туралы және жұмысшыларға заттай сыйлық беру туралы, жұмысшылардың еңбегіне ақы төлеу туралы декреттердің жобалары, тәртіпке шақыратын жолдастық соттар туралы ереже, Қызыл Армияны киімкешекпен жабдықтау туралы, Гидроторф жұмыстарының барысы туралы, жұмысшы факультеттерінің тыңдаушыларын киіммен жабдықтау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы жұмысының негізгі міндеттері туралы және 1921 жылға арналған ағымдағы шаруашылық жоспарлар туралы Г. М. Кржижановскийге хат жазады.

6 апрель. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, Қызыл Армияны демобилизациялауды және оның санын қысқартуды тездету туралы қаулының жобасын жазады. Мәжілісте сондай-ақ заттай сыйлық беру туралы декреттің жобасы, азық-түлік жағдайы туралы, аймақтық тарифтерді өзгерту туралы, РКП(б) Орталық Комитетінің Солтүстік бюросын және Солтүстік облыстық экономикалық кеңесін құру туралы, Петроградта Пролетарлық университет ашу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин советтік облыстар мен республикалардағы Шығыс халықтары әйелдер бөлімдері өкілдерінің кеңесіне құттықтау жібереді.

Ленин А. И. Рыковқа жазған хатында шетелде шымтезек өндіру тәжірибесімен танысу үшін Шымтезек бас комитетінің бір топ қызметкерлерін Финляндияға, Швецияға, Данияға және Канадаға жіберуді тездетуді өтінеді.

Ленин Қорғаныс Советінің армияны жабдықтау жөніндегі төтенше уәкіліне, Егіншілік халық комиссариатына, Орман бас комитетіне және Украина Халық Комиссарлары Советіне жолдаған телефонограммаларында Шымтезек бас комитетіне көмек көрсету жөнінде шұғыл шаралар қолдануды ұсынады.

7 апрель. Ленин Мемлекеттік I автомобиль заводы завод комитеті мен барлық жұмысшыларына алғашқы двигательдерді шығаруға және автокурстың жұмыс істеуінің бір жылдығына байланысты құттықтау жазады.

Ленин А. Б. Халатовқа записка жазып, Бакуды астықпен жабдықтау үшін шұғыл шаралар қолдануды ұсынады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің Ұйымдастыру бюросына записка жазып, Е. Ф. Розмировичті Германияға емделуге жіберуді өтінеді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; жұмысшылардың еңбегіне ақы төлеуді реттеу туралы, жұмысшыларға заттай сыйлық беру туралы декреттердің жобаларына, тәртіпке шақыратын жолдастық соттар туралы ереженің жобасына, т. б. қол қояды. Мәжілісте сондай-ақ тұтынушылар кооперациясы туралы декреттің, шикізат жинау туралы қаулының жобалары, т. б. талқыланады.

8 апрель. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда совет күміс ақшасын шығаруға әзірлік туралы, француз-орыс сауда агенттігін құру туралы, армияны демобилизациялау туралы, партиялық емес конференциялар өткізу туралы, Арменияны азық-түлікпен жабдықтау туралы, Бундтың РКП(б)-ға кіруі туралы, РКП(б) Орталық Комитетінің Қиыр Шығыс бюросының құрамы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин В. В. Воровскийге телеграмма жазып, итальян социалистерінің қызметін зерттеу қажеттігіне байланысты барлық итальян партияларының аса маңызды документтерін іріктеп алып, салып жіберуді өтінеді.

Ленин А. В. Луначарскийге, М. Н. Покровскийге және Е. А. Литкенске жолдаған хатында Халық ағарту комиссариатының қызметінде жүйелілік пен жоспарлылықтың жеткіліксіз екендігін атап көрсетіп, оның жұмысының жалпы жоспарын жасауды ұсынады.

Ленин Г. М. Кржижановскийге записка жазып, П. А. Козьминнің деревняны электрлендіру үшін жел двигательдерін пайдалану туралы ұсынысын Мемлекеттік жоспарлау комиссиясында зерттеуді және мамандарға пікірін айтуға беруді өтінеді.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Москва, Петроград және Иваново-Вознесенск Советтерінің атқару комитеттеріне астық сатып алу үшін қаржы босату туралы, Латвияда тұқымдық картоп сатып алу туралы баяндамалар жасайды, Фаулер автоплугына берілген заказдың орындалуы туралы; майлы күнбағыс егісін ұлғайту жөніндегі шаралар туралы, т. б. каулылардың жобаларына қол қояды. Мәжілісте сондай-ақ жұмысшылар мен қызметшілердің бір кәсіпорыннан екінші кәсіпорынға ауысу тәртібі туралы, Қызыл Армияның командирлер құрамын тіркеу туралы қаулылардың жобалары, армияны одан әрі демобилизациялау шаралары туралы, ағаш дайындаудағы концессиялар туралы, Халық шаруашылығы жоғары советінің шетелдік заттар сатып алуға берген заявкалары туралы, шымтезек өндірісіндегі жұмысшыларды азық-түлікпен, аяқ киіммен қамтамасыз ету туралы және басқа мәселелер талқыланады.

9 апрель. Ленин РКП(б) Иваново-Вознесенск губерниялық комитетінің, губерниялық кәсіподақ советінің және губерниялық азық-түлік комитетінің өкілдері Г. К. Королевпен, М. З. Маниульскиймен және И. И. Коротковпен Иваново-Вознесенск тоқыма кәсіпорындарының жағдайы туралы әңгімелеседі, ал содан кейін Иваново-Вознесенск ауданының

өкпінді фабрикаларының шұғыл мұқтаждары туралы мәселе жөнінде Отын бас комитетінің, Орман бас комитетінің, Шымтезек бас комитетінің, Тоқыма кәсіпорындары бас басқармасының, Қатынас жолдары халық комиссариатының, Финанс халық комиссариатының, Азық-түлік халық комиссариатының және Денсаулық сақтау халық комиссариатының өкілдерін қатыстыра отырып, жедел кеңес шақыруға нұсқау береді.

Ленин Москва мен Москва губерниясының РКП(б) ұялары секретарьларының және жауапты өкілдерінің жиналысында азық-түлік салығы туралы баяндама жасайды.

Ленин Литвада, Бұхарада, Англияда, Швецияда және Германияда совет дипломатиялық өкілдерін тағайындау жөнінде Г. В. Чичеринмен телефон арқылы сөйлеседі.

Ленин Закавказьеге азық-түлік жөнінен жәрдем беру шаралары туралы, шұғыл түрде концессиялық шарттар жасасу және Азербайжанда товар айырбасы мен суландыру жұмыстарын өрістету қажеттігі туралы Г. К. Орджоникидзеге телеграмма жазады.

Ленин шымтезек өндіру насихатын жолға қою туралы А. В. Луначарскийге жолдаған хатында бұл мәселе жөнінде арнаулы кітапшалар, оқу кинофильмдерін шығаруды, мектептер мен жоғары оқу орындарына арнап міндетті курс енгізуді ұсынады.

Ленин Қатынас жолдары халық комиссариатын қайта құру және транспортты басқару туралы мәселені Еңбек және Қорғаныс Советінің талқылауына қою жөнінде нұсқау береді.

10 апрель. Ленин Ф. Э. Дзержинскийді қатынас жолдары халық комиссары етіп тағайындау жөнінде РКП(б) Орталық Комитеті қабылдаған шешім туралы Дондағы Ростовқа қатынас жолдары халық комиссарының орынбасары В. В. Фоминге телеграмма жолдайды.

11 апрель. Ленин ВЦСПС коммунистік фракциясының мәжілісінде концессиялар туралы баяндама жасайды, жарыс сөзге шығып сөйлейді және баяндама бойынша қорытынды сөз сөйлейді.

Ленин елді отынмен жабдықтаудың жайы және оны жоспарлау туралы И. Т. Смилгамен әңгімелеседі.

Ленин Петроград облыстық экономикалық кеңесі жанынан жоспарлау комиссиясын құру жөнінде Г. Е. Зиновьевпен телефон арқылы сөйлеседі.

Ленин барлық губерниялық егіс комитеттеріне жолдаған нұсқау радиограммасында ерте пар жырту үшін қолданылған шаралар туралы сұрастырады және бұл науқанды өткізген кезде жергілікті жағдайларды аса қатаң есепке алу қажеттігіне айрықша назар аударады.

Ленин барлық губерниялық азық-түлік комиссарларына Азық-түлік халық комиссариатының тұқымдық картопты жөнелту және жеткізу жөніндегі жоспарын орындау тәртібі туралы телеграф арқылы жарлық береді.

12 апрель. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Қызыл Армияны демобилизациялаудың барысы туралы Э. М. Склянскийдің баяндамасы, кәсіподақтардың Бүкіл россиялық съезін шақыру туралы, РКП(б) Орталық Комитетінің Қиыр Шығыс бюросының, Қатынас жолдары халық комиссариаты, Азық-түлік халық комиссариаты және басқа комиссариаттар коллегияларының құрамы туралы, оңшыл эсерлер туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин жасалып жатқан мемлекеттік жоспардың негізгі міндеттері жөнінде Г. М. Кржижановскийге записка жазып, 1921 жылы азық-түлік салығы бойынша қанша астық жиналуы мүмкін екендігі туралы және 1918—1921 жылдары отын өндіру және бөлу туралы мәліметтерді дереу беруді сұрайды.

Ленин Украина азық-түлік халық комиссары М. К. Владимировқа жолдаған телеграммасында шаруалармен товар айырбасын ұйымдастыру қажеттігіне байланысты Қырымнан және Одессадан тұз дайындап, тасып жеткізудің барысы туралы мәліметтер сұрастырады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Халық шаруашылығы жоғары советінің сыртқы сауда же-

ніндегі заявкаларын қайта қарау туралы қаулының жобасын жазады, 1921 жылдың апреліне астық пен жемді бөлу жоспарын бекіту туралы, егіс жұмыстары кезінде шаруаларды көлік-арба міндеткерлігіне тарту тәртібі туралы қаулылардың жобаларына қол қояды. Мәжілісте сондай-ақ Иваново-Вознесенск екпінді фабрикаларының мұқтаждары туралы, Москва, Петроград және Иваново-Вознесенск Советтерінің атқару комитеттеріне финанс жәрдемін беру туралы, жергілікті совет және қоғам ұйымдарын электр станцияларын басқаруға тарту туралы және басқа мәселелер талқыланады.

13 апрель. Ленин Закавказьедегі партия және совет жұмысының міндеттері мен ерекшеліктері туралы Армения Халық Комиссарлары Советінің председателі А. Ф. Мясниковпен әңгімелеседі.

Ленин Г. М. Кржижановскийге жолдаған запискасында 1921—1922 жылдарға арналған азық-түлік және отын перспективалары тұрғысынан алғанда шетелден товарлар мен жабдықтар сатып алуға заявка берудің тиімділігін анықтау қажеттігі жөнінде нұсқау береді.

Ленин барлық губерниялық азық-түлік комитеттеріне жолдаған телеграммасында шаруалармен товар айырбасы үшін қалдырылған товарлардың мөлшері туралы мәліметтерді дереу хабарлауға жарлық береді.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Қызыл Армияны демобилизациялауға және оның санын қысқартуға байланысты мәселелер бойынша баяндама талқыланады, 1892—1895 жылдарда туған әскери қызметшілерді демобилизациялау туралы және демобилизацияланғандарды жабдықтау туралы қаулылардың жобаларына қол қояды.

14 апрель. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, Е. А. Преображенскийдің қағаз ақша айналысына реформа жасауға әзірлік туралы баяндамасы бойынша сөз сөйлейді, РКП(б) Орталық Комитеті мен Халық Комиссарлары Советі финанс комиссиясы қаулысының жобасына қосымшалар мен түзетулер енгізеді. Мәжілісте сондай-ақ

халық шаруашылығы советтері өкілдерінің съезі туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Петроградтың партияда жоқ жұмысшыларының жалпы қалалық кеңесіне құттықтау хат жазады.

Ленин Закавказьедегі социалистік құрылыстың міндеттері мен ерекшеліктері туралы «Азербайжандағы, Грузиядағы, Армениядағы, Дағыстандағы, Тау республикасындағы коммунист жолдастарға» хат жазады.

Ленин ішкі істер халық комиссарының орынбасары М. Ф. Владимирскийге жолдаған хатында Калуга губерниясындағы Перемышль уезінің Головники деревнясы мен Заборовск слободкасы шаруаларының жергілікті өкімет орындарының қиянат жасаушылығы туралы арызын тексеруді және кінәлыларды жауапқа тартуды ұсынады.

Ленин Донбасста көмір өндіру перспективалары туралы және жергілікті товар айналымын дамыту қажеттігі туралы мәселе жөнінде Г. Л. Пятаковқа записка жазады.

Ленин еркін сауданың енгізілуіне байланысты жұмысшылар мен олардың семьяларын жабдықтауды жақсарту жөнінде арнаулы шаралар қолданудың қажеттігі туралы және Иваново-Вознесенскіде Пролетарлық университет ашу туралы Л. Б. Каменевке записка жазады.

15 апрель. Ленин советтік және шетелдік кооператив ұйымдары арасындағы келіс сөздер туралы РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының шешімі жобасын сұрау салу арқылы өткізеді.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының 14 апрельдегі шешімін Москва жоғары техникалық училищесінің оқытушылар құрамына хабарламаған В. М. Молотовқа партияның Орталық Комитеті аппаратында сұмдық қағаз бастылыққа жол беруге болмайтындығы туралы записка жазады.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Алгемба мұнай құбырын және темір жол тармағын салудың тиімділігін анықтау туралы қаулының жоба-

сын жазады, қапшықшылардың темір жолдар арқылы жүріп-тұруына қарсы күресті күшейту туралы, Азық-түлік халық комиссариатына азық-түлік жүктерін және басқаларды тасу үшін тракторлар беру туралы қаулылардың жобаларына қол қояды. Мәжілісте сондай-ақ сал ағызуды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы, демобилизацияланған қызыл әскерлерді тасымалдау туралы, тұқымдық картопты сатып алу және тасып жеткізу туралы, Донбассқа техникалық жәрдем көрсету туралы, Москва жоғары техникалық училищесі жанынан жылу техникасы және электр техникасы институттарын құру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

16 апрель. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Орталық Комитеттің анархистерге көзқарас туралы нұсқау хаты және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Германия Біріккен коммунистік партиясының тактикасы мәселелері жөнінде К. Цеткин мен П. Левиге хат жазады және олардың Германия Біріккен коммунистік партиясы Орталық Комитетінің құрамынан шығуының қате екенін айтады.

17 апрель. Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросына Украинада азық-түлік салығын іс жүзінде енгізуге байланысты мәселелерді, мамандар даярлау туралы және жоғары мектепті басқару туралы уставтың жобасын жасау туралы мәселені және ұсақ буржуазиялық партияларға көзқарас туралы мәселені талқылау туралы ұсыныс енгізеді.

Ленин Ереванға Г. К. Орджоникидзеге телеграмма жазады, онда Закавказье советтік республикаларының сыртқы сауда байланыстарын ұйымдастыру туралы сұрастырады және товарлар жеткізіп беру жөнінде француз фирмасымен шарт жасасу туралы толығырақ хабарлауды өтінеді.

18 апрель. Ленин Ф. Э. Дзержинскиймен оның қатынас жолдары халық комиссары болып тағайындалуы туралы, халық комиссариаты жұмысының міндеттері туралы және Донбасстағы жағдай туралы әңгімелеседі.

Ленин Чувашиядағы жағдай туралы және шаруалардың пиғылы туралы Чуваш облыстық атқару комитеті председателінің орынбасары С. А. Коричевпен әңгімелеседі.

Ленин Ереванға Г. К. Орджоникидзеге жолдаған телеграммасында Закавказьенің сыртқы саудасының кредит аппараты ретінде Грузия мемлекеттік банкін сақтау қажеттігін айтады және меньшевиктердің шетелдегі үгітіне қарсы насихатты кеңінен өрістетуді ұсынады.

Ленин Азербайжан мұнай комитетіне мұнай өнімдерін шетелде жабдықтарға, киім мен азық-түлікке айырбастауға право беру туралы қаулының жобасын әзірлеу жөнінде А. М. Лежава мен А. И. Рыковқа нұсқау береді.

Ленин В. П. Милютин мен В. А. Аванесовқа жазған запискасында облыстық экономикалық кеңестердің есеп беру формаларын жасау және мерзімдерін белгілеу үшін комиссия құруды ұсынады.

Ленин инженер М. А. Бонч-Бруевичті радиотехника мен телевизия саласындағы өнертабыстарын талдап жасауда Нижний Новгород радиолабораториясына жәрдем көрсету қажеттігі туралы Н. П. Горбуновқа записка жазады.

19 апрель. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Халық Комиссарлары Советінің астыққа, картопқа және майлы тұқымдарға заттай салық салу туралы, кәсіпшілік кооперациясы туралы және айырбас туралы декреттерінің жобалары, Бүкіл российлық азық-түлік кеңесін шақыру туралы, Грузияның теңіз порттары туралы, Москва жоғары техникалық училищесі басқармасының құрамы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин буржуазиялық мамандарға көзқарас және оларды Халық ағарту комиссариаты жүйесінде пайдалану туралы Кәсіптік білім беру жөніндегі бас басқарманың бастығы Е. А. Преображенскийге хат жазады.

Ленин А. М. Лежаваға записка жазып, Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісіне Сибирьде азық-түлік шикізаттарын өңдеу туралы батыс

европалық жұмысшы кооперациясымен жасалатын концессиялық шарттың жалпы ережелерінің жобасы туралы баяндама әзірлеуді өтінеді.

Ленин Грозныйдан мұнай және мұнай өнімдерін тасуды күшейту үшін темір жол цистерналарын қайта бөлу туралы баяндама әзірлеуді Г. М. Кржижановскийге тапсырады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, Германиядан Гидроторф үшін жабдықтар сатып алу туралы баяндама жасайды. Мәжілісте сондай-ақ астыққа, картопқа және майлы тұқымдарға, жұмыртқаға және сүт өнімдеріне заттай салық салу туралы декреттердің жобалары, ауыл шаруашылық машиналары мен құралдарын бөлу тәртібі туралы, Петроград пен Москвадағы қоғамдық тамақтандыру туралы, Чуваш облысына кездеме, аяқ киім және басқа товарлар беру туралы, Грозныйдағы мұнай өнеркәсібінің жағдайы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

20 апрель. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Халық Комиссарлары Советінің кәсіпшілік кооперациясы туралы декреті мен Халық Комиссарлары Советінің баспасөз бетінде советтік сыртқы сауда саясатын баяндау туралы қаулысының жобалары, Петроград пен Москвадағы қоғамдық тамақтандыру туралы, жоғары мектептің уставы туралы, Қатынас жолдары халық комиссариатының коллегиясы туралы, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің сессиясы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Татар республикасы Халық Комиссарлары Советінің председателі С. Г. Саид-Галиевпен республиканың азық-түлік жағдайы және көктемгі егісті өткізу туралы әңгімеледеседі.

Ленин барлық губерниялық атқару комитеттері мен губерниялық орман комитеттеріне жолдаған телеграммасында орманды өрттен сақтауды қамтамасыз ету жөнінде шұғыл шаралар қолдануды ұсынады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің астыққа, картоп пен майлы тұқымдарға, сүт өнім-

дері мен жұмыртқаға заттай салық салу туралы декреттерінің жобаларына қол қояды.

20 апрель мен майдың басы аралығында. Ленин Ауғанстан әмірі Аманолла-ханға жолданған хатқа қол қояды.

21 апрель. Ленин барлық губерниялық егіс комитеттеріне жолдаған телеграммасында парды ерте жыртуды насихаттау және ұйымдастыру жөнінде шаралар қолдануды ұсынады.

Ленин Оңтүстік-Шығыс өлкелік экономикалық совет жанынан жоспарлау комиссиясын құру қажеттігі туралы М. И. Фрумкинге жолданған телеграммаға қол қояды.

Ленин «Азық-түлік салығы туралы (Жаңа саясаттың маңызы және оның шарттары)» деген кітапшасын жазып бітіреді.

22 апрель. Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; қызыл әскер семьяларына азық-түлік жеңілдіктерін беру туралы және мұнай өнімдерін тасу үшін теңіз және өзен транспортын пайдалану туралы қаулылардың жобаларына қол қояды. Мәжілісте сондай-ақ отын жөніндегі бас комитеттерді құру туралы, балық пен етті жұмысшы орталықтарына жеткізу жөніндегі шаралар туралы қаулылардың жобалары, Қатынас жолдары халық комиссариаты мен Халық шаруашылығы жоғары советінің паровоздарды жөндеу және запас бөлшектер дайындау жөніндегі программасын қайта қарау туралы, Халық шаруашылығы жоғары советінің шетелден товарлар мен жабдықтар сатып алу жөніндегі заявкаларын қайта қарау туралы, тұз өндіруді молайту туралы және басқа мәселелер талқыланады.

23 апрель. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Халық ағарту комиссариатының ағарту қызметкерлерінің кәсіподағымен өзара қатынастары туралы, Сибирь революциялық комитетінің шаруашылық-экономикалық функциялары туралы, меньшевиктердің Кронштадт бүлігіне қатысуы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин ішкі істер халық комиссарының орынбасары М. Ф. Владимирскийге, сыртқы сауда халық комиссарының орынбасары А. М. Лежаваға, Халық шаруашылығы жоғары советі председателінің орынбасары В. П. Милютинге хат жазып, Карель еңбек коммунасында экономикалық өмірді ұйымдастыру және оның ең таяудағы экономикалық міндеттері туралы декреттердің жобаларын Халық Комиссарлары Советіне ұсыну үшін зерттеп, дайындауды ұсынады; бұл мәселелерді Карель еңбек коммунасының атқару комитеті ұсынған болатын.

24 апрель. Ленин Петроградта шығаруға дайындалған «Россия Атласын» құрастырушылардың жіберген кемшіліктері мен қателіктері туралы Г. Е. Зиновьевке хат жазады.

Ленин Москва Советіне Л. Б. Каменевке записка жазып, И. Армандтың қабіріне ескерткіш қою жөнінде нұсқау беруді өтінеді.

25 апрель. Ленин грампластинкаға жаздыру үшін «Азық-түлік салығы туралы», «Концессиялар туралы және капитализмнің дамуы туралы», «Тұтынушылар кооперациясы мен кәсіпшілік кооперациясы туралы» деген сөздерінің текстерін жазады.

Ленин балық өнеркәсібін дамыту перспективалары туралы және кейбір кәсіпшіліктерді арендаға беру мүмкіндігі туралы Балық аулау және балық өнеркәсібі бас басқармасының председателі А. И. Потяевпен әңгімелеседі.

Ленин И. А. Теодоровичке записка жазып, қуаңшылыққа қарсы күрес шаралары туралы декреттің жобасын жасау үшін дереу кеңес шақыруды өтінеді.

26 апрель. Ленин В. М. Молотовқа жазған запискасында РКП(б) Орталық Комитеті Ұйымдастыру бюросының Халық Комиссарлары Советінің демалыс үйін ашу туралы шешімін өзгертуді және оны Халық Комиссарлары Советі Іс басқармасының қарауынан алып, Денсаулық сақтау халық комиссариатына беруді ұсынады.

Ленин советтік ақша знактарын алтынмен қамтамасыз ету туралы финанс халық комис-

сарының орынбасары А. О. Альскийге записка жазады.

Ленин Н. П. Брюхановқа, Л. Н. Крицманға, М. П. Томскийге, А. И. Потяевке записка жазып, балық аулауды ұйымдастыру жөніндегі шараларды белгілеу үшін жедел кеңес шақыруды өтінеді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; шарикоподшипник заводын салу жөнінде концессиялық шарт жасасу туралы баяндама жасайды, ауыл шаруашылық машиналары мен құралдарын бөлу туралы Халық Комиссарлары Советі қаулысының жобасын жазады, Азық-түлік халық комиссариатының Республика халқын балықпен, етпен, нанмен, маймен және басқа өнімдермен жабдықтау жөніндегі жоспарлары туралы, Карель еңбек коммунасының экономикасын дамыту туралы, атқару комитеттерінің денсаулық сақтау бөлімдері туралы қаулылардың жобаларына қол қояды. Мәжілісте сондай-ақ Татар республикасына тұқым қоры мен өнеркәсіп товарларын бөлу туралы, жұмыс күшін жоспарлы бөлу туралы, зығыр өсірушілер мен сора өсірушілерге сыйлық беру туралы, ағаш дайындау жөніндегі концессиялар туралы, товар айырбасы қоры үшін шетелден товарлар сатып алу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Кеш дегенде 27 апрель.

Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің партияда жоқ жұмысшылар конференцияларын өткізу тәртібі және партияда жоқ бұқарамен байланысты нығайту жөніндегі шаралар туралы партияның барлық губерниялық комитеттеріне нұсқау хатының жобасын жазады.

27 апрель.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда партияда жоқ жұмысшылар конференциялары туралы, жергілікті жерлерге Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің уәкілдерін жіберу туралы, Петроград газеттері туралы, Гржебиннің баспасы туралы мәселелер, әскери мәселелер, т. б. талқыланады.

Ленин Омскіге, Уфаға, Оренбургке және Тюменьге жіберілетін телеграммаға қол қояды, онда іштегі астық құю пункттерінен станция-

лар мен пристаньдарға көлік-арба транспортымен астық тасып жеткізуді күшейту жөнінде шаралар қолдануды талап етеді.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, Қызыл Армияны азық-түлікпен жабдықтауды жақсарту туралы, тұз өндіру және тасып жеткізу туралы қаулылардың жобаларына қол қояды. Мәжілісте сондай-ақ жаздық тұқымдармен жабдықтау туралы, қуаңшылыққа қарсы күрес шаралары туралы қаулылардың жобалары, Қызыл Армияны демобилизациялаудың барысы және оның санын қысқартудың календарьлық программасы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

28 апрель. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады; Коминтерннің III конгресіне әзірлік туралы мәселені талқылаған кезде ол конгресс қарарларының жобаларын дайындау жөніндегі комиссияның құрамына енгізіледі, ал Закавказье советтік республикаларымен сауда қатынастары туралы Сыртқы сауда халық комиссариатына директиваларды талқылаған кезде осы мәселе жөніндегі комиссияның құрамына енгізіледі. Мәжілісте сондай-ақ заттай салық туралы және егіс науқаны туралы тезистер, Украинадағы азық-түлік салығының мөлшері туралы, облыстық экономикалық органдардың праволары туралы, Жұмысшы-Шаруа инспекциясының коллегиясы туралы, «жұмысшы оппозициясына» бұрынғы қатысушылар туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Мемлекеттік баспаға хат жолдайды, онда экономикалық, шаруашылық және өндірістік мәселелер бойынша орталық және жергілікті газеттерден қиындылар жинап алып, бір жүйеге келтіруді Кітап палатасына тапсыруды ұсынады.

Ленин Каспий және Азов-Қара теңіз балық кәсіпшіліктерінің жұмысшыларына заттай сыйлықтар беру үшін өнеркәсіп товарларын жөнелту жөнінде Нижний Новгород, Саратов, Царицын губерниялық азық-түлік комитеттеріне және Дондағы Ростовқа Азық-түлік халық комиссариатының уәкілі М. И. Фрумкинге жолданған телеграммаларға қол қояды.

Ленин Дондағы Ростовқа М. И. Фрумкинге және Омскіге Сибирь азық-түлік комитетіне жолдаған телеграммасында азық-түлік жағдайының шиеленісуіне байланысты жұмысшы орталықтарына азық-түлік жөнелтуді күшейтуді ұсынады.

Ленин Румянцев музейінің кітапханасына записка жазып, Гегельдің «Логика» деген кітабын өзіне уақытша пайдалануға бере тұруды өтінеді.

29 апрель. Ленин И. И. Скворцов-Степановпен оның жергілікті орындарға барып қайтқан сапарынан алған әсерлері жайында әңгімелеседі, одан кейін транспорттың қалыпты жұмысына бөгет жасап жүрген қапшықшылыққа қарсы батыл күрес жүргізу қажеттігі туралы Ф. Э. Дзержинскийге записка жазады.

Ленин барлық облыстық экономикалық советтерге жіберілетін нұсқау телеграммаға қол қояды, онда экономикалық советтер мәжілістерінің протоколдары мен стенограммаларын, сондай-ақ жергілікті жерлерде шығарылатын экономикалық журналдар мен газеттерді Еңбек және Қорғаныс Советінің Іс басқармасына мезгілінде жіберіп отыруға жарлық беріледі.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; егіс көлемінің жағдайын жоспарлы түрде бақылап отыруды ұйымдастыру туралы, қуаңшылыққа қарсы күрес шаралары туралы, қант қызылшасы дақылы егістерін ұлғайтып, оны дамыту туралы, жібек шаруашылығын қалпына келтіру және дамыту туралы, Қатынас жолдары халық комиссариатының шетелге беретін заказдарының заявкалары туралы, Ембі — Саратов мұнай құбырын салуды тоқтату туралы қаулылардың жобаларына, т. б. қол қояды.

Мәжілісте сондай-ақ темекі монополиясын темекіге салынатын заттай салықпен ауыстыру туралы декреттің жобасы, тұқымдық картоп сатып алу туралы, жаздық тұқыммен жабдықтау туралы, Омск губерниясындағы егістің жайы туралы, экспорт-импорт жоспары туралы, товар айырбасы науқаны үшін товар қорын бөлу туралы, Грозныйдан мұнай тасып жеткізу туралы, «Треугольник» заводы тура-

лы, Украинадағы әскери округтердің шекаралары туралы және басқа мәселелер талқыланады.

30 апрель. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Орталық Комитеттің пленумын шақыру туралы, кәсіподақтар мен халық шаруашылығы советтерінің съездеріне әзірлік туралы, Ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты туралы, Қырымда автономиялық облыс құру туралы, Қырғызстан туралы, Москва мен Петроградты астықпен жабдықтауды күшейту туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Астрахань, Архангельск, Гурьев, Дондағы Ростов, Петровск-Порт облыстары балық аулау басқармаларының председательдеріне жіберілетін телеграммаларға қол қояды, онда балық аулауды көбейту және балық кәсіпшілігімен айналысатын халықтың материалдық жағдайын жақсарту үшін заттай қорды бекіту туралы және балық аулауды, ұқсатуды, тасуды ұйымдастыруды жақсарту жөніндегі шаралар туралы хабарлайды.

3 май. Ленин Мемлекеттік құрылыстар бас комитеті (Главкомгосоор) председателінің орынбасары Б. Н. Гольдбергпен комитеттің жұмысы туралы әңгімелеседі.

Ленин халық ағарту комиссарының орынбасары Е. А. Литкенспен халық комиссариатының жұмысы туралы әңгімелеседі.

Ленин Москва Советінің партияда жоқ мүшелерінің кеңесін шақыру туралы мәселе жөнінде Л. Б. Каменевке записка жазады.

Ленин Я. Шатуновскийдің «Ақ көмір және революцияшыл Питер» деген кітапшасы туралы Г. Е. Зиновьевке записка жазып, Петроград Советінің Петроградты электрлендіру туралы мәселе жөніндегі шешімдері мен жоспарларын хабарлауды өтінеді.

Кеш дегенде 4 май. Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің партияда жоқ жұмысшыларға көзқарас туралы барлық губерниялық комитеттерге, уездік комитеттерге, коммунистік фракциялар мен кәсіподақтарға жолдаған нұсқау хатының

жобасына қосымша және түзетулер енгізеді.

4 май. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Орталық Комитеттің партияда жоқ жұмысшыларға көзқарас туралы нұсқау хаты Лениннің түзетулерімен және қосымшасымен бекітіледі. Саяси бюро Закавказье республикаларымен сауда қатынастары туралы Еңбек және Қорғаныс Советі мен Сыртқы сауда халық комиссариатының уәкіліне берілетін директиваның жобасын Лениннің түзетулерімен бекітеді. Мәжілісте сондай-ақ баспасөз жөніндегі комиссияның жұмысы туралы, Мемлекеттік баспа туралы, оқулықтар шығару туралы, шетелден қағаз сатып алу туралы, Ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты туралы және басқа мәселелер талқыланады.

5 май. Ленин Г. Е. Зиновьевке записка жазып, Г. В. Плеханов пен В. И. Засуличтің қабірлерін тәртіпке келтіру жөнінде және Плехановтың мүсінін жасап жатқан мүсінші Гинсбургке жәрдем беру жөнінде шаралар қолдануды ұсынады.

Ленин К. Е. Ворошиловқа телеграмма жазып, Атты әскер армиясының командирлер құрамына армия жолға шыққан кезде Москваға астық жөнелтуде жергілікті азық-түлік органдарына барынша жәрдем көрсету жөнінде жарлық беруді өтінеді.

6 май. Ленин шаруашылық мәселелері жөніндегі декреттердің жобаларын әзірлеу туралы, Тұтынушылар қоғамдары орталық одағының және салық жөніндегі комиссияның жұмысы туралы Н. П. Брюхановпен әңгімелеседі.

Ленин В. В. Маяковскийдің «150 000 000» деген поэмасын бастырып шығару жөнінде және футуризмге көзқарас туралы А. В. Луначарский мен М. Н. Покровскийге записка жазады.

Ленин Е. А. Литкенске записка жазып, қазіргі орыс тілінің сөздігін жасайтын ғалымдар комиссиясының жұмысын тексеруді өтінеді.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, товар айырбасы үшін қор ұйымдастыру туралы, Украинада

товар айырбасы операцияларын қамтамасыз ету шаралары туралы, Нефтетройканың құрамы туралы қаулылардың жобаларына қол қояды. Мәжілісте сондай-ақ шетелден сатып алынатын заттардың заявкаларын қайта қарау туралы, Грозныйдан мұнай тасып жеткізу туралы Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының баяндамалары, 1921 жылға арналған темір жол құрылысы программасының жоспары, Донбасстағы азық-түлік жағдайы туралы және кездеме бөлу туралы қаулылардың жобалары, отын өндіруге арналған «үш апталық» өткізу туралы, ауыл шаруашылық құрал-саймандарын жөндеу үшін жылжымалы ауыл шаруашылық поездарын ұйымдастыру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

7 май. Ленин Мемлекеттік жоспарлау комиссиясынан 1921 жылғы мыс рудасының запастары және оны өндіру туралы деректерді, Әскери істер жөніндегі халық комиссариатынан Қызыл Армияның командирлер құрамы туралы статистикалық мәліметтерді сұрастыруды Халық Комиссарлары Советінің іс басқарушысының көмекшісі В. А. Смольяниновқа тапсырады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Орталық Комитеттің алдағы пленумының күн тәртібі, Э. М. Склянскийдің Қызыл Армияны жасақтау туралы және ерекше қызметтер атқаратын бөлімдер туралы, жұмысшы орталықтарындағы азық-түлік жағдайы туралы баяндамалары, Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының азық-түлік салығы туралы баяндамасы бойынша қарарлардың тезистері, Мемлекеттік құрылыстар бас комитеті туралы, Мемлекеттік баспаның редакциялық коллегиясы туралы, пәтерлерді пайдалану туралы және ұсақ үй иелеріне олардың үйлерін қайтарып беру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

8 май. Ленин Е. М. Ярославскийдің «Азық-түлік салығы туралы» деген кітапшасын тарату туралы Мемлекеттік баспаға записка жазады.

9 май. Ленин Москваның Кремль участкесінің жалпы партия жиналысында азық-түлік салығы туралы баяндама жасайды.

Ленин ақ эмиграпттық баспасөздің РСФСР мен шетел мемлекеттері арасында сауда және концессиялық шарттар жасасу туралы келіссөздерді ақ гвардияшылардың сәтсіздікке ұшыратуға тырысқан әрекеттерін сипаттайтын материалдарын газеттерде үнемі баяндап жазу және әшкерелеу қажеттігі туралы «Правда» мен «Известия» газеттерінің редакцияларына записка жазады.

Ленин Халық шаруашылығы жоғары советінің Президиумы мен Құрылыс жұмысшылары одағы орталық комитеті комиссиясының Шатура электр станциясының құрылысына басшылық етуді ұйымдастыруға байланысты мәселелер жөніндегі біріккен мәжілісіне қатысады.

9 немесе 10 май. Ленин шетелдіктердің мүліктерін реквизициялауды, талан-таражға салуды және конфискелеуді сыртқы сауда байланыстарын жолға қоюға бөгет жасайтын заңсыз әрекеттер ретінде тоқтату туралы Грузия революциялық комитетіне РКП(б) Орталық Комитеті директиваларының жобасын жазады.

10 май. Ленин кейбір кәсіпорындардың жұмысшыларын коллективтік жабдықтау туралы М. А. Ларин мен А. З. Гольцманның жобасы жөнінде РКП(б) Орталық Комитеті қаулысының жобасын жазады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады; Бүкіл россиялық партия конференциясын шақыру туралы мәселені талқылаған кезде оған конференцияда азық-түлік салығы туралы баяндама жасау тапсырылады. Мәжілісте сондай-ақ шетелдіктердің мүліктерін реквизициялауды, талан-таражға салуды және конфискелеуді тоқтату туралы Грузия революциялық комитетіне берілетін директивалар, жұмысшылар мен қызметшілердің айырбас қоры туралы декреттің жобасы, жоғары оқу орындарын басқаруды қайта құру туралы Халық ағарту комиссариатына берілетін директивалардың жобасы, азық-түлік салығына байланысты Халық шаруашылығы жоғары советінің шаруашылық саясаты туралы, жергілікті жерлердегі жұмысшы инспекциясының жағдайы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Лондонға совет делегациясына шетелден астық және басқа азық-түлік товарларын дереу сатып алу туралы директива берген телеграмма жолдайды.

Ленин шетелден азық-түлік сатып алудың барысы туралы өзіне күнбе-күн хабарлап отыру жөнінде секретарьға нұсқау береді.

Ленин сыртқы сауда конъюнктурасын және шетелден азық-түлік сатып алудың барысын күнбе-күн зерттеп отыру қажеттігі туралы Н. П. Брюхановқа записка жазады.

Ленин Кәсіптік білім беру жөніндегі бас басқармаға бөлінетін паектердің саны туралы мәселені Халық Комиссарлары Советінде талқылауға қою туралы және бірқатар кәсіптік-техникалық оқу орындарының тарап кетуін болдырмау үшін Кәсіптік білім беру жөніндегі бас басқарманың заявкаларын қанағаттандыру қажеттігі туралы нұсқау береді.

Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің Ұйымдастыру бюросына записка жазып, ешқандай әкімшілік қызмет атқармайтын, тек идеологиялық және үгіт-насихат жұмысымен шұғылданатын партия мүшелерінің есебін алу жөнінде ұсыныс жасайды.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда темекі монополиясын темекіге салынатын заттай салықпен ауыстыру туралы, жүнге заттай салық салу туралы, пішенге салық салу туралы декреттердің жобалары, шетелден азық-түлік және товарлар сатып алу туралы, валюта операцияларына бақылау қою туралы, айырбас қорын жасау туралы, заттай сыйлық беру қоры туралы, жергілікті жерлердегі жұмысшы инспекциясының жағдайы туралы, Қырым автономиялық республикасын құру туралы, Қырғызстанға Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің комиссиясын жіберу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин жүнге және темекіге заттай салық салу туралы декреттердің жобаларын әзірлеген кезде шаруалардың мүдделері жете ескерілмейтіндігі жөнінде Егіншілік халық комиссариатына Н. Осинскийге (В. В. Оболенскийге) және И. А. Теодоровичке телефонограмма жазады.

Кеш дегенде 11 май. Ленин Александров-Гай — Ембі темір жолын салуды тексеретін комиссияның міндеттері туралы Еңбек және Қорғаныс Советі қаулысының жобасын жазады.

11 май. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады; өнеркәсіп саласындағы шаруашылық саясаты туралы мәселені талқылаған кезде өндірісті шоғырландыруды жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы қаулының жобасын жазады, азық-түлік паегін азайту туралы мәселені талқылаганнан кейін астаналарды және Орталық өнеркәсіп ауданын азық-түлікпен жабдықтаудың нашарлағалы тұргандығы туралы Орталық Комитеттің Саяси бюросының баспасөз органдарына берілетін директивасына қол қояды. Мәжілісте сондай-ақ Орел губерниялық азық-түлік комитеті туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Москва жер бөліміне хат жолдап, Петровск огородын трактор шеберханаларының және Солдатенков пен Ходынка ауруханаларының жұмысшы коллективтеріне беруді өтінеді.

Ленин өнімдерді айырбастауға әзірленуге және оны жүзеге асыруға байланысты Азық-түлік халық комиссариатының Тұтынушылар қоғамдары орталық одағына және кооперацияның сауда аппаратына көзқарасы туралы мәселені РКП(б) Орталық комитетінің Саяси бюросының мәжілісінде талқылауды ұсынады.

12 май. Ленин барлық губерниялық егіс комитеттеріне көктемгі егістің қорытындыларын шығару тәртібі және күздік егіске әзірлену шаралары туралы телеграф арқылы директива береді.

13 май. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда мемлекеттік товар айырбасы туралы практикалық ұсыныстардың жобасы, ерікті тұтынушылар қоғамдары туралы, Москва партия комитеті жанынан үгітшілер топтарын ұйымдастыру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Украина Халық Комиссарлары Советінің председателі Х. Г. Раковскийге жолдаған

телеграммасында май айында орталыққа кемінде бір миллион пұт астық жөнелту жөнінде шаралар қолдануды және көктемгі егісті өткізу қорытындылары туралы материалдар жіберуді ұсынады.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; жұмысшылар мен қызметшілердің айырбас қоры туралы, ауыл шаруашылық құрал-саймандарын жөндейтін жылжымалы поезд-шеберханалар ұйымдастыру туралы, тұтынушылардың транспорт кооперативтері туралы қаулылардың жобаларына, т. б. қол қояды. Мәжілісте сондай-ақ азаматтық, су және жол құрылысының программасы, ұсақ және майдагер өнеркәсіпті дамыту туралы, сондай-ақ кәсіпшілік және ауыл шаруашылық кооперацияларды қолдау туралы директивалардың жобасы, Қызыл Армияның командирлер құрамының жағдайын жақсарту туралы қаулының жобасы, жергілікті жерлерде Азық-түлік халық комиссариатының жарлықтарын орындамаушылық туралы, сал ағызуда істейтін және Астрахань балық кәсіпшіліктеріндегі жұмысшыларды азық-түлікпен жабдықтау туралы, заттай сыйлық беру қорына өнім бөлу нормалары мен тәртібі туралы және басқа мәселелер талқыланады.

14 май. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда РСФСР-дің мемлекеттік шекараларын қорғау туралы, азық-түлік салығына байланысты Халық шаруашылығы жоғары советінің шаруашылық саясаты туралы, Петроградтағы азық-түлік және отын жағдайы туралы, тұқымдық картоп сатып алу туралы, демобилизацияланғандарды жөнелтуді тездету туралы, Орталық Комитеттің Қиыр Шығыс бюросының құрамы, РСФСР-дің Англиядағы миссиясы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин таяудағы жылдарға арналған жалпы мемлекеттік шаруашылық жоспарды жасауға қажетті негізгі алғы шарттар туралы Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының президиумына Г. М. Кржижановскийге хат жазады.

Ленин Харьковке Г. И. Петровскийге жіберілетін телеграммаға қол қояды, онда товар

айырбастап тұқым сатып алу үшін ашаршылыққа ұшыраған губерниялардың Украинаға бара жатқан өкілдеріне жәрдем көрсетуді өтінеді.

Ленин Омскіге Сибирь азық-түлік комитетіне және Дондағы Ростовқа Еңбек армиясы советіне телеграммалар жолдап, жұмысшы орталықтарына астық жөнелтуді күшейту туралы РКП(б) Орталық Комитетінің 7 майдағы шешімін орындау үшін мейлінше күш салуды ұсынады.

16 май. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті пленумының мәжілісіне қатысады; Бүкіл россиялық партия конференциясына әзірлік туралы мәселе талқыланған кезде ол азық-түлік салығы туралы баяндамашы болып бекітіледі. Мәжілісте сондай-ақ РКП(б) Орталық Комитетінің ұйымдастыру жұмысының таяудағы міндеттері туралы, Кәсіподақтардың Бүкіл россиялық IV съезі туралы, Тұтынушылар қоғамдарының орталық одағының құрамы туралы, Украинада қапшықшыларға қарсы күресу туралы мәселелер талқыланады.

Ленин РСФСР-дің бағалы заттарын мемлекеттік сақтау орны (Гохран) алтын бөлімінің меңгерушісі Я. М. Юровскиймен әңгімелеседі және Бүкіл россиялық төтенше комиссияның арнаулы бөлімінің бастығы Г. И. Бокийге бағалы заттарды ұрлау фактілерін тексеруді тапсырады.

Ленин Сыртқы істер халық комиссариатының қызметкері М. Соколовқа жауап хат жазып, мемлекеттік капитализм туралы, концессиялық шарттар және бюрократизмге қарсы күрес туралы мәселелерді түсіндіреді.

17 май. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті пленумының мәжілісіне қатысады, онда РКП(б) Орталық Комитетінің ұйымдастыру жұмысының таяудағы міндеттері туралы мәселе талқыланады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады; Закавказье советтік республикаларымен сауда шартын жасасу туралы мәселені талқылаған кезде ол шарттың жобасын әзірлеу жөніндегі комиссияның құрамына сайланады. Мәжілісте сондай-ақ Тұтынушылар қоғамдарының орталық

одағы мен Азық-түлік халық комиссариаты арасындағы шарттың жобасы, тұтынушылар қоғамдары басқармалары уәкілдерінің съезін шақыру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин РСФСР-ді аудан-ауданға бөлу туралы мәселені Мемлекеттік жоспарлау комиссиясымен келісіп алу қажеттігі туралы Ішкі істер халық комиссариатына М. Ф. Владимирскийге записка жазады.

Ленин Е. А. Литкенске жолдаған запискасында Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің баспасөз тарату жөніндегі Орталық агенттігі мен кітапхана жүйесі қызметкерлерінің функцияларын ажырату және дәлме-дәл әкімшілік жауапкершілігін белгілеу қажеттігін атап көрсетеді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; талқыланған мәселелер бойынша сөз сөйлейді, кәсіпорындарда талан-таражға қарсы күресті күшейту жөніндегі шаралар туралы қаулының жобасына қол қояды. Мәжілісте сондай-ақ ұсақ және майдагерлік өнеркәсіпті дамыту туралы, сондай-ақ кәсіпшілік және ауыл шаруашылық кооперациясын қолдау туралы директивалардың жобалары, ауыл шаруашылық машиналары мен құралдарын пайдалану және бөлу тәртібі туралы қаулының жобасы, Тұтынушылар қоғамдарының орталық одағы мен Азық-түлік халық комиссариаты арасындағы шарттың жобасы, жергілікті жерлерде азық-түлік салығы туралы декреттерді іс жүзіне асыруды тексеру туралы, мемлекеттік тұз монополиясы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

17 және 22 май аралығында. Ленин кәсіподақтардың Бүкіл россиялық съезіндегі РКП(б) фракциясының тариф мәселесі бойынша қабылдаған шешімдері жөнінде РКП(б) Орталық Комитеті қаулысының жобасын жазады.

18 май. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Тұтынушылар қоғамдарының орталық одағы басқармасының құрамы туралы мәселе талқыланады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті пленумының таңертеңгі мәжілісіне қатысады; діни жораларды орындайтын партия мүшелеріне көзқарас туралы және дінге қарсы насихатты жолға қою туралы қарардың жобасын жазады; кәсіподақтардың Бүкіл россиялық IV съезіндегі жағдай туралы мәселені талқылағаннан кейін пленум Ленинге съездегі РКП(б) фракциясының мәжілісінде сөз сөйлеуді тапсырады. Мәжілісте сондай-ақ Орталық Комитеттің ұйымдастыру жұмысының таяудағы міндеттері, партия тазалауын жүргізу туралы, шаруашылық майданындағы жұмысқа байланысты міндеттер туралы, Қырым автономиялық республикасын құру туралы, совет әскерлерін Персиядан әкету туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин кәсіподақтардың Бүкіл россиялық IV съезіндегі коммунистік фракцияның мәжілісінде ВЦСПС президиумының есебі бойынша анархо-синдикалистік топтың қарарының жобасына қарсы сөз сөйлейді.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті пленумының кешкі мәжілісіне қатысады, онда кәсіподақтардың Бүкіл россиялық IV съезіндегі РКП(б) фракциясының шешімдері туралы мәселе талқыланады.

Ленин М. В. Фрунзеге хат жазып, тұзды товар айырбасында пайдалану үшін тұз өндірілетін орындардың бәріне әскери күзет қою туралы және Украинада 200—300 миллион пұттай астық дайындау қажеттігі туралы директива береді.

19 май. Ленин Азербайжан мұнай комитетінің председателі А. П. Серебровскийге телеграмма жазып, Константинопольдегі шетелдік фирмалармен келіс сөздер туралы және Баку жұмысшылары үшін сатып алынатын астық пен киімнің мөлшері туралы дәлме-дәл деректерді хабарлау жөнінде нұсқау береді.

Ленин Тоқыма кәсіпорындары бас басқармасына В. П. Ногинге және Азық-түлік халық комиссариатына Н. П. Брюхановқа записка жазып, астыққа айырбастау үшін Украинаға кездеме жіберудегі кідірістің себептерін және оған жауапты адамдарды дереу анықтауға нұсқау береді.

Ленин Е. А. Литкенске жолдаған запискасында қазіргі орыс тілінің сөздігін шығаруды әзірлеуді тездету жөнінде шаралар қолдануды ұсынады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда шаруалар комитеттерінің ауыл шаруашылық өндірісін жақсарту жөніндегі праволарын ұлғайту туралы, жергілікті транспортты ұйымдастыру туралы қаулылардың жобалары, заттай салықтарды жүзеге асыру жөнінде губерниялық азық-түлік комитеттеріне берілетін нұсқаулар, Азық-түлік халық комиссариатының салық инспекциясы туралы ережелер, ағарту қызметкерлері үшін берілетін паектердің мөлшері туралы және басқа мәселелер талқыланады.

19 және 20 май.

Ленин «Еңбек және Қорғаныс Советінен жергілікті совет мекемелеріне тапсырманың» жобасын және Еңбек және Қорғаныс Советінің жергілікті экономикалық кеңестер туралы, есеп беру туралы, «Еңбек және Қорғаныс Советінің тапсырмасын» басшылыққа алу туралы қаулысының жобасын жазады.

20 май.

Ленин Л. А. Фотиеваға записка жазып, Москва мен Петроградты азық-түлікпен жабдықтауды қамтамасыз ету үшін қандай шаралардың қолданылғанын анықтап білуді өтінеді.

Ленин кен жұмысшысы Котляровтың қалалық лифтілердің жабдықтарын кен өнеркәсібінде қолдану туралы ұсынысын жүзеге асыру ісінде жол беруге болмайтын қағаз бастылыққа салыну туралы Халық шаруашылығы жоғары советінің президиумына жіберілетін хатқа қосымшалар енгізіп, қол қояды, бұл мәселе жөнінде Еңбек және Қорғаныс Советі қаулысының жобасын ұсынады.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда 1921 жылға арналған импорттық жоспар туралы Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының баяндамасы, жергілікті экономикалық кеңестер туралы, есеп беру, «Еңбек және Қорғаныс Советінің тапсырмасын» басшылыққа алу туралы, сал ағызу мен ағаш дайындауда істейтіндерді азық-түлікпен қамтамасыз ету туралы қау-

лылардың жобалары, Москваны ағаш отынмен жабдықтау туралы, жүзімдіктерге салық салу нормалары туралы және басқа мәселелер талқыланады.

21 май. Ленин есеп беру туралы мәселе жөнінде «Еңбек және Қорғаныс Советінен жергілікті совет мекемелеріне тапсырманың» жобасына қосымша жазады.

Ленин Л. А. Фотиеваға «Еңбек және Қорғаныс Советі тапсырмасының» жобасын басып шығару туралы Бүкіл россиялық төтенше комиссияның баспаханасымен келісуді және оны Еңбек және Қорғаныс Советінің жобаны қарау үшін тағайындалған комиссиясының мүшелеріне таратып беруді тапсырады.

Ленин «Еңбек және Қорғаныс Советі тапсырмасының» жобасын қарау жөніндегі комиссияның председателі Н. Осинскийге жазған хатында шаруашылық және кәсіподақ активін жобамен кеңінен таныстыруды ұйымдастыруды ұсынады.

Ленин РСФСР үкіметі мен Закавказье советтік республикалары — Грузия, Азербайжан және Армения үкіметтері арасындағы сауда келісімінің жобасына ескертпе жазады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Закавказье советтік республикаларының біріккен Сыртқы сауда комиссариаты туралы, кәсіподақтардың Бүкіл россиялық IV съезі туралы, Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының құрамын толықтыру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Дондағы Ростовқа М. И. Фрумкинге жолдаған телеграммасында 11-армияның азық-түлік жағдайын жақсарту үшін батыл шаралар қолдануды ұсынады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің шетелден саяси және ғылыми-техникалық басылымдарды сатып алуды орталықтандыру туралы қаулысының жобасын әзірлеуді Халық ағарту комиссариатына тапсырады.

22 май. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда кәсіподақтардың Бүкіл россиялық IV съезіндегі

РКП(б) фракциясының тариф мәселесі жөніндегі шешімі талқыланады.

23 май. Ленин Мемлекеттік баспаның меңгерушісі Н. Л. Мещеряковқа шығып жатқан әдебиетті саяси, экономикалық және арнаулы мәселелер бойынша бөлу тәртібі туралы хат жазып, РКП(б) Орталық Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің бұл мәселе жөніндегі қаулысының жобасын ұсынады.

Ленин Шатура электр станциясы құрылысының документтерін дайындауда жол беруге болмайтын қағаз бастылыққа салынушылық туралы Л. А. Фотиеваға записка, И. И. Радченкоға хат жазады.

Ленин азық-түлік салығына көшуге байланысты жергілікті әлеуметтік қамсыздандыру органдарын нығайту және қызыл әскерлер семьялары мен оң кедей шаруаларға жәрдем көрсету үшін шаруалардың өзара жәрдем комитеттерін ұйымдастыру қажеттігі туралы барлық губерниялық комитеттер мен губерниялық атқару комитеттеріне телеграмма жолдайды.

24 май. Ленин РКП(б) Бүкіл россиялық X конференциясы делегатының анкетін толтырады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда отынмен жабдықтау жөніндегі ұйымдастыру жұмысының жоспары, Халық шаруашылығы жоғары советінің президиумы мен ВЦСПС-тің құрамы туралы, мемлекеттік қоймалар мен фабрикалардан мүліктерді ұрлаушылыққа қарсы күрес туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин партия және совет ұйымдарының партияда жоқ бұқарамен байланысын нығайту жөнінде практикалық ұсыныстар белгілеу қажеттігі туралы РКП(б) Орталық Комитетінің ұйымдастыру жұмысы жоспарының жобасына ескертпелер жазады.

Ленин Бүкіл россиялық төтенше комиссияға Г. И. Бокийге хат жазады, онда РСФСР-дің бағалы заттарын мемлекеттік сақтау орындағы ұрлаушылыққа қарсы күрес туралы

оның табыс еткен баяндамасының қанағаттанғысыз екендігі айтылады.

Ленин Германиядан Гидроторф үшін жабдықтар сатып алуда қағаз бастылыққа салынушылық туралы Р. Э. Классонға хат жазады.

Ленин В. А. Смольяниновқа записка жазып, Баку мұнай кәсіпшіліктеріне жәрдем көрсету жөнінде жедел шаралар қолдануды ұсынады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; мамандарға көзқарас туралы және олардың жұмыс жағдайлары туралы, азық-түлікті бөлуге бақылау жасау туралы, Кіші Халық Комиссарлары Советінен Халық Комиссарлары Советіне мәселелер енгізу тәртібі туралы қаулылардың жобалары туралы баяндамалар жасайды; 1921 жылға арналған импорттық жоспарды талқылаған кезде Ленин бұл мәселе жөніндегі комиссияның құрамына сайланады. Мәжілісте сондай-ақ айырбас туралы, жұмысшыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету туралы ережелердің жобалары, Солтүстік Мұзды мұхитта және Ақ теңізде балық пен аң өсіретін аймақтарды қорғау туралы декреттің жобасы, РСФСР-дің ішінде импорттық товарларға товар айырбасын жүргізу жоспары туралы, шетелдік басылымдарды сатып алу және бөлу тәртібі туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Майдың екінші жартысы, кеш дегенде 25 май. Ленин кәсіподақтардың Бүкіл россиялық IV съезінде сөйлейтін сөзінің жоспарын жазады.

25 май. Ленин Москва мен Петроградты азық-түлікпен жабдықтаудың 1921 жылғы июньге арналған жоспары туралы А. Б. Халатовпен әңгімелеседі.

Ленин Петровск металлургия заводтарының және Донбасс рудниктерінің директоры И. И. Межлаукпен шахталар мен рудниктердің жұмысы туралы, көмір өндіру туралы және еңбек өнімділігін арттыру жолындағы күрес туралы әңгімелеседі.

Ленин Донбасстағы Петровск тобының кеншілеріне сәлем хат жазады.

Ленин Г. М. Кржижановскийге жазған хатында «Еңбек және Қорғаныс Советінің жергілікті совет мекемелеріне тапсырмасының» жобасы туралы Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының пікірін беруді өтінеді және 1921 жылға арналған жергілікті шаруашылық есептер мен жоспарларды Мемлекеттік жоспарлау комиссиясында үнемі зерттеп отыруды ұсынады.

Ленин Н. П. Брюхановқа хат жазып, жергілікті жерлердегі азық-түлік қызметкерлері арасында тәртіпті нығайту және Азық-түлік халық комиссариатының жарлықтарын орындамайтын адамдарды сотқа тарту жөнінде нұсқау береді.

Ленин Варшаваға Б. Вигилевке жазған хатында 1914 жылы Краков пен Поронинде өзінің қалдырып кеткен қолжазбалары мен кітаптарының тағдыры туралы сұрау салуды өтінеді.

26 май. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының құрамы және металлистер кәсіподағының Бүкіл россиялық IV съезін өткізуге байланысты мәселелер талқыланады.

Ленин РКП(б) Бүкіл россиялық X конференциясын кіріспе сөз сөйлеп ашады, конференция президиумының құрамына сайланады, күн тәртібі туралы мәселе жөнінде сөз сөйлейді, ал одан соң азық-түлік салығы туралы баяндама жасайды.

Ленин Н. П. Брюхановпен, А. И. Свидерскиймен, Азық-түлік халық комиссариатының азық-түлікті бөлу бөлімінің бастығы А. Я. Вышинскиймен және Москва Советінің өкілдерімен Москваның азық-түлік жағдайы туралы әңгімелеседі.

Ленин Азық-түлік халық комиссариатының азық-түлікті бөлу бөлімінің қанағаттанғысыз жұмыс істеп отырғаны туралы А. Б. Халатовқа хат жазып, астықты бөлуді есепке алу ісін жолға қоюды жақсарту үшін шаралар қолдануды ұсынады.

Ленин Г. М. Кржижановскийге жазған хатында Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының статистикалық кіші комиссиясы арқылы ел-

дің халық шаруашылығының жағдайы туралы ай сайын ақпарлар жасауды ұйымдастыруды ұсынады және статистикалық деректерге талдау жасауды және оларды пайдалануды дұрыс жолға қою қажеттігі туралы айтады.

Ленин Бакуге Азербайжан мұнай комитетінің председателі А. П. Серебровскийге телеграмма жазып, мұнай кәсіпшіліктеріндегі жұмысшыларға ұн және киім-кешек беру туралы мәселені тез шешуге нұсқау береді.

Ленин РКП(б) Бүкіл россиялық X конференциясының екінші (кешкі) мәжілісіне қатысады, азық-түлік салығы туралы баяндама бойынша сөйленген жарыс сөздерді жазып алады.

27 май. Ленин РКП(б) Бүкіл россиялық X конференциясының үшінші (таңертеңгі) мәжілісіне қатысады, жарыс сөздерді жазып алады, сөйлейтін сөзінің жоспарын жасайды, содан соң азық-түлік салығы туралы баяндама бойынша қорытынды сөз сөйлейді. Ленин жаңа экономикалық саясат мәселелері бойынша қарар жобасын жасау жөніндегі конференция комиссиясының председателі болып сайланады.

Ленин Отын бас комитетіне И. Т. Смилгаға Баку мұнай кәсіпшіліктеріндегі жағдайдың нашарлап кеткені туралы записка жазып, Бакуге үнемі жәрдем көрсету жөніндегі шаралардың программасын белгілеуді ұсынады.

Ленин РКП(б) Бүкіл россиялық X конференциясының төртінші (кешкі) мәжілісінде кәсіподақтардың Бүкіл россиялық IV съезіндегі РКП(б) фракциясының жұмысы туралы баяндама жасайды.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; «Еңбек және Қорғаныс Советі тапсырмасының» жобасын Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің бекітуіне беру туралы және Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының құрамын толықтыру туралы ұсыныс жасайды. Мәжілісте сондай-ақ Донбасстың тас көмір өнеркәсібін қалпына келтіру туралы қаулының жобасы, өтке заттай салық салу туралы, Карск теңізі арқылы Сибирьге товар айырбасы экспедициясын жіберуді ұйымдастыру туралы, Якут

облысын импорттық товарлармен жабдықтау туралы, Петроград портының жұмысшыларын азық-түлікпен жабдықтау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

27 немесе 28 май. Ленин РКП(б) Бүкіл россиялық X конференциясының жаңа экономикалық саясат мәселелері бойынша қарары жобасының жоспарын жасап, жобаны жазады.

28 май. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Қиыр Шығыс республикасының халық-революциялық армиясына төтенше әскери көмек көрсету туралы, Украинада жұмысшылардың астық сатып алуын ұйымдастыру жөніндегі комиссияның жұмысы туралы, РКП(б) Орталық Комитеті Ұйымдастыру бюросының, Халық шаруашылығы жоғары советі Президиумының, Металлистер кәсіподағы орталық комитетінің құрамы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин РКП(б) Бүкіл россиялық X конференциясының жаңа экономикалық саясат мәселелері бойынша қарарының жобасын жасау жөніндегі комиссияның мәжілісінде председательдік етеді. Комиссия қарардың Ленин дайындаған жобасын қабылдайды.

Ленин РКП(б) Бүкіл россиялық X конференциясының бесінші мәжілісіне қатысады, жаңа экономикалық саясат мәселелері бойынша қарардың жобасын қорғап бірнеше рет сөз сөйлейді. Конференция лениндік қарарды қабылдайды. Ленин конференция жұмысының аяқталуына байланысты қорытынды сөз сөйлейді.

Ленин Коминтерннің III конгресіне қатысатын Германияның Біріккен компартиясы делегациясының болжалды құрамы жөнінде Петроградқа К. Б. Радек пен Г. Е. Зиновьевке телефонограмма жазады.

Ленин барлық халық комиссарларына және Орталық статистика басқармасының меңгерушісіне хат жазып, «Еңбек және Қорғаныс Советінің жергілікті совет мекемелеріне тапсырмасының» жобасымен танысуды және Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің сессиясында жобаға енгізу үшін өздерінің ескерт-

пелері мен қосымшаларын беру жөнінде ұсыныс жасайды.

Ленин Қызыл Армия бөлімдерін азық-түлікпен жабдықтауды жолға қоюға айрықша назар аудару қажеттігі туралы барлық губерниялық атқару комитеттері мен губерниялық азық-түлік комитеттеріне телеграмма жолдайды.

29 май. Ленин К. Б. Радекке хат жазып, Коминтерннің III конгресінің қай уақытта ашылатынын, В. И. Лениннің РКП(б)-ның тактикасы туралы баяндамасының қай күнге белгіленгенін және өзінің «Азық-түлік салығы туралы» кітапшасының ағылшын, неміс, француз тілдеріне аударылуы туралы хабарлауды өтінеді.

Ленин А. Б. Халатовқа записка жазып, 1921 жылғы июньде Петроград пен Москваның жұмысшыларын нанмен жабдықтау ісінің қаншалықты жақсаратыны туралы дәлмедәл деректерді хабарлауды өтінеді.

30 май. Ленин РСФСР-дің Германиядағы сауда өкілінің орынбасары Ю. Х. Лутовиновқа совет құрылысының кемшіліктері мен қателіктеріне партиялық тұрғыдан қарау қажеттігі туралы және РСФСР-дің Германиядағы өкілдігінің жұмысы туралы жауап хат жазады.

Ленин Республика бойынша күздік қара бидайдың жағдайы туралы Орталық статистика басқармасының материалдарымен танысады.

Ленин Азық-түлік халық комиссариатына Н. П. Брюхановқа жолдаған телефонограммасында товар айырбасы қоры үшін Украинаға товарлар жөнелтуді тездету жөнінде нұсқау береді.

Ленин мемлекеттік «Электропередача» электр станциясында істейтіндерді азық-түлікпен жабдықтау туралы А. Б. Халатовқа хат жазады.

Ленин Э. М. Склянскийге хат жазып, армияны күнделікті шаруашылық жұмыстарға және елімізді электрлендірудің мемлекеттік жоспарын жүзеге асыру жөніндегі жұмыстарға үнемі пайдалану туралы мәселені Революциялық-әскери советте талқылауды ұсынады.

Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің III сессиясының екінші (кешкі) мәжілісінде жергілікті жерлердегі экономикалық органдардың міндеттері туралы сөз сөйлейді.

Майдың аяғы, 31 майдан ертерек. Ленин Курск магнит аномалиясында геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу жөнінде неміс өнеркәсіпшілерімен концессиялық шарт жасасу мүмкіндігі туралы мәселе талқыланған кеңеске басшылық етеді.

31 май. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады; РСФСР-дің Германиядағы өкілдігінің жұмысы туралы мәселелер жөніндегі қаулының жобасын жазады. Мәжілісте сондай-ақ партия тазалауын жүргізуге әзірлік туралы, Коминтерннің III конгресіндегі РКП(б) өкілдігі туралы, металлистер кәсіподағы съезінің қорытындылары туралы, Украинада жұмысшылардың астық сатып алуы туралы, Украинада Қызыл Армия бөлімдерін жабдықтау туралы, Орехово-Зуеводағы азық-түлік жағдайы туралы, оқулықтар шығару жоспары туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин жүріп-тұратын жауапты қызметкерлер туралы мәселе жөнінде және Орталық Комитет аппаратын жергілікті орындармен жақындату туралы РКП(б) Орталық Комитеті қабылдаған шешім жөнінде Г. К. Королевке хат жазады.

Ленин товар айырбасын жүзеге асыру үшін Москвадан Украинаға тезірек кездеме жеткізуді мейлінше қатаң қадағалау қажеттігі туралы Бүкіл россиялық төтенше комиссияға, Қатынас жолдары халық комиссариатына және Азық-түлік халық комиссариатына телефонограмма жолдайды.

Ленин Петроградқа Облыстық экономикалық советке және кәсіподақтар советіне телеграмма жолдап, күзгі егіс жұмыстарына арнап электр плугтарын жасап жатқан жұмысшыларға азық-түлік сыйлығын беру туралы мәселені шұғыл шешуге нұсқау береді.

Ленин Мемлекеттік құрылыстар комитеті председателінің орынбасары Г. Д. Цюрупаға хат жазып, Кашира электр станциясы құры-

лысын жедел аяқтау үшін қолданылып жатқан шаралар туралы сұрастырады.

Ленин радиотелефон құрылысының календарьлық программасы туралы баяндаманы Еңбек және Қорғаныс Советіне шұғыл табыс ету туралы Почта және телеграф халық комиссарпатына жіберілетін жарлыққа қол қояды.

Ленин Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатына М. П. Павлович-Вельтманға хат жазып, шығарылып жатқан оқулық атласы үшін империализм мен отаршылдықтың даму тарихын сипаттайтын карталар жасауға қатысуды ұсынады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; огород және бақша шаруашылығы өнімдеріне заттай салық салу туралы декреттің жобасына, тұзға мемлекеттік монополия жасау туралы ереженің жобасына, халық комиссариаттарының импорттық товарларға заявкаларын қанағаттандыру туралы қаулының жобасына, т. б. қол қояды. Мәжілісте сондай-ақ етке, омарта шаруашылығы өнімдеріне заттай салық салу туралы, жемшөптік өсімдіктер тұқымдарын өсіретін шаруашылықтарға жеңілдіктер белгілеу туралы, балық өнеркәсібін дамыту туралы декреттердің жобалары, Курск магнит аномалиясында геологиялық барлау жұмысын жүргізу жөнінде концессиялық шарт жасасу туралы, Колыма товар айырбасы экспедициясы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

1 июнь. Ленин Финанс халық комиссариаты коллегиясының мүшелерін қабылдап, халық комиссариатының жұмысы туралы баяндаманы тыңдайды.

Ленин жергілікті экономикалық кеңестер туралы, олардың есеп беруі туралы, «Еңбек және Қорғаныс Советінің тапсырмасын» басшылыққа алуы туралы қаулының жобасын әзірлеу жөніндегі Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті комиссиясының мәжілісіне қатысады.

Ленин В. А. Аванесовқа хат жазып, жергілікті экономикалық кеңестердің құрамы туралы

мәселе жөнінде Жұмысшы-Шаруа инспекциясының барлық жергілікті органдарына берілетін нұсқауды әзірлеп, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумы арқылы өткізіп алуды өтінеді.

Ленин Старый Ям селосы уәкілдерінің өз селосын электрлендіру туралы өтінішін қарауды Москва халық шаруашылығы советіне тапсырады.

Ленин мұнай кәсіпшіліктерінің жұмысшыларын жабдықтау туралы мәселені тезірек шешу қажеттігі туралы Бакуге Азербайжан мұнай комитетінің председателі А. П. Серебровскийге телеграмма жолдайды.

Ленин Украина Халық Комиссарлары Советінің председателі Х. Г. Раковскийге жолдаған телеграммасында ұйымдасқан түрде товар айырбасын жасау арқылы азық-түлік дайындаулары үшін ашаршылыққа ұшыраған өнеркәсіп орталықтары жұмысшы ұйымдарының өкілдерін Украинаға жіберу тәртібі туралы хабарлайды.

Ленин Воронеж губерниясында бандитизмді жоюды тездету жөніндегі шаралар туралы мәселені РКП(б) Орталық Комитетінің Ұйымдастыру бюросында немесе Секретариатында қарауды ұсынады.

2 июнь. Ленин металлистер кәсіподағы орталық комитетінің мүшесі М. П. Владимировпен кәсіподақтың және Халық шаруашылығы жоғары советі металдар бөлімінің жұмысы туралы әңгімелеседі.

Ленин Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының Еңбек және Қорғаныс Советінің тапсырмаларын орындау тәртібі және Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы президиумының мүшелері арасында функцияларды бөлісу туралы Г. М. Кржижановскийге хат жазады.

3 июнь. Ленин Дағыстан жеке атқыштар бригадасының әскери комиссары А. М. Чеверевпен Дағыстандағы ұлт саясаты туралы әңгімелеседі, одан кейін Э. М. Склянскийге записка жазып, Чеверевтің ұсыныстарын қарауды өтінеді.

Ленин Еңбек институтының меңгерушісі А. Гастевпен еңбек ұйымдастыру проблема-

ларын ғылыми жолмен талдап шешу мәселелері жөнінде әңгімелеседі.

Ленин Мұнай бас комитетіне И. М. Губкинге мұнай скважиналарын бұрғылаған кезде металл трубаларын цемент ерітіндісімен алмастыру туралы «Нефтяное и Сланцевое Хозяйство» журналында жарияланған мақала жөнінде хат жазып, бұл әдісті Баку мұнай кәсіпшіліктерінде қолдану мүмкіндіктерін сұрастырады.

Ленин барлық губерниялық атқару комитеттерінің председательдеріне жолдаған телеграммасында елдің бірыңғай шаруашылық жоспарын жасауга байланысты Орталық статистика басқармасының тапсырмаларын орындау үшін жедел шаралар қолдануды ұсынады.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; омарта шаруашылығы өнімдеріне заттай салық салу туралы қаулының жобасына қол қояды. Мәжілісте сондай-ақ Москвада «ауызекі газеттің» радиотрансляциясын ұйымдастыру туралы, отын дайындау жұмыстарында істейтіндерді азық-түлікпен қамтамасыз ету туралы қаулылардың жобалары, Қызыл Армияның еңбек бөлімдерін жабдықтау туралы, азық-түлік жүктерін тасып жеткізу үшін автомобиль транспортын пайдалану туралы, ауыл шаруашылық құрал-саймандарын жөндейтін шеберхана-поездарды жабдықтау туралы, товар айырбасы қорын жұмсау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

4 июнь

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Қызыл Армияның сапа құрамын жақсарту туралы Э. М. Склянский мен С. И. Гусевтің баяндамасы, Қиыр Шығыс республикасындағы жағдай туралы, РКП(б) мүшелерін тіркеуден қайта өткізу туралы, азық-түлік салығы енгізілуіне байланысты үгіт жұмысын жолға қою туралы, меньшевиктердің контрреволюциялық әрекеттері туралы, сектанттарға көзқарас туралы және басқа мәселелер талқыланады, Саяси бюро Коминтерннің III конгресі басталғанға дейін Ленинге демалыс беру туралы шешім қабылдайды.

Ленин Мемлекеттік құрылыстар комитетінің председателі Т. В. Сапроновпен Кашира электр станциясы құрылысын аяқтау жөніндегі шаралар туралы әңгімелеседі.

Ленин Г. М. Кржижановскийге записка жазып, Коминтерннің III конгресінде баяндамаға пайдалану үшін электрлендіру жөніндегі жұмыстардың қорытындылары туралы нақты анықтама әзірлеуді өтінеді.

Ленин барлық губерниялық атқару комитеттерінің председательдеріне жолдаған телеграммасында жергілікті жерлерде жабдықтау мәселелері жөнінде Совет өкіметінің орталық органдарының нұсқауларына қайшы келетін қаулылар мен жарлықтар шығаруға жол беруге болмайтынын атап көрсетеді.

5 июнь. Ленин А. М. Лежаваға хат жазып, Сыртқы сауда халық комиссариаты мен Л. Б. Красиннің жұмысын сынға алады және А. П. Серебровскийге жолданатын телеграмманың жобасын жібереді, онда Серебровскийдің Константинопольде жасасқан сауда шарты туралы сұрастырылады.

Ленин М. И. Фрумкинге хат жазып, Оңтүстікшығыс экономикалық советінің шетелмен товар айырбасы операцияларын жүргізу жөніндегі шараларының календарьлық программасын Еңбек және Қорғаныс Советіне дереу енгізуді ұсынады.

Ленин Г. М. Кржижановскийге хат жазып, Коминтерннің III конгресінің делегаттарын Россияны электрлендіру жоспарымен таныстыру үшін кітапшалар, карталар және басқа материалдар әзірлеуді ұсынады.

Ленин Р. Э. Классонға жазған хатында Гидроторфқа жәрдем көрсету жөнінде ұсыныстар әзірлеуді өтінеді.

Ленин В. А. Аванесовқа хат жазып, Еңбек және Қорғаныс Советі мен Халық Комиссарлары Советінің тапсырмасын әзірлеу жөніндегі комиссияның шешімін және губерниялық экономикалық кеңестер туралы ережелерді Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті жобаларды бекіткенге дейін түзетулер енгізу үшін өзіне беріп жіберуді өтінеді.

6 июнь. Ленин Л. А. Фотиеваға хат жазып, өзінің хаттарына жазылған жауаптарды, Гейне мен Гётенің өлеңдерін Горкиге жіберуді және Сыртқы сауда халық комиссариатының Украинадағы жұмысы туралы мәселелер жөнінде Харьковке И. А. Саммерге телеграмма жіберуді өтінеді.

Ленин Е. А. Преображенскийге хат жазып, Халық ағарту комиссариатының жұмысын ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар айтады.

Ленин В. А. Смольяниновқа записка жазып, товар айырбасы арқылы теміржолшыларды жабдықтауды жақсарту жөніндегі шаралар туралы мәселені шешу үшін тотенше кеңес шақыруды ұсынады.

7 июнь. Ленин герман фирмаларымен концессиялық және сауда шарттарын жасасу туралы мәселе жөнінде Г. В. Чичеринге хат жазып, әскери-майдан сотына тартылған латыш жұмысшыларын — Латвия Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің мүшелерін алмастырып алу туралы Латвия буржуазиялық үкіметімен келіс сөздер бастауды өтінеді.

Ленин өнертапқыштарға көзқарас туралы және шымтезек өндірудің гидравликалық әдісін зерттеу және енгізу жөнінде Россияда айрықша орталық құру қажеттігі туралы Шымтезек бас комитетіне И. И. Радченкоға хат жазады.

Ленин «Экономическая Жизнь» газетінде жарияланған материалдар бойынша елдегі өнеркәсіп өндірісінің 1921 жылғы январь — марттағы жағдайы туралы жиынтық кесте жасайды.

8 июнь. Ленин Н. П. Горбуновқа хат жазып, «Горки» совхозында шаруашылыққа қырсыздықты жою және балық өсіру шаруашылығын жолға қою үшін шаралар қолдануды өтінеді.

Ленин Чуваш облыстық азық-түлік комиссарына, Тюмень, Нижний Новгород және Уфа губерниялық азық-түлік комиссарларына жолдаған телеграммасында азық-түлік жағдайының ауырлығына байланысты Азық-түлік халық комиссариатының астық, жарма және сұлы бойынша июнь айына белгіленген

нарядын 20 июньге дейін орындау жөнінде нұсқау береді.

10 июнь. Ленин О. В. Куусиненге оның «Екі проблема» деген мақаласы мен «Коммунистік партиялардың ұйымдық құрылымы туралы, олардың жұмысының әдістері мен мазмұны туралы тезистері» жөнінде хат жазып, тезистеріне ескертпелер жасайды және оларды Коминтерннің III конгресіне баяндау үшін әзірлеуді ұсынады.

Ленин Коминтерннің тактикасы туралы тезистерге ескертпелер жазады және Август Тальгеймер мен Бела Кун әзірлеген тактика туралы тезистерін қабылдауға болмайтындығы туралы жазады.

Ленин Халық шаруашылығы жоғары советі Президиумының құрамына енгізілетін өзгерістер туралы, Ригаға дашнактармен келіс сөздер жүргізу үшін делегация жіберу туралы және басқа мәселелерді РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросы мүшелеріне сұрау салу арқылы шешуді ұсынады.

Июньнің бірінші жартысы, ерте дегенде 10 июнь. Ленин Клара Цеткинмен неміс жұмысшыларының марттағы бой көрсетуінің сабақтары туралы, Германияның Біріккен компартиясындағы жағдай туралы және Коминтерннің тактикасы туралы әңгімелеседі.

11 июнь. Ленин Коминтерннің III конгресіне О. В. Куусиненнің баяндамасы мен тезистерін әзірлеу туралы Г. Е. Зиновьевке хат жазады.

Ленин Г. М. Кржижановскийге хат жазып, Халық шаруашылығы жоғары советінің электр бөлімінің меңгерушісі Н. Н. Вашковтың елді электрлендіру жөніндегі жұмыстардың барысы туралы баяндама хатына ескертпелер жасайды.

Ленин Дондағы Ростовқа РКП(б) Орталық Комитетінің Кавказ бюросына және Омскіге РКП(б) Орталық Комитетінің Сибирь бюросына телеграммалар жолдап, жұмысшы орталықтарына астықты үзбей жөнелтіп тұру жөнінде жедел шаралар қолдануға жарлық береді.

12 июнь. Ленин Н. П. Горбуновқа записка жазып, кәсіпорындарды азық-түлікпен коллективтік жабдықтау туралы Халық Комиссарлары Советі қаулысының жобасын әзірлеуді тездетуді ұсынады.

13 июнь. Ленин Коминтерннің III конгресіне РКП(б)-ның тактикасы туралы баяндаманың тезистерін жазады.

14 июнь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда РСФСР-дің материалдық ресурстарын пайдалану комиссиясы туралы ереженің жобасы, заттай ет салығы туралы, әкімшілік жазалар қолдану тәртібі туралы декреттердің жобалары, шетел әдебиетін сатып алу және тарату жөніндегі Орталық ведомствоаралық комиссия құру туралы қаулының жобасы, Халық шаруашылығы жоғары советі комиссиясының қазіргі тариф саясатының өнеркәсіпті өркендетуге ықпалы туралы баяндамасы, обаға қарсы күрес жөніндегі шаралар туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Халық ағарту комиссариатының жұмысын ұйымдастыру мәселелері жөнінде Е. А. Литкенске запискалар жазады.

Ленин Балық аулау және балық өнеркәсібі бас басқармасының уәкілдеріне және Волга бойындағы қалалардың сал ағызу жөніндегі уәкілдеріне, Заволжье әскери округінің қолбасшысына жолданатын телеграммаларға қол қойып, жұмысшы орталықтары мен Қызыл Армия бөлімдерін балықпен жабдықтауды қамтамасыз ету жөнінде жедел шаралар қолдануға жарлық береді.

15 июнь. Ленин Коминтерн Атқару комитетінің мәжілісінде Германияның Біріккен коммунистік партиясының «сол» қанатының өкілдеріне қарсы сөз сөйлейді.

16 июнь. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады; Коминтерннің III конгресі қарарларының жобаларын әзірлеу жөніндегі комиссияның құрамына сайланады. Мәжілісте сондай-ақ Унгерн бандаларына қарсы күресте Монғолияға әскери жәрдем көрсету туралы, Москва мен Петроград-

тың жұмысшыларына финанс жәрдемін беру туралы, қызметкерлерді провинциялардан Москва мен Петроградқа ауыстыру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин азық-түлік жөніндегі Бүкіл россиялық III кеңестің бірінші мәжілісінде сөз сөйлейді.

Ленин Халық шаруашылығы жоғары советінің председателі П. А. Богдановқа хат жазып, РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының Кашира электр станциясының құрылысын аяқтау туралы шешімін орындау үшін қажетті шаралар қолдануды ұсынады.

Ленин Сыртқы істер халық комиссариатынан және ВЦСПС-тен Россиядағы швед сауда делегациясының жұмысына байланысты мәселелер жөнінде сұрастырады.

17 июнь. Ленин Коминтерн Атқару комитетінің кеңейтілген мәжілісінде Француз компартиясындағы жағдай туралы сөз сөйлейді.

Ленин Халық шаруашылығы жоғары советі мен Мемлекеттік құрылыстар комитеті жұмысының мәселелері жөнінде П. А. Богдановпен әңгімелеседі.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді және кейбір мемлекеттік кәсіпорындардың жұмысшылары мен қызметшілерін коллективтік жабдықтау туралы қаулының талқыланып отырған жобасы бойынша сөз сөйлейді. Мәжілісте сондайақ ірі мемлекеттік кәсіпорындардың праволарын ұлғайту туралы мәселе талқыланады.

18 июнь. Ленин Врангель армиясының қалдықтарын Россияға қайтару жөнінде француз үкіметімен келіс сөздер жүргізу туралы, РСФСР-дің Германиядағы сауда өкілін тағайындау туралы және басқа мәселелерді РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросы мүшелеріне сұрау салу арқылы шешуді ұсынады.

19 июнь. Ленин американ кооператорларымен жасалатын сауда шартының жобасы жөнінде РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне және Сыртқы сауда халық комиссариатына беру үшін секретарьға записка жазады.

Ленин Азық-түлік халық комиссариатына Кавказ армиясын азық-түлікпен жабдықтау үшін жедел шаралар қолдануды ұсынады.

20 июнь. Ленин Азық-түлік халық комиссариаты жұмысының мәселелері жөнінде А. Д. Цюрупамен әңгімелеседі.

Ленин Қиыр Шығыс республикасы территориясында Жапонияға концессиялар беру шарттары туралы Сыртқы істер халық комиссариаты коллегиясының ұсыныстары жөнінде РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне записка жазады.

21 июнь. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда партияның адам құрамын тексеру және тазалау туралы мәселе жөніндегі оның ұсыныстары директива ретінде бекітіледі. Мәжілісте сондай-ақ Халық Комиссарлары Советінің революциялық трибуналдарды қайта құру туралы қаулысының жобасы, азық-түлік мәселелері, Москва мен Петроград жұмысшыларына финанс жәрдемін беру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин А. И. Рыковқа, Н. П. Брюхановқа, П. Л. Войковқа, Л. М. Хинчукке, М. И. Фрумкинге және А. М. Лежаваға запискалар жазып, жедел кеңес шақырып, шетелдік делдалдық фирмалармен жасасқан сауда шарттары туралы материалдарды қарауды ұсынады.

Ленин совхоздарда етке арналған мал шаруашылығы мен шошқа шаруашылығын дамыту жөнінде шаралар белгілеу қажеттігі туралы И. А. Теодоровичке записка жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; азық-түлік дағдарысына қарсы күрес шаралары туралы, Республиканың революциялық трибуналдарын қайта құру туралы қаулылардың жобаларына қол қояды. Мәжілісте сондай-ақ совет мекемелеріндегі қызметшілердің еңбегіне коллективтік ақы төлеу туралы қаулының жобасы, метеорологиялық қызметті ұйымдастыру туралы декреттің жобасы, импорттық товарларды пайдалануға бақылау қою туралы

баяндама, Халық шаруашылығы жоғары советінің жергілікті және орталық органдарының қарауындағы мемлекеттік өнеркәсіп орындарын арендаға беру туралы, балық кәсіпшіліктерінде медициналық-санитарлық қызметті ұйымдастыру туралы, Қырым, Кавказ және Кубань курорттары туралы және басқа мәселелер талқыланады.

МАЗМҰНЫ

* КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты берген тақырыптар жұлдызшамен белгіленді.

ҚОСЫМШАЛАР

СУРЕТТЕР

Ленин В. И.

Л 40 Шығармалар толық жинағы. Орысша 5-бас. аударылды./Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы ин-ты — КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм ин-ның филиалы.— Алматы: Қазақстан,—

Басп. 1973 жылдан шығады.

Т. 43 Март — июнь 1921.—1981.— XXXXIII, 664 бет.

ББК 11.5

Томды орыс тілінде баспаға дайындаған
С. Ф. Буточникова мен Е. Н. Стеллиферовская

Әдебиет көрсеткішін дайындаған
Л. П. Черешнева

Есімдер көрсеткішін дайындаған
А. Е. Иванов

В. И. Лениннің өмірі мен қызметінің кезеңдерін
дайындаған *В. Т. Логинов*

Редактор *М. Я. Панкратова*

Сканерлеу: *Т.Қ.Оразымбетов*

Өңдеу: *А.Н. Моторин*



ИБ № 1267

Сдано в набор 06.06.80. Подписано к печати 09.09.81. Формат 84×108¹/₃₂. Бумага тип. № 1. Обыкновенная новая гарнитура. Высокая печать. Физ. п. л. 20,75+1 вкл. ¹/₁₆ п. листа. Условн. п. л. 34,97. Уч.-изд. л. 30,72. Тираж 15 000 экз. Заказ № 802/887. Цена 65 коп.

Ордена Дружбы народов издательство «Казахстан» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480046, г. Алма-Ата, пр. Абая, 143.

Фабрика книги производственного объединения полиграфических предприятий «КІТАП» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480046, г. Алма-Ата, пр. Гагарина, 93.